

67.3(5Қаз) -
Н32

Ақсұтп Нәрікбаев



ҰЛЫ ТАРМАНДЫ
БЕЛГІ-БЕЛГІ

МАҚСҰТ НӘРІКБАЕВ

ҰЛЫ ТАРИХПЕН БЕТПЕ-БЕТ



с. 21

Алматы
2005



Профессор
М.С. Нәрікбаевтің
кітапханасы
КІТАПХАНА

31362

ББК 66.3 (2К) 6+84

Н 32

Нәрікбаев М.

Н 32 Ұлы тарихпен бетпе-бет. — Алматы, 2005 ж. — 468 бет.

ISBN 9965-27-554-8

Жинақ авторы белгілі қоғам қайраткері, заң ғылымының докторы, профессор Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаев 1991 жылдың 16 желтоқсанынан бері өзінің ЖАҢА, ҰЛЫ тарихын бастаған мемлекетіміздің құқық қорғау жүйелерін уақыт, заман талабына сай реформалауда бойындағы бар күш-жігері мен білімін аямай жұмсап келе жатқан тәжірибесі мол заңгер, ғалым.

Еңбек жолын қарапайым тергеушіліктен бастап Қазақстан Республикасының Бас прокуроры, Жоғарғы сотының төрағасы дәрежесіне дейін көтеріліп, кейінгі жылдары өзінің үлкен арманы — ұстаз болуға бет бұрып, Қазақ гуманитарлық-заң университетінің ректорлығын абыроймен атқарып келе жатқан оның өз ізбасар інілері мен жас шәкірттеріне, сонымен қатар барша қауымға айтары аз емес.

Кітапқа Мақсұт Сұлтанұлының 1994—2004 жылдардағы және 2005 жылдың бастапқы екі айы ішіндегі айтып, жазып үлгерген сұхбат, сауалдама, әңгіме, мақалалары, ой-толғамдары іріктелініп ендірілген. Автордың әр сөзінен заң саласын жетік білетіндігі, сондай-ақ, оны жетілдіре түсудегі бағалы ойлары мен ұсыныстары оқырмандарын қызықтырып, тартып отырады.

Н 0801000000
00(05)—05

ББК 66.3 (2К) 6+84

ISBN 9965-27-554-8

© Нәрікбаев М., 2005.

АЛҒЫ СӨЗ ОРНЫНА¹

*...Көргеніңді бүгінгі
Жаз, жаз, қалам, тер қалам.
Жүрегім, жырым сенікі,
Кеңесті далам, кең далам.
Ен далам — анам, мен балаң,
Ендеше қалам бер маған!*

Илияс Жансүгіров

Құрметті менің оқырмандарым мен жақын туыс, жанашыр достарым, қадірлі қауым! Адам баласы өмір сүріп жатқан кезде тарих көші тоқтамақ емес. Ол кеше басталған болса, бүгін жалғасып, ертең одан ары сабақтаса бермек. Бұл — бұлжымас заң, аксиомадай ақиқат. Мен бұл кітабымды “**ҰЛЫ ТАРИХ-ПЕН БЕТПЕ-БЕТ**” деп атап отырмын. Әрине, “ай-ғайлатпай-ақ” “Дәуірмен бетпе-бет” немесе “Уақытпен бетпе-бет” десем де болар ма еді, бірақ жыл санауымыз басталғалы бері жиырма жүз жылдықты артқа тастаған ХХІ ғасырдың қарқыны мен қажыры, ауқымы мен айбыны, еңсесі мен екпіні бұл атаулардың шекара-шеңберлеріне сыйыспайтындай сезілді де тұрды маған.

Шындығында да, ХХІ ғасырды қалайша “**ҰЛЫ ТАРИХ**” демей, байыз тауып отыра аламыз. Ғалам шардың ғұмырына адам айтса нанғысыздай орасан-орасан жаңалықтар тасқынын әкеліп, оларды таратып та, жаратып та жіберген осы ғасыр емес пе?! Жер бетіндегі өркениеттіліктің өрісі сонау ғарышқа дейін

¹ Осы мақаладан бастап барлық материалдардың түсініктемесі кітап соңында берілген.

шығандап, Ай менен Күн, Шолпан мен Марс және тағы басқадай планеталардан мәлімет-хабарлар түсіре бастағаны жалған ба?

Адамзат баласының ақыл-ойлары қарыштай дамып, кибернетика, электроника, компьютер, жалпы техника ғылымдарының салалары ғаламат тездікпен игеріліп те жатыр. Соған орай жаһандану, интеграция мәселелері жедел көтеріліп, олар да әскере жылдамдықпен талдау мен талқылауға түсуде.

“Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан” дегендей, әсіресе, Алла жарылқап, әлемді ауызына қаратқан алпауыт империя — КСРО-ның ыдырап, арманға айналған тәуелсіздігіміз бен егемендігіміздің ғажайып жолмен қолымызға тигенін айтсаңызшы.

Баршаға мәлім, 1991 жылғы 16 желтоқсанда ұшып кеп басымызға қонған бақыт құсындай болған — Тәуелсіздігіміздің өзі не тұрады? Соған орай, халқымыздың қадірлі зиялы қауымы өмір мен өміртіршіліктің барлық саласында қар астынан қаулап шыға келген бәйшешектей дүр ете қалмады ма?!

Дүр ете ғана қалған жоқ, дүркіреп жөнеп, “Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін!” деген көкейкесті армандарын Елбасының ауызына алдырды. Жалпақ дүниеге жар салдырды. Кеңінен таратты.

Әрине, қандай да бәсекеге лайық ел болып, мемлекеттілігімізді таныту ең алдымен өзіміздің қайдан шыққан ұлт, қайдан келген ұлыс, қандай мәдени мұраларымыздың бар екендігін әйгілеу басты шарт болатын. Осы ретте ғұлама тарихшыларымыз бен тарих саласына қалам тартқан зиялыларға алғысымыз орасан-ақ. Тіпті, бұғанға дейін есімдерін ел білмейтін небір білімділер бірінен соң бірі бой көтеріп, біреулері ХУІІІ ғасырдағы бабаларымыздың ел-жұрт, Отан-Ана туралы айтқан даналық сөздері мен ой-пікірлерін зерттеп, жарыққа шығарса, оқыған

зиялыларымыздың екінші бір тобы Орта ғасырға ойысып, сол дәуірдегі ата-бабаларымыздың мәдени, тарихи мұраларын кең-молынан жария етті.

Ал келесі бір топтағы тарихшыларымыз У-УІІІ ғасырлардағы:

*“Сонау бастан, о бастан
Бір-біріне жарасқан.
Жаралгалы Қара Жер,
Жаралгалы Көк Аспан.
Естеби мен Бумынның
Адамзаттан бағы асқан.
Төрт бұрышы дүниенің
Соларменен санасқан”, —*

деп жырға қосылған Бумын қаған, Істемі қаған, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк сынды ақылды да батыр бабаларымыздың жанқиярлық еңбектерін паш етті. Әуелі, кейбір зиялыларымыз одан да тереңге үніліп, Аттила (Еділ), Елжау күнби, Тұранның ұлы қағаны Алып Ер Тоңа — Афрасиаб қатарлы қаһармандарымыздың ерлік іздерін тауып, түркі, ғұн, сақ, скиф дәуірлеріндегі жұртымыздың ғибратты істерінен мол мағлұматтар келтіріп, үсті-үстіне қуантып жатты. Тіпті, Үйсін, Қаңлы, Сақ дәуірлеріндегі әліппе, әдеби мұралардан сөз қозғалып, көне түрік ұрпақтарының тарихтары мен тағлымдары туралы небір баға жеткісіз ғылыми жаңалықтар дүниеге келе бастады.

Сөйтіп, ұзақ уақыт бойы қу тіршілік пен жүдеу тұрмыс билеп келген санамыз жаңа сатыға көтерілген сайын көңіліміз де, көзіміз де ашыла түсті, аршыла түсті. Ақыр соңында — 2001 жылғы мамыр айының 18 жұлдызында Еуразия қосқұрлығының қақ ортасындағы Астанамызда Қазақстан Республикасы атты тәуелсіз мемлекеттің елордасында қазақ деген халықтың ғана емес, күллі түркі әлемінің тарихындағы өзіндік орны бар — мыңжылдық тарихымыздың ғажайып салтанатындай уақиға өтті десек, ешбір оғаштығы жоғ-ау.

Сол күні — елім дейтін, жерім дейтін, ұлт намысын, халық рухын қастерлей білетін Елбасымыздың,

сондай-ақ, көптеген асыл азаматтарымыздың неше жылғы тынымсыз еңбектерінің арқасында түркі заманының ұлы ескерткіші — Күлтегін сына жазуының ғылыми көшірмесі оның заңды мұрагері — қазақ елінің құтты ордасына жеткізіліп, мәңгілікке орнықты. Ақжарылқап, қуаныш сезімі сол күннен бері баршамыздың жүрегімізде ерекше ұшқындап келеді! Міне, бұл **ҰЛЫ ТАРИХПЕН БЕТПЕ-БЕТ** жүздесуіміздің басы болатын.

Бұл, әрине, менің ХХІ ғасырға аударар сөйлегендігім ғой, өйтпесе Ұлы тарихпен бетпе-беттесу менің замандастарым үшін бұдан тура он үш жыл бұрын, яғни еліміз Тәуелсіздігін жариялаған — 1991 жылдың 16 желтоқсанынан басталған. Шынын айту керек, арманымызда ғана жүрген мұндай тосын “жүздесу” сол кездерде мемлекеттік қызметте жүрген өркім үшін де оңай болған жоқ. Себебі, біздің ұрпақтың алдында Президент сайлау, Президенттік мемлекет құру секілді тәжірибе болмаған еді. Бәрін де жаңадан, тыңнан, өз түйсік, ақыл-ой, білімдеріміздің негізінде ұйымдастыру қажет болды. Әрине, шаңырақ көтеріп, мемлекет құрған соң, тиісті атрибуттардың (белгілердің) бірі — Заң екендігі түсінікті. Бұл ретте республикамыздағы байырғы, белгілі заңгер ғылым докторлары мен академиктеріміз қамшы салдырмады һәм шаршап-шалдықпады да десем, ешбір жалғандығы жоқ. Рас, әрбір заң жобаларын жасау барысында айтысып та, тартысып та жаттық. Бірақ соның бәрі — жаңа мақсаттағы жас мемлекетіміздің іргетасын қайтсек берік етіп қалаймыз, нығайтамыз деген ізгі ниеттерден туындайтын. Иншалла, нәтиже жаман болған жоқ. Алтын Заң — Конституциямыздан бастап, әр саладағы заң мен ережелеріміз бірінен соң бірі уақтысында қабылданып жатты. Білмеген, түсінбеген жерлерімізді алыс және жақындағы өркениетті мемлекеттердегі өріптестерімізден сұраудан немесе тәжірибе алмасудан, олардың құрылымдарын мұқияттап зерттеуден жалықпа-

дық. “Көш жүре түзеледі” дегендей, кейбір заңдарымызды алғашқы кездерде қайта қарап, толықтырып, жаңартып отырдық. Халықтың ой-пікірлерімен санастық.

Мемлекетіміздің тәуелсіздігі жарияланған кезде мен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің заңдарды жүйелендіру мен насихаттау басқармасының бастығы болып қызмет атқарып жүрсем, 1992 жылдың тамыз бен қараша айының аралығында ҚР Президенті мен Министрлер кабинеті мемлекеттік-құқық бөлімінің меңгерушісі едім. Сол жылдың қараша айынан келесі — 1993 жылдың қыркүйек айына дейін сондағы құқық қорғау органдары бөлімінің меңгерушілігін атқардым.

Сол жылдың қыркүйек айынан бастап желтоқсанына дейін ҚР Бас прокурорының орынбасарлығына бекітілдім. Ал желтоқсан айынан бастап, 1995 жылдың қазанына дейін ҚР Жоғарғы Соты төрағасының бірінші орынбасарлығына сайландым. Сол жылғы қазан айынан бастап, келесі — 1996 жылдың маусымына дейін, ҚР Бас прокуроры болып тағайындалдым.

1996 жылдың маусымынан 2000 жылдың шілде айына дейін ҚР Жоғарғы Сотының төрағалығын атқардым. Сол жылдың шілдесінен бүгінге дейін Қазақ гуманитарлық-заң университетінің Президент-ректоры болып келемін. Бұған қосымша қоғамдық негізде Жоғарғы Сот кеңесінің төрағалығын атқарып жүрмін.

Міне, байқалып отырғанындай, мен еліміздің Жаңа, Ұлы тарихына қоян-қолтық араласып, ыстығына күйіп, суығына тоңып дегендей, тәуелсіз, жас мемлекетіміздің аяғына қаз тұрып, қалыптасуына бір адамдай атсалысып келемін. Демек, еліміздің баршатыныс-тіршілігімен күллі зиялы қауым ғұмыр кешіп жатса, солардың арасында мен де бармын. Яғни, әр сәт, әр күнгі тіршілігімде мен де егемен еліміздің ҰЛЫ ТАРИХЫМЕН БЕТПЕ-БЕТ жүздесіп жүрмін.

Осындай ойлардан барып, мен бұл туындымды осылай атауды жөн көрдім. Бұдан бір жыл бұрын — 2004 жылы мен өзімнің сыныптас досым, жазушы Ораз Исмаиловпен бірігіп, бүткіл өмірімді қамтыған **“БАҚЫТТЫҢ ҚИЙЫН БАСПАЛДАҚТАРЫ”** деген сұхбатнаманы жариялатқанмын. Онда менің бүткіл балалық, жастық шағым, алғашқы сөтсіз махаббатым, бақытқа жетердегі басып өткен барша өмір баспалдақтарым баяндалған болатын. Ол кітапта, әсіресе, менің ер жетіп, есейіп, саналы шаққа көтерілгенге дейінгі өмірім өте жақсы суреттелген. Ал жігіт ағасы болып, қырықтан асқаннан кейінгі қызметтен қызметке өсуім іріктелініп, белгіленген тақырыптың ауқымында сипатталынған еді. Ол дұрыс та болатын.

Ерекше айта өтерім — 2000 жылдың 30 наурызында 60 жасқа толған күні мені Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев арнайы келіп құттықтап: **“Біз қиын кезеңді бастан кештік, 90-шы жылдардан бастап Кеңестер Одағының ыдырауын, өз алдымызға мемлекет болып тәуелсіздік алуды өткердік. Мұның бәрі оңайлыққа түскен жоқ. Біз ұлтымыз бен мемлекетіміздің алдында арқамызға түскен аса ауыр жүкпен жауапкершілікті көтере де, басқара да білдік. Сондай сындарлы шақта қоғамдық қызметтегі серіктестерімнің ішінде менімен бірге — Мақсұт Сұлтанұлы да болды”** деп, өз қолымен Құрмет грамотасын тапсырып, көңілімді көкке көтеріп кеткен.

Жалпы, бұл дүниеде бағаланбайтын нәрсе жоқ. Ерліктің де, еңбектің де өз бағалары бар. Тіпті айлалық алып, адал қызмет істеп жүрсең, оған да айтылар алғыс бар. Сол жылдың бірінші қарашасындағы Жарлығымен Елбасымыз мені Республикаға сіңірген еңбегім мен елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан елеулі үлесім үшін **“ПАРАСАТ”** орденімен марапаттады.

Әрине, күш-жігерінді сарқа жұмсап, ынта-ықыласыңмен жұмыс істеп жүргенінді жүрегімен сезінген

билік басындағы басшының еңбегінді елеп жатқаны үлкен ғанибет. Ал бұған қосымша адалдығың мен әділ ісіңе алғыстарын айтып жататын адамдар шығып жатса, тіптен нұр үстіне нұр ғой. Иншалла, бұл жөнінен де кенде емеспін. Мәселен, 2000 жылдың ақпан айына дейінгі атқарған істеріме дән ризаланған Маркс Биболұлы (облысын ұмыттым) деген қария:

*—Күнің шуақты болсын,
Көлің суатты болсын,
Жүк көтерер нарың болсын,
Кірішкісіз арың болсын! —*

деп бата-хатын жіберсе, Алматы облысынан Дубек Мұсанов деген азамат “Мерейің Мақсұт бауыр, аса берсін!” деген өлең-тілегін жолдапты. Ал талдықорғандық Гүлнар Көпекова деген қарындасым:

*—Киелі қазағымның ордасынан
Көрейін сіз сияқты тек алыпты, —*

деп Жоғарғы Соттағы қызметіме ризалығын білдірсе, Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Қазығұрт ауданының ақсақалы Зұлпұхар Әбдірәсілов:

*—Нардың жүзін көтерген Мақсұт-балам, қарағым,
Әділеттің жолында мұқалмасын қаламың! —*

деп неше жылғы еңбегіме өзінің сырттай бағасын беріпті. Мұның сыртында кейде апта, кейде ай сайын келіп жататын алғыс хаттар мен жедел хаттар мені ұдайы марқайтып отырады. Ондай сәттерде ел алдындағы жауапкершілік сезімім маза таппай, он төрт жылға аяқ басқан Тәуелсіздігімізге енді қандай үлес қосуыма болар екен деп толғанамын. Билікті қалыптастыру, оның халыққа қызмет ету тетіктерін жетілдіру, заң шығару, атқару, сот биліктері толысып, толып болды ма деген ойлар да тынышымды кетіреді.

Ұлы Абай: “Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал!”

деген екен. Мен осының әр апталығын ғадетіме айналдырған адам едім, жуырдан бері “Апырау, алпысты айналып өтемін бе деп жүріп, алпыс беске де келіп қалған екенмін. Қайыр. Соңғы он жылдағы менің қызметтегі, қоғамдағы белсенділігім қандай деңгейде екен? Халықтың талап-тілектерінен шығып жатырмын ба осы?” деп, өзімді өзім тас-таразыға тартып көргенмін. Сөйтіп, соңғы он жыл ішінде атқарған істерімді, көтерген мәселелерімді, айтқан идеяларымды айғақтайтын өзім жазған мақала, тұжырымдамаларымды, тілшілерге берген сауалдамаларымды, зиялы жандармен өткізілген сұхбат, әңгімелерімді бір ақтарып шыққанмын. Шүкір, өз ойымша талай жайттарды талдап, талай мәселелердің түйіндерін шешуге аянбаппын. Олардың көлемі әр жылымның жайбарақаттықпен өтпей, ұдайы ізденіс, талпыныс үстінде болғанымды айғақтағандай екен. “Соңғы он жылдағы” деп, әрине, шартты түрде айтып отырмын, өйтпесе, мен араласып келе жатқан мемлекеттік әрі қоғамдық істер Тәуелсіздігіміздің өткен 13 жылымен астасып тұрғандығы баршаңызға аян ғой.

Өткен 13 жыл! Көзіміздің қарашығындай сақтай білуге тиісті, ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздігіміздің 13 жылдығы! Бір мүшел! Аллаға шүкір, бұл бір мүшелдік мөлшер болғанымен, талай игіліктің көзін тауып, Туымызды тіктеп үлгеріппіз. Алғашқы адым, арынды істерімізге сүйінген достарымыз аз да емес секілді. Оған дәлел өткен — 2004 жылдың 29-шы желтоқсанында АҚШ-тың “Вашингтон пост” газетінде басылған “Қазақстан Тәуелсіздіктің он үшінші жылын мерекелеуде” деген аяқтай мақаласы.

Онда Қазақстанның он үш жылдың ішінде ғасырға пара-пар жолдан өтіп, әлемдік қауымдастықтың ортасынан лайықты орын тауып, тұрақты да серпінді даму үстінде мықты державаға қарышты қарқынмен тез айналып келе жатқандығы үлкен ілтипатпен айтылады. Тіпті, “1991 жылғы желтоқсанда Қазақстан тәуелсіз болғанда ол саяси, эконо-

микалық және ұлтаралық проблемалармен бетпе-бет қалды. Қазақстанға Кеңес Одағынан әлемдегі аса ірі төртінші ядролық арсенал мұра болып тиді. Сөйтіп, оның бір сәтте Еуразия құрлығының кіндігіндегі елеулі қатердің қайнар көзі — бірден-бір мұсылмандық ядролық держава болып шыға келетіндей мүмкіндігі бар еді.

Алайда, Қазақстан және оның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тіптен басқа жолды — нарықтық экономикасы бар бейбітшілік сүйгіш демократиялық мемлекет құру жолын тандады. Бұл жылдардың басты бір қорытындысы қазақстандықтардың демократиялық өзгерістер мен нарықтық реформалардың кері кетпейтіндігіне деген сенуі болатын” деп мадақтай да жазған еді ол газет.

Бұл, әрине, біз үшін жаңалық емес болатын. Өткен — 2004 жылғы өткізілген тәуелсіздік күнгі салтанат үстінде сөйлеген сөзінде Елбасымыз: — Біздің тәуелсіздігіміз туралы халқымыз сан ғасырлар бойы армандап келді. Бүгін біз Қазақстан тәуелсіздігінің 13 жылдығын халықтың бірлігі, экономика мен адамдардың әл-ауқаты артуы жағдайында атап өтіп отырмыз,— деп өте орынды айтқаны баршаға мәлім.

Иә, тәуелсіздікке ие болған 1991 жылдың 16-шы желтоқсанынан бергі уақыт сол кезеңдерде басшылық пен билік басынан табылған аға буын — біздерге, шынын айту керек, оңай да болған жоқ. Бірақ біз өзімізді ең бақытты адамдардай сезініп жүрдік. Өйткені, ел өміріндегі ұлы жаңалық — ЕГЕМЕНДІК пен ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІ орнықтырып, сақтап қалу және оны алғы жылдарға қарай алып бару біздің үлесімізге тиіп еді. Бұл — ел алдындағы ар-ождан, азаматтығымызға да сындарлы сын болатын.

Жауапкершілігі аса үлкен сол кезеңнен біз сүрінбей де, мүдірмей де өттік деп ойлаймын. Рас, еліміздің ұлы бетбұрыс, жаңа тарих беттерін бастан кеше отырып, оның әр күн, әр апта, әр жылғы өмір

талаптарына сай, талмай-талықпай, барша күш-жігер, қабілеттерімізді жұмсай да білдік. Жаңадан құрылып, жаңадан қалыптасып жатып, алдымызға “Қазақстан — 2030” секілді кешенді Бағдарламаны да белгілей алдық.

Естеріңізге түсіріңіздерші, 1990 жылдың 25-ші қазанында Егемендігіміз туралы Декларация қабылданды.

1991 жылғы 16-шы желтоқсанда Тәуелсіздігіміз жарияланды.

1992 жылы — еліміз БҰҰ-ға мүше болып сайланды.

1993 жылғы 28 қаңтарда он екінші сайланған ҚР Жоғарғы Кеңесінің тоғызыншы сессиясында Тәуелсіздігімізді алғаннан кейінгі ең алғашқы АЛТЫН ЗАҢ — КОНСТИТУЦИЯМЫЗ өмірге келді.

1995 жылдың 15 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Президентінің “Қазақстан Республикасының астанасы туралы” заң күші бар жарлығы шықты.

Сол жылдың 30 тамызындағы республикалық референдумда Конституциямыздың жетілдірілген жаңа нұсқасы қабылданды.

Сол жылдың 28-ші қыркүйегінде Республика Президенті Нұрсұлтан Назарбаев “Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы” жарлыққа қол қойды.

1996 жылғы желтоқсанның 19-шы жұлдызында Қазақстан судьяларының I съезі өтіп, Республика Судьялар Одағы құрылды. Оның орталық Кеңесі сайланды.

1997 жылдың 29 қазанында Қазақстан Республикасы Президентінің “Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы етіп жариялау туралы” жарлығы қабылданды.

Сол жылдың 10 желтоқсанында Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды. Нәтижесінде Қазақстан өз ел ордасын Алматыдан Астанаға көшіріп, ол жедел түрде осы заманғы сәулет өнерінің ең озық үлгілерімен

көріктендіріліп, күллі қазақстандықтардың мақтанышына айнала бастады.

Елорда бой түзегелі бері жеті жыл ішінде оның халқы қауырт өсіп, тамаша ғимараттар мен зәулім үйлер көз жауын аларлықтай қаулай түсті. Бір ғана мысал — 2004 жылғы Тәуелсіздік күні мұнда Жоғарғы Соттың ғимараты мен Мәжілістің 22 қабатты үйі, сондай-ақ қала өкімшілігінің кең сарайдай кешенін қоса алғанда бірнеше сәулетті офистерді республика Президентінің өзі ашып, мемлекетіміздің тағы бір жаңа беттерін жарқырата жазып берді.


Артынша Қазақстан Республикасы Президентінің ғажайып өз “АҚ ОРДАСЫ” құрылысын аяқтап, есігін айқара ашты.

Мен осылардың бәрін, Тәуелсіздік алғаннан бергі басталған Ұлы тарихымыздың алтын әріптермен жазылып жатқан судай жаңа беттері деп санаймын.

Иншалла, он төртінші жылға аяқ басқан Тәуелсіздігіміздің барша тыныс-тіршілігіне мен бір жағынан атсалысушы болсам, екінші жағынан сол өмірдің үрдіс өзгерістерімен күн сайын, сәт сайын қауышып, бетпе-бет жүздесіп жүрген куәгерімін де. Сондықтан да, мен өзімнің 65 жылдығыма арналып дайындалған бұл туындымды **“ҰЛЫ ТАРИХПЕН БЕТПЕ-БЕТ”** деп атап отырмын.

Ендігі сөз өздеріңізден құрметті жақын-жанбар, тума-туыс, жора-жолдас, оқырман достарым!

1994 — ИТ ЖЫЛЫ



1994 жылы 25-апрелде Қазақстан Республикасы Президентінің «Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының астанасы етіп жариялау туралы» Жарлығы қабылданды.

Сол жылы 10-маусымда Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды. Мұнымен бірге Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланған Ақмола қаласының аумағына 1994 жылғы 10-маусымдағы Жарлықпен берілген құқықтар мен міндеттер қолданыста қалды.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ ХАҚЫНДА

Қазақстан конституциялық реформаның мәре сызығына жақындады. Елбасының білікті заңгерлерден тұратын сарапшы-консультативтік топпен кеңескеннен соң ұсынып отырған Қазақстан Республикасы Конституциясының жобасы халық арасында талқылануда. Конституциялық өзгерістер енгізудің жалпы қажеттілігі күмән тудырмайды.

Негізгі Заңның 1993 жылғы үлгісінде қаншалықты тәуір үрдістер болғанымен, оның екіұштылығын және аяқталмағандығын көптеген заңгерлер мен саясаткерлер атап өткен. Оның негізгі қағидасын, алғашқы күннен бастап-ақ, Елбасы **“Ымырашылдық Конституциясы”** деп нақты өз бағасын берген. Қолданып жүрген Конституцияда бір жағынан президенттің мәртебесі Елбасы ретінде бекітілсе, екінші жағынан — Жоғарғы Кеңес негізгі мемлекеттік билікті және кадрларды жылжыту құзырын сақтап қалған. Бір жағынан, Ата Заңымызда нарықтық экономика жарияланса, екінші жағынан — жер, оның байлығы, су, өсімдік пен жануарлар әлемі және басқа да табиғи байлықтар тек мемлекет меншігінде деп бекітілген.

Бүгінгі ымырашылдық пен қайшылықтар Конституцияда аз емес. Ол сот жүйесін де шалып өтті. Бір жағынан, Негізгі Заңда мемлекет билігі үш тармақтан — заң шығару, орындау және сот билігінен тұрады деп көрсетілсе, екінші жағынан — сот билігінің өзі Конституциялық, Жоғарғы, Жоғары төрелік соты және төменгі сатыдағы соттарға бөлініп сараланады. Үш сот бірден сот билігінің жоғары ұйымы болып табылып отыр. Бұның өзі заң шығару билігі тармағында үш парламент, ал орындау билігі тармағында үш үкімет болғанымен пара-пар. Өкінішке орай, жаңа Конституцияда да сот билігінің ішіндегі даралау сақталған.

Жоғарғы Сот пен Жоғары төрелік сотын біріктіру, ал Конституциялық соттың сақталуы — сот реформасын жүргізудегі жасалып отырған болымсыз шара.

Әр түрлі соттың бір-бірімен бәсекелесіп, іштей “күресуі” олардың билік деңгейін төмендетеді де, басқа билік тармақтарының озбырлығына қарсы тұру мүмкіндігінен айыруға конституциялық негіз жасайды. Бүгінгі күні болашақ тәуелсіз сот билігінің негізін қалауға жұмыла кірісудің орнына, Конституциялық сот шулы істерімен күн астынан ерекше орынға иеленгілері келіп, оны министрлікке теңестірілген — әр судьяның жеке аппараты, автокөлігі, үкіметтік байланыс торабы, шетелге іссапар тағы басқа да ерекше дәреже түрінде алғылары келеді. Оның қасында үкімет тарапынан ешбір рақымшылыққа ие бола алмаған Жоғарғы Сот пен Жоғары төрелік сотының “қарапайым судьялары” жұпыны болып көрінеді.

Сонымен, билік беру — ол сот билігі, ал парқы әртүрлі болғаны ма? Ең жаманы сол, Жоғарғы Соттың Төрағасын екінші сот — Конституциялық сот іс бойынша жауапкер ретінде заңсыз жауапқа тартқан. Кейін бұл іс соттауға жатпайтындығынан қысқартылды. Бір сот екінші сотты соттайды. Бұдан өткен сорақылықты ойлап табу да қиын шығар. Әрине, бұндай шашыраңқылық басқа билік тармақтарына өте тиімді: арасына жік кірген соттарды басқару оңай. Азаматтар бұндай дағдарыста қайда барып әділеттік іздерін, қай сотқа шағымданырын біле алмай дал болуда. Конституциялық сот судьяларының өздерінің айтуына қарағанда, бұл сотқа келіп түскен шағымдардың басым көпшілігі жалпы сот жүргізу соттарының, олардың ойынша, қате шешімдеріне келіп отырғандығы тегін емес. Бұл түсінікті де, Конституциялық сот өзінің саяси іс-әрекетімен тек сол ғана республикадағы “ең жоғары, ең ізгі” сот деген көзқарас қалыптастырады. Осыдан барып екінші мәселе туындайды — ол соттардың заңды құқығының шека-

расы. Конституциялық сот жалпы сот жүргізу соттарымен арадағы шекараны бұзуға бейім екенін тәжірибе көрсетіп отыр. Бұл туралы нақты іс бойынша өздерінің ерекше пікірлерінде, Конституциялық соттың судьяларының өздері де, тәуелсіз заңгерлер де басылымдарда жазған. Мысал үшін, халық соттары келісім-шарт жөнінде жүздеген шаруашылық даулар қарайтынын, ал неге екені белгісіз Конституциялық сот келісім-шарт бойынша жұмыстан шығарылған төрт азамат — А.Мәдіғожинаның, Р. Нұрмұханбетованың, К.Мүрсәлованың және Б. Мұқышеваның талап-арыздарын өндіріске алып қарағандығын айтсақ та жеткілікті.

Бұл азаматтар жұмысқа қайта алу туралы бәрібір жалпы сот жүргізу сотына шағымданғандығын айта кеткен жөн. Сонда соттың бұндай екі жасаған жұмысының керегі не? Соттың көптігінен халық жапа шегуде — мемлекеттік салықты екі рет төлеу, құжаттар жинау, бірнеше рет сотқа бару, тағы басқалар халыққа оңай тиіп жатқан жоқ. Бұдан соттың да беделі төмендейді — Конституциялық соттың шешімі “әділ болып қабылданады да” халық соттары өкімшілік органдарының мүддесіне қатысты істерді қарауға қорқады немесе созбұйдаға салады. Шын мәнінде жалпы іс жүргізу соттары екі жақтан қадағалау тәртібімен де кассациялық тәртіппен де бақылау жүйесі жүргізілетін болғандықтан, өздерінің заң құқықтарын және заң қалыптарын сақтауды басым қадағалайды, ал Конституциялық сотты заң жүзінде ешкім бақыламайды, сондықтан бұл оған “өзі би, өзі қожа” деп сезінуге ыңғайлы жағдай жасайды. Әйтсе де, Конституциялық соттың қабылдаған шешімі азаматтардың ешбір нақты құқығын қалпына келтірмейді, олар сол халық соттарына қайта баруға мәжбүр болады. Сонда аудандық сот Конституциялық соттан жоғары да “күшті” болғаны ма? Қанша өрескел болғанымен — бұл шындық. Жалпы сот жүйесінен алшақтап кеткен Конституциялық сот

баяғыда қатардағы халықтың құқығын қорғау мәселесін шешуді қойған саяси мекемеге айналған, бұл оның мәнсіздігінің басты себебі болып табылады. Соттың басты мақсаты — әр топтың мүддесін қорғайтын “саяси қолшоқпары” ретінде емес, азаматтардың мүддесіне қызмет ету, оларды заңның көмегімен өкімшілік озбырлығынан қорғау болып табылады. Дербес Конституциялық соттың жақтаушылары негізгі дәлел ретінде — бұл сот демократияның бірден-бір қорғаушысы, құқықтық мемлекеттің ажырамас рәсімі деген тезисті көлденең тартады. Сонымен бірге олар Конституциялық сот демократия дамыған барлық мемлекеттерде және ТМД елдерінің көбінде бар дегенді желеу етеді. Ал дүние жүзінде сан жағынан, заң мен конституцияны (негізгі заң болғанымен конституция да заң екенін ұмытпаған жөн) қолдана отырып істер қарайтын біртұтас сот жүйесі басым екендігі жайлы олар тіс жармайды. Теориялық және тәжірибелік тұрғыдан бұл құқық қолданудың жағымды факторы болып табылып, заң мен конституцияны қолдануды жүйелейді. Дүниежүзілік демократияның эталоны болып отырған АҚШ пен Францияда, сонымен қатар, тек тарихымыз ғана емес, келешегі мол болашағымыз да бірге бізге таяу мұсылман әлемінде де конституциялық соттың болмауы тегін емес сияқты. Әдеттегідей бұл елдерде сот билігі мықты.

Ал бұрынғы КСРО мемлекеттеріне келетін болсақ, олардың бәрі дерлік конституциялық сот құрып жатқан жоқ. Мәселен, мемлекеттік реформалауды алғаш қолға алған елдердің бірі Эстонияда Мемлекеттік сот — Жоғарғы Сот та сол заңдардың конституциялығы жөніндегі мәселелерді қарайды.

“Жақын шетелдерде” конституциялық соттар етек жайып келеді деп тұжырымдау, жеңілдетіп айтқанда шындыққа жанаспайды. ТМД елдерінің көбі конституциялық сотты жариялағанымен (сән ретінде) шын мәнінде олар жұмыс істемейді. Екі жыл бойы

бір де бір іс қарамаған Ресей Конституциялық сотының тарихы әлемге аян. Осыдан үш жыл бұрын заң қабылданғанымен Украинаның Конституциялық соты өлі сайланбағанын, Қырғызстан Конституциялық сотының судьялары бір жарым жыл бойы ант қабылдамай іс қарауға құқығы болмағанын өркім біле бермейтін шығар. Түркіменстанның Конституциялық соты да өлі құрылған жоқ. Конституциялық соттардың аз ғана іс тәжірибесінен, олардың құрылмай жатып тығырыққа тіреліп жатқандығы жөнінде, олардың жалпысоттық жүйемен және мемлекеттік құрылым нобайымен қарама-қайшы келіп отырғандығынан қорытынды жасауға болады. Біртұтас сот жүйесі бар мемлекеттерде бұндай мәселе көтерілмейді. Конституциялық соттар демократияның мызғымас нысаны және Конституцияның бірден бір қорғаушысы болып табылады деу де шындыққа сыймайды. Керісінше — көп елдерде конституциялық сотсыз-ақ демократия алғашқы қадамдарын жасап, өз қызметін атқарып жатыр. Ал Негізгі Заңның пәрменділігін президенттер, парламенттер, үкіметтер, сот жүйелері және мемлекеттік механизмдер қамтамасыз етеді. Конституциялық соты бар жерлердің өзінде де ол тек сол механизмнің бір бөлігі ғана, ол ешқашан да бүкіл жүйені ауыстыра алмайды. Онымен қоса, Конституциялық соттардың шешімі — оны жалпы соттар жүзеге асырғанда ғана белгілі бір мағынаға ие бола алады.

Сонда тек саясатқа бас ұрып, онсыз да қыл ұшында тұрған бұқаралық келісім мен тепе-теңдік сәйкестігін бұзуға бейім тағы бір саяси орган құрудың қажеті не? Одан да соттарға Конституция мен заңдарды қолдана отырып дауларды шешу құқығын берген жөн емес пе? Мәселен, онсыз Негізгі Заң тікелей әрекет жасау актісі болып табылады (жобаның 4-ші бабының 2-ші тармағы) деген конституциялық ереже жалғандыққа айналады. Егер, халықпен қоян-қолтық жұмыс атқарып жатқан республиканың 2 мыңға

жуық “қатардағы” кәсіби соттары Конституцияны қолдана алмаса, ал, кейбіреулері сот жүйесінде мүлде жұмыс істемеген, астанада отырған “ерекше қалаулы” 11 судья Конституцияны қолданып, шын мәнінде құқық қолдану туралы жалпы соттарға басшылық түсініктемелер беріп отырғанда, қайдан “тікелей әрекет” болуы мүмкін. Бұл жалпы соттардың беделін түсіріп қана қоймайды, құқық қолданудағы біркелкілік принципін бұзады. Конституциялық сот қолданылуға жатпайды деп табуы мүмкін болғандықтан, жобаның 4-ші бабы 1-ші тармағындағы қолданылу құқығы бар Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылар қабылдау құқығын жоққа шығарады. Негізі бүкіл дүние жүзінде парламент, президент, үкімет және соттар өз шешімдерін өздері бұза алады. Бұл құқық түпнұсқаларында жүйелілік пен өзара қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Конституциялық сотқа заңдар мен басқа да құқықтық актілерді бұзу құқығының берілуі сот органдарының не Конституциялық соттың шешімін күтуін, не заңдарды басшылыққа аларын білмей дал болуына әкеліп соқтырады. Бұл уақытта іс қарау мерзімдері өтіп, адамдар қамауда отырады, азаматтар созбұйдаға салынды деп сот жұмысына риза болмай жатады.

Мен бұрын сот реформасы мәселесін талқылау барысында, қазіргі жұмыс атқарып жатқан Конституциялық соттың ауқымында — құрамын он бірден тоғыз мүшеге түсіріп, Жоғарғы сотты ең жоғарғы сот билігі органы ретінде қайта құрып, біртұтас сот жүйесінің құрылымын ұсынғанмын. Бұнымен, ең жоғары сот сатысы Конституцияны қорғау қызметін ғана атқарып қоймай, сонымен қатар азаматтық, шаруашылық және қылмыстық істер бойынша бірден бір қадағалау сатысы болып табылып, заңдар мен оларды қолдану бойынша ресми түсінік беріп отырады.

Қазіргі жұмыс атқарып отырған Жоғарғы және Жоғары соттың ауқымында, кез келген төменгі сатыдағы соттардың шешімдері мен үкімдеріне және

жаңадан пайда болған жағдайлар бойынша қадағалау ретінде келтірілген шағымдарды, облыстық соттардың шешімдеріне төрелік және кассациялық тәртіппен келтірілген шағымдарды қарайтын, сот тәжірибесін жинақтап басшылық түсініктеме беру үшін Жоғарғы сотқа жіберіп отыратын Жоғары апелляциялық сот құрған дұрыс болар еді.

Облыстық соттар, облыстық төрелік соттары, әскерлердің әскери соты және басқа да төменгі сатыдағы соттар негізінен бұрынғы мәртебелерін сақтап қалады.

Меніңше, Конституциялық соттың біраз судьялары қолдап, ұсынылып отырған нобай, қалыптасқан сот жүйесін түбегейлі түрде бұзбай-ақ Конституцияны қорғауды қамтамасыз етер еді. Сонымен бірге, сот жүйесін қайта құру бойынша бұл сызба қосымша қаржы бөлуді қажет етпейді және дүниежүзілік сот өділдігін жүзеге асыру қалыптарының талаптарына сай келеді.

Бұл таза кәсіби мәселені талқылау, “республиканың ең демократиялық сотын” құтқару жолындағы кезекті саяси шуға айналып кетпес деп сенгім келеді. Демократия — ең алдымен заңдылық, ол сот жүйесінің — Конституциялық сот түріндегі жеке бір өдемі құрамдық бөлігімен емес, бүкіл сот жүйесімен қамтамасыз етілетінін естен шығармаған жөн.

Аса саясиланған қоғамда, саяси қарсы күрес күшейіп тұрған көшпелі кезеңде, ескірген саяси партиялар түріндегі саяси құрылымдар жүйесі қалыптаспаған жағдайда, кассациялық тәртіппен де қайта қаралынбайтын мемлекеттік мәні бар кез келген мәселені шешетін адамдар тобының болуы дұрыс емес.

Қазақстан халықтарының Ассамблеясында сөйлеген сөзінде Н.Назарбаев, “қазір ғана сот жүйесін түбегейлі қайта құруға тарихи мүмкіндік туып отыр, оны жіберіп алу кешірілмес қателік болар еді” деп өділ атап өткен. Бұл өбден дұрыс тұжырым деуіміз жөн.

СОТ БИЛІГІ БІРЕГЕЙ БОЛСА

Еліміз егемендік алып, Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекетке айналды. Тәуелсіз мемлекеттің бүтіндігін қорғап ішкі және сыртқы саясатының да пәрменділігін арттыру үшін оның мызғымас заңы және сол заңды қорғайтын әділ сот болуы шарт. Еліміз жаңарып заман өзгеріп, заманмен бірге адам да өзгеріп жатқан кезде бұрынғы заңдардың да өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететіні айқын.

Осы орайдағы алғашқы өзгерістер 1990 жылы басталды деуге болады. Өйткені 1990 жылы Қазақ ССР сот құрылымы туралы заң қабылданған еді. Ол заң ескірген деп айтпаймын, өйткенмен одан бері елімізде талай өзгерістер болды, яки сот құрылымында уақыт талабына сай өзгерістердің болуы заңды деп есептеймін. Сот құрылымын дамыта, жетілдіре түскеннен ұтпасақ ұтылмаймыз.

Сол себепті 1992 жылы “Соттық-құқықтық реформаның концепциясының” жасалуы дер кезінде қолға алынған іс еді. Концепция сол жылы Жоғарғы Кеңестің талқысына ұсынылды. 1990 жылы Республика Президентінің “Қазақстан Республикасында құқықтық реформаның тиімділігін арттыру шаралары туралы” Жарлығы шығып, құқықтық реформаның қажеттілігі нақтылана түсті.

Президент Жарлығынан кейін “Құқықтық реформаның мемлекеттік Бағдарламасы” туды. Бағдарламаның негізгі бөлімі мемлекеттік сот жүйесін қайта құру мәселесіне арналған. Міне, осы мемлекеттік сот жүйесін қайта құру мақсатында 1993 жылы 5 маусымда Республика Президенті 23 адамнан тұратын жұмысшы тобын бекітіп, мені осы жұмысшы топты басқаруға тағайындады. Топтың құрамына өр деңгейдегі судьялар, басқа да құқық қорғау органдарының уәкілдері, заңгер ғалымдар енді. Біз екі негізгі құжатқа: Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Президент

бекіткен Құқықтық реформаның бағдарламасына сүйене отырып, “Сот құрылымы және Қазақстан Республикасы судьяларының мәртебесі туралы” атты заң жобасын өзірледік. Енді осы жоба жөнінде толығырақ тоқталып өтейін.

Заң жобасын өзірлеуді бастамас бұрын біз қалай атауды және құрылымын ойластырдық. Қазақстан Республикасы Конституциясының 95-бабы 4-бөлігіне орай, соттар мен судьялардың мәртебесі Конституциялық заңдармен белгіленеді. Яки, бұл Конституциялық тәртіпке қарағанда соттар мен судьялардың құрылымы жөніндегі бөлек екі заң дайындау керек. Конституцияға қосымша ретінде тіркелген Қазақстан Республикасы Конституциялық заңдарының тізімінде “Жоғарғы Сот жөніндегі”, “Конституциялық сот жөніндегі” заңдардан басқа “Қазақстан сот құрылымы жөніндегі Заң” бар. Ал “Соттар мен судьялардың мәртебесі жөніндегі Заң” бұл тізімде жоқ болып шықты.

Конституцияның өзіндегі осындай қайшылықты байқаған жұмысшы топ соттар мен судьялардың мәртебесі жөніндегі заң мен сот құрылымы жөніндегі заңды бірлестіріп, жобаны “Сот құрылымы және Қазақстан Республикасы судьяларының мәртебесі жөніндегі Заң” деп атадық.

Жобада соттардың қызметін қамтамасыз ету тәртібі жөнінде айрықша айтылған. Өйткені, Республикамыздың Конституциясында соттардың тәуелсіз өкімет тармағы екені айқын көрсетілген. Конституцияның бұл бабы жобаның жалпы бөлімінде өз көрінісін тапты және бөлендей дау тудырмайды. Тек соттардың қызметін қамтамасыз етумен кім шұғылдануға тиіс деген сұрақ қана тереңірек ойлануды қажет етеді. Өйткені, бұл мәселе соттардың шын тәуелсіз болу-болмауын шешетін еді.

Бұрыннан қалыптасқан тәртіп бойынша соттардың қызметін Әділет министрлігі мен оның жергілікті органдары қамтамасыз ететін. Біз бұл тәртіпті заң жобасында қалдырғанымызбен, соттардың қызметін

қамтамасыз етуді ескіше қалдыру соттарды атқарушы өкіметке тәуелді етеді деген пікірдің бар екенін айтқанымыз жөн. Осыған орай соттардың қызметін қамтамасыз ету үшін Жоғарғы Соттың құрамында арнайы құрылым болуы керек деген ұсыныс бар.

Біздіңше, соттар мен судьялар шын тәуелсіз болуы үшін олардың қызметін қамтамасыз етуді жоғарғы сатыдағы сотқа да, заң шығарушы және атқарушы өкіметке де бермей, жеке тәуелсіз құрылым құру керек. Бұндай құрылым соттардың қызметін қамтамасыз ететін Бас Сот Басқармасы деп аталып, оның басшысын Президент тағайындаса дедік. Бұл құрылымды ұстауға қосымша қаржы шығарудың қажеті жоқ, оның орнына Әділет министрлігі мен облыстардағы осы шаруамен шұғылданатын басқармалар мен бөлімдерді таратса жетіп жатыр.

Сот реформасының тағы бір шешімі қиын мәселесі — төрелік соттарын жалпы сотпен біріктіру. Бұндай біріктіруді жақтаушылар бірінші сатыдағы шаруашылық дауларын аудандық соттарға тапсырып, ал бұл істерді кассациялық және бақылау тәртібімен қарауды облыстық соттардың азаматтық істер жөніндегі сот алқасы мен Жоғарғы сотқа беруді ұсынады.

Жұмысшы топ бұл ұсыныспен келіспей, облыстар мен Алматы қаласында бірінші сатыдағы төрелік соттарын қалдырып, облыстық соттар мен Жоғарғы Соттың құрамында шаруашылық істер жөніндегі сот алқасын ашуды ұсынып отыр. Өйткені, тек Жоғарғы Төрелік Соттың таратудың өзі Конституцияға тиісті өзгеріс енгізуді талап етеді. Конституцияға өзгеріс енгізу оңай-оспақ шаруа емес.

Осы тұста заң жобасынан сәл ауытқыңқырап, біртұтас сот құрылымы жөніндегі идеяға қатысты өз ойымды айта кетейін. Атап айтқанда, Конституциялық Сот хақында. Бұл соттың асығыс, Россияның ізімен құрылғанын мойындаған жөн.

Бұл соттың міндеті — Конституцияны қорғау дейді. Конституцияның өзі еліміздің басты Заңы емес пе? Ол

ешқандай соттың қорғауын қажет етпейді, өсіресе арнайы құрылған соттың яғни ол конституцияны еш күмәнсіз басшылыққа алады және бағынады.

Ал жеке азаматтардың, шаруашылық органдарының конституциялық құқық сот тарапынан қорғау мүлдем басқа мәселе, онымен жалпы сот пен төрелік соттар шұғылланады.

Түптеп келгенде, барлық сатыдағы соттар күнделікті қызметінде Конституцияны қорғап жүрген жоқ па? Азаматтық, қылмыстық істерді, шаруашылық дауларды қарағанда соттар Конституцияны басшылыққа алады, Конституцияға сәйкес қабылданған заңдарға сүйенеді. Бұл жағдай Конституцияның 101-бабында бекітілген, онда ешбір сот Конституцияға қайшы билік шығара алмайды делінген.

Сондай-ақ, кез келген соттың мемлекеттік мәжбүрлеу органы екені белгілі, оның билігі міндетті түрде орындалуға тиіс. Ал Конституциялық Соттың мұндай құзыры жоқ, оның шешімінің бұлжымас сот шешіміндей күші жоқ. Демек, Конституциялық Соттың шешімі орындалмауы да мүмкін.

Әрине, өртүрлі заң актілерінің Конституцияға сәйкес келетін, иә келмейтінін тексеріп, қорытынды анықтама беріп отыратын органның қажеттігіне дау жоқ. Жоғарғы Кеңес жанынан құрылған Конституциялық бақылау комитеті осындай орган бола алар еді.

Соттардың бірігуінің қаржылай тұрғыдан да тиімділігі бар. Мемлекет үш сотты ұстауға жылына 130 миллион теңге бөледі екен. Соттарды біріктіруден 50 миллиондай қаржы үнемделіп, оны құқықтық реформаны іске асыруға жұмсасақ несі айып, реформаның қаржы тапшылығынан ілгері жылжымай жатқаны бәрімізге белгілі.

Соттың үш саласын тоғыстыру идеясына мен сенемін және болашақта өмірдің өзі осыған өкелетініне күмәнім жоқ. Сол себепті де біртұтас құрылымның төмендегідей кестесін ұсынар едім.

Бұл кесте бойынша қазіргі күшіндегі Конституциялық соттың негізінде Жоғарғы Сот құрылып, оған өзінің бұрынғы құзырларымен қоса, азаматтық, шаруашылық және қылмыстық істерге қатысты айрықша бақылау мәртебесі беріледі. Ал Жоғарғы Сот пен Жоғарғы Төрелік сотының базасында Жоғарғы апелляция соты құрылады. Қалған соттар қазіргі қалпын сақтайды. Менің бұл ұсынысым барлық облыстық соттар мен әділет басқармаларында халық соттарының қатысуымен кеңінен талқыланды.

Талқылауға қатысушылардың басым көпшілігі біртұтас сот құрылымын қолдайды. Соттың жоғарғы басшылары да бұл идеяны жоққа шығармайды, тек оны кезеңмен, біртіндеп іске асыруды қолдайды.

Көпшілік болып ақылдасуды керек ететін және бір маңызды мәселе — судьяларды ел басшысының, яки Президенттің тағайындауы турасында.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабына сәйкес, Президент, ең біріншіден, мемлекет басшысы. Ол республика азаматтарының құқықтары мен бостандықтарының, Республика Конституциясы мен заңдарының сақталуына кепіл болады. Яғни, судьялар мемлекет басшысы Президенттің жарлығымен тағайындалып жатса, үкімет басқару органдарының өзге тармақтарынан соттардың тәуелсіздігін даралайды деп ойлаймын.

Және сот қызметіне үміткерлер жай тағайындау салмайды, мамандығы бойынша міндетті түрде сынақтан өтетін болады. Соттардың 10 жылға емес, өмірлік тағайындалуының да маңызы өте зор. Тура билік шығарғаны үшін қызметімнен босармын деп алаңдамайтын, болашағына сенімді адам билік шығарғанда да өзіне сенімді болады. Ал егер кейбір судьялар заңды бұрмалап, билік орнына сай емес қылық көрсетсе, ондай судьяларды қызметінен босатудың механизмі де заң жобасында көрсетілген.

Сондай-ақ заң жобасында халық заседательдері институтын алып тастап отырмыз. Қазіргі кезде бұл

институт өзін ақтамайды. Біріншіден, халық заседательдерін жинап, сотқа қатыстыру оңай іс емес, оған қаншама уақыт, қаншама қаржы керек. Екіншіден, халық заседательдерінің заң саласынан арнайы білімі жоқ, көбіне сотқа жай қатысып отырады.

Көптеген істерді бір маман судьяның өзі-ақ шеше алады. Тек өте ауыр жаза: 10 жылдан астам бас еркінен айыру немесе ату жазасы белгіленетіндей болғанда іске тағы да екі кәсіпқой сот қатысып, үкімді үш адам ақылдасып отырып шығарады.

Біз ұсынып отырған заң жобасында тағы бір көңіл аударатын жаңалық — Бас Сот Кеңесін құру. Бұл мәселе жөнінен де біз құқықтық реформа бағдарламасына сүйендік. Аталмыш органның құзырына мынандай мәселелер кіреді: судьялық қызметке үміткерлердің кәсіптік дәрежесін анықтау емтихандарын қабылдап, судья қызметіне лайықты мамандарды іріктеу; судьяларды аттестациядан өткізіп, дәрежелік класын бекіту; судьяның қызметін қайта жалғастыру; судьяларға ешкімнің тиіспеуін қамтамасыз ету.

Бас Сот Кеңесінің құрамына Республика судьялары съезінде жасырын дауыспен сайланған 10 судья, Жоғарғы Кеңес жолдаған 3 депутат, Президент тағайындаған 3 уәкіл, заңгерлер Ассоциациясы сайлаған 3 заңгер кіреді.

Кеңестің төрағасы мен оның орынбасарын Республика Президенті сол Кеңес мүшелерінің ішінен тағайындайды.

Және бір кесікті мәселе — Бас Сот Кеңесінің құрамына Конституциялық Сот, Жоғарғы Сот, Жоғарғы Төрелік Соты Төрағалары, Әділет министрі, Бас прокурор, Ішкі істер министрі, Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің Төрағасы және олардың орынбасарлары кірмеуге тиіс. Алайда аталмыш лауазымды адамдардың қай-қайсысы да Бас Сот Кеңесіне судья қызметіне ұсынылған адам жөнінде пікір білдіруге, мәлімет беруге құқылы.

Әйткенмен жұмысшы тобының бұл ұсынысымен заңгерлердің бәрі сөзсіз келіседі деуге болмайды, жоғарыда аталған басшылар міндетті түрде Бас Сот Кеңесіне еруге тиіс деушілер де бар. Ал Әділет министрлігі ұсынған Бас Сот Кеңесі жөніндегі Ережеде Бас Сот Кеңесінің Төрағалығына Әділет министрі ұсынылады.

Бұл мәселені заңгерлер арасында, Жоғарғы Кеңес мәжілісінде асықпай, тереңірек талқылаған жөн. Сот саласында өбден қалыптасқан және осы уақытқа дейін ешбір судьяның қарсылығын туғызбаған айқын мәселенің біреуі — судьяларды класс бойынша дәрежелі еді. Біздің жұмысшы тобында бұл мәселе жөнінен еш талас туған жоқ. Алайда кейінгі кезде Әділет министрі көпшілік алдында сөйлегенде де, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы да осы қалыптасқан жағдайға күмән келтіріп, талас туғызып отыр. Ол судьяларды класс бойынша дәрежелі олардың еңбек ақыларының арасын алшақтатады, көптеген судьялардың құқына нұқсан келтіреді деп есептейді.

Бұл біздіңше, біржақты пікір. Судьяларды кәсіпкерлік шеберлігіне, біліктілігіне, еңбек тәжірибесіне сай класс бойынша дәрежелі қайта олардың әлеуметтік беделін көтереді, олардың жан-жақтылыққа, терең білімділікке, біліктілік-ке ұмтылуына себепкер болады.

Құқықтық реформаның Бағдарламасында да бұл жай жан-жақты (10-бет) қамтылған. Судьялардың класын көтеру, соған орай қосымша төлем қосу оларды әлеуметтік жағынан қорғау болып табылады. Қазір облыстық және аудандық соттардың судьяларына жылына 12 миллион 776 мың теңге қосымша төлем төленеді, оның 8 миллион 594 мың теңгесі аудандық соттарға беріледі. Және кластық дәрежелі судьяларға лауазымы үшін емес, судья қызметінде істеген жұмыс өтілі, кәсіпкерлік дәреже-деңгейі үшін беріледі. Демек, бұл мәселеде қызмет дәрежесі, лауазымы жөнінде өңгіме болуға тиіс емес.

Сондай-ақ қандай класты судья болса да олардың заңды мәртебесі бірдей болады, құқығы бірдей дәрежеде қорғалады. Бұл жағдай біз дайындаған заң жобасында бекітілген.


Құқықтық реформа Бағдарламасында көрсетілгеніндей сот ісіне кассациялық шағыммен бірдей апелляциялық инстанция да енгізіліп отыр. Біздіңше, осы апелляциялық инстанцияның құзырын нақты анықтап алу керек сияқты. Қалыптасқан ұғым бойынша апелляция — екінші сатыдағы соттың істі қайта қарап, жаңа үкім шығаруы деп есептеледі. Алайда барлық өркениетті елдерде екінші сатыдағы сот апелляциялық деп аталады және бірінші сатыдағы соттың шешімімен келіспеген азаматтардың шағымын, талап-арызын қарайды. Шетел сөздігінде “апелляция” — шағым, арыз деп аударылса, “кассация” — жою, бұзу деп аударылады. Мұндай жағдайда, біздіңше, апелляция мен кассация қатар тіршілік ете алмайды, сондықтан “кассация” деген терминнен бас тартуды ұсынамын.

Әрине, біз өзірлеген заң жобасы өлі қабылданған емес, онда өлі талай толықтырулар, өзгертулер болуы сөзсіз.

Бірақ түпкілікті мақсат біреу болуға тиіс. Ол — еліміздің, болашақ ұрпағымыздың мүддесі үшін тиімді, жақсы сот құрылымын жасау. Сот билігі біреу және бірегей болғаны жөн.

Қызмет, мансап үшін, әрқайсымыз өз орнымызды сақтап қалу үшін әр жаққа бұра тартсақ — азаматтығымызға сын.

1995 — ДОҶЫЗ ЖЫЛЫ



ДЕРБЕСТІК — ДАРАЛАНУ ЕМЕС

Тәуелсіздік алған жас мемлекетіміздің келешегі бүгінгі экономикалық, саяси және құқықты реформаның жүзеге асуымен тікелей байланысты екендігі әмбеге аян. Осыған орай құқықты реформа туралы мемлекеттік арнайы бағдарлама жасалынып, оны Президентіміз бекітіп те берді. Бірақ, дәл қазіргі жағдайда бұл бағдарламаның болашағы бұлыңғырлау сияқты. Себебі, құқық қорғау органдарының өзара ауызбірлігі бір-бірінен алшақтап бара жатқандай. Біреулер мұны ведомстволық шамшылдық салдары десе, енді біреулер жеке адамдардың арасындағы келіспеушіліктен болып отырған құбылыс деп топшылайды. Мәселенің мәнісіне терең бойлау үшін осы саладағы билікті мамандардың ой бөліскендері дұрыс-ақ.

— Мақа, таяуда өткен Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының пленумында сөйлеген сөзіңізді мұқият тыңдаған едім. “Қазақстан Республикасындағы сот құрылысы және судьялардың мәртебесі” жайында заң жобасын дайындапсыздар. Оған ұйытқы болған да өзіңіз көрінесіз. Бүгінгі әңгімемізге арқау болатын сол заң жобасы екенін іштей сезіп отырған шығарсыз. Әйтсе де, алдымен сіздің билік жайындағы пікіріңізді білгім келеді.

— Сұрағыңызға рахмет. Өйткені, билік жайында мен былтыр да дәл осындай пленумда өз пікірімді ортаға салғам. Сол ойымды қайта қозғауға түрткі болдыңыз.

Билік деген ұғымның аясы кең. Мемлекет бар жерде белгілі бір жүйе болуға тиіс. Сол құрылымдық жүйе жұмыс істеуі үшін оның меха-низмдері жасалады. Сол механизмдердің әрбір буыны үлкенді-кішілі билік тұтқалары арқылы қозғалысқа түседі. Бұл — көдімгі құбылыс, өмір заңы, жаратылыс заңы. Енді осы қағиданы мемлекеттік тұрғыда алып қарасақ,

биліктің ең биігі мемлекет басшысының қолында екен. Дұрыс, мемлекетті бір адам басқарғаны жөн. Бізде ол қазір — Президент. Жаңа Конституциямызда солай көрсетілген. Яғни, Президент мемлекет тағдыры үшін жауап беретін бірден-бір тұлға.

Сондай-ақ, Конституцияда мемлекет билігі тағы да үш билікке бөлінетіндігі жазылған. Бұлар — заң шығарушы билігі, атқарушы билік және сот билігі екені белгілі. Осы арада анықтай кететін бір мәселе бар. Кейбіреулер осы үш билікті ешкімге бағынбайтын мемлекет ішіндегі мемлекеттей ұғынып, өздерінен-өздері үрейленетін тәрізді. Оның да себебі жоқ емес. Өйткені, Конституцияда Президент атқарушы билікке тікелей басшылық ететіндігі айтылған. Міне, осыны біржақты түсінетіндер Президентті тек атқарушы билікке ғана байлап қойғылары келеді. Парламенттегі кейбір депутаттардың сөз ауандарынан осыны аңғарамыз. “Біз, депутатпыз, Президентті сынап, кінәлап, оған айтқанымызды істетете аламыз” дегендей кеуде соғушылар кездесіп қалатыны рас қой. Ондай адамдар Конституцияның кейбір баптарын жете түсінбейді немесе түсінгісі келмейді деп ойлаймын.

Егер, Конституцияны мұқият оқысақ, жоғарыда аталған үш биліктің басын біріктіріп, үйлестіріп отыратын тағы бір билік бар екені белгілі болады. Ол — мемлекет басшысының қолындағы билік. Жоғарғы Кеңес қабылдаған заңдарға қол қоятын, бекітетін — Президент, Атқарушы биліктің жұмысына тікелей басшылық жасайтын — Президент. Жоғарғы соттың төрағасына үміткер адамды таңдап, Жоғарғы Кеңеске ұсынатын, сол үміткерді кері шақырып алатын да Президент. Олай болса, екінші сатыдағы үш билік бір-бірінен мүлдем дара тұрған құрылымдар емес. Бірақ сот билігі шынайы дербестікке әлі жеткен жоқ. “Қазақстан Республикасындағы сот құрылысы және судьялардың мәртебесі туралы” заң жобасы осы дербестікке қол жеткізу, үш билікті теңестіру мақ-

сатында туған құжаттардың бірі. Өзіңіз ойлаңызшы, Египет пирамидасының бір қабырғасы қалған екеуінен қысқа болса, ол баяғыда-ақ қирап қалар еді. Ал біздің мемлекеттік құрылым сол пирамида заңдылығына негізделген сияқты. Билік жөніндегі пікірім осындай.

— Өздеріңіз дайындаған заңда Әділет министрлігі жайында бір ауыз сөз айтылмапты. Оның себебін қалай түсіндірер едіңіз?

— Мұндай заңдарды әдетте Әділет министрлігі дайындап, парламентке ұсынады. Конституция бойынша Жоғарғы соттың да өздеріне қатысты заң жобасын дайындап, парламентке ұсынуға қақысы бар. Осы қақымызды пайдалана отырып, өзімізге қатысты заң жобасын жасадық. Жобаны жасауға әділет министрінің орынбасары мен жауапты қызметкерлері, құқық қорғау органдарының өкілдері, Президент аппараты мен Министрлер кабинетінің өкілдері, ғалымдар қатысты. Бұл заң Республика Конституциясы негізінде жасалғанын баса айтқым келеді.

Енді Әділет министрлігі жайына тоқталайын. Қазіргі кезде Жоғарғы соттың кадр мәселесін, шаруашылық-әлеуметтік мәселелерін тікелей Әділет министрлігі шешеді. Жоғарғы сот төменгі соттардың іс жүргізу (процессуалдық) жұмыстарын ғана қадағалайды. Мұндайда үшінші билік — сот билігі жайында сөз қозғаудың өзі ыңғайсыз ғой. Атқарушы билік иесі — Министрлер кабинетімен заң бойынша тең дәрежеде тұруға тиісті Жоғарғы сотты екінші биліктің бір тармағы — Әділет министрлігіне тәуелді етіп қойған соң, одан қандай дербестік, билік күтуге болады?

Біз дайындаған заң жобасының 10-бабында Жоғарғы соттың, соттардың жұмысын ұйымдастыру жөніндегі Бас басқармасы және облыстық, Алматы қалалық, соттардың тиісті басқармалары құрылатындығы айтылған. Олар соттарды қаржыландыру, материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету, сот өндірісімен, сот статистикасын жүргізумен, тағы ба-

271362

Дружелор
М.С. Нәрікбаевтің
кітапханасы
КІТАПХАНА

сқа жұмыстармен айналысады. Соттардың кадрларға мұқтаждығын және тиісті сот лауазымына қажетті үміткерлер (кандидаттар) тобын анықтайды. Бұдан кейін ол тізім Жоғарғы сот кеңесіне жіберіледі. Сот кеңесінің шешімінен кейін бұл ұсынысты республика Президенті бекітеді. Сөйтіп, кадр мәселесін дербес шешудің мүмкіндігі туады. Тағы да қайталап айтатын, дербестік — даралану емес. Себебі, Жоғарғы сот кеңесінің құрамына аталған үш биліктің өкілдерімен қоса мемлекет басшысының, заңгерлер қоғамының өкілдері кіретін болады. Заң жобасында олар нақты көрсетілген. Сондықтан, үшінші биліктің жөні осы екен деп, Жоғарғы сот мемлекет ішінен мемлекет құрып жатқандай үрейленуі орынсыз.

— *Жаңа заң жобасында халық заседательдері туралы да ештеңе айтылмапты. Оның себебі неде?*

— Дұрыс айтасыз, бұл заңда халық заседательдері туралы айтылмаған. Өмірдің шындығы тұрғысынан қарасақ, сот ісінде халық заседательдерінің көмегі өте аз екендігін байқар едік. Біріншіден, ол адамдардың арнайы заң білімі болмағандықтан судьялардың айтқанына бас шұлғып отыра бергеннен басқа пайдасы шамалы. Тек сол үшін ғана қаржы шашудың керегі не? Екіншіден, қазір халық заседательдерін сотқа әкелудің өзі қиын. Олар негізгі жұмысынан босай алмайды. Өндірістің көбісі жекеше-лендіріліп кеткен. Сотқа қатысқан уақыттары үшін халық заседательдеріне кеңес дәуіріндегідей ешкім ақша төлемейді. Үшіншіден, әділ үкім шығару үшін соттың өзіне жеке билік беруді жөн деп білдік. Аса ауыр қылмыстар қаралған кезде ғана оған үш судья қатыстырылатыны заң жобасында қарастырылған. Мәселен, Америкада, Американы мысалға алып сөйлеу әдетке айналды ғой, сот ісіне 12 заседатель (судья присяжные) қатысады. Кейінгі жылдары олар мұның санын жетіге түсіріпті. Жалпы, әлемдік тәжірибеде халық заседательдерін азайту белгісі байқалады. Бұл тегіннен тегін болмаса керек...

— Сіздер дайындаған заң жобасының 11-бабында “Прокурор сотта қаралатын іске тараптар теңдігі мен іс жүргізудегі сайысушылық принциптері негізінде қатысады” делінген. Сонда прокурорлық қадағалау, наразылық келтіру сияқты міндеттер қайда қалмақ?

— Прокуратура — кез-келген саладағы заңдылықты қадағалайтын мемлекеттік орган. Сот ісінде прокурор ешкімді жақтамайды, тек заңдылықтың сақталуын қадағалайды. Егер, сот тарапынан заң бұзылса, жоғары сатыдағы сотқа наразылық келтіреді. Сол наразылық негізінде біз істі қадағалау тәртібімен қайта қарауға міндеттіміз. Дәл осылай адвокат та сот ісіндегі өзі келіспейтін мәселелер бойынша наразылық келтіруге құқылы. Бірақ адвокаттың наразылығы бойынша істі қадағалау тәртібімен қайта қарау, немесе қарамау біздің өз еркімізде. Әрине, сот тарапынан өрескел бір заң бұзушылық көрініп тұрса, істі қадағалау тәртібімен қайта қараймыз. Бұл жерде айтатын дегенім, сот ісінде адвокат жәбірленушіні немесе айыпкерді жақтап судьямен сайысқа түссе, прокурор заңдылықты сақтау жөнінде сайысқа түседі. Алайда, екеуінің құқығы тең дәрежеде емес. Мына заң жобасында екеуінің құқығы теңестірілген. Осыны кейбір прокурорлар түсінбей, өздерінің құқығына қол сұғылғандай байбалам салуда. Прокурор сот ісіне қазір де сайыскерлік тұрғыда қатысады. Сосын заңдылықты қорғау құқығын пайдаланып, өзінің наразылығын келтіреді. Әйтсе де, Конституция бойынша төменгі соттың ісін қадағалау құқығы тек жоғары сатыдағы соттардың өзіне ғана берілген. Ендеше, біз бұл конституциялық құқығымызды неге пайдаланбауымыз керек? Сот реформасы осыны талап етеді.

— Жаңа заң жобасымен танысу барысында көңіл жылытарлық баптарға да көзім түсті. Осы заңның авторы ретінде ең негізгі өзгешеліктер мен бүгінгі күннің талабына сай жасалды деген жеке баптарға тоқтала кетсеңіз.

—Бұл заңды қолына алып қараған кез келген адам алдымен 17-18-баптарға назар аударар еді. Ол баптар “Би (татуластыру судьясы) өкілеттігі”, “Би мәртебесі” деп аталады. Енді осы билер дегеніміз не, ол немен айналысады деген сауалдарға тоқтала кетейін.

Билер — халықтың қатысуымен жергілікті мәслихат жиналысы, жергілікті әкімшіліктің араласуымен құрылған сот учаскесі аумағында сот әділдігін жүзеге асырады. Билер сот учаскесі аумағында тұратын азаматтардың арасындағы азаматтық-құқықтық дауларды, жеке қылмысты істерді, сондай-ақ, сот учаскесі аумағындағы әкімшілік істерді бірінші инстанциясында қарайды. Осы заңның 53-ші бабының талаптарын бұзған жағдайда бидің өкілеттігі кері шақырылып алу жолымен мерзімінен бұрын тоқтатылады. Би — ең беделді адам болуға тиісті. Ол үш жылға сайланады. Биге қоятын талаптар мен судьяларға қойылатын талаптар бірдей десе де болғандай. Мәселен, би болып ең беделді адам сайланса, судьялыққа бұған дейінгі қызметінде кіршіксіз атаққа ие, жасы жиырма беске толған жоғары заң білімі, заңгер мамандығы бойынша екі жылдық еңбек өтілі бар, сотта бір жыл сынақтан өткен, мамандық емтиханын тапсырған Қазақстан азаматы сайлана алатындығы осы заңның 54-бабында нақты көрсетілген. Ал енді “Судьяларға тиіспеушілік”, “Судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптар”, “Судьяларды сайлау мен тағайындау тәртібі”, “Судьяның өкілеттілігін тоқтата тұру”, “Дәрежелеу алқаларының және Жоғарғы сот кеңесінің жұмыстарын ұйымдастыру” деп аталатын баптар әрбір талқылауларда жаңарып, толықтырылып отырды. Ол жайында айта берсек, өңгімеміз бүгін таусылмайды.

— *Түсінікті. Бізде бұған дейін де сот құрылысы, судьялардың мәртебесі жөнінде, республиканың Жоғарғы соты туралы, тағы басқа заңдар қабылданған болатын. Ал мына заң жобасы солардың бәрінің басын біріктіретін, болашақта бір ғана сот құрылысынан*

негізделген заң екенін пленумда сөйлеген сөзіңізде де, одан кейін журналистермен жүздескенде де баса айттыңыз. Қағаз жүзінде бәрі жақсы-ау, бірақ осы заңды жүзеге асыратын судьялардың жеке басына, ой-өрісі мен білім дәрежесіне келетін болсақ, көңіл толмайтын жәйттер бар ма деймін.. Өзіңіздің жазып жүрген еңбектеріңізбен таныспын. Дегенмен, қазақ заңгерлері арасында теория мен практиканы қатар ұштастыра білетін мамандар, судьялар аз сияқты. Сол жайында не айтар едіңіз? “Шәкіртсіз ұстаз тұл” дегендей, төменгі буындағы соттардан ертең ізбасарларыңыз шығады деп ойлайсыз ба?

— Судья болып істеу оңай емес. Біздегі судьялардың көбісі практиктер. Таза ғылыммен айналысатын ғалым, заңгерлер де аз емес. Алайда, көп жағдайда теория мен практиканың үйлеспей жататыны белгілі. Бұл екеуін қатар алып жүрмедің деп тағы да ешкімді кінәлай алмайсың. Ол үшін алдымен талант керек. Талант — туа бітетін қасиет. Егер, осы талап деңгейінен қарар болсақ, мен өзiрге Шымкент облысы, Сарыағаш аудандық сотының төрағасы Есберген Алауов деген азаматтың есімін атар едім. Өзі жас жігіт. Газет беттеріндегі ойлы мақалаларына тәнті болып отырамын. Сонымен қоса ғылыми еңбектер жазып жүр. Бір-екі кітабы да жарық көрді-ау деймін. Таяуда кандидаттық диссертациясын қорғапты деп естідім. Жұмысында да үлгі аларлық істері жетерлік. Мен осы жігітті мысалға келтіре отырып, басқа өріптестерге де ой тастағым келеді.

Баспасөз өкілдерімен жиі араласқан дұрыс. Өзіңнің олқылықтарыңды көріп, өзінді-өзің іштей шындаудың бір жолы осы. Әрине, көркем шығарма жазатын, жалпы шығармашылық жұмыспен айналысатын судьялар да баршылық қой. Дегенмен, мына өтпелі кезеңде, құқықты реформаны жүзеге асыру кезеңінде сол қабілетіміздің біразын негізгі мамандығымызға қарай бұрсақ, нұр үстіне нұр болар еді.

— *Ашық әңгімеңізге көп рахмет.*

ПАРЛАМЕНТ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЖОЛМЕН ЖҮРСЕ

Қазақстан Республикасы Конституциялық сотында Жоғарғы Кеңес депутаттарын сайлау барысында жіберілген қателіктер және оның Конституцияға сай болмауы туралы азаматша Татьяна Квятковскаяның талабына байланысты Конституциялық сот 6 наурызда соңғы сайланған Парламенттің заңсыздығы жөнінде қаулы шығарды. Республика Президенті Н.Ә.Назарбаев осы негізде 11 наурызда арнайы Жарлықпен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесін таратты.

Бұрын-соңды болмаған тосын оқиға түрлі алып-қашпа өсектерге жол ашты.

— *Мақсұт Сұлтанұлы, соңғы сайланған Парламентіміздің табан астында тарап кетуіне заңгер ретінде, жоғары лауазым иесі ретінде пікіріңіз қандай?*

— Бұл — бұрын-соңды ешбір мемлекеттің тарихында болып көрмеген оқиға. Оның тұңғыш рет біздің республикамызда орын алуы саясаткер арасында қарама-қайшы пікірлер туғызуда. Конституциялық соттың бұл шешімі алда талай әңгімеге өзек болатын шығар. Тап осы кезең үшін, тәй-тәй басып келе жатқан біздің жас мемлекетіміз үшін сот билігінің бір тармағында отырған заңгер ретінде бұл дұрыс шешім деп айта аламын. Бір жағынан Конституциялық соттың шешімі талдауға да, талқылауға да жатпайды, шағымдануға да болмайды. Сондықтан да тап бұл күндері салмақтай ойлап, сабыр сақтау керек.

Жалпы құқықтық мемлекет құру бағытында Конституциялық соттың шешіміне мойынсұну — онды қадам. Алайда, жергілікті жерлерде заңға бағынудан гөрі, әлі де басшыға бағыну басым. Жалпы жұртты былай қойғанда, тіпті, кейбір қайраткерлеріміз бен халық депутаттарының өзі осы көзқарастың шылауынан шыға алмай жүр.

— Мемлекет басшысының мұндай қадамға баруын қалай бағалайсыз?

— Басшыға бағыну бар да, заңға бағыну бар. Түсіне білген адамға екеуі екі бөлек ұғым. Мысалы, дәл осы Конституциялық соттың шешімінен кейін Президент алғашқыда өзінің конституциялық құқығын пайдаланып, Конституциялық соттың шешіміне тыйым салды. Жоғарғы Кеңестің Төрағасы Әбіш Кекілбаев Конституциялық сот шешімінің күшін тоқтатты. Дәл осы тұста Конституциялық соттың мүшелері бұрынғыдай заңға бағынбай, басшыға бағынатын болса, онда басқаша шешім қабылданар еді де, Парламент сақталар еді. Бірақ Конституциялық сот өз шешімінен айныған жоқ. Президенттің осы шешімінің құқықтық салдары қандай болатындығы туралы сұрау салуына Парламенттің заңсыздығы, ол қабылдаған құжаттардың заңды күші болмайтындығы туралы байыпты жауап берілді. Демократияны қолдайтын ел басшысына басқа жол қалған жоқ. Заң бөрінен жоғары. Парламент осылай таратылды.

— Демек, мемлекет басшысының өзі де заңға бағынуға міндетті дейсіз ғой?

— Әрине. Қараңыздаршы, қазақтың атақты билері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің алдында қарапайым халық қана емес, Абылай секілді хандар да тоқтаған. Билердің шешімін талдаусыз, талқылаусыз, қалтқысыз қабылдаған.

— Мақсұт Сұлтанұлы, Парламент тарқады. Сіздің пікіріңізше әрі қарай жағдай қалай қалыптасады?

— Конституциялық соттың осындай шешімімен Парламенттің тарауы құқықтық тұрғыдан дұрыс болғанымен, әрине, мемлекетке оңай тимейді. Өйткені, қайтадан сайлау өткізіп, Парламентті жаңадан құру мемлекет үшін орасан шығынға түсері сөзсіз. Ал Парламентсіз тағы да болмайды.

Екінші мәселе, қазір құқықтық реформаны жүзеге асырудың нағыз жауапты кезеңі. Осындай тұста үш тармақты биліктің бірінің жоқтығы, яғни,

Парламенттің уақытша тарауы жанға батады-ақ. Алайда, Президенттің заң қабылдауға құқығы бар. Сол арқылы жаңа Парламент сайланғанға дейін шаңырағымыз шайқалмай, құқықтық салада алға баса береміз деген үміт бар.

— *Сессия кезінде депутаттардың талдау-талқылауымен көптеген заңдар қабылданды. Олардың тағдыры не болады?*

— Парламент заңсыз болғандықтан, ол қабылдаған заңдардың да күші болмайды. Президент бұл үшін өзінің конституциялық құқығын пайдаланып, Парламенттің бұрын қабылданған нормативтік актілеріне Жарлықпен заңдық күш береді. Тек кейбіреулері ғана қайта қаралуы мүмкін.

— *Салдардан қандай сабақ?*

— Аталған оқиға адымын жаңа түзеп келе жатқан мемлекеттік құрылысымыздың кемшіліктері мен қателіктері. Қоғам қашан да кемшіліктер мен қателіктерді түзету, одан сабақ алу арқылы ғана алға басады. Яғни, “Көш жүре түзеледі” деген заңды құбылыс осы.

Меніңше осы жолғы олқылық Конституциядан емес, Орталық сайлау комиссиясынан кеткен сияқты. Оның сайлау жөнінде қабылдаған нормативтік актісі Конституцияға қайшы келіп отыр. Сөйте тұра сол акті бойынша сайлау өткізілсе, оның қорытындысы қайдан дұрыс болсын. Демек, бұл жағдай заң жөніндегі сауатымыздың өлі де болса кем екенін аңғартады. Кезінде оған ешкім баса назар аудармаған. Нормативті актілерді сараптау органдарымыз Орталық сайлау комиссиясы дайындаған заңсыз құжаттарды ұстап қалғанда, мұндай қолайсыздықтарға ұрынбас едік. Бұл Орталық сайлау комиссиясына, басқа да заңдылықтарды қадағалау орындарына сабақ болуға тиіс.

Қаншалықты қолайсыз болса да тағы қайталап айтамын, бүгінгі осы оқиғамен құқықтық мемлекет құру бағытында елеулі қадам жасағанымыз ақиқат.

— *Әңгімеңізге рахмет.*

БАС ПРОКУРАТУРА ТЕРГЕУСІЗ ДЕ ТЕГЕУРІНДІ БОЛАДЫ

Президент Жарлығымен Мемлекеттік тергеу комитетінің құрылғандығы белгілі. Соған орай прокуратура мен ішкі істер органдарынан тергеу ісі алынып, жаңа мекеме құзырына берілді. Құқық қорғау саласындағы мұндай келелі өзгерістің бір күнде қалыптасып, өз арнасын тауып кетуі мүмкін де емес. Ол үшін әуелі әр органның өзіндік бағыт-бағдарын айқындайтын арнайы заң қабылдануы қажет. Көпшілікті көп ойланта бастаған бұл жайларға дер кезінде жауап беру мақсатында республикамыздың Бас прокуроры қызметіне жаңа ғана кірісе отырып, менің жедел үн қатуыма тура келді.

— Мақсұт Сұлтанұлы, сіз қалай ойлайсыз, тергеудің прокуратура мен ішкі істер органдарынан бөлініп, жеке отау тігіп кетуі Бас прокуратура мен Ішкі істер министрлігінің мәртебесін төмендетпей ме? Жалпы, Мемлекеттік тергеу комитетінің құрылу қажеттілігін қалай түсіндірер едіңіз?

— Бұл мәселенің байыбына барып, терең бойламай жүргендер жаңсақтыққа жол беруде. Тіпті біздің прокуратура қызметкерлерінің біразы тергеудің бөлінуіне байланысты прокуратураның қоғамға әсер ету деңгейі кеміп қалғандай көреді. Оларды да түсінуге болады. Өйткені, жетпіс жылға тарта басқа тұрғыда, яғни айыптау бағытында көбірек жұмыс жасаған орган ғой бұл. Және осы органда жұмыс жасаған адамдардың психологиясы да солай қалыптасқан. Ал шындығында Прокуратура мен Ішкі істер министрлігінен тергеу қызметін алу мәселесі осыдан жиырма жыл бұрын көтерілген болатын. Сол мәселенің бүгін ғана шешімін табуы — өлгі қатып қалған қасаң пікірдің жол бермей келуіне байланысты. Өйткені, прокуратура жүйесінің өзгеруі, азаматтардың психологиясының өзгеруі көп уақытты қажет

етеді. Сонау жиырма жыл бұрын басталған әңгіменің бүгін ғана іс жүзіне асып отырғандығы сондықтан. Сондай-ақ бұл мәселе бұрынғы КСРО елдері ішінде тұңғыш рет бізде жүзеге асып отыр. Таяуда Бас прокуратураға Мәскеуден заң ғылымының докторы Ключков деген кісі келіп, біздің жүйемен танысып кетті. Енді оларда да осы мәселе қозғала бастауы мүмкін.

Дегенмен, әңгіменің аты әңгіме. Бірақ оны іске асыру оңай шаруа емес. Бізде алғашқы Конституция қабылданарда да осы мәселе көтерілген болатын. Бірақ оған осы мен басқарып отырған Бас прокуратура қарсы шығып, тергеудің бөлінбеу қажеттілігіне депутаттардың көзін жеткізген. Осы жаңа Конституция қабылданарда да қарсылық білдірілді. Бірақ осы мәселенің шешімін табар кезі жеткендіктен Президентіміз Конституция бойынша прокуратура мен Ішкі істер министрлігінен тергеу қызметін алып отыр. Бұдан прокуратураның деңгейі, оның мемлекет құрамындағы орны не төмендеп, не кеміген жоқ. Қайта прокуратура тергеуден ажырап, өзінің негізгі міндетіне енді кірісті. Өйткені, заңдылықты қадағалау прокуратураның негізгі міндеті. Тергеу болған соң әңгіме қылмыстық істер жөнінде де болады ғой. Қазір ол іске прокурордың байланысы жоқ. Сондықтан жүріп жатқан тергеудің заңдылығын, дұрыстығын бақылау прокурорға жеңілдей түседі. Заңдылық тұрғыдан қарағанда бұл өте дұрыс, орынды, уақыты жетіп піскен кезінде Конституцияға сай қабылданған шешім деп білемін.

Ал ішкі істер органдарына келер болсақ, бұл жалпы құрамында сексен мыңнан астам адамы бар, үлкен бір қуатты күш қой. Мәселен аудандық ішкі істер бөлімін-ақ алайықшы, бөлім бастығынан бастап, оның қарауында тек тергеу ғана емес, сонымен бірге жедел іздестіру, қоғамдық тәртіпті қорғау, паспорттық жүйе, оған қоса МАИ-ы тағы бар, жалпы бірнеше қызмет жұмыс жасайды. Тергеу — жеті-сегіз

саланың бірі ғана. Тәжірибе көрсетіп жүргендей, бөлім бастығы негізінен басқа салаға, мәселен қылмысты іздеуге көбірек ден қойып кететіндігі жасырын емес. Себебі, қылмысты ашу міндеті тергеуде болғанымен, істің нәтижелі аяқталуы өзге оперативтік қызметкерлерге байланысты. Егер ол жасалған қылмысты аша алмайтын болса, жоғарыдан “таяқ жейді”. “Таяқ жемес” үшін заң бұрмалаушылыққа барады. Сол бұрмаланған іс тергеушіге келіп түседі. Содан барып біздің көптеген азаматтарымыз заңсыз жауапқа тартылып, кейіннен ақталып жатады.

Ішкі істер органдары, әрине, үлкен күш. Одан жұрт ығып, аяғын тартып келеді. Мұның жөні де бар. Жауапқа тарту оңай шаруа емес. Оған ішкі істер органдарының мүмкіндігі болды. Бірақ заңдылық тұрғысынан келетін болсақ, мына қазіргі Конституция бойынша Президент Жарлығымен құрылған Мемлекеттік тергеу комитетінің орны бөлек. Бұл — ешкімге тәуелсіз дербес орган. Тергеушінің енді жалтақтауына негіз жоқ. Оның ішінде прокурорға да. Тергеуші прокурорға тек заңдылық жағынан ғана бағынышты. Прокурор тергеу ісінің тек заңдылығын ғана тексереді. Тергеуші заңды бұзған жағдайда ғана іске прокурор араласады. Мәселен, сен мына заңды бұздың, не болмаса жауапқа тартылған адамды заңсыз босатып жібердің дейді де, істі қайта тергеуге жібереді. Сондай-ақ прокурор заңсыз жауапқа тартылған азаматтар үстінен қозғалған істі қысқартып тастауға да құқылы. Бәлкім ол іс сотқа барып та шешімін табуы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда Мемлекеттік тергеу комитеті де, прокуратура да біздің мемлекеттік бір өрістеу кезіміздегі өте бір қажетті органдар болды деп есептеймін.

— *Иә, прокуратура өзінің қоғамдағы негізгі орнын енді тапқанға ұқсайды. Заңның қырағы күзетшісі іспетті болған соң ол барлық салаға еркін араласып, қоғамымыздың сауығуына барынша ықпал ететін болды ғой?*

— Конституцияның 83-бабына сәйкес прокуратура мемлекет атынан республиканың аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл, әрі біркелкі қолданылуы, жедел іздестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады, сондай-ақ республика Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіреді. Бір сөзбен айтқанда, прокуратураның қазіргі міндеті бұрынғыға қарағанда анағұрлым кең, жалпы араласпайтын жері жоқ десе де болады.

Басты мақсатымыздың бірі — республика азаматтарының құқығының бұзылмауын қадағалау. Өйткені, Конституция бойынша әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалау бізге міндеттелген. Көбіне азаматтарымыздың құқығы осы салада бұзылып жатады. Мәселен, жасырын тыңдау, азаматтардың хат алмасуын жасырын тексеру сияқты жәйттердің заңдылығын ашу, соған жол бермеу біздің міндетіміз.

— *Тағы бір көкейкесті мәселе — істің сотқа қалай жететіндігі болса керек. Осы тұрғыда біршама пікір қайшылығының туындайтындығы аңғарылады. Жалпы, ендігі жерде прокуратураның сот ісіндегі рөлі қай деңгейде болмақ?*

— Бұрын прокуратура тергеуді өзі жүргізгендіктен сотта көбіне біржақты бағыт ұстанып, соттан істің әділ шешімін сұраудан өзін аулақтау ұстайтын. Өйткені іске соны жүргізген адам жауап береді ғой. Сондықтан ол қалай да өзі айыпты деп тапқан адамның жауапкершілікке тартылуына мүдделі болып келді. Ал қазір прокурор ондай жауапкершілік өзгелерге жүктелген соң, істің әділ шешімін табуына ұмтылады, әділетті болады. Егер сотта сотталушы

адамның айыптылығы дәлелденіп, барлығы дұрыс заңды болатын болса, онда прокурор соттан оның лайықты жазасын беруді сұрайды. Сондай-ақ сотталушының айыптылығы дәлелденбей, оның орнына кінәсіздігі анықталса, онда прокурор айыптау қорытындысынан бас тартып, соттан ақтау үкімін шығаруды сұрайды. Бұл қай тұрғыдан алып қарағанда да әділеттіліктің салтанат құруына негіз болады. Бұрын да қазіргі қолданып жүрген заңға сәйкес прокурор осындай жағдайларда айыптау сөзінен бас тартуға тиіс болатын. Бірақ, өкінішке орай, олай болмай келді. Өйткені, таяқтың бір ұшы өздеріне тиетін. Қазір Конституция бойынша ондай келеңсіздікке жол берілмейді.

— *Сонда прокурор сотқа жалпы заңдылық бұзылған жағдайда қалай ықпал етеді?*

— Енді бұл тұрғыда прокуратураның өзіндік өкілеттіктері бар. Наразылық келтіру сияқты. Мәселен, лауазым иесіне хат жазу арқылы мына сіздің құзырыңыздағы мекеме, не өзіңіздің шығарған шешіміңіз, не болмаса қабылдаған құжатыңыз мына заңға қайшы келеді, болмаса мына заңды бұзып отырсыз делінеді. Заңдылық бұзылған жағдайда іс-әрекетті тоқтатып тастауға құқымыз бар.

— *Ол дұрыс қой. Бірақ сот сіздер келтірген наразылыққа құлақ аса қояр ма екен? Жалпы сот диктатурасы орнығады деп секем алмайсыз ба?*

— Қай нәрсені де түбіне келгенде сот шешуі тиіс. Біз оған қалыпты жағдай деп қарауға міндеттіміз, соған үйренуіміз керек. Мәселен, соттың ең жоғары деңгейі, мен өзім сонда қызмет атқардым ғой, істі жеңіл шешсе де сотқа қатысқан азаматтар, сотталушы болсын, қорғаушысы болсын көбіне Президентке арызданып жатады. Жалпы сот шешті ме, соған көну керек. Жоғарғы деңгейде шешілген іс ақ болса — ақ, қара болса қара күйінде қалуы керек. Сондай түйсіктің қалыптасқаны ләзім. Мәселен Америкада сот шешіміне екі-ақ рет арыздануға болады. Ал біздің

қазіргі жүйеде бір үкімге жеті-сегіз рет арыз жазылады. Мұның өзі сот шешімінің дұрыстығына күмән туғызады.

Бізде істі сот емес, үлкен бастық шешеді деген ой қалыптасқан ғой. Негізінде Президенттің тек кешірім жасауға ғана құқы бар. Біздің билердің Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің сөзіне Абылай хан да тоқтаған. Сот шешіміне сондай түсіністікпен қарау керек қой. Ал, біздің халық санасында сот шешімін облыс әкімі, не болмаса, Парламент, не Президент бұза алады деген ой қалыптасқан. Ондай ойдан арылу керек. Әрине, өз деңгейінде арыздануға болады. Жоғары деңгейде шешілген іске мойын ұсынғаннан басқа лаж жоқ. Бұл прокурорларға да қатысты.

Ал істің сотқа жету жағдайына келер болсақ, іс тек прокуратура арқылы өтеді. Бұл тұрғыда заңдылықтың сақталуы үшін біз екі бағытта жұмыс жүргіземіз. Біріншіден, тергеудің дұрыс жүргізілмегендігі туралы азаматтар шағымына орай істі алдырып қарауға құқылымыз. Екіншіден, сотқа дайын істің заңдылығын бақылау мақсатында іспен танысамыз. Бұл сотқа таза істің баруы үшін қажет. Прокурор іспен танысқан соң, өз қаулысымен оны сотқа жібереді. Мұндай жағдаят Америкада да бар. Оларда мәселені жеке прокурор емес, комиссия болып шешеді. Құрамында қорғаушы да бар сол бес-алты адамнан тұратын комиссияның бір мүшесі істі баяндап, тапсырған соң, “сүзгіден” өткен іс сотқа жіберіледі. Көрдіңіз бе, тергеу мен соттың ортасында бір орган бар. Ал бізде бұл міндетті прокурор атқаруы тиіс.

— *Бұл заңдылықтың сақталуы үшін тиімді-ақ ойластырылған екен. Дегенмен бұған тергеу комитетіндегілер бас шұлғи қойса мақұл ғой. Өйткені тергеуді өздері жүргізген соң істі сотта да аяғына дейін алып баруға олар да мүдделілік танытып жүрмей ме?*

— Ол дұрыс емес. Олай болған күнде прокуратураның бақылауы, қадағалау дәрежесіне нұқсан

келеді. Біз бәріміз де заңға бағынуға тиістіміз. Ал прокурордың негізгі ұстанары — заң. Тек қана заң. Бұрмалаушылықтың өзі сол заңды бұрмалаудан туындайды. Бұл тұрғыда прокурор тергеу жөнінде де, сот жөнінде де әділетті болуы керек. Егер тергеуші қылмысқа тартылған адамды заңсыз босатып жатса, прокурор істі бұзып, қайтадан жауапқа тартуы тиіс.

Менің ойымша, Мемлекеттік тергеу комитетінің төрағасы Жармахан Айтбайұлы Тұякбаевтың да, Бас прокурорлық лауазымға келіп отырған менің де бұл тұрғыдағы түсінігіміз бірдей деп білемін. Ол кісінің де заңдылық тұрғысында көп жұмыс атқарғандығы белгілі. Тергеуді сондай азаматтың басқарып отырғандығының өзі тек қана заңдылықтың салтанат құруына, күшеюіне сеп болады деп ойлаймын.

— Мақсұт Сұлтанұлы, Мемлекеттік тергеу комитетінің құрылуына байланысты прокуратура мен Ішкі істер министрлігіндегі білікті кадрлардың бәрі енді тергеу комитетіне қарай ойысып жүрмес пе екен? Солай болған күнде оның прокуратураға салқынын тигізуі мүмкін ғой?

— Біз бұл салада жұмыс жасап жатырмыз. Негізінен беріліп отырған кадр емес, штат қой. Штат ғана... Маған жеткен ақпарат бойынша тергеушілердің көбі прокуратурадан қол үзгісі келмейтін тәрізді... Сірә, осы жүйеге үйренісіп, қалыптасып қалғаннан болар. Жалпы, ешкімге зорлық жасалмайды. Бару, бармау өркімнің өз еркі. Оның үстіне бізден бөлінетін штаттың өзі шамалы-ақ қой. Ал ішкі істер органдарындағылар түгелдей Мемлекеттік тергеу комитетіне өтетініне күмәніміз жоқ.

— Бас прокуратура тарапынан жүргізіліп жатқан көпшілікке белгілі “шулы” істердің соңғы нүктесін қоятын мезгіл созылып барады. Ендігі жерде бұл істер екі мекеменің ортасында аяқсыз қалып қоймай ма?

— Аяқсыз қалмайды. Біріншіден, дәл қазір МТК-де ол жұмысты жүргізіп жатқан ешкім жоқ. Ол істер біздің Бас прокуратурада. Оны жүргізіп жатқан ар-

найы бөлім бар. Сол бөлімді біз тергеу комитетіне береміз. МТК жұмысқа кірісу үшін әуелі арнайы ереже қабылдануы керек. Сосын барып іс соларға өтеді. Бірақ комитет оның тергеуін аяқтаған күннің өзінде іс сотқа біз арқылы өтеді. Ол прокуратура назарынан тыс қалмайды.

— *Мақсұт Сұлтанұлы, жаңа лауазым иесі ретінде ұстанар бағытыңызды, қолға алар істеріңізді, прокуратураның алдағы көрінер деңгейін білсек?*

— Бұл салада осы қызметке келген бойда біршама жұмысты қолға алдым. Қай салада да істің жемісті болуы кадрға байланысты ғой. Сондықтан біздің Бас прокуратурада біраз өзгерістер болды. Бұрын Бас прокурордың алты орынбасары болатын. Қазір оның екеуі қысқарып, төрт орынбасар қалды. Мен ұстанған бағытта жұмыс жүргізу үшін төрт орынбасар маған жеткілікті деп есептеймін.

Тергеу оперативтік жұмыс саласында заңдылықты қадағалау Бас басқармасын құрдық. Оны менің орынбасарларымның бірі Ғ.Өтебаев басқарады. Екінші сала — кадр, қаржы және шаруашылық Бас басқармасы деп аталады. Ол — Б. Сембиннің басшылығында. Үшінші, І.Бақтыбаев басқаратын жалпы қадағалау Бас басқармасы. Ал енді сот саласындағы қадағалауды, өзге де салалар бойынша жұмыстарды бірінші орынбасарым А. Константинов атқарады.

Енді қолға алар шаруалар жетерлік. Жаңа айттым ғой, әуелі кадр мәселесіне жете мән беру қажет. Облыс прокурорлары жұмыстарына сын көзбен қараулары керек. Өз орнына лайықты ма, жоқ па, оны да қаперде ұстаған жөн. Бәлкім, біразының орнын ауыстыруға тура келер. Жалпы, бұл мәселе екі-үш ай кәлемінде шешімін табады.

Біз ұстанған жаңа бағытымызға байланысты азаматтардың құқығының бұзылмауына, ауылшаруашылық саласында заңдылықтың сақталуына баса назар аударамыз. Әсіресе, кәсіпкерлер құқығының аяқас-

ты болуына жол бермейміз. Соған ден қоямыз. Азаматтар прокуратурамен байланысын үзбей өздерінің хабарларын жеткізіп, мынандай заң бұзушылыққа жол берілуде деп дабыл қағып жатса, олардың құқығының сақталуы, заңдылықтың орындалуы кемелдене түсері анық.

— *Өңгімеңізге рахмет. Сізге “Егемен Қазақстан” газетінің мыңдаған оқырмандары атынан жаңа қызметіңізге табыс тілейміз.*

— Рахмет.

АТА ЗАҢНЫҢ АЯСЫНДА

ПРОКУРАТУРАДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР, ЖАҢА БАҒЫТ ТУРАЛЫ..

— *Мақсұт Сұлтанұлы, ең алдымен “Жас алаш” газетінің 70 мыңдай оқырмандары атынан осынау күрделі өрі жауапты қызметіңізбен құттықтауға рұқсат етіңіз. Бас прокурорлыққа келгеннен бергі екі айға жуық уақыт қандай-қандай шараларға негіз болды? Жаңа Конституциямызға сәйкес жаңа прокуратура қандай болуы керек деп ойлайсыз?*

— Расында да, бұл қызметке келгеніме де екі айға жақындапты. Аз уақыт ішінде Прокуратураның жаңа Конституцияға байланысты ішкі құрылымын бағдарлауды мақсат еттім. Алғашқы кезеңді кадр мәселесінен бастадым. Бұл тұрғыда біраз шаралар істелді. Біріншіден, бұрын Бас прокурордың алты орынбасары болса, қазір 4 орынбасар қалды.

Екіншіден, әр орынбасарға белгілі бір басқарма бастығы міндетін қоса жүктеп отырмыз. Мұндағы ойым — орынбасарларым тек шенеунік ретінде қалып қоймай, өз қарамағындағы басқармаға тіке басшылық жасайды, бүкіл жұмыстарды, құжаттарды өздері қадағалап, сүзгіден өткізеді. Бірінші орынбасарым — Анатолий Васильевич Константинов белгілі

заңгерлердің бірі. Оған сот жүйесіндегі заңдылықты қадағалау міндеті тапсырылды. Екінші орынбасарым — Болат Әжақайұлы Сембин кадр, қаражат және шаруашылық жөніндегі Бас Басқарманы басқарады. Орынбасарлардың үшіншісі — жалпы қадағалау Бас басқармасына жауапты. Яғни мемлекетіміздегі қай құрылым болсын, заңдылықты дұрыс сақтап жүр ме, әлде бұрыс бағытта ма, осы жағын қадағалайды. Оның басшылығына Ілияс Жақыпбекұлы Бақтыбаев кірісті. Төртінші орынбасарым — Фарифолла Құрманғазыұлы Өтебаев тергеу саласындағы қадағалау Бас басқармасының бастығы. Аты аталған азаматтардың бәрі де маған дейін де осында Бас прокурордың орынбасары қызметінде болған білікті заңгер-мамандар. Міне, басшылықтағы өзгерістер осындай.

Прокуратураның жаңа бағытына байланысты біз жаңа бөлімшелер мен басқармалар құрып отырмыз. Мәселен, жалпы қадағалау Бас басқармасында жасөспірімдер және әлеуметтік жағынан әлсіз азаматтар жөніндегі заңдылықты қорғау Бас басқармасы құрылды. Қазір зейнетақы, еңбекақы мәселесі бар, осылардың бәрі қиын жағдайда екені белгілі. Осы тұрғыда біз республика көлемінде біраз тексерулер жүргіздік. Сол тексеру барысында кейбір облыстарда зейнетақы қорына келіп түскен қаржыны басқа мақсатқа пайдалану әрекеттері ашылды. Бұл фактілер жөнінде мен Үкімет басшысының атына арнайы құжат әзірлеп жатырмын, заңдылықты бұзған лауазым иелерін жауапқа тарту мәселесін қоямын. Байқадыңыз ба, қазір “салықты дұрыс төлемегендіктен зейнетақы қорында ақша жоқ” деген өңгімелер көп айтылады. Бәрі бекер. Тексеру көрсеткендей, зейнетақы қорында қаржы бар, өрине аздап жетпеуі мүмкін, мөлшері аз болуы мүмкін. Бірақ негізінен зейнеткерлерге уақтылы төлейтін қаржы болғандығын айғақтайтын, алайда кейбір облыстарда соны басқа бақытқа пайдаланған деректер ашылуда. Ал, зейнеткерлеріміз 3-4 айлап тиісті зейнетақыларын ала

алмайды. Әрине, бұл заңды өрескел бұзушылық. Бұған көз жұма қарауға болмайды. Меніңше, тағы бір ерекше назар аударатын жайт — ауыл шаруашылығындағы заңдылықтың дұрыс сақталмай жүргендігі. Осы ретте, мәселен, Алматы облысының кейбір ауылдарынан біздің қарияларымыз күнкөріс қамымен есік-терезелерін шегелеп, туған-туысқан іздеп, басқа ауылдарға немесе астанаға көшіп кеткендігі туралы деректер бар.

Ауыл шаруашылығын жекешелендіруді алайық. Президентіміз ауыл шаруашылығын жекешелендіруді тездету хақында бұрыннан мәселе қойып жүрсе де, ол 2-3 жылға созылып, енді бір жерлерде жедел түрде бір совхозды іштей онға бөліп, жекешелендіріп жатқандығы белгілі. Басшылар көп, ал сол ауыл азаматтарына жұмыс тауып беру, еңбекақысын төлеу ешқайсысының “қолынан келмейді”. Міне, осы саланы қадағалап, заңсыздыққа жол бермеу үшін біз арнайы басқарма аштық. Жалпы қадағалау бас басқармасының құрамында Ауыл шаруашылығы саласындағы заңдылықты қадағалау басқармасы құрылды. Бұл қажеттілік деп есептеймін.

Енді кәсіпкерлерді алайық. Олардың жұмысына жергілікті жерлердегі лауазым иелері де, тіпті құқық қорғау органдарының қызметкерлері де аяқтан шалып, кедергі жасайтыны жөнінде деректер бар. Соған орай мен облыс прокурорларына тапсырма бердім. Шағын бизнестегі кәсіпкерлердің құқықтарын бұзушылық бар ма, болса ол неге бұзылады? Біреу қалар, біреу қаламас, бірақ біз нағыз нарықтық экономикаға бет бұрған мемлекет екендігіміз анық қой. Олай болса, сол нарыққа қатысып жүрген азаматтардың, әрине, егер іс-әрекеттеріне заң тұрғысында дұрыс баға беріліп жатса, ешкім кедергі жасамауы тиіс. Заңды құрметтеген кәсіпкерге прокуратура органдары болсын, басқа заң органдары болсын, оларға көмектесу жағын қарастырғаны абзал. Қазір қалай? Салықты былай қойғанда, басқа да алым-салымдармен олар-

дың аяғын тұсап, кәсіпкерлігімен емін-еркін шұғылдануына мүмкіндік бермейтін деректер жеткілікті. Біз қолға алып жатқан жаңа бағыттың бірі осы сала.

Жер байлығымызды, басқа да бағалы қорларымызды сақтап қалу бағытында да прокуратура органдарының еңбегі зор. Менің алдымдағы Бас прокурор Ж.Тұяқбаевтың парламент тұрғысынан да, үкімет алдында да, жасаған көптеген баяндамаларынан, берген деректерінен оны айқын аңғаруға болады. Бұл бағыт бұдан былай да қатаң қадағалауда болады. Ел байлығын талан-таражға салушылар да, соған ұмтылатындар да аз емес. Ашығы керек, бір саяси жүйеден екінші бір жүйеге ауысу барысында, мемлекет жаңадан қалыптаса бастағанда ондайларға жеңілдікті мүмкіндіктер пайда болатыны даусыз. Біздің заңымыздың, оның орындалуын қадағалаудың кемшіліктерін пайдаланғысы келеді олар. Мұндай заң бұзушылықтарға жол бермеу біздің басты міндетіміз.

— Олай болса заңдардың орындалуына ең жоғарғы бақылау-қадағалауды жүзеге асыратын орган ретінде біздің қоғамымыздағы реформалардың дамуына Прокуратура қалай және қандай дәрежеде ықпал етеді? Жалпы, Прокуратура органдары қызметкерлерінің бүгінгі кезектегі міндеттерін қандай бағыттарға жүйелер едіңіз?

— Біріншіден, біздің Ата Заңымыз болсын, мейлі, басқа да заңдар болсын мейлі, бәрі де дүние жүзіндегі демократиялық тұрғыдағы талаптарға сай жасалған Заңдар деп есептеймін. Бұл менің ғана пікірім емес, қазір жаңа Конституциямызға, республика заңдарына беріліп жатқан өлемдік баға осындай. Ал, нағыз демократиялық ел болу үшін қандай мемлекет болсын, өзінің негізгі заңын және негізгі заң аясында қабылданған басқа заңдарды мүлтіксіз орындау қажет. Демократия дегеніміз осы. Өйткені, біздің Конституциямызда өздеріңіз де білесіздер, адамға деген құқықтың барлығы бар. Яғни мемлекетіміз Ата

Заңды қабылдау арқылы, адамға қажетті құқықтарды Конституцияға енгізу арқылы, адам құқығын Конституциялық тұрғыда сақтауды міндеттейді. Ал, басқа заңдардың бәрі Ата Заңнан бастау алғандықтан да, ең алдымен, адам құқығын қорғауға бағытталған. Бұл орайда Конституциямыздың 83-бабында Прокуратура органдарына мынандай міндеттер жүктелген: “Прокуратура мемлекет атынан республиканың аумағында Заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті Жарлықтарының және өзге де нормативтік-құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел іздестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады. Заңдылықтың кез-келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады. Сондай-ақ, республика Конституциясы және Заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіреді”. Міне, мұны бағамдап көріңіз, қазіргі прокуратура қызметі бұрынғыға қарағанда әлдеқайда жоғары екенін байқау қиын емес. 83-бапқа сүйенсек, тіпті Президентіміз қол қойған Заңның бір тармағынан, немесе түгел дерлігінен Прокурор Конституцияға сәйкессіздікті тауып, соған көз жеткізсе, онда ол сол заңға парламент алдында наразылығын білдіре алады. Ал, парламент оны қарап, заңды түзету жағын қарайды немесе күшін жоюды қарастырады. Бұған дейін мұндай наразылықтарды Конституциялық сот қарайтын. Қазіргі Конституциялық Кеңесте ол міндет жоқ. Кеңестің заң жүзіндегі негізгі міндеті парламент қабылдаған заңға Президент қол қоярдың алдында сол заңның Конституциялық сәйкестілігін тексереді. Ал, Президент қол қойған Заңда Конституциялық сәйкессіздік болса ше? Онда прокурор өз міндетіне кіріседі. Қазір дайындалып жатқан Прокуратура туралы жаңа Заңда осы мәселеге ерекше назар аударылған.

ПРОКУРАТУРА, ТЕРГЕУ КОМИТЕТІ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚУДАЛАУ ТУРАЛЫ...

— Қазір қоғамымыздың әр күні үрдіс өзгеріске, маңызды қадамдарға толы. Сондай тың жаңалықтың бірі — Президентіміздің Жарлығымен Мемлекеттік тергеу комитетінің құрылуы екені даусыз. “Құқық тәртібі” жедел алдын алу шарасымен үндес бұл қадамның өзі қылмысты ауыздықтау, заңсыздыққа тосқауыл қою бағыттарында нәтижелі өзгерістерге өкелері сөзсіз. Осы ретте мына мәселеде айқындық керек сияқты: ендігі жерде прокуратура мен тергеу комитетінің арасындағы қарым-қатынас деңгейі, шұғылданар шаруа шекарасы қандай болмақ? Екі органның ортақ қызметі және бір-бірінен жұмыс айырмашылығы туралы айқындамаға түсініктеме берсеңіз...

— Жақсы сұрақ. Жалпы, прокуратурадан, ішкі істер органдарынан Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінен де осы тергеуді бөліп алу мәселесі осыдан 20 жыл бұрын көтерілген еді. Прокуратура қызметкерлері бұған дейін, жаңа Конституция қабылданғанша, тергеуді прокуратурадан бөлуге қарсы болып келді. Өйткені, қалыптасып қалған дүние ғой. Тергеу кетсе прокуратура өлсіреп, қолынан ештеңе келмей қалатындай көрінеді. Әрине, бүкіл өмірі прокуратурамен тығыз байланысты адамдар үшін бұл өте қиын мәселеге айналғаны шындық. Жаңа Конституция бойынша тергеу прокуратурадан да, ішкі істер органдарынан да бөлініп алынды. Осы құбылыс прокуратураны өлсірете ме? Меніңше, жоқ! Қайта, қадағалау мәселесінде оның мүмкіндігін кеңейтіп, қолын босатып отыр. Сан жағынан алғанда прокуратура мен тергеудегі мөлшердің шамасы іс жүргізуде 10-12 пайыз ғана. Құндылығына келетін болсақ, прокуратура жүргізетін іс — өте ауыр қылмыстар, мемлекеттік деңгейдегі қылмыстар, кісі өлтіру, зорлық қылмыстары. Ал істі жүргізіп, істі қадағалау қиын екені рас. Өзің жүргізетін істі өзің қалайша

қадағаламақсың? Онда әділеттіліктен гөрі әділетсіздікке бой ұру тез ғой. Өйткені, тергеуші адамды айыптау кезінде жеке пікірі қалыптасады да, одан психологиялық тұрғыда арылуы қиын болады. Ал сол тергеушіні басқарып отырған прокурор да өз тергеушісінің пікірімен санасатыны сөзсіз. Деңгейі, сапасы төмен істер осыдан барып шығады. Сотқа барған істер қайта тергеуге жіберіліп жататыны, айыпталған адамдардың артынша ақталып шығатыны да осының салдары. Ал, қазіргі жағдайда прокуратура тек қана заңдылықты қадағалайтын орган ретінде жұмыс істейді, өйткені тергеумен де, сотпен де оның ешқандай байланысы болмайды. Егер тергеу саласында бір адам заңсыз жауапқа тартылып жатса, прокурор сол заңсыз жауапқа тартылған адамның заңды түрде босатылуына күш салады. Ал, егер де тергеу орындарында бір адам заңсыз жауапқа тартылмай жатса, қылмыс жасағаны дәлелденгенмен, жауапкершіліктен құтылып жатса, прокурордың міндеті сол адамды заңдылық орнына келтіріп, жауапқа тарту. Көрдіңіз бе, прокурор бұрын айыптаушы ретінде болса, қазіргі прокурордың рөлі бөлек. Әрине, бұл жерде тергеу заңдылығын қадағалау жүйесі керек. Ол рас. Қазіргі қолданылып жүрген Заңға байланысты, тергеудің біткен ісін сотқа тек қана прокурор хатпен жібереді. Біз прокурорды міндеттеу үшін, оның жауапкершілігін көтеру үшін осындай қадам жасадық. Бүгінде сотқа беру институты бар. Мысалы, сотқа прокурордан іс келіп түседі. Судья үш-бес күн ішінде, ол істің көлеміне байланысты, айыпталушыны сотқа беруге бола ма, жоқ па деген мәселені шешеді. Осы міндетті, меніңше, прокурорға беру қажет сияқты. Өйткені, тергеуде біткен істі сотқа жіберу алдында сол міндетті прокурорға беретін болсақ, оның жауапкершілігі артады. Себебі оның іспен толық танысуға мүмкіндігі бар. Қаулы шығару арқылы сотқа бере алады. Ал, істе шалағайлықтар байқалса, прокурор істі қайта тексеруге жат-

қызады. Егер іс заңдылық тұрғысында өділ жүргізілгеніне көзі жетсе прокурор қаулы шығарып, оны сотқа жібереді. Бұл бұрын соттың құзырындағы міндет еді. Судьялар тарапынан формализмге жол берілетін. Себебі, судьяның іспен толық, түгел танысуға уақыты аз. Сот процесі тағы бар. “Істі сот процесі кезінде оқып үлгеремін” деп сенеді. Қайдан үлгерсін? Мен өзім де 7 жылдай аудандық судья болып жұмыс істедім. Дайын бланктер бар. Судья оған “тергеу материалдары толық, айып жеткілікті, сотқа беруге болады” деп толтырып, қол қояды. Іспен мұқият таныспайды. Сотқа келгенде, тергеу кемшіліктері тайға таңба басқандай боп көрінеді де, абыр-дабыр басталады. Іс сотқа беріліп қойды ғой, егер қайта тергеуге жіберсе судья өзі айыпталады. Тіпті психологиялық тұрғыда ауыр емес пе! Сонымен, аласапыранда іс қайта тергеуге ұйғарылады, процессуалдық уақыт бұзылады, демек заңсыздыққа жол беріледі. Сотта тағдырының шешілуі кешіккен адамдар айлап, жылдап түрмеде отырады. Егер бұл міндет прокуратура құзырына өтсе, кемшіліктерге жол берілмейтіні сөзсіз. Біріншіден, тергеу қателіктерін прокурор қадағалап, тексереді, екіншіден, сотқа таза, заңдылық сақталған істер жіберілетін болады.

Бұл екі жаққа да пайдалы. Тергеу саласына келсек, ол Прокуратураға бағынбайды, өзімен-өзі. Ішкі істер органдарына да бағынбайды. Комитет төрағасы тек Президентке бағынышты Үкіметтен де тыс. Демек, тергеуді ешкімге жалтақтамастан дербес жүргізуге толық мүмкіндік берілген. Менің түсінігімше, бұл үлкен жетістік.

— *Ата Заңымызда Прокуратура қылмыстық қудалау жүргізетіні жазылған. Онда сондай—ақ тергеу прокуратурадан бөлек болатындығы туралы да анықтама бар. Олай болса тергеушілері болмаған жағдайда қылмыстық қудалауды Прокуратура қалайша жүзеге асырады?*

— Иә, жаңа Конституцияда прокурорға мұндай құқық берілген. Бірақ, қылмыстық қудалау деген жалпы түсінік. Оны тек қана тергеу жүргізу деп түсінуге болмайды. Мысалы, қылмыстық қудалаудың элементтері: бірінші, қылмыстық іс қозғау құқығы, екінші, қамауға алу үшін прокурор санкциясы, үшінші, заңдылықты қадағалау құқығы, төртінші, жедел тексеру деген түсінік бар ғой. Оны астыртын ақпарат дейді. Тергеу комитетінде де, мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде де бұл маңызды жұмыс. Тіпті арнайы заң да бар. Мәселен, телефон тыңдау, почтаны, құжаттарды астыртын тексеру. Бірақ мұның өзі қазіргі Заңға сәйкес тек Прокурор санкциясымен жасалуы керек. Біз Прокуратура туралы жаңа Заңға осыған байланысты біраз өзгерістер енгізіп отырмыз. Мысалы, Конституцияда былай делінген: “Прокуратура сотта мемлекет мүддесін білдіреді. Сондай-ақ ЗАҢМЕН белгіленген жағдайда тәртіпке және шепте қылмыстық қуғындауды жүзеге асырады”. Көрдiңiз бе? Біріншіден прокуратурада жана өзім айтып кеткен қылмыстық қудалалаудың элементтері бар, олар сақталады. Екіншіден, бұл ұсыныс өте ме, өтпей ме, қабылдана ма, жоқ па, бізде мынандай да бір пікір бар: прокуратура қызметкерлері, судьялар, тергеушілер жасаған қылмыстарды тексеруді прокуратура құзырында қалдырған дұрыс болар еді. Ондайлар көп емес, бірақ кездесіп қалатыны рас. Оны тергеуші жүргізбесін, прокуратурада тергеуші болмауы тиіс. Бұл адамдардың дәрежесі, мәртебесі ерекше болғандықтан оларды прокуратура жүйесіндегі арнайы прокурорлар жүргізсе деген көзқарас бар. Бұл заңдылықтың сақталуына негіз берер еді. Егер ұсыныс өтіп жатса, Конституциядағы аталмыш баптың толыққанды жүзеге асқаны. Егер тергеу жүргізуден мүлдем аластатылсақ, оған да келісуге болады, өйткені қылмыстық қадағалау элементтері бәрібір прокуратурада қалады. Бұл элементтерсіз қадағалау міндеті дәрменсіздікке ұрындырады.

ЖАҢА ЗАҢ, “ЖОҒАРҒЫ ЖҮРИ”, “ӘДІЛЕТ ЖҮЙЕСІ” ТУРАЛЫ...

— Мақсұт Сұлтанұлы, жалпы, Прокуратура туралы Жаңа Заң өзірлене ме және онымен кім айналысуда? Ол Заң қашан қабылданады?

— Заң жобасы дайын. Оны Әділет министрлігі мен Бас прокуратура өзірледі. Негізгі жүк Әділет министрлігінде, біз көмекшіміз. Соңғы келісу, айқындау мәселелері ғана қалды. Одан соң Президентке ұсынамыз. Егер Елбасы құптаса, Прокуратура туралы жаңа Заң бір-екі жетіде қабылданып қалар...

— Осыған байланысты және бір сұрақтың реті келіп тұр. Салыстырмалы түрде қарасақ, менің түсінігімше, Тергеу комитеті АҚШ-тың ФБР мекемесінің үлгісімен, ал, Ата Заң негізінен Франция мемлекеті Конституциясының үлгісімен үндес сияқты. Сонда қолданылымдағы қазіргі Прокуратура туралы Заңда қандай елдердің тәжірибелері ескерілген?

— Шынында да біздің Конституциямыз негізінен Францияның Конституциясының үлгісінде жасалған. Бірақ олардан көшіріп алды деген ұғым болмау керек. Ата Заңымызда АҚШ, Германия, Италия елдері Конституцияларының элементтері бар. Тергеу комитеті түгел дерлік ФБР-дің көшірмесі деуге тағы болмайды. АҚШ көп штатты мемлекет. Әр штаттың өз Заңы бар. Сонымен қатар барлық штаттар үшін бірдей қабылдануға міндетті Заңдар бар. Біріншісі — АҚШ Конституциясы, екіншісі Федералдық заң. ФБР осы федералдық заңдардың қолданылуы мен оны бұзушылықты қадағалап, тексеретін орган. Ал, біздің тергеу комитетінің құрылымы оған мүлдем ұқсамайды. Ол мемлекетіміздегі бүкіл заңдарды бұзушылықтарды, қылмыстарды тексеру, тергеу мақсатын көздейді. Бұл үлкен ерекшелік. АҚШ-тан алғымыз келіп отырған бір тәжірибе — айыпталушыны сотқа беру құқығын прокуратураға беру идеясы. Бірақ АҚШ-та прокурор

емес, “Жоғарғы жюри” деп аталатын комиссия санкция береді. Прокурор басқарады, құрамында бірқатар заңгерлері болады. Өзара келісе отырып, істі не сотқа, не қайта тергеуге жібереді. Мен осыдан бір-екі жыл бұрын АҚШ-қа барып, 25 күн бойы осы құрылымды зерделеумен айналыстым. Бір байқағаным, Америкада “Жоғарғы жюри” болса, басқа бүкіл дүние жүзінде істі де, айыптаушыны да сотқа беретін прокуратура органдары екен. Бірақ бізге комиссия жинаудың қажеті жоқ, бұл міндет прокурорға жүктелсе құба-құп.

— *Прокуратура органдарының мемлекеттік және мемлекетаралық қызметтерінің анықтамасына нақтырақ тоқталсаңыз...*

— Прокуратура Президент қарамағындағы жеке қадағалау органы. Ешбір билікке кірмейді, Конституция бойынша сот билігіне енгенімен, оған бағынышты емес. Неге сот билігінің құрамына енгізілген? “Әділет жүйесі” деген түсінік бар. Осы түсінік ТМД көлемінде көп қолданылмай келеді. “Әділет жүйесі” егер пирамида десек, оның төбесінде сот билігі отыр, ал сол сотқа ішкі істер органдарының, тергеу комитетінің, прокуратураның, МҚК-нің материалдарының бәрі келіп түсуі керек, түпкі билікті айтамын — сот. Ал мемлекеттегі бүкіл биліктің заңдылығын қадағалау прокуратураға берілуі керек. Бұл жөнінде Негізгі Заңда да мынадай нақты айқындалып берілген: “Прокуратура өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және Республика Президентіне ғана есеп береді”.

АТУ ЖАЗАСЫ ТУРАЛЫ...

— *Қазір ату жазасын қалдыру немесе ұзақ жылға қамауға ұстау жазасымен ауыстыру қажеттігі жөнінде айтыс көп. Бұған Бас прокурордың көзқарасы қандай?*

— Мен осы ату жазасы туралы мәселеге Бас прокурор да, тіпті Жоғарғы сот төрағасының бірінші орынбасары да болмай тұрып баспасөз “айтысына” қатысқаным бар. Ату жазасын сақтап қалуды дәлелдеп шыққанмын да. Әрине, оны жою жөнінде қазір Президенттің атына да, менің атыма да келіп жатқан өтініштер мен ұсыныстар, пікірлер көп. Олардың арасында АҚШ-тың Адам құқығын қорғау ұйымдары да бар. Сол Американың 50 штатының үш штатында ғана ату жазасы жойылған. Қалғандарында өлі де ату жазасы сақталып келеді. Басқа мемлекеттерде де солай...

Өзімізге келсек, заңгерлеріміздің 40 пайыздайы ату жазасын жоюды қаласа, 60 пайызы сақтауды қолдайды. Менің ойымша да ол керек. Тек қолдану аясын, шеңберін азайтқан жөн. Оны мемлекеттік қылмыс жасағандарға, ауыр қылмысқа барғандарға қолдану жөн. Сосын адам өміріне қандай да бір қастандық жасаған қылмыскерлерге де осы үкім әбден лайық деп ойлаймын. Қазір кісі өлтіру деген өте көп. Мына деректерге назар аударыңызшы: егер 1993 жылы ату жазасына мемлекетімізде 55 адам сотталса, 1994 жылы 107 адам кесілді, ал 1995 жылдың тек алғашқы жарты жылдығында 80-ге жуық адам ату жазасын алды. Жоғарғы сотта қызмет істегенімде ату жазасына кесілген адамдардың ісін коллегияда өзім қарайтын едім. Қылмыстары өте ауыр. Төрттен, бестен, алтыдан кісі өлтіргендер... Қалай өлім жазасына кеспейсің? Адам өмірі ойыншыққа айналып кетті. Басқа адамның өмірін, құқығын қорлап, негізгі Заңымызды аяққа таптаған қылмыскерді ату жазасына кессек, ол сол қылмыскердің құқығына балта шабу емес, қайта әділетті заңдылықты қорғау болып табылмай ма? Чикотиланы алайық. Ондай істердің бізде де талайы бар. Жақында ғана Жамбылда бір бандылар тобы ұсталды. Олардың өлтірген адамдарын санамаласаң, сұмдық қатыгездік ізі сайрап жатыр. Ондайларға қанішерлігі үшін, тағы да адам өлтіруі үшін жеңілдік жасауымыз керек пе? Меніңше, тағы айтамын, ату жазасы сақталуы керек, тек шектеуге болады.

ЕЛ АҒАСЫНЫҢ ОН СЫРЫ

1. *Адам бойындағы қандай қасиеттерді бағалайсыз?*

Өзара қарым-қатынаста — кіршіксіз тазалық болуын...

Оның ішінде:

Ерлерде: “Айтқан сөзі — атылған оқ” болса,

Әйелдерде: Әдемілік, инабаттылық

2. *Бақытты адам болу дегенді қалай түсінесіз?*

Атқарған еңбегінен еліне, жанұясына жақсылық тиіп жатса.

3. *Сіз ұстанар өмірлік қағида?*

Бабалардың өруағына құлдық ету, қолдан келгенше кімге болса да жақсылық жасау.

4. *Жұмыстан бос уақытта айналысар кәсібіңіз?*

Балаларыммен суда жүзу, тау шаңғысымен шұғылдану, атқа шабу.

5. *Сіздің сүйікті*

ақындарыңыз: Мұқағали Мақатаев, Сөкен Иманасов, Абай, Сергей Есенин, Расул Гамзатов.

Жазушыларыңыз: Тургенев, Шыңғыс Айтматов, Ілияс Есенберлин, Ғабит Мүсірепов, Роллан Сейсенбаев.

Кейіпкеріңіз: Шыңғыс хан.

Гүліңіз: дала қызғалдағы.

Бояуыңыз: жасыл.

Тамағыңыз: тұшпара.

Сусыныңыз: айран.

6. *Қазақ есімдерінің қайсысы жаныңызға жақын?*

Талғат, Қанат, Асхат, Жібек, Ләззәт, Әйгерім, Құралай, Ботагөз, Қасиет, Дархан, Думан.

7. Мақал-мәтелдердің, қанатты сөздердің арасында жиі қолданатындарыңыз?

“Таудай биік адам атты болсаң да,
Биікпін деп айтпа балам халқыңнан”.

8. Сіздің тұрмыстық /бір апта ішіндегі/ күн тәртібіңіз?

Күніне 13-14 сағат қызметте болып, сенбі күні сағат 16-ға дейін жұмыс орнымнан табылу.

9. Ұлттық басылымдардың бәрін қоса саралағанда шолуды қайсысынан бастар едіңіз /реттік жүйемен оқығанда/?

I. “Егемен Қазақстан”

II. “Жас алаш”

III. “Халық Кеңесі”

10. Қай жерде демалғанды ұнатасыз?: үйде аптаның соңында: /сенбі, жексенбі күндері/ тауда жұмыстан кейін: үйде еңбек демалысын алғанда: санаторийлардың бірінде немесе Алакөлде.

БАС ПРОКУРАТУРА, БАСПАСӨЗ, ХАЛЫҚ ТУРАЛЫ...

— **Адамдардың, жалпы, халықтың арыз-шағымдарын, өтініштерін қараудың тәртібі мен жүйесі және қабылданған шаралардың нәти-желілігі қандай?**

— Азаматтардың өтініштерін, арыз-шағымдарын қарау, қабылдау тәртібі жөнінде Президентіміздің арнайы қаулысы шыққан. Прокуратурадағы арыз-шағымдарды қабылдау, қарау ісі үлкен жауапкершілікті талап ететін жұмыс деп есептеймін. Осыған байланысты арнайы бөліміміз бар. Олар хаттарды тіркеуге алады, мазмұнына қарай, облыстық деңгейде шешілетін мәселелерді облыстық прокурату-

раға жібереді, Бас прокурордың қарауы қажет деген дүниелерді маған ұсынады. Азаматтарды қабылдау тәртібі де қатаң сақталады. Мен өзім жетісіне бір рет, дүйсенбіде сағат 14-30-дан бастап азаматтарды қабылдау жүргіземін. Әр орынбасарымның, басқарма басшыларының өз күндері бар. Арызды қарау мерзімі, қазіргі белгіленген тәртіп бойынша — 1 ай. Осы уақыт ішінде шағым иесіне жауап беріліп, оның мәселесі тиісті шешімін табуы тиіс. Жақында өткен мәжілісімізде шағымға жауап беру уақыты бұзылып жүргендігі туралы мәселе көтерілді. Анықтап көрсек, оған себеп — көбіне-көп почта жүйесінің, байланыстың нашарлығынан, қаражаттың жетіспеуінен екен. Өйткені белгілі бір істі қарау үшін облыстардан дерек алдыру қажет, сұрау кеш жетеді, жауап кеш келеді. Соған орай бір айлық мерзім бұзылып жатады, ал жалпы, арыз қарау мәселесінде кемістік жоқ.

— Бұл еңгімеміз және бір сауалға түрткі болып отыр. Бас прокуратура. Баспасөз. Халық. Қоғамыздағы осы үш тоғыстың өзара байланысын ажыратып алмаудың критерийі неде деп ойлайсыз?

— Мен баспасөзбен мемлекеттегі бүкіл құрылымдар, билік органдары тығыз байланыс орнықтырғаны жөн дер едім. Президентіміздің өзі баспасөзге үлкен мән береді. Оның әр қадамы, әр сөзі халыққа жетіп жатады. Өйткені, баспасөз — халықтың үні ғой.

Жалпы, прокуратура жұмысы Конституцияға сәйкес ашық болуы керек. Біз жаңа Заңымызда прокурордың шешімі баспасөзде жариялануы қажет деген тұжырым жасадық. Мысалы, Үкімет басшысына, сот билігіне, облыс әкіміне берген прокурор наразылығы газетте жариялануы тиіс. Прокурор наразылығы негізінен заң бұзушылыққа байланысты болады ғой. Демек, оны халық білуі керек. Мемлекет билігі — халықтың қолында дейді Ата Заң. Ал, сол мемлекетті басқаруға жіберген әрбір өкілінің ісқимылын халықтың білуі заңды құбылыс. Баспасөзге мемлекет пен халықты байланыстыратын инсти-

тут ретінде қарау абзал. Мен алғашқы баспасөз конференциясын өткізгенде айтқанмын, халықпен, баспасөзбен байланысымызды нығайту үшін Прокуратураның бұған дейінгі арнайы лауазымдарын толықтырып, арнайы бөлім құру ниетіміз бар.

БОЯМАСЫЗ ӨМІР, ПРЕЗИДЕНТ ТҰЛҒАСЫ, САЯСАТ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА ТУРАЛЫ...

— Мақсұт Сұлтанұлы, Сіз бұған дейін де аса жауапты қызметтерде болдыңыз. Көпшілік қауым тағдырыңызды да жақсы біледі, қайраткерлік тәжірибеңізге де қанық. Бір сауал: Азамат ретінде Сізді дәл қазір не толғандырады?

— Біріншіден, мемлекетіміздің болашағы толғандырады. Ол өлі жас. Естеріңізде ме, Президент осы тұрғыда бірде өресі бар азамат түсінетіндей, аталы сөз айтты: “Менің замандастарымның негізгі мақсаты біздің мемлекетіміздің іргетасын қалау” деді. Біз — сол бұынбыз. Негізгі мақсатымыз мемлекет іргетасын қалау. Ол — ең алдымен Конституциямыз. Ол — парламент туралы, референдум туралы, сайлау туралы, тағысын тағы түрлі заңдар. Іргетас дегеніміз осы. Бұл заңдар дүниежүзілік талапқа қаншалықты сай болса мемлекетіміздің болашағы да сондай дәрежеде болмақ. Әр саладағы азамат сол өз саласының өркендеуіне, нығайуына барынша үлес қосқаны парыз.

Екінші бір толғандыратын нәрсе — қазақ жастарының жай-күйі. Мемлекетіміз — аграрлық ел. Сол аграрияда жүрген 90 пайызға жуық халық — қазақтар, соның ішінде қазақ жастары. Жұмыссыз жүргендердің басым бөлігі де, рәкеттің көпшілігі де — қазақтар. Әрине, жұмыс таппағандықтан бұзақы болды, қылмыс жасауға мәжбүр болды деп тұжырымдаудың өзі ұят. Мәжбүрлік жастарға жараспас. Қазіргі кезде кәсіпкерлікпен шұғылдану үшін де, білім алу үшін де ең алдымен алдыға мақсат қоя білу өнер. Жастары-

мыздың болашағына аландағандықтан да әлгінде өзім айтқандай, прокуратурадан жасөспірімдерге қатысты бөлім құруды қолға алдым.

Үшіншіден — ұлтаралық татулық пен келісімнің баяндылығы. Мемлекет бәрімізге ортақ. Оған деген патриотизм де ортақ болуы керек. Бір ғана мысал. Теледидар арқылы кейде көріп қаламыз. Шетел спортшылары жеңімпаз атанып, өз елінің өнұраны ойналғанда өуенге қосыла кетіп, желбіреген туына мақтанышпен, сүйіспеншілікпен қарап тұрады. Өнұрандарын жатқа біледі. Бұл да тәрбиенің бір түрі... Әлі есімде, алғаш республика күнінің ашылу салтанатында өнұран ойналды. Президентімізден басқа бір адам аузын ашпады, өнұран өуеніне қосылмады. Қатты қиналдым.

Бізге, қазақстандықтар үшін Мемлекет те, Президент те, Өнұран да, Елтаңба да, Ту да ортақ. Американдықтарды қараңыздаршы, олар президенттері десе тік тұрады, тіпті қарсыластары да құрмет тұтады. Ал, біздің өз ұлтымыздың азаматтары Елбасымызды орынсыз сынап-мінеуге құштар. Бұрынғы парламенттегі Президентке деген жөн-жосықсыз айыптау-тартыстар естеріңізде ме, ал, Ақмолаға байланысты айтыстар ше? Әлбетте, кемшіліксіз адам болмайды. Президент те адам. Ол да қателесуі мүмкін. Бірақ сынаудың да жөні, жолы, мәдениеті болады ғой, ағайын! Оны халық сайлады. Президентке құрмет — Халыққа құрмет. Меніңше, тәрбие мемлекетіміздің Президентін, Өнұранын, Туын, Елтаңбасын ұлттық байлықтары — Тілін, Дінін, Жерін және әрбір Азаматын бағалай білуден, құрметтеуден басталуы керек. Тіпті мұны әркімге міндеттеу де қажет-ақ. Бұл тек Қазаққа ғана емес, бүкіл Отандастарға айтар тілек.

Онсыз әлемнің мәдениетті елдері қатарына қосылу мерзімін тым ұзартып аламыз.

— *Қайраткер ретінде Президент саясатын, мемлекетіміздің қазіргі саяси, экономикалық,*

әлеуметтік бағыттарын, қоғамымызда болып жатқан өзгерістерді қалай бағалайсыз?

— Мемлекетіміздің басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың адамгершілік қасиеті, қайраткер ретіндегі білімділігі мен іскерлік қасиеттері еліміздің саяси тұрғыдағы дәрежесін өте жоғары көтеріп тұр. Қазір Қазақстанды әлемнің мойындауы, дүние жүзіндегі алпауыт елдердің біздің жас мемлекетімізбен санасуы, тереземіздің теңесуі — сөз жоқ, үлкен жетістік. Бұл ең алдымен, Президентіміздің еңбегі. Сондықтан да әлем зиялылары оған халықаралық тұлға ретінде қарайды. Байқадыңыз ба, әр сөйлеген сөзінде дүниежүзілік маңызы бар пікір айтып өтеді. Ал, салиқалы, тұшымды ой айту, әлем деңгейінде құнды-құнды пікір айту екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс. Дүниетанымының жоғарылығы, ойлау жүйесінің жан-жақты сауаттылығы, қай салада болсын білікті тұжырымдама жасай білетіндігі, көзқарасының ғылымилығы, саясатқа, экономикаға жүйріктігі, сөзге шешендігі, жалпы, қайраткерлік келбеті Президентіміздің жоғары деңгейін көрсетсе керек. Есіңізде шығар, тікелей Президенттің араласуымен “Алатау” санаторийінің жанында Гольф алаңы ашылған еді ғой. Ал, Гольф ең бай мемлекеттердің, солардың Президенттерінің, ең бай бизнесшілерінің ойыны. Алаңға бізден бір тиын да шыққан жоқ. Жапондықтардың көмегі. Нұрсұлтан Әбішұлы гольфты да, теннисті де уақыттың кеңдігінен, еріккеннен ойнамайды. Спортпен шұғылдану, әлбетте, ең алдымен, денсаулық үшін қажет. Бірақ, ең бастысы, бұл екі ойын түрі де дүние жүзінде мемлекет деңгейінде бағаланатын жоғары мәдениеттіліктің нышандары. Екеуін де жетік меңгеру — Елбасы үшін аса қажет. Өйткені бұлар ең алдымен Президенттер ойындары. Жоғары дәрежелі келісімдердің көбі демей-ақ қояйын, біразы шет елдерде әдетте осындай гольф алаңдарындағы, теннис корттарындағы әңгіме үстінде шешіледі. Мәселен, Клинтонның гольфтағы,

Ельциннің теннистегі шеберліктерімен Назарбаевтың шеберлігі теңесіп, немесе басым түсіп тұрса, бұл да мемлекет үшін абырой ғой!

Міне, ұсақ-түйек көрінетін осындай элементтердің өзін елеп-ескеруі, зерделей білуі, оған демеу беруі Президенттің басқаға үлгі болар үлкен қасиеті дер едім. Мен Президент тұлғасына бекерден-бекер талдау жасап отырған жоқпын. Мемлекетіміздің саяси бағытын қуаттандырудың бір ұшы осы тұлғаның қайраткерлік қасиеттеріне жалғасып жатыр.

Жалпы, Американың, Ресейдің, Қытайдың қолын қойдырып, мемлекетіміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өзі үлкен іскерлік. Сонау Кеңес Одағы кезінен Қытаймен арадағы шекара мәселесі шешілмейтін дау еді ғой. Қазір ше? Қазақстан мен Қытай арасында шекара мәселесі түпкілікті шешілгенінің өзі неге тұрады! Меніңше, бұл жетістікте баға жоқ!

Экономикалық тұрғыда, әрине, Үкімет бағдарламасына сыншы көп. Мен былай дер едім: нарыққа бостандық бермей экономикалық салада табысқа жету өте қиын. Маған салық саясаты ұнамайды. Әлі де тым жоғары. Ең жетіскен, бай мемлекеттердің өзінде салық 12-18 пайыздан аспайды. Ал, бізде ше? Негізгі салық 30 пайызға түскенімен, басқа салықтар қосылған кезде 90 пайызды маңайлайды. Кәсіпкерлер маңдай термен тапқан табысын қалайша бекерден-бекер беріп қойсын? Сөйтіп, қылмысты жолмен, салықты айналып өткісі келеді. Салық төленбей жатқаны да осыдан. Меніңше салық саясатына жаңаша көзқарас болмайынша, бұл салада біз өлі де артта қала береміз.

Экономикадағы іргелі буын — өндіріс ошақтары. Қазір көп зауыт-комбинаттарды шетел фирмаларына сату айналасында дау көп. Бүгінгі жағдайда біз үшін бұдан басқа жол да жоқ. Бұл дүниежүзілік тәжірибе ғой, одан неге қашамыз? Американы алыңыз, онда жапонның корпорациясы, Қытайдың, Корейдің орталықтары, Италия, Франция, тағы басқа да елдердің өндірістері көп. Одан тек пайда алады. Енді жер саяса-

тын алайық. Жерді сатпай нарықты игеру қиын болады. Ал жерді сатып алуға қазекемнің шамасы келмейді, материалдық-экономикалық жағдайы басқаларға қарағанда өлдеқайда төмен. Оның жер сатып алу былай тұрсын, үйін жөндеуге, баласын мектепке апаруға шамасы жоқ. Түбінде жер бәрібір сатылуға тиіс. Жер өзінікі екенін білгеннен кейін қожайын барын салады, жерден неғұрлым көп пайда алуды ойластырады. Тіпті Кенес үкіметі кезінде саяжай салуға тастақ жерді бергеннің өзінде екі жылдан соң сол жерді игеріп көгалдандырып жібергенде танымай да қалатынсың. Себебі жекеменшігі болған соң адам өз дүниесінен ештеңе аямайды ғой. Адам психологиясы осындай емес пе?

Әлеуметтік саланың дамуы экономикалық саясатқа тікелей байланысты. Экономикамыз мықты болса, әлеуметтік тұрмыс та жақсарады. Жоғарыда айттым ғой, тағы да салыққа келіп тіреледі. Тапқан табысының 90 пайызын беруді кім қалайды дейсіз. Салық төлемес үшін қолма-қол ақшамен жұмыс істеп, із жасырады. Нәтижесінде салық саясатының мақсаты ақталмайды. Қаржы тапшылығының бір ұшы осында жатыр. Мұның бәрі түзелетін болса, әлеуметтік саясатта да кенжелемейміз.

Біздің халқымыз алуға үйреніп қалған. Бәрін біреу беру керек. Тағы да сол қазақы психология. Мен биыл Англияда болдым. Марат Бейсенғалиев деген скрипкашымызға қатты сүйсіндім, сонда Лондонның түбінде, қос қабатты коттеджде тұрады екен, астында “Мерседес”. Тек қана скрипач! Ол өзінің интеллектуалдық байлығын бағалай, саудалай білгеніне риза болдым. Одан арланбау керек. Сол қасиеті, интеллектуалдық байлығы кімге керек, соны іздеп таба білу қажет. Ал бізде ол жоқ. Неге шетел актерлары бай, неге шетел спортшылары миллионер? Неге? Өйткені, олар өз дарынын саудалай біледі. Олардың әрқайсысының менеджерлері бар. Менеджер аудитория іздеп өлемді кезеді, өз әншісін, спортшысын саудаға салып кештер, кездесулер, концерт-

тер ұйымдастырады. Біз болсақ “Үкімет өлтірмейді, асырайды” деген ұғымнан өлі күнге дейін арыла алмай келеміз. Әркім өз жолын, өз соқпағын тек жеке өзі іздеп тапсын, сонда ол ізденісінің жемісін татады.

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

1980 жылдан бері ғылыммен айналысады. 1981 және 1984 жылдары екі монографиясы жарық көрген. Тақырыбы: “Жасөспірімдер қылмысымен күрес проблемалары”. Заң саласына бағытталған 30-дан астам ғылыми-тұжырымды мақалалардың авторы. Ауыр қылмыстар себептері, онымен күрес проблемасы туралы кандидаттық диссертациясын қорғауға дайындалуда. Көркем өдебиет саласында да еңбектері бар. “Жазушы” баспасынан шыққан “Неміс жазушыларының повестері” атты жинақтағы екі повестің төржімашы авторы. Жақында ғана өзінің “Тергеуші” атты повесін жазып бітірді. Сазгер. “Жетісу — жерұйығым” және тағы бірқатар әндерінің авторы. Жұмыстан тыс уақытта “Баянда” ұлттық өуендерді жаңғыртуды ұнатады, спорттық хоббиі — теннис, жеңіл атлетика, шаңғы, гольф, атқа шабу.

Үш ұл, үш қызы бар. Жұбайы Мәскеу технологиялық институтын тәмамдаған, былғары бұйымдарының конструктор модельері.

“ЖАС АЛАШ” ГАЗЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ МЕРЕЙТОЙЫ ТУРАЛЫ...

— Дәстүрлі сұрақ. Сізді біздің тілектестеріміз “Жас алаштың” байырғы жанашыры, тұрақты кейіпкері әрі оқырманы ретінде де жақсы біледі. Бүгінде ұлттық баспасөз қарашаңырағының бірі — өзіңіздің “Жас алашыңыз” 75 жылдық мерейтойына қадам басты. Осы-

нау мерейтой қарсаңында ел ағалары санатында жүрген кейіп-керлеріміздің тілегін оқырмандарымызға жеткізсек деп едік...

— “Жас алаш” маған “Лениншіл жас” кезінен бері ыстық. Шыны керек, сонау мектеп қабырғасынан әдебиетке жақын едім. Өлең шығаратынмын. Есениннің біраз өлеңдерін, Тургеневті күні-түні оқитынмын. Мұхтар Әуезовке қайта-қайта үңілуді ұнататынмын. “Лениншіл жасқа” өлеңдерімді жіберген кездерім де болды. Хат та алғанмын. “Жас алаш” ұжымына тілейтінім — оқырман көңілінен шығып, мемлекетіміздің жастар саясатына, жас ұрпақты тәрбиелеуге үлес қоса берулеріне тілектеспін. Адамды адам қылатын, Азамат ететін ең алдымен рухани байлығы. Осы байлықтың зорын жалпақ жұртқа, бәріміздің бойымызға “Жас алаштың” да жеткізіп келгені белгілі, өлі де жеткізе беретіні сөзсіз. Сондықтан да халқымыз бағалайтын басылымнан қол үзгім келмейді. Ал, газеттің 75 жылдық мерейтойы үкіметтік деңгейде атап өтер шара дер едім. Өйткені, “Лениншіл жас” — “Жас алаштың” киелі өулетінен елге танымал талай-талай зиялы азаматтар, қасиеті мен қадірін халық мойындағн ел ағалары шыққан. Ал, халық үні — бәрімізге ортақ.


Демек, ұлттық тілін, дінін, ділін, байлығын құрметтей, бағалай білетін кез-келген азамат “Жас алашпен” бірге деп ойлаймын. Мен де Сіздермен біргемін.

“Жас алашқа” тілейтінім:

- 1. Жастарға лайық тегеуірінділік.*
- 2. Оқырмандардың көңілінен шығатын тапқыр тақырыптарды іздеп-табу.*
- 3. Елге, жерге, халыққа деген таусылмас махаббат!*

— *Әңгімеңізге рахмет!*

1996 — ТЫШҚАН ЖЫЛЫ



ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕСТІҢ КЕЙБІР ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Қазір республика жұртшылығы бастан кешіп отырған экономикалық және әлеуметтік қиындықтар мен проблемалардың арасында ең күрделі де өткірі қылмыстық әрекеттердің жылдан-жылға қаулап өсуі мен оған қарсы күрестің өз дәрежесінде еместігі екені белгілі. Баспасөзде бұрын жазылып жүрсе де, қайталап айтайын, өткен жылы 184 мыңға жуық қылмыс тіркелді, ал оның 60 пайыздайы ғана өшкереленді.

Кейбір облыстарда бұл көрсеткіш одан да төмен. Оның есесіне кісі өлтіру, денеге ауыр жарақат салу, әйел зорлау, ұрлық сияқты ауыр қылмыстар жасау көбейе түсуде. Қылмыстың көбеюі мен оған қарсы күрестің талапқа сай болмауының көптеген себептері бар. Мәселен, қылмыстыларды жедел іздестіру мен қылмысты тергеудің сапасыздығы, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің білімі мен кәсіби шеберлігінің төмендігі, материалдық-техникалық жарақтанудың қанағаттанғысыздығы өлі күнге дейін орын алып отыр. Сонымен қазіргі қылмыскерді осыдан 15-20 жыл бұрынғы “әріптесімен” салыстыруға болмайды. Олардың әдіс-айласы да, шеберлігі де, қолындағы қаруы мен астындағы машинасы да күн санап жетілуде. Сондықтан да оларға қарсы қарадүрсін әдіспен күресу бүгіндер қол емес.

Бірақ мен бұл арада мәселенің басқа жағына назар аударғым келеді. Қылмысқа қарсы күрестің сапасы мен дәрежесіне жауап беретін кейбір лауазым иелері өткен жылы оның алдындағы жылмен салыстырғанда 17 мың қылмысқа азайғанын, мұның өзі күрестің пәрменділігі артқанын көрсетеді. Шын мәнінде солай ма? Әрине, егер қылмыс өзінің шарықтау шегіне жетіп, енді құлдырау кезеңі туған болса, оған баршамыз болып қуанар едік. Өкінішке орай, жағдай одан әлдеқайда күрделі, ал қылмыстың ста-

тистикалық деңгейі нақты жағдайдан тым алшақ екенін айтуымыз керек. Республиканың құқық қорғау органдары жасаған қылмысты есепке алуда көзбояшылықтан арыла алмай отыр. Өткен жылы прокуратура органдарының тексеруі нәтижесінде ішкі істер органдары қызметкерлері тіркемеген 3333 қылмыстық оқиға анықталды. Бұған қылмыстық іс қозғаудан негізсіз бас тарту, қозғалған істерді заңсыз қысқарту, тергеуді себепсіз тоқтату, тергеуден бой тасалап жүрген қылмыскерлерді іздемеу сияқты өрескелдіктерді қоссақ, елдегі криминогендік жағдайдың түзелуі үшін кешенді шаралар қажет екенін аңғару қиын емес.

Алдымен, қылмысты есепке алу мәселесіне тоқталайық. Осыған дейін қылмыстың есебін ішкі істер органдары ғана жүргізетін еді. Қазір онымен Мемлекеттік тергеу комитетінің, салық полициясының, кеден органдарының буындары да айналысатын болды. Әлбетте, жұрттың бөріне күдіктене қарамасақ та, мұндай “көп салалы” есеп жүрген жерде мүдделілік те болмай қоймайтыны даусыз. Оны жөндеу, оған жол бермеу үшін қылмысты және оны жасаған адамдарды есепке алу қызметі мүдделі ведомстволардың құқығынан шығарылуы керек. Бұлай істемесек, қылмысқа қарсы күрестің қаншалықты табысты, нәтижелі жүргізіліп жатқанына баға беру мүмкін болмайды. Мұндай тоқтамға келуге мына мәліметтер мәжбүр етіп отыр.

Өткен жылы соттарға жолданған істер бойынша қылмыстық жауапқа 109,6 мың адам тартылған болып шығады. Ал сотталғандардың саны 92,9 мың ғана. Сонда 16 мыңнан астам қылмыскер қайда кетті деген сұрақ туады. Сот статистикасына сүйенсек, өткен жылы бас бостандығынан айыруға 41,5 мың адам сотталған, ал еңбекпен түзеу мекемелеріне 47,6 мың адам қабылданған. Айырмасын байқау қиын емес. Тергеу орындарының мәліметі бойынша сот шешімімен 266 адам ақталған, ал сот органдарының

статистикасында олардың саны — 1002. Ведомство-лық мәліметтерде соттан қайта тергеуге жіберілген істердің саны да, орнына қайтарылған залалдың мөлшері де, көптеген басқа көрсеткіштер де әртүрлі, өр қилы. Егер осы мәліметтерде аз-кем ауытқушы-лық болса, бір орындаушының салақтығы деп түсіндіруге болар еді. Ал мынадай алшақтықты ве-домстволық есептің, басқаша айтқанда, ведомство-лық мүдделіліктің салдары деп бағалауымыз керек.

Бұдан шығудың жолы қандай? Қылмысқа қар-сы күрестің жайы туралы жуырда Елбасы өткізген кеңесте бұл мәселеге назар аударылғанын айта кетейік. Біздің пікірімізше, республикада қылмыс-тың есебін жүргізетін бір орталық болуы және ол Мемлекеттік тергеу комитетіне де, Ішкі істер министрлігіне де бағынышты болмауы керек. Ведом-ство аралық бұл орталық орынмен, есептеу техни-касымен, қажетті қондырғылармен, оларды күтетін қызметшілермен қамтамасыз етілсе және онда жұмыс істейтін қызметкерлерге бүгін жасалып жүрген жеңілдіктер мен артықшылықтар қалдырылса, біз шын мәнінде тәуелсіз, қызметін барлық мемлекеттік құрылымдар пайдалана алатын мекемеге ие болар едік. Біздің ойымызша, ведомствоаралық есеп орта-лығына қызметтен жұмыс орнының атына кір келтіргені, немесе теріс әрекеті үшін шығарылған, қылмыс жасаған мемлекеттік қызметкерлердің есебін алуды да жүктеуге болады. Сонымен қатар, берілген өкілеттігіне сәйкес есеп орталығы азаматтардың арыз-шағымына байланысты қабылданған шешім туралы оларды хабардар ете алады. Бұл өз кезегінде қылмыс-ты жасыру, тіркемеу сияқты көз бояушылыққа то-сқауыл қояды.

Қылмысқа қарсы күрестің пәрменділігі мен нәтижелілігін арттыру, заңды бұзуды жазасыз қал-дырмау принципін жүзеге асыру мақсатында шешімін күтіп тұрған тағы бір проблема бар. Ол — қоғамға қауіптілігі шамалы, тергелуі мен сотта қаралуы

күрделі болып саналмайтын қылмыстық істерді тергеу және сотта қарау процедурасын жеңілдетумен қатар қылмыстық істердің соттан қосымша тергеуге қайтарылуын тоқтату болып табылады. Судьяның нақты іс бойынша түбегейлі шешім қабылдау тәуелсіздігі сөз жүзінде айтылып келе жатса да, іс жүзінде өзіне жауапкершілік алудан қашқан, немесе басқа бір мақсатты көздеген кейбір судья тергеуші жол берген кемшіліктер мен қателіктерді желеу етіп, істі қосымша тергеуге жібереді. Қазір соттарда қаралған қылмыстық істердің 6-8 пайызы осындай шешіммен кері жолданады. Ол ұйғарулардың бірқатарына наразылық келтіріліп, жоғары сот сатысында бұзылып жатады. Бірақ арада көп уақыт өткеннен кейін істің актуалдығы да, дәлелдемелер де жойылады, куәлер мен жәбірле-нушілер, сот процесіне қатысуға тиісті басқа да адамдар тергеу және сот органдарының қайталап шақыруынан қашқалақтайды, айыптаушылар бой тасалап үлгереді, жауапкершіліктен құтылудың басқа да амалдарын қарастырады. Қайта тергеу институтын жою осы айтылған жәйттерден ғана құтқарып қоймайды, сонымен бірге қазіргі экономикалық қиындық жағдайында бюджет қаржысын үнемдейді және адам құқығын қорғайды.

Прокуратураның конституциялық міндет-терінің бірі сотқа мемлекеттің мүддесін қорғаушы ретінде қатысу арқылы сот қаулыларының заңдылығын қадағалау болып табылады. Өткен жылы республиканың прокуратура органдары осы саладағы өз қызметін жандандыра түсті. Атап айтқанда, 42 мыңнан астам қылмыстық істі қарауға прокурорлар қатысты, сот қателіктерін түзету мақсатында алты мыңнан астам жеке, кассациялық және бақылау наразылығын келтірді. Бір қарағанда бұл — ауқымды жұмыс. Екінші жағынан прокуратураның өкілдері сотта қаралған істердің 54,5 пайызына ғана қатысқанын көреміз. Ал қылмыстық істерді жүргізу заңының та-

лабына сәйкес, соттар ауыр қылмыс туралы істер қарағанда, оған прокурор міндетті түрде қатысуы керек. Прокурорсыз қаралған мұндай істер бойынша сот шешімдері заңсыз деп табылады.

Нақты жағдайға көз жіберсек, бұл заңсыздыққа соттың да, прокурордың да кінәсі жоқ екенін байқаймыз. Өйткені, бүгін прокуратура органдарында қызмет атқаратын адамдардың күшімен аталған заң талабын орындау мүмкін емес. Сөзімді дәлелдеу үшін мынадай мысал келтіре кетейін. Айталық, Алматы қаласында 222 судья жұмыс істейді. Олардың ішінде 99 судья қылмыстық істерді қарайды. Ал қаладағы прокуратура қызметкерлері 174, оның лауазымына сәйкес сотқа қатысуға құқылысы — 36. Басқаша айтқанда, үш судьяға бір прокурордан келеді. Кейбір облыстарда төрт, тіпті бес судьяға бір прокурордан келіп жатады. Мұндай жағдайда конституциялық талапты орындаудың мүмкін еместігін байқаудың қиындығы жоқ. Әрине, біз осы арқылы прокуратураның штатын көбейтіп алу ниетінде отырған жоқпыз, бірақ құқықтық мемлекетті қалыптастыру барысында осы проблема да күн тәртібіне қойылары сөзсіз.

Қылмысқа қарсы күрестің табысты болуы қылмысы үшін жазаланғандарды қайта тәрбиелеудің сапасы мен дәрежесіне де байланысты. Қазір тергеу изоляторлары мен колонияларда өте күрделі жағдай қалыптасып отыр. Жататын орын, дәрі-дәрмек жоқ, тамақ және тазалық нормалары сақталмайды. Қоғамнан аласталып, түзетуге жіберілген адамдардың құқығы мен заңды мүддесі аяққа басылады. Осының салдарынан жұқпалы аурулардың, әсіресе өкпе ауруының асқынуы, өлім көбейіп кетті. Соған қарамастан республика үкіметі осы мекемелердің ең шектеулі өмірлік қажетін өтеу үшін керек 6,5 миллиардтың орнына 2,3 миллиардтай теңге бөліп отыр. Сөз жоқ, экономикалық қиындық, бюджеттің тапшылығы одан артыққа мүмкіндік беретін емес. Де-

мек, жағдайды жөндеу үшін басқа шараларды қарастыруды талап етеді.

Атап айтқанда, қылмыстық кодекстің қабылдануын күтпей, шұғыл түрде қылмыстық жазаны орындау кодексін қабылдау қажет. Онда жазасын өтеушілердің туыстарымен кездесуіне, тамақ және зат қабылдауына осыған дейін қолданылып келген шектеулер алынып тасталуы керек. Тәртіптің бұлай “босаңсуынан” қорқудың, сақтанудың қажеті жоқ. Аштық, жан күйзелтетін азап, колония бақылаушылары тарапынан қорлық көру, қарапайым адамдық қарым-қатынастан қол үзу сотталушылардың бойында ашу-ызаны қоздырады. Ал мұның қайта тәрбиелеумен үш қайнаса сорпасы қосылмайтыны белгілі. Өткен жылы бұрын сотталғандар жасаған 18,5 мың қылмыс ашылды. Ашылмағаны қаншама?! Егер біз бұған жол бергіміз келмесе, жаза өтеу мекемелеріндегі күрделі жағдайды түбегейлі және шұғыл өзгертуіміз керек.

Біз құқықтық мемлекет құруға бағыт ұстандық. Оны жүзеге асырудың Мемлекеттік бағдарламасын қабылдадық. Бірақ мақсат тұту бар да, оны жүзеге асыру бар. Бұл өте күрделі де ұзақ мерзімді процесс. Ол табысты жүру үшін қылмысқа қарсы күрес саласында кездесіп отырған проблемаларды шешуді басты міндеттердің бірі ретінде қоймай болмайды. Әрине, айтылған мәселелерді мемлекет басшылары деңгейінде, жоғары лауазым иелерінің кабинеттерінде айтуға да болар еді. Айтылып та жүр. Ерте ме, кеш пе, шешімін табатынына да дау жоқ.

Қылмысқа қарсы күрес сияқты маңызды жұмыста кездесіп отырған проблемаларды қалың бұқара білуі керек. Біздің халықтан жасыратын ештеңеміз жоқ. Түптеп келгенде, біздің бірден-бір мақсатымыз да, борышымыз да — азаматтардың құқығы мен заңды мүддесін қорғау. Бүкіл халық болып қабылдаған Ата Заңымыз осыны талап етеді.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ МЕН ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ

Тәуелсіз Қазақстанның жаңа Конституциясы Кеңес Одағының жетпіс бес жылға жуық тарихында басты нысана, басты бағыт болған мемлекет мүддесін екінші кезекке шығарып, ең алдымен адамның, азаматтың құқығы мен заңды мүддесін қорғауды бірінші кезекке қойды. Біздің елде азаматтың құқығы мен бостандығы заңмен қорғалады, заңда көзделген жағдайдан басқа реттерде оларды шектеуге, бұрмалауға ешкімнің құқығы жоқ.

Әрине, құқық болған жерде міндет те болуға тиіс. Мемлекет қоғам мүшелерінің құқығы мен бостандығын, заңды мүдделерін қорғап және оған кепілдік бере отырып, азаматтардан заңды, қоғамдық тәртіпті, моральдық нормаларды орындауды, сақтауды талап етуге құқылы. Бірақ азаматтар өз міндетін жете білме деген сұрақ қойсақ, өкінішке орай, бұған толық сеніммен “біледі” деп айта алмаймыз. Кез келген жерде “менің құқығыма қол сұғылды, құқығым бұрмаланды, еркіме қол сұғуға құқығыңыз жоқ” деген сөздерді жиі естиміз, ал “мен мемлекет меншігін сақтауға, қоғамдық игілікті бүлдірмеуге міндеттімін” дегенді сирек кездестіреміз.

Мен сот органдарында біраз жыл жұмыс істедім. Сонда қылмыстық әрекеті үшін айыпталып, сот алдына келген көп адамның “мұны істеуге болмайтынын білген жоқпын”, немесе “мас күйінде тәртіп бұзушылық жауапкершілікті ауырлатады дегенді бірінші естіп тұрмын” дегенін талай естідім. Мұндай ақталу әрекетін әріп-тестерімнің барлығы естігеніне күмәнім жоқ. Бұл нені көрсетеді? Ең алдымен құқықтық сауатсыздығымызды, құқығымыз бен міндетіміздің шеңберін айқын түсіне білмейтіндігімізді, аңғармайтындығымызды көрсетсе керек. Ал оның орнын толтыру үшін, заң талаптарын, өз міндетін білмегені салдарынан жазаға тартылып жа-

тқандардың қатарын азайту үшін не істеуіміз керек? Тәрбиелеу қажет деп жауап береді екінің бірі. Сол тәрбие өз дәрежесінде, талапқа сай деуге болмайды.

Азаматтарға құқықтық тәрбие беру проблемасы бұрыннан бар екені баршаға белгілі. Осыдан жиырма-отыз жыл, тіпті одан да бұрын азаматтардың құқықтық сауатын ашу, тәрбие беру мәселесі өткір қойылып жүрді. Прокурорлар мен судьялар құқық қорғау органдарының лауазым иелері еңбек ұжымдарында тұрақты болып, құқық тақырыбына дәріс оқуға, өңгіме өткізуге міндетті болды. Талай семинарлар, лекторийлар ұйымдастырылды. Қоғамдық негіздегі құқықтық университеттердің дипломын алып шыққандар да аз емес. Кейінгі жылдарда мектептерде “Құқық” сабағы өте бастады. Алайда, олардың көпшілігі науқаншылдықтан арыла алмады, тереңдік болмады, “бағушысы көптің баласы соқыр” дегендей, тікелей жауап беруші болмағандықтан, жұмыс жалпылама жүргендіктен, нәтиже тексерілмегендіктен құқықтық тәрбиенің аты ғана болды да, заты болмады. Қоғамда заңның бұрмалану себептерінің бірі осында жатқаны даусыз.

Құқық қорғау мәселесінің басы ашық: азаматтардың құқығын қорғаумен, оның бұрмалануына жол бермеумен айналысатын тиісті органдар бар. Олардың бірі — прокуратура органдары. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың “Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы” заңдық күші бар Жарлығына сәйкес прокуратура органдарына ең алдымен адамның, азаматтардың құқығы мен бостандығына нұқсан келмеуін қадағалау, заңдық тұлға мен мемлекеттің мүддесін қорғау, қабылданған заңдар мен құқықтық актілердің Конституция мен қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмеуін жүзеге асыру жүктеліп отыр. Құқықтық мемлекет құру барысында биліктің үш тармағының бірі ретінде соттардың қоғамдағы орнын айқындау және азаматтардың құқығы мен

бостандығына байланысты мәселелердің бәрін шешуін қамтамасыз ету міндеті және тұр.

Ал құқықтық тәрбиенің орны да, оны жүзеге асырудың жолы да өз алдына бір мәселе. Жалпы тәрбие сәби дүниеге келген күннен басталады деген қағида бар. Құқықтық тәрбиеге келетін болсақ, ол балабақшадан басталып, мектепте жалғасын табу керек. Балабақшада құқықтық тәрбиенің, заңды құрметтеудің өліп-песі басталса, мектепте ол тереңдеп, заң нормалары әрбір жасөспірімнің қанына сіңуіне күш салуға тиіспіз. Әрине, сонымен бірге құқық тәрбиесін насихаттауға, адам бойына сіңіруге баспасөздің, басқа да ақпарат құралдарының қосатын үлесі мол екенін айтуымыз керек. Бүгінгі таңда сол талап орындалып отыр ма?

Рас, баспасөзде де, теледидар мен радиода да қылмысқа қарсы жүргізіліп жатқан шаралар аз жазылып, аз айтылып жүрген жоқ. Алайда, оған көңіл толмайтынын баса айтуымыз керек. Өйткені, жасаған қылмысты жалаң көрсету, жалаң баяндау басым. Азаматтарды одан сақтандыру үшін бұл жеткіліксіз екені қылмыстылықтың жайын бұлай көрсету кері нәтиже беретіні де сөзсіз. Табиғатында тәртіпті қолдайтын да сақтайтын, заңды өмірлік мұратына айналдырған адам көшеде көрген тәртіпсіздік пен бейбастақтықтан бойын аулақ ұстайды, баспасөзде жазылып, теледидарда бейнеленген келеңсіз көрініске жиіркене қарайды, ондайға өзі де бармайды, жақын-жаранына да ақыл-кеңес береді, өсиет қалдырады. Ал осы арсыздық пен қылмыстық әрекетке бейім, ақпарат құралдарында егжей-тегжейлі баяндалған заңсыз әрекет сызып берілген жоспардай, бағдарламадай өсер етеді. Сондықтан қандай да қылмыстық оқиға ақпарат құралдарында жалаң көрсетілмей, оқырман мен көрермен көңіліне ой салардай түсінікпен, авторлық пайымдаумен берілгені жөн деп ойлаймын.

Еңбек жолымның басында журналистикамен айналысқаным бар, оның үстіне ұзақ мерзім прокура-

тура, сот, әділет және адвокатура органдарында еңбек ете жүріп, заңдылық мәселесі туралы үнемі баспасөзде, радио мен теледидарда сөйлеуді, қолдан келгенінше халықтың құқықтық сауатын ашуды азаматтық міндетім деп санадым. Республикалық теледидарда бірнеше жыл “Адам және заң” тақырыбында хабар жүргізгенімді көрермендер ұмытпаған да шығар. Міне, біріншіден, баспасөз бен ақпарат құралдарына жақын жүргендіктен, екіншіден, тәуелсіздік пен егемендікке ие болған еліміздегі заңдылықтың сақталу жайы, қылмыстылық пен құқық бұзушылықтың қаулап өсуі алаңдатқандықтан Бас прокуратураның жеке басылымын шығаруға бел байладық.

Неліктен басылымды “Заң және заман” деп атап отырмыз? Қазақта ежелден қалыптасқан “Заң түзелмей, заман түзелмейді” деген сөз бар. Заңды заман туғызады, ал заң заманды түзейді. Заман түзеліп, қоғамның әрбір мүшесі заңды өмірлік мұратқа айналдыру үшін оны насихаттау керек, сонымен қатар заңдылықты жүзеге асырып жатқан органдардың жұмысын көпшілік біліп отыратындай жариялылық жағдайын жасау керек. Жаңа басылым “Заң және заман” журналы осы жүкті арқалайды деген үміт бар. Журналда прокуратура органдарының қадағалау жұмысы ғана емес, басқару органдарының заң талаптарын қалай басшылыққа алатыны, соттардың әділетті жүзеге асыруы, жедел іздестіру, тергеу органдарында қылмысқа қарсы күресті қалай ұйымдастырып отырғаны кеңінен жазылуға тиіс. Практикалық шаралармен бірге заңды жетілдірудің теориялық мәселелері де ұмыт қалмайды. Осының бәрі құқық қорғау мен құқықтық тәрбиені пәрменді жүргізуге өз үлесін қосады деп ойлаймын.

Жалпы құқықтық басылым көбейген сайын халықтың құқық мәселесімен хабардар болуы, демек заңдылықты сақтауға мүдделілігінің артуы жақсарды. Сондықтан да біз осындай басылымдардың көбейе түскенін қолдаймыз. Қазір үш облыстық

прокуратура — Көкшетау, Қызылорда және Атырау облыстық прокуратуралары қазіргі қиындыққа қарамастан өздерінің газеттерін шығаруды қолға алып отыр. Бір орталықтан қоғамдық-саяси құқықтық журнал шығып жатқанда жергілікті газеттердің қажеті қанша деген де пікір тууы мүмкін. Олар бір-біріне кедергі келтірмейтінін, қайта бірін бірі толықтыра түсетінін айту ләзім. Құқықтық басылымдар көбейе түскен сайын құқықтық тәрбие де пәрменді болатынына күмән болмаса керек.

ҚАТЕЛЕСУГЕ ҚАҚЫМЫЗ ЖОҚ

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы ретінде менің ұстанар қағидам осындай.

Алдымда тілші, өңгімеміз бірден өрбеді.

— Сөз өзіңізде.

— 1995-96 жылдар республикамыздың тарихына құқық саласын түбегейлі өзгертулер енгізу жылдары болып қалады. Жаңа Конституцияға мемлекет құрамы үш биліктен заң шығарушы, атқарушы және сот билігінен тұратындығы көрсетілген. Оның үшінші билігін, яғни сот билігін реформалау ісі толық шешілді десе де болғандай.

Бұрынғы Конституциялық сот пен Төрелік сот қазіргі кезде Жоғарғы Сот құрамымен бірігіп, сол құрылым аясында жұмыс істеуде. Заман талабынан туындаған бұл ізгі мақсат өз жемісін бере бастады. Судьялардың біліктілігі мен қабілет-қарымы қатаң сараптан өтті, олардың өз қызметтерінде тұрақтылығы бекітілді. Ал судьялыққа үміткерлер емтихан тапсырды, сынақтан сүрінбей өткендер ғана бұл лауазымға лайықты деп бағаланды.

Ең бастысы — Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығы бойынша “Соттар мен судьялардың мәртебесі

туралы” Заң күшіне енді. Соның арқасында сот құрылымын реформалау жөніндегі ұзақ әңгіменің соңына нүкте қойылды.

Дегенмен, бұған қарап сот ісіндегі жаңартулар мүлтіксіз, әрі толық аяқталды деуге өлі ерте. Шешімін күткен жағдайлар жетерлік. Әсіресе, жергілікті жердегі соттардың мүшкіл халі аландатпай қоймайды. Олардың көбісі құлағалы тұрған ескі кеңсе үйлерінде сығылысып жұмыс істеуде. Кеңсе құралдары мен жиһаздарына, автокөлікке, тағы басқа қажеттіліктерге арнайы қаржы бөлінбейді. Соның салдарынан жергілікті сот басшылары әкімшілікке алақан жайып күн кешуде. Қара қылды қақ жара отырып, мемлекет атынан үкім шығаруға тиісті адамдарды осындай мәжбүрлікке жеткізу ақылға да, заңға да сыймайтын құбылыс.

Тіпті, болмаған соң кейбір соттар жан-жақтан “демеушілер” іздейтін көрінеді. Сонда қалай, бұл өмірде сатылмайтын ештеңе қалмағаны ма? Нарықтың жөні осы екен деп дәрігерлер — ем-дәруін сатады, мұғалімдер — балаға қойған бағасын сатады, шенеунік — қолындағы билігін сатады, әскерилер — қару-жарағын сатады. Ендеше, судьялар “әділ үкімді” сатып күн көруі керек шығар? Жок, ондайға жол беруге өсте болмайды.

— Соттарды білікті кадрлармен қоса материалдық жағынан қамтамасыз ету міндеті Әділет министрлігіне жүктелген ғой. “Демеуші” іздегенше мәселені шешуші жергілікті соттар әділет басқармаларынан неге талап етпеске?

— Мен бұл жерде Әділет министрлігінің жұмысын мүлдем жоққа шығарудан аулақпын. Әйтсе де көңіл толмайтын жайттар аз емес. Қазіргі экономикалық қиыншылықтарға байланысты ешнәрсе оңай шешілмейді. Облыстық әділет басқармасы тарапынан нақты көмек уақытында берілмеген соң аудандық соттар тікелей аудан әкіміне өздері шығуға мәжбүр болатын сияқты.

Сондай-ақ сот жұмысын ұйымдастырудағы көптеген қиыншылықтар әділет басқармаларының оралымсыздығына байланысты болып отырғанын несіне жасырамыз? Мәселен, аудандық соттар тарады да, оның орнына қалалық соттар құрылды. Мұндағы судьялардың саны 25-30-ға жетіп жығылды. Қосалқы қызметкерлерімен қалалық сот аппаратындағы адамдар жиынтығы жүзге жуықтады. Жалғыз төраға мұндайда сот ісін ұйымдастыра ма, жоқ әлде шаруашылық жағын басқара ма? Заң бойынша қалалық сот төрағасының орынбасары қызметі қарастырылмаған. Ал Әділет министрлігі судьялардың санын белгілегенде әр соттағы жұмыс ауқымын есепке алмай, баяғыдағы өлшеммен кесе салатыны тағы бар. Сот дегеніміз — министрліктің өкімшілік аппараты емес. Сотта қанша жұмыс көлемі болса, соншама судья болуы керек. Әділет басқармалары учаскелік судьяның мәртебесін де өзiрге шешер емес. Аудандық соттар есебінен іріленген қалалық соттардың жұмысына екпін беру үшін бұл ауадай қажет еді...

— *Учаскелік судья дегеннен еске түсіп отыр, аймақтық (округтік) соттар құру, мамандандырылған (специализированный) соттар құру жөнінде де біраз әңгімелер шығып жүргенін білеміз...*

— Иә, ондай әңгімелердің болғаны рас. Аймақтық сот құрудағы басты мақсат — соттарды іс қарау кезінде жергілікті өкімдердің ықпалынан құтқару болып табылады екен. Біріншіден, соттарды Президент тікелей өзі тағайындап отырғанда іс қарау кезінде олар қалайша жергілікті өкімге тәуелді болмақ? Екіншіден, бұл Конституцияға қайшы болып шығар еді. Себебі, сот ісін қараудағы ең жоғарғы саты — Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты. Ал Жоғарғы Сот тек Президент пен Жоғарғы Сот Кеңесінің алдында ғана есеп береді. Олай болса, сот ісіне әлдекімдердің ықпал етуі оңай шаруа емес. Ендеше, осы себепке байланысты ғана құзыры Жоғарғы Сотпен пара-пар

бірнеше аймақтық сот құру деген бүгінгі кезде ақылға сыймайтын шаруа.

Мамандандырылған сот туралы да осыны айтар едім. Онда соттардың пайдасы қаншалықты екенін өмірлік тәжірибе дәлелдеп берген жоқ па? Мысалы, Конституциялық сот, Төрелік сот, Әскери сот дегендей... Бұлардың бәрін біріктіріп, сот реформасын жасауды түбегейлі қолға алдық. Енді тағы да тарыдай шашырап — кеден жөніндегі, салық жөніндегі, семья жөніндегі, шаруашылық жөніндегі соттарды құруымыз керек пе? Олай ететін болсақ, бүгінгі сот реформасын жасаудың қаншалықты қажеті бар еді?

Судьялардың бір салада маманданғаны дұрыс-ақ. Ол үшін баяғыдағыдай арнайы білім жетілдіру курстарын ашып, кадрларды қайта даярлау жұмыстарын жолға қойсақ жетіп жатыр.

— Мақсұт Сұлтанұлы, көңіліңізге келмесін, сот ісінде сөзбұйдалылық, қағазбастылық аз емес екенін мен өз басым редакцияға келіп түсіп жататын шағым хаттар арқылы бағамдаймын. Жоғарғы сатыдағы соттар төменгі сатыдағы соттардың шешіміне сәл күмәнданса істі бұзып, қайта қарауға жібере салады. Мұның соңы қаншама моральдық, материалдық шығынға әкеліп соқтыратынын ойласақ, осы мәселені бір түбегейлі ететін кез келген сияқты.

— Үкім, шешім шығаруда қандай сатыдағы соттың судьясы болмасын, бәрі бірдей. Олардың ісіне ешкімнің араласуға қақысы жоқ. Үкім шыққаннан кейін жоғары сатыдағы сотқа кассациялық шағым түссе, ол іс қадағалау ретінде біздің тарапымыздан тексеріледі. Шешім шалағай екені анықталса, іс бұзылады, қайта қарауға жіберіледі. Бұл жөнінде менің пікірім — адамның кінәсіз екендігі дәлелденді ме, ол сот алдында ақталуы керек. Ал біз болсақ “тағы да тексере түс, қалайда бірдеңе тапсаңшы” деп ым қаққандай етіп істі қайта тергеуге жолдаймыз. Осыған байланысты Қылмыстық іс жүргізу кодексінен қайта тергеу мәселесін мүлде алып тастау қажет де-

ген ойларға мен де қосыламын. Алайда, осы кодекстің жаңа нұсқасында “Істі қосымша тыңдау” дегенді тағы қосып қойыпты. Бұл — істі қайта тергеуге жіберу үшін жасалған саңылау жол болып шығуы кәдік.

— *Сонда қайта тексеруге жібермеудің жолы жоқ па?*

— Бар. Ол — Жоғарғы Сот алқасының орнына Қазақстан Республикасының Апелляциялық сотын құру, ал Жоғарғы Соттың төралқасының орнына 7-9 адамнан тұратын Жоғарғы Соттың өзін құру болып табылады. Соңғысы тек қана төменгі соттардың ісін қадағалаумен айналысса, Апелляциялық сот тек кассациялық шағымдар мен апелляцияға байланысты істерді қараумен шұғылданады еді. Яғни, Апелляциялық сот шағымдарды құжаттар негізінде тексере отырып, сол жерде түбегейлі шешім шығарады, істі қайта тергеу де, тексеру де осы арада жүзеге асып, нүктесі қойылады. Бұдан кейін қайта тергеу институтының керегі не? Бұл, өрине болашақта Конституцияға ептеп өзгерістер енгізе отырып қана жүзеге асыруға болатын шаруа деп түсінемін.

— *Жоғарғы Соттың қателесуге қақысы жоқ екенін сіз кейінгі кезде жиі айтып жүрсіз. Дегенмен, басқа соттар тарапынан кететін қателіктер аз емес. Сол қателіктердің Жоғарғы Сот тарапынан қаншасы түзетілгені жөнінде нақты не айтар едіңіз?*

— “Төрт аяқты ат та сүрінеді” деген нақылды жақсы білеміз. Яғни, қателеспейтін адам болмайды. Жоғарғы Сот та қателесуі мүмкін. Бірақ біз қателессек, ол қатені жөндейтін басқа инстанция жоқ қой. Міне, қателесуге қақымыз жоқ дейтінім сондықтан. Ал басқа соттар тарапынан жіберілген қателіктер жөнінде мысал келтіре берсек, өңгімеміз тым ұзаққа созылып кетпей ме? Сөйтсе де бірер мысал келтірейін.

Алматы облыстық соты Князев деген азаматты 13 жылға соттаған. Ол не істеген дейсіз ғой. Көшеде келе жатқанда оған бір топ мас жігіт тиісіп, таяққа жыққан, өміріне қауіп төндірген, біреуі өзіне пышак

жұмсамақшы болғанда жандәрмен пышақты тартып алып, оның өзіне қарсы жұмсауға мәжбүр болған. Бұзақы сол жерде өліп кеткен. Сонда Князевтің кінәсі не? Ол өзін-өзі қорғады. Қорғанбаған жағдайда өзі өлер еді. Бұл жерде судьялар Қылмыстық кодекстің 13-бабына (қажетті қорғану) өзгертулер енгізілгенін ескермеген. Онда әрбір адам өзіне төнген қауіптен құтылудың мүмкіндіктеріне қарамастан, әлдекімдерден немесе тиісті органдардан көмек сұраған, сұрамағанына қарамастан өзін-өзі қорғауға қақысы бар екені айтылған. Осыған байланысты Жоғарғы Сот бұл істі қысқартып, Князевті түрмеден босатты.

Сондай-ақ Петропавл қалалық тергеу орындары Лысенко деген азаматты кісі өлтірді деген күдікпен қамауға алған. Кейін оның бұл айыбы дәлелденбей қалған соң, тергеушілер Лысенконы жазықсыз қамағандарын жасырып қалу үшін, яғни өздерін қорғау үшін оған енді басқа бір адамды өлтірді деген кінә тағып, “дәлелдеп” сотқа өткізген. Қалалық сот бұл істі екі рет қайта тексеруге жібергенімен, үшіншісінде тергеу қорытындысының ықпалымен кетіп, әділетсіз үкім шығарған. Солтүстік Қазақстан облыстық соты бұл үкімді дұрыс емес деп тауып, күшін жойды. Сөйтіп жазықсыз адам тоғыз ай бостан-босқа түрмеде отырды.

— *Судьялардың біліктілігін анықтау үшін таяуда аттестация өткізілді. Бұл шара жаңа өзіңіз айтқандай шала судьялардан құтылудың жолы екені түсінікті. Алайда, осы науқанда қателіктер кетті деп шағымданған судьялардың да қарасы көрініп қалғандай.*

— Көп емес, ептеп қателік кетті дегенді естіп жатырмыз. Бірақ аттестация негізінен дұрыс өтті деп есептеймін. Отыз шақты судья бұл сынақ дұрыс өтпеді деп Президентке шағымданған екен, бөрінің арызы тексерілді. Ол арыздар негізсіз жазылғаны да анықталды. Рас, кейбіреулер өзінің ұзақ жылдарғы тәжірибесін, тағы басқа “артықшылықтарын” алға

тарғады. Тәжірибе де керек, бірақ кейде отыз жыл қызмет істеген судьядан екі жылдық қана тәжірибесі бар судьяның білімі де, біліктілігі де басым түссе не істейміз? Әділдік пен шындыққа қарсы тұру мүмкін емес.

— *Осы жерде Жоғарғы Соттың бұрынғы судьясы Өтеген Ықсанов жайында айтпай кетуге болмайтын сияқты.*

— Өтеген Ықсанов аттестациядан жақсы өтті. Мен ол кісіні Жоғарғы Сот судьялығына үміткерлер қатарында Президентке ұсындым. Президент те бұл ұсынысты қолдап, Өтекеңнің кандидатурасын Сенатқа ұсынды. Өкінішке орай, жабық дауыс беру кезінде ол тиісті дауысқа ие бола алмады.

— *Оған не себеп болды екен?*

— Өтеген Ықсанов судья болып жүрген кезінде 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысқан Әбдікүлов деген адамды кісі өлтірді деген айыппен ату жазасына кесу туралы үкім шығарыпты. Бұл үкім Қазақ ССР Жоғарғы Сотының пленумында бұзылып, ату жазасы жеті жылға бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылған. Алайда, сол кездегі КСРО Жоғарғы Сотының пленумы Қазақ ССР Жоғарғы Соты пленумының бұл шешімін бұзып, алғашқы шешімді, яғни Өтеген Ықсанов шығарған ату жазасы туралы үкімді бұрынғы күшінде қалдырған. Осыдан кейін көп кешікпей КСРО тарады да, Қазақ ССР Жоғарғы Сотының пленумы бұл істі қайта қарап, ату жазасын жеті жылға бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырудағы өз шешімдерін дұрыс деп тапты. Дауыс беру кезінде Сенат депутаттары осы жағдайды есепке алған тәрізді.

— *Сонда Әбдікүловтың Желтоқсан оқиғасы кезінде кісі өлтіргені рас па еді?*

— Рас, ол аланда бір адамды өлтірген ғой... Сонымен қоса Сенат депутаттары Өтеген Ықсановтың Жоғарғы Соттың бұрынғы төрағасы М.Малаховқа байланысты өңгімені тергеу-тексерусіз, алдын-ала жұртшылыққа жария еткенін де дұрыс емес деп ба-

ғалады. Бұл да жабық дауысқа өз әсерін тигізгені даусыз.

— *Малахов қашып кетті ғой. Айыбы болмаса қашар ма еді? Бұл жерде Ықсановты кінәлау жөн болар ма екен?*

— Иә, Малахов қашып жүр. Алайда, оның кінәлі, кінәсіз екендігін тергеу анықтап, сот жаза тағайындамайынша алдын-ала кесіп айту қиын. Ал Өтеген Ықсанов бұл жайында құқық қорғау органдарына хабарламастан бұрын теледидар, газеттер арқылы халыққа дабыра қылды. Сенат депутаттары Ықсановтың бұл әрекетін Жоғарғы Соттың судьясына жараспайтын қылық деп бағалады. Малахов қазір іздестірілуде, мүмкін табылып та қалар. Сол кезде істің ақ-қарасы ашылады. Әзірге ол жөнінде болжам жасауға асықпайық.

— *Ықсанов қазір қызмет істей ме?*

— Ол кісінің судья болып қызмет жасауға толық қақысы бар. Тек Жоғарғы Соттың судьялығына бекімеді. Қалалық соттан қызмет ұсынылған. Оған өзі келіспей, өз өтінішімен отставкаға кетті.

— *М.Малахов Жоғарғы Соттың төрағасы болып тұрған кезде сіз оның бірінші орынбасары қызметін атқардыңыз. Ол кісі жайында өзіңіздің жеке пікіріңізді білуге бола ма?*

— Малаховтың ұйымдастырушылық қабілеті мен біліктілігі жөнінде ешкім шөк келтіре қоймас. Бірге қызмет еткен жылдары арамызда тек сыйластық, түсіністік орнады. Ол кісі жөніндегі пікірім де өте жоғары еді, қазір өзгерді.

— *Кейбір бейресми газеттер “Жоғары жақтағылар Малаховты орнынан кетіру үшін сотталған Н.Нәсеновті әдейі куәға тартты, М.Малаховқа пара бердім деген сөзді оған әдейі айтқызды” дегендей пайымдауларға барып жүр ғой...*

— Иә, “Караван” газетін оқып жатқан шығарсыз, бұл іске олар мені де қатыстырып қойғысы келеді. Сондағы айтатындары “Нәсенов Қылмыстық

кодексінің төрт бірдей бабымен сотталған. Оның екеуін Жоғарғы Сот төрағасы алғызып тастап, оның амнистияға түсуіне ықпал етті” дегенді меңзейді. Мұның бәрі өтірік. Нәсеновке байланысты істі Бас прокуратураның наразылығы бойынша Жоғарғы Соттың төралқасында қарап, екі бапқа байланысты қылмыстары дәлелденбегендіктен сол баптарды алып тастауға тура келген. Алайда, оның негізгі айыптары сол күйінде қалды. Ол баптар бойынша ешқандай сотталушы ешқандай амнистияға жатпауға тиіс еді. Бірақ, Нәсенов жазасын өтеп жүрген жердегі мекеменің басшылары мен сол облыстағы лауазымды адамдар заңды бұрмалап, қолданбайтын жерде амнистияны қолданып, оны босатып жіберген. Ол адамдар тиісті жазаларын алды. Бұл іс бойынша қылмыстық іс қозғалып, тергеу жүріп жатыр.

— Амнистияға байланысты іске облыстық соттың араласуы қажет пе?

— Маңғыстау облыстық сотының бұл жерде ешқандай қатысы жоқ. Түрмеден босатқан — түрме бастығы. Оған облыстық прокурордың орынбасары қол қойған. Соттағы істі сот босатады, ал амнистияға байланысты істі басқа органдар шешеді.

— Биылғы жылдың 18 қазан күні республикалық МТК төрағасының орынбасары Р.Тілеуханов мырза Маңғыстау облыстық сотының төрағасы Н.К.Чиняев мырзаның атына құпия түрде хат жазып: “Ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Бас басқармаға Маңғыстау облысындағы №23 еңбекпен түзеу колониясында ...жазасын өтеп жатқан Н.Нәсеновті шартты түрде мерзімінен бұрын түрмеден әдейі босату үшін құжаттар дайындап жатқандығы жөнінде” суыт хабар түсті.

...Осы жағдайға байланысты шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселесіне қырағылықпен қарауыңызды сұраймын.

Қосымша деректер болса тағы да хабарласамыз” депті.

— Мен бұл жөнінде естіген емеспін. Маңғыстау түрмесіндегі заңсыз амнистия жайында газеттерден оқып білдім...

— *Сонда қалай, облыстық соттың төрағасы құпия хатты алысымен республикадағы өзінің тікелей басшыларына бір ауыз хабар айтып, ақылдаспағаны ма?*

— Енді, бұл жөнінде қылмыстық іс қозғалып, тергеу жүріп жатыр дедік қой. Бәрі анықталар. Со-сын бұл тақырыпқа тағы бір айналып соғармыз.

— *Келістік. Өңгімеңізге көп рахмет.*

ПРОКУРАТУРА БЕДЕЛІН САҚТАУ ПАРЫЗ

— *Мақсұт Сұлтанұлы, үстіміздегі жылдың сәуір айында докторлық диссертация қорғадыңыз. Бұдан бір жыл бұрын Сізді заң ғылымының кандидаты дәрежесін алуыңызбен құттықтаған едік. Сіз қазір тәжірибелі практик қана емес, белгілі ғалымсыз. Сізді өміріңіздегі осындай ірі оқиғамен қайтара құттықтауға рұқсат етіңіз.*

— Рақмет. Шынында да, бұл екі қорғаудың арасында не бары бір жылдай уақыт өтті. Кейбіреулер докторлық диссертация қалайша тез жазылды деп түсінбестік білдіруі мүмкін. Мен ғылыми зерттеулермен 1980 жылдан бастап айналысқанмын. Оны көмелетке толмағандар арасындағы қылмыспен күрес жүргізуге арнап, алғашқысын 1981 жылы, екіншісі — 1984 жылы жарияланған екі монографиям дәлелдейді. Демек, менің бұл проблемаға 16 жылдан астам уақыт бөлгенім аз мерзім болмаса керек. Жалпы алғанда, бүгінге дейін 4 монография, 40-тан астам ғылыми мақала жазылды, сот-тергеу практикасына қатысты мол материал жиналып, қорытындыланды. Менің алғашқы ғылыми баяндамама өзім таңдап алған тақырыпта республика Ғылым академиясында 1985 жылы жасалды. Шын мәнінде, 1984

және 1985 жылдар мен үшін ғылыммен барынша белсенді айналысқан жылдар болды. Ленинградтағы көпшілік кітапханада өзімді қызықтырған мәселенің теориялық талдамасын жасау мақсатында өткізген күндерім текке кеткен жоқ, ал бүкіл еңбек жолым практика ретінде өтті десем болады.

— *Сіздің докторлық диссертацияңыз қалай аталады, оны қайда қорғадыңыз?*

— Оның тақырыбы — “Балаларды қылмыстық-құқықтық қорғау”, ол кандидаттық диссертациямның жалғасы болды. Жұмысты Мәскеуде, Ресей Федерациясы ИМ Академиясының мамандандырылған Ғылыми кеңесінде қорғадым.

— *Сіз прокуратурада өртүрлі қызмет атқардыңыз. Прокурорлық жұмыста неше жыл еңбек еттіңіз?*

— Мен прокуратура органдарында 1973 жылдан жұмыс істей бастадым. Тергеушінің өтілшісі, аға тергеуші, одан соң әділет және сот органдарында 12 жыл істеген соң республика прокуратурасына бөлімнің қатардағы прокуроры, кейін Бас прокурордың орынбасары, Бас прокурор лауазымына келдім. Жалпы алғанда, прокуратура-сот жүйесінде 24 жыл жұмыс істепмін.

— *Сіз бұл жылдар ішінде түрді деңгейдегі көптеген прокурорлармен қызметтес болдыңыз ғой. Олардың ішінен кімдерді ілтінатпен еске алар едіңіз?*

— Республиканың Бас прокурорлары болған Ф.Елемесовпен және Ж.Тұяқбаймен жұмыс істеген кезеңдерім өсте ұмытылмайды, олармен қызметтес болған жылдарымнан өте жақсы тәжірибе жинақталды. Қазір Қостанай облысында прокурор болып істейтін Ф.Ержанов жөнінде ерекше айтқым келеді, өйткені оның сенім білдіруі мен қолдауы менің заңтану саласындағы өмір баспалдақтарыма жол ашты. Қатардағы прокурор болып жүргенімде-ақ (Ф.Ержанов бұл кезде Ф.Елемесовтың орынбасары болатын) мен оның назарына іліктім, Әділет министрі болып тағайындалған ол мені заңдар мен құқықтық ақпа-

рат басқармасының бастығы қызметіне шақырды. Маған ол ұсынған жұмыс кейінгі кәсіби өсуімде бастапқы баспалдақ болғанын уақыт көрсетті. Басқармада жұмыс істей жүріп, республикамыздың түрлі заңдарының жасалып, қабылдануына тікелей қатыстым. Мәселен, менің тікелей басшылығыммен қоғамдық бірлестіктер, діни бірлестіктер мен конфессиялар туралы заңдар әзірленді. Біз іс жүзінде порнографияны, зорлық-зомбылық пен қатігездікті насихаттайтын өнімдер шығару мен таратуды шектеу туралы заңды даярладық. Өкініштісі сол — бұл заң өмірге жол таппады. Алайда мен қоғамымызға мұндай заңның өте керектігіне сенемін.

Менің ол кезде шұғылданып жүрген белсенді заң шығармашылық қызметім республика Жоғарғы Кеңесінің назарына ілікті. Оның үстіне, менің жұмысымның сипаты кең аудиторияға зәуір болғандықтан, теледидар хабарларынан жиі көрінуіме тура келді. Мен онда құқықтық тақырыптағы хабарларды жүйелі түрде жүргізіп отыратынмын және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында шығып тұрдым. Уақыт өте келе, оқырмандар мен көрермендерге біршама танымал бола бастадым, кейін Президент Аппаратына, Министрлер Кабинетіне жұмысқа ауыстым.

Бұл қызметтердің бәрі мен үшін үлкен әрі айтарлықтай өмір мектебі болды. Президенттің жарлығымен Бас прокурордың орынбасары, одан соң — ҚР Бас прокуроры болып тағайындалдым.

— Соңғы жылдары прокуратура органдарының құрылымында айтарлықтай бетбұрыстар болды. Сіздің мұндай өзгерістерге пікіріңіз қандай, оның мәні неде?

— Бұрынғы жылдардың прокуратурасындағы мәнді нәрсе — ол шын мәнінде айыптаушы орган болды. Ал қазір оның бұл міндеті, негізінен алғанда, соттың қызметінен байқалады. Құқықтық реформа жүргізудің барысында тергеу ісі жеке жүйе болып бөлінді де, ендігі жерде прокуратура ең алдымен адам мен мемлекеттің құқықтарын қорғау жағына шық-

ты. Бұл, сөз жоқ, бүгінде өтіп жатқан құқықтық реформаның зор жетістігі еді. Тергеудің прокуратурадан бөлінуі оның рөлі мен маңызын күшейте түсті деп білемін. Ендігі жерде олар прокурорлық қадағалау міндетін барынша объективті жүргізе алатын болады. Өтіп жатқан өзгерістер барысында прокуратура қызметі жөнінен сотқа жақындай түсті, онымен бір қатарға тұрды деп айтуға болады. Конституция бойынша оның сотпен бірге бір бөлімге (7-бөлім, “Соттар және сот төрелігі”) орналастырылуы да осы ойымызға дәлел болады. Бұл кездейсоқ жағдай емес. Сондықтан өзінің жаңа мәртебесі бойынша прокуратура соттың үстінен қадағалау жүргізуге міндетті емес, өйткені бұл Конституцияға қайшы келетіндіктен, бұл ұғымнан арылу керек. Ендігі жерде прокурорлар оның тең құқықты қатысушылары ретінде сот процесіне жәрдемдесуі тиіс, сөйтіп, соттың әділ шешім шығаруына септігін тигізеді. Алайда көптеген прокуратура қызметкерлері әлі де бұрынғыша ойлау дағдысынан арыла алмай келеді.

— *Бүгінгі прокурор қандай болуға тиіс? Оның бойынан қандай негізгі кәсіби және адамгершілік қасиеттерді көре аламыз?*

— Судья секілді, қазіргі прокурор да қылмыстық құқық пен қылмыстық іс жүргізу кодексін ғана білетін тергеушіден өзгеше білікті қызметкер болуға тиіс. Прокурор құқықтың барлық бағыттарын жақсы білуге, заңдарды қолдана білуге, оларды дұрыс тауып, түсіндіре білуге міндетті. Осындай жағдайда ғана олардың дұрыс қолданылатынына сенуге болады. Жақсы прокурор дегеніміз — бұл, ең алдымен, сауатты, адал заңгер. Ол әділ де бейтарап болуға, әрбір өтініш-шағымға объективтілік пен принциптілік көрсете отырып, парасаттылықпен қарауға тиіс.

Адамгершілік қасиеттерге келетін болсақ, онда, өкінішке қарай, өте сирек болса да ұшырасып қалатын олардың кейбір тұстары жөнінде айтайын. Мен қарапайымдылық пен ашық-жарқындылық туралы

айтпақпын. Осындай лауазымды иеленген кейбір прокурорлардың менмен, төкаппар, қол жетпейтін өркөкірек болып алатыны сондай, еріксіз прокурор мен қалған адамдардың арасында еңсерілмейтін кедергі болатындай сезім туатыны жасырын емес. Заман күрделеніп, заңсыздық өршіп тұрған қазіргі шақта түрлі құқық бұзушылық көріністері де өсе түсетіні мәлім.

Мұндай кезеңде халық, әрине, өздерін құтқаратын прокуратура органдары деп біледі, прокурорлардан қорғаныш іздейді, сондықтан да олар тас қамалдың арғы жағына тасаланбастан, халыққа барынша ашық болуға тиіс.

— *Сізді бүгінде адам және азамат ретінде қандай мәселелер ерекше толғандырады?*

— Әрине, ең алдымен, біздің мемлекетіміздің болашағы толғандырады, өйткені ол әлі жас мемлекет емес пе? Осыған орай, Президентіміздің бір кезде оның ұрпағының басты міндеті — болашақ мемлекетіміздің берік те сенімді іргетасын қалау деген дана сөздері ойыма оралады. Бұл өте дұрыс. Ал мұның негізі ең алдымен Конституция және басты заңдарымыз — Парламент туралы, референдум туралы, сайлау туралы және басқа заңдар. Бұл заңдар әлемдік деңгейге қаншалықты сәйкес келетін болса, олар қаншалықты жүзеге асырылатын болса, мемлекетіміз де соншалықты жақсара түсетін болады.

Мені алаңдататын тағы бір нәрсе — бұл қазақ жастарының бүгінгі жай-күйі. Республикадағы жұмыссыздардың негізгі және отандық рәкеттің басым бөлігі жас қазақтар болып отырғаны жасырын емес. Бірақ бұл жағдайды еңбекке орналастырудағы немесе институттарда оқудағы қалыптасып отырған проблемалармен түсіндіру ұят. Амалсыздық — жастардың маңдайына жазылған жазмыш емес. Алға мақсат қойып, оған қарай батыл қадам жасай білу керек. Әлбетте, жастарға мемлекеттік деңгейде қолдау көрсетіп, тиісті жағдайлар туғызу керек болады.

Сондықтан жастарға бұл тұрғыдан жәрдем көрсету — біздің міндетіміз.

Айтарлықтай назар аударуды қажет ететін тағы бір проблема — бұл ұлтаралық келісім мен бірлік мәселесі. Біздің республикамыз оның аумағында тұрып жатқан барлық ұлыстар мен ұлттар үшін ортақ үй болып табылады, ендеше, біздің әрқайсымызда Отанымызға деген патриотизм рухы дамыған болуға тиіс. Ол тіпті болмашы нәрседен де байқалуы мүмкін. Мәселен, көптеген дамыған елдерде өтетін аса ірі спорт жарыстарында мындаған адамдар туған елінің желбіреген туына мақтанышпен қарай отырып, өз жеңімпаздарының құрметіне ұлттық өнұранын шабыттана шырқайды. Алғаш рет Республика Күнін мейрамдау салтанаты есімде. Өнұран орындалды, бірақ қатысушылардың ешқайсысы ауыз ашпады. Президент қана өз республикасы өнұранының сөзін қосыла айтып тұрды. Ал Президентке, өнұранға, елтаңба мен туға деген құрмет — әрқайсымыздың өз патриотизмімізді, өз мәдениетіміздің деңгейін көрсетудің белгісі емес пе?

— Сіз Бас прокуратураны басқарған қысқа мерзім ішінде алдыңызға белгілі бір міндеттер қойған боларсыз. Олардың қайсысын жүзеге асыра алдыңыз, қайсысына қанағаттандыңыз?

— Оныңыз рас. Республика прокуратурасының басшысы ретінде менің алдымда маңыздылығы түрліше дәрежедегі көптеген міндеттер тұрды. Олардың бірқатарын дер кезінде жүзеге асыра алдық. Алайда аса ризашылық сезіммен қанағаттандым деп айтарлықтай шешілген мәселе мынау болар. Мен Бас прокурордың орынбасары А.В.Константиновпен бірге бүкіл прокуратура жүйесі үшін пайдалы болған “Прокуратура туралы” кемелді заңды жасап, қабылдануға тікелей қатыстым. Менің ұсынысым бойынша республика прокуратурасының тарихында тұңғыш рет өзіміздің “Заң және заман” — “Закон и время” журналымызды шығарып, оның тұсаукесер рәсімін өткен

жылдың көктемінде БАҚ бетінде кеңінен көрсете келе, жоғары деңгейде өткізуіміз де маңызды шара болды деп білемін. Өздеріңіз атап көрсеткендей, Бас прокуратурада аз уақыт қызмет істеуім менің алға қойған міндеттерді жүзеге асыруымды шектеді, ал Жоғарғы сотқа ауысқанда прокуратурадағы өріптестеріммен байланысымды үзген жоқпын, сондықтан аяқтай алмаған жоспарларымды жүзеге асыру мүмкіндігім болды.

— *Біздің құқық қорғау жүйеміз шамамен он жылдан кейін қандай болады деп ойлайсыз?*

— Меніңше, әлде бір негізгі, түбегейлі өзгерістер бола қоймас. ҰҚК мен ІІМ секілді органдардың құрылымы тұтас алғанда орнығып қалған. Тергеу мен жедел атқарылатын жұмыстар негізінен Президенттің соңғы шешімдерінде көрсетілген күйде қалады. Прокуратура да, сірә, өзінің қазіргі мәнін сақтайтын болар, бірақ болашақта Әділет министрлігінің кейбір қызметімен бірігуі де мүмкін. Жоғарғы сотта белгілі бір реформалар өтуі кәдік. Оның судьяларының саны 7—9 адамға дейін айтарлықтай қысқаруы тиіс. Жоғарғы соттың алқалары мен президиумы іс жүргізуі жөнінен бөлініп, тәуелсіздік алуы ғажап емес. Бұл — заманымыздың табиғи да, заңды талабы.

— *Журналымыздың осы мерейтойлық саны республика прокуратурасының 75 жылдығына арналған. Қазақстан прокуратурасы қызметкерлеріне қандай тілек айтар едіңіз?*

— Ең алдымен, біздің тамаша, көп ұлтты еліміздің прокуратура органдарының барша қызметкерлерін өздерінің кәсіби мерекесі — республика прокуратурасының 75 жылдығымен шын жүрегімнен құттықтаймын! Прокуратурамыздың ешқашан өз беделінен айрылмауын тілеймін, осы жүйеге басшылық еткен У.Сейітов, Ғ.Елемесов, Ж.Тұяқбай секілді бірқатар Бас прокурорларға, прокуратура саласының барша қызметкерлеріне денсаулық, бақыт, табыс тілеймін!

1997 — СИЫР ЖЫЛЫ



ҚАРА ҚЫЛДЫ ҚАҚ ЖАРАТЫН КІМ?

— *Мақсұт Сұлтанұлы, сот судьяларын аттестациялаудағы көздеген мақсат не еді?*

— Әңгімені біршама әріден бастайық. Күні бүгінге дейін республиканың сот жүйесінде бекітілген штаттағы 1812 судья орнына 1366 судья қызмет етіп келеді. Көріп отырсыз, бұл деген сөз штаттағы әрбір төртінші судьяның орны бос тұрып, оның жүгі қалған қазыларға жүктелетінін білдіреді. Судьялардың бәрі өз саласын өрге сүйреген, білімі мен біліктілігі жағынан да жетік маман деп айту қиын, өрине. Сондықтан да судьяларды аттестациядан өткізіп, елеп-екшеу өмір заңдылығы еді. Көптен бері көңілде жүрген осы жайттың тезірек жүзеге асуына “Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы” заң күші бар Елбасы Жарлығының шығуы да үлкен себеп болды. Одан бұрын 1994 жылдың 12 ақпанында Елбасымыз бекіткен құқықтық реформаның Мемлекеттік бағдарламасы сот жүйесін түбегейлі реформалау, қажетті құқықтық базаны жасау, сот кадрларын іріктеу, тетіктерін құруды іске асыруға мұрындық болды. Сол бағдарламаға сәйкес сот жүйесі қайта құрылып, судьялардың ауыспауы және оларды сот кеңесінің немесе Әділет министрлігі кәсіптік алқасының ұсынуымен Елбасының тағайындау тәртібін жасауды алға қойған еді. Осыған сәйкес бүкіл судья Елбасы бекіткен “Қазақстан Республикасы соттары мен судьяларын аттестациялау туралы” Ереженің негізінде жүргізілген аттестациядан өтті.

Аттестацияның алға қойған мақсаты туралы сауалға келсек, оның жауабы біреу-ақ. Ол — қызметіне сай келмейтін судьялардың ара жігін анықтау, қазақша айтқанда, аттың жемін жеп, тайдың ісін істейтіндерден, жасыратыны жоқ, аракідік болса да ұшырасып қалатын кейбір жекелеген парақорлардан құтылу еді.

Аттестация жүргізу жөніндегі комиссиялар Әділет министрі мен Жоғарғы Сот төрағасының міндетін атқарушының бірлесіп шығарған бұйрығымен құрылды. Әрине, өз ісіне мығым, білікті судьяларды даралап алу оңай болмады. Кейбіреулердің жел сөзге ерік беріп, айтып жүргеніндей, аттестация кезінде баз біреулерге себепсіз кінә артып немесе тырнақ астынан кір іздеп, орнынан сырғыту үшін орынсыз бұрмалауға жол бермеді. Аттестация жүргізу барысында комиссиялар жоғары талап қоюмен ұштастырылған мүдделі еместік, шынайылық пен ізгі ниеттілік танытты.

Аттестация басталмас бұрын 32 судья қызметтен босату туралы өз еркімен өтініш берді. Жоғарғы Сот бойынша 47 судьяның 44-і, облыстық және оған теңестірілген әрбір соттар бойынша 365 судьяның 361-і, аудандық және оған теңестірілген соттар бойынша 960 судьяның 941-і, ал әскери соттардың барлық судьясы аттестацияға қатысты.

Орталық атқарушы комиссия Жоғарғы Соттың барлық судьясы бүгінгі лауазымына лайықты деген қорытындыға келіп, олардың ішінде салыстырмалы түрде төмен деңгей танытқан 6 судьяға білімі мен біліктілігін жетілдіре түсу бағытында жұмыс істеуге ұсыныс жасады. Алматы қалалық және облыстық соттардың 20 төрағасы мен соның міндетін атқарушылардың төртеуінен комиссия толық білімділік пен кәсіби біліктіліктің жоғары деңгейін байқады. Атап айтсақ, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Павлодар, Ақмола облыстық соттарының төрағалары өз өріптестерімен салыстырғанда анағұрлым озық тұрды. Ал Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан соттарының судьялары кәсіби біліктілігінің деңгейі недәуір төмендігін байқатты. Олардың екеуіне ескерту, ал үшеуіне қатаң ескерту жасалды. Облыстық және оған теңестірілген соттардың 363 судьясына лауазымына сай деп тапса, 16-сына ескерту, ал 18-іне қатаң ескерту жасалды. Бұлардың ішінде 2 судья сынақтан өте алмай, сүрінді.

Аудандық және оған теңестірілген соттардың 82 судьясы лауазымына сай екендігін көрсетсе, олардың 80-іне ескерту, 28-іне қатаң ескерту жасалды. Осы ең төменгі буындағы 49 судьяның аттестациядан өтпей қалуы комиссияның жоғары талапты мықтап ұстанғанын дәлелдесе керек.

— *Мәке, аттестациялау кезінде судьялардың ескерту және қатаң ескертулер алуы олардың болашақ қызметіне өз ықпал-әсерін тигізе ме?*

— “Ішшәй” деген кімге жақсы? Олардың қызмет бабында жоғарылауына тиісінше кедергі қояды. Белгілі бір дәрежеде лауазымының төмендетілуі де мүмкін. Жалпы, аттестация — судьялар айнасы десе болғандай.

— *Өмірдің ащы-тұщысын көп көрген дуалы ауызды қарияларымыз әлі күнге дейін дастарқан басында “Қаңғырған оқтан сақта, паракор соттан сақта!..” деп жүр. Бұған бүгінгі күні қандай негіз бар?*

— Өкінішке орай, аузынан шыққан антын ұмытып, өзгенің ала жібін аттайтын араны ашылған судьялардың арамыздан аракідік болса да ұшырасатыны рас. Қара қылды қақ жарар өділдік таразысының басында отырған мұндай қазысымақтарға не дауа, не шара? Ата-бабамыздың: “Өзің диуанасың, кімге пір боласың” деген қанатты мәтелі осындайларға арналып айтылғандай ма деп қаласың. Бір ғана мысал, Павлодар облысы, Шарбақты аудандық сотының судьясы Қадырбек Айболатов жемқорлармен жең ұшынан жалғасып, қылмыскерлермен ауыз жаласқан. Ремейко деген қылмыскерді “қамаудан босатып беремін” деп екі ортада ара ағайындық жасаушы Роот дегеннен “Голдстар” теледидарын параға алған. Жасырып, жабары жоқ, осы тақылеттес іс-әрекеті үшін сотталып, елдің бетіне қарай алмай қалған бұрынғы судьяларымыз да аз емес. Мұндайда: “Май сасыса тұз себеді, тұз сасыса не себеді?” деген сөз көкейімізге оралып жатады. Сондықтан да қари-

яларымыздың дуалы аузынан әлгі мәтелдің шығуы тегін емес қой.

— *Шындық қашан да ащы. Сіздің алдыңыздағы Жоғарғы Сот төрағасы Михаил Малаховтың үстінен қылмысты іс қозғауға Бас прокурор кезіңізде рұқсат бердіңіз. Соған орай, жүргізілген тергеу нәтижесі де жұртшылыққа белгісіз болып қалды. Қазіргі күні сол бұрынғы төрағаның қайда жүргені туралы алыпқашты өңгіме көп. Бұл туралы не дер едіңіз?*

— Республикалық Жоғарғы Соттың судьясы Өтеген Ихсановтың “ірі мөлшерде пара алды” деген арызы бойынша Малаховтың үстінен қылмыстық іс қозғалып, тергеу жүргізілгені рас. Соңғы сөзді қашан да сот айтады ғой. Күні бұрын байбалам салып, байлауы жоқ қисынсыз пікір айту орынсыз деп білемін. Жалпы, Михаил Малаховтың үстінен қозғалған қылмысты іс бойынша кінәлі не кінәсіздігін тек сот үкімінен кейін ғана айтқан жөн. Енді оның қазір қайда жүргеніне келсек, мұны тиісті тергеу орындары анықтау үстінде.

— *Сот жүйесін реформалау қалай жүзеге аспақ?*

— Соңғы жылдары елімізде жүзеге асырылып жатқан құқықтық реформа өзінің ауқымы мен әлеуметтік мән-маңызы жағынан сонау Тәуке хан заманынан бергі үш ғасырдағы елеулі оқиғаға жатпақ. Бұл бағытта аз шаруа тындырылмағанын атап көрсеткіміз келеді. Қиындық та, кедергі де баршылық, үміт пен күдік те аралас. Көптеген заңымыз қабылданысымен-ақ уақыттан қалып қояды, қоғамдық қатынастардың буырқанған дамуына ілесе алмай, қайта өзгертулермен толықтыра түсуді қажет етеді. Өзіңізге белгілі, соңғы жылдары ғана екі Конституция қабылданды. Соған орай, басқа заңдарымыз да, нақтылай айтар болсақ, қоғамдық бірлестіктер туралы, сайлау туралы, еркін экономикалық аймақтар құру туралы заңдар екінші қайтара қабылданды. Бірқатары ескірді. Соның бірі — бұқаралық ақпарат пен баспасөз туралы заң. Ал зейне-

тақы туралы заң толықтырулар мен өзгертулерді ғана емес, мүлдем жаңасын қабылдауды талап етті. Сот қараған әр ісінде айыпталушының белгілі бір заңды қаншалық бұзғанын, одан келтірілген моральдық және материалдық шығынды анықтап барып, қорытынды шығарады. Бұл үшін заңдарымыз тайға таңба басқандай айқын әрі өркениеттілік талаптарына толық жауап беріп жатса ғой. Әрбір нормативтік актіні қолданудың құқықтық тәжірибесі көптеген қиындықты алға тартады. Ол заң шығарушылардың да назарын аударуын, сот шешімін де, сонымен қатар ғылыми тұрғыдан ой елегінен қайта өткізуді де талап етеді. Күрделі емес пе?! Бұған мысал үшін қабылданған соңғы Конституциямызды-ақ алайық. Оның 4-бабының 2-тармағында былай деп жазылған: “Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады”. Осы аталмыш баптың 3-тармағы: “Республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады”. Кең құқылы мемлекеттерде Конституция нормаларының тікелей қолданысқа көшуі әдеттегі үйреншікті жайт. Ал бұған дейінгі қалыптасып, сүйекке сіңген дәстүр бізде ұмытыла қойған жоқ. Кез келген заң қабылданардан бұрын партияның үлкенді-кішілі жиындарының алдынан өтіп, ондағы айтылған Бас хатшының сөзінен бастау алатын. Қай заңды алсаң да тікелей қолданысқа көшпей, оның соңын ала шыққан үкімет қаулысы мен жарлығын күтетін еді. Министрліктер мен салалар заңды бір шетке елеусіз қалдырып, үкімет жарлығы негізінде оны қалай қолдану тәртібі туралы нұсқауды талдап, екшеумен бар істі біттіге санайтын. Мемлекеттік ұйымдар мен мекемелер үшін осы нұсқау негізінен құқықтық акт ретінде қалатын. Тек құқық қорғау және сот органдары материалдық және іс жүргізу

құқықтары кодекстерінің нормаларын тікелей қолдануға тиіс болса, бүгінгі өмір барысы көрсеткеніндей, біздің судьялар жаңа Конституцияның 4-бабының екінші тармағында сүрінді. Ол ешкімді де ештеңеге міндеттемейтін тек саяси мәлімдеме (декларация) ғана. Негізгі заңды тікелей қолданысқа алатын сот практикасы қағажу қалған. *Бұл мәселе өткір қойылуда. Бұған нақты бір мысал. Негізгі Заңның 33-бабының 4-тармағында:* “...Мемлекеттік қызметшінің жасы алпыс жастан, тек ерекше жағдайларда алпыс бес жастан аспауға тиіс” деп белгілейді. Ал Елбасының заң күші бар “Мемлекеттік қызмет туралы” Жарлығының 22-бабында мемлекеттік қызметші жасының алпыстан аспауы туралы айта келе әлгі “ерекше жағдайларда” дегенге біршама түсінік береді. Онда ол хақында: “Кәсіби деңгейі жоғары адамдарға әрі олардың жұмыс қабілетін ескеріп, тиісті мемлекеттік органның басшысы мемлекеттік қызметте болуының мерзімін ұзартуы мүмкін, бірақ бұл мерзім бес жылдан аспауға тиіс” делінген.

Осы норманы тікелей басшылыққа алған министрліктер, мемлекеттік комитеттер, салалар мен басқару органдары жер-жердегі осы шекті жасқа жасы жеткен қызметшілерін қызметтен босатып, зейнеткерлікке шығара бастады. Ал жекелеген аудандық соттар Конституцияның жасты шектеу туралы тәртібін өз жайына қалдырып, мемлекеттік қызметшілерді бұрынғы лауазымына қайта отырғызуға үкім шығарса, ал оны қайта қараған жоғары орындар да еш өзгеріссіз күшінде қалдырды. Мұның керісінше жағдайлары да ұшырасты. Қызметке қайта орналастыру туралы талап-арызды аудандық судьяның қабылдамай, ал оны қарайтын жоғары орындардың бұл шешімді өзгерткен жағдайы да кездесті. Нәтижесінде, талап-арыз қанағаттандырылып, шағымданушының пайдасына моральдық шеккен зардабы үшін едәуір қаржы өндіріліп берілді. Мұндай-

да бірқатар қазылар “Мемле-кеттік қызмет туралы” заң күші бар Елбасы Жарлығының 33-бабының 2-тармағын басшылыққа алды. Онда: “Жарлықтың күші бұрын зейнет демалысына шыққан адамдарға, сондай-ақ осы Жарлық күшіне енген сәтте мемлекеттік қызметте тұрған зейнеткерлерге қолданылмайды” делінген.

Қалыптасқан мұндай күрделі құқықтық жағдайда қызметшіні жасы жетуіне байланысты қызметінен босатқан мемлекеттік органдар басшылары мен жекелеген сот органдарының қызметкерлері арасындағы осынау принципті дауды тек Жоғарғы Сот қана шешеді. Осы аса маңызды өміршең мәселені жауап беруші орындар өкілдері мен бұқаралық хабар тарату құралдарының ғана көтеріп, ал заң жобаларын дайындаушылар мен құқықтанушы ғалымдардың одан сырт қалатыны мен үшін түсініксіз-ақ?! Жоғарғы Соттың бұл күрделі мәселені шешу барысында бұған дейінгі қалыптасқан бірқатар жағдаймен санасуына тура келетін сияқты. Жасқа шек қоятын Конституция тәртібі қабылданған кезде, баршамызға белгілі ер кісілер үшін зейнетке шығу жасы 60 еді ғой. Енді басқаша. Зейнетке шығу жасы өсе түсті, осыған байланысты жаңа мәселенің туындауы мүмкін. Конституциядағы “ерекше жағдайда” деген ұғым мен Жарлықта нақтылана түскен “кәсіби деңгейі жоғары адамдарға әрі олардың жұмыс қабілетін ескеріп” түсінігі алуан ой-пікірге жетерліктей. Қызметкердің жұмыс қабілеті деңгейін қалай анықтауға болады? Жұмыс кезінде атқарған ісінен бе әлде уақытпен санаспай, демалыс, тіпті, мереке күндерінде де шаруадан бас алмайтындығымен бе?! Искерлікті бізден әлдеқайда жақсырақ түсініп, айыратын Батыс әлемінде тиісті жұмыс уақытынан артық істеуші қызметшіні қабілетсіз адам деген пікір нық қалыптасқан. Өзіңіз-ақ ойлап көріңізші, аса қажетті демалыс уақытын құрбандыққа шалған адам ертеңгі қызметі үшін тиісті жұмыс

қабілетін қалай қалпына келтірмек? Конституцияның осы аталмыш нормасын қолдану құқықтық тұрғыдан алғанда тағы басқа да көптеген түсініксіздік туғызуы ықтимал. Соның бірі — басшысы үшін сүйкімсіз де ыңғайсыз, адал, принципті, білікті қызметкерден құтылу үшін мүмкіндік берерін де естен шығармаған жөн. Мұндай шешімді Жарлық мәтінінде атап көрсетілгеніндей, енді мемлекеттік органның басшысы жеке дара қабылдай алады, бұрынғы тәртіп бойынша кәсіподақ ұйымымен ақылдасатын. Мұндай бір жақты шешім адам құқын бұзудың заңдық көзіне айналмас па екен?!

Міне, заңдарымыз бен нормативтік актілеріміздің осындай “қызығы” мен “шыжығын” сот органдары өзінің күнделікті қызметінде кездестіріп, ашылытұшылы дәмін татып көруде. “Сөз түзелді, тыңдаушым, сен де түзел!” деп Абай айтпақшы, бізге жиі-жиі толықтырылып, өзгертіле беретін шикілі-пісілі әлжуаз заңдар емес, өркениеттілікке негізделген тұрақты жұмыс істейтін заңдар қажет. Сот жүйесін реформалау осы аталмыш заңдарымыздың қаншалық тұрақтылығы мен өміршеңдігіне тікелей байланысты. Заң тұрақтап, уақыт талабына сай келмей, қазылардан жоғары кәсіби деңгей күту де қиын.

— *Жоғарғы Сот басшылығына екінші қайтара келдіңіз. Бұған келісім беруіңіздің себебін ашып түсіндірмес пе екенсіз?*

— Еңбек жолымды Талдықорған облысының мәдени-ағарту мекемелерінде бастағаныммен, заң органдарында қызмет еткеніме ширек ғасырдай уақыт өтіпті. Соның ішінде халық судьясы, облыстық адвокаттар алқасының мүшесі, Әділет министрлігінде, кейінгі жылдары Жоғарғы Сот төрағасының бірінші орынбасары болып қызмет еттім. Ойлап қарасам, осынау саналы өмірімдегі қызметімнің дені сот жүйесінде өткен сияқты. Жоғарғы Сот төрағалығына Елбасымыз менің кандидатурамды ұсынғанда осы жағын ескерген шығар деймін.

— Қазір өндіріс орындарының көптеп тоқтауынан ба, жұмыссыз қалған халықты қаптаған қара базардан көруге де көзіміз үйренді. Көбі — алыпсатарлар. Егер сатушы мен алушының арасында дау туғызардай келіспеушілік бола қалды делік, яғни тұтынушы құқы бұзылса, оның талап-арызын сот қарай ма?

— Қарағанда қандай! Жалпы алғанда, тұтынушылар құқығын қорғау Қазақстан Республикасының Азаматтық, Әкімшілік тәртіпті бұзушылық кодекстері мен тағы басқа да заң актілерінде қарастырылған. 1992 жылғы 26 маусымда “Тұтынушылар құқығы туралы” Заңға енгізілген өзгертулер мен толықтыруларда да бүгінгі нарықты қатынас кезеңінің сауда-саттығы мен тәртібі біршама ескерілген деуге болады. Соған сәйкес, кез-келген тұтынушының сотқа берген талап-арызы бойынша іс талапкердің немесе жауапкер тұратын ауданда болмаса залал келтірілген жерде қаралады. Бұл осы аталмыш Заңның 20-бабының 1-тармағында айқын көрсетілген. Ал соттардың АІЖК-нің 129-бабының 7-тармағына сүйеніп, тұтынушылардың құқығы бұрмаланған істі өзінде қарауға болмайды деп, талап-арызды қабылдаудан бас тартуына негіз жоқ. Өйткені, осы аталған Кодекстің 118-бабында талапкердің ісі қарауға тиісті соттар арасынан ол өзінің көңілі түскен бірін қалап алуға толық хақылы. Бұған қоса берілген талап-арыздың қаралуға жататындығын дұрыс сақтау мақсатымен, кей жағдайда соттар нотариустың орындау жазбалары немесе лауазымды адамның нотариалдық әрекет жасауына өкілеттілігі негізінде істің ешбір даудамайсыз да қаралатынын ескерген жөн. Ал, керісінше, егер орындау жазбаларын алудың мерзімі өтіп кетті делік, онда оған қажетті құжаттар жеткіліксіздік етсе, орындау жазбаларын реттеп беруден бас тарту, онымен де келіспеушілік себебі туындаса, мүдделі жақтардың сотқа тікелей арыздануына болады. Бұған қоса тағы айтарымыз, мұны місе тұтпаса, осы Заңның 13-бабының 1-бөлімінде және

20-23-баптарында тұтынушылар мен олар құрамына енетін қоғамдық ұйымдардың талаптарын алдын ала соттан тыс шешудің тәртібі де белгіленген. Егер сотқа арызданған тұтынушы істі шешудың тәртібін дұрыс сақтамаса әрі осындай себеп-салдарға жол берілсе, судья АІЖК-нің 129-бабы, 2-бөлімінің 2-тармағына сәйкес шағым-арызды қабылдаудан бас тарта алады. Сондай-ақ белгіленген арыз беру мерзімінің өтіп кетуі Конституцияның 13-бабындағы әр азаматтың заңға қайшы келмейтін құқық субъектісін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы екендігі және өзіміз талдап отырған Заң кепілдік ететін сотта тұтынушыны қорғаудан жалтаруға жол бергізбейді. Сот іс қарағанда мұның бәрі жан-жақты жете ескерілуі тиіс деп білеміз.

— *Пайдакүнем сатушылар уақыты өтіп кеткен ақаулы, кей-кейде денсаулығына зиян келтіретін бұйымдар мен азық-түлікті білдірмей сатып жіберетін жағдай ұшырасып қалып жүр. Мұның өтемі қандай, мұндай жағдайға ұшыраған сатушының құқығын сот қалай қорғайды?*

— Сот талап-арыз бойынша іс қарағанда ақауы бар тауар, өнімді өткізгені үшін жауап беру мәселесін шешерде бұл жөніндегі заңдар мен заң актілеріне сүйеніп, шарттағы көрсетілген мерзімді тікелей басшылыққа алады. Ондағы көрсетілген мерзім ішінде тауар, өнімнің жарамдылығы қалпына келтірілуі қажет. Олай болмаған жағдайда, яғни тауар, өнім сапасында өзгеріс байқалмаса, сатушы заңның (“Тұтынушылар құқығы туралы”) 14-бабының 2-тармағын басшылыққа алып, жіберілген кемшілікті түбегейлі жоюы үшін тауар, өнімінің бағасын мөлшерлеп кемітуі тиіс. Әйтпесе, талапқа сай сапалы тауармен ауыстырып, зиянның орнын толтыруы қажет. Тұтынушы зат сатып алған жерде сауда ұйымының өкілі болмаған жағдайда, бұйымның ақаулығы жөніндегі актіні сауда ұйымының атына немесе өкіліне жолдайды. Ол сотта аталмыш Заңның 14-ба-

бының 8-тармағымен реттеледі. Осыған сәйкес сатушы алған тауар (өнім) ақауын анықтау мен қайта жіберуге жұмсаған барлық шығынның орнын толтыруы міндеттеледі. Сатушы немесе тауарды жасаушы (оның өкілі) ақаулы өнімін қайта қабылдап, оны ауыстырып беру жөніндегі тұтынушының талабын толық қанағаттандырады. Оның орындалуын тексеру қажеттігі туса, ол шара 14 күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады. Аталған Заңның 14-бабының 4-тармағы сатушы мен сатып алушы арасындағы дауламайды нақты іс жүзінде осылайша реттейді. Егер ақаулы тауарды сол мерзімде ауыстыруға ондай бұйым болмай қалса, бұл үшін қосымша тағы екі ай уақыт белгіленеді. Осы көрсетілген мерзімді бұзған әр күн үшін сатушы немесе сауда ұйымының өкілі тұтынушыға ауыстырып берген тауарына қоса, оның құнының бір пайызы көлемінде айыппұл төлейді.

Ал енді азық-түлік сапасына қатысты сауалға келейік. Қай жерде болса да азық-түлік сататын сауда орындарын арнайы тексеруден өткізіп, сапа мен тазалық деңгейін үнемі бақылап, қадағалайтын санэпидстанса бар. Олар өз саласы бойынша ешқандай да өрескелдікке жол бермеуге тиіс. Егер тексеру барысында заңды бұзушы табыла қалса, комиссия азық-түліктің жарамсыздығын, сауда орнының бес метрлік аумағында санитарлық-гигиеналық тәртіптің бұзылғанын, тиісті құжаттардың (жарғы, рұқсат қағаз, патент, т.б.) бар-жоғын өз қаперіне алады. Ал сапасыз өнімнен келтірілген шығын мен оған қатысты жауапкершілік мәселесі сол азық-түліктің құрамы, өндірілуі дан-жақты зерттелген соң шешіледі. Мұнан басқа да себеп-салдардан азаматтар өмірі мен денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген зиян Заңның 15-бабының 1-тармағына сәйкес қаралып, толық өтеледі.

Осы істі сот қарау үстінде мына жағдайға назар аударуы тиіс: аталмыш Заңның 20-бабының 3-тармағы бойынша тұтынушы талабын қанағаттандыру

барысында талап-арыз құны көлемінде бюджет кірісіне сатушыдан (не сауда ұйымы өкілінен) немесе орындаушыдан айыппұл өндіріп алу мәселесін де шешуге тиіс. Ондай құқық бұзушылыққа салынған айыппұлдың 70 пайызы мемлекет бюджетіне, қалғаны тұтынушылар қоғамының есепшотына аударылмақ. Азаматтардың өмірі мен денсаулығына немесе мүлкіне залал келтірілсе, айыппұл көлемі жоғарыда аталған Заңның 20-бабының 4-тармағы бойынша азық-түлік өнімін өткізген кездегі арыз құнының бес есе көлемінде, ал өнеркәсіп тауарларын өткізіп, қызмет көрсетуде жіберген кемшіліктері үшін үш есеге дейін ұлғайтылады. Өтем осылай қайтарылып, одан соң барып дайындаушы мен сатушы қоса жауапқа тартылады. Мұнан соң өмірі мен денсаулығына, мүлкіне залал келтіретін сапасыз да зияны мол өнім, тауарды өндіріп көрсін, ал пайдакүнем сатушы оны сатып көрсін?! Зиянды да сапасыз өнім мен тауар өндіріп, сатуға “Тұтынушылар құқығы туралы” Заңды табанды түрде батыл қолданып, біржола берік тосқауыл қоюға болар еді.

— *Ендігі соңғы сауал бағаға қатысты. Мемлекеттік кесімді баға бар, сонымен қатар, жеке меншік иесі де тауарына өзінше баға қойып жатады. Бұған көзқарасыңыз қандай?*

— Жалпы саудаға түсетін тауар мен бұйымдарға, азық-түлік өнімдеріне кесімді бағаны мемлекет қояды. Мұнымен тікелей Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитет шұғылданатынынан хабарыңыз бар шығар. Бағаның барысын осы аталмыш комитеттің жер-жердегі аумақтық бөлімшелері қадағалап, реттейді. Осыған қатысты сотта іс қаралса, оған тауардың қауіпсіздігіне бақылау жасайтын мемлекеттік органдар, атқару органдары, мемлекеттік стандарттау, санэпидтік қадағалаушы басқа бірқатар ұйымдар қатысып, оның барысында анықталған кемшіліктер мен жіберілген олқылықты түзетуге мүдделі. Ол АІЖК-ның 23 және

32-баптарында нақты көрсетілген. Таразыдан кем өлшеп, есеп айырысуда артық алу — қылмысқа жа-тады да, Қылмыстық кодекстің 166-бабына сәйкес ондай іс-әрекетке барған сатушылар жауапқа тарты-лады. Сот қараған істерде мұндай келеңсіз жағдай-мен айыпкерлер орындығына отырған сатушылар аз емес.

Жалпы, сауда-саттықта адалдық қажет-ақ. Баты-стың дамыған елдерінде сатушы аса сыпайы, адал қызмет етеді. Өзі сататын тауардың қай кәсіпорыннан шыққанын, сапасы мен кепілдігін, қалай қолданып, сақтау тәртібін, ақауы болса іле өтем төлейтінін ас-қан мүдделілікпен жариялап, қалауыңыздан шығу-ға тырысып-ақ бағады. Әлгі таразыдан кем өлшеу, есеп айырысуда артық алу секілді жағымсыз іс-қылықтардан ада, ойларына кіріп те шықпайды.

Әрнені Батыспен салыстыру әдетке айналды ғой. Біздің сатушыларымыз батыстық әріптестерінен осы-нау қасиеттерін үйренсе көп нәрсені ұтар еді. Әр са-тушы өз тұтынушысына әдеп пен адамгершілік та-нытуға міндетті. Егер оның нормаларын сақтамай бұрмаласа, яғни тұтынушы намысына тисе, ол “Тұты-нушы құқығы туралы” Заңның 8-бабының 7-тарма-ғына сәйкес, көптің көзінше жәбірленушіден кешірім сұрауы тиіс. Жәбірленушінің бұл заңды талабы орын-далмаса, ол өз құқығын қорғау үшін сотқа, не өкімшілік комиссиясына арыздануға хақылы.

— *Салиқалы да байыпты әңгімеңіз үшін қалың оқырман атынан алғысымызды білдіреміз.*

РЕФОРМА ӨРІСТЕП, СОТ ЖҮЙЕСІ ЖЕТІЛЕ БЕРМЕК

— *Мақсұт Сұлтанұлы мырза, Президенттің “Қазақстан Республикасындағы соттар және судья-лардың мәртебесі туралы” Конституциялық заң күші бар Жарлығының шыққанына да бір жыл болып қалды.*

Осы құжаттың сот реформасын жүзеге асырудағы шынайы орны қандай?

— Республикамыздағы сот корпустары бұл құжатты шын ықылас қоя үлкен түсінікпен қабылдады. Өзінің кемшілдіктеріне, әлі де болса кейбір тұстарында айтатын нәрселердің жетпей жатқандығына, кейбір ережелерінің Конституцияға сай келмейтіндігіне қарамастан, бұл сот жүйесін реформалаудағы үлкен қадам болғандығы даусыз. Судьялардың нақтылы мәртебеге ие болуы биліктің бір тармағы болып есептелетін сот жүйесінде істердің жандана түсуіне, беделінің артуына кең жол ашқан секілді. Судьялардың даралығы, әділ сот билігін жүргізетін кезде ешкімге бағынышты емес, тәуелсіздігі, ұзақ мерзімге сайлануы, өлеуметтік-экономикалық жағдайының мемлекеттік өзге құрылымдарындағы мамандардан жоғарылығы бұл істің аса бағалы да құрметті екендігін көрсетеді.

Республика судьялары тұңғыш рет аттестациядан өтіп, тұрақты судья дәрежесіне жетті, ал судьялыққа кандидаттар тестілік әдіспен кәсіби емтихан тапсырып, Біліктілік Әділет комиссиясы мен Жоғарғы Сот Кеңесінің талқысына түсті, ақырында судьялық міндетке Президенттің өзі тағайындауы судьялардың тәуелсіздігін дәйектілей түсетін күшті құқықтық механизмге айналдырды. Әділ сот билігін жүргізу үшін судьялар өздерінің білім деңгейін тексеріп, теориялық жағын тәжірибемен ұштастыруға бет бұрды.

Әрине, осындай сынақ тұсында білім деңгейі төмен, көп ізденбейтін судьялар кетті. Бірақ олардың орнына сот жүйесіне алғыр да батыл жаңа толқын келіп қосылды.

Осылайша құқықтық-сот реформасындағы басты кезең — сот корпусын қалыптастыру аяқталды деуге болады. Енді іске кірісу ғана қалды. Ал жұмыс жеткілікті.

— Съезд қарсаңында Жоғарғы Сот құрамында өзгерістер болды ма?

— Республика Президентінің ұсынысымен Парламент Сенаты Жоғарғы Сот мүшелерін сайлағаны белгілі. Міне, осы тұста Жоғарғы Сот құрамына судьялық, прокурорлық-тергеушілік тәжірибесі жеткілікті, заң саласында істеген, білімі мол жаңадан 14 судья сайланды.

— *Әділ сот билігін жүргізген кезде ақтаушы мен айыптаушы жақтардың, яғни адвокат пен прокурордың тең құқықтығы сақтала ма?*

— Процесс кезінде жақтардың тең құқығы және істің, екі жақтық алма-кезек айтыс түрінде жүргізілуге тиіс конституциялық принципін жүзеге асыру үшін адвокаттың шағымы және прокурордың наразылығы бойынша қадағалау ретінде қаралатын іс кезіндегі қазірге дейін қалыптасып келген теңсіздікті жою жолында елеулі өзгерістер енгізу керек. Ондай мәселе сот реформасының басты бір бөлігіне жатады.

— *Жалпы республика көлемінде тіркелген қылмыстардың 40 пайыздайы ғана сотқа келіп түседі екен. Солардың өзі әділ шешімдерін тауып жатыр ма?*

Соңғы бір-екі жыл көлемінде республика соттары жыл сайын 250 мыңдай қылмыстық, азаматтық, шаруашылық және әкімшілік істерді қарап отырған. Сот корпусының толық қалыптасып болмағанына қарамастан, соттар өздеріне тапсырылған жұмыстарды, яғни істерді қарап, оларға сай шешімдер мен үкімдерін дер кезінде шығарып отырды. Дей тұрғанмен, құқық органдарымен және құзіретті министрліктермен өткізген кеңесте Президент қылмыспен күресу ісіне толық қанағаттанарлық баға бере алмайтындығын айтты. Әсіресе, ауыр қылмыс арта түсуде. Коррупция мен ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес нақты нәтижелер бермеуде, оның ішінде экономикалық қылмыстың шеңбері кеңейіп барады. Маскүнемдікпен, нашақорлықпен, жұмыссыздықпен, оқуды тастап кетіп, бос жүруден жасалған қылмыстар күн сайын етек алуда. Олардың ішінде

қылмыстың көпшілігін бұрын сотты болғандар жасайды.

— Мәке, осы айтып отырған қылмыс түрлерін нақты мысалдармен айта аласыз ба?

— Неге болмасын. Жоғарыда айттық қой, қылмысты деп тергеуге түскен істің 40 пайызы ғана нақтылы тергеуден өтіп, дайын күйінде сотқа жетеді, қалғаны тергеліп бітпеген күйінде қала береді. Биылғы жылдың 10 айында 152 мың қылмыс тіркелген. Бұл өткен жылғы осы уақыттағыдан 2 пайызға кем, яғни сотталған адам 10 пайызға аз деген сөз.

Бұл соңғы кездері құрылып, іске кірісе бастаған МТК, бұрыннан жұмыс істейтін ПМ және Әділет министрлігі секілді үш тармақ ведомство жұмысының өлі де жетіле қоймағандығын көрсетеді. Құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасында атап көрсетілгеніндей, бұл салалардың жұмысын жандандыра түсуді өлі де болса шындап қарастыру керек екендігін аңғартады. Қылмыс пен оны жазау туралы неғұрлым нақтырақ мәлімет алу үшін ақпарат беріп тұратын бір орталық ұйымдастырған жөн. Әйтпесе, жаңағы айтып отырғанымыз толық мөнді нақты мәлімет емес.

— Әділ соттың негізгі қағидасы қылмысқа тағайындалған жазаның заңдылығы мен негізділігі дейміз. Олай болса судьялар басты назарды неге аудару керек?

— Жедел түсіп жатқан мәліметтерге қарағанда, республика бойынша қылмыскерлерге тағайындалған жазаның біршама қатайып бара жатқанын көреміз. 9 ай көлемінде қаралған істің 45 пайызы бойынша қылмыскерлер бас бостандықтарынан айырылған. Бұның — ауыр қылмысқа байланысты екені аян. Мәселен, Алматы, Шығыс Қазақстан облыстарындағы бұл көрініс 50 пайыз болып отыр. Екінші жағынан мұндай жаза Ақмола, Павлодар, Торғай, Батыс Қазақстан, Қарағанды және Қостанай облыстарында бас бостандығынан айыру жазасы 35 пайызды ғана құрайды. Ауыр қылмыстың етек алып бара

жатқанынан қарағанда, ол облыстарда да ауыр жаза аз болмауға тиіс еді.

Алайда, бас бостандығынан айыру жазасын тағайындауда пайыздық көрсеткішке көп әуестенбеу керек екенін облыстық сот төрағаларының ескергендері жөн. Пайыз қуушылық пен әділ сот билігі бір жерде тоқайласатын ұтымдар емес, қолданыстағы қылмыстық заң шеңберінде әділдік, заңдылық және негізділік керек. Ал тәжірибеде бұл басқаша болып шығуда.

Бірінші жарты жылдықта ауыр қылмыс жасаған адамдарға жеңіл жаза тағайындалғаны үшін 290 істің үкімдері бұзылған. Бұл санды облыстарға бөлетін болсақ, Ақтөбе облысында — 37, Қостанай облысында — 30, Батыс Қазақстан облысында — 22, Шығыс Қазақстан облысында да осындай, Алматы облысында — 18, Алматы қаласы бойынша — 25.

— Сот актілері бойынша келтірілген залалды, салынған айыпты, мемлекеттік баж және басқа да төлемдерді өндіру қалай жүргізіледі?

— Тек шаруашылық істері бойынша ғана жыл сайын 2,5 миллиард теңге өндіріледі екен. Алайда бақылаудың жоқтығынан мұндай қаржының мемлекет бюджетіне толық түсуін де сот орындаушысы, не банк мекемесі, не салық инспекциясы қамтамасыз ете алмайды. Солардың ішінде сот орындаушылары сот шешімін орындауда өз өкілеттілігін атқаратын нақтылық методикалық нұсқаулары болғандықтан, дәрменсіз күйде қалуда. Осындай жағдайларға байланысты сот шешімдері орындалмаған жағдайда айыпкердің мүлкін алып қою жолымен іске асыруды өзгерту мәселесін күн тәртібіне қою облыстық сот және әділет басқармасы басшыларынан басталуы керек. Әділет министрлігі дайындаған “Орындау өндірісі туралы” заң жобасы талқылануда — оның тезірек қабылдануын күтеміз.

— Аймақтық сот құру керек деген мәселе көтеріліп жүр. Сіз осыған қалай қарайсыз?

— Сот судьяларын Президенттің өзі тағайындап отырғанда, соттардың жергілікті атқарушы билікке бағынышты болмайтын Аймақтық соттың қажеттігін дәріптеген пікірді мен қолдамаймын.

Өйткені, Конституцияға қарайтын болсақ, сот істері жүйесіндегі ең жоғарғы орган Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты болып табылады. Оның қызметі мен Жоғарғы Сот Кеңесінің тікелей бақылауында болады делінген. Олай болса, Жоғарғы Сотқа теңестірілген Аймақтық соттар құру мәселесі өлі өзір іске аса қоймайды. Ол үшін Ата Заңымызға өзгерістер енгізуіміз керек.

Егер реформаға сай Жоғарғы Сот құрамын жетілдіре түсу керек болса, Жоғарғы Сот алқаларының негізінде Апелляциялық сот, ал Жоғарғы Сот Президиумы негізінде Жоғарғы Сот құрған жөн. Ол тек қана барлық сот сатыларын — инстанцияларын қадағалап отыруы керек. Әрине, бұл қазірше ойдағы пікір, ол болашақтың ісі.

Міне, осындай өзекті мәселелердің көпшілігі ертеңгі сот судьяларының съезінде сөз болып, нақтылы ұсыныстар мен пікірлер айтылады, одан тиісті нәтиже шығарамыз деп ойлаймын.

— *Мақсұт Сұлтанұлы, әңгімеңізге рахмет. Реформаны одан әрі өрістетіп, сот жүйесін жетілдіре берулеріңізге тілектеспіз.*

АҚИҚАТ ЖАЛҒАНДЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙДІ

— *Қоныс тойыңыз құтты болсын, Мақсұт Сұлтанұлы! Қазақстандықтар Сізді көрнекті заңгер, сот органдарының реформаторы ретінде біледі. Өзіңіз туралы, өмірбаяныңыз туралы қысқаша айтып берсеңіз.*

— Мен ауылда, Талдықорған облысында туып өстім. Әкем 1942 жылы соғыста мерт болды. Қабірін тек 1979 жылы іздеп таптық. Өзім әжемнің қолында

тәрбиелендім. Екі ұл едік, бауырым ерте қайтыс болды. Әкем де, мен де отбасында жалғыз болыппыз. Ал менің отбасым, бақытыма қарай, үлкен — үш ұл, үш қызым бар. Әйелім жеңіл өнеркәсіп инженер-технологы, тұрмыстық қызмет көрсету саласының маманы. Мен ҚазМУ-дің заң факультетін, Ғылым академиясы Философия және құқық институтының аспирантурасын бітірдім. Үстіміздегі жылы Ресей академиясында докторлық диссертация қорғадым.

Докторлық диссертациямның тақырыбы — көмелетке толмағандар арасындағы қылмыс жасаушылық. Мені балалар проблемасы, олардың болашағы ерекше толғандырады және алаңдатады. Балалар арасындағы құқық бұзушылық — өте нәзік әрі қиын мәселе. Қазір көптеген балалардың қараусыз жүргенін, дәлірек айтқанда, олардың көптеген проблемалардың қалқасында қалғанын білесіздер. Сондықтан мен осынау бетбұрыс кезеңде қоғам өмірінің бұл саласын назардан түсіріп алмауымыз қажет деп ойлаймын. Біз балалар мәселесімен түбегейлі айналысуымыз керек. Менің осы саладан жазған көлемді монографиям докторлық диссертацияма енді.

— *Балаларға қатысты Сіздің алаңдаушылығыңыз Президенттің халыққа жолдауында да көрініс тапқан...*

— Дұрыс айтасыз, бұл проблема Президент деңгейінде де көтерілді. Ол шетелдік мамандардың көптеген сараптамаларына сілтеме жасай отырып, бұл проблеманың кейінге қалдыруды көтермейтінін атап көрсетті. Балалар нашақорлыққа тартылуда. Көптеген сот істері бойынша біз оның ерекше жылдамдықпен таралып бара жатқанын көреміз. Ол біздің балаларымызды жаман қылықтарға үйретуде. Бұрын олар балалар мекемелерінің мұқият бақылауында болушы еді. Олар октябриялар, пионерлер қатарына өтіп, көптеген зиянды әдеттерден аулақ болатынды. Қазірде құрылып жатқан көптеген партиялар қоғам өмірінің бұл жағын көрмегендей болады. Олардың

көбіне-көп шен, шекпендерге қызығатынын сезіп жүрміз.

— *Сіздердің астанаға көшіп келулеріңіз құқық қорғау органдарының жұмыс сапасын арттыруға ықпал ете ала ма?*

— Астананың Ақмолаға көшуіне байланысты бұл салада толық тәртіп орнайды деп тұжырымдауға бола қоймас. Бірақ, меніңше, билік саласындағы жемқорлық дәрежесінде оң өзгерістер болып қалар деп ойлаймын, оның бар екенін жасырудың қажеті не? Әр түрлі деңгейдегі билік басында тұрған адамдардың кетуі кейбір күмәнді байланыстардан арылуға себеп те болар. Жемқорлық дегеніміз — бұл түрлі таныстықтар, туыстық байланыстар. Ол қашан да біздің өмірімізді шайқалтады. Бірақ тұтас алғанда, бәрі де еліміздің экономикалық жағдайына байланысты болуға тиіс. Адамдардың тұрмысы жақсарып, барша жұрт еңбек етіп, пайдалы істермен айналысатын, заңға құлықты болса, әлбетте, жағдай оңалады. Қазір әрбір қазақстандық ауыр күндерді бастан өткеруде. Меніңше, өмір жақсарған шақта, қылмыскерлер туатын орта да азаяды. Тонаушылар, рәкеттер дегендер кімдер? Бір қызығы — олардың көбі ауылдардан келгендер болып жүр. Мұндай жағдай бұрын болып көрмеген. Ауыл адамы қашан да тыныш, құрметті адам саналатын. Енді тұрақты жұмысы жоқ мұндай жандар қалаға кетіп, әр түрлі қылмыстық элементтердің ықпалына түсуде. Сөйтіп, қылмыс дегеніңіз ұйымдасқан сипат алды.

Мемлекет халықтың әлеуметтік жағдайын тезірек жақсарту шараларын қолдануы тиіс. Бұған тәрбиелеу деңгейін арттыру, мәртебелі құндылықтарды құрметтеу қажеттігін, патриоттық сезімді күшейтуді қосыңыз.

— *Президентіміз құқық қорғау саласындағы кейбір қызметтің қылмыскерлермен ауыз жаласып жүргенін әлденеше мәрте ашу-ызамен айтқан еді. Бұл асыра айтылғандық емес пе?*

— Президентіміз тергеу органдарының кейбір қызметкерлері кейде қылмыстық өлеммен ауыз жаласып кететінін дұрыс айтып көрсетті. Біз милиция, тергеу комитеті салаларындағы жемқорлықтың өшкерелену статистикасы артып отырғанын көріп келеміз. Бірқатар судьяларды да осыларға қосуға болады. Халық олардың пара сұрайтынына ашу-ызалы. Сот сатыларында қашан да екі тараптың болатыны белгілі, сондықтан олардың қарым-қатынасын, өсіресе шаруашылық даулардағы қарым-қатынасты анықтау оңай емес. Бұл бір күрделі іс. Қылмыстық істерді қарау мұншама күрделі болмас. Бірақ мұнда да наразылық туып жатады. Мен сот саласында қанша дегенмен жемқорлық аздау ма деп ойлаймын. Ол әлі де кездеседі, біз бұл құбылысқа қарсы аяусыз күрес жүргіземіз. Менің Ақмолаға бірінші кезекте Жоғарғы соттың шаруашылық алқасын әкелуім де тегін емес. Бұл тактикалық тұрғыдан істелген шаруа. Судьяларға бақылауды босансытпау мақсатында Ақмолада басқа да бірқатар шаралар жүзеге асырылмақ. Ал бұл біздің ішкі тәртібіміз. Қатаң тексерулер жүргізілмек. Артық өңгімелер туындамауы үшін судьялардың өздерінде қорғау керек. Мен судьяның кабинетінде адвокаттың, басқа да түрлі іс қуушылардың ешқандай шаруасы болмауға тиіс деп есептеймін. Мынаны біліңіз, Жоғарғы соттың судьялары келушілерді қабылдаумен айналыспайды. Азаматтарды Жоғарғы соттың төрағасы мен алқа төрағасы ғана қабылдайды. Сондықтан тараптар өкілдерінің судьяларға кіруі орынсыз. Судьяның мантиясы таза болып қалуға тиіс.

— *Демократия қаншама көп болса, әрбір адам заңға соншама құлықты болады деп есептеледі. Жасыратыны жоқ, біз заңнан жалтаратындардың, оларды орағытып өтетіндердің саны өсіп бара жатқанына қайран қаламыз. Бұл қалай? Әлде біздің демократиямыз өзгеше ме, әлде жүйеміз басқаша ма?*

— Осы сіз айтып отырған құбылыстар құқықтық нигилизм аясында пайда болған. Кейбіреулер демократия шұжықтың көптігімен, жүгенсіздікпен өлшенеді деп ұғады. Демократия дегеніміз — бұл ең алдымен заңдылық екенін барша жұрт ұғынуы тиіс. Қоғамның міндеті — қолданыстағы заңның бәрін біліп қана қоймастан, оларды сақтау да керек. Бір жерде шеруге шығуға немесе бой көрсетуге тыйым салыныпты дегенді жиі естиміз. Ал біз парламентке, үкіметке өз ұсыныстарыңызды беріңіздер, барлығының да заңды болуына қол жеткізіңіздер дейміз. Тіпті біздің балаларымыз да заңдарды білуге тиіс деп ойлаймын. Мен заңды жалпағынан басып жүретін жоғары лауазым иелерін де білемін. Олар заңды жүзеге асырудың орнына, керісінше әрекет етеді. Мұндай құқық бұзушылардың арасында аудан әкімдері, тіпті облыс басшылары да бар. Әрбір азамат өзінің құқықтары мен бостандықтарын, өзінің міндеттерін білуі үшін адамдарға демократия нормаларын үйрету қажет. Егер сен бизнесмен болсаң — заңдарды біл, басқалардың құқықтарын бұзушы болма!

— *Сіз Конституцияға сілтеме жасайсыз. Ал адамдар әлеуметтік тұрғыдан алғанда бұрынғыдай қорғалмаған — оларды кәсіпкерлер, шетелдіктер именбестен жұмыстан қуады. Емделу үшін қорға ақша аудару керек, салық төлеу қажет, ауруханада дәрі-дәрмекті сатып алу керек. Осылар жөнінде шағымданушылар өздеріне қолдау таба ала ма?*

— Мен өзіміздің Конституциямыздың азаматтарға көптеген құқықтарды беретініне Сіздің көзіңізді жеткізуге тырысайын. Оның 40 шақты бабы адамға, азаматқа арналып, оларда бүкіл құқықтары қамтылған. Мұндағы қиындық сол — адамдар өздерінің құқықтарын білмейді. Кез келген адамнан оның Конституцияны оқыған-оқымағанын сұрап көріңіз. Оң жауап алуыңыз екіталай. Бас прокурор қызметінде отырғанымда Конституцияны арсыздықпен аяққа басқаны үшін бірнеше аудандық ірі басшыны лауа-

зымынан босатуға мәжбүр болдым. Мен мұнда Конституция туралы айтып отырмын. Ал мемлекет қабылдайтын басқа заңдар туралы не айтуға болады? Егер адамдар өздерін қорғайтын заңдарды жақсы білетін болса, сотқа қайырылатын азаматтардың қатары арта түседі деп ойлаймын.

— *Еліміздегі адам өлтіру секілді аса ауыр қылмыстар қатаң жазаланбайтын тәрізді. Оның тәркінін біз түсінеміз. Бірде сіздерді өте қатігез, өлім жазасын белгілеген үкімдерді көп шығарады деп айыптады. Мұсылман дүниесінде мұндай шешімдердің ауырлығын өз мойнына алатын шариғат соттары бар. Адам өлтірген екенсің — сен де өл. Шариғат соты — ерекше сот, ол жауласушы тараптарды татуластырып, толығымен өкінуді талап ете алады және ақтап шығады. Біздің республикада шариғат соты пайда болмай ма?*

— Егер бұған зәбір шеккен тарап келісетін болса, олар да кісі өлтірушіні тіпті сатып алуға барады. Біздің сот жүйеміз Еуропа сотына бағдарланған. Біз өзіміздің сот жүйеміздің құрылымын американдық сот жүйесінің құрылымына жақындатудамыз. Қараша айында Жоғарғы соттың бірнеше судьясы шариғат бойынша білім алу үшін Пәкстанға барады. Ол ислам университетінде өтеді. Ислам мемлекеті — Пәкстанда бір-біріне кедергі келтірместен, шариғат құқығы мен зиялылар құқығы қатар қолданылады. Шешендердің президенті Масхадов шариғат сотының өрекетін тергей бастады. Менің жеке пікірім: өзірше кісі өлтіргені үшін шектелген түрде өлім жазасын сақтау қажет. Біз бүгінде кісі өлтірудің өте қатігез сипат алып отырғанын, оның құрбаны адамдар тобы болып бара жатқанын көрудеміз. Өлім жазасына кесілгендер лагерін құрып, тіпті оларды теледидардан көрсету жөніндегі ресейліктердің ұсынысы адамға өмір бойы осы лагерьдің азабын тартқызатын адамгершілікке жат шара болып көрінеді. Мен сіздің де ізгіліктің жақтаушысы екеніңізді көріп отырмын.

— *Әрине, қан төгуді ешкім де жақтай қоймас.*

— Тәңір берген өмірді, тәңір ғана алуға тиіс. Ал мұны кісі өлтіруші қасақана, қатігездікпен жасаса ше? Сондықтан өзірше өлім жазасын тоқтатуға ертерек, бұл менің жеке пікірім. Ал мемлекет кісі өлтірушілерден тағы қалайша қорғана алады? Мен кез келген үкімнің ескерту, алдын алу қызметі болуы тиіс деп есептеймын. Қылмыс жасайтын адам өзінің қатаң жазаланатынын білуге тиіс. Кісі өлтірушілер — бүкіл қоғамның жауы, сондықтан, әсіресе қазіргі бетбұрыс кезеңде, әрине, шектелген түрде, кісі өлтіргені үшін өлім жазасы сақталуы қажет. АҚШ-та өлім жазасының орындалып жүргенін біліп отырсыздар.

— *Бізде кейбір қылмыстардың жазаланбауы өкінішті... Бізде қаншама дәлелдемелер керек болады. Сондықтан кейбір судьялар осынау осал тұсымызды пайдаланады.*

— Судьяның қателесуі бәрінен де қауіпті болады. Үкім бойынша біреулер ату жазасына кесіліп, басқалар кісі өлтірушілер болып шыққан жағдайларды білесіз. Қазақстанда да осындай бір жағдай болды. Құдайға шүкір, ол қайталанған жоқ.

— *Президентпен қарым-қатынасыңыз қандай? Ол Сізге қысым көрсетпей ме?*

— Барлық істердің шешілуінде менің өз өріптестерім секілді не бары бір ғана даусым бар. Төраға лауазымын ұйымдастырушы ретінде қарастыру керек. Мен Президентпен сирек кездесемін. Оның өзі Президент судьялардың сөзіне немесе Жоғарғы кеңесіне қатысатын кездерде болады. Нақты бір іс жөнінде Президент те, басқа да жоғары мемлекеттік шендер маған қайырылған емес. Дегенмен, едәуір төменгі деңгейдегі кейбір шенеуніктер ескі дағдылары бойынша Жоғарғы сотқа қайырылуды қалап тұрады. Мен жұмысымыздағы кемшіліктерді көрсеткен Президенттің талаптары, оның сот жүйесіне қатысты сыни пікірлері орынды деп білемін. Мұның, әсіресе, жемқорлық істерге көп

катысы бар. Сот шешімінің күшін жойғанмыз үшін көп сын естиміз. Республика бойынша алғанда шығарылған шешімдердің 4—5 пайызы ғана күшін жояды. Бұл қалыпты көрсеткіш. Судьялардың бірінші с'езінде Сот әдептілігі кодексі қабылданды. Ол адамдармен араласу тұрғысынан алғанда көп ретте судьяларды шектейді.

— *Сіз таяуда Қазақстанда сот өзінің 75 жылдығын атап өтеді дедіңіз, ежелгі даладағы сот жүйесінің элементтерін еске түсірдіңіз. Көптеген деректер билерді арам, жаман ойлы адамдар ретінде көрсетеді. Қазір біз олардың адал адамдар екенін білудеміз.*

— Тарихи фактілер мен түрлі аңыз өңгімелер бізге Абылай ханның серіктері болған Қазыбек бидің, Төле бидің, Әйтеке бидің керемет адалдығы туралы шындықты жеткізді. Бұлар XVIII ғасырдағы ірі мемлекет қайраткерлері еді. Олар өздерінің әділ, адал, риясыз қызметімен халықтың жадында сақталды. Олардың ең үлкені Төле би “Тура биде туған жоқ, туған биде иман жоқ” деп кесіп айтқан. Біз мұны тек халық бар, оның мүдделері бар деп түсінуіміз керек. Біз Жоғарғы сот ғимаратының жанына осы қайраткерлердің мүсінін орнатып, төменгі жағына халық құрметіне бөленген дана билеріміздің даналық сөздерін ойып жазбақшымыз.

МАНТИЯҒА ДАҚ ТҮСПЕСІН

— *Мақсұт Сұлтанұлы, Сіз демократияшыл басшысыз ба, жоқ өктем басшысыз ба? Сіз орындаушыларға тапсырма берерде оның нақты орындалуын талап етесіз бе, әлде тапсырмаға қатысты осы адамның пікірін біліп аласыз ба?*

— Жоғарғы сот алқалық тәртіппен жұмыс істейді, сондықтан қалаңыз-қаламаңыз, демократияшыл басшы болуға тиістісіз. Ал, біз, Жоғарғы соттың мүшелері сот істері жөнінде жөне мәртебеміз бой-

ынша да тең дәрежеде әрекет етеміз. Сол себепті бұл жерде менің өктемдік көрсетуім оғаш әрі әдеттен тыс болып көрінер еді. Бірақ жұмысты ұйымдастыру тұрғысынан алғанда, менің нұсқауларым мен өкімдерім мұқият бақылауда болады, мен олардың мүлтіксіз орындалуын талап етемін. Біздің республикада жоғары сот сатысының басшысы, сөзсіз, ұйымдастырушы болуға тиіс, ол кадрлар үшін, бүкіл жүйенің қаражатпен қамтамасыз етілуі, Жоғарғы сот мүшелерінің қауіпсіздігі үшін жауап беруі тиіс. Ал бұл мәселелер босандықты көтермейді.

— *Өзіңізбен бірге жұмыс істейтін судьяларға қандай талаптар қоясыз?*

— Талап біреу ғана — ең ұсақ мәселелердің өзінде заңдылықты сақтау. Тіпті бар жағдай анықталғанның өзінде, заң бойынша әлде бір қосымша тергеулер жүргізу қажет болады. Заң — өте нәзік нәрсе, тіпті кейде оны жақсы ниетпен сәл өзгертсең, бұдан былай саған сенім болмайды. Және біз судьялардың бірінші сөзінде қабылдаған “Судья өдептілігі кодексіне” сай болу керек. Мұның республикамызда судьялардың беделі ақсап тұрған қазіргі шақта ерекше маңызы бар. Бұған қатысты халық пікірінің орынды екенін мойындау керек. Процестің нәтижесіне ашық мүдделілік білдіретін, пара алуға бейім тұратын судьялар да бар. Лас қолды судьялар жеке-дара кездескенімен, барлық судьялардың атына дақ түседі. Судьяның қателесуге құқығы жоқ, өйткені біздің жұмысымыздағы әрбір қателік — бұл нақты адамның тағдыры, мемлекеттің мүдделері. Біз — Жоғарғы сот — ең жоғары саты боламыз, біздің қателігіміз түзелмейді, оған ешкім шағым жасай алмайды.

— *Қазір өлім жазасын тоқтату төңірегінде көп өңгіме айтылуда... Сіз қалай қарайсыз?*

— 1993 жылы Америкада болдым. Қателеспесем, ол кезде өлім жазасы үш штатта ғана қолданылмайтын. Сондықтан адам құқықтары жөніндегі амери-

кандық ұйымдар біздің еліміздегі сот төрелігі жүйесінің қатандығы жөнінде бекерге қауесет таратып жүр. Іс жүзінде екі елдегі өлім жазасының қолданылуын салыстырар болсақ, нәтижесі олардың пайдасына шешілмейді.

— *Өлім жазасын тоқтату мәселесі жөнінде Алматыда өткен семинардың қорытындысына қарасақ, кәметке толмағандарды басқа елдермен салыстырғанда Америкада өлім жазасына кесу көп екен...*

— Бізде жаңа ҚҚ-нің жобасы бойынша кәметке толмағандар мен әйелдерге қатысты өлім жазасы белгіленбеген. Меніңше, біздің заңдарымыз Еуропаның заңдарынан қатал болып тұрған жоқ. Өлім жазасын белгілеудің қарсыластары адамды өмірге келтірген мемлекет емес, демек, оны өлімге қиятын да мемлекет емес деп тұжырымдайды. Адамды өлім жазасына кесе отырып, біз биологияның негізгі заңын бұзады екенбіз. Басқаша айтқанда, бізге Алланың қызметін атқармақсындар деген айып тағады. Ал біреуді өлтірген адам қасақана, саналы түрде оның өмірін қимады ма, ол осындай қылығы арқылы өзіне де өлім жазасын шығарған жоқ па, тәңір мен табиғат заңдарын бұзбады ма? Оның үстіне, кейін үкім шығарылғандардың бәрі ол үшін жоғары жаза белгіленетінін біле тұра, мұндай әрекетке саналы түрде барған. Ал жыл өткен сайын кісі өлтіру жымысқыланып, қатігезденіп барады. Бүкіл отбасын бауыздап кету, балиғатқа толмағандарды зорлап, соңынан өлтіріп тастау жиіледі. Осындай адамдардың жер басып жүруге құқы бар ма? Олар бізбен бірге тыныс ала отырып, бүкіл адамзатты қорламай ма?

Менің міндетім өте ауыр. Мен өлім жазасына кесу туралы үкімді орындау жөніндегі өкімге қол қоямын. Осындай істерді оқып отырып, ондағы адамның суретін көргенде, бұл менің жеке пікірім, оны адамға емес, айуанға теңгеріп, өлім жазасын кесу туралы үкімге қол қоямын. Бірақ осындағы ең болмағанда

бір дәлелдеме Жоғарғы соттың 9 мүшесінің біреуінде болмашы күмән туғызар болса, өлім жазасы тоқтатылады. Сондықтан мұндай жағдайда қателіктің жіберілуі мүмкін емес.

— *Біз түбегейлі өзгерістер кезеңінде өмір сүрудеміз. Олар соттарға да жетті ме? Бұрынғы, кеңестік сот ісін жүргізу мен қазіргі, қазақстандық сот ісін жүргізу жүйесі арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар ма?*

— Сот жүйесінің құрылымы, негізінен алғанда, өзгеріске ұшыраған жоқ. Жаңа Қылмыстық кодекс пен Қылмыстық іс жүргізу кодексі қабылданған соң көптеген прогресшіл өзгерістер болады. Бұларға қатысты жұмыстар аяқталып қалды.

Мен бұл арқылы кеңестік сот ісін жүргізу жүйесі нашар болатын деп айтудан аулақпын. Ол қазіргі кезде қолданылып жүрген шетелдік жүйелердің көпшілігінен әлдеқайда артық еді. Тағы да Америкаға тоқталайын: ондағы соттасу жылдарға созылып жатады, осы уақыт бойында күдікті адам қамауда ұсталады. Қамауда ұстау мерзіміне ешқандай шектеу қойылмайды. Ал бізде оның ең шекті мөлшері — 2 ай, ерекше жағдайларда, аса ауыр қылмыс түрлерінде — бас прокурор бұл мерзімді бір жылға дейін ұзарта алады.

Қатаң белгіленген іс жүргізу мерзімі тергеу жүргізетін адамдарды қатаң тәртіпке үйретеді. Басқаша айтқанда, біздің қазіргі жүйеміз дамыған елдердің озат іс жүргізу нормаларымен салыстырғанда адам құқықтарына әлдеқайда сезіммен қарайды. ҚР жаңа ҚІЖК-і тергеу рәсімін оңайлатып, айыпталушының сотқа дейін ұсталатын уақытын барынша азайтады.

— *Қазірдің өзінде кейбір судьяларға онда атылатын қару ұстау құқығы көрсетілген жаңа үлгідегі куәліктер берілді. Судьяға тапаншаның керегі бар ма?*

— “Сот және судьялардың мәртебесі туралы” Жарлықта судьяның қару ұстауына болады деп көрсетілген. Алайда өмірде бұл құқықты жүзеге асыру оңай емес. Облыстық және аудандық соттардың

судьяларын қарумен Әділет министрлігі қамтамасыз етуге тиіс, ал мұнда мәселе тағы да қаражатқа келіп тіреледі. Алдымен қаруды сатып алу керек. Судьяларға көп ретте қорғануға тура келеді. Шабуыл жасау, қорқыту, кек алу фактілері бар. Ал судьяда қарудың болатынын білудің өзі тежеуші фактор болмақ.

— Соңғы екі-үш жыл ішінде сот-құқықтық реформада қандай шаралар атқарылды?

— 1995 ж. қабылданған жаңа Конституцияда биліктің бүкіл үш тармағының — заң шығару, атқарушы, сот тармақтарының атқаратын қызметі айқын көрсетілген, олардың үйлесімді қызмет атқаруын мемлекет басшысы қамтамасыз етеді. Құқық қорғау жүйесін реформалаудың негізгі мәселелері шешілген.

Конституцияның баптары Президенттің заң күші бар жарлықтарында, атап айтқанда, Конституциялық кеңестің, Мемлекеттік тергеу комитетінің, прокуратура, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметі туралы және, әрине, “Сот және судьялардың мәртебесі туралы” жарлықтарында жалғасын тапты. Бір сөзбен айтқанда, құқықтық базамыз жаңартылды.

Оның үстіне, тұрақты судьялар мәртебесін алу үшін республика судьялары тұңғыш рет аттестациялаудан өтті, ал кандидаттар біліктілік емтихандарын тапсырып, тестілеуден, біліктілік комиссияның тексеруінен өткен соң ғана Президент жарлығымен лауазымға тағайындалды. Сот төрелігін жүзеге асырушылар қолданыстағы және жаңа заңдарды мұқият оқып үйренді, өздерінің теориялық және кәсіби білімдерін толықтырды. Облыстық соттар мен олардың алқаларының басшы құрамы нығайтылды. Жоғарғы сотта да жаңарту процесі жүргізілді. Сөйтіп, негізінен алғанда, сот корпусын қалыптастыру процесі аяқталды.

— Қылмыспен күрестің мәні мен мақсаты, сайып келгенде, айыптыны сотқа тарту ғой. Осы міндет қалай орындалуда?

— Республика соттары жыл сайын 250 мыңнан астам қылмыстық, азаматтық және шаруашылық істер мен өкімшілік материалдарды қарайды. Жұмыстың аса қауырттығына және бір жарым жылдай уақыттың ішінде сот лауазымдарының үштен бірінен астамы бос тұрғанына қарамастан, сот корпусы негізінен алғанда, өз міндеттерін абыройлы атқара білді.

Ал әрбір қылмыскер дер кезінде сотталушылар орындығында отыруға тиіс деген қағидатқа келетін болсақ, онда бұл бүкіл құқық қорғау жүйесінің проблемасы болып саналады. Тергеу аяқталған соң сотқа түсетін істердің мөлшері бұрынғысынша тергелетін қылмыстардың 40 пайызы күйінде қалып отыр.

Істерді сөзбұйдалыққа салып, ұзаққа созу фактілерін айтпағанда, сот істерін қараудың сапасы да көңіл көншітпейді.

— *Әр түрлі жиындарда Сіздің қасыңызда жүретін мықты бұлшық етті жігітті көреміз. Ол Сіздің жеке күзетшіңіз бе?*

— Жоқ. Бізде сот төрелігін жүзеге асыру қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметі бар. Негізгі міндеті сот залында қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылатын бұл құрылымның сан құрамы көп емес. Келушілерді қабылдау кезінде Жоғарғы сот мүшелерін қорғайтын да солар. Қанша дегенмен, бұл да қажетті шара. Мені жуырда тапаншамен қорқытты, кейін анықталғанындай, ол газды тапанша болып шықты. Иесі мені тек қорқытпақ болғанын айтты. Мұндай жауапсыз айтылған түсініктемелер бәрі бір көңіл-күйіңізді бұзады. Кез келген адам бопсалауға, қорқытуға шабуыл жасауға тап болуы мүмкін. Мені де басқа судьялар секілді қорғайды. Қазір соттарда өте көп қаражатты жымқыруға қатысты істер қаралады, сондықтан судьяға ықпал етушілер саны жетіп артылады.

— *Сіздіңше, нағыз дос — біреу ғана ма, әлде “жүз сомың болғанша, жүз досың болсын” ба?*

— Менің достарым көп, адамдарды ажыратудан сирек қателесемін. Мені сатып кеткен бірде-бір досымның жоқтығы содан болар. Жақындарым менің нанғыштығымды айтады. Мүмкін солай да шығар, бірақ мен өз достарыма сөзсіз сенемін.

— *Қонаққа келген достарыңызға тартатын сүйікті асыңыз не?*

— Әрине, қазақтың дәстүрлі еті ғой. Жұбайым балықтан керемет ас әзірлейді. Әсіресе, картоп қосып дайындаған бұл тағам ерекше төбет ашады.

— *Не оқисыз, қандай телехабарды көресіз?*

— Тарихи кітаптарды, көбіне Қазақстанның тарихына қатысты әдебиеттерді оқимын. Кеңестік дәуірге дейін жарияланған авторлар Левшин, Гумилев, Есенберлин, Айтматовтар, меніңше, барынша шыншылдықпен жазатын секілді. Ақпараттық саладан “Хабарды”, ОРТ-ның “Времясын” көремін. Ойын-сауық хабарларын көрудің көп сәті түсе бермейді.

— *Сүйіп көретін кинофильміңіз бар ма?*

— Менің балалық шағымның жақсы фильмі “41-й”. Оның Ұлы Отан соғысына ешқандай қатысы жоқ, онда ақгвардияшыл жігіт пен Қызыл Армияда соғысып жүрген мерген қыздың махаббаты көрсетіледі. Буырқанған Арал теңізінде қайық қирап, ондағы осы екі адам Барсакелмес аралына тап болады. Олардың қарым-қатынасы, махаббат тарихы, идеологияның күресі өте нанымды көрсетілген.

ЗАҢДЫҚ КҮШІ БАР ҚҰЖАТ

Қазақстан азаматтарының лайықты өмір сүруі үшін, демократия, мемлекетіміз бен қоғамымыздың дамуы үшін құқық негізін жасап берген жаңа Конституциямызбен барлығымыздың да өмір сүре бастағанымызға тура бір жыл толды.

Жаңа Конституция биліктің барлық тармақтарының өкілеттігін нақтылап берді, олар мемлекеттікті

нығайтуға, мемлекеттік биліктің тиімділігін арттыруға бағытталып отыр.

Барлық билік Кеңестердің қолына шоғырландырылған, мемлекетті кез келген аспазшы басқара алды деген ескі ұғым келмеске кетті. Кеңестік мемлекеттік парламентаризмге көшудің енді нақты мүмкіндігі туды.

Жаңа Конституция адам құқығы туралы пікірді қалыптастырып, ондағы құқықтық мұраттарды заңды және табанды түрде жүргізілуге мүмкіншілік тұғызады, олардың қатары да кеңейе түсуде: енді жекеменшік құқығы, оған деген мұрагерлік құқығы, заңды жолмен табылған кез-келген мүлікті иелену құқығы пайда болды. Прокурордың санкциясынсыз, соттың қаулысынсыз адамды 72 сағаттан аспайтын мерзімде ғана ұстауға болатынына алғаш рет қол жетті, азаматқа өз құқығын сотта қорғауға құқық берілді.

Сот өділдігінің жалпы адамгершілік принциптерін орнықтырған 77-бап Конституцияның, сөз жоқ, жетістігі деуге болады, оның өзі республиканың барлық соттары мен судьялары үшін бірдей тән нәрсеге айналуы қажет. Бұрын аталған адам құқықтары негізінен іс жүргізу немесе ағымдағы заңдарда ғана айтылатын еді, оның бар-жоғын тек мамандар ғана білетін, ал азаматтар құқықтық білім деңгейінің жетіспеушілігінен және елде құқықтық білімдердің жете насихатталмауынан екендігін біле бермейтін.

Қазақстан Республикасы Конституциясының тікелей қолданылатын жоғары заңдық күші бар құжат ретінде жариялануы адам құқығы мен бостандығын қорғауды айрықша мәнге ие етті.

Құқықты ресми мәлімдеу, салтанатты түрде жариялау істің бер жағы ғана. Ол құқықтарды адамдардың пайдалана білуі үшін оны жүзеге асырудың қажетті тетіктері де болуы керек. Конституцияның жоғары заң күші барлығы және тікелей қолданылатындығы туралы айтылатын Конституция ережелері

ондай тетікті жасауға салмақты үлес қосады. Адам құқықтары мен бостандықтары адамға тумысынан жазылғаны, ол абсалютті, одан ешкім айыра алмай-тыны, заңдар мен өзге де қалыптық құқықтардың мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықтала-тыны көрсетілген 12-баптың ережесін де осыған қосу-ға болады.

Аталған Конституциялық ережелерге сәйкес, сот нақты істі қарағанда барлық қажетті жағдайда Қазақ-стан Конституциясын тікелей құжат ретінде қолдануға қақылы. Мемлекетіміздің бұрынғы конститу-циясында мұндай ережелер көрсетілген емес. Осы-ған орай соттарға да мұндай өкілеттіктер берілмеді. Демек, біздің құқықтарымыз да тиісті түрде қорғал-май келді.

Республикамыздың заңдары өлі де болса Кон-ституцияға сәйкестендірілмей отырған қазіргі шақта Конституцияның бұл ережелерінің құқықтық мемлекетіміздің аяғына тік тұрып кетуі кезеңінде де айрықша мәні бар.

Мәселен, Конституцияның 16-бабында көрсетілген прокурордың санкциясымен тұтқындал-ған адамның сотқа шағымдану құқығы берілген құжаттар қылмыстық іс жүргізу кодексінде болмай отыр. Бұл көп қайшылықтан келтірілген бір ғана мысал.

Сондықтан да Конституция баптарын, өсіресе, соттар белсенді түрде қолдануға тиіс. Конституция-ға қайшы ешқандай да ағымдағы заң — қылмыстық та, азаматтық та және басқа заң да — қолданылуға тиісті емес, ал Конституция заңдарына қайшы келетін өрекеттерге жол жоқ.

Жаңа Конституцияның 4-бабындағы ереже де айтылып отырғандардың ең маңыздысы болып та-былады.

Өйткені, бұрын азаматтардың құқығы мен бос-тандығын, міндеттерін қорғайтын көптеген қалып-тық құжаттар көпшілікті хабардар ету үшін ресми

түрде жарияланбайтын. Бірақ оларды мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар, сондай-ақ іс қарағанда соттар қолдана беретін.

Республика Конституциясының 4-бабының 4-бөлігіне сәйкес заңдар ресми түрде жарияланатын болды. Жарияланбаған заңдар енді қолданылмайды. Егер көпті хабардар ету үшін ресми түрде жарияланбаса, адамның және азаматтың құқығын, бостандығы мен міндеттерін қорғайтын қалыпты құқықтық құжаттардың кез келгені қолданылмайды. Сондықтан да сот қазір адамдардың құқығын, бостандығы мен міндеттерін қорғайтын әлдебір заң немесе қалыптық құжаттарды қолданбас бұрын ол заңның ресми түрде жарияланғанын тексеріп алуы қажет.

Айта кететін жай, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Конституция қабылданған алғашқы күннен бастап республика Конституциясын тікелей қолданатын құжат ретінде оны қолдану тәжірибесін қалыптастыруға айрықша күш салды, Конституцияның аталған немесе өзге де ережелерін қалай қолдану қажеттігі бірнеше рет түсіндірілді. Жоғарғы Сот кассациялық және қадағалау тәртібімен нақты істі қараған кезде де соттардың тікелей қолданылатын құжат ретінде Қазақстан Конституциясын қолдануына жөн сілтеп отырды.

Өкінішке орай, Конституцияны тікелей қолдану принципін іске асыру ісі сот әділдігін жүзеге асыру барысындағы соттардың қызмет нормасына әлі де болса айнала қоймағанын айта кеткен жөн. Оған қоса, конституциялық қалыптарды қолдану тәжірибесінде түсіндіруді қажет ететін бірсыпыра мәселелер де бой көрсетті. Сол себепті Жоғарғы Сот 1996 жылдың екінші жартысындағы өзінің Пленум мәжілісінде “Сот әділдігін жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының Конституциясын сақтау жөніндегі сот жұмыстарының тәжірибесі туралы” мәселені қарап, қаулы қабылдауды жоспарлады. Өздеріңіз білесіздер, 1996 жылдың 25 шілдесінде өткен Жоғар-

ғы Сот Пленумының “Тұтынушылар құқығын қорғау туралы заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы”, әсіресе “мемле-кеттік қызмет туралы” Заңның 22-бабының 1-тармағын соттардың қолдану тәжірибесі туралы” қаулылары Конституция нормаларының Республиканың барлық аймақтарында тікелей қолданылуы түсіндірілген. Мұндай жұмыс Жоғарғы Сот тарапынан болашақта да жүргізіле береді.

Қорыта келе айтарым, бостандықты, құқық тәртібін және өлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету үшін, ең бастысы Конституция талаптарын мүлтіксіз, тікелей орындау керек. Жеке алғанда Конституцияның 34-бабы заңдарды сақтауды, басқа адамдардың еркін, ар-ожданын және беделін құрметтеуді міндеттейді. Бұл нормалардың қалай орындалып жатқанын Ішкі істер министрлігі, Мемлекеттік тергеу комитеті, Бас прокуратура, Жоғарғы Сот және Әділет министрлігі беріп отыратын мәліметтер бойынша да аңғаруға болады. Қылмыстың көбеюі, жеке адамның құқығының бұзылуы, басқа да олқылықтардың азаймауы конституциялық заңдардың қамтамасыз етілуінің оншалықты мардымды еместігін көрсетеді.

Барлық министрліктер, ведомстволар, ұйымдар құқық тәртібін сақтауды нығайту жөніндегі жұмыстарды, оның ішінде Президенттің 1995 жылдың 21 маусымдағы “Қазақстан Республикасында жаппай құқықтық оқуды ұйымдастыру шаралар туралы” Қаулысын орындауды белсендірек жүргізуі керек.

Сонда ғана мемлекеттік істерді талқылау және іс жүзінде шешу барысында осы отырған бәріміздің бір жылдығы бүгін аталып отырған Конституцияны мақтан ететін уақыттың туатынына сенуге болады.

1998 — БАРЫС ЖЫЛЫ



ТАРИХТАН — ТАҒЫЛЫМ, ТАРИХҚА — ТАҒЗЫМ

Тарих мәселесі сөз болғанда халқымыздың ғұмырнамасын Қазан төңкерісінен бері ғана баяндап, оның әрідегі шынайы тарихына атүсті қараушылық дертінен енді-енді арылып келе жатқанымызды айтқанымыз абзал. Ал тарихтың қажеттісі, қажетсізі болмайды. Оның жақсы иә жаман жағы болуы мүмкін. Тарихты білу — өткен өміріңнің жақсылығын да, жамандығын да жасырмай ақыл таразысына салу. Сөйтіп, өткеннің жақсылығын өнеге, қатесін сабақ ету.

Қазақ сотының тарихы да халқымыздың ұлы тарихының бір бұтағы. Сот тарихының ең терең тамыры қазақ билерінен басталса керек. Қазақта үш Майқы болса, соның бірі — қара қылды қақ жарған әділдігімен, ханға да, қараға да бірдей билік шығаратын турашылдығымен аты мәлім болған Майқы би. Одан беріде қазақ халқының басын біріктіріп, мемлекет құрған Абылай болса, заң жүйесін жасаған үш кемеңгер Әлібекұлы Төле би, Келдібекұлы Қазыбек, Байбекұлы Әйтеке билер.

Қазақ жерінде әдет-ғұрыптық заңдардың күші жоғары бағаланып, билердің шешімі сөзсіз орындалғанын орыс патшасы шенеуніктерінің жазбаларынан оқуға болады. 1864 жылы Россияда ірі сот реформасы болып, патша боданындағы Қазақстанды билеушілер заң ережесін жасауға бұйрық береді. Сөйтіп 1868 жылы “Далалық облыстарды билеудің Уақытша ережесі” әзірленеді. Ереже қазақ жерінде қалыптасқан әдет-ғұрыптық заңға негізделіп жасалынған. Яки, билер сотының шешімдерін қаз-қалпында қағазға түсіріп, заң ретінде бекіткен. Сол кезде қазақтардың әдет-ғұрыптық ережелерін зерттеумен шұғылданған әскери губернатор Баллюзек, әскери зерттеуші Д.Андре билер сотын өте жоғары бағалаған. 1917 жылы Қазан төңкерісінен кейін Қазақ-

станның мемлекеттік құрылымында, сондай-ақ заң жүйесінде өте ірі өзгерістер болды.

1917 жылдың 12 желтоқсанында Кеңес өкіметінің Декретіне орай Түркістан республикасында уездік сот мекемелері таратылып, олардың орнына халық соттары сайланды. 1919 жылы РКФСР-дың халық соттары жөніндегі ереже бекітіліп, соның негізінде Қазақстанның орталық облыстарында халық соттары заңды түрде қызмет ете бастады. Халық соттары мен революциялық трибуналдар РКФСР заңдарына сәйкес үкім шығарды.

1920 жылы 26 тамызда ВЦИК-тің декретімен Қырғыз Советтік Социалистік автономиялық республикасы құрылды. Осы Декретпен Халықтық әділет комиссариаты өз жұмысын бастап, оған республикада тиісті органдар құру жүктелді.

1920 жылы 4-12 қазан аралығында Орынборда Қырғыз (қазақ) АССР-інің құрылтай съезі өтіп, арнаулы Декларация қабылданды. Декларацияның бір бөлімі РКФСР-дың үлгісіне сай, Қазақстанның ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, халық соттарын құруға арналды.

Ал 1921 жылы 8 сәуірде КСРО-ның Орталық Комитеті “АССР-дің халық соты” туралы декрет қабылдады. Оның негізінде 6 заседатели бар халық соттары құрылды. Халық соттары қалыңмал, құн, барымтаны жою жөніндегі декреттердің бұзылуын қадағалады. Кейбір жағдайларда халық соттары халықтық әдет-ғұрыптарға сүйеніп те шешім шығарып отырды.

1923 жылы 11 сәуірде ВЦИК-тің шешімімен РКФСР Жоғарғы Сотының Қырғыз (қазақ) бөлімі құрылды. Сөйтіп Қазақ республикасының үш сатылы соты: халық соты, губерниялық сот және РКФСР Жоғарғы Сотының Қырғыз бөлімі бекіді.

Жоғарғы Сот бөлімінің құрамында қылмыстық істер жөніндегі кассациялық алқа, азаматтық істер жөніндегі сот алқасы болды. Жоғарғы соттың Қазақ

бөлімі өуелде тек Жоғарғы қылмыстық сот ретінде құрылса, 1925 жылдан бастап азаматтық істерді қарай бастады.

1925 жылдың 1 қазанында Қазақстанда 172 халық соты болды, оның 71-і істі қазақ тілінде, 63-і орыс тілінде, 38-і ұйғыр, өзбек, дүнген тілдерінде жүргізілген. 1926 жылы халық сотының саны 199-ға жетсе, 1928 жылы 256-ға дейін көбейді.

1925 жылы Кеңестердің Бүкілқазақстандық съезінің қаулысымен қазақ халқының дұрыс ұлттық атауы бекіді де, 1926 жылы 18 қаңтарда Жоғарғы Соттың Қазақ бөлімі құрылды.

Жоғарғы Соттың сол кезде сот әділдігін орнатуда қыруар жұмыс атқарғанын тарихи құжаттардан көруге болады. Сондай маңызды құжаттың бірі — Жоғарғы Соттың Қырғыз бөлімінің бірінші есептік баяндамасы.

Қырғыз бөлімінің Төрағасы Т.Мұқашев қол қойған, 1924 жылғы баяндаманы толқымай оқу мүмкін емес. Соның үзіндісін назарларыңызға ұсынайық (баяндама мемлекеттік архивтен алынды): "... қырғыз бөлімінің құзырына қарайтын КСРО-ның территориясы өте үлкен, жаңа облыстар қосылғанша оның көлемі 2245400 шаршы километр, халқының саны 4732651 адам болды, жеті губерниядан (Ақмола, Семей, Ақтөбе, Бөкей, Қостанай, Орынбор, Орал және Адай) тұрса, қазір Жетісу, Сырдария және Қарақалпақ облыстары халқымен келіп қосылды. Аталмыш уақытта біз қызмет қылатын аймақ көлемі 2845275 шаршы километрді қамтиды, халық саны 6216672 адамға жетті, оның ішінде 3162055 адам, яки 50,7 пайызы жергілікті қырғыз (қазақ) халқы, 30664606, яки 49,3 проценті басқа ұлттар.

Бүкіл осы халыққа губерниялық сот құқығы бар 3 облыстық сот, 7 губерниялық сот және губерниялық сот құқығындағы Адай бөлімшесі қызмет етеді".

Қазақстан сотының алғашқы бастауында тұрған өріптестеріміздің өмірбаяны, еңбек жолы, кейінгі тағдыры тәлім аларлықтай қызықты.

Мәселен, 1931 жылдан 1937 жылға дейін КСРО Жоғарғы Сотының мүшесі болып Құскелдиев Әбдірахман Исалыұлының өмірбаянын алайық. 1901 жылы Гурьев облысының Редут поселкесінде кедей отбасында дүниеге келген. 15 жасынан бастап жалшы болған. Кейіннен өз бетінше хат таныған. Қайсарлығы мен алғырлығының арқасында сот қызметіне кірген. 1937 жылы 14 желтоқсанда КСРО Жоғарғы Сотының Төрағасы болып тағайындалған.

Немесе Петр Иванович Громовтың өмір дерегін оқып көрелік. Калуга қаласында жұмысшы отбасында туған. Әкесі ерте өліп, 16 жасында үлкен отбасының жалғыз асыраушысы болып қалған. Бір үзім нан үшін небір ауыр қара жұмыстарды атқарған. Небір тар жол, тайғақ кешуден өтіп шыныққан азамат 1935 жылы Қазақстанға Жоғарғы Сот Төрағасының бірінші орынбасары болып келген. 1940 жылдары Жоғарғы Сот Төрағасының міндетін атқарған.

Жоғары Соттың мүшесі болған судья Жүнісов Ғұмардың да тағдыры қызық. 1900 жылы Семейде кедей шаруаның отбасында туған. Жеті жасында “Қайырымды қоғам” деп аталатын татар медресесіне оқуға барған. Медресені 1912 жылы бітіріп, еңбек етуді бастаған. Әкесі сол жылы қайтыс болып, бала Ғұмар отбасының үлкені, асыраушысы міндетін мойнына алған.

Үш азамат, үш түрлі тағдыр. Бірақ бөріне ортақ бір қасиет — өмірдің қиыншылығымен шыңдалып, оқуға, білімге ұмтылулары, қажырлы еңбекпен биікке жетулері. Біздің аға әріптестеріміз, Қазақстанның алғашқы судьялары, өзгенің тағдырын шешуге рухани жағынан дайын еді. Өйткені олар өмірді кітаптан емес, өз бастарынан өткеріп түсінген. Өмір тәжірибесі мол, өткергені көп азаматтардың адам тағдырына үлкен жауапкершілікпен, ақыл-оймен қарағанына еш күмән жоқ.

Халқымыздың басына түскен ауыр нәубаттардың негізгі салмағын қашанда озық ойлы азаматтарымыз

көтергенін білеміз. Сол озық ойлылардың қатарында біздің әріптестеріміз судьялар да болғанын мақтаныш ете отырып, олардың жазықсыз құрбандыққа ұшырағандарына қамығамыз.

Сталиндік репрессия жылдарында Жоғарғы Соттың 10 Төрағасы заңсыз тұтқындалып, еш тергеусіз, сотсыз атылды. 1933-1949 жылдар арасында жазықсыз жазаланған аяулы әріптесіміз Н.Нұрмақов, Т.Мұқашев, М.Атаниязов, Н.Сырғабеков, Ғ.Жүнісов, Ш.Бектұрғанов, А.Құскелдиев, П.Громов, М.Нұрбаевтардың жарқын бейнесі есте сақталуға тиіс. Өйткені, олар тек заңға ғана емес, халқына адал қызмет еткен нағыз ел перзенттері еді. Кеш те болса, адал есімдері ақталып, кейінгі ұрпаққа, халқына қайта оралуы бәріміз үшін мәртебе, қуаныш.

Тарихтан тәлім алу деген, меніңше, өткенінді сыйлау. Заман әр қилы болуы мүмкін, бірақ заманның құбылғанына қарамай, адалдығын, адамдығын сақтаған азаматтар тарихты құрайды. Біздің Жоғарғы Соттың тарихын да жоғарыдағыдай аяулы азаматтар жасаған. Демек, біз де нақ солардай сот әділдігін сақтауды ар-ұяттың ісі деп қарауымыз керек.

БИЛІКТІҢ БІР ТАРМАҒЫ — СОТ БИЛІГІ

Ата Заңымыз — Конституция белгілеп берген бағытқа сәйкес, елімізде саяси тоталитарлық жүйеден құқықтық мемлекетке өтудің күрделі және аса қажетті процесі жүріп жатыр. Осы процестің бір бағыты — заң шеңберінде үш билік тармақтарының құзырларын айқындау болып табылады.

Бүгінде заң және атқарушы билік құзырларының бөлінуі шешім қабылдаушылар үшін ғана емес, қалың бұқара үшін де көдуілгі жағдайға айналды. Мұның бәрі билік тармақтарының ара-жігін ажырату бағытында нақты қадамдардың жасалу нәтижесінде мүмкін болып отыр. Дегенмен, үшінші билік тарма-

ғына жататын сот билігінің даралығы, оның толық тәуелсіздігі жөнінде шешуін күтер мәселелер жоқ емес.

Қазақстандағы сот жүйесінің негізі, әділет жүйесінің барлық органдары секілді, 1995 жылы жаңа Конституция қабылдағанға дейін, сонау 30-шы жылдары қаланған болатын. Большевиктік саяси мемлекет ұзақ жылдар бойы қалыптасу кезеңінен өткеннен кейін билік институттарын құрды. Әрине, сол жылдардың ішінде заңдарда ішінара өзгерістер болды. Бірақ ол түзетулер мен қосымшалар әбден қатып-семіп қалған тоталитарлық жүйені шайқалту, саяси сипатын өзгерту былай тұрсын, қайта оның іргесін одан әрі бекіте түсті. Осыдан келіп заң адамды емес, қып-қызыл идеологияны қорғады, құқыққа емес, жоғарыдағы билік органдарына қызмет етті.

Сол идеология билік иелеріне қызмет көрсету үшін оларға мұздай темір құрсанған жазалаушы органдар қажет болды. Бұл жүйеде сот артық буынға айналды. Бірақ оны сылып тастай алмады, өйткені ол жазалаушы тетіктердің жұмыс істеп тұруы үшін керек еді.

Еліміз егемендік алғаннан кейін демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құру үшін барлық соттар, құқық қорғау органдары кіретін әділет жүйесін түгел, түбірімен реформалау қажеттігі туды. Айналасы бірнеше жылдың ішінде мемлекеттің құқық қорғау жүйесін жаңадан құру жөнінде көп жұмыстар атқарылды. Бұл орайда 1995-1996 жылдар құқықтық негіздердің жаңару және ұйымдық жағынан нығаю кезеңі ретінде егемен Қазақстан тарихынан лайықты орын алады.

Еліміздің жаңа Конституциясында мемлекеттік биліктің заң шығару, атқару және сот тармақтарының міндеттері нақты көрсетіліп қана қойған жоқ, құқық қорғау жүйесін реформалаудың негізгі принципті мәселелері де өз шешімін тапқан. Ел Президентінің Конституциялық Заң күші бар

“Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы” Жарлығы сот жүйесін реформалау мәселелері айналасындағы айтыс-тартысқа нүкте қойды.

Сот корпусы үшін бұл актінің маңызы зор. Мәселеге тек бір қырынан келмей, тұтастай алатын болсақ, сот жүйесін реформалау ісінде аталмыш акт үлкен қадам болып табылады. Соттардың заң жүзінде нақты мәртебеге ие болуы олардың беделін және сот қызметінің тиімділігін арттырады. Сот төрелігін жүзеге асыру кезіндегі судьялардың тәуелсіздігі, ауыстырылмайтыны, ешкімнің тимейтіні, сотты сыйламағаны үшін жауапкершілік, бәрі-бәрі, судьяны абыройлы кәсіп иесінің біріне айналдырып отыр. Мемлекет тарихында бірінші рет судьяларды Президенттің өзі қызметке тағайындайтын болды. Бұл да судьялар тәуелсіздігін қамтамасыз етудегі қуатты құқықтық негіздердің бірі болып табылады.

Бұл күндері республика Жоғарғы Сотының шаңырақ көтергеніне 75 жыл толып отыр. Сот тарихын ел тарихынан бөліп қарауға әсте болмайды. Ел тарихы — сот тарихы. Еліміз бастан кешкен ілгерілеу мен құлдырауды, қуғын-сүргін мен алапат соғыс жылдарын, толысу мен тоқырауды сот жүйесі де бастан кешті. Отызыншы — елуінші жылдары сталиндік саяси қуғын-сүргінде ондаған Жоғарғы Сот төрағалары жазықсыз опат болды. Ұлы Отан соғысы жылдары Отан үшін отқа түсті, көпшілігі қайтпай қалды. Тоталитаризмнің құрбаны болып кеткені қаншама!

Міне, бүгін еліміз егемендікке қол жеткізіп, сот жүйесін уақыт талабына сай қайта құру процесін бастан кешіп жатырмыз.

Егер әріге көз салар болсақ, бүгінгі сот билігінің сонау билер заманынан бастау алатынын байқар едік. Тарих беттерін парақтай бастасақ, қазақ шежіресінде небір сұңғыла билердің өткенін бағамдаймыз. Сөзі елге өнеге болған сол билердің ұрпағы, солардың ісін жалғастырушы — бүгінгі судьялар деуге болады.

Өйткені олардың шешімі жеке адамдардың ғана емес, бүкіл дүйім жұрттың тағдырына тікелей ықпал етеді. Сондықтан да, ұлы бабаларымыз — билеріміз секілді олардың кесімді сөзі барынша адал, қатал да болса — әділ болуы тиіс. Бүгінгі уақыт соны талап етеді. Бұрын облыстық, болмаса республикалық Жоғарғы Соттың шешіміне риза болмаған азаматтар жоғары жаққа — Мәскеуге шағынатын. Қазір Мәскеу атты орталық жоқ. Барар жер де, басар тау да — өзіміздің Қазақстан, Астана. Тәуелсіз елдің өз азаматтарына, оның ішінде соттарға қандай ауыр да ардақты жауапкершілік жүктеп отырғанын осыдан-ақ білуге болады.

Біз жоғарыда сот жүйесін реформалау жүріп жатыр дедік. Оның басты мақсаты не? Кінәліні соттап, кәнәсізді ақтап жіберу ғана ма? Жоқ, олай емес. “Дау мұраты — бітім” — деген аталы сөз бар. Елді бірлікке, татулыққа шақырған ұлы билеріміздің даналығы да осында жатыр. Соттың мақсаты — адамдар бойында әділеттілік рухын қалыптастыру, жұртшылық сотқа шын ниетімен сенуі керек. Сонда ғана сот төрелігі толық жүзеге асады. Бір сөзбен айтқанда, сот процесіне қатысушылар соттан жеңіп, не жеңіліп емес, жеңілдеп шығуы тиіс.

СОТ ШЕШІМІ — ӘДІЛЕТТІЛІК АЙҒАҒЫ

— Қылмыс тоқтамай келеді. Бұл күнде құқық қорғау орындарын ғана емес, бүкіл қоғамымызды алаңдатып отырған індет десе де болады. Тәртіп сақшылары, сот жүйесі тарапынан қаншама пәрменді шаралар қабылданып жатса дағы қылмыс толқыны бәсеңситін емес. Мұның бәрі демократиялық мемлекеттілігіміздің іргетасын қалау, әлеуметтік-экономикалық оң өзгерістерге жол ашу процестеріне кері әсерін тигізбей қоймайды.

Қылмыстың бетін ашуға, іс жүргізуге жаңаша көзқарастың қалыптасып келе жатқанына қарамас-

тан сот, құқық қорғау органдарының қызметіне жұртшылық тарапынан өкпе-реніштердің болып тұратынын да айта кеткен жөн. Ендеше, еліміздің сот жүйелері атқарып жатқан сан алуан істер және оларды жүзеге асыру барысында кездесетін проблемалар, құқық қорғау, сот органдарында әлі де болса орын алып келе жатқан олқылықтардың себеп-салдарлары мен оның алдын алу жолдары жайында ой бөліссек деймін?

— “Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ” демекші, енді өне-міне дегенше ХХІ ғасыр табалдырығынан да аттадық. Ал осы жаңа жүз жылдықта балаларымыз бен немерелеріміз игілігі мол қоғамда өмір сүре ме, тоғайған, дендері сау, өрі білімді, білікті бола ма? Президент Жолдауында айтылғанындай, олар өз қауіпсіздігі мен балаларының қауіпсіздігі үшін алаңсыз бола ала ма, көшелермен емін-еркін жүріп, өз дүние-мүліктері үшін қауіптенбес болар ма?

Құқықтық мемлекетіміздің іргетасы енді қаланып келеді.

Бойын тіктеп келе жатқан жас мемлекеті-міздің құқықтық негізін қалаушылардың бірі ретінде еліміз жүріп өткен аз ғана жылдарға көз салсам, салыстырмалы түрде алғанда, көп істердің тындырылғанын байқау қиын емес. Менің кейбір әріптестерім: елімізде құқықтық, оның ішінде сот-құқықтық реформаларды қоғамымыздың талап-тілектеріне сай жүргізіліп келе жатқан жоқ деген сияқты күмәнді пікірлерін алға тартады. Мен мұндай пікірге үзілді-кесілді қарсымын. Біз сот, құқық қорғау органдарындағы бұрынғы қасаң тәсілдерден арылғанда ғана сот реформасын жаңа арнаға бұра алатынымызды айқын түсінеміз және бұрып та келеміз. Біз бүгін басқа, түрен тісі тимеген тың саяси қоғамда, жаңа өмірлік құндылықтар кезеңінде өмір сүрудеміз. Бұл арадағы баршамыздың бағдаршамымыз, бетке ұстайтынымыз — Ата Заң және соңғы жылдар ішінде Парламентте иі қанып, өмірге келген заңдар шоғыры.

Әрине, қазіргі қолданыстағы заңдардың бәрі бірдей жіптіктей, айналасы жұп-жұмыр деуге ерте-рек болар. Кейбір заң актілері, жасыратыны жоқ өңдеп, жетілдіре түсуді қажет етеді. Өйткені, заңдарға ішінара өзгертулер мен толықтырулар енгізу — өтпелі кезеңді басынан кешірген және кешіріп отырған барлық мемлекеттерге тән құбылыс. Өмір бір орнында тұрмайды ғой.

Демократия дегеніміз, кейбіреулер ойлайтындай, ойға не келсе соны істеу емес. Демократия, ең бірінші — халық билігі, заңдылықты сақтау, соны басшылыққа алу. Ол үшін өн бойы демократиялық қағидалармен өрілген Ата Заң керек болса, шүкіршілік, ол бізде абыроймен жұмыс істеп келе жатыр. Қоғамның міндеті — заңдарды білу ғана емес, оны мүлтіксіз орындау. Тіпті Негізгі Заңдар қағидаларынан мектеп оқушылары да хабардар болуы керек.

Қоғамымыздағы соны құбылыстар, демократияны жандандыру, заңдылықты қатаң сақтау мәселелері республиканың сот және құқық қорғау органдарында да биік талап тұрғысынан елеулі өзгерістер жасауға алып келеді. 1996 жылдан бастап елімізде бірегей сот жүйесінің құрылуы осыған дәлел бола алады. Мысалы, бұрынғы Төрелік сот шаруашылық істері жөніндегі сот алқасы ретінде Жоғарғы сот құрамына кірді. Егер сол 1996 жыл — соттардағы кадрлар мәселелерінің шешілуімен сипатталса, өткен жыл — қабылдануға тиіс заң жобаларын уақыт талабына сай шымырландыра түсумен және сот корпусының құрылуымен ерекшеленеді. Бұл шаралар судьялардың жауапкершілігін арттыра түсуге, өз міндеттеріне қатал принциптілікпен қарауына септігін тигізеді. Өйткені, Жоғарғы соттың ғана төменгі сот буындары тарапынан жіберілген қателіктердің алдын алуына, алда-жалда қателіктер жіберілген жағдайда оны жөндеуіне мүмкіндігі бар. Ал Жоғарғы соттың шешімін ешкім өзгерте алмайды.

Мысал келтірейін. 1997 жылы Жоғарғы соттың қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы 1632 іс қарады. Бұл істер үш мың томнан әрі асып жығылады. Осыған қарап-ақ сот жұмысының қаншалықты ауқымды әрі жауапты екенін байқауға болады. Оның ішінде 200-ге жуық томды құрайтын 65 іс өлім жазасына кесу бабына сұранып тұрды.

Өлім жазасы — ең ауыр жаза. Бұл жердегі менің міндетім де қабырға қайыстыратындай ауыр, ең жауапты міндет. Өйткені, Жоғарғы соттың төрағасы ретінде, қанша қатал болса да, өлім жазасына кесу жөніндегі жан түршіктірер үкімді орындау туралы өкімге мен қол қоямын. Бірақ, қалай болғанда да, адам қанын судай шашқан қаныпезер тиісті жазасын алуы керек. Бұл сот үшін емес, жер басып, алаңсыз білім алып, жұмыс істеп жүрген сіздер мен біздер үшін қажет.

Сот қателігі — ең қауіпті қателік. Жергілікті жерлердегі кейбір судьялар қаралатын әр істің артында нақты адамның тағдыры жатқанына терең бойлай бермейді. Бұл арада мен сотқа тартылғандардың бөріне бірдей жалпақшешейлік таныту керек деген пиғылдан аулақпын. Жоқ, мүлде олай емес. Қылмыскер жазалануы керек. Менің айтайын дегенім, жауапқа тартылушының қылмысты істерін қарауда инемен құдық қазғандай тірлік жасау керек екендігі. Іс қарау барысында мүлт кеткен болмашы қадам, көп жағдайда, орны толмас өкініштерге әкеліп соқтырады. Сот тәжірибесінде мұндай жағдайлар кездеседі. Жоғарғы соттың қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы мұндай жөнсіздіктердің алдын алуға тырысады. Мысал келтірер болсақ, сонау жылдары Алматы қалалық соты Ж.Хакуевті, Шығыс Қазақстан облыстық соты С.Филатов пен А.Артинді, Ақмола облыстық соты И.Сизиков пен В.Бауманды ең ауыр жаза — өлім жазасына кескен. Тексере келгенде олар жасаған қылмыстық іс-әрекеттердің өлім жазасын шығару баптарына сәйкес келмейтіні анық-

талды. Артынша қатал үкім өзгертіліп, жасаған қылмыстарына сай келетін жазаларын алды.

Кей жағдайларда жергілікті сот органдары тергеу жұмыстарының қорытындыларына байыппен қарамастан адамдарға шамадан тыс қатаң жазалар қолданып жібереді. Немесе, қылмыс жасауға мәжбүр еткен жәйттер жете сараланбайды. Соның салдарынан бұзақылық іс-әрекеттерге әдейі барған деген айыппен кінәсіз адамдар пәлен жылға кесіліп кете барады. Мұндай өрескелдіктер көп болмаса да кездесіп қалады. Айталық, Жамбыл облыстық соты әдейі кісі өлтірді деген айыптаумен Н. деген азаматты қамауға алады. Ал куәгерлікке өлі көмелетке толмаған оқушы бала тартылған. Тексере келгенде, баланың куә ретіндегі айтқан сөздері басқа дәлелдермен еш қиыспайтыны анықталды. Іс қайта тергеуге жіберілді.

Сот істеріндегі осындай олқылықтардың нәтижесінде 1997 жылы 40 адамға қатысты өртүрлі дәрежедегі үкімдер өзгертіліп, қосымша тергеуге берілді. Оның ішінде Алматы қаласы бойынша 16 адамның, Батыс Қазақстанда — 7, Алматы, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарының әрқайсысынан — 3 адамның, Алматы, Атырау, Қызылорда облыстары мен Семейден бір-бір адамның істері қайта қаралды. Осының бәрі алдын ала тергеу жұмыстарының жауапсыз, атүсті жүргізілуі мен Қылмыстық іс жүргізу Заңының тиісінше сақталмауынан болып жататын кемшіліктер. Сондай-ақ, судьялардың қылмыскерлерді негізсіз ақтап жіберетін оқиғалары да кездеседі. Ары таза емес мұндай судьяларға төртіптік жазалар қолданылады. Бірқатар жағдайларда ондайлар қызметтерімен қоштасады. Бірақ, мұнымен іс бітті деп санамаймыз.

Жанға бататыны сол, қылмыстық істерді тыңдау, тағайындау, әсіресе, ауыр және қауіпті қылмыс түрлерін қайта қарау кезіндегі кемшіліктер қара қылды қақ жаруға тиіс сот беделіне нұқсан келтіріп,

жұртшылық арасында сот қызметкерлерінің сыбайластығы туралы пікір қалыптастырады. Тағы да мысалға жүгінер болсақ, 1997 жылы 5160 тұлғаға байланысты шығарылған аудандық соттардың үкімдері бұзылды. Мұның бәрі неден болып жатыр? Жаза түрін тағайындауда неліктен қателіктерге жол беріледі? Азаматтарды заңсыз қылмыстық жауапкер-шілікке тарту — адам құқығын көпе-көрнеу аяққа басу болып табылады. Жоғарғы сот 132 адамның заңсыз сотталуына тосқауыл қойды. Қателіктер түзетілді. Бірақ қанша адамның тағдырына таңба түсті, қанша шаңырақтың береке-күйі қашты? Мұндай кемшіліктер шаруашылық, азаматтық істерді қарау кезінде де кездесіп қалатынын айта кеткен жөн.

Қазір Жоғарғы соттың жаңадан құрылған төртіптік алқасы жұмыс істейді. Бұл алқа Президенттің арнайы Жарлығымен дүниеге келді. Алқа құрамы төжірибелі судьялардың ішінен іріктеліп, жасырын дауыспен екі жылға сайланады. Олардың міндеті — әрбір судьяның жоғары біліктілігін арттыруға, заңға, тек заңға сәйкес сот төрелігін әділ атқаруына ықпал ету.

Сот тарихын ел тарихынан бөліп қарай алмаймыз. Республикамыздың сот жүйесі де еліміз бастан кешкен ілгерілеу мен құлдырау, қуғын-сүргін мен алапат соғыс жылдарын, толысу мен тоқырау шақтарын басынан өткерді.

Әділқазылықтың тамаша үлгісін ұлы бабаларымыз, біздің ұлттық тарихымыздан берік орын алатын Төле би, Қазыбек би және Әйтеке би айтқан “Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ” деген аталы сөзі бүгінгі күнге де қаратып айтылғандай.

ЗАҢ БАРШАҒА БІРДЕЙ

— *Мақсұт Сұлтанұлы, егемен елімізде де, сот жүйесінде де айтарлықтай өзгерістер болып жатыр.*

Құқықтық негіздерімізді реттейтін жаңа заңдар мен кодекстер өмірге келуде. Елмен бірге өздеріңіз де Астанаға қоныс аудардыңыздар. Оның үстіне республикадағы сот жүйесінің құрылғанына 75 жыл толды. Оқырман қауыммен бөлісер ойларыңыз да қордаланып қалған болар деп ойлаймыз.

Ортаға салар ой-пікірлер қашанда табылады ғой. Атқарылып жатқан және алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар аз емес. Әңгімеңізді осыдан өрбітсеңіз.

— Өзіңіз жақсы білесіз, қазір біз құқықтық мемлекет құру үстіндеміз. Бұл жұмыс бүкіл әділет жүйесін, оның ішінде соттарды, барлық құқық қорғау органдарын реформалауды қажет етті. Өйткені бізге өткеннен мұра болып қалған сот жүйесі жаңа жағдайда өзіне жүктелген міндеттерді толығымен атқаруға қауқарсыз болып шықты. Ұзақ жылдар бойы бір ғана партияның айтқанымен жүріп-тұрған әділет жүйесі нарық процестерін, одан туындайтын меншік қатынастарын, енді пайда бола бастаған кәсіпкерлікті қабылдай алмайтын еді. Ал сот төрелігі өркениет талаптарына сай жүзеге аспаған жерде қандай заңдылықтардың сақталуы мүмкін?

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей басшылығы және қатысуымен қабылданған жаңа Конституциямызда заң шығару, атқару және сот биліктерінің міндеттері сараланып қана қойған жоқ, құқық қорғау жүйесін реформалаудың негізгі принципті мәселелері де шешімін тапты. Президенттің 1995 жылғы 20-желтоқсандағы “Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы” Конституциялық Заң күші бар Жарлығы осы мәселелер айналасындағы пікір-таластардың бәріне нүкте қойды. Бұл құжат, тұтастай алғанда, сот жүйесін реформалау жолындағы батыл қадам болды. Соттардың заң жүзінде мемлекеттік билік тармақтарының бірі болып танылуы, сөз жоқ, сот қызметінің абыройын көтеріп қана қойған жоқ,

тиімділігін де арттырды. Қазір соттар, Президенттің осы Жарлығына сәйкес, өздеріне тиесілі билікті ешкімнің шен-шекпеніне қарамастан заңдарға сәйкес жүзеге асырады. Ал олардың шешімдері, үкімдері, өзге де қаулылары, тіпті талаптары, тапсырмалары болсын, республиканың бүкіл аумағында барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымы бар-жоқ азаматтардың орындауы үшін міндетті болып табылады. Оларды орындамау — сотты құрметтемеушілікпен бірдей, яғни, заң бойынша жауапқа тартылады. Заң алдында “қара” да бір, билік тұтқасындағы “зор” да бір. Ешқандай орган, қанша жерден жоғары тұрса да, сот функцияларын өзіне ала алмайды. Сот істеріне араласуға, қысым жасауға немесе бұрынғы кеңестік дәуірдегідей нұсқау беруге ешкімнің, ешқандай органның құқы жоқ. Тағы да айтамын: сот билігін атқаратын судьялар тәуелсіз және ауыстырылмайды, олардың тәуелсіздігі арнайы заңдармен қорғалады. Судьялар, олардың отбасылары, мүлкі мемлекеттің ерекше қорғауында. Оларды осы қызметке тек Республика Президенті тағайындайды. Ал Жоғарғы Соттың судьяларын Парламент Сенаты сайлайды. Бұл да тарихымызда бірінші рет. Міне, осы айтылғандардың бөрінен сот, сот төрелігін жүзеге асырушы судьялар міндеттерінің қаншалықты жауапты да құрметті екені көрініп тұр. Мұның бөрі заң жүзінде қатталған. Ал, айтыңызшы, біздің тарихымызда соттарға осындай өкілеттілік қай кезде беріліп еді? Бұл жағдайда тек қана еліміз егемендік алғаннан кейін, тарихымыздағы тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың осы саладағы бірден-бір дұрыс саясатының негізінде жетіп отырғанымызды бүкіл заңгерлеріміздің білетіндігіне ешбір күмөнім жоқ.

— Сіз өлгінде соттың ісіне араласуға ешкімнің де және ешқандай органның да құқы жоқ және ол заң жүзінде хатталған дедіңіз. Бірақ, қандай бір жолдармен болмасын, сот істерін қарау процесіне ықпал еткісі келетіндер мүлдем жоқ дегуге болмас?

— Жоқ деп айта алмаймыз. Ондай жағдайлар кездесіп тұрады. Бұған енді ескі көзқарас шылауында шырматылып жүргендердің қарекеті деп қараған жөн болар. Есіңізде ме, бұрындары кейбір кеудемсоқтар “жоғарыда ағаларым отыр, сен не істей аласың?” деген сыңайда ойына келгенін істеп бағатын. Өйткені, бір кездері жиі айтатын әкімшілдік-өміршілдік тәсілдің белең алып тұрған кезінде сот компартияның жазалаушы органы болып табылды. Аудандық, облыстық сот төрағалары, прокурорлар райкомның, обкомның мүшелері ретінде солардың партиялық тапсырмаларын бұлжытпай орындаушылар болды. Қазір құқық қорғау жүйесі одан арылса дағы, кейбір азаматтар, тіпті, мемлекеттік органда отырған лауазымды азаматтарға дейін сотқа жоғарыдан “тізе батырғысы” келеді. Оның мысалдары жоқ емес. Айталық, үстіміздегі жылдың көктемінде Шығыс Қазақстан облыстық әкімшілігінен Президент әкімшілігіне сотта қаралып жатқан шаруашылық істерге ықпал етуін сұраған өтініш келіп түсті. Облыс басшылары акционерлік қоғамдар арасындағы дауды мәселелердің Жоғарғы Сот арқылы тез арада шешілуін талап етеді. Тіпті Парламент депутаттарынан да сотта қаралған немесе қаралатын істерге қатысты хаттар келіп жатады. Біз, әрине, ондай хаттарға жауап бермейміз. Өйткені, судья, қандай нысанда болмасын, өзінің өндірістегі іс бойынша алдын-ала ой-пікірін білдірмейді. Сот кезінде нақты іс бойынша өз пікірін кеңесу бөлмесінде ғана айтады.

Сот төрелігін тек соттың ғана жүзеге асыратынына көпшілік дендей бермейтін секілді. Ата Заңымыздың 77-бабында “Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады” деп анық айтылған. Соған қарамастан сот шешіміне наразы болғандар соттың өзіне жүгінудің орнына билік тармақтарының жоғары тұрған сатыларына шағынады. Ал сот

ісіне, яғни қаулыға немесе үкімге байланысты соттан тыс органдарға түскен арыз-шағымдар қаралмайды. Сотта ғана өркім өз сөзін таңдауға құқылы. Осыны ескере бермейтін шағым иелері істің қаралуын өздері созып алады. Президенттің соттар және судьялардың мәртебесі туралы Жарлығына сәйкес сот өндірісі бойынша қарауға жататын азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін, арыздары мен шағымдарын ешқандай басқа органдар, басқа да лауазымды тұлғалар бақылауға ала алмайды.

Сот істеріне араласпаушылық туралы мәселелер үстіміздегі жылғы мамырдың 14-інде болған Жоғарғы Сот пленумында тағы да қосымша тиянақталды. Осы пленумда сот билігі туралы заңдарды қолданудың кейбір мәселелері жайында арнайы қаулы да қабылданды. Онда судьялардың өз тәуелсіздіктерін қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктерін толық күйінде пайдалана алмай келе жатқаны, өйткені кейбір атқарушы органдар тарапынан сот ісіне араласпаушылықтың орын алып отырғаны, соттарға құрметпен қарамау фактілеріне әр кез көңіл бөліне бермейтіні егжей-тегжейлі айтылған. Ол қаулының толық мәтіні баспасөзде жарияланды да.

Әрине, өмір болғаннан кейін адам басында неше түрлі жағдайлар кездеспей тұрмайды. Қылмыстық істердің құрбаны болып кететіндер де, керісінше, өздері қылмысқа барып, қоғам, заң алдында жауап беруге тура келетін жәйттер де аз кездеспейді. Мұндай мәселелерге сот қана баға береді, сот қана соңғы сөзін айтады. Жоғарғы соттың алқаларында, одан кейін, қажет болған жағдайда, ең жоғары тұрған сот сатысы — Төралқада қаралады. Оның жұмысына өздеріңіз де талай мәрте қатыстыңыздар. Білесіздер, Үкімет, заң шығарушы органдарындағы, басқа да атқарушы ведомстволардағы кез-келген лауазым иелерінің сот шешімін өз бетімен бұрмалауына, оның орындалуына кедергі болуға қақысы жоқ. Сондықтан азаматтар жоғары тұрған сотқа сот шешімдерімен келіспеу-

шілігін жеткізудің, шағымданудың белгіленген заң тәртібі бойынша жүргізілетінін естен шығармауы тиіс.

Орайы келгенде, айта кеткен артық болмас, осыдан бірнеше жыл бұрын, нақтырақ айтқанда, 1995 жылы Президенттің жұртшылыққа құқықтық тәрбие беру жөніндегі Жарлығы шықты. Құқықтық мемлекеттің негізін енді қалап жатқан біздің қоғам үшін ол актінің өлі де маңызы зор. Өкінішке орай, кейін келе жергілікті жерлерде оған тиісінше мән бермей кетті. Ал, мен айтар едім, ондай “ликбезді” кез-келген ауылда, аудан орталықтарында құруға болады. Жыл сайын мемлекеттік, жекеменшік заң оқу орындарын бітіріп жатқан жастар жеткілікті. Бір кездері “Заң консультациясы” деген шағын мекемелер қаланың кез келген бұрышында кездесетін. Соны бүгінгі өмірдің жағдайына ыңғайлап, қайта жаңғыртуға болады. Өйткені, нарық процестері тереңдеген сайын жұрттың өздеріне қатысты заңды міндеттерін, құқықтарын білуге деген ынта-ықыласы арта түспесе кемімейді. Сонда жұрт өділдік іздеп, жоғары орындарға емес, тәртібін, ретін сақтай отырып, жергілікті соттарға, оның ішінде Жоғарғы Соттың алқаларына, тіпті Төралқаларына дейін шағымдарын жеткізер еді.

— Төралқа демекші, көп азаматтар оның құзырына не жататынын, қандай тәртіппен істер қарайтынын, шағымдарды қандай жолдармен шешетінін, қарау тәртібін біле бермейді. Өзіңіз айтып отырған дәлелді-дәлелсіз арыз-шағымдардың жергілікті соттарды аттап өтіп, тікелей Сіздің, Төралқаның, тіпті, Конституция талаптарына сәйкес келмесе де, мемлекеттік атқарушы органдар басшыларының атына түсіп жататыны да сондықтан болса керек.

— Оныңыз рас. Төралқа, сот төрелігінің ең соңғы сатысы ретінде, істерді қадағалау тәртібімен қарай отырып, соттардың заңдарды дұрыс қолдануын, іс қарау барысында заңдылықтардың қатаң сақталуын қамтамасыз етеді. Осы мәселелер бойынша төменгі сатыдағы соттардың есебін тыңдайды. Таратып айтар

болсақ, былай: Төралқа мәжілісі келіп түскен істерді қадағалау тәртібімен қарайды, сот практикасының материалдарын зерттеп, қорытады, сот статистикасына талдау жасайды. Төменгі соттардың, Жоғарғы Соттағы сот алқаларының сот төрелігін жүзеге асыру жұмыстарын қадағалайды. Сонымен бірге алқа төрағаларының, судьялардың есептерін, хабарламаларын тындап, заңға сәйкес қорытындылар жасап отырады. Оның мүшелері Жоғарғы Соттың пленумында жабық дауыспен сайланады. Төралқада істі қарамас бұрын олар Төраға алдыртып алған іспен мұқият, жан-жақты танысады, зерттейді. Төралқаның, мені қосқанда, тоғыз мүшесі бар. Екі жылда бір рет құрамын жаңартып отырамыз. Егер олардың қазіргі құрамы кімдер екені қажет болса, оны да айтайын: Серіккелді Әбдірахманов, Ғалихан Бапақов, Валерий Булович, Валентина Бурляева, Анатолий Линник, Ибрагим Тоқболатов, Тиышты Тоғымбетова. Төралқаның тоғызыншы мүшесі Сансызбек Райымбеков еді, ол жуырда Астана қалалық сотының төрағасы қызметіне ауысты.

Ал басқа тұрғыдағы жалпы арыз-шағымдар мен қорытындылар, оның ішінде сот қаулысын орындамау, істердің қаралуын жөнсіз созу, арыздарды қармау, сот қызметкерлерінің әдепке сиыспайтын іс-әрекеттері мен өрескел қылықтары туралы түскен шағымдарды сот алқалары және арыз-шағым бөлімі іс барысында шешіп жатады. Бұл сұрағыңызға берер қысқаша жауабым осы.

— *Мақсұт Сұлтанұлы, сот қызметкерлерінің әдепке сиыспайтын дәрекі әрекеттері туралы айтып қалдыңыз. Жуырда Жоғарғы Соттың алты бірдей судьясы Сенаттың шешімі бойынша қызметтерінен босатылды. Олар сот жүйесіндегі мұндай жоғары сатыдағы қызметке келмес бұрын “өз міндеттерімді адал атқарамын, сот төрелігін заңдарға ғана бағына отырып жүзеге асырамын” деп Конституция атымен ант-сүйішті емес пе? Оның үстіне бәрінің де заң саласын-*

дағы стаждары жеткілікті, біліктілік емтиханынан сүрінбей өткен және Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесімен Сенатта сайланған тәжірибелі заңгерлер. Сөйте тұра атқарып отырған лауазымдарына сәйкес келмеуі себепті қызметтерімен қоштасуға мәжбүр болды. Жоғарғы Соттың тарихында мұндай жағдай, әй, қайдам, бұрын-соңды болмаған шығар-ау. Бұл — “Келінім, саған айтам, қызым, сен тыңда” деген сыңайдағы тұспал ма, өлде...

—Бұл ешқандай да тұспал емес. Азаматтардың құқықтарын, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың заңды мүдделерін, Ата Заңымыздың орындалуын қамтамасыз етуге тиіс судьялардың өздері заңды аттап, көзге көрініп тұрған қылмысты жамап-жасқауға тырысса басқалардан не үміт, не қайыр? Қазір сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аяусыз жүргізіліп жатыр. Биылғы жылдың өзінде ғана республикамызда 300-ге жуық лауазым иелерінің қылмысқа барғаны анықталды. Олардың ішінде ел басқарып отырған өкімдер де, прокурорлар да, судьялар да, атқару органдарының адамдары да бар. Біздегі судьяларға қолданылған қатаң шаралар, тағы да айтамын, тұспал емес, жемқорлыққа қарсы күрестің ашық түрі. Жоғарғы Соттың жазаланған судьялары өз ісінің білгір де тәжірибелі мамандары екені рас. Оған ешкім таласа алмайды. Әрқайсысының 10-15 жылдан еңбек стаждары бар. Қателіктерге ұрынып қалды деу қиын. Қараңыз енді: Талдықорғандағы бұрынғы мемлекеттік тергеу комитетінің екі қызметкері құны 3 миллион теңгеден астам түсті металды басқа елдің шекарасына дейін ұзатып салады. Олардың бұл қылмыстық істері алдымен қалалық, содан соң облыстық соттарда қаралады да өлгілер сүттен ақ, судан таза болып шыға келеді. Жоғарғы Соттың қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы да, істе қылмыс іздері жамырап жүрсе дағы, төменгі соттардың шешімін өзгеріссіз қалдырады, яғни қылмыстық істерге тікелей қатысы бар адамдар

ақталып шығады. Жоғарғы Соттың Төралқасы 1998 жылғы тамыздың 21-інде алқа мүшелерінің бұл негізсіз шешімін бұзу туралы қаулы шығарып, осы қылмыстық іс бойынша үкім мен кассациялық ұйғарымға тиісті өзгерістер енгізді. Судьяларға жеке қаулылар шығарылды, соның негізінде Жоғарғы Сот Кеңесі алдына олардың жауапкершілігі туралы мәселелер қойылды. Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Қайрат Мәми өз еркімен отставкаға кетті, қалған бесеуі Конституция талаптарымен, судья этикасының кодексімен еш сиыспайтын осы қылықтары үшін Парламентіміздің Сенатында орындарынан босатылды. Басқа не деуге болады? Әрине, бұл жағдай республикадағы судьялар корпусы үшін абырой емес.

— Таяуда тікелей эфир арқылы берген бір сұхбатыңызда сот билігі мен атқарушы биліктің ара-жігін ажырату жөнінде өз ойыңызды айтып қалдыңыз. Бұған дейін де осы пікіріңіз баспасөз беттерінде ара-кідік кездесіп қалатын. Соған қарағанда, бұл өзекті мәселелер қатарында болғаны ма?

— Кез келген құқықтық мемлекетте сот, тек қана сот өз төрелігін жүргізеді. Соттың ғана шешімін басшылыққа алатын мемлекет оның өлеуметтік маңыздылығын барынша жоғары көтеріп, сот төрелігін іске асырудағы тәуелсіздігіне толық кепілдік беруі тиіс. Барлық демократиялық елдерде солай. Ал әділет жүйесінің қалған органдары аса маңызды да күрделі міндеттерін жүзеге асыра отырып, тек сот төрелігінің функциясына қызмет етуі қажет. Бұл тұжырым заң саласындағы басқа мамандардың көңіліне келмеуі тиіс. Мен тек құқықты ғана алға тартатын, соған біржола бет бұрған мемлекеттердегі талқылауға жатпайтын сөзсіз ақиқатты айтып отырмын. Өкінішке орай, заңгерлердің өздері, кейбір жағдайларда, осы ақиқатты қабылдағысы келмейді.

Жалпы, сот жүйесін реформалауда соттарды ұйымдық жағынан қамтамасыз ету мәселесі бірінші кезекте тұруы керек.

Өйткені, тәуелсіз сот қана азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына кепіл бола алады. Сот жүйесі өзіне жүктеген міндеттерді ойдағыдай атқару үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының түсіндірмелерінде, заңгерлердің халықаралық Ассоциациясының нормативтерінде көзделген стандарттарды басшылыққа алуы тиіс. Ал онда былай делінген: судьялар барлық жағынан, оның ішінде материалдық жағынан да тәуелсіз болуы керек. Бұл арада атқарушы органдар тарапынан бақылау туралы сөз болуы мүмкін емес. Судьялар құқыққа қатысты барлық мәселені атқарушы үкіметтің араласуынсыз шешуі тиіс. Тәртіптік шаралар қолдану өкілеттігі және судьяларды қызметтерінен алу-алмау мәселелері атқарушы органдарға тіпті де қатысты емес. Өйткені олардың судьялар қызметіне қандай да бір жолдармен бақылау жасауға немесе ықпал етуге құқығы жоқ. Сот тәртібінің процедурасы судьялардың қатысумен ғана шешіледі. Соттарды басқару жауапкершілігі тек судьяларда болады. Бір сөзбен айтқанда, судьяларды тек судьялар ғана алмастыра алады. Басқа ешкім емес.

Біз соңғы бірнеше жыл бойы осы мәселеде бір шешімге келе алмай жүрміз. Ал Ресейдегі, Қырғызстандағы, Түркменстандағы сот жүйелері атқарушы органдар “қамқорлығынан” өлдеқашан бас тартқан. Мысалы, Ресей Федерациясында соттарды материалдық-техникалық жағынан және кадрлармен қамтамасыз ету жөніндегі Әділет министрлігінің барлық өкілеттіктері Жоғарғы Сотқа берілген. Қырғыз Республикасының Сот департаменті өз Президенттерінің 1996 жылдың мамырындағы Жарлығымен сот және судьялар қауымдастығы органдарының қалыпты жұмыстарын қамтамасыз етумен ғана шектеліп отыр. Түркменстан өділет жүйесіне де осындай тұрпаттағы құрылымдық жаңалықтар енгізілді. Біз, әрине, бұл жерде өлемдік тәжірибелерді басты назарға ала отырып, өз дауымыздың мүмкіндіктерін де сараламауы-

мыз керек. Күшті жақтарымызды да, кемшін жатқан тұстарымызды да парасат таразысына салып барып шешім қабылдағанымыз абзал. Біз Қазақстан Президентінің 1995 жылғы Конституциялық заң күші бар “Қазақстан Республикасындағы соттар мен судьялар мәртебесі туралы” Жарлығы шыққалы бері республиканың сот жүйесі оңы мен солын толық айқындап, уақыттың қатал емтиханынан сүрінбей өтті деп ойлаймыз. Енді сот-құқықтық реформалаудың кезекті кезеңі туралы мәселені батыл қоюға болады.

Мен осыдан бірнеше жыл бұрын газеттерге берген бір сұхбатымда соттар — армия емес, бірақ олар да сап түзеп жүруі тиіс деген ойды айтып қалған едім. Біз уақытпен бірге алға басуымыз керек.

— Мақсұт Сұлтанұлы, қазақ даласында ғасырлар бойы билер өкімі үстемдік құрып, ел арасындағы түрлі дау-шарларды шешіп отырған. Және олардың шешімі сөзсіз орындалуға жатқан. Кеңес үкіметінің орнауымен ол институт жойылды. Айтыңызшы, сол ұлы билердің тағлым боларлық тәжірибелері қазіргі сот жүйесінде қаншалықты көрініс тауып келеді?

— Егер Жоғарғы Сот осы күнге қалай жетті десе, ол ұлы билерімізден мұра болып қалған сол асыл қазыналарды қазіргі сот жүйесінің негізіне ала отырып жетті деп айту орынды. Әрине, бұдан дала кодекстерін сол күйі осы күнге көшіріп алдық деген пікір тумайды. Біз небір даулармен алысып, өсіп-өркендеп келе жатқан байырғы халықпыз. Елдік пен бостандық жолындағы күресіміз сонау ежелгі ғұндар мен сақтардан бастап, кешегі шерлі желтоқсанға дейінгі кезеңді қамтып жатыр. Бірақ, қандай алапат қиын кезеңдерді бастан кешірсе-дағы бабаларымыз ешқашан әділдік жолынан ауытқымаған. Мысалға “Жеті жарғыны” алайық. Мұнда “Қасым ханның қасқа жолы”, “Есім ханның ескі жолы” деп аталатын мемлекет басқару мен ел билеудің әбден қалыпқа түскен жосықтары негізге алынған. Оның бір

бабын да алып тастай алмас едіңіз. Өйткені онда сол заманның ғана емес, жалпы адамзатқа ортақ тұрмыс-тіршіліктің, қоғамдық, әлеуметтік ахуалы ескерілген. Сот билігі, кей кездері, хан билігінен де жоғары тұрған. Хандар хандық дәрежесін нығайтып отыру үшін де билер шешімімен санасып, әрдайым соған арқа сүйеп келген. Дау мұраты — бітім деген аталы сөз де сол кезден қалған.

Осы арада айта кету керек, заңның міндеті — қоғамдық қатынастарды реттеп отыру. Осы тұрғыдан келгенде, қоғамымызда қалыптасып отырған салттарымыз, дәстүрлеріміз өткен ғасырлардағы ата-баба салт-дәстүрлерінен өзгешелеу. Бүгінгі өмірімізге көз салыңызшы, нарық процестері белең алып келеді, жаңа экономика, банк қызметі, мемлекеттік қызмет, зейнетақы, жәрдемақы... Нарық заңдары ұлтына, дініне қарамастан, барлық елдерге ортақ. Қазір өркениет жолына түскен бар әлем құқықтық интеграцияға қарай ұмтылуда. Әр мемлекеттің заңы, бір қарағанда, әр түрлі сияқты болып көрінгенімен, үңіле түскен адам олардың заңдарымен біздің заңдардың үндесіп жатқанын байқар еді.

Ал енді ұлы билеріміздің тағылымы бүгінгі сот билігінде қандай дәрежеде көрініс тауып отыр дегенге келер болсақ, нендей бір даулы мәселе, қылмыстық, азаматтық іс болмасын, қара қылды қажару. Төле би бабамыздың “Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ” деген даналық сөздері қазір халық нақылына айналып кетті. Біздің де басты ұранымыз.

— *Жоғарғы Сотта Әкежан Қажыгелдиннің ісін қарау барысында да осы принципті басшылыққа алдыңыздар ғой?*

— Әлбетте. Енді қараңыз, заңды белінен басқан адамға мемлекет тізгінін қалай беріп қоюға болады? Мұндай жағдайда біз біреудің өзі жақсы, біреудің көзі жақсы деген жалпақше-шейліктен аулақпыз. Қажыгелдин мырзаға келетін болсақ, Президенттікке

үміткер болғысы келген республиканың кез келген азаматы, мейлі, ол бұрынғы Үкімет басшысы болсын немесе кеденші, әлде дәрігер, бизнесмен болсын, әдейі құқық бұзғаны үшін әкімшілік жазаға тартылса, республика Президенттігіне ғана емес, Парламенттің, мәслихаттың депутаттығына, өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне де үміткерлікке тіркелуге құқы жоқ. Бұл Президенттің, болмаса басқа бір ықпалды шенеуніктің тарапынан қолданылатын шара емес, заң солай дейді.

Медеу аудандық соты осындай шешім қабылдағаннан кейін мемлекет басшысы Жоғарғы Соттан Президенттікке үміткер ретінде тіркелуге кедергі келтіріп отырған аудандық сот шешімінің қаншалықты заңды екенін тексеруді өтінді. Президент сот тәуелсіздігінің қай кезде де дәйекті жақтаушысы болып келген және бола береді. Бірақ Елбасы азаматтардың конституциялық құқығы мен бостандығының кепілі. Осы ретте де және ет пен сүйектен жаралған адам ретінде де ол кейбір азаматтардың сайлау алдындағы күреске қатыса алмауы мүмкін-ау деген алаңдаушылығын білдірді. Президенттің Жоғарғы Сотқа өтініш жасауына итермелеген жағдай осы болатын.

Бірақ Жоғарғы Сот деңгейіндегі тексеріс аудандық сот шешімінің заңды екендігін дәлелдеді.

— *Ал өзіңіз қай жағындасыз? Ертеңгі Президент сайлауында кімді жақтап дауыс беруге дайынсыз?*

— Кімді жақтап дауыс беру өркімнің өзінің жеке азаматтық ісі деп есептеймін. Маған келетін болсақ, мен Жоғарғы Соттың бас судьясымын. Ал сот органдары, өзіңізге белгілі, қоғамымызда сот төрелігін іске асырушы. Осындай аса жауапты міндетті мойнына алып отырған орган, президенттік сайлауда болсын, басқа да мемлекеттік мәселелерде болсын, белгілі бір тұлғаға бүйрегі бұрып жұмыс істеуіне жол жоқ. Бұдан, әрине, соттағылардың өзіндік жеке пікір-пайымы жоқ екен деген ой тұмауы керек. Қайта біздер

қоғамымызда тұрақтылықтың сақталуына, заңдардың салтанат құруына, адам құқықтарының аяққа басылмауына ең бірінші кезекте мүдделіміз. Сондықтан да мемлекет басына аталған мәселелерді осы күнге дейін өзінің іс-әрекеттерімен жүзеге асыруға бар күш-жігерін жұмсаған және соған болашақта да барлық мүмкіншілікті туғызуға ақыл-ойы да, күш-жігері де, халқына деген шынайы сүйіспеншілігі де жеткілікті азаматтың келгені дұрыс. Бұл біздің ғана емес, жас мемлекетіміздің болашағына аландаушылық білдіретін барша азаматтардың пікірі деп ойлаймын.

СОТТЫҢ ДА СОҚПАҚТАРЫ БАР

Бүгін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының шаңырақ көтергеніне 75 жыл толып отыр. Әрине, сот тарихын ел тарихынан бөліп қарай алмаймыз. Осы жылдар ішінде республикамыздың сот жүйесі еліміз бастан кешкен ілгерілеу мен құлдырауды да, қуғын-сүргін мен соғыс зұлматын да, толысу мен тоқырауды да басынан кешірді. Біздің Ұлы даламыздағы сот билігінің өткен ғасырлардан бастау алатыны тарихтан белгілі.

Бүгінгі күндері сонау он сегізінші ғасырда Абылай армандап өткен, Кенесарыны мерт еткен мұңшерге толы өткен ғасырда Бөкейханов межелеп кеткен асыл мұраттар жүзеге асып отыр. Ежелден еркіндік аңсаған еліміз тәуелсіздік туын көтерді. Қазақстан әлемдік қауымдастық түгел таныған мемлекетке айналды. Президенттік басқару нысаны біржола қалыптасты. Ал сонымен бірге республикада сот билігі — әлеуметтік әділеттілік кепіліне айналып отыр.

Жоғарғы Сот осы күнге қалай жетті?

Сөзді әріден бастайтын болсақ, қазақ халқы — тамырын жер астына терең жіберген алып бөйтерек-

тей, өзегін өрт ала алмаған қасиетті ұлы даласынан табан аудармай, небір дауылдармен алысып, өсіп-өркендеп келе жатқан байырғы халық. Даланы дүр сілкіндірген, өркениет рухын сепкен көне сақтардың, ежелгі ғұндар мен түріктердің ұрпағы.

Біз бүгін өз халқымыздың дүниежүзілік өркениетке барынша үлес қосқанын да орынды мақтан ете аламыз. Әл-Фараби, Қорқыт ата, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Иассауи, Мұхамед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыр секілді Шығыс даналары осы даланың перзенттері. Елдік пен бостандық жолындағы күресіміздің сонау скиф, ғұн, оғыз, сақ, үйсін, қаңлы, қыпшақ замандарынан кешегі 86-шы жылғы шерлі желтоқсанға дейінгі сан ғасырлық шежіресі бар.

Ата-бабаларымыз табанды күрес арқасында бірлік-берекесін ғана сақтап қоймай, ХҮ ғасырда қуатты Қазақ хандығын құрды. Оны жақсы білесіздер. Бірақ, мемлекет бейбіт өмір сүре алмады, ұлан-ғайыр жерімізге ойран салушылар көбейді. Содан да келіп Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би ұйытқы болған, Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Есет, Қарасай, Жәнібек, Олжабай, Райымбектер қорған болған алып өлке бәрібір отаршылдықтың табанына түсті.

Бірақ, қандай бір қиын кезеңдерді бастан кешірсе дағы қазақ халқы сот билігінің туын төмен түсірмеген. Сот билігі — қазақтардың мемлекеттік символы болды. Ұлттық санада да сот билігі халыққа етене жақын тұрған билік саласы болып есептелді. Би, бүгінгі тілмен айтқанда, судья — ел қамқоры, халық жанашыры әрі ақылшысы бола білді. Қазақ қоғамына осындай біртұтастықты дарытып, ынтымақ орнатқан ежелгі ережелердің үлгілі нұсқасы, халықтың тәртіп-низамының, салт-дәстүрлерінің жүйелі жиынтығы — атақты “Жеті жарға” — дана бабаларымыздың “Қасым ханның қасқа жолы”, “Есім ханның ескі жолы” деп аталатын мемлекет басқару мен ел

билеудің қалыптасқан жосықтарын негізге алып, сахараның сол замандағы тұрмыс-тіршілігін, қоғамдық, әлеуметтік ахуалын ескерген, жан-жақты байыпталған заңгерлік ұлы мұра.

Сот билігінің көшпелілер қоғамындағы орнының билігі сонша, ол кей кездері хан билігінен де жоғары тұратын. Әрине, хан билігі қай уақытта да қазақ еліндегі ең жоғары мемлекеттік билік болып есептелді және солай болды да. Бірақ, ол өзінің хандық дәрежесін қамтамасыз етіп, нығайта түсу үшін сот билігімен әрдайым санасып отырды, соған арқа сүйеді. Өйткені, біздің кемеңгер хандарымыз сол кездердің өзінде-ақ сот билігін жүргізушілердің тәуелсіздігін қамтамасыз етіп, қорғап отырған.

Қазақ даласындағы сот билігінің рухани ерекшелігі сол — сот процесіне қатысушылар одан не “жеңіп”, не “жеңіліп” емес, “жеңілдеп” шығатын. Өйткені, оның басты мақсаты — бітім, бітімгершілік болатын. “Дау мұраты — бітім” деген аталы сөз де сол кезден қалған. Елді бірлікке, татулыққа шақырған ұлы билеріміздің даналығы да осында жатыр.

Бірақ, Ресей империясының тұсында тамыры тереңге кеткен қазақтың әдет-ғұрып құқығы бұл ерекшеліктерінен айрыла бастады. Патшалық Ресей қазақ қоғамындағы осы дәстүрлі заңдарды өз мүддесіне пайдалануға тырысты, қыр өлкесін отарлау саясатына бағындырғысы келді. Оның ішкі әлеуетін, құндылығын шектеді. Патша әкімшілігі реті келген жерлерде қазақтың әдет-ғұрып құқығы нормаларын қазақтардың өздеріне қарсы қолданудан тайынбады. Бағзы заманнан бері қара қылды қақ жарып, билік айтатын билер сотының үстінен Ресей әкімшілігі органдарына шағым беруді ресми түрде бекітті. Билер соты кейіннен халық соты деп аталып, олар әр болыстан сайланды. Бұрын халық ел ішінде бедел-абыройы жоғары, кемеңгер билерін өздері сайлап алатын болса, енді билерді Ресейдің

губернаторлары бекітетін болды. Мұндағы арамза мақсат — билер сотын Ресей әкімшілігіне бағынышты етіп қою еді. Осыдан келіп халық пен сот арасына сына түсе бастады, олардың алдындағы беделі төмендеді. Қоғамдағы саяси билік, оның іске асуы, құқық нормалары Ресей заңдарымен ығыстырылды. Тек өз мүдделеріне қайшы келмейтін кейбір құқықтық принциптерге ғана бейтараптық танытты.

Ал Кеңес өкіметі орнаған алғашқы айлардың өзінде, 1917 жылғы желтоқсанның 5-індегі Сот туралы №1 Декреттің нұсқауларына сәйкес жергілікті соттар істі Ресей Республикасының атынан шеше бастады. Осылайша бүкіл елде социалистік заңдылықты нығайтудың біртұтас саясаты белең алды. Түркістанда ескі мемлекеттік мекемелер бірте-бірте жойылды. Кеңестік орталық үкіметтің Декретіне сәйкес аймақтардағы бұрыннан келе жатқан сот мекемелерін, буржуазиялық қалалық думаларды, сондай-ақ бірқатар қаржылық, суландыру, азық-түлік, жерге орналастыру органдарын қысқарту туралы қаулы қабылданды.

Тек 1919 жылғы шілденің 10-ындағы Қырғыз өлкесін басқару жөніндегі Революциялық комитет туралы уақытша ереже ғана Қазақстанда сот құрылысының мәселесін біршама шешкендей болды. Осы аталған Уақытша ереже азамат соғысы кезеңіндегі Ресей сот құрылысының практикасына сәйкес Қазақстанда халық соттарын және революциялық трибуналдарды құруды көздеді. Республикалық революциялық трибуналардың жалпы ұйымдық және қызметтік принциптері Ресей заңдарымен астасып жатты.

1920 жылғы тамыздың 26-сындағы Бүкіл-лодақтық Орталық Атқару Комитетінің Декретімен Автономиялық Қырғыз (Қазақ) Социалистік Кеңес республикасының құрылғаны белгілі. Осы Декретпен бірқатар Халық комиссариаттарымен қатар Әділет Халық Комиссариаты да құрылды. Оған республикадағы сот органдарын ұйымдастыру және оларға басшылық жасау міндеті жүктелді.

1920 жылғы қазанның 4-12-сі аралығында Орынборда Қазақ АССР Құрылтай съезі болып, онда “Қазақ АССР еңбекшілері құқығының Декларациясы қабылданды. Оның бір тарауы Қазақстандағы ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, Ресей тәжірибесінің негізінде халық соттарын ұйымдастыру мәселелеріне арналды.

1921 жылғы сәуірдің 8-індегі “Қазақ КСР-нің халық соттары туралы” Орталық Атқару Комитетінің Декреті Қазақстандағы халық соттарын ұйымдастыру кезеңіне нүкте қойды. Бұл құжатты 1920 жылғы қазанның 21-де Ресей соттары туралы шыққан ереженің ұлттық ерекшеліктеріне байланысты жұқалап қана өзгертілген нұсқасы деуге болар еді. Ал ұлттық ерекшеліктер қатарына соттар әйелді зорлап алып қашу, еркінен тыс күйеуге беру, құн төлеу, барымта, қалыңмал, тағы басқа да осы секілді ұлттық салт-дәстүрлерді жатқызды.

1923 жылғы сәуір айында Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің қаулысымен РКФСР Жоғарғы Сотының Қазақ бөлімшесі құрылды. Қазақ бөлімшесінің құрылуымен Қазақ республикасындағы халық соты, губерниялық сот және РКФСР Жоғарғы Сотының бөлімшесінен тұратын үш сатылы сот жүйесін құру аяқталды.

Міне, 75 жылдығы аталып отырған егемен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты атты биік дәрежеге дейін алып келген ұлы дала соттарының жүріп өткен жолдары, қысқаша айтқанда, осындай.

Сот тарихы да ел тарихының бөлінбес бір бөлшегі. Кеңес дәуірінде ел басына түскен тәркілеу, ашаршылық, сталиндік қуғын-сүргін, Ұлы Отан соғысы, тоталитарлық жүйе, бәрі-бәрі сот билігін айналып өткен жоқ. Бірақ, қандай бір қиын кезең болмасын, соттар ұлы билер дәстүріне адалдығын әр кез өз істерімен дәлелдеуге тырысты.

Бірақ, Кеңес өкіметі кезеңінде құқық қорғау органдарының, сот жүйесінің ондаған жылдар бойы

билеп-төстеп келген тоталитаристік қызыл саясатшылардың ығынан шыға алмағанын жасырмаймыз. Сот, құқық органдары Коммунистік партия мен Кеңестің ат төбеліндей шонжарларының қолындағы жазалаушы құрал болды. Мен бұл жерде оған ұзақ-сонар мысалдар келтіріп, уақыт алып жатпайтын. Мұның мысалдары тарихтан жақсы белгілі. Оның үстіне бұрынғы Кеңес кеңістігінде қызмет істеген біздер оны жақсы білеміз.

Бүгін біз өткенімізден сабақ алып, болашаққа көз тастаймыз. Қазір біз тұрақтану кезеңідеміз. Ең өзекті және маңызды міндеттерімізді шешуде қол жеткізген табыстарымыз бізге жан-жағымызға үңіле зер салуға, өткен жолымызды таразылауға әрі болашаққа батылырақ көз салуға, алдағы дамуымыз туралы ойлауға, жоспарларымызды түзетуге мүмкіндік береді. Егер өткен жолымызға үңілер болсақ, қоғам дамуының күрделі кезеңдерінде бастарын бөйгеге тігіп, тек жоғары мәртебелі заңды ғана басшылыққа алған, соған адал қызмет істеген аяулы әріптес ағаларымыз аз болмаған. Осы арада елімізге белгілі қоғам қайраткері, білікті заңгер, алғашқы төраға Нығмет Нұрмақовтың республикада сот жүйесін қалыптастырудағы зор жұмысын атап өтпеске болмайды. Оның қисапсыз қызметтері туралы зерттеулер де, жекелеген мақалалар да жарық көрді. Сонымен РКФСР Жоғарғы Соты қазақ бөлімшесінде қызмет істеген алғашқы әріптестеріміз — осы кезге дейін есімдері қалың жұртшылыққа әлі жете таныс емес сот төрағалары мен оның орынбасарлары туралы айта кеткенді жөн көріп отырмын. Көптеген сот төрағалары мен судьялары сонау сталиндік қуғын-сүргіннің құрбандары болып кетті. Адам баласының санасын сан соқпаққа бұрып, жан дүниесін жапырып, қалыпқа құйған ХХ ғасырдың бұрқасын өткелдері, саяси жүйенің алдамшы идеологиясы, империялық өкімнің қаншеңгел құрсауы өз танабына тартып-ақ бақты. Сталиндік қуғын-сүргін кезінде оған мойын

ұсынғысы келмеген қазақтың абзал азаматтары — Сөкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхамеджан Тынышбаев, Халел Досмұхамедов, Мағжан Жұмабаев, Санжар Аспандияров, Ораз Жандосов, тағы басқа да көптеген қоғам және мемлекет қайраткерлері опат болды. Ел басына күн туып, ат ауыздықпен су ішкен, ер етікпен су кешкен аласапыран заманда заңның, тек заңның үстемдік құру жолында опат болған Нығмет Нұрмақов, Тілеужан Мұқашев, Мырзағұл Атаниязов, Ғұмар Жүнісов, Петр Громов, Қазмұхамбет Күлетов, Шаймерден Бектұрғанов, Әбдірахман Құскелдиев, тағы басқалар үшін сондай асулардың бірі — 1986 жылғы Желтоқсанның оқиғасы. Желтоқсанның сол ызғарлы күндерінде ұзақ жылдар бойы тұншықтырылып келген әділет үні алғаш рет ашық айтылды, жығыла жаздаған ұлттық намыс туы қайта көтерілді. Әміршіл де зорлықшыл жүйе алаңға шыққан жастардың өділ сөзін, заңды талабын естімеді, естігісі келмеді. Талай адамның тағдыры тәлкекке түсті, жүздеген жандар жазықсыз жазаланды. Ол аз болғандай, бүкіл ұлтқа “ұлтшылдық” таңбасы басылды. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына байланысты жарияланған ҚазТАГ-тың мына қасқа ақпаратына құлақ түрелікші: ... “Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасы Жоғарғы Соттың мүшесі Е.Л. Грабарниктің төрағалық етуімен істі ашық мәжілісте қарап, Рысқұлбековты ең ауыр жаза — ату жазасына, Төшенов пен Тайжұмаевты — 15 жылға, Күзембаевты — 14 жылға, Көпесбаевты — 4 жылға бас бостандығынан айыруға үкім шығарды. Жалпы саны 99 адам сотталып, жүздеген студент оқу орындарынан, комсомолдан шығарылды, жұмыстарынан қуылды”.

Мен бұл жерде сол кездегі сот жүйесінің заңға қайшы іс-әрекеттеріне баға беріп жатпаймын. Уақыт оған өзінің әділ бағасын берді. Тоталитаризмнің нақақтан нақақ құрбандары болып кеткендер түгел ақталды.

Содан бері біршама уақыт өтті. Еліміз тәуелсіздік алды. Өз билігіміз өз қолымызға тиді. Өз байлығымызға өзіміз ие болдық. Тіліміз, дініміз, салт-сана, әдет-ғұрыптарымыз қайта оралды. Дербес мемлекет құру ата-бабаларымыздың сан ғасырдан бері аңсап келе жатқан арманы еді. Шүкір, қазір оған жеттік.

Бірақ, Кеңес өкіметі жылдарындағы соттардың жұмыс тәжірибесі тәуелсіздігіміздің ерекше қастерлеуге, қадірлеуге лайық жандар. Олар өмірлерін бір мүдде, бір мақсатқа — елімізде заңдылықтың салтанат құру жолына арнады. Және өздері денсаулықтың құрбандары болып кетті. Бұлар: “Малым — жанымның садағасы, жаным — арымның садағасы” деген халқымыздың бас бостандығын, рух еркіндігін ерекше қастер тұтқан азаматтар Республикамызда жаңа тұрпаттағы заңдылық атты қасиетті шаңырақтың алғашқы уықтарын қадаған бұл ағаларымыз туралы болашақта талай-талай зерттеулер жазылары сөзсіз.

Тарихтың ойлы-қырлы белестерінде халықтың жүрегінде сақталып, жадында қалатын оқиғалар көп кездеседі. Қазақ халқы алғашқы жылдары да өзінің инерциялық сипатынан арыла алмады. Бізге мұра болып қалған ескі сот жүйесі соттардың құқық қорғау жөніндегі міндетін ойдағыдай жүзеге асыруға көмектесе алған жоқ. Олар кәсіпкерлік бастаманың қол-аяғын тұсады, сөйтіп, меншік қатынастарының дамуына кедергі келтірді. Сот қызметінің өркениетті жүйесі мен шын мәніндегі тәуелсіз судьялардың болмауы заңдардың орындалмауына әкеп соғып отырды.

Мұның бәрі сот жүйесін батыл реформалау қажеттілігіне алып келді. Бұл біздің жаңа Конституциямызда көзделген болатын. Шын мәнінде тәуелсіз өрі шешім қабылдауда барынша объективті, шенеуніктердің үстемдігінен азат, жемқорлықтан бойын аулақ ұстайтын сот құру үшін бірқатар пәрменді шаралар қабылданды. Конституцияға сәйкес жалпы және төрелік соттар жүйелері біріктірілді, соттар мен

судьялардың әділетті үкім шығаруға құқықтық кепілдіктерін нығайтқан Қазақстан Республикасы Президентінің “Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы” Конституциялық заң күші бар Жарлығы қабылданды.

Президенттің бұл Жарлығы еліміздегі сот жүйесін реформалау мәселесіндегі көп жылғы пікір-таластың қорытындысы іспетті. Республиканың сот корпусы бұл актіні зор түсіністікпен қабыл алды. Сөз жоқ, Президенттің бұл пәрмені сот жүйесін реформалаудағы үлкен қадам болды. Соттардың заң жүзінде осындай мәртебеге ие болуы олардың абыройын асырды, жұмыс тиімділігін арттырды. Конституцияда баянды етілген судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету және сот қауымдастығының міндеттерін жүзеге асыру мақсатында судьялардың республикалық қоғамдық бірлестігі құрылды. 1996 жылғы желтоқсанның 19-ында өткен судьялардың республикалық бірінші съезі Республика судьяларының Одағын құрды. Жетекші орган — Судьялар Одағының Орталық Кеңесін сайлады.

Сот орындары судьялардың заңды жүзеге асыру кезінде Конституцияда баянды етілген тәуелсіздігін қамтамасыз етуге сенімді кепілдіктер алды. Бұдан былайғы жерде судьялардың қызметіне араласуға жол берілмейді, олардың ісіне қол сұғылмайды және нақты істер жөнінде ешкімнің алдында есеп берілмейді. Тек Конституция мен Заңға бағынады. Дегенмен, жоғарыда айтып кеткеніміздей, сот жүйесін жетілдіре түсуге, оның тиімділігін арттыруға түбегейлі реформа жүргізудің уақыты пісіп-жетілді.

Әділетті де бұлтартпас сот үкімдерін шығаруға Конституцияда қарастырылған сот корпусын қалыптастыру тетігі де жасалды. Мұндағы жетекші рольдің мемлекет басшысы — Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа тиесілі болып отырғанын айтып өтпекпіз. Жоғарғы Сот Кеңесі қазірдің өзінде қалыптасып, жұмыс істеп жатыр.

Сот-құқықтық реформасын одан әрі тереңдету мәселесінде бұдан басқа да пікірлер аз емес және оның біразы биылғы жылдың екінші жартысында заң түрінде бекиді де.

Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар “Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы” 1995 жылғы желтоқсандағы Жарлығы уақыт сынынан өтті. Енді сот жүйесіндегі артық-кем жатқан тұстарымызға байыптылықпен талдау жасап, сот-құқықтық жүйесін реформалаудың кезекті кезеңі туралы ой қорытуға мүмкіндігіміз бар. Осы турасында Республика Конституциялық Кеңесінің мүшесі Серік Темірболатовтың баспасөз бетінде айтқан мына пікірі көкейге қонады: қызметін ұйымдық, кадрлық және қаржылық жағынан қамтамасыз ету мәселесін өз алдына республикалық деңгейдегі органға беру керек. Білікті заңгер ондай органды Жоғарғы Сот жанынан құруды ұсынады.

Әрине, бұл халықаралық құқықтық нормалардың да, халықаралық практиканың да, республика Конституциясының да, сондай-ақ, бүгінгі күннің талаптарына сай келеді. Республикада жүргізіліп жатқан сот-құқықтық реформа барысында мұның бәрі көкейкесті мәселелер болып табылады. Оның үстіне соттар қызметін ұйымдастыру міндетін Жоғарғы Соттың құзырына беру мемлекеттік бюджеттен қосымша қаржыны талап етпейді. Өйткені, бұл реформалауды Әділет министрлігінің соттар қызметін ұйымдастыру, соттық сараптау және атқарушы өндіріс департаментінің, оның жергілікті жерлердегі бөлімдерінің штаттық санын қысқарту есебінен жүргізуге болады.

Бірақ, жергілікті соттарға сот төрелігін іске асыруға ықпал жасау департаментін (өкімшілігін) Жоғарғы Сот жанынан құру тек Конституцияға өзгеріс енгізу арқылы ғана мүмкін болмақ. Бұл болашақтың ісі. Сондықтан аталған департаментті Әділет министрлігі жа-

нынан ерекшелете құрып, ол департаменттің бастығын Президенттің келісімімен Үкімет тағайындап, оны қаржыландыру (жергілікті соттармен қоса) республикалық бюджетте ерекше белгіленетін болса, сот тәуелсіздігін одан әрі бекіте түсудегі тағы да бір үлкен кадам болар еді.

Өтпелі кезеңнің қандайда болсын, қиыншылықтарын басымыздан кешіре тұрсақ та халқымыздың, қоғамымыздың, саяси күштеріміздің бойында жас мемлекеттілігімізді нығайтуға, экономикамызды реформалауға, құқықтық демократиялық қоғам орнатуға деген ерік-жігердің, ақыл-парасаттың мол екендігі сөзсіз. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың 2030 жылға кейінгі Қазақстанның даму стратегиясы турасында Қазақстан халқына Жолдауында атап көрсетілгендей: “Аса ауыр жағдайларда жинақталған мемлекет құру, саяси және экономикалық реформалар жүргізу тәжірибесі, әлем және оның дамуы туралы білімділігіміз, қазақстандықтардың төзімділігі мен түсінушілігі бізге қосымша күш-қуат пен сенімділік үстейді”.

Жоғарғы Сот ғимараты жанынан үш би ескерткішінің бой көтеруінде де белгілі бір символикалық үйлесімділік бар деп білеміз.

Біз өткенді таразылап, сабақ ала алмасақ, болашағымызды бағдарлай алмаймыз. Жоғарыда айтып кеткенімдей, тарихымызда еліміздің абыройын асырып, көсегесін көгерткен талай хандар мен елді аузына қаратқан сұңғыла билер өткен. Дала заңдарының жиынтығы — сол бабаларымыздан қалған баға жетпес мұра. Сондай даналардың ішінде дәуірдің үш кеменгері деп танылған Әлібекұлы Төле бидің, Келдібекұлы Қазыбек бидің, Бәйбекұлы Әйтеке бидің орны бөлек. Барша қазақ баласы аттарын ардақтап, айтқандарын жаттаған, саналарына тоқыған осы үш бабамыздың ел алдындағы еңбегіне, халық қамын жеген қасиетті ісіне сөз жеткізіп, баға беру қиын. Халық болып сақталғанымыз, егемен ел атанып, тәуелсіздік

туын тігіп отырғанымыз, ата-баба жерінде басымыз аман, бауырымыз бүтін жүріп жатқанымыз үшін бүгінгі ұрпақ осы аталарымыздың аруағы алдында бастарын иеді. Ұлы аталарымыз алдындағы басты мақсат — халықтың бірлігі болса, сол мақсат бүгін де өзгерген жоқ.

Өзіміз күнде көріп жүрміз, ескерткіш алды гүл шоқтарынан босамайды. Алыстан Астанаға ат басын тірегендер де ұлы бабаларымызға міндетті түрде тағзым етіп кетеді. Жаңа қосылған жас жұбайлар да, мектеп бітірушілер де осында келіп тұрады. Өйткені, Жоғарғы Сот ғимаратының іргесіндегі ұлы үш биге орнатылған ескерткіш-монумент сол береке басы — бірлігіміздің, татулығымыздың символы. Бірлікті, татулықты көксемейтін жан жоқ. Тарихта іздері сайрап жатқан ұлы хандарымыз бен билеріміздің арман-мүддесі, сот билігінде жүрген біздердің де мақсатымыз — зайырлы қоғам, бірлігі жарасқан елдің іргесін бекіте түсу.

1999 — ҚОЯН ЖЫЛЫ



СУДЬЯЛАР ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЗАҢМЕН ҚОРҒАЛАДЫ

1999 жылғы қаңтардың 25-і күні республика судьяларының екінші съезі басталды. Бұл кезде мен Жоғарғы Соттың төрағасы және республика Судьялар одағының төрағасы едім. Съезден төрт-бес күн бұрын “Алматы ақшамы” газетінің тапсырмасы бойынша ҚР Жоғарғы Соты баспасөз қызметінің жетекшісі Судьялар одағы атқарып отырған жұмыстар мен сот жүйесіндегі шешуін күткен мәселелер туралы мені өңгімеге тартты.

— Мақсұт Сұлтанұлы, Судьялар одағы егемен елімізде жаңадан пайда болған қоғамдық ұйымдардың қатарына жатады десек, бұл ұйымның мақсаты қандай, шаңырақ көтерген екі жылдың ішінде одақ нендей жұмыстар атқарды?

— Егемен ел атанып, етек-жеңімізді жиғанымызға жеті жыл уақыт өтті. Осы жеті жыл ішінде елімізде жетпіс жылға татырлық талай өзгерістер болды десек, шындықтан алыс кетпейміз. Ол өзгерістер республикамыздың сот жүйесін де айналып өткен жоқ. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап ескіден қалған сот жүйесінің орнына бүгінгі демократия талаптарына, халқымыздың діліне сәйкес келетін мүлдем жаңа сот жүйесін құру қажет болды. Міне, құқықтық реформа осыдан басталды.

Содан бері Ата Заңымыз өмір талаптарына сәйкес толықтырылып, соған орай заңдарымыз екшелді.

Ал, судьялар форумына келсек, республика судьяларының бірінші съезі 1996 жылғы желтоқсанның 16-сында өткен болатын. Содан бері екі жылдан сәл-ақ астам уақыт өтті. Сол екі жыл ішінде республика сот жүйесінде айтарлықтай оң өзгерістердің болғанын айтуға тиіспіз.

Судьялар одағының қабылдаған жарғысына сәйкес ол үкіметке кірмейтін, коммерциялық ұйымға жатпайтын, республикалық нысандағы қоғамдық

бірлестік болып табылады. Одақтың мақсаты — судьялардың кәсіптік мүдделерін, тәуелсіздік принциптерін қорғау және ашық пікір бөлісу. Ал оның міндеттеріне маңызды деген мемлекеттік-құқықтық проблемаларды шешудегі судьялар қауымдастығының тұғырнамасын айқындау, соттар жұмысы мен судьялар мәртебесінің көкейкесті проблемаларын қарау, мемлекеттік органдарда және қоғамдық бірлестіктерде судьялар мүдделерін қорғау, сот практикасы мен заң шығарушылық мәселелерін талқылау, сот жұмыстарына қатысты заңдар мен басқадай нормативтік актілердің жобаларын қоғамдық сараптаудан өткізу, тағы басқалар жатады.

Одақ өз қызметін республиканың барлық аумағында жүзеге асырады. Оның құрылымы барлық облыстардағы бөлімшелерінен тұрады. Қазір нақтырақ айтқанда, одақ құрамында 18 бөлімше жұмыс істейді. Ол бөлімшелер Орталық кеңеспен ақылдаса отырып, өздерінің жұмыс жоспарларын жасайды, іс-шараларды жүзеге асырады.

Одақ мақсаты — судьялардың біліктілігін арттыру, тәуелсіздігін қамтамасыз етуге ықпал ету, мемлекеттік органдарға тиісті ұсыныстар жасау. Айталық, 1997 жылғы наурыз айында тәуелсіз Судьялар қауымдастығының қалыптасу мәселелері бойынша Ригада өткен халықаралық конференцияға бізден өкілдер қатысты. Шетелдердегі және Тәуелсіз мемлекеттер достастығындағы осындай ұйымдармен тығыз байланыстар орнатылды. Сол жылдың қыркүйегінде және қарашасында Өзбекстан, Тәжікстан судьяларының конференцияларына қатысты. Қарашада республика судьяларының үлкен бір тобы тәжірибе алмасу мақсатымен Пәкстанға барып қайтты. Онда судьяларымыз Шарифат Халықаралық Ислам академиясының семинарларына қатысып, Пәкстан Жоғарғы сотының, Жоғарғы Ислам сотының судьяларымен кездесті. Бұл күндері судьялардың кезекті тобы тағы да Пәкстанға жүруге дайындалып жатыр.

— *Мақсұт Сұлтанұлы, Судьялар одағы осындай маңызды іс-шаралар өткізуге қаржы көздерін қайдан табады?*

Одақтың ойдағыдай жұмыс істеуіне отандық, шетелдік компаниялар қолұшын беріп тұрады. Мысалы, Алматыдағы Американ заңгерлері ассоциациясы өкілдігінің қаржылық жағынан қолдауы нәтижесінде Судьялар одағының “Ақпараттық бюллетені” шығарылды. Өкінішке орай, соңғы уақытта қаржы тапшылығына байланысты тоқтап қалды. Сондай-ақ, осы ассоциация өкілдігі мен АРД/Чеки-дің қаржылық қолдауымен 1997 жылғы желтоқсанда Алматыда судьялар конференциясы өткізіліп, оған Орталық Азия елдерінің судьялар қауымдастығынан өкілдер қатыстырылды. Осы алқалы басқосуда Қазақстан Судьялар одағының төрағасы, Қырғыз Республикасы судьялар ассоциациясы басқармасының төрағасы және Тәжікстан судьялар ассоциациясының президенті Халықаралық Орталық Азия судьяларының ассоциациясын құру туралы декларацияға қол қойды. Бұл келісім басқа елдердің судьялар қауымдастығы үшін де ашық.

Халықаралық судьялар ассоциациясы осы бірлестікке кірген елдердің аумағында, сол мемлекеттің заңдарына, халықаралық құқық нормаларына сәйкес өз қызметтерін жүзеге асыра алады. Ассоциацияның міндеттері мен мақсаты — сот билігінің шын мәніндегі тәуелсіздігіне қол жеткізу үшін Орталық Азия елдері судьяларының күш-жігерін бір арнаға тоғыстыру, судьялар қызметінің құқықтық негізін нығайту, оларды өлеуметтік-құқықтық жағынан қорғау, судьялар өтініштерін қарау және олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға байланысты шаралар қабылдау болып табылады.

Судьялар арасында тәжірибе алмасудың маңызы зор. Ол судьялардың кәсіптік шеберлігінің артуына, судьялар этикасының нормаларын, біліктілігі мен білімін жетілдіруге айтарлықтай ықпал етеді.

Өткен жылы маусымда Ыстықкөлде халықаралық деңгейде осындай алқалы басқосу болып өтті. Қазақстан жағынан он адам қатысқан бұл халықаралық семинарда Орталық Азия елдерінің судьяларынан басқа АҚШ-тан, Ресейден, Латвиядан тәуелсіз сарапшылар, белгілі заңгер-ғалымдар қатысты. Соттар тәуелсіздігі хақында баяндамалар тыңдалды, пікірлер ортаға салынды.

Өткен жылы Қазақстан Судьялар одағы “Заңгерлер одағы” деп аталатын Халықаралық үкіметтік емес бірлестік құрамына кірді.

— *Елімізде уақыт талаптарына сәйкес әлеуметтік, экономикалық және құқықтық салалардағы жаңалықтарды, заңдылықтар мен нормативтік актілерге Парламент енгізіп жатқан өзгерістер мен толықтыруларды судьялар деңгейінде игеріп кетіп жатыр ма? Сот істерін қарауды сол өзгерістер мен толықтырулар тиісінше басшылыққа алынып жүр ме? Бұл орайда, судьялар біліктілігін жүйелі түрде арттырып отырудың қаншалықты маңызы бар деп ойлайсыз?*

— Судьялар біліктілігін арттыруда АРД/Чеки компаниясы Судьялар одағына ұдайы қолдау көрсетіп келеді. Осы компания 1996 жылы қараша мен тамыз айларында және 1997 жылы мамыр және қазан айларында “Коммерциялық құқық” тақырыбы бойынша АҚШ-та өткен алқалы жиынға қазақстандық судьялардың үлкен бір тобының қатысуын қамтамасыз етті. Соңғы екі жыл уақыттың ішінде өзіміз де осы тектес оқуларды ұйымдастыруда біршама тәжірибелер жинақтап қалдық. Жоғарыда айтып кеткен АРД/Чеки компаниясымен бірлесіп “Экономикалық қылмыс”, “Коммерциялық құқық” тақырыптары бойынша семинарлар ұйымдастырдық. Осы компанияның қаржылық демеушілерінен Ыстықкөлде экономикалық қылмыс проблемалары жөнінде Қазақстан және Қырғызстан судьяларының қатысуларымен құқықтық оқулар өткізілді. 1997

жылы мамыр және қыркүйек айларында осы тақырыпта, барлық облыстық судьяларының өкілдерін қатыстыра отырып, республикалық семинар ұйымдастырдық. Семинарда Жоғарғы Соттың судьялары мен заңгер-ғалымдар ғана емес, АҚШ лекторлары да өз елдеріндегі сот төрелігін жүзеге асырудағы тәжірибелерін ортаға салды.

АРД/Чеки компаниясының демеушілігімен өткен жылы ғана Қарағандыда, Павлодарда, Қостанайда, Ақтөбеде, Таразда, Өскеменде, Ақтауда, Шымкентте және Петропавлда коммерциялық, экономикалық құқық тақырыптары бойынша семинарлар өтті. Облыстық, қалалық соттар судьяларының алдында Жоғарғы Соттың білікті судьялары Б. Булович, В.Грибанова, Т. Тоғымбетова, Қ.Көмеков, Р.Юрченко, Ю.Пономаренко, М.Балтабай, С.Кәуен сөз сөйлеп, сот жүйесіндегі шешуін күтер мәселелер туралы ойларын ортаға салды.

Судьялар одағының екі съезд аралығында тындырған жұмыстарын әлі де тізе беруге болады. Әрине, одақта барлық іс-шаралар кедергісіз жүзеге асырылып жатыр деп айта алмаймыз. Әр саланың өз қиындықтары болады. Жас мемлекетіміз аяғына енді-енді қаз тұрып келе жатқанда айналдырған екі жылдың ішінде бәрі бірдей шешіле қоймады деп наз айтудың өзі де орынсыз. Дегенмен...

— *Кедергілер де кездесіп қалады демекшісіз ғой.*

— Кедергілер дегеннен гөрі түсініс-пеушіліктер кездесіп қалады деген дұрыс болар. Мысалға жүгінер болсам, 1994 жылғы сәуірдің 18-інде Президенттің “Қазақстан Республикасы соттары судьяларының материалдық және әлеуметтік жағынан қамтамасыз ету деңгейін арттыру жөніндегі қосымша шаралар туралы” Жарлығы және 1995 жылғы желтоқсанның 20-сындағы “Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялар мәртебесі туралы” Конституциялық заң күші бар Жарлығы шыққаны белгілі. Президенттің бұл пәрмендері, сөз жоқ, судьялар кор-

пұсының қызметін жетілдіруде баға жетпес рөл атқарады.

Бірақ республика сот жүйесі үшін аса маңызды осы Жарлықтар аз уақыттың ішінде үш рет өзгеріске ұшырады. Нәтижесінде судьяларға көрсетілетін жеңілдіктер, олардың зейнеткерлікке шығу жасы ұзартылып, зейнетақы мөлшері кемітілді. Бұл өзгерістер судьялар құқығына нұқсан келтірді. Конституция баптары мен Президент Жарлықтары бойынша судьялардың материалдық жағдайы ешқандай қайта қарауға жатпауы тиіс. Судьялар отставкаға шыққанның өзінде олар судьялар қауымдастығында қалады. Өз кезегінде кешегі судьялар материалдық жағынан зардап шекпеуі керек дейміз.

Айтар болсақ, судьялар мәртебесі хақындағы Президент Жарлығының судьяларға жеңілдіктер жасауды көздеген 72-бабына өзгерістер енгізу туралы Үкімет ұсынған заң жобасының Мәжілісте қаралатынын біз бір апта қалғанда білдік. Заң жобасы Жоғарғы Сотқа жіберілген жоқ. Осы үстірттікке жол бермеу мақсатында Одақтың Орталық кеңесі заң жобасына өз қарсылығын білдіріп, Парламентке үш рет шықты. Біздің өтінішіміз нақты дәлелдер мен қисындарға негізделген болатын. Сол кезеңде облыстық, аудандық соттардағы судьялар ішінде жасы елуден асқандары 76 адам ғана еді. Одан республика бюджетіне пәлендей зиян келе қоймайтын. Есесіне судьялардың тәуелсіздігі нығая түседі, сот төрелігін іске асыру сапалық жағынан жақсарады. Бірақ біздің сөзіміз өтпеді, зейнеткерлікке шыққан судьяларға көрсетілетін болмашы жеңілдіктер алынып тасталды.

1997 жылдың соңғы айларында Орталық кеңес сот билігін қамтамасыз етуге қажетті қаржы бөлуді бюджетте қарастыру жөнінде Үкіметке ұсыныс жасады. Қаржы министрлігі басқа мемлекеттік органдарға қарағанда сот жүйесіне қаржы бөлуді 12 пайызға арттырып отырғанын мәлімдеді. Өткен жылдың

соңында да Қаржы министрлігіне осындай мәнде өтініш жасадық. Ондағылар бізге сотқа бөлінген қаржы бұрынғы күйде қалды деп жауап берді. Астанаға көшіп келіп, етек-жеңімізді енді жинап жатқанымызды, техникалық жағынан жарақтандыру, үй-жай мәселелерін былай қоя тұрғанда бюджеттен бөлінген осы қаржыға шүкіршілік етуге де болар еді. Бірақ судьялар сол бөлінген қаржының толық күйінде соттарды ұстап тұруға жұмсалатынына күмәнді. Қаржы министрлігіне бюджеттің осы бабы бойынша Әділет министрлігін толық қаржыландырып отыр ма? Төменгі сот буындарын барлық жағынан қамтамасыз етуге тиіс Әділет министрлігінен жергілікті соттарға мемлекеттен бөлінген қаржы толық күйінде жете ме? Жекелеген қаржыландыру туралы заң талаптары сақтала ма? Бізге белгілі болып отырғандай, соттарда заң бойынша тиесілі сыйақы төлеуге, іссапарларға, басқа да шығындарға қаржы жетпейді. Көптеген соттар, тіпті, Бюджет туралы заңда көзделген қаржының өзін ала алмайды. Республика судьяларын қаржыландыруды бақылауға мүмкіндік беретін ешқандай нормативтік акт әлі күнге жасалған жоқ.

Алдағы Судьялар съезінде барлық аймақтар судьялардың барлық жағдайда да өзара ынтымақтастықта болуы, судьялар мәртебесіне байланысты проблемалар, олардың жұмыс істеуіне қалыпты жағдайлар жасау, ар-ожданын қорғау, сот төрелігін іске асыруда тәуелсіздігін толық қамтамасыз ету мәселелері жан-жақты сөз болады.

Алдағы уақытта судьялар мен сот қызметкерлері, судьялық қызметке үміткер заңгерлер үшін Судьялар одағы жанынан тұрақты жұмыс істейтін көп мақсатты оқу бағдарламасы ұйымдастырылмақ. Бұл бағдарлама Судьялар одағының құрамдас бір бөлігі болып табылады. Басты мақсат — заңгерлік білімін одан өрі жетілдіру, судьялар мен сот қызметкерлерінің мамандығын жетілдіру.

— *Өңгімеңізге рахмет. Жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз!*

АТУ ЖАЗАСЫ. БІРІНШІ ОЙЫМ

— *Мақсұт Сұлтанұлы, соңғы жылдары баспасөз беттерінен болсын, теледидар хабарларынан болсын, кісі өлтіргендерді сот арқылы ең ауыр жаза — өлім жазасына кесілгендерді жиі еститін болдық. Оның себебін немен түсіндіруге болар еді?*

— Өлім жазасы туралы мәселе — бірыңғай заң аясындағы мәселе емес. Ол философиялық, имандылық-этикалық проблемалардың кең ауқымын қамтиды. Сондықтан да қылмыспен, оның ішінде аса қауіпті қылмыс түрлерімен күрес проблемасы заңгерлерді ғана емес, философтарды, қоғам қайраткерлерін, жазушылар мен журналистерді толғандырып келеді. Бұл проблемаға соңғы жылдары сот-құқық қорғау органдарымен бірге мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та, Үкімет те баса назар аударып отыр.

Өздеріңіз де жақсы білесіздер, ұзақ жылдар бойы мемлекет мүддесі жекелеген азаматтар мүддесінен өлдеқайда жоғары деген қоғамдық сана билеп келді. Республика Қылмыстық кодексінің айрықша бөлімінде осы принциптің имандылық таразысына қаншалықты сәйкес келетіні ескерілген. Қазір бұл мәселеге деген көзқарас жеке адам мүддесіне қарай ойысып барады. Ендеше мемлекет, оның сот-құқық қорғау ведомстволары аса қауіпті қылмыс түрі — адам өміріне қастандық жасаудың алдын алу үшін барлық мүмкіндіктерді іске қосу керек. Адам өмірінен қымбат ештеңе жоқ. Олай болса, осындай жауыздыққа барған адам да соған лайық жазасын алуы тиіс. Қылмысы қаншалықты ауыр болса, қолданылатын жаза да соншалықты ауыр болады. Дүние жүзінің

барлық елдерінде солай. Тек АҚШ-тың бірен-саран штаттарында ғана өлім жазасы жоқ. Олардың өзі соңғы кездері адам өмірін қиғандарға жазаны күшейту қажеттігін көтеріп жүр. Америкадағы қоғамдық пікірлер институтының деректеріне сүйенер болсақ, елдегі заңгерлердің 72 пайызы айуандық қылмыс жасағандарға өлім жазасын қолдануды қалайды.

Бірақ “біреудің өмірін қиюға өз еркімен барған адам (адам деп айтуға ауыз бармаса да) өз қылмысынан өз өмірін беріп құтылуы тиіс” деген жалаң принципті жалаулата беру де жақсылыққа апара бермейтінін айта кеткен жөн.

— *Сонда қалай, адам өлтіргендердің өлім жазасынан құтылып кетуі де мүмкін бе?*

— Қылмысына қарай — жазасы. Кез келген қылмыскерге жаза белгілемес бұрын судьялар оның қылмыстық іс-әрекеттерін мұқият таразыға салады. Бұл істе қателікке жол берілмеуі керек. Жаза қолданудың мақсаты — адамды түзу жолға салу. Ол кім болса, ол болсын, біздің қоғамның мүшесі немесе бір қалада қатар өмір сүріп жүрген адам. Өлім жазасына кесу — оның түзу жолға түсу мүмкіндігінен айырады. Солай емес пе? Олай болса, оны қоғамға аса қауіпті қылмыскер ретінде өмір-бақи құлып астында ұстау керек. Ақыр соңында арада біршама уақыт өткеннен кейін ол қылмыстың ақ-қарасы ашылуы мүмкін. Сот тарихында ондай жәйттер де кездескен. Есіңізде болар, Витебскідегі қанішер жаналғыш — Чикотило дегенді торға түсіргенге дейін қаншама адам жазықсыз жапа шекті. Кейбіреулері сот үкімімен атылып та кетті. Бұл — барлық судьялар үшін ащы сабақ болды.

— *Өлім жазасы тоқтаған жерде қылмыстың өршіп кетуі де мүмкін ғой. Мысалы, Ресей Еуропалық Одақтың ықпалымен осы жазаны қолдануды белгілі бір уақытқа дейін кідіртіп отыр. Мұндай “жеңілдік жағдайында” небір қанішерлердің тіпті дандайсып кетуі де ғажап емес. Бұл турасында сіз не дер едіңіз?*

— Тірі адамды өлім жазасына кесудің өзі, былай алып қарағанда, имандылық қағидасына қайшы. Құранда да, басқа дін ағымдарының қасиетті кітаптарында да “ешкімді өлтірме, құдай берген өмірді құдайдың өзі алады. Төңірінің ісіне қол сұғуға ешкімнің де қақысы жоқ” дегендей тәмсілдер бар. Оны ешкім жоққа шығармайды. Ал, енді мәселенің екінші жағына келейік. Бір отбасын шиеттей бала-шағасымен қырып кеткен жауызды өлім жазасынан басқа қай бапқа сыйдыруға болар еді? Алматыда оннан астам жадықсыз жандардың өмірін қиған Можаевты, дүниемүлкін алу мақсатымен бірнеше адамды оп-оңай өлтіре салған Сорокинді, түзу жолға түс деп ескерту айтқаны үшін өз анасын піскілеп өлтіріп, артынан жыныстық жасаған Өскенбаевты адам қатарына қосып, олардың өмірін арашалап қалуға қандай негіз бар?

— *Жақында ғана Астанада сіз айтып отырған жантүршігерлік сондай тағы бір қылмыс болды. Теледидардан көрсетті. Оларды қандай жаза күтіп тұр деп ойлайсыз?*

— Ол жағдайды мен де теледидар арқылы естіп, біліп жатырмын. Шетелдік кәсіпкерді, үй иесі — жас келіншекті жөне оның алты жасар ұлын айуандықпен өлтіріп кеткен ол бандылар тобыры қазір қамауда. Олардың әрқайсысының қылмысын сот ашады. Тергеу жүріп жатыр. Қалай болғанда да оларға қолданылатын жазаның әділ болатынына күмәнім жоқ.

— *Мақсұт Сұлтанұлы, қылмыскерлер қанша жерден өлім жазасына кесіліп жатса дағы қылмыс түрлері, оған барушылар саны азаяр емес. Керісінше, адам жанын түршіктірер түрлері пайда бола бастады. Мысалы, жалдамалы кісі өлтірушілер бүкіл ТМД елдерінде етек алып бара жатқан секілді. Соған қарамастан, баспасөз беттерінде кейбір заңгер-ғалымдардың ғылыми топшылауларында “біздің өркениетті қоғамда өлім жазасына кесу — адамгершілікке қарама-қайшы үкім” деген сияқты пікірлер өлі де ұшырасып қалып жатады. Бұл туралы ойыңыз қалай?*

— Өлім жазасына кесу — қоғамымыздағы қылмыстың азаюына ықпал ете алмайды. Қайта керісінше болуы мүмкін. Өлім жазасын алып тастауды ұсына-тындар ондай қылмыскерлер қалған бүкіл өмірін түрмеде өткізуі керек деген уәжді алға тартады. Адам қанын судай шашқандар үшін бұл белгілі бір дәрежеде “жеңілдік” дер едім. Бұл турасында мен кезінде ғылыми басылымдарда өз пікірімді ашық айтқанмын. Әрине, тірі адамды тас қамалға өмір бойы ұстау да, ату жазасына кесу де адамгершіліктің қай нормасына болмасын, қайшы келеді. Бірақ қараңызшы, қылмыскерлерге аяушылық, адамгершілік тұрғысынан келіп, жазасын төмендеткеннен қылмыс азаймайды, қайта көбейе түсуде. Сондықтан, өзiрге ең жоғары жазаны Кодекстен алып тастауға ерте деп ойлаймын.

— *Жоғарғы Соттың төрағасы ретінде, әрине, өлім жазасына кесілген қылмыскерлердің істері алдымен сіздің алдыңызға келеді. Сонда қандай күйде боласыз?*

— Шынымды айтсам, мұндай істерден, ең болмаса, жазасын жеңілдететін бір ілік іздеуге тырысамын. Мен де адам баласымын. Ату жазасы туралы өкімге қол қоя отырып, біраз уақытқа дейін өзіме-өзім келе алмайтын жағдайлар да болады. Бұл өлгі қанішерді аяғаннан емес, (мүмкін ол да бар шығар) соның немесе олардың қолынан жазықсыз опат болғандарды ойлағаннан. Қалай болғанда да, ол жауыздар бөрібір жазасын алады. Бірақ одан опат болғандар тіріліп келмейді.

— *Ал осы қылмыстың алдын алу үшін қандай шаралар қажет деп ойлайсыз?*

— Қылмыс жасаған адамдарды жазалаумен барлық проблема шешіле қалмайды. Сондықтан, ең бірінші кезекте, адамдардың тұрмыстық деңгейін, сана-сезімін, мәдениетін арттыру керек. Ал бірді-бірге жалғай алмай отырса, жүйке жұқарады, тұрмыста кикілжің көбейеді. Мұндайда алыс-жұлыстардың басым көпшілігі тұрмыстық деңгейдегі қылмыстарға, кейде оның ауыр түрлеріне алып келіп жатады.

Халықтың әл-ауқаты жақсарған сайын қылмыс түрлері азаяды. Сонда ауыр қылмыстары үшін өлім жазасына кесу де сирей бастайды деп сенемін. Амандық болса, оған да жетерміз.

ЕКІНШІ ОЙЫМ

Өлім жазасына қарсы пікірлердің ішінде құқықтық мемлекет жағдайында адам өмірінің шексіз құндылығын бағалап, әрбір адамның өмір сүруге деген құқын оның ой-пиғылымен және іс-әрекетімен байланыстыру қажет деген тұжырымдар кездеседі.

Меніңше өлім жазасын қолдануды адамдардың өмір сүру құқымен тікелей байланыстыру дұрыс емес.

Біріншіден, кісі өлтіру сияқты асқан жантүршігерлік қылмысты жасауға барған қылмыскер осы жасаған әрекеті үшін, өлім жазасының қолдану мүмкіндігін біле тұра, өзінің де өмір сүруге деген құқын саналы түрде жойды деп түсінген дұрыс.

Екіншіден, ол қылмыскерге басқа адамды өмір сүру құқынан айыруға ешкім рұқсат еткен жоқ қой. Ендеше, соның қатігез іс-әрекетінің салдарынан жан қиған азаматтың (не азаматшаның) жазығы қандай? Оның құқын кім қорғауға тиіс?

Өкінішке орай, кейінгі кезде біраз басылымдарда айтылып жүрген пікірлерге қарасаңыз, қылмыстың объектісі болған жәбірленушілердің мүддесі, құқы қағыс қалып, қылмыскерлердің мүддесі мен құқына қатысты біржақты қорғаштаулар айтылып жүр. Мұны мен қылмыскерлерге қылмысынан жоғары жаза берілсін деп айтып отырған жоқпын. Бірақ сол “біржақтылықтың” салдарынан өте ауыр қылмыс жасағандарға “жеңілірек” жаза қолданушылық, шынын айтуымыз керек — бар. Мұндай жағдайда көпшілік арасында жалпы сот туралы бұрыс пікірлер белең алып, әділқазылыққа көлеңке түседі. Сондықтан біздің соттарымыз бұл мәселені ерқашан да еске

сақтап, ең алдымен жәбірленуші жағының құқын қорғаудағы заң талабын қатал сақтағандары дұрыс.

Өлім жазасын Қылмыстық Кодексте сақтап қалу қажеттілігінің тағы бір себебі, бұл жазаны негізінде қылмысты ерекше қаталдықпен, асқан айуандықпен жасағандарға қолданылатындығында. Әсіресе, адам жаны түршігерлік қылмыс жасағандарға қалай өлім жазасын белгілемеске?

Өлім жазасын қолданбау қажет деушілер, өз ойларының негізі ретінде сот жұмысында қателіктердің болмай тұрмайтындығын, сол қателіктердің салдарынан жазықсыз адам жазаланып кетіп, қателікті түзетуге кештік боп қалады деген қауіпті алға тартады.

Әрине, сотта мүлдем қателік жіберілмейді деген кепілдік жоқ. Бірақ өлім жазасы тағайындалатын істе соттардың қайсысы да егжей-тегжейлі тексерусіз үкім шығармайтыны шындық. Сондықтан соттың қателесуі мүмкін-ау деп ойлап, өлім жазасынан бас тарту дұрыс бола қояр ма екен?

Менің ойымша, өлім жазасы өте қатыгез қылмыстардың жасалуына психологиялық тосқауыл ретінде біздің Қылмыстық Кодексімізде сақталғаны жөн. Қоғам мүшелерін осындай қылмыстардан қорғану құқымен қамтамасыз етуіміз қажет. Әйтсе де, өлім жазасын қолдану шеңбері келешекте өлдеқайда қысқартылғаны дұрыс деп ойлаймын. Меніңше, өлім жазасы тек адам өміріне қасақана қатер төндіру арқылы жасалған қылмыстарға, оның ішінде сол қылмыстардың ерекше ауыр түрлеріне ғана қолданылуы тиіс. Ал мемлекеттік қылмыс түрлеріне (шпионаж, бандитизм т.б.) өлім жазасын тек соғыс жағдайында ғана белгілеген дұрыс.

ҮШІНШІ ОЙЫМ

Мемлекетіміздің қалыптасу кезеңінде қылмысты өршітіп алмас үшін өлім жазасы сақталуы қажет.

Сот қылмыскерге өлім жазасын кеседі, оны мемлекетіміз қолдамаса не болғаны?!. Өлім жазасын кесу — соттың шешімі. Сот онда да бір ерекше жағдайда ғана қолданады. Бұл әрі қылмыс жасағалы тұрған адамды да “абайлайын, ертең мені осы үшін өлім жазасы күтіп тұр ғой” деп тәубасына келтіреді. Ең құрығанда 100 қылмыскердің 10 шақтысы қорыққанынан қылмыс жасамаса, соның өзі — үлкен жеңіс. Өлімді өмірбойлық түрмемен айырбастау моральдық тұрғыдан алсақ, ол да оңай емес, кейбіреу жынданып та кетеді. Әрі дәл қазіргі кезде біздің ел оған материалдық, ұйымдастырушылық тұрғыда дайын емес. Ал осыған қарсы пікір айтатындардың негізгі аргументі — Алла тағаланың пендесіне берген өмірін адам алмау керек, олай етсек, біз қылмыскерге... моральдық тұрғыдан қиянат жасайтын көрінеміз... “Сол өлім жазасын қолдану кезінде біз өзіміз қылмыс жасап отырмыз” деседі. Мұны қылмыс деуге болмайды. Бұл — бұйрықты орындау. Мемлекет атынан шыққан сот үкімін орындау! Енді мынаған келейікші. Бұл, әрине, менің пікірім: қылмыскердің қолынан о дүниеге кеткен адамның өмірі Алла тағаланың өмірімен қайтып алынды ма?.. Қылмыскер ол адамды өмірінен айырып тұрып, тікелей ой-пиғылмен жасады ғой. Ал егер мақсатты түрде жасалмаса, онда ол қылмыс кісі өлтіру деп аталмайды, басқаша аталады.

Үшіншіден, дәл қазіргі кезде, тіпті бұдан кейін де өте ауыр қылмыстарға өлім жазасы сақталу керек. Не деген сұмдық. 10, 20 адамды өлтіру деген? Ең қасіреттісі ақша үшін арнайы келіп өлтіру көбейді. Оған қандай жеңілдік болу керек? Заң ғылымы саласында мынадай бір бағыт бар: бұл қылмыскердің жазаны өтеп шыққаннан кейінгі болашағы. Соны да ойластыруымыз керек. Ертең ол 20, 30 жыл отырып келгеннен кейін өліп кеткен кісінің жақындары “қанға — қан” деп өштесе, не болады? Ал өмірлік жаза мен өлім жазасы қатар жүрсе, оны қолдауға болады. Себебі біреуге өлім жазасы ауыр соғуы мүмкін.

КҮРЕС НЫСАНАСЫ — ЖЕМҚОРЛЫҚ

Әлеуметтік-құқықтық құбылыс — сыбайлас жемқорлықтың ұлттық шекарасы болмайды және оны туғызатын жағдайларға байланысты оның көлемі мен ауқымы да түрленіп отырады. Сыбайлас жемқорлықтың экономикаға, саясат пен құқыққа, сондай-ақ азаматтардың психологиясына теріс ықпал ету дәрежесі өте жоғары болғандықтан, оның барлық көріністерімен күресті барынша күшейте түсу қажет болады.

Қазақстандағы жаңа экономикалық қатынастар, қаржы секторын ырықтандыру бұған дейін өдеттен тыс және құқық қорғау органдарына бейтаныс қылмыс түрлерін туғызуда.

Қазақстандағы қылмыс түрлеріне жасалған талдау олардың күн санап ұйымдасқан сипат алып бара жатқанын, қылмыстық құрылымдар мен мемлекеттік органдардың өзара бірігіп бара жатқанын көрсетеді, ал мұның өзі экономиканың тұрақсыздануына өкел соқтыруда, прогресшіл реформаларды жүзеге асыруға кедергі келтіруде.

Жемқорлықтың келеңсіз зардаптары бюджет тапшылығын туғызады, дотациялар мен несиелердің басқа мақсаттарға жұмсалыуына жол ашады, ақша қаражаттарының шетелдерге қайтпас сапар шегуіне себепші болады, бұған қоса, олардан алынатын кірістер ықпал ету саласын ұлғайтуға ғана емес, сонымен бірге, құқық қорғау органдарына қарсы әрекеттер ұйымдастыруға пайдаланылады.

Құқық қорғау органдары мен соттар мемлекеттік құрылымдарды күзіретсіз шенеуніктерден, өз қызмет бабын асыра пайдаланатындардан тазарту жөніндегі күресті бірінші кезектегі басым міндеттердің қатарына жатқызады. Мұндай шаралар көп ретте ұйымдасқан қылмыстық құрылымдар мен жемқор лауазым иелері тарапынан қарсы әрекетке кездеседі. Алайда қолданылып жүрген құқық жүйесі

мен заң негіздері оны тежеуге жеткілікті мүмкіндіктер мен тетіктер береді, атап айтқанда, ҚР Конституциясы, Мемлекеттік құқықтық реформа бағдарламасы, ҚР Президентінің жарлықтары, жаңа ҚК пен ҚДЖК осы қызметтің негізі болып табылады.

“Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы” арнайы қабылданған заңды ерекше атап көрсету керек. ҰҚК, ПМ, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің қызмет бабын асыра пайдалануына қарсы күрес жүргізу мақсатында арнайы құрылған орган — сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу жөніндегі Мемлекеттік комиссия — осы бағытта күрес жүргізетін негізгі органдар.

Құқық қорғау органдарының сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу жөніндегі жұмысының маңыздылығын сезіне отырып, ҚР Президенті 1998 жылдың желтоқсанында 1999—2000 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу жөніндегі Мемлекеттік бағдарламаны бекітті. Онда бағдарламаның негізгі қадамдары, қызмет ету әдістері, мақсаттары мен міндеттері көрсетілді.

Бұл проблемаға осыншама көңіл бөлінген себебі — қылмыстық ізге түсу органдарының құқық қолдану қызметінде ұйымдасқан қылмыс түрлерінің белгілерін жіктейтін айырмашылықтарды анықтау қиындап кетті. Мұндай қылмыстық құрамдарға қатысты сот ісін жүргізу тергелетін қылмыстық әрекеттерді дәлелдеудің ерекшеліктеріне байланысты күрделене түседі.

Қылмыстық топтар куәгерлерді, жәбірленушілерді және кінәлыларды өшкерелеуге жәрдем бере алатын өзге де адамдарды сатып алу, қорқыту, өлтіру, қылмыстың іздерін жасыру, кінәсыздығының дәлелдемелерін бұрмалау, жедел іздестіру қызметі суб·ектілеріне және дәлелдеу процесіне қысым жасау мақсатында сыбайласқан байланыстарды пайдалану жолымен құқық қорғау органдарына ұйымдасқан түрде қарсы әрекет етеді.

Сыбайлас жемқорлықтың жалпы себептерін сипаттай келе, ол барынша етек жайған бірқатар салаларды атап көрсеткен жөн:

а) мемлекеттік меншікті жекешелендіру саласы, оның ішінде кәсіпорынды шетелдік фирмалардың басқаруына беру;

ә) рұқсат берумен айналысатын бақылаушы мемлекеттік органдардың қызметі; түрлі лицензияларды беру;

б) бөлінген бюджет қаражатын жөнсіз жұмсау;

в) тамыр-таныстық пен кеңсешілдік көріністері, кадрларды объективті іріктеу және орналастыру қағидаттарының бұзылуы.

Нақ осы аталған салалардағы сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізудің басым бағытты болатынын көрсете келе, осымен бірге мыналарды атап көрсету керек:

а) сыбайлас жемқорлықты түпкілікті жеңу мүмкін бола қояр ма екен, билік пен қоғамның қалыпты жағдайындағы жемқорлық көріністері билік жүйесі мен оның жеке элементтеріндегі олқылықтарды көрсететін пайдалы технологиялық дабыл болып табылады;

ә) жорамал бойынша созылмалы және ауқымды жемқорлыққа ұшыраған елдер болмайды;

б) сыбайлас жемқорлықпен күрес бір жолғы науқан бола алмайды, өйткені кез келген науқан аяқталысымен, жаңа, одан да күшті жемқорлық айналымы өмірге келуі ғажап емес;

в) ол жаппай сипат алып, кешенді түрде, үздіксіз жүргізілгенде ғана, мемлекет пен қоғамның күшжігері осыған қарсы бағытталғанда ғана жемқорлықпен күрес табысқа жетеді.

Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат мынадай міндеттерді шешуге бағытталған шараларды қамтуы тиіс деп есептейміз:

— жемқорлыққа жағдай туғызатын өріс пен жағдайларды, мән-жайларды тарылту;

— жемқорлық мәмілелеріне қатысатын тараптарға түсетін пайданы барынша азайту;

— жемқорлықтың барлық көріністеріне қоғамдық жеккөрушілік ахуалын туғызу;

— тендерлерді ашық және жария түрде өткізіп, оның бұзылуына жауаптылықты заң жүзінде баянды ету;

— мемлекеттік қызметке кандидаттар жөніндегі мағлұматтарды объективті бағалау жолымен кадрларды тек конкурстық негізде іріктеу;

— жемқорлық қылмыстың себептеріне ықпал ету;

— құқық қорғау органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және жұмыстың осы заманғы ғылыми-техникалық әдістерін меңгеру.

Егер бұл айтылғандар жалпылама сипаттағы ұсыныстар болса, енді әрбір сала үшін жекелей тетіктерді талдап көрсету қажет.

Жемқорлық сипаттағы құқық бұзушылықтармен күрес жүргізу саласын шартты түрде бірнеше ірі блоктарға бөлуге болады:

1. Сыбайлас жемқорлыққа және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жүргізудің әлеуметтік-экономикалық, методологиялық, әкімшілік-құқықтық және азаматтық-құқықтық проблемалары.

2. Сыбайлас жемқорлыққа және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жүргізудің қылмыстық-құқықтық және криминологиялық проблемалары.

3. Сыбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмыстың көріністерін ашу мен тергеудің қылмыстық іс жүргізу және криминалистік мәселелері.

4. Жедел іздестіру қызметін жетілдіру проблемалары.

5. Құқық қорғау органдарын басқаруды және осы сала қызметкерлерін кәсіптік даярлауды жетілдіру проблемалары.

Қазіргі қоғамның экономикалық және әлеуметтік проблемалары, сөз жоқ, қылмыстың сипатына ықпал етеді және белгілі бір дәрежеде онымен күрес

жүргізетін адамдардың мінез-құлқына да өзгерістер тудырады. Іс жүзінде меншікті бөлу саласындағы ештеңемен шектелмеген мүмкіндіктер, бақылаудың тиісті тетіктері мен жауапкершіліктің жоқтығы мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлықтың өріс алуының негізгі себебі болып табылады, ал парақорлық оның басты бағыттарының бірі болып отыр. Бұл қылмыстың динамикасында күрделі әлеуметтік бүліну байқалады. Парақорлықтың қанат жаюы тұсында мұндай құқық бұзушылықты жасау әдістерінің бүркемеленген көріністері де бар. Пара алу үшін ұйымдардың есеп шоттары пайдаланылуда, жалған мәмілелер жасалуда және т.с.с.

Құқық қолдану тәжірибесі және ғылыми әдебиеттерге жасалған талдау көрсетіп отырғанындай, парақорлықты саралау мәселелері барынша күрделі проблемалардың қатарына жатады. Бұрынғы Кеңес Одағының Жоғарғы сотының отыз жыл ішінде парақорлық туралы істер бойынша үш рет (1962, 1977, 1990 ж.ж.) қаулы қабылдауы осының айғағы болып табылады. ҚР Жоғарғы сотының Пленумы да бұл мәселеге мұқият көңіл бөледі, ол 1995 жылғы 22 желтоқсанда “Соттардың парақорлық үшін жауаптылық жөніндегі заңдарды қолдану тәжірибесі туралы” Қаулы қабылдады. Мұның өзі де қазір ҚР жаңа Қылмыстық кодексінің күшіне енуіне байланысты түзетулер енгізуді қажет етіп отырғанын айту керек.

Республиканың құқық қорғау органдарындағы арнайы қызметтердің іс-әрекеттері ешқашан мұқият құқықтық талдаудан өтпегенін атап көрсеткен жөн. Бұл мәселе құқықтық қана емес, сондай-ақ жедел тактикалық мәселе ретінде танылып келді және сондықтан ол ашық түрде талдауға жатпайды деп есептелді. Ал дәстүрлі және жаңа қылмыстарды тергеу және құжаттау құралдары мен әдістерін қолдану іс жүргізудің ғана емес, сонымен бірге материалдық құқықтың да күрделі проблемасы болып табылады. Соңғы уақытта соттар ИМ, ҰҚК және басқа құқық

қорғау органдарындағы жедел іздестіру қызметтерінің өрекет ету заңдылығы туралы істерді жиі қарай бастады. Бұл түсінікті де: құқық қорғау органдарындағы лауазым иелерінің жедел іздестіру саласында қызмет бабын асыра пайдалануының кейде шектен шығатыны соншама, ол азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына ғана емес, сондай-ақ мемлекеттің мүдделеріне де айтарлықтай нұқсан келтіреді. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің арандатушылық өрекеттеріне құқықтық баға беру мәселесі оңай шаруа емес. Кейбір шет мемлекеттердің заңдары мұндай іс-өрекеттерді қылмыстардың қатарына жатқызады. Кеңес Одағының қылмыстық заңдарында пара беру арқылы арандату ұғымы қолданылғанына қарамастан, Қазақ КСР-інің бұрын қолданылып келген Қылмыстық кодексінде пара беріп арандатқаны үшін жауаптылықты көздейтін жеке норма болмаған. Алайда, кейде сот тәжірибесінде заңсыз жедел іздестіру шараларына қатысушылардың іс-өрекеттерін саралау туралы мәселе қойылатын жағдайлар да кездесті. Прокурорлар билікті асыра пайдаланғаны үшін жауаптылықты көздейтін Қылмыстық кодекстің баптары бойынша қылмыстық істер қозғауға өрекеттенген істер де болды. Алайда, мұндай істер, әдетте, сотқа жетпей жататын.

Парақорлық туралы істерді сотта қарау кезінде адвокаттар жедел іздестіру қызметкерлерінің арандатушылық іс-өрекеттеріне жиі көңіл аудара бастады. Олардың аса тәжірибелілерінің өздері бұл проблеманы терең біле бермейтін және парақорлықты анықтауға және құжаттауға қатысты жедел іздестіру шараларының кез келген нәтижелерін көп ретте арандатушылық ретінде саралауға тырысатын.

Құқық қорғау органдарының кейбір басшыларының қарсылық көрсеткеніне қарамастан қабылданған ҚР Қылмыстық Кодексінің 349-бабы ақырында осы мәселені шешеді деп ойлаймыз.

Біздің республикада 1991 жылдан бастап сыбайлас жемқорлық ең қауіпті құбылыс ретінде жиі айтылатын болды. Осы тұста ҚР Президентінің “Ұйымдасқан қылмыс түрлеріне және жемқорлыққа қарсы күресті күшейту шаралары туралы” 1992 жылғы 17 наурыздағы белгілі Жарлығы қабылданды. Жарлықта Республикада қылмыстық кәсіптің күшейіп бара жатқаны, оның ұйымдық сипатқа ие болуы, қылмыстық топтардың халықаралық байланыс орнатуы, олардың жемқор лауазым иелерімен ауыз жаласып отырғаны атап көрсетілді. Алайда бұл жарлықта “жемқорлық” терминіне тиісті анықтама берілмеген.

Осыған байланысты кейбір заңгер-ғалымдар қылмыстық заңға жемқорлық деген бірыңғай ұғымды енгізу қажеттігін ұсынды. Республиканың ғалымдары мен практиктері ҚР Парламентінің талқылауына “Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы” ҚР заңының жобасын даярлап, енгізді. Онда сыбайлас жемқорлыққа “мемлекеттік қызмет атқаратын адамдардың тікелей немесе делдалдар арқылы мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды заңсыз қабылдауы” деген анықтама берілген. Біздіңше, бұл анықтама парақорлық ұғымын ашып көрсетеді, ал сыбайлас жемқорлық пен парақорлық — әр түрлі ұғымдар. Мәселен, БҰҰ-ның сыбайлас жемқорлықпен халықаралық күрес туралы анықтамалық құжатында “сыбайлас жемқорлық дегеніміз — бұл жеке басының мақсаттарына пайда табу үшін мемлекеттік билікті асыра пайдалану” деп көрсетілген. Бұл анықтамадан сыбайлас жемқорлықтың пара алу, жеке басының мақсаттарына қарай қызмет бабын асыра пайдалану, лауазым иелерінің бөтен мүлікті жымқыруы және иеленуі түрінде ұшырасатынын көреміз. Сонымен, сыбайлас жемқорлық парақорлықтың шегінен асып түседі, ол парақорлықты және лауазым иелерінің жеке мақсаттары үшін заңсыз пайда табу жолында жасайтын кез келген басқа да қылмыстарын қамтиды.

Біздің ойымызша, лауазым иесінің тікелей немесе делдалдар арқылы материалдық құндылықтар алуын немесе оған тек өзінің қызмет бабына орай қамқорлық жасауы, немесе осы сәтте әлде келешекте қызмет көрсетуі үшін берілетін мүліктік сипаттағы пайда табуын жемқорлық деп түсінуіміз қажет.

Қайсы бір ғалымдардың “Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы” жеке Заң шығаруға қарсы болып жүргені ой туғызады. Өйткені, ол қылмыстық-құқықтық нормаларға қойылатын қарапайым талаптарға қайшы келеді. Ал, бұл, заңдылықтың өрескел бұзылуы болып табылады. Жемқорлық дегеніміз — бұл құқықтық ұғым дегеннен гөрі, әлеуметтік немесе криминологиялық ұғым болатындықтан, оны қылмыстың нақты құрамы ретінде емес, құбылыс ретінде қарастыру керек.

Алайда жемқорлықпен күрес жүргізу мәселесі құқық қорғау органдарының ғана емес, сондай-ақ бүкіл қоғамның назар аударатын нысанасы болуға тиіс. Еліміздің Президенті бұл мәселеге ұдайы көңіл бөліп келеді. Ол өзінің “Қазақстан — 2030” атты халыққа Жолдауында: “...адамдардың әл-ауқатының өсуі біздің күллі күнделікті жұмысымыздың күретамыры болуға, ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес батыл жүргізілуге тиіс. Басқару корпусы бұл індеттен батыл түрде тазарып, жаңара түсуі тиіс” деп нықтап көрсетті.

Біздіңше, “ұйымдасқан қылмыс” және “сыбайлас жемқорлық” ұғымдарының арасынан әлде бір айырмашылық шекарасын жүргізу қажет секілді, өйткені бұл құбылыстар құқыққа қарсы бағытталуымен қатар, барабар емес, олардың өзара белгілі бір айырмашылықтары бар. Мәселен, сыбайлас жемқорлық, әдетте, ұйымдасқан қылмыстың жоғары құрылымдарына тән болып келеді де, олардан төменгі деңгейдегі қылмыстық топтарда ұдайы қолданыла бермейді, яғни жемқорлық байланыстардың болуы қылмыскерлердің ұйымшылдық дәрежесін, бүкіл құрылымның тұтастығын көрсетеді.

Қылмыстық құрылымдар сыбайлас жемқорлықты тұрақты, пайдалы және қауіпсіз әрекет ету үшін, жасырын түрде барынша табыс табу мақсатында пайдаланады. Жемқорлық байланыстарды орнату сенімді “қорғаушыларды”, “көкелерді” ғана тауып қоюға емес, сондай-ақ қылмыстық әрекеттердің материалдық және ұйымдық жағын да қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Солай бола тұрса да, жемқорлықпен жалғасқан жоғарғы топ, әдетте, қылмыстық әрекеттің ұйымдастырушы орталығы бола алмайды. Ол көбіне нақты қол сұғушылықтың болатынын білмейді, олардың жасалу мән-жайларынан бейхабар болады. Екіншіден, сыбайлас жемқорлық ұйымдасқан қылмыстан тыс өмір сүре алмайды және ол қоғамға аса қауіпті болып саналады. Біздіңше, аталған белгілерді ұйымдасқан қылмысқа жатқызғанымен, оларды ұйымдасқан қылмыс жүйесіне кіретін барлық қылмыстық топтардың міндетті, қажетті сипаттамалары ретінде қарастырмайтын кейбір криминологтардың ұстанымын қолдайтын ғалымдардың пікірлері орынды секілді.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты сыбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жүргізетін сот тәжірибесін мұқият қадағалап отырады. Оның пленумы 1995 жылдың желтоқсаны мен 1998 жылдың тамызында паракорлық, қорқытып алушылық және бөгде мүлікті талан-таражға салушылық істер жөнінде, яғни жемқорлық қылмыстың мейлінше кең тараған түрлері жөнінде қаулылар қабылдады. Әлбетте, бұл жеткіліксіз еді. Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі заңдарға байланысты проблемалар оларға қатысты туындайтын барлық мәселелерді жан-жақты, кешенді түсіндіруді талап етеді, біз өз қызметімізде осы бағытта әрекет етуге ұмтыламыз. Міне, сондықтан да Жоғарғы сот өзінің жұмыс жоспарларына сәйкес соттардың Қазақстан Республикасының “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” Заңын қолдану тәжірибесін

қорытындылап отырады. Жемқорлық қылмыстар жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесін қорытындылап отыру мақсатында ҚР Жоғарғы соты республиканың облыстық соттарынан, Астана және Алматы қалаларынан сұратып алдыратын және оған келіп түсетін материалдар жүйелі түрде зерттеліп, жинақталады.

“Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” Заң Қазақстанда дер кезінде қабылданған деп білеміз, енді оны жүзеге асыру қажеттігі даусыз. Бірақ біз осы заңды жүзеге асыру барысында аздап артық кеттік пе деп те ойлаймын. Неге дейсіз ғой? БАҚ беттерінен халықаралық қоғамдық бірлестіктердің біздің еліміз өлемдегі ең жемқор елдердің бірі деген тұжырымын оқығанда көңілің құлазиды. Меніңше, Бас прокурор мен Әділет министрінің қылмыстардың белгілі бір құрамын жемқорлық қылмыстардың қатарына жатқызуы осыған негіз болды-ау деймін. Мен өзімнің өріптестеріме баюға және оңай олжаға қатысы жоқ қылмыстардың құрамын бұл тізімнен шығартып тастауды өтінгенмін. Егер жемқорлық ұғымын сөзбесөз зерттейтін болсақ, ол міндетті түрде оңай олжа табуға барып тіреледі. Алайда жемқорлық қылмыстардың тізіміне мыналар енгізілген: жалған құжат жасау, қызметтегі құлықсыздық, сот төрелігі және алдын ала тергеу саласына кедергі келтіру. Бұлар қандай жемқорлық қылмыстар? Бұл тұрғыдан қарағанда, жемқорлық ұғымына және біз оған қарсы күрес жүргізетін жағдайларға қайтып оралудың керектігі байқалады.

Жемқорлық қылмыстар жөніндегі сот істеріне жасалған талдау осынау мәртебелі жиында мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормалары жөніндегі халықаралық қағидаттарды (мінез-құлық эталондарын) жасау қажет болар деген ойға жетелейді. Мысалы, Қазақстанда мемлекеттік деңгейде БАҚ беттерінде “Мемлекеттік қызмет туралы” ҚР жаңа Заңының негізінде мемлекеттік қызметшілер мінез-

құлқының әдеп нормалары жасалып, жарияланды. Сонымен қатар, 1996 жылы Қазақстан Республикасы судьяларының I с-езінде “Судьялар ар-намысының кодексі” жасалып, күшіне енді. Сондықтан құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның қалыптасуы үшін жалпы қылмыстық акциялардан басқа, біздіңше, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктерді, сондай-ақ азаматтарды қатыстыра отырып, билік пен басқарудың барлық деңгейлерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуде жүйелі түрдегі жалпымемлекеттік және жалпыхалықтық шаралар қажет-ақ. Бұған қоса, халық пен бүкіл қоғамның бұл құбылысқа қарсы күрес жүргізетін белсенді ұстанымына қолдау көрсететін құқықтық мадақтау нормаларын да ойластырған жөн.

2000 — ҰЛУ ЖЫЛЫ



ТІЛ ТІРЕГІ — ХАЛЫҚ

1997 жылы шыққан “Тіл туралы” Заң талаптарының мемлекеттік дәрежеде орындалу барысы жайлы айтатын болсақ, бұл игі шараға Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты аса маңызды іс деп қарауда. 1998 жылдан бері қарайғы мемлекеттік тілді жүзеге асырудағы Премьер-Министрдің Кеңесі мен Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің тілдерді дамыту департаментімен келісім жасаған дәйекті бағдарламасын жүзеге асырды.

Бұл бағдарламаға сәйкес Жоғарғы Сот Қазақстан Республикаларындағы тілдің қолданылуының құқықтық негіздерін және мемлекеттік тілдерді үйрену мен дамытуда кең ауқымды игі шараларды жүргізіп келеді.

“Тіл туралы” заңды, оның ішінде мемлекеттік тілді үйренуі, дамыту, оның күнделікті іс құжаттарында бұлжымай қолданылуы Жоғарғы Сот ұжымында зор талап деңгейінде өріс алып отыр.

Атап айтқанда, мемлекеттік тілді тереңдету, жетілдіру мақсатында қазақша тіл ұстарту үшін арнайы топтарға бөлінген курстар ашылып, олар аптасына белгіленген уақыт бойынша сабақтар, лекциялар өткізуде.

Жоғарғы Сотта мемлекеттік тілді оқын үйренушілердің үш тобы құрылған. Оған Жоғарғы Сот аппаратындағы арнайы тіл мамандары тартылып, тіл үйренудің кешенді бағдарламасы жасалынған.

Бастауыш топқа мемлекеттік тілді меңгермеген қызметкерлер тартылып, қазақ тілінің кеңселік жүйедегі қолданылу тәртібін, іс қағаздарын жазудың, жүргізудің ереже нұсқаларын меңгеру әдістемесін үйретеді, сондай-ақ қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктерін, марфологиялық талдау тәсілін де меңгеру жүктелген. Әсіресе, қазақ тілінің өзге тілге ұқсаймайтын дыбыстық фонетикасын ерекшелейтін дыбыстардың сөз құбылту тәсілдерін, оның айтылу ерекшеліктері баса оқытылады.

Ал жалғастырушы екі топқа мемлекеттік тілде сөйлеп, жаза алатын, бірақ оны заман талабына лайықты терең меңгере алмай жүрген қызметкерлер тартылған. Бұл талаптанушыларға қазіргі кездегі мемлекеттік тілді үйрену үшін деміл-деміл шығып жатқан тіл ұстарту құралдары “Қазақша-орысша-қазақша” сөздіктер мен терминологиялық жинақтар, аудармашыларға арналған көмекші құралдар беріліп, мемлекеттік тілді сапалы игерулері үшін арнайы лекциялық сабақтар өткізілді, тіл үйренудегі сапа нәтижесі емтихан арқылы анықталды.

Қазіргі таңда Жоғарғы Соттағы істер екі тілде жүргізіледі, Пленум, жиналыстары мен Төралқа отырыстары қазақша-орысша жүргізіліп, маңызды құжаттардың бәрі қазақ тілінде даярланады.

Жоғарғы Соттың қылмыстық, азаматтық, шаруашылық және әскери істер жөніндегі Сот алқасындағы қаралатын істер Қазақстан Республикасы Конституциясында белгіленгеніндей талапкер азаматтың өтініші бойынша өз ана тілінде қаралу тәртібі қатаң сақталған, қазақ тілінде келіп түскен істер міндетті түрде ана тілімізде қаралады.

Аудару мәселесі қажет болғанда, оған аудармашылар қатыстырылып, ілеспе аударма жасап отыру мүлтіксіз орындалады. Сондай-ақ мемлекеттік тілде іс жүргізу үлгісі бар, ол күнделікті атқарылатын жұмыстарда әрдайым қолданылады. Бұған қоса республика аймағының түкпір-түкпірінен келген шағым хаттардың иелеріне жауап хаттар шағым берілген тілде, яғни қазақ тілінде болса, қазақша жауап беру қатаң қадағаланады.

Осындай жақсы үрдіспен қалыптасқан игі істерді, оңды шараларды үстіміздегі жылы да жетілдіріп, мемлекеттік тілді дамыту туралы қойылып отырған талап деңгейінде жалғастыра бермекшіміз.

Атап айтсақ, бұл жөнінде арнайы құрылған комиссия негізінде мемлекеттік тілді дамытудағы мақсаткерлікті үдете түсу, Жоғарғы Сот

қызметкерлеріне қазақ тілін үйренуде озық үлгідегі оқу кабинетін әзірлеу, мемлекеттік нормативтік заң актілерін, Жоғарғы Соттың Пленум, Төралқа, алқа қаулыларының мәтіндерін редакциялап бірізділікпен шығаратын редакциялық аудармашылар тобын, жедел, сапалы терім жасайтын компьютерлік басу маманын, озық техника және терминком бекіткен сөздіктермен қамтамасыз ету — негізгі бағдарлама ретінде қойылып отыр.

Мұнымен қоса алдағы уақыттарда сот тәжірибесінде қолданылатын терминдердің бірыңғайлығын қамтамасыз ету мақсатында сот істерін түсінікті жазылатын терминдік сөз тіркестерін, заң мамандары мақұлдаған тұрақты тіркестерін де сөздік ретінде шығару көкейде бар.

Мәселен, “Реабилитация” деген терминдік сөздің қазақша баламасы — “оңалту”, “ақтау” деп берілген. Қылмыстық істер бойынша шыққан үкімдердегі “ақтау” — реабилитацияға өте қонымды келеді, ал шаруашылық істердегі Банкроттыққа қатысты — “оңалту” деген баламасы банкроттық сөз тіркесінде дәл мағынасын ашады.

Сондықтан әртүрлі мағына беретін сөздердің синонимін, сөз тіркестегі құбылуын нақтылаған түсіндірме сөздік шығару әрбір заңгерге қажет нәрсе дер едім.

ҰСТАЗ БОЛУ — АРМАНЫМ ЕДІ

— Мақсұт Нәрікбаевтың республика Жоғарғы сотының төрағасы қызметінен кетуі ел ішіндегі әртүрлі әңгімеге өзек болды. Түрлі жорамалдар айтылды. Біреулер оны бұл қызметтен өз өтініші бойынша кетті десе, енді біреулер оны бұл қызметтен кетуге мәжбүрлеген деген сияқты сөздер айтылып қалды.

Кеше демалысы енді аяқталып, Алматыда біраз аялдаған Мақсұт Сұлтанұлы Астанаға келіп, “ең соң-

ғы рет судья мантиясын киіп” (өз сөзі) журналистермен баспасөз мәслихатын өткізді.

— Сіздердің және басқа да барлық жұрттың көкейін тескен сұрақ: “Нәрікбаев қызметінен неге кетті?” — екенін білемін. Бұл лауазымды қызметті атқарғанымға төрт жыл болыпты. Аз мерзім емес. Менің өу бастағы арманым ғылыми диссертация қорғап, ҚазМУ-дың заң факультетіне ұстаз болып орналасу еді. Сол арманымға бүгін жетіп отырмын. Уақытында еліміздің Бас прокуроры болып қызмет істедім. Соңғы төрт жылда Жоғарғы соттың төрағасы болдым. Мұның бәрі Елбасымыздың маған артқан сенімі еді. Сол сенімді ақтауға тырыстым. Және сол сенімнен шыға білдім ғой деп ойлаймын. Енді Мемлекеттік заң академиясының тізгінін сеніп тапсырып отыр. Бұл сенімнен де шығуға тырысамын. Мен ол жерге демалу үшін емес, жұмыс істеу үшін бара жатырмын.

Жаңа қызмет орныма барып, ұжым мүшелерімен таныстым. Осы екі күн ішінде академияның бұрынғы ректоры Нағашыбай Шәйкеновтің тек оқытушы-профессор ғана емес, студенттердің алдында да үлкен беделге ие болғанын аңғардым. Және іштей “мен Шәйкеновтің абыройының деңгейіне жетуім керек” деген ой түйдім. Осының өзі маған үлкен жауапкершілік жүктейтінін түсінемін...

— *Мақсұт Сұлтанұлы, міне, баспасөз мәслихаты да аяқталды мен “Егемен Қазақстанның” тілшісі едім ...*

— “Егемен Қазақстан” менің құрмет тұтатын басылымдарымның бірі. Сіздер сот жұмысы туралы, оның ішінде Жоғарғы соттың жұмысы туралы мақалаларды жиі жариялап тұрдыңыздар. Сот реформасының барысы жөнінде де талғамды материалдарды осы газет бетінен оқып тұрдық. Сондықтан “Егеменнің” орны мен үшін ерекше.

— *Мақсұт Сұлтанұлы, жаңа баспасөз мәслихатында өзіңіздің бұл қызметтен неге, қалай кетіп бара*

жатқандығыңызды жалпылама айттыңыз. Осы сұраққа нақты жауап берсеңіз. Сіз өз еркіңізбен кеттіңіз бе, әлде “өз еркіңізбен” кетуге мәжбүр болдыңыз ба?

— Менің бұл қызметтен өз өтінішім бойынша кеткенім ақиқат. Оның үстіне заң академиясына бару туралы Білім және ғылым министрі Қ.Көшербаевтан ұсыныс болды. Мен бұл ұсыныс жөнінде біраз ойланып, толғандым. Шын мәнінде Нағашыбайдан кейін ол жерге бару онай емес еді. Оның заң академиясы ұжымы мен студенттердің алдындағы беделінің өте биік болғанын жаңа да айтып өттім ғой.

— Ендігі сұрақ (сөз ыңғайсыздау болса да) егер заң академиясындағы ректордың орны бос болмаған жағдайда, қай жерге, қандай қызметке барған болар едіңіз? Төрағалықтан кеткен жағдайда бара қойсам деген көздеген жеріңіз болды ма?

— Қызмет кімге де болса, ғұмырлық емес. Жоғарғы сот төрағасының орынтағы маған мәңгілікке берілуге тиісті еді деп кім айта алады? Мен бұл туралы әлдеқашан кесіп-пішіп қойғам. Төрағалықтан кеткен жағдайда кез келген университетке барып, кафедра меңгеремін деген мақсатым болды. Тіпті қызметке шақырып жүрген жоғары оқу орындары да бар еді. Заң ғылымының докторымын, профессормын, ғылыми жұмысымды жалғастырып, болашақ заңгерлерді дайындауға үлес қоссам, соның өзі мен үшін үлкен бақыт. Шынында да заң академиясының ректоры қызметі Нағашыбайдың қайтыс болуына байланысты менің еншіме тиіп отырғаны жасырын емес. Егер ол тірі болса, өз орнында істей берер еді. Ол бұл орынға нағыз лайық азамат болатын.

— Төрт жылдан аса уақыт Жоғарғы соттың төрағасы қызметін атқардыңыз. Енді бүгін осы орынтақпен қоштасарда “өттеген-ай, мына істі тындыра алмай кеттім-ау” деген арманыңыз ба, әлде өкінішіңіз бе, бар ма?

— Бар. Ол бүгінгі күні Парламентте жатқан “Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы” заңның қабылдануына жете алмай кетіп бара жатырмын. Мен білемін, бұл заңның қабылдануына қарсы болып отырған, оның қаралуының созыла түскенін қалайтын біреулер бар. Дегенмен, осындай кедергілерге қарамастан бұл заңның қабылданатынына сенемін. Менің өкінішім, осы заңның қабылдануына өзімнің қатыса алмауым.

Біздің негізгі мақсатымыз, елімізде жүргізіліп жатқан сот, құқықтық реформаның табысты, нәтижелі болуы ғой. Мен қайда болмайын, қай жерде қызмет істемейін осы реформаға өз үлесімді қосып отыратын боламын.

— *Өзіңізден қалған Жоғарғы сот төрағасының орынтағында кімді көргіңіз келеді?*

— Біріншіден, Жоғарғы соттың төрағасы болуға лайық азаматтардың көп екенін айтуға тиіспін. Екіншіден, төраға болғысы келетін азаматтар одан да көп. Мұның өзі Елбасының бұл орынға лайықты адамды таңдауға, іріктеуге мүмкіншілігі мол екенін білдіреді. Мен ешкімді бөле-жара атын атап, түсін түстегім келмейді. Жақсы бір әріптесімнің бағы жанғай!

БАТЫЛ ҚАДАМ — БАСТЫ ШАРТ

Қазақстанның демократиялық партиясы өзі дүниеге келген үш айдың ішінде тіркеуден өтіп, барлық облыс орталықтарында филиалдарын құрып үлгерді. Сөйтіп ол өзінің бағдарламалы міндеттерін заң негізінде жүзеге асыра алатын толыққанды саяси партия екендігін дәлелдеп шықты.

Бүгін біз — зулап жақындап келе жатқан сайлау науқанының қарсаңында алдымызға қойып отырған нақтылы мақсаттарымыз — қазақстандықтардың өмірлік ой-арман, мүдделеріне сай талпынып, оны

дәйектілікпен қорғай алатын Парламент партиясы болып, жаңа Парламент ішінде мықты фракция тұдыру.

Бұл ретте біз өзімізді ия оңшыл, ия солшыл күштерге жатқызбаймыз. Біз — құқық партиясымыз, сондықтан да Занды бұзып бара жатса, өкіметке де, қарсыластарымызға да қарсылық көрсетуге дайынбыз. Біздің партия егеменді Қазақстан Зандарын баршаға бірдей қасиетті де, міндетті деп біледі. Алдымыздағы сайлауда Қазақстан демократиялық партиясы “Еліміздің гүлденуіне үлес қосып, өз сайлаушыларымының мүдделерін мүлтіксіз қорғаймын” деген ынта-ықыласпен барғалы отыр.

Биылғы Парламент сайлауының ерекшелігі сол — бұдан соң ел Президентінің кезекті сайлауы өтеді. Салыстыра қарағанда екеуі де бұрынғы жылдардағы сайлаулардан өзгеше жағдайда өтпек. Біз әрбір қазақстандықтардың алдарында сайлау проблемасының тұрғандығын және еліміздегі демократияны дамыту барысында жаңа бір сапалы белеске көтерілгелі келе жатқанымызды сеземіз.

Бірден айта кетейін, біздің сайлау алдындағы тұғырнамамыз “Сарыуайымшылдар” деп аталатын адамдарға емес, еліміздің жарқын болашағын ойлайтын жігерлі жандарға арналады. Атап айтқанда:

- Ұзақ өмір сүрсе де, үміті мен сенімін жоғалтпағандарға. Үмітін өз елінің, өз балалары мен немерелерінің жарқын болашағына арнағандарға. Өз тағдырымыз өз қолымызда екендігіне, еркіндік жолындағы Қазақстанды таяудағы онжылдықтар ішінде ғажайып жаңалықтар күтіп тұрғандығына сенетіндерге.

- Өздерінің үлкен өмірлерін жаңа ғана бастап, өздерінің тиянақты білім алуларына болатын, лайықты жұмыс тауып, өздерінің істерін түзерліктей елде тұрғысы келетін жас жандарға. Әскери қызметтерін құлшылықтап емес, өз еріктерімен әрі лайықты сыйақы үшін атқаратындарға.

- Ақшаны адал тауып, салығын саналылықпен төлейтін, бизнестің өлдекімдердің қанаттарының астында емес, заң қорғауының аясында дамуын қалайтын кәсіпкерлерге. Мемлекетті жекелеген адамдардың емес, баршаның табыс көздерінен түскен салықпен қаржыландырып отырса, ол қоғам салауатты болады деп санайтындарға.

- Өздері кәсіпкерлікпен шұғылданбағандарымен, жеке бастамаларды дамытпай экономикамызды көтере алмайтындығымызға көздері жеткен адамдарға. Шындығында, егер кедергілер келтірілмесе, жеке меншік сектор айтарлықтай жұмыс орындарын ашуға қабілетті.

- Қазақстанның мемлекеттік қызметкері деген атты адалдық пен кәсіпқойлықтың белгісіндей санап, өздерінің күш-қуаттарын халыққа қызмет етуден аямайтын шенеуніктерге. Олар мемлекетті өз азаматтарының құқықтары мен бостандықтарының қорғаушысы деп санайды.

- Біз сөзімізді Қазақстанның қорғаныс қуаты санымен емес, сапасымен өседі деп ұғатын өскерлерге арнаймыз. Қарулы күшіміздегі сапалық өзгеріс шын мәнінде кәсіпқойлық пен жалақысы жақсы төленетін өскерде болады. Бұл — еліміздің қорғаныс қуатын күшейтіп, оның халықаралық беделін арттырады.

- Біздің айрықша Үндеуіміз — құқық қорғау құрылымындағы адамдарға, біздің құқық қорғау жүйеміздің тағдырына немқұрайды қарамайтын жандарға. Қиындықтарға қарамастан сол салада қызмет етіп жүрген және кетіп қалып, қалыпты жалақы үшін қайта келгісі келетін әріптестерімізге арналады.

Бүгіндер әр партия өздерінің қағидаттарында, түсініктерінде, көзқарастарында көрсетілген өз мүмкіндіктерін қоғамға ұсынуға құқылы. Сайлаушылардың оны жаратып, жаратпауларына да құқылығы екендігі даусыз. Еліміздің Конституциясымен бекітілген әркімнің өз еркін білдіру бостандығы да осы болып табылады.

Өз кезегінде Қазақстанның демократиялық партиясы мемлекеттік, құқықтық өкімшілік-басқару саласы мен әлеуметтік кепілдік жүйелердегі реформалардың жүзеге асуларына өз үлесін қосуға дайын тұр.

Біз сондай-ақ Қазақстанымыздың дамыған, мықты, өрі гүлденген ел болуы үшін қандай қадамдар жасау керек екендігін білеміз. Олар шынайы демократия, мықты мемлекет, құқық өктемдігі, қоғамдық келісім мен қауіпсіздік, жауапкершілік, еркін кәсіпкерлік, ерікті ашық ел, әлеуметтік ынтымақтастық, тарихи зердені сақтау, рухани сабақтастық, патриотизм және бірлік деп аталатын қадамдар. Осы 12 қадамды еліміздің барша сайлаушыларының біздің партиямен бірге жасауларына шақырамыз.

Біріншіден, біз Қазақстанды демократиялық мемлекет ретінде, оның бірден-бір билік көзі — халық екендігін көреміз. Біз жекелеген топтың немесе тұлғаның билік озбырлығына үзілді-кесілді қарсымыз. Қазақстанда адам құқығы мен бостандығы толық көлемде бұлжымай сақталуы тиіс. Біздің партия қазіргі замандағы демократиялық қоғамды, экономика мен мәдениетті тек қана ерікті адам ғана жасап алатынын жақсы біледі.

Екіншіден, біз біртұтас мықты мемлекет құруды жақтаймыз және Қазақстан халқына жарасымды мемлекетті орнатамыз. Егер біз Қазақстанды қуатты ете алсақ, онда біздің әрқайсымыз да күшті боламыз. Ол үшін өз құқығымызды өзіміз қорғай білуді үйренуіміз, бастық деп, басқа деп ешкімді бөліп-жармай, өз қызметтерінің нәтижесіне өркімнің құқылық жауапкершілігін жүктеп, барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың сыбайлас жемқорлықтарын жоюымыз керек. Сонда ғана шын мәнінде мықты мемлекет құрылады.

Үшіншіден, Қазақстанда өктемдіктің жалғыз ғана түрі Заң үстемдігі салтанат құруы тиіс. Өз Заңдарын құрметтеген халық қана өзгелердің құрметіне бөленеді. Адамның жаратылысы Заңменен

шектелініп, Заңменен қорғалатындығын түсінетін кез жетті. Бұл жөніндегі Қазақстан демократиялық партиясының аса маңызды міндеті өмірдің барлық саласындағы азаматтардың өз құқықтарын қорғаулары үшін бастарын біріктірулеріне жан-жақты ықпал ету болып табылады. Бұл құқықтық мәдениетті дамытуға ғана емес, құқықтық мемлекет құруға да жасалынған құтты қадам болып саналады. Барлық тармақтағы және мемлекеттік биліктің деңгейлеріндегі әр адамның құқығын қорғау, азамат игілігі үшін барлық Заңдардың сөзсіз орындалуын қамтамасыз ету — Қазақстан азаматтарының алдындағы, Отанымыздың кешегі және бүгінгі тарихының алдындағы біздің партия көтеріп отырған жауапкершілік мәселесінен туындаған парыз.

Төртінші, Тәуелсіз Қазақстанымызда 12 жылдан бері сақталып келе жатқан тыныштық пен келісімді біз жоғары бағалаймыз. Біздің ойымызша кейбір дау тудыратын саяси мәселелерді қақтығыспен немесе қару-жарақ күшімен шешуге болмайды, ымырашылдық қажет деп санаймыз. Сонымен бірге бізге еліміздің қауіпсіздігі қымбат. Бірақ, біз, ішкі және сыртқы қауіпсіздігіміздің проблемаларын әскери күшпен шешуге түбегейлі қарсымыз. Біздің партия жанжалдарды шешуге саяси-мәмлекеттік қолайлы деп санайды. Алайда, бұл айтқандарымызға қарап Қазақстан өзінің өмірлік маңызды мүдделерін қарумен қорғаудан, БҰҰ Жарғысында қарастырылған жеке және ұйымдық қорғаудан бас тартады екен деп ойламау керек. Керісінше, біз Қазақстанға төнген қандай да бір қауіпке Қазақстанның Қарулы Күші қашанда сайма-сай, әрі жедел қимылмен жауап беруге дайын тұру қажет деп білеміз.

Бесінші, Қазақстан жауапкершілікті саясатты әрқашанда жүргізіп келді және солай ете беретін де болады. Мемлекеттің алдағы тағдыры — қоғамды басқарған адамның жауапкершілігіне тікелей байланысты. Билік басында авантюристер мен көкезулер-

ге орын болмауы тиіс. Биліктегі авантюрист — елімен бірге билігін де жоғалтады. Бүгіндер қоғамды үш биліктің үш тармағынан өзге — бұқаралық ақпарат құралдары да басқарады. Себебі, қазіргі замандағы қоғамда қоғамдық пікірдің қалыптасуына, жеке тұлғаның дамуына бұқаралық ақпарат құралдары өте зор ықпал етеді. Алайда, олар халықты руханилық пен ізгілікке тәрбиелеп қана қоймайды, сонымен бірге қалыптасқан қоғамдық моральды бұзып та кетеді. Сондықтан Қазақстан демократиялық партиясы адамдардың абыройлары мен ар-ождандарын қорлайтын, қоғамды қақтығыстарға итермелейтін, қоғамдық пікірді орынсыз даурықтыратын ақпараттарға қашанда қарсы тұрады.

Алтыншы, біз жекеменшік қорғалған және жеке бастамалар марапатталынатын, сондай-ақ қабілетінді танытып, өз ісінді дамытуға жағдай жасалынған мемлекетте тұрғымыз келеді. Ерікті азаматтың бағалы бастамасы — жоғары дамыған мемлекетте ең басты байлық. Еркін ел, ең әуелі, азаматтардың істегі еркіндіктерінен басталады. Сондықтан, Қазақстанның демократиялық партиясы шағын инновациялық кәсіпорындарды дамытудың негізгі проблемаларын шешуге тырысып, оған қажетті бастапқы капиталды құру, материалдық-техникалық базаны ұйымдастыру, инвестициялық белсенділікті ынталандыру, интеллектуалдық өнімдерге де меншік құқығын реттеу мәселелерін қолға алғалы отыр.

Жетінші, күні бұрын басқа елдермен байланысын үзген елдің еркіндікте болуы екіталай. Қазақстан өлемдік экономика мен қаржы жүйесінің біте қайнасқан бөлігі болуға тиіс, тек сонда ғана оның экономикасы ашық және бәсекелік қабілетте болады. Біз басқалардан шеттемеуіміз керек, бұның өзі біздің халқымыздың менталитетімен, кең көңілділігімен және қонақжайлығымен сыйыспайды. Біз қашанда ақ жарқын, ақ көңілділігімізбен ерекшеленген елміз.

Сегізінші, біз өкіметі балаларға, мүгедектерге, қарттарға халықтың тұрмыстары төмен топтарға қатысты әлеуметтік бағдарланған саясат жүргізетін елде тұрғымыз келеді. Онда руханилық пен азаматтық жауапкершілікке негізделген ел ішінде экономикалық белсенді және дәулетті адамдар әлеуметтік тұрақтылықты қолдап отырады. Бір айқын нәрсе — бүгіндер адамның дамуына әлеуметтік кепілдік қажет-ақ. Ол — қазіргі экономикалық өркендеудің қажетті шарттары мен мақсаты болып табылады. Біз сондықтан демографиялық дағдарыс, жұмыссыздық, әділетсіз төмендетілген еңбекақы, сапалы медициналық қызмет пен білім алудағы теңсіздік секілді әлеуметтік проблемалардың жедел шешілулерін қолдаймыз.

Тоғызыншы, өткенсіз болашақ жоқ. Бұл аксиома барлық уақытта маңызды болған. Біздің өткен тарихымызға қысылатындай ештеңе жоқ. Керісінше, біздің халқымыздың тарихы біте қайнасқан әрі сабақтас, ал оның мәдениеті біртұтас та бірегей. Еліміз бен ерлеріміздің жүріп өткен жолдарында сүйінішті сәттерімен қатар, күйінішті күндері де болған. Сондықтан да біз өзіміздің барша тарихымызды оның жарқын да жабыраңқы жақтарымен қоса еске түсіріп, солардың бөрінен сабақ аламыз. Қазақстанда енді тарих пен мәдениетіміздің ескерткіштері, діни ғимараттар мен қасиетті орындар ешқашанда қиратылмайтын болады.

Оныншы, Қазақстанда конфессияаралық, дінаралық арыздыққа орын жоқ. Руханилық пен мәдениеттің барша жиыны өміріміздің мәні мен қуанышын толықтыра бермек. Біз халқымыздың мың жылдан асып түсетін тарихының мұрагеріміз. Бойымызға ата-бабаларымыздың еңбекқорлығын, мейірімділігін, төзімділігін, жанпидалығын, құдайға сенімін сіңіргенбіз. Бабаларымыздың мұрасы бізді өз ерекшелігімізбен сақтауда. Біздің партиямыз мынадай қағидатты ұстанады: Отанымыздағы орасан бай-

лықты ұлы рухани дәстүрлердің негізінде ғана жаңартып және молайтып отыруға болады. Міне, сондықтан да біз Қазақстанның болашақ сәулеткерлері — тұлғалардың рухани дамуларына айрықша көңіл қоюға құлықтымыз.

Он бірінші, Қазақстанның кең байтағында тұрып жатқан тұрғындарымыздың ортақ Отанымызға деген махаббаттары және оны қай кезде болмасын қорғауға дайын екендіктері барлық халықтардың дамуына қозғаушы күш саналады. Олардың дәстүрлері, діндері және мәдениеттері қорғау мен қолдауды қажетсінеді. Тек еліміздің болашағына деген сенім, оның өткеніне деген өкінішсіздік Қазақстан данқын арттыра бермек. Қазақстан қазір патриотизм мен демократияның азаматтық қоғам мен құқылы мемлекеттің мұраттарын бірлесіп жүзеге асыратын жас буынға бұрынғы-соңғы кезде болмағандай зәрулікте тұр. Сондықтан біздің партиямыздың аса зор міндеті — жастардың өз өмір жолдарын, кәсіптерін таңдауға, олардың бойында рухани құндылықтардың қалыптасып, өздерін өздері таныта білулеріне жағдай тудыру болып табылады.

Он екінші, біздің Қазақстан табиғи қорларға ғана емес, сондай-ақ ұлттық мәдениеттердің сан алуандылығымен де бай ел. Қазақстан біздің бәрімізге де жайлы болуға тиісті жалғыз Отанымыз. Әрбір қазақстандық өзінің ұлтына, діни сеніміне қарамастан, оның қай тұсында жүрсе де өз елі — Қазақстанның қожасымын деп сезінуі керек. Міне, осындай шаралардың шындығы арқылы біз Қазақстанның болашағын көре аламыз. Осымен қатар біз қарапайым қазақстандықтарды қазір саяси уәдешілдік пен сендірушіліктің түк те қызықтырмайтындығын анық сеземіз. Азаматтарға қазір, ең алдымен, әл-ауқаттылықты арттыруға қарай жасалынған нақты қадам керек. Біздің партияның көзқарасы тұрғысынан келгенде адамның әл-ауқаттылығы сол кезде жақсарды, қашан ол мемлекетке қол жаймай, еңбек етуге,

ақша табуға мүмкіндік алған кезде. Сондықтан да біз табысты еңбек ету мен жарасты өмір сүру үшін жағдай тудыруды өзіміздің аса маңызды міндетіміз етіп қойып отырмыз. Оның оңлы шешілуі үшін аянбаймыз да. Ауылдық па, әлде қалалық па, мейлі, кім болса, ол болсын, барлық еңбекке қабілетті азаматтардың еңбек етіп, жарасты өмір сүрулері үшін қаржы табуларына кепілдік құқықтары болуы шарт.

Менің ойымша, ерекше назарды ауылдағы жұмыссыздық проблемасына аудару керек. Мен ауылдар мен деревняларда жұмыс жоқ дегенге сенбеймін. “Көзін ашсаң, көл шығар” деген қазақ халқында даналық сөз бар, яғни барлық жерде де шұғылданатын шаруа табуға болады. Бүгіндер баяғыдай бастықтар мен бастырмаланатын жоспарлардың орнына нарықтық өктемдіктің келгенін түсінетін кез жетті. Енді бұрынғыдай айлық немесе аванс жоқ, олардың орнына фермерлік пен жекеменшіктік құқық бар. Жуырда Парламент жаңа Жер кодексін қабылдады. Ол алдымыздағы 2005 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енеді. Біз жер иелену жекеменшігіне қарсы емеспіз, керісінше, адамдардың жерге қамқоршы әрі қожа болуын құптаймыз. Алайда, өздеріне арналып шығарылған Заңға көптеген ауылдықтар мән бермей, өз құқықтарын құр бекерге елемей отыр. Мысалы, ауыл адамдары қазірден бастап өзі өндеп, өртүрлі өнім өсіріп отырған жерінің жекеменшіктік екенін куәландыратын құжаттарын реттеп қоймаса, мемлекет ертең ол жерді алып қояды. Және ол өрекет заңды болып шығады, өйткені заң оның жағында. Мұндай мысалдарды ондап келтіруге болады. Міне, сондықтан да, өсіресе, ауылды жерде жаппай құқық сабақтарын жүргізу өзінің өзекті мәселе екендігін дәлелдеп отыр. Соған орай біздің партия отандастарымыздың өз құқықтарын жете біліп, өз міндеттерін бұзбауларына бар күш-жігерлерін салатын болады.

Қазақстан демократиялық партиясында зиялы қауым мен орта топтағы адамдарға қатысты көпте-

ген бастамалар дайын тұр. Біздің партияның бастапқы шебі: зиялы қауымның қазіргі және болашақтағы жетекшілік рөлін мойындау. Яғни, біз зиялы қауымның білім беру, денсаулық сақтау, ғылыми-техникалық, құқықтық салалардағы өлеуметтік мәртебесін көтерудің қажеттілігін мойындаймыз. Зиялы қауымның жемісті еңбегіне, ең алдымен, қоғам құштар. Ол құштарлық еліміздегі жаңарту кезеңінде тіпті өсетін болады. Сол себептен тәуелсіздігіміздің басқы кезеңінде байқалған мұғалім, дәрігер, ғылыми-техникалық зияткерлер жалақыларының мардымсызданып кетуін бұдан былай болғызбау жөн. Олардың жалақылары, тіпті жай комерсанттың табыстарынан да төмендеп кеткен кездері болды ғой. Әрине, ондай немқұрайдылық жаңғыртудың локомотиві болып табылатын — жетекші топтың белсенділігін бәсеңдетіп тастайтыны сөзсіз. Мұндай жағдайда өте нақтылы шараларға бару керек. Біз құқық пен ғылыми-педагогикалық зияткерлердің партиясы ретінде “Мұғалім мәртебесі туралы” Заң қабылдауын талап етеміз. Біз ол Заңның жобасын жасап та қойдық, енді оның қабылдануын мақсаткерлікпен тиянақтайтын боламыз.

Біздің партияның тағы бір маңызды ісі — ертеңгі зияткерлердің негізін құрайтын студент-жастар туралы қамқорлығы. Нақ бүгінгі студенттер еліміздің игілігі үшін жаңа идеяларды қуаттандыруға қабілетті нағыз жаңалықтапқыштар ғой. Жүріп бара жатқан “Әлемдік өркениеттілік поезының” соңынан Қазақстанның бар мүмкіндіктерін жүзеге асыру осылардың қолдарында. Ал осылар дәл қазіргі бұрынғы-соңғы кездердің бөрінен де асып түсерліктей мемлекет тарапынан қамқорлықтар мен түсініктерге өте зәру. Ең алдымен, студент-жастар үзіліссіз, сапалы білім алу үшін өлеуметтік кепілдікке мұқтаж. Ешбір құпиялығы жоқ, ешкімге қажет емес жас мамандар — көптеген ЖОО студенттері жұмыссыздар армиясын толықтырып жатыр. Сондықтан қазір ең алдыңғы

орынға жастардың төлемі дұрыс кәсіп иелері болуын немесе ғылыми-техникалық прогрестің өмірге келуіне орай болашағы зор мамандықтарды игерулерін ойластыру қажет. Қазір барша әлемде мемлекеттер мен қоғамдардың даму бағдарламаларына үзіліссіз білім беру жобалары енгізіліп отыр. Мұның үстіне студенттердің қоғамдағы құқықтық жағдайларын анықтайтын да уақыт жетті. Студент жастар — үлкен құндылық, олар ертеңгі күннің аманаты секілді қарастырылуы жөн.

Студенттердің мәртебесін анықтап, оның құқығы мен бостандығын бұлжытпай орындау студенттер контингентін халықтың жүдеу тұрмысты ортасынан тездеп бөліп өкетуге ықпал етеді. Бұл студенттерге де, мемлекетке де пайдалы. Әлемнің өркениетті елдерінде бұл жұмыс аясында, парламенттер шешімдерінде, парламенттердің заң шығару актілерінде өлдеқашан ресімделінген. Біздің партия, өз кезегінде Парламент қабырғасында қаралатын “Студент мәртебесі туралы” Заң жобасын дайындап отыр.

Бұның бәрін пікірлестердің ұйымдасқан біртұтас командасынсыз жүзеге асыру мүмкін емес. Біз өзіміз туралы партиямыздың құрылтай съезінде осылай деп мәлімдейтін болсақ, енді соны орындауымыз керек. Ең алдымен, біз партиямыздың жанынан біздің партиямыздың идеялары мен басқадай да бастамаларын қолдайтын мықты құрылым құруымыз қажет. Оған деген алғы шарт жетіп артылады. Міне, неше жылдан бері Қазақстан аумағында “Құқықтық Қазақстан үшін” деген республикалық азаматтық қозғалыс және сайлауларды бақылау жөнінен Қоғамдық комитет жұмыс істеп келеді. Бұл екі ұйым осы уақыттың ішінде өздерін Қазақстанның қоғамдық өміріндегі өрекетшіліктерімен де, белсенділіктерімен де таныта алды.

Енді нақ солар біздің партиямыздың қолдаушылары болуға тиіс. Ал Қазақстанның демократиялық партиясы өз кезегінде Қазақстанның жарқын перс-

пективасы мен гүлденуін қалайтын барша ұйымдармен ынтымақтастыққа баруға сақадай сай тұр.

Жол болсын делік!

ҚЫЗМЕТ — ҚАБІЛЕТКЕ СЫН

Менің қызметтегі өсу жолым өркімді-ақ таң қалдырады. Сонымен қатар қызметтен қызметке ауысуым да көптеген жандарды бейжай қалдырмай жүр. Міне, тағы да сауал, тағы да жауап.

— *Жоғарғы соттан неліктен кеттіңіз? Қалайша Қазақ гуманитарлық-заң университетінің ректоры болып тағайындалдыңыз?*

— Мен 28 маусымда Жоғарғы сот президиумының соңғы мәжілісінде өзімнің қызметтен кететінімді жарияладым. Оның себебін де атадым — өз қалауыммен кетемін. Мен ректор болуды емес, қашан да оқытушы болуды, иә, оқытушы болуды армандайтынмын. Бір кезде өзім оқып шыққан ҚазГУ-дің заң факультетінде қызмет атқарғым келетін. Бірақ тағдыр басқаша шешті. Егер әділін айтар болсақ, менің қызмет сатыларымен өсуіме бұқаралық ақпарат құралдары көмектесті. Әсіресе, Әділет министрлігінің заңдарды жүйелеу және насихаттау басқармасына басшылық еткен кезімде экраннан, газет беттерінен өте жиі көріне бастадым. Тіпті, новелла, очерктер жазған кездерім болды. Журналшылардың арқасында парламентарийлер мен заңгерлерге танымал болдым. 1992 жылы президент аппаратындағы мемлекеттік құқық секторына қызметке ауыстырылдым. Кейін осы мекемедегі құқық қорғау органдары бөлімін басқардым. Бір жыл өткен соң бас прокурордың орынбасарлығына тағайындалдым. Бұдан соң Жоғарғы сот төрағасының бірінші орынбасары, республиканың бас прокуроры, және, соңында, 1996 жылдың маусымынан — Жоғарғы соттың төрағасы қызметтерінде істедім.

Сөйтіп, оқытушы болсам деген арманым ұзақ уақыт орындалмай қалды. Жоғарғы сот төрағасының лауазымындағы бес жылдық конституциялық мерзімнен кейін Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетіне жұмыс істеуге барамын деп ойладым. Оның ректоры кафедра меңгерушісі лауазымын беруге уәде етті. Менің әріптесім, ҚазМЗА-ның ректоры өзім құрмет тұтатын Н.Шайкенов (бұрынғы әділет министрі) мезгілсіз қайтыс болған соң, ҚазМЗА ректорының лауазымы бос тұрды. Әрине, бұл лауазымға үміткерлер көп еді. Мен Жоғарғы соттан кетерде сенат қабырғасында Президентіміз маған ҚазМЗА ректорының лауазымын ұсынып, тағы да өзінің аса жауапты тапсырмаларының бірін берді. Мен ризашылығымды білдірдім. Бұл жұмыстың жауаптылығын өзімнің бұрынғы атқарған қызметтерімнен ешқандай да кем деп санамаймын. Мемлекеттік қызметте кішкентай лауазым болмайды.

— Сіздің қызмет жолымен өсуіңізге бұқаралық ақпарат құралдары ғана көмектескені ме? Сізді президентпен бірге оқыған деседі ғой...

— Егер Нұрсұлтан Әбішұлымен мектепте, училищеде, жоғары оқу орнында бірге оқығандардың ұзын санын есептер болсақ, кемінде 200—300 адам болатын шығар. Бірақ президенттің сыныптастары мен курстастарының бәрі бірдей оның қасында жүр ме? Мемлекет басшысы белгілі бір лауазымды бір кезде бірге оқыған немесе жұмыс істеген адамдарға сеніп тапсыратын ретте олардың, тіпті, президенттің өзінің де жауапкершілігі екі есе артады. Сондықтан әлдекімді қызметке тағайындауда Нұрсұлтан Әбішұлы оның кәсіби қасиет-қабілеттерін ескереді. “Ол өзіне жүктелген міндеттерді орындай ала ма? Бұл адам мемлекет үшін пайдалы істерді жүзеге асыра ала ма?” деп толғанары даусыз.

— Ал сіз өз қызмет орныңызда отырғанда қандай істерді тындыра алдыңыз? Егер қорытындылап көрсек...

— Көп нәрсе атқарылды. Парламент “Соттар және сот жүйесі туралы” заңды қабылдады. Онда сот жүйесін қайта құру жөніндегі менің идеяларымның бәрі мақұлданды. Оның ішінде Жоғарғы сотты қайта құру идеясы да бар болатын: президиум мен пленумды, қылмыстық және әскери, азаматтық және шаруашылық алқаларды біріктіру. Мен біліктілік алқасының іс жүзінде Әділет министрлігінің құрылымына айналып, объективті жұмыс істей алмай отырғанын айттым. Қазір бұл алқа Конституцияда көзделгеніндей, дербес мәртебеге ие болады. Оның қызметіне бақылау күшейтілген. Сот және атқарушы билік неге бөлінген? Оның себебі — Әділет министрлігі соттарға билігін жүргізді. Ал заңда бұл министрлік соттарды өзіне бағындырып алмастан, олардың тәуелсіздігін қамтамасыз етуге тиіс деп жазылған. Біз қарапайым азаматтар да, министрлер де кез келген деңгейдегі судьяларға құрметпен қарайтын кезге жететін боламыз. Мен бұл мақсатқа көп күш-жігерімді жұмсадым.

— *“Аргументы и факты” газеті бір кезде Қазақстанның келесі президенті кім болады — деген тақырыпта қоғамдық пікір мониторингін жүргізді. Сауал салынғандардың үш пайызы сіздің есіміңізді атапты. Өз өміріндегі соңғы президенттік сайлау алдында Б.Ельциннің рейтингі де шамамен осындай болды...*

— Шынымды айтсам, бұл ойды бірінші рет естіп тұрмын. Алайда, мен үшін біздің қазіргі президентіміз бар жерде ғана саяси өсу мүмкіндігі бар. Ол маған өте жауапты лауазымдарды сеніп тапсырды. Бас прокурор, Жоғарғы соттың төрағасы болу өркімнің маңдайына жазыла бермейтін бақыт. Мен өзімді саяси мансаптың шыңында болдым деп есептеймін.

— *Сонда оның қай сатысы қолайлырақ болды? Сізге қай орында жұмыс істеу көбірек ұнады — бас прокуратурада ма, әлде Жоғарғы сотта ма?*

— Сот қызметін атқару жүрегіме жақындау болып көрінеді. Кез келген судья ең алдымен бар

мәселені өзі шеше алатын болғандықтан, осы істен қанағаттану сезіміне бөленеді. Мәселеге соңғы нүктені нақ өзі қоятынына разы болады. Мен де осындай сезімде боламын. Алайда... Мен бас прокурор болып қызмет атқарған небары тоғыз айдай қысқа уақыт аралығын ерекше жылы сезіммен еске аламын. Нақты айтқанда, бұрынғы судья ретінде мен бас прокуратураның жұмысына жаңа леп енгізуге тырыстым. Бұл жүйені кеңес заманында-ақ айыптаушы орган деп атайтын. Көптеген адамдар оны күні бүгінге дейін солай деп ойлайды. Ал заң бойынша олай емес. Біз, заңгерлер, өзара өңгімемізде “прокурор дегеніміз — бұл сөз сөйлейтін судья”, “сотқа дейінгі судья” деп өзілдейміз. Ол тікелей соттың істі қарауы кезінде ғана айыптаушыға айналады. Мен бас прокуратураны басқарған кезімде өріптестеріме нақ осы жағдайды ұғындыруға тырыстым. Олардың психологиясын өзгертуге өрекеттендім. Мен прокурордың тергеу мен анықтауды қадағалау жөніндегі орынбасарының лауазымына жақсы жұмыс өтілі бар судьяны шақырдым. Неліктен? Сауатты судьяның істің келешегі бар-жоқтығын анықтауына соншама көп уақыттың керегі жоқ. Прокурорлар жеткілікті дәлелдемелерді ұсына бермейді, адамның кінәсін әділ анықтай алмай жатады.

— Өзіңізден бұрынғы төраға — Малаховты Сары Алмастың адамдарынан 130 мың доллардан астам пара алды деп айыптап, қызметінен босатқан соң, Сізді Жоғарғы соттың төрағалығына тағайындады. Сіз қызметтен кетер алдында да осындай өңгіме көтерілді. Телеарналардың бірінде Сізді “парақор” деп атауға жақындап қалды. Сіз неге сотқа бермедіңіз? Неге қорғанбадыңыз?

— Себебі, мен бұл өңгімені алғаш рет естіп отырмын. Жалпы алғанда, адамды парақорлық секілді аса ауыр қылмыс жасады деп айыптау үшін жеткілікті дәлелдемелер болуы керек. Оның үстіне, мен судья-

лар БАҚ-пен пікір таластыруға түспеуі тиіс деп есептеймін. Меніңше, осы жағдайды қағаз бетіне түсіру керек секілді. Заңға жазу керек. Бұл судьяның беделін түсіреді. Белгілі бір шешімнің дұрыстығын қорғай отырып, судья еріксіз өз көзқарасын білдіреді. Ал бұл қашан да келесі сатыдағы сот процесінің барысына ықпал етуі мүмкін.

— *Сіздің бүкіл өміріңізде есте қаларлықтай істер болды ма? Қиындықпен қабылданған шешімдеріңіз көп пе?*

— Мен судьяларда қарапайым істер болмайды деп есептеймін. Олай болуға тиіс емес. Солай бола тұрса да, бір мысалды келтірейін. Мен бір ауданда аудандық судья болып істейтінмін. Аудандарда жұмыс ауқымы өте үлкен болады. Кейде күніне төрт істі қарауға тура келеді. Біз ол кезде оларды “ұсақ істер” деп атайтынбыз. Бір айыпталушы, бір куәгер. 1,5 — 2 сағат ішінде шешім шығару керек. Көп ретте судья мұндай істерге өзірліксіз келетін. Уақыт жетіспейтін. Менде де солай болды. Сот алдында екі бап бойынша айыпталатын жас жігіт тұрды. Қару қолданып, бұзақылық жасағаны үшін және оны заңсыз сақтағаны үшін айыпталды. Қалай болған дейсіз ғой? Ол жексенбі күні үйінде отырады. Аздап ішеді. Қасында шешесі бар. Екі жиені аулада ойнап жүреді. Біреуі жылаған күйінде үйге келіп, өзін ит қауып алғанын айтады. Өздерінің иті. Бұған дейін ол басқа адамдарға да қауіп төндірген. Жігіт қолына мылтық алады. Бытыра салынған екі патронды қоса ала шығады. Өз итін атады. Иттің үйшігі жолға жақын орналасқан. Оның тұсынан екі жерлесі мотоциклмен өтіп бара жатады. Оларға бытыра тиіп, жеңіл жарақаттанады. Жігіт мұның кездейсоқ болғанын айтады. Жарақаттанғандар оны өздерінше балағаттап, дәрігерлік пунктке барады. Дәрігерлер жәрдем көрсеткен соң, тиісінше бұл оқиғаны милицияға хабарлайды. Іс қозғалады. Үш жылдан жеті жылға дейін бас бостандығынан айыру. Сотта жәбірленушілер оны соттамау-

ды өтінеді. Сотталушы бұл процеске жол азығын ала келеді. Егер мен іспен алдын ала танысқан болсам, оны сотқа берместен бұрын-ақ тоқтатар едім. Тыңдау басталды, бөріне қаныққан соң үзіліс жарияландым. Бұл істе қылмыстың құрамы жоқ екенін прокурорға айттым. Бірақ ол айыптаудан бас тартпады. Бұл біздің прокурорларымыздың өз қателіктерін мойындап, оларды түзетулерінің қаншалықты қиын екенін көрсететін тағы бір мысал. Ақырында, сот ақтаушы үкім шығарды. Осы істің нәтижесінде мен “ұсақ істердің” болмайтынын мәңгілікке санама құйып алдым. Тіпті ажырасудың өзі — зор, жауапты іс. Оның себептерін тыңдау, адамдарды татуластыруға, бітімге келуге тырысу. Бұл оңай шаруа емес.

Алайда әйелдерге қатысы бар істер мен үшін қашан да ең күрделі істер болды. Олардың кейбіреуінің жәуентдеген көздерін мәңгі ұмыта алар емеспін. Біз бір кәсіпорынның бұрынғы бухгалтер әйелінің ісін қарадық. Оған өте ірі көлемде мемлекет ақшасын талан-таражға салды деген айып тағылды. Мұндай әрекет үшін кемінде алты жылға кесіледі. Әйел зиялы отбасынан екен. Күйеуі — бас инженер. Ұлы 12 жаста. Шынын айтқанда, оны отырғызбауға болатын еді. Бірақ ол кезде осы секілді қылмыс істеген адамдарға қатаң шара қолдану туралы СОКП Орталық Комитетінің қаулысы шыққан болатын. (Кеңес өкіметінің кезі ғой). Міне, бұл соттардың тәуелсіз болуы керектігін дәлелдей түсетін жарқын мысал. Біз бар жауапкершілікті өз мойнымызға ала отырып, оған небары үш жыл белгіледік... Үкім жарияланған соң оны мәжіліс залынан шығарарда әйел есікке жете бере кенет тоқтап, артына бұрылып қарады. Мен оның көзінен өзімнің сот төрағасы ретінде қол қойылып кеткен шешімімді өзгертетініме үміттенетінін байқадым. Бірақ мен олай істей алмадым. Құқығым болмады. Сол көзқарасты өлі ұмытқан жоқпын...

— *Ал Жоғарғы соттың қазіргі төрағасы, ол кезде қылмыстық істер жөніндегі алқаның төрағасы Қайрат Мәмидің қалай жұмыстан кетірілгені есіңізде ме?*

— Бұл шешімді мен емес, парламент қабылдаған. Қызметінен кететіні жөнінде өзі өтініш берген. Жоғарғы сот алқасының үш судьясы, олардың ішінде Мәми де бар, заңды өрескел бұзып, сот қателігін жіберген. Осының салдарынан қылмыскерлер жазадан құтылып кеткен. Бас прокурордың наразылық білдіруімен Жоғарғы соттың президиумы заң тәртібімен олар қабылдаған шешімнің күшін жойды. Меніңше, бұл қателік Қ.Мәмиге үлкен сабақ болды. Сондықтан да мен Жоғарғы соттан кетер кезде босаған лауазымға өзім ұсынған кандидатуралардың ішінде Қ.Мәми де бар еді. Оның әр түрлі сот сатыларында істеген көп жылдық жұмыс өтілі бар. Демек, бұл жұмысты да атқара алады. Тек бір тілек айтылды: ол өзінің қателіктерін мойындап, алдағы уақытта өз қызметінде мұндай олқылықтарға жол бермеуі тиіс. Ең бастысы — өз орынтағы туралы емес, мемлекет жөнінде ойлануы керек.

— *Сізді сурет те салады деп естідім...*

— Мұндай әуестігім бар. Бірақ мен кәсіби суретші емеспін, сурет салуды мектеп қабырғасында үйренгенмін. Армияда жүргенде солдаттар клубын, Ленин бөлмесін безендіруге тура келетін. Қызметте майлы бояумен сурет салуды үйрендім. Әрине, судьялыққа кіріскен соң мұның бәрі жайына қалды. Тек 28 жылдан соң, Жоғарғы соттың төрағасы болған тұсымда бұл іске қайта оралдым. Оған қазір ортамызда жоқ суретші Бексейіт Түлкеев себепші болды. Ол президенттің Алматыдағы резиденциясынан көруге болатын “Ұлы көш” картинасының авторы. Менің осындай қабілетімнің бар екенін естіп, мені өзінің шеберханасына ертіп келді. Міне, Сізге, керілген мата, бояу жаққыш, бояу. Мен де саламын, Сіз де саласыз! Сол күннен бастап кескіндеме — живописьпен айналыстым. Бұл

өнердің күнделікті проблемалардан айығуыма септігі тиетінін байқадым. Мені тынықтыратын екінші өдіс — тау шаңғысы. Шаңғымен құлап қалмауды ойлап келе жатқанда, басқа нәрсенің бәрі бір сәтке ұмытылады.

— *Сіз қандай суреттер саласыз?*

— Негізінен табиғат көріністерін саламын. Бір кезде портреттер жазғанмын. Кейін бұл шаруаның маған қол емес екенін түсіндім. Мысалы, армияда болғанда ротадағы Ленин бөлмесін безендіргенім бар. Осыдан кейін қызметіне қатал қарайтын майор бүкіл қабырғаға бойлата майлы бояумен Лениннің портретін салуды тапсырды. Қолын созған Владимир Ильич тұғыр үстінде тұр, артқы жағынан фабрикалар, зауыттар көрінеді... Осындай плакаттар есіңізде болар. Журналдан қарап салып шықтым. Командирім менің Ленинім қазаққа ұқсайды деп бағалады! Жұмысты қайта істеуге тура келді. Осыдан кейін портрет салмайтын болдым.

— *Сұхбатымыздың басында оқытушы болуды армандайтынмын дедіңіз. Қазір дәріс оқисыз ба?*

— Әзірше ұйымдастыру мәселелеріне байланысты уақыт жетіспей жүр. Осындай шаруаларды реттеген соң кірісермін.

— *Қазір біздің елімізде заңгерлер көбейіп кетті деген әңгіме жиі көтеріледі...*

— Мен бұл проблеманы білемін. Өткен жылдың өзінде Қазақстанда біздің академияның 12 филиалы жұмыс істеді. Мен қазір олардың санын 5-ке дейін қысқарттым. Неліктен? Біріншіден, шет аймақтарда оқытушы кадрлар жетіспейді. Студенттер сапалы білім ала алмайды. Ал қалған 5 филиалда біздің профессорларымыз жұмыс істейтін болады. Іссапарларға шығады, студенттерге дәріс оқиды, сынақ, емтихан қабылдайды.

Заңгерлердің көптігі қазірдің өзінде проблема болып отыр. Дипломы бар көптеген жас мамандар жұмыссыз қалуда. Сондықтан, меніңше, біз жоғары

оқу орындарын бітірушілер контингентін жоспарлау ісіне қайта оралуымыз керек секілді. Мен қазір өзімнің проректорларыма мынадай тапсырма бердім: 2006 жылы шамамен біздің қанша маманымыз керек болатынын Білім министрлігінен анықтау қажет. Өйтпейінше біз текке жұмыс істеген болып шығамыз. Осыған орай, әрбір жоғары оқу орнында өз бітірушілерін еңбекке орналастырумен шұғылданатын менеджерлік құрам жұмыс істеу керек секілді.

— *Сіздің балаларыңыз түгелдей білім алып үлгерді ме?*

— Менің алты балам — үш ұл, үш қызым бар. Үшеуі заңгер, екеуі музыкант, біреуі өлі жас. Үлкен қызым фортепиано сыныбы бойынша консерваторияны аяқтады, Алматы мемлекеттік университетінде оқытушы. Бір ұлым менің жолымды қуып, қазір Алматы қалалық сотында еңбек етеді. Екінші ұлым Алматы университетінің заң факультетін аяқтаған, органдарда жұмыс істейді. Ортаншы қызым — “Қазақтелекомда” заңгер. Ең кіші ұлым жуырда 15-ке келеді, 8-сыныпта оқиды. Жұбайым оның дәрігер болуын қалайды, ал өзі заңгерлікке бейім. Тағы бір қызым — ол да музыкант, бірақ мамандығы бойынша жұмыс істемейді, жұбайыммен бірге бизнеспен айналысады.

— *Айтпақшы, жұбайыңыздың бизнесі жөнінде. Күйеуі Жоғарғы соттың төрағасы немесе бас прокурор болып тұрғанда, ол кісінің саудамен айналысуы әдептілікке жата қояр ма екен?*

— Ал мүлде жұмыссыз отыру әдепке жата ма? Оның үстіне, отбасы үлкен болып тұрғанда. Біріншіден, ол өзінің сүйікті ісімен айналысады. Мәскеудің жеңіл өнеркәсіп институтын былғары бұйымдарының инженер-конструкторы мамандығы бойынша бітірген. Әйелдер аяқ киімі бойынша диплом қорғаған. Мен оны “етікші” деп өзілдеймін. “Жетісу” аяқ киім фирмасында жұмыс істеген. Біз Талдықорғанда тұрғанымызда ол тұрмыс комбина-

тының бір цехын басқаратын. Алматыда “Мақпал” сән үйінде еңбек етті. Кейін мұның бәрі тарап кетті. Мен бұл кезде президент өкімшілігінде жұмыс істей бастағанмын. Осы кезде оған өз кәсіпорныңды ашпайсың ба деп ұсыныс жасадым. Алты баламыз, ата-аналарымыз бар дегендей... Бар қажетке қаражат жетісе бермейтін. Кәсіпорыңды тіркету үшін достарымнан мың сом қарызға алдым. Әйелім ломбардқа барлық өшекейлерін өткізді. Жинаған ақшаларымен Қытайға барып, бір машина толы түрлі бұйымдар өкелді. Сөйтіп, алғашқы капиталды құрастырды. Бұл кезде мен Жоғарғы сот төрағасының бірінші орынбасары едім. Ал Жоғарғы сот төрағасы бірінші орынбасарының әйелі шоп-турмен айналысады! Тамаша емес пе?! Осыдан кейін ол тігін цехын ашты. Тауар өкелу үшін Иранға, Пәкстанға, Грекияға баратын болды, қазір де солай. Бірақ өріптестері негізінен — Италияда, Австрияда. Бірнеше дүкен, ресторан ашты. Оның Астанада “Элит” атты сән үйі жұмыс істейді. Шындығын айту керек, менің есімім оған түрткі болудың орнына, көбіне кедергі келтірді.

— *Сіз ірі бизнес-ханымға үйленген екенсіз!*

— Шындығы солай! Жұбайым менің басымды ақша проблемаларымен қатырмауыма мүмкіндік тудырды. Ол — біздің отбасымыздағы игілік үшін жауапты. Отбасымның материалдық жағдайын жұбайымның қамтамасыз етуі менің ар-намысымды саудаға салмауыма негіз болып келеді. Арым таза, алдым ашық, артымда атқарылған істер шоғыры жатыр.

КЕҢЕСТІК СОТ ЖҮЙЕСІМЕН ҚОШТАСУ

— *Мақсұт Сұлтанұлы, “Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы” жаңа Заң қабылдаудың қажеттігі неде?*

— Сот жүйесін реформалау қаншалықты қарқынды өтсе, құқықтанушылар 1995 жылғы Консти-

туцияның биліктің сот тармағын оның атқарушы тармағынан бөлу жөніндегі идеяларын заң жүзінде баянды етуді соншалықты қажет етті. Құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы 1994 жылы бастаған бүкіл құқықтық жүйені қайта құру ісі Негізгі Заңға қайшы келді, өйткені бұл Заңның принципті қағидаларының бірі сот жүйесін биліктің дербес, тәуелсіз тармағы ретінде бөліп көрсететін.

Алайда бұл ой іс жүзінде толық жүзеге аспай қалды. Міне, сондықтан да 1995 жылдың соңында Президенттің конституциялық заң күші бар “Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы” Жарлығы шықты. Осы кезде біздің тарихымызда судьялар сот билігінің иелері деп жарияланды. Жарлық судьялардың тәуелсіздігін заң жүзінде баянды етіп, конституциялық қағидаларды дамыта түсті, мұнда олардың ауыспайтындығы, жеке басына қол сұғылмайтындығы, сотты құрметтемегені үшін жауаптылық көрсетілді. Судьяларды қызметке Президенттің тағайындау рәсімі және Жоғарғы сот судьяларын мемлекет басшысының ұсынуы бойынша сенаттың сайлауы олардың тәуелсіздігінің маңызды кепілі болды.

Сот жүйесін реформалаудың бірінші кезеңінде бұл шешімдер зор рөл атқарды, бұл айтарлықтай ілгерілеушілік еді және мемлекет пен қоғам өмірінде соттың маңызын арттырды. Алайда, өмірдің өзі көрсеткеніндей, сот билігін ұйымдастыру негізіне алынған мұндай жоғары қағидаттар іс жүзінде сот жүйесінің атқарушы билікке тікелей тәуелділігімен қатар өмір сүрді.

Бұл саладағы қарама-қайшылық соттарды қаржыландыру тәртібінен байқалды. Оны Әділет министрлігі жүзеге асырғандықтан, ақырында соттарды оның құрылымына айналдырып жіберді. Әділет министрлігі мен оның жер-жерлердегі бөлімшелері өздерінің өкілеттіктерін ұлғайтты. Бұл ведомствоның қызметі соттардың қызметін бақылауға ала бастады,

сот төрелігін жүзеге асыру сапасын тексеретін болды, нақты істерге баға беріп, сот тәжірибесін қорытындылады, судьялардың есептерін тындап, оларға түрлі ықпал ету шараларын қолданатын болды, облыстық соттар мен Жоғарғы сот төрағаларының міндеттерін ашықтан-ашық иеленетін жағдай қалыптасты.

— *Қолданыстағы заңдарға қарамастан, “өкілеттіктерінен айрылғандардың” бейтараптық көрсетуі де жағдайдың өзгеруіне өкпе соқтырған болар?*

— Осының өзі жаңа заңды қабылдаудың өзектілігін көрсетеді, өйткені оның принципті қағидаларының бірі — сот жүйесін атқарушы биліктің ықпалынан шығару болатын. Соттарды материалдық-техникалық және басқа тұрғыдан қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган ретінде Жоғарғы соттың жанынан Сот өкімгерлігі комитетінің құрылуы Негізгі Заңның мынадай нормасына сай келеді: “Соттарды қаржыландыру... сот төрелігін толық және тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс”.

Конституцияның бұл бабы заң жүзінде бекітілмей тұрғанда, Әділет министрлігінің қолында соттарға ықпал етудің қуатты тетіктері бар еді. Ақша бөлудің айқын да қатаң тетіктері жеткіліксіз болғандықтан, көп ретте объективтілік және әділеттілік қағидалары бұзылатын жағдайлар кездесті. Сот ғимаратының шатыры жөндеуді қажет ететін кезде, компьютер алатын шақта, ақысы төленбегендіктен, судьяның телефоны істемей қалатын тұста кез келген соттың төрағасы нақ осы бөлімшенің қажеттерін бірінші кезекте шешу мақсатында дәлелдер іздейтіні айтпаса да белгілі. Қаржыландыру жетіспейтін шақта объективтік мән-жайлар суб-объективтік мән-жайларға орын береді, сол себепті қаржымен жеткілікті қамтамасыз етілетін Әділет министрлігіне жақын жүретін тұлғалар тобы қалыптасқаны жасырын емес.

— *Сот өкімгерлігі комитеті Жоғарғы соттың басышылығымен жұмыс істейтіндіктен, ол да ақшаны бөлу*

проблемасына тап болады ғой, ал оның мөлшері мемлекет бюджетіне тәуелді емес пе? Сонда комитет мүлде мінсіз қызмет атқара алады деуге бола ма?

— Біріншіден, мемлекет қаншама қуатты болса, ол өз қызметкерлерін соншама жеткілікті қамтамасыз ете алады деп ойлаймын. Бұл тұрғыдан алғанда, еліміздің бюджеті қазірдің өзінде айтарлықтай деңгейге шыға алатыны республика Президентінің арнайы Жарлығында да көрсетілді, онда бұдан былайғы жерде Жоғарғы соттың төрағасы парламент палатасы төрағасының деңгейінде, ал Жоғарғы соттың судьялары — министрдің деңгейінде жалақы алатын болатыны айтылған. 1 қаңтардан бастап аудандық, облыстық соттар судьяларының жалақысы айтарлықтай көтерілді.

Соттар бюджеттегі бағдарлама байынша толығымен қаржыландырылады деуге жеткілікті алғышарттар бар. Мұндағы басты нәрсе — оларды ресурстармен қамтамасыз етуде іркілістің болмауы, бюджет туралы заңға тұтас алғанда сот жүйесін емес, нақты соттарды қаржыландыру туралы нормаларды енгізу қажет болады. Бюджет туралы жыл сайынғы заңда қаражатты бөлуге емес, соттарды толығымен қаржыландыруға қол жеткізу — Сот өкімгерлігі комитетінің міндеті.

— Мемлекеттік биліктің сот және басқа тармақтары арасындағы тежемелік және тепе-теңдік жүйесін одан әрі жетілдіру көздеме ме? Жаңа заң бұл міндетті қаншалықты дәрежеде шешеді?

— “Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы” жаңа Заң қанша дегенмен аралық заң болады деп есептеймін. Ұйымдық тұрғыдан алғанда, соттардың тәуелсіздігі дегеніміз — бұл сот жүйесінің толық дербестігіне қарай жасалған алғашқы қадам ғана. Қазіргі Конституцияның ережелеріне сәйкес аудандық соттардың төрағалары мен судьяларының кандидатурасын мемлекет басшысына Әділет министрлігі ұсынады.

Осының өзі Негізгі Заңда ашықтан-ашық қайшылықтардың бар екенін көрсетеді.

Тағы бір күнделікті мәселеге назар аударған жөн. Ол — сот шешімдерінің орындалуы. Атқарушы сот ісін жүргізудің соттан бөлінуі — дұрыс шешім. Алайда бұл құрылым Әділет министрлігінің қарауында қалатындықтан, кадрлармен қамтамасыз ету мәселесі — осы министрліктің құзырында болады. Егер биліктің атқарушы тармағы да кейде сот талабы бойынша жауапкер болатынын ескерсек, онда атқарушылық өндірісті осы ведомоствоның қарауында қалдыруға бола қояр ма екен? Егер оны Сот әкімгерлігі комитетіне тапсыратын болсақ, айтарлықтай дербестікке ие болар ма еді?

Біз шын мәнінде сот билігінің дербестігі осыған негізделген әлемдік стандарттарға қол жеткіземіз дейтін болсақ, мұндай конституциялық ережелерді өзгертуге батыл кірісуіміз керек, өйтпейінше, сот билігі реформасын аяғына дейін жеткізу қиынға соғады.

— Заң кеңестік сот жүйесімен қоштасты. Сонда ол өмірден алынып тасталған президиум, пленум институттарының орнына нені әкелді?

— Облыстық және Жоғарғы соттардың құрылымын өзгерту де — тиімді қадам болды. Бұған дейін көпшілік бұл органдардың құрылымы кеңестік сот жүйесінен алынған, сондықтан Қазақстанның бүгінгі талабына сай келмейді деп әлденеше рет мәселе көтерген-ді. Алайда оны реформалап, жаңасын құруға заң шығарушылар батыл бара алмады. Конституциялық заңда президиум институты таратылып, оның өкілеттіктері осы құрылымның құрамындағы басқа органдарға беріліп, бірқатар жағдайларда дамып отырды. Атап айтқанда, облыстық және оларға теңестірілген соттар мен Жоғарғы соттың құрамында алқа құрылып, істерді қадағалау тәртібімен қарауға тиіс болды.

Пленумның орнына пленарлық мәжілістер келді.

Оның үстіне, облыстық соттың құрамына тұңғыш рет пленарлық мәжіліс институты енгізілді. Сот тәжірибесін талқылап, оның қорытындысы бойынша сот төрелігін жүзеге асыруда заңдылықтың сақталуы мәселелерін қарастыруды, азаматты өкімгер лауазымына тағайындау үшін уәкілетті органға келісім беруді оның аса маңызды қызметтерінің қатарына жатқызуға болады. Пленарлық мәжілістің судья лауазымына кандидаттардың машықтану тәжірибесін қарап, Әділет министрлігінің Біліктілік алқасына тиісті қорытынды беру өкілеттігін ерекше атап көрсеткен жөн.

Жоғарғы соттың пленарлық мәжілісі пленум институтын алмастырды. Бұл құрылым заңда Қазақстан Республикасының сот жүйесіне жалпы басшылық жасайтын орган ретінде көрсетілген. Бұл өкілеттіктер бұрын Жоғарғы сот пленумының қарауында болатын. Пленарлық мәжіліс сот тәжірибесін зерттеп, оның қорытындысы бойынша сот төрелігін жүзеге асыру кезінде заңдылықтың сақталуы мәселелерін қарайды, сот тәжірибесінде заңдарды қолдану мәселелері бойынша түсінік беретін нормативтік қаулыларды қабылдайды және т.с.с. Меніңше, Жоғарғы сот пен облыстық соттардың құрылымын оңтайландыру олардың тиімді жұмыс істеуіне жағдай туғызған болар еді. Бұған қоса, бұл шара Жоғарғы соттың шамадан тыс көбейіп кеткен құрамын белгілі дәрежеде қысқартуға мүмкіндік берер еді.

— Сөз жоқ, соттардың қызметін заң арқылы реттеп отыру — сот жүйесі тиімділігінің басты кепілі. Бұған қоғам да мейлінше мүдделі болып отыр. Сондықтан қоғам оны реформалауға, судьялардың беделін қалыптастыруға енжар қарай алмайды. Судьялардың сатылмайтындығына қоғамдық пікірді қалай сендіруге болады?

— Мен судьялар корпусы айтарлықтай ынта білдіретін басқа да бірнеше проблемаларға назар

аударсам ба деймін. Ең алдымен, судьялар қауымдастығы мен олардың органдарының рөлін арттыру мәселесі жөнінде. Заңда бұл мәселеге жеке бап арналған.

Кәсіби белгілеріне қарай қоғамдық бірлестік ретінде құрылған Судьялар одағы бүгінде республикадағы айтарлықтай беделді одақ болып отыр. Бірақ оның құқықтары мен қолында бар мүмкіндіктері іс жүзінде қолданылмай келеді. Республикалық және облыстардағы тәртіптік алқаларды құру құқығын мемлекеттік органдармен теңбе-теңдік негізінде Судьялар одағына беруге болмас па еді, оның үстіне, заңда мұндай тәртіптік құрылымдарды құру жөнінде нақты нормалар да белгіленбеген. Әлбетте, судьялардың тәуелсіздігі қағидатына ешқандай нұқсан келтірілмеуі үшін бұл шара заң тұрғысынан жанжақты ойластырылған қадам болуға тиіс.

Судьялар қауымдастығының рөлі күшейтіліп, судья кадрларын іріктеуде ескеріліп отыруға тиіс. Судьялар қауымдастығы басқа да қосымша қоғамдық ұйымдар құра алады.

Жаңа заң құқық тәртібін және қазақстандықтардың ертеңгі күнге деген сенімділігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады деп сенемін.

2001— ЖЫЛАН ЖЫЛЫ



ЖАН-ЖАҚТЫ ЗАҢГЕР — ЗАМАН ТАЛАБЫ

— *Мақсұт Сұлтанұлы, Сіз ҚазМЗА-ға ректор болып келгелі де біршама уақыт болып қалды. Сіз келгенде академияның хал-ахуалы қалай еді, қазір қандай?*

— Хал-ахуалы дұрыс болған. Дегенмен, уақыт талабы мен қоғам сұранысына сай жұмысты қайта ұйымдастыру қажеттілігі туындады. Қазір жұмыс жаңаша құрылуда. Профессор-оқытушылар құрамы берік қалыптасқандықтан олар көп игілікті шараларға ұйытқы болуда. Оқу-әдістемелік жұмыстар, тәжірибелік сабақтар, ғылыми жұмыстарды жүйелеу — академия оқытушылары тарапынан зор ізденістермен атқарылуда.

Заң академиясының жұмысын бұрынғыдан да жақсарту үшін мемлекеттік деңгейде бағдарлама жасалды. Іс жүйелендірілді. Мен басқарып отырған 7 ай ішінде бағдарланған ісіміздің нәтижесін уақыт көрсетеді. Бүгін оны бір сөзбен айтып беру мүмкін емес қой. Нәтижесін болашақта осы академияны бітіріп шығатын мамандарымыздың біліктілігі көрсетеді деп ойлаймын.

— *Университеттің академияға айналуы Сіздің келуіңізден бұрын, Нағашыбай Аманғалиұлының тұсында болған еді. Дегенмен, академия болуының себебі не, айырмашылығы неде және сіз мұның дұрыс, бұрыстығына байланысты қандай пікір айтасыз?*

— Құрылғанына қатысым болмағанымен, ендігі тағдыры менің қолыма тигеннен кейін, бүгінгіне де, болашағына да жауаптымын деп есептеймін. Институттың өркендеуіне, өрине, марқұм Нағашыбай Аманғалиұлының еңбегі көп болғанымен, бұл істі мемлекет қамқорлығынсыз, республикаға белгілі заңгерлердің кеңесінсіз, қазынадан мол қаражат құйылмаған жағдайда дәл бүгінгідей кәсіби біліктілігі жоғары мамандар даярлайтын оқу орны дәрежесіне шығару мүмкін емес еді. Рас, бұл оқу орнында Нағашыбай Аманғалиұлының өзіндік еңбегімен айшық-

ты із қалдырғанына, күрт бетбұрыстар, өзгерістер өкелгеніне дау жоқ. Оның бәрі ақиқат. Мәселе онда емес, кәсіби білім беру сапасында. Жоғарыда айтып кеттім, өркениетті мемлекеттердің қай-қайсысына зер салып қарасаңыз, заң білімін дамыту бағытындағы оқу орындарының дәрежелері биік. Біздің жоғарғы оқу орнымыз — академиямыздың білім деңгейі ғылыми-теориялық тәжірибе талаптарына толық жауап бергендіктен Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы “Білім беру” туралы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 тамыздағы “Қазақ Мемлекеттік заң академиясына” республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын мәртебесін беру Ережесін бекіту туралы қаулысы жарық көрді. Яғни, институт мәртебесі жоғарылап, академия атанды.

— Академияда оқытушы ғалымдардың қатары, яғни ғылыми өлеуеті қандай дәрежеде?

— Бұл сауалыңызға айтарым: ғылыми өлеуетінің мықтылығынан институт академияға айналып отыр. Бізде үш ғылыми-зерттеу институты және бірнеше ғылыми орталықтармен қоса облыстарда филиалдарымыз бар, 25 ғылым докторы мен профессорлар, 40 ғылым кандидаты мен доценттердің қызмет істеуі осы жайды аңғартса керек. Профессор-оқытушылар құрамында көптеген оқулықтар авторлары, ғылыми еңбектерімен елге танылған білікті заңгерлер жеткілікті. Ең басты талап оқытушыларға түсетіндіктен, олардың барлығы да жеке біліктіліктерін арттыру бағытында үздіксіз ізденіс үстінде келеді.

— Өзіңіз келгелі академияның тыныс-тіршілігінде қандай өзгерістер болды? Алда қандай жаңалықтар болады деп күтілуде?

— Өмірдің өзгерістерге толы болуы заңдылық. Өйткені, уақыт бір орында тұрмайды. Уақытқа ілесу міндетіміз болғандықтан қолдан келген мүмкіндіктерді қарастырамыз. Жоғарыда академия

жұмысын жақсарту үшін мемлекеттік деңгейде Бағдарлама жасалғанын айтып өттім. Қазір осы бағдарламаны жүзеге асыру бағытындамыз.

Өткен жылдың тамыз айында Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінен арнайы комиссия келіп тексеру өткізді. Тексеру нәтижесі істі жүйелендіруге ықпал етті. Мен келгеннен кейін Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары жөніндегі ережеге сәйкес академия штатына өзгерістер енгізіліп, кадрлар іріктеуден өткізілді. Академия құрылымын жүйелендіру мен оқу деңгейі және оқу-әдістемелік жұмыстарды жақсарту мақсатында кадрлар құрамы қайта қаралды. Тектес кафедралар бір-біріне қосылып, конституциялық және әкімшілік құқық; мемлекет пен құқық теориясы; азаматтық процесс және еңбек құқығы деген кафедралар құрылды. Академияның облыстардағы филиалдарының бірқатары жабылып, қазір 5-еуі қалды.

— Болашақ заңгерлерді оқытудың әдіс-тәсілдеріне толықтырулар, жаңа бастамалар, теориялық және практикалық дайындықтарына аса қажетті, керекті жаңалықтар, әдістер енгізілді ме?

— Академияда оқытудың жаңа әдістері игерілуде. Мәселен, кәсіптік тәжірибе орталығы, оқу соты, студенттік заң клиникасы, оқу нотариаты деген оқыту ұйымдарында студенттер алған білімдерін іс жүзінде сынап, саралаумен айналысады. Студенттерді жан-жақты, білікті дайындықтан өткізуді дәстүрлі емес тәсілмен байланыстыруды білгір оқытушы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор А.Мұқтарова қолға алып, жаңадан педагогикалық Орталық ашуға ұйытқы болды. Мұндағы мақсатымыз — таптаурын болған ескі соқпақтармен жүре бармей, жаңа жолдарды іздестіру болып отыр.

— Студенттердің ізденісі мен жан-жақты білім алуы үшін шет елдегі заң институттарымен тығыз ынтымақтастықтың пайдасы зор екені белгілі, әрі бұл

сіздердің академия тәжірибесінде бұрыннан бар. Осы жақсы үрдіс жалғасын таба беретін болар?

— Еліміздің тәуелсіздік алуының арқасында өлемге танылуы, нарық экономикасына бет бұруы өркениетті елдер қатарында көрінуге міндеттейді. Әлемдік дәрежеге сай заң базасын жасап, оны жүзеге асыратындар да заңгерлер. Сондықтан республикамыздағы сапалы заң мамандарын даярлап отыратын академиямыздың көтеретін жүгі өте ауыр. Біз өркениетті елдерден үйреніп, тәжірибемізді молайтудамыз. Бұған біздің шетелдердің заң институттарымен байланысымыз зор ықпал етуде. Бұған жыл сайын оқуды үздік бітірген, өте жақсы оқып жүрген студенттерімізді шет елдерге жіберіп жатқанымыз дәлел. Франция, Германия, Жапония, Италия мемлекеттеріндегі заң институттарымен қатынасымыз жылдан-жылға нығайып келеді және бұл жалғаса бермек.

— Мақсұт Сұлтанұлы, сіздердегі яғни, академиядағы мемлекеттік бюджет пен ақылы оқудың ара салмағы қандай?

— Иә, бізде оқу толық ақылы болғанымен, грантты жеңіп алғандар мемлекет есебінен оқуда. Өте жақсы оқитын студенттерге жеңілдіктер беріп отырамыз және оны ары қарай ұлғайта беруді көздеп отырмыз.

— Оқып жүрген ауыл баласы мен қала баласының санындағы тепе-теңдік сақталмайтыны шындық. Оларға көзқарасыңыз, қамқорлығыңыз қандай дәрежеде?

— Бұл сұрақтың түйінін дәулеті шағын отбасылардың дарынды балаларына тиісті дәрежеде білім алуға, осы оқу орнына кедергісіз түсуге мүмкіндік беру, болашағына сенім арту арқылы шешуге болады деп есептеймін. Талантты балаларын оқуға тартудамыз. Басшылыққа келісімен Ректор қорын құрып, жақсы оқитын студенттерімізге арнайы стипендия тағайындадым. Орта мектепті үздік бітіріп

келген талапкерлерге оқу орнына кедергісіз түсуге мүмкіндік жасаймыз.

— *Үшінші мыңжылдықтың мамандарының көбісі заңгерлер болғалы тұр. Кейін олар жұмыс таба алмай “әлеуметтік жарылыс” болады-ау деп ойламайсыз ба?*

— Ойлауын ойлаймын. Тек, бұл мамандық беделді болғандықтан заңгер мамандарын дайындауға ынталы көптеген жеке және өзге де жоғары оқу орындары ашылып, тіпті бұл үрдіске техникалық, ауылшаруашылық және басқа да жоғары оқу орындарының белсене кірісіп кеткені жанға батады. Білікті заңгерлердің көбейгені жақсы-ақ. Алайда, мен оқу базасы талапқа сай емес білім ордаларында білікті маман шығатынына күмәнданамын. Жалпы, кім-кімнің де өзеурей бермей, өз шаруасымен айналысқаны жөн ғой. Аталарымыз “көтере алмас шоқпарды белге байламау керектігін” тегін ескертпеген шығар.

— *Қазақ Мемлекеттік академиясы Қазақстандағы ең ірі мамандандырылған өрі аз уақытта-ақ білімді заңгерлер даярлап шығаратын, үлкен беделге ие бірегей жоғары оқу орны болып отыр. Алдағы уақыттарда да академия мәртебесін асқақтата беру үшін не істеу керек деп ойлайсыз және ол қалай жүзеге асады?*

— Академияның өз мәртебесін биіктетуі — студенттерге беретін білім сапасын жақсарту беру болмақ. Бұл үшін профессор-оқытушылар құрамына қойылып отырған талап күшейтіле түседі. Білікті, білімді оқытушы кадрлар жетіспейтіндей болса, басқа оқу орындарынан, ТМД елдерінен, қажет болғанда шет елдерден шақырту да ойымызда бар. Академияны бітірген заңгерлеріміз республикамыздың құқық қорғау органдарына бірінші кезекте қызметке қабылдануда. Алдағы уақыттарда да осы ахуал өз қалпын сақтай береді деп сенемін.

— *Студенттердің жағдайы толық жасалып жатыр деп сеніммен айта аласыз ба?*

— Иә, студенттеріміздің білім алуына толық жағдай жасап отырмыз. Біздегі бай кітапхана, Интернет

жүйесі білімге құштарларға керегінше қызмет етеді. Студенттердің білім алуға деген ынталарының жоғарылығы да оқу базасын нығайта беруге міндеттегендіктен, біз барлық мүмкіндіктерді жұмылдыра бермекпіз.

— *Әңгімеңізге рахмет!*

КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДІҢ САПАСЫ ҮШІН

— *Мақсұт Сұлтанұлы, сұхбатымыздың алдына өзіңіз алқа мүшесі болып табылатын журнал редакциясы атынан Сізді жоғары мемлекеттік награда — “Парасат” орденімен марапатталынуыңызбен құттықтып, еңбегіңізге алда да жеміс пен абырой тілеймін.*

— Рахмет.

— *Заң академиясының ректоры ретінде жаңа жауапты басшылық қызметке кіріскеніңізге де 5-6 айдың жүзі болып қалыпты. Осы басшылық — педагогтік қызметіңізге редакция атынан табыс тілей отырып, алғашқы өсеріңіз, оқу орнының ерекшелігі, өзіңіз келгелі атқарылған істер және ұжымның алдағы міндеттері жайлы ой бөлісуіңізді сұраймын.*

— Өмір бір орнында тұрмайды ғой. Биылғы жыл ерекше болды, Заң академиясына басшылыққа келуім осының айғағы. Оның мынадай мәні бар. Кезінде жоғары заң білімін беретін оқу орнында оқып жүргенімде, ғалым болсам деп армандаушы едім. Құқық органдары саласында, әсіресе соттарда жинақталған мол тәжірибемнің арқасында заң ғылымымен айналысуға мүмкіндік алдым. Бірте-бірте жұмыс қалпына келіп, көп мәселе шешіліп жатыр. Заң Академиясының жұмысын жақсарту үшін мемлекеттік деңгейде бағдарлама жасап, болашақ заңгер студенттердің оқу жағдайын жақсартатын нақты шаралар ұйымдастырылуда. Республикамызда

Заң академиясының облыстарда 5 филиалы ғана қалды. Олардың соңғы курстарында оқитын студенттеріміз ақырғы курсын осында жалғастырып дипломдарын алып шығады. Менің тағы бір ұсынысым бойынша жақсы оқитын, бірақ әлеуметтік жағдайлары төмен жастарға жаңадан құрылған Ректор қорынан көмек көрсетуге шешім қабылданды. Үздік оқитын студенттерімізге арнайы стипендиялар тағайындадық. Профессор оқытушылар құрамы негізінен қалыптасқандықтан олар көп игілікті шараларға ұйытқы болуда. Соның арқасында небір тамаша дәстүрлер жанданып, тағылымы мол тәлім-тәрбиелік істер атқарылуда. Мәселен, біздің ҚВН командасы теледидар арқылы елге танымал болды, ұлттық “Хабар” телеарнасының “XXI ғасырдың көш басшысы” атты бағдарламасында біздің жастарымыз жиі көрініп жүр.

— Жоғары оқу орны — заң институтының Ғылым Академиясы жүйесіндегі Мемлекет және құқық ғылыми зерттеу институтын алып, Заң академиясына айналуының қажеттігі неде? Бұл академияның құрылымына, басқару және оқыту жүйесіне қосымша қиындықтар туғызбай ма?

— Оның мәнісі мынада. Өркениетті мемлекеттердің қай-қайсысына зер салып көріңіз, заң білімін дамыту бағытындағы оқу орындарының дәрежелері биік. Бізде де сондай ниет болды. Және айтарым, қазірде заң саласындағы білім беретін оқу орындары тым көбейіп кетті. Мәселе олардың санында емес, кәсіби білім беру сапасында. Өкінішке орай, бүгінгі таңда білім сапасы сын көтермесе дағы дипломды заңгерлер көп. Кәсіби білімі төмендер заң саласына қызметке барған кезде тосылып қалатындықтан ондайлардың атына көптеген сындар айтылуда. Ал біздің жоғары орындарымыз — Академиямыздың білім деңгейі ғылыми-теориялық тәжірибе талаптарына толық жауап бере алатындығы мемлекет тарапынан мақұлданған. Студенттеріміздің кәсіби дайындығы қазіргі профессор-оқытушыларымыздың

құқықтық білімі мен тереңдігі биік деңгейде. Бұл сөзімізге Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы “Білім беру” туралы Заңына сай Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 тамыздағы “Қазақ Мемлекеттік заң Академиясына Республикалық Мемлекеттік қазыналық кәсіпорын мәртебесін беру Ережесін бекіту” туралы Қаулысын тілге тиек етуге болады. Сондықтан мен бұл мәселеде ешқандай қиындық жоқ деп ойлаймын.

— *Өзіңіз де жақсы білесіз, кеңестік кезеңде республикамызда заңгер мамандарды екі-ақ жоғары оқу орны (бірі — Қазақ мемлекеттік университеті, екіншісі — Қарағандыда) жеткілікті түрде даярлап келді, әрі бітірушілердің барлығы да уақытылы қызметпен қамтамасыз етілетін. Ал, қазір заңгер мамандығын мемлекеттік оқу орындарының басым көпшілігі даярлайтын болды. Беделді мамандық болғасын ба, біз де қалмайық дегендей қаптаған жекеменшік университеттер мен институттарда да заң факультеттері баршылық. Сонда бұл мемлекетіміздің заңгерлерге соншалықты зәрулігінен туып отырған жағдай ма, әлде басқа себебі бар ма? Нарық заманы десек те, бұл құбылысты құптау қиын болар әрі бұл қаптаған ақылы оқу орындарын бітіруші кадрлардың біліктілігі де күмән туғызары сөзсіз. Осы ретте Сіздің белгілі заңгер, басшы ретінде бұл мәселеге деген көзқарасыңыз қандай?*

— Жоғары дәрежелі заңгерлерге әлеуметтік сұраныстың өсуі заңгер мамандарды дайындауға ниетті жеке және өзге де жоғары оқу орындарының ашылуына түрткі болды, тіптен заңгерлерді дайындауға техникалық, ауылшаруашылық, сауда саласындағы жоғары оқу орындарының кірісіп кеткені де жасырын емес. Алайда бұл оқу орындарындағы оқу-әдістемелік базаға сай келетін ұстаз кадрлары жоққа тән еді. Олардан оқып шыққан мамандар заң тәжірибесін кері қолданып, адам құқығын аяққа басқан болар еді. Қазіргі талапқа сәйкес келмеушілік республикадағы заңгерлік білім беру ісінде жоғары

оқу орындарында курстар мен емтихандардың әртүрлі мазмұнға ие болуынан байқалуда.

— Халық *“Шәйкенов институты”* деп құрметпен атайтын оқу орнында оның зор ұйымдастырушысы өрі мықты ректоры, көрнекті ғалым, мемлекет қайраткері Нағашыбай Шәйкеновтің есімін есте қалдыруға байланысты қандай шаралар атқарылмақ?

— Халық айтса қалт айтпайды деген ғой. “Шәйкенов институты” деп әлі де аталып жүруі марқұм Нағашыбай Аманғалиұлының өмірден кетсе де, көп көңілінен кетпегенінің дәлелі. Біз өз тарапымыздан үздік студенттерге Нағашыбай Шәйкенов атындағы стипендия тағайындадық. Сонымен қатар қазақ жерінде әділдіктің туын көтерген үш биіміз Төле, Қазыбек, Әйтеке, Жоғары Заң шығару билігінде болған, қос палаталы парламентіміздің спикері, белгілі қоғам қайраткері Марат Оспанов, Конституциялық Соттың және Кеңесінің төрағасы болған белгілі заңгер Юрий Ким атында да стипендиялар беру ұйғарылды.

— *Өзіңіз басқарып отырған оқу орнында мемлекеттік тілдің іске асырылуы және оның болашақ заңгерлерге оқытылу жайлы ой бөліссеңіз.*

— Академия кәсіптік терең білім берумен қатар, әрбір маманның мемлекеттік тілді білуін де қамтамасыз етуді мақсат тұтады. Заңгер халықпен кең ауқымды жұмыс істейтін мамандық иесі болғандықтан прокурор, полиция, нотариалдық қызмет көрсететін мекемелерде іс-қағаздарын екі тілде жүргізу талаптары орнығып келе жатқандығын біздің студенттеріміз жақсы біледі. Өйткені бұл тәуелсіз Қазақстан қоғамында туындап отырған қажеттіліктердің бірі. Тілді еркін меңгеріп, сауатты жаза алмаса дағы, толық түсініп, сөйлеуге ниет білдіретіндер жеткілікті болғандықтан мемлекеттік тілді үйрететін үйірмелер, курстар бар. Қазақ тілі кафедрасы ұйымдастырылды. Барлық факультеттерде қазақ топтары бар. Осы тұста айта кетейін. Қазіргі

нарық жағдайындағы қаражат тапшылығы туған тіліміздің қайнарынан сусындаған небір талантты ұл-қыздарымыздың Алматы, Астана сияқты қалаларындағы жоғары оқу орындарына келулеріне мүмкіндік бермей жатқандығы шындық. Мемлекеттік тілдің көсегесін көгертетіндер де негізінен солар болғандықтан, ауыл балаларын көбірек қабылдауды ескерсек деген ойдамын.

— *Академияның профессор-оқытушылар құрамының ғылыми деңгейі және олардың мемлекеттік тілде оқулық, оқу құралдарын, түрлі әдістемелік талдау еңбектер дайындау бағытындағы ізденістері хақында білгіміз келеді.*

— Академияда 30 ғылым докторы мен профессорлар, 50 ғылым кандидаты мен доценттер қызмет істейді. Профессор-оқытушылар құрамында екі тілге де жетік мамандардың болуы көп қажеттілігімізді шешуде. Мемлекеттік тілде дәріс оқитындардың әдістемелік-оқу құралдар жеткілікті. Академия кітапханасы мен қазақ тілі кафедрасына мемлекеттік тілде жазылған оқу құралдары көптен алынған. Олардың бірқатарының авторлары қатарында біздің оқу орнының оқытушылары да бар.

— *Босағамыздан аттаған 2001 жыл — ерекше жыл, республикамызда Білім жылы деп аталмақшы. Сіз тәуелсіз қазақ елінің азаматы ретінде ХХІ ғасырдың ерекшелігі қандай болады деп білесіз? Жаңа ғасырдағы қазақ елінің әлемдік өркениеттегі орны жөнінде пікіріңіз қандай?*

— Екі ғасыр тоғысында жоспарлаған істерімізді ХХІ ғасырдың ұлы көшіне артқан болатынбыз. Өткеннен шапағат та, болашаққа аманат та осында. Жоғарыда атап өткен бағдарлама бір жылда жүзеге асырыла салатын дүние емес. Ол талай жылдардың жүгі. Білім жылында ғылым тереңіне бойлау ерекше сипатқа ие болады деп ойлаймын. ХХІ ғасыр қазақ елі үшін Ғылым, Білім, Мәдениет, Тілі өркендеген кезең боларына бүгінде бәріміз де сенімдіміз.

— *Бікыласты әңгімеңізге көп рахмет. Оқу орны ұжымына, басшылық жауапты қызметте өзіңізге үлкен жетістік, абырой тілеймін.*

— Ниетіңізге рахмет!

БҰЛ — ОРТА ҒАСЫРҒА ОРАЛУ ЕМЕС

— *Мақа, Сіз әділет институттарының барлық дерлік саласында, барлық дерлік сатысында қызмет еттіңіз. Өзіңіз білесіз, соттар қарап қандайда болмасын шешім қабылдаған істердің көбі, тіпті, майда-шүйде. Міне, осындайда ойға “билер институттарын неге жаңғыртпасақ” деген ой келеді.*

— Ойыңызды өте орынды деп қою тым аздық етеді. Бұл мәселеге келгенде мен оны қолдаушы, жоқтаушы, жандандырайық деушілер жағындамын. 1992-1993 жылдарда мен Президент өкімшілігінде бөлім меңгеруші қызметін атқардым. Содан сот билігі жөніндегі заңдарды жасауға қатыстым. 1993 жылғы, 1995 жылғы Конституцияны дайындау кездерінде Билер институтын кіргізу жөнінде ұсыныс жасадым. Дегенмен қарсыластарым көп болды да, менің жобам қабылданған заңдарға еңбей жатты. Ал енді тарихқа қарап, бүгінді саралап, салмақтап отырсақ, билер институтын жаңғырту керек. 1999 жылы “Атамұра” баспасынан менің “Ұлы билерден Жоғары Сотқа дейін” атты кітабым жарыққа шықты. Бұл көлемді еңбекті жазу барысында билер институтын егжей-тегжейлі зерттедім. Сол кітабымда жүзден астам билердің есімдері аталды. Аталмай қалғандары қаншама. Солар шешкен мәселелер, солар шығарған үкімдерден мысалдар келтірдім. Сонау бесінші ғасырдан, Асанқайғы бабамыз заманынан бергі қолға түскен деректерді қамтуға тырыстым. Осынау әйгілі философымыздың өзі би болған екен. Міне, сол бесінші ғасырдан бастап 1922 жылы Кеңестік өкімет арнайы Заңмен ыдыратқанға дейін

билер институты өмір сүрген және елдің елдігін сақтап қалуда маңызды қызмет атқарған. Ресейдің патшайымы екінші Екатеринаның өзі билер институты жайлы бірнеше құжаттар шығарыпты. Демек соның өзі де дала билеріне арқа сүйеген.

Тарихтан Қазақ мемлекеті XV ғасырдан бастап құрылғанын білеміз. Оған дейін сақтар, түріктер тағы басқа хандықтар болған. Ал билер соты біздің қазақ хандығы құрылуынан бұрын да жұмыс істепті. Міне, ең бір айта кететін жайт, сол билер сотының кезінде қазақтарда түрме болмаған, зындан дегеннің өзі қазақтарда емес, Орта Азиялық басқа халықтарда болғанға ұқсайды. Ал енді сол билер сотының шешімдерінің өділдігі, күштілігі сондай - елдің бірлігі сақталған, басқа мемлекеттермен қарым-қатынас өз ырғағымен жүріп жатқан. Жалпыхалық тәртібі кісі қызарлықтай болған. Имандылық, инабаттылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік, не керек, небір жақсы қасиеттер сол заман адамдарының бойында болған. Халқымыздың басынан небір жағдай өтті ғой. Ал біздің тұтас ұлттығымызды, мемлекеттігімізді, ұланғайыр атамекенімізді сақтап қалуымыз, меніңше, бір есептен сол заманның билерінің мықтылығы. Мен өлгі айтқан кітабымның алғашқы бетінде-ақ Қаздауысты Қазыбек бидің қалмақ Қонтайшысына айтқан сөздерін мысалға алдым. Неткен шешендік! Тегеурінді логикаға құрылған сол сөздерімен-ақ ұлы биіміз өзге елдің, дос емес жау елдің ханын тоқтатқан. Би ханнан тіпті де сауға сұрамаған, керісінше елдің мықтылығын дәріптей отырып, қаһарлы Қонтайшының мысын басқан. Мірдің оғындай бидің шешен де тиянақты сөзі қарсыласын тұралатып тастайды. Жалпы билердің болмысы мен тарихына зер сала қарасақ олар көсем, шешен, ақын, заңгер, елші-мәмлелер, жүрек жұтқан батыр, саясаткер, қоғам қайраткері, ойшыл ғалым, психолог, артист, тәрбиеші, ұстаз болғанын байқаймыз. Міне, осындай жандарды халық өзі таңдап, өзі сайлап алып отырған. Ал

Ресейге қосылғаннан кейін екінші Екатерина тұсында билер және билерге кандидаттар сайланып бекітілген. Би шешімі даусыз үкім болған. Міне, күш қайда жатыр. Бұл — халықтың өз билерінің үкімін қандай ауыр жаза болса да “әділі осы” деп мойындағанын көрсетсе керек.

Уақыт зымырап өтіп жатыр. Заман, қоғам өзгерістерге ұшырауда. Кеңес өкіметі жойған билер соты сонда да шаң баспайтын асыл секілді көрінеді де тұрады. Қазіргі кезде заңды да, үкімді де шығаратын билер институтын сол қалпында әкеле қоюға болмас, дегенмен, қазіргі кезде қолданылып жүрген төрелік (арбитражный) сот қызметін билер институтымен алмастырсақ, өсте ұтылмаймыз. Билер соты негізінен мәмле-герлікпен, бітістірумен айналысқан ғой. Қазіргі төрелік соттың да атқаратын қызметі сол. Ресейде де “келісім соты” қазір де жұмыс істеп жатыр. Ендеше біз тарихымыздағы бағалы тәжірибеден неге қашқалақтаймыз?! Мен әрі-беріден соң, өлгі Ресейдікіндей “келісім соты” деп атайық дедім. Оған да көбі көнбеді. Бір өкініштісі — көнбеушілердің көпшілігі қазақтар еді.

— *Билер институтын жандандыруды өзіңіз секілді заңгерлердің қолдауы қуантарлық жайт. Ал енді осынау жәдігеріміз қайта “тірілуі” мүмкін бе?*

— Әбден мүмкін. Мәселен оны былайша да құруға болады ғой: бұл институтқа мемлекет бюджетінен қаражат бөлмей-ақ, шешілген дүниенің белгілі бір пайызын ақыға алып отырсын. Мұндай жағдайда да ол өзін өзі ақтамақ түгіл мемлекетке, қоғамға қаншама пайда келтірер еді. Ойлап қарасаңыз — екі жақты шаруашылық дауын билер соты қарасын дейік. Қаралған мәселеде белгілі бір сома көрсетіледі, ол өлгі билер шешімі бойынша белгілі бір жақтың пайдасына шешіледі. Ал осы пайданың, немесе басқаша жағдайда айыппұлдың белгілі бір пайызы сол істі қараған соттың бюджетіне түссін. Қазір адвокаттар осылай істеп жатқан жоқ па? Бұдан келетін екінші

пайда түрмедегілер саны көбеймейді. Ендеше соны біле тұра, оны толтыра бергеннен пайда не? Міне, осы жағынан алғанда да билер институты өмірлік қажеттілік болып қала береді.

— *Парламент қабылдаған заңдардың орысшасы дұрыс та, қазақша аудармасы тым әлсіз. Осылардан келіп мынадай сұрақ туады — заңдарымызды өз тілімізде, өзіміздің табиғатымызға сай етіп неге бірден жазбаймыз?*

— Бұл саладағы кемшілік Кеңестік заман әдеттерінен арыла алмауымызға байланысты. Бұрын да дербес республика болдық. Бірақ одаққа бағыныстағы республика едік. Сонан да одақтық заңдарға сәл-пәл жергілікті өзгерістер енгізіп көшіре салып жүрдік. Міне, сол әлі жалғасуда. Осыдан арылу үшін Елбасымыз 1994 жылдың 14 наурызында осы біздің академиямыздың негізі іспетті Әділет министрлігіне қарасты институтты құру жөнінде жарлығын шығарды. Сонда тайға таңба басқандай институтты құрудағы мақсат — заманға сай білікті маман дайындау екені айтылған. Несін жасырамыз, оған дейін заң негіздері толық орыс тілінде оқытылатын. Қазір де оқулықтарымыздың басым көпшілігі сол тілде. Қазақ бөліміндегі студенттерге мүлде қиын. Осыны ескеріп, біз қазір аудармашылар бөлімін ашып отырмыз. Жаңа оқулық жазып шығуға көп уақыт кетеді. Міне, бар кінә осында. Заңгерлеріміз шала қазақтар. Олар осылайша қазақша заң жазып шығарсын?! Енді, міне, біздің академия осы олқылықтың орнын толтыру бағытында тікелей жұмыс істемек.

Өзіңіз білетін билеріміздің сөздері майы тамған шешендікке, ұтқыр ойға құрылған ғой. Бүгінгі біздің іс қараушыларымыз өрі кеткенде айғақты тізіп шығудан аса алмайтындар екені де жасырын сыр емес. Демек, биді былай қойғанның өзінде заңгерлерге ұтқыр ой, орамды тіл керек-ақ. Білгенінді дәлелдеп түсіндіру де оңай шаруа емес екенін білеміз. Осынау алшақтықтар арасы қалай алынбақ?

Бұл енді әрқашанда көкейтесті мәселе болып келген. Шешендік жалпы заңгерлердің айғақтармен қоса қолданатын басты қаруы болып қала бермек. Өкінішке орай өзіңіз айтқандай, бұл саладағы кемшілігіміз толып жатыр. Өз өмірімнен мынадай бір мысал келтірейін. Қорғаушы болып істеген кезімде бір іс бойынша прокурор келтіріп жатқан дәлелдер айғақ деуге тұрмайтын, негізделмеген бірдеңе болып шықты. Сөз кезегі маған тиді. Есіме Қожанасырдың қазының алдына қойынына тас тығып баратын, парқор қазы оны алтын деп ойлап істі Қожекеннің пайдасына шешіп бергенін айта келіп, “Прокурор дәлелдері алтын емес, сол Қожекеннің қойнындағы тас секілді” дегенім де жұрт ду күліп, сот төрелік айтқанда істі біздің пайдамызға шешті.

Бұл бір сөз арасында айтылып жатқан өңгіме ғой, ал енді кешенді ой, кестелі сөз заңгерлердің басты қаруы болуы өмір талабы. Осыған орай біздің академия студенттері арасында айтыстар (дебаты) өтіп жатады. Тіпті бір-екі студентіміз жастар туралы заң жобасын өздері жазып шықты. Енді парламент депутаттарына соларын ұсынуға, әрі көмектесуге барайын деп жатыр. Бұл да өмірдің бір мысалы. Сайып келгенде бәрі тілді, ана тілін жетік, жатық білуге келіп тіреледі. Ал бұл енді бесіктен басталатын ұзақ шаруа. Сол тәжірибеден адастырған “орыстану” саясатының салқынын өлі күнге дейін сезіп жүруіміз де сондықтан. Екіншіден, тілді ұштау, ойды кеңейту әр заңгердің өз ісі. Өйткені бұл екеуінсіз ісін ешқашанда алға баспайды.

— *Өзіңіз заңгерлеріңізбен тығыз байланыста болдыңыз ғой, солардың арасында ауылдық, аудандық, облыстық тіпті республикалық дәрежеде би бола алатын адамдар бар деп ойлайсыз ба?*

— Заңгерлердің бәрін би болуға дайын дей алмаймыз. Жоғарыда айттым ғой — би деген күрделі тұлға. Одан талап етілетін қасиеттер заңгерлеріміздің бәрінде бар дей алмаймыз. Сондықтан да олар кәсіби

шеберліктеріне, біліктеріне қарай бөлінеді. Алайда, ең жоғары атақты заңгерлеріміздің өздері баяғының биін дәл қазір алмастырып кетеді деу қиын. Дегенмен, кейбіреулер жиі айтатындай судьяларымыз “жаман” дегенге өз басым келіспейтінімді талай жерде айтып жүрмін. Мынаған қараңызшы, Республикада сот қараған істердің 96-97 пайызының ең алғашқы шешімі, үкімі дұрыс. Бұл дегеніңіз біліктілік пен әділдікті көрсетпей ме? Ал қалған азғантай істің шешіміне жоғары сатыдағы судьялар түзетулер енгізеді. Демек, барлық іс әділ шешімін табады деуге толық негіз бар. Бұған қарасақ, оларды әділ шешім шығарып отырған билер деуге болады. Ал билерден талап етілетін басқа шарттарға жауап беру үшін бүтіндей мектепті өзгерту керек.

— *Тарихтан белгілі — билер хан санасатын, ханның өзі сөзін тыңдайтын адам болған. Ал бүгінгі жағдайды қалай деп ойлайсыз?*

— Бұл сұрағыңызға өмір мысалымен жауап берейін. Есіңізде бар шығар Татьяна Квятковскаяның шағымы бойынша Конституциялық сот мәселе қарап, сол кезде сайланған Парламентті заңсыз деп тапты. Президент болса мұны қайта қарап, басқа шешім қабылдауға болмас па екен деген ұсыныс пікірін жазды. Жеті адамнан тұратын конституциялық сот өз шешімінің дұрыстығын қайта дәлелдеді. Содан кейін бұдан шығудың жолын түсіндіріңіздер деген өтініш жасады. Ақыры нәтижесі белгілі — конституциялық сот шешімі өзгерген жоқ — Парламент таратылды. Бұл арада судьялардың біліктілігі мен тегеуріндігі ғана байқалмайды, Президентіміздің демократияшылдығы, құқықтық мемлекет құруға біржола бет бұрғанымыз толық көрініс тапты. Президентіміз “бәріміз де заңға бағынуымыз керек” дегенді жиі айтады. Бұл ханның билерімізді тыңдайық дегені емей немене? Бұрынғының биі соттың да, парламенттің де жұмысын атқарған. Әйгілі үш биіміз (Төле, Қазыбек, Әйтеке,) әрқайсысы ел билеген. Сондықтан да тіпті соғыс ашу туралы

шешімді де хан Абылай емес, сол үш би шығарған. Соңынан еретін елі бар ондай билер, әрине, тарихи жәдігерлер. Бірақ бүгінгі күні солардай болмағанымен соларға жетеғабыл судьялар тәрбиелеу — өмір талабы. Судья әділ, тиянақты шешім қабылдап жатса, ешкім оған “жоқ былай істе” деген емес.

Өз басым тіпті Президентіміздің өзі судьяларға белгілі бір іс бойынша тапсырма бергенін көрген жоқпын. Демек, ол кісі де судьялар әділдігіне сеніп отыр.

— Билер билік құрған кезде түрме болмағанын өзіңіз айттыңыз. Осы әңгіменің дәмін келтіріп тұрған бір тұс бар: ол — билер институтының қазіргі сот институтына қарағанда тәрбиелік мәнінің анағұрлым жоғарылығы...

— Дұрыс айтасыз, билер институты — тәрбие мектебі. Көп дауды айып төлеттірумен шешіп отырған. Өлім жазасы да аз кесілген. Президентіміз де түрмеге қамаудан гөрі тиісті мөлшерде айып төлету жазасы пайдалырақ екенін жиі айтады. Шын мәнінде түрмелерден құтылудың жолы билер сотын жаңғырту. Бұл өрі-беріден соң өмір талабы. Түрмеден түзеліп емес, қылмыскерлік түрлерін үйреніп шығатындар да кездеседі. Ендеше билер сотын жаңғырту — өмірлік қажеттілік.

Ал енді одан қашқалақтайтындарға келетін болсақ, бұл енді Кеңес заманы мектебінің өшпей тұрған таңбасы. Уақыт өтеді, бөрібір заңдарымызға өзгерістер енеді. Бүкіл әлем заңгерлері жазаның әсерлілігін арттыратын жолдарды іздестіруде. Ал бізде ол дайын. Кейбіреу оны орта ғасырға оралу дейді. Оны олай түсіндіру — білімсіздік, егер ол ғасырда бүгінгіден жақсы тәжірибе болса, одан неге қашқалақтаймыз?

Жалпы алғанда газеттеріңіз өзекті де дұрыс мәселеге көңіл аударған екен. Меніңше осы мәселені көтере келіп, Сіздер жалпыхалықтық тәрбие ісіне, мемлекетті, оның азаматтарын сапалық жағынан жақсарту ісіне назар аударып отырсыздар. Бұларыңыз үшін зор рахмет!

СОТ ТӘУЕЛСІЗ БОЛМАЙ, ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУ ҚИЫН

Ендеше, әрбір азамат өз міндеті мен құқығын мүлтіксіз білуге тиісті.

Мемлекетіміз егемендік алған кезеңде-ақ өркендеудің демократиялық бағытын таңдады. Ал демократияның бірден-бір өлшемі — азаматтардың құқығы мен міндеті, оны қамтамасыз ететін — заң, сот жүйесі. Біздің Отанымыз Қазақстанда осы сала қалай дамып, мемлекет құрылымында қандай рөл атқарып отыр, міне, өңіме осы жайында.

МЕМЛЕКЕТІМІЗ ЗАҢДАРДЫҢ ЖЕТІСПЕЙ ЖАТҚАН КЕЗЕҢІНЕН ӨТТІ

— Біз қалыптасу үстіндегі мемлекетпіз. Соған орай, Парламентіміз еліміздің демократиялық даму бағытына сәйкес, қоғамдық қарым-қатынасты реттеуге қажетті заңдарды жеткілікті түрде даярлап үлгерді ме?

— Сіз бен біз, ең алдымен, күні кешегі Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы аталған кезеңімізді еске алайықшы... Біз кім едік? Әрине, КСРО-ның сол уақыттағы Негізгі заңы, Конституцияға және өзіміздің Қазақ КСР-інің Конституциясына сәйкес, біз өз алдымызға егемен елге ұқсайтынбыз. Ақиқатында, федеративтік дейміз бе, конфедеративтік дейміз бе, өйтеуір, біз Кеңес Одағының құрамындағы автономиялық сипаттағы ел едік. Жоғарғы Кеңесте алдын ала, әдейі сарапталған малшы, қызылшашы депутаттар “демократиялық түрде” бір ауыздан заң қабылдап жататын. Мен сол кезде де судья, тергеуші болдым. Сондағы қабылданған заңдардың барлығы одақтық заң қандай болса, біздің заң — соның аумаған көшірмесіндей еді.

Негізінде кез келген заң мемлекеттің болашақтағы мүддесін қамтамасыз ету мақсатында жариялануы керек. КСРО заңдарының түпкі мақсаты — социалистік және коммунистік қоғамды қорғау үшін жазылатын. Жалпы, “адам құқығы” деген формальды түрде бар да, бірақ, ол жайында бір ауыз сөз айтылмайтын. Негізінде, қандай да бір қоғамда адам құқығын қорғау дегеніміз, айналып келгенде, мемлекет пен үкіметтің ертеңін қорғау еді. КСРО заңдарында адам құқығының қорғалмауының соңы қайда апарып соқтырғаны дүние жүзіне белгілі.

...Рас айтасыз, қоғамдық қарым-қатынастың барлығын реттеп отыруға негіз болатын мемлекеттік құжат керек. Ол құжатты біз заң деп атаймыз. Мемлекетіміздің Конституциясы бойынша, өркімнің басты бір міндеті — Ата заңды және соның негізінде қабылданған Қазақстан Республикасы заңдарын сақтау. Әрине, оның ережелері мен баптарын өркім жетік білмейінше, оларды іскерлікпен пайдаланбайынша, бұл жөніндегі заңдылық мүмкін емес. Онда азаматтардың құқығын қорғау жайында 30 бап бар. Біздің Конституциямыз әлемдегі өркениетті мемлекеттердің негізгі заңының бір де біреуінен кем емес.

Бүгін біз — егемен елміз. Президент те, Үкімет те, Парламент те ешкімге алаңдап отырған жоқ, Бүгінгі Парламентіміздің шығарып жатқан заңдарды егемен еліміздің бүгіні мен ертеңін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл — принципті, негізгі айырмашылық. Мемлекетімізбен бірге, Парламентіміз де қалыптасу үстінде. Ендеше, соған сәйкес, бүгін жазылған заң, бүгін қажет деп табылған заң ертең тағы өзгертіліп жатса, оған бола күйінудің қажеті жоқ. Тіпті, біздің депутаттар: “Тұтас бір мемлекет болу үшін заңдар жеткілікті түрде қабылданбаған” деп сынап та жатады. Біз қайта өте бір қиын заңдардың жетіспей жатқан кезінен өттік.

— Ол нақты қай кезең еді?

— Бұл — Жоғарғы Кеңес таратылғанда оның функциясын Президент өзі тұтас алғанға дейінгі тұс. Міне, сол уақытта заңдар өте көп жетіспегені рас. Оның бір себебі сол кездегі депутаттар заң талқылаудан гөрі саясатпен көбірек шұғылданып кеткен. Бұл және мемлекетіміздің тұрақтануының аса бір сыни кезеңі болатын. Президент заң шығаруды өз қолына алған 10 айдың ішінде елімізге қажетті заң жобасын үкімет жасады да, оны сараптан өткіздіріп қабылдап жатты. Өйткені, заңсыз бір қадам жасауға болмайды. Кешегі Кеңес заңын пайдалануға келмейді. Тек өз заңымызды қабылдау керек. Сол тұрғыда Елбасы маңызы жағынан да, көлемі жөнінен де, әлеуметтік-экономикалық және саяси-рухани турасында да өте үлкен жұмыс атқарды. Президентіміздің сол кездегі қабылдаған заңдары өлі күнге дейін өз күшінде. Олардың ұзын саны 200-ден асады. Өткен жылғы желтоқсан айында “Сот және сот дәрежесі туралы” заңның өзі Президентіміздің 1998 жылғы шығарған Жарлығы негізінде жазылды. Міне, осы заңның өзін қай жағынан жетілдіру керек, қай тұсын толықтыру қажет, осыған көзіміз жеткеннен кейін барып отырмыз. Толықтыруды қажет етіп тұрған бұдан басқа да заңдар аз емес.

КОНСТИТУЦИЯДА СОТ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ КЕДЕРГІЛЕР ӨЛІ БАР

— *Жекелеген заңдар ғана емес, бүгінде бірқатар депутаттар Конституцияның өзіне өзгеріс енгізу қажет дегенді айтуда. Ал қоғамдағы сот билігінің дербестігі біздің Ата заңымызда толық қамтамасыз етілген бе?*

— Біздің негізгі заңымыз Конституциямызға мемлекетіміздің тұрақтану кезеңіне сай, ептеген түзетулер қажет екені рас. Меніңше, ондағы Парламент жөніндегі, үкімет жөніндегі, мемлекеттік құры-

лым жөніндегі баптардың, артық-кемшілігі жоқ қой деп ойлаймын. Ал жеке адам, мемлекет азаматтары туралы, олардың құқығы туралы 30 баптың қай-қайсысы болса да, санамалап, саралап келгенде өзін демократиясы жетілген мемлекетпіз дейтін қандай да бір елдің негізгі құжатынан бір мысқал кем емес. Ал олар неге тиісінше орындалмайды десек, сөз басқа.

Америка өз Конституциясын тұтынғалы 200 жылдан астам уақыт болды. Оған түсірілген толықтырулар сол баптардан өлденеше есе көп. Олай болса, біздің егемен ел болғанына бар-жоғы 10 жыл толған мемлекетіміз күнде қалыптасып отырғанда нақ бүгінгі мемлекеттік жүйеге сәйкес, белгілі бір баптың күні ертең-ақ толықтырылып жататынын — қалыпты жағдай деп түсіну керек. “Басқалар күлетін болды ғой” деп қарадай қысылатын ештеңесі жоқ. Сот құрылымы жағынан келетін болсақ, меніңше, бұл арада өзгерту қажет. Өйткені, сот жүйесін демократияландыруды одан өрі тереңдету жағынан келгенде Конституцияның кейбір баптары оған кедергі келтіріп отыр. Осы орайда Президенттің өткен жылғы қыркүйектің 1-і күні шығарған Жарлығымен атқарушы биліктен сот билігін тәуелсіз деңгейге шығаруы заң саласындағы 30 жылдан кейінгі төңкеріс деуге болады.

— *Бұл өзгеріс қоғам үшін көбірек қажет пе еді, әлде, сот жүйесіне неғұрлым тиімді ме?*

— Әрине, сот жүйесіне қажет болатын. Бірақ, демократия талабы үшін қоғамға да жат емес. Принципті түрде алғанда, бұны өте үлкен демократиялық қадам деп есептеуге болады. Өйткені, қоғамда сот мықты болмай, сот тәуелсіз болмай, демократиялық мемлекет боламыз деу өте қиын. Қараңыз, аудандық соттарды, аудандық соттардың төрағаларын Әділет министрі Президентке ұсынуы керек. Өне, қайшылық қайда жатыр? Ал Әділет министрлігі — ол атқарушы билікке жататын орган. Міне, осы тұрғыдан Конституцияға өзгерістер енгізбей, бұл

қарама-қайшылықтан шыға алмаймыз. Яғни, Конституцияға соттың дербес билігіне қатысты өзгеріс енгізбей, аудандық судьяларды әділет министрінің кепілдігінен Президентке ұсынуды тоқтатпай, біз өзімізді өркениетті демократиялық мемлекетпіз деп айта алмаймыз. Өйткені, атқарушы биліктің, сот билігінің белгілі бір механизмі, қалай болғанда да, әлі де болса да Конституциямызда сақталып отыр.

— Қоғамда демократияның міндетті принциптері барынша орнығуы үшін азаматтар тарапынан ең алдымен қандай шарттар орындалуы қажет?

— Заң тұрғысындағы мемлекеттік, қоғамдық қағидалар сақталмаса, Демократия емес, ол — анархия. Соған апарып соқтырмас үшін елде, біріншіден, оның негізгі заңы — Конституциясы, екіншіден, басқа да заңдар демократиялық негіздерге сай болуы керек. Демек, ол заңдарда азамат құқығына негіз болатын баптар міндетті түрде енгізілуге тиісті. Үшіншіден, демократиялық принципке негізделіп түзілген заңдарды қоғам азаматтары мүлтіксіз орындауы қажет. Сонда ғана демократиялық мемлекетпіз деп айта аламыз. Бірақ, екіншіше орай, біздің заңымызға бағынбайтындар, тіпті, заң білмейтіндер, сөйте тұрып оны дұрыс емес дейтіндер, көрер көзге судья шығарған соттың шешімін орындамайтындар бар. Оны қалай түсінуге болады? Басқа жағын былай қойғанда, қоғамда азаматтардың құқығын қамтамасыз ету үшін заң жүзінде жеткілікті дәрежеде мүмкіндіктер жасалып жатыр ғой.

ӨРКІМ ӨЗІНІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ- НА ЖЕТІК БОЛУЫ КЕРЕК

— Мына мәселеге қалай қарайсыз, кейбір қылмыскерлер сот шешімін шығаратын судьяларға қарағанда заңның тиісті баптары жөнінен барынша сауатты келеді деседі...

— Ол рас. Кейбір қылмыскерлер заңды өзін жауапқа тартатын прокурордан да, өзін қорғайтын адвокаттан да, өзін соттаған судьядан да (бәрі бірдей демеймін) жақсы біледі. Ол деген нені білдіреді? Қажеттілікті! Онда да басына күн туған соң! Қылмыстық жауапқа тартылып отырған азамат сотта берерге күйіп кетпеске, өз құқығын қорғау үшін Конституциядан бастап бүкіл, өзіне керекті заңдарды жаттап алғанға дейін оқиды. Әйтпесе, былайғы кезде кейбір азаматтардың өз жеке басына тиісті заңды білмейтіні жалған емес. Барлығына бірдей жетік болмай-ақ қойсын, күнделікті тұрмысына қажетті саналуы заңдарды, Конституцияда жазылған өз құқығы жөніндегі 30 бапты білсе, жетіп жатыр. Ең алдымен, өзінің конституциялық құқығынды біліп ал! Болмаса, жайшылықтағы “менің құқығым, менің құқығым” дегенің — бос сөз ғой.

Тіпті, қарапайым дерлік, Құранда жазылған қасиетті мұсылман қағидаларына келейікші. “Ләиллаһи- лалаһ-муһаммад-Расул-аллаһ” деп тілінді кәлимаға келтіріп алғаннан бастап сен өзінді мұсылманмын деп есептеуге болады. Оның бүкіл талаптарына мойынсұнып, шамаң жеткенше исламның 5 парызын орындауға тырысасың. Ендеше мемлекетіміздің негізгі заңында әрқайсымыздың өз құқығымызбен қатар міндеттеріміз жазылғанын естен шығармайық. Мысалы, сен өзіңнің іс-әрекетіңнен басқа азаматтардың құқығын бұзбауың, соның құқығына нұқсан келтірмеуің керек. Ал бізде қалай? Ақыр аяғында мәселе сотқа барып тіреледі. Міне, осындай жағдайдың құрбаны болып кетпес үшін, “Менің осы құрылғанына 10 жыл толып отырған мемлекеттің азаматы ретінде қандай құқығым бар екен” деген ниетпен әрқайсымыз заңды білуді Конституциядан бастайықшы.

— *Шындығына келгенде, қарапайым азаматтардың құқығы кейбір құзырлы орындар мен қолында азды-кемді билігі бар адамдар тарапынан бұзылып жатады.*

Жәбірленуші шағымданайын десе, біздегі іс қарау жүйесінің күрделілігі сондай, аудандық сотқа қарай аяқ басқың келмейді...

— Өкінішке орай, бұл біздің еліміздің азаматтарының менталитеті әлі қалыптаспағандығы. Өз тағдырына немқұрайды қарайтындығы, сонысымен өзінің мемлекет қорғап отырған құқын аяқасты етіп таптатуға жол береді. Мысалы, көшеде автокөлік жүргізушісі әлдеқалай жол ережесін бұза қалса, МАИ нұсқаушысы тап сол арада соттың міндетін 2-3 минуттың ішінде орындап тастайды. Демек, соттың шешімін басқа құрылымдар өздігінен шешім қабылдап, жүргізушіні құқылық куәлігінен айырып, автокөлігін тұраққа (онда да ақылы тұраққа) қойғызып жатады. Міне, осы арада әлгі автокөлік егесі сотқа шағымдануға міндетті! Оған оның толық құқы бар! Өйткені, оның құқын кездейсоқ адамдар өкілетсіз орында бұзды ғой. Бірақ, ол сотқа жеткенше... Қазіргі біздің елдің заңы бойынша, нұсқаушының үстінен МАИ бастығына шағымдануы керек. Егер ол немесе басқа да тиісті орындар, тіпті, ішкі істер министрі арызын дұрыс шешпесе, сотқа одан кейін барып шағымданады. Қалай болғанда да, жәбірленуші өз құқын қорғауы мен оның құқығын бұзушының конституциялық міндетін мойындату үшін демократиялық қоғамда оның жалғыз-ақ міндеті бар. Ол — соттың билігіне жүгіну. Жоқ, біздің жүргізушіміз сотқа барып шағымдандудың орнына нұсқаушының алақанына ақша қыстырып кетеді. Айналып келгенде, бұл өз құқығын өзі бұзу.

Рас, жәбірленуші азамат аудандық сотқа шағымдануы үшін өте көп уақытын жұмсайды. Себебі, аудандық судьяның мойнында қыруар міндет бар. Қылмыстық іс те сонда, азаматтық іс те сонда, т.б. Мінекей, 2 жыл болды, бүкіл экономикалық, қаржылық арыздар да аудандық сотта қаралады. Сол себептен де арыздың қаралуы ұзап кетеді. Не болмаса, атүсті, асығыс шешім шығарады.

— *Сот жүйесі тарапынан қандай да бір шара қолға алу мүмкін емес пе?*

— Мен сол себептен елде азаматтардың өлеуметтік-тұрмыстық арыздарымен шұғылданатын өкімшілік соттарды ашуды ұсынып жүргеніме бірталай болды. Ондай соттар кезінде Кеңес заманында болған. Демократиясы қалыптасқан мемлекеттердің бірқатарында бар. (АҚШ-та, мәселен, сот билігінің, қоғамда өкімшілік соттардың рөлі мен беделінің жоғарылығы және оған адамдардың бағынуы сондай, ол жерге жауапқа тартуға кісен салып әкеледі) Сондай-ақ оларда әлгі біздің МАИ нұсқаушысы секілді өрекетке бармайды, өркениетті түрде сол арада оның қолына өкімшілік сотқа шақыру қағазын ұстатады. Мерзімді күні екеуі де сот алдына барады. Оңды-терісті ақиқаты анықталғаннан кейін барып, сот шешімімен ғана құқықтық билеті алынады.

Өкімшілік соттардың артықшылығы азаматтардан түскен шағым-арыз өте тез, 2-3 күнде, ары кеткенде 10 күннің ішінде қаралады. Мысалы сіздің шағын кәсіпкерлігіңізге салық органдары заңсыз салық салғанына көзіңіз жетсе, өкімшілік сотқа жүгініңіз.

Бұл және демократиялық принциптің бір нышаны. Біріншіден, бізде Конституциялық кеңес бар. Конституциялық сот деген жоқ. Бізге және Конституциялық соттың керегі жоқ. Конституциялық кеңес жеткілікті. Конституциялық кеңес — қандай да бір заңның Конституцияға сәйкес келер-келмесін анықтайтын орган. Ендеше, бұл арада соттардың кез келген істі заң бойынша қарайтынын есте тұтуымыз керек. Егер судья істі қарап жатып, өзі бағыт алып отырған заңның, не болмаса, үкіметтің, немесе, қандай да бір лауазым иесінің шығарған қаулысы, құжаты Конституцияға сәйкес келмей жатса, онда ол Конституциялық кеңеске міндетті түрде арыздануы тиіс. Бірақ, жай азамат ол Кеңеске шағымдана ал-

майды. Демек, азаматтардың өз құқықтарын қорғауға арыздану үшін Конституциялық соттың орнына жүретін ең ыңғайлы жолы әкімшілік сот болу керек.

Солайша, арызданушы азаматтың құқығы әкімшілік сот арқылы Конституциялық кеңес деңгейінде қаралар еді. Демек, бұл да бір сот жүйесінің дербестігін дәлелдейтін нұсқа болар еді.

ӨЗІМІЗДІ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТКЕ ДАЙЫНДАУЫМЫЗ КЕРЕК

— Демек, біздің мемлекетімізде бүгін жасалып отырған құқықтық нормалардың барлығы да әрбір азаматтың өзін демократиялық мемлекетте өмір сүруге дайындаудың алғашқы баспалдағы, солай емес пе?

— Баспалдағы. Қай уақытта да қоғам талабына бейімделмей болмайды. Ол үшін, біріншіден, әрбір азамат адамзатқа от пен ауа, су мен нан қалай керек болса, заңды осы қоғамда дәл сондай қажеттілікпен қабылдауы тиіс. Ондай түсінік болмайынша, азаматтарына “жел мен күн” тигізбейтін Конституция болса дағы, біз өз құқығымызды қорғауға, міндетімізді орындауға мүмкіншілігіміз болмайды.

Менің есебім бойынша, елімізде заңгерлер даярлайтын 136 оқу орны бар екен. Бұрындағы Қазақстан бойынша ҚазМУ-де және ҚарМУ-де ғана заң факультеті бар-тын. Салалық заңгерлер Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Ішкі істер министрлігінің арнайы мектептерінде оқытылатын. Менің бір танысым айтатын “біздің елде ауылдағы ең соңғы тайынша заңгер болса, ол да артық болмайды” деп. Сол айтпақшы, бұл, меніңше, өте жағымды нәрсе. Себебі, елдің бөрінің бірдей заңгер болуы міндет емес, алайда, әркім өз құқығына жетік болса, ол да азаматтарымыздың санасы мен талғамының өскені. Нотариалдық кеңселердің де көбейгенімен тұрғындардың

құқығын қорғайтын ресми орындардың бар екеніне сенесің.

Сондай-ақ, кәсіп иелері, болмаса, бай адамдар өз қаражаттарына дәрігерден кейін адвокат қызметін тұтынуды өдетке айналдырып келеді. Ал заңды үйренуге ниет қойған адам енді сол заңды қайдан іздеуді білу керек! Міне, осы арада мен кейбір депутаттарымыздың заң жобасын дұрыс, сауатты талқылауға ұмтылу үшін заң оқу орындарын оқуға ден қоя бастағанын құптаймын. Біздің Заң академиясына да жоғары білімді мамандар екінші мамандық алу үшін көптеп оқиды.

— Ал сол депутаттарымыздың талқылаған, мақұлдаған заң жобаларына сырттай қандай баға берген болар едіңіз?

— Байқайсыз ба, депутаттар нақты саланың мамандары, үкімет жасақтап әкелген заң жобаларына ең кем дегенде 20%, болмаса, 50%-ға дейін өзгеріс енгізіп жатады. Бұл нені білдіреді? Әрине, біздің Парламенттің демократиялық мемлекетке сай кәсіпқойлығын, әрбір заң жобасын аса жауапкершілікпен қарайтынын танытады. Бұл өзі Парламенттің өзара бір-бірін тексеруі, сынақтан өткізуі секілді көрінеді. Себебі, Мәжіліс мақұлдаған заң жобасы Сенатқа түскенде, талапқа сай келмесе, қайта қарауға, пысықтауға жіберіледі. Бірақ осы арада мынаны естен шығармаған жөн. Кейбір заңдар көпшілік дауыспен өткізілгенде қалған депутаттар оған бағынуы керек. Біздің бір жаман жеріміз — соттың шешіміне бағынбаймыз, сол секілді, заң жобасы қабылданған жерде өз пікіріміз өтпесе, “бұл жоба жаман” деп байбалам саламыз. Шын мәнінде жаман болса, тиісті орындарда дәлелде. Болмаса, бекер байбалам салма!

Мен Жоғарғы сотта төраға қызметінде жүргенімде түскен заңды Төралқаның 9 мүшесі шынайы келісімге келу арқылы қабылдайтынбыз. Кей кездері арасында 1-2 судья қарсы келетін болады. Ал, бірақ,

көпшілік дауыспен өткен соң қалған судьялардың бағынуы — заңды талап. Әрі біздің өз ішкі заңымыз бойынша, сот шешімін қабылдаған кездегі сөз сыртқа шықпауы керек. Сондай-ақ, сот коллегиясында да 3 судья не 5 адам қарайтын істері болады. Егер бір судья шешім дұрыс шешілмеген деген пікірге келсе, бұдан да жоғары сот инстанциясына ерекше пікірмен шығады. Ал Жоғарғы соттан биік сот жүйесі жоқ. Яғни оның шешіміне іске қатысушылардың барлығы дерлік бағынуы тиіс.

ЗАҢДЫ ТҮСІНЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ЖӨНІ БАР

— *Шындығында, кейде сот шешімдерінің дұрыс шешілмеуі не себептен?*

— Әрбір сот шешіміне судьяның жаман пиғылын іздеп тұрмауымыз керек. Өзім де көп жыл судья болып қызмет атқардым. Менің байқауымша, жылына 30 шақты ғана сот шешімі судьяның өрескел заң бұзушылығы негізінде қабылданады. Қалған өзгеріске ұшыраған немесе бұзылған сот шешімдері шешімді қабылдағанда басшылыққа алған заңды судьяның түсіне білмегендігінен дұрыс шешім қабылдай алмай жатады. Демек, мұндайда мынау пендешілікке, немесе біреуге бүйрегі бұрып, осындай шешімді қабылдады деуге болмайды. Заңды оқу бар да, заңды қолдану бар. Ал оны қолдану үшін түсіну, дұрыс түсіндіріп, қорытып жеткізе білу бар. Себебі заң атаулы қысқа жазылады ғой. Оған түсініктеме, яғни комментарий беретін басқа әдебиет бар. Демек, судья қате шешім шығарғанда соны дұрыс қарамаған яки түсінбеген.

Жоғарғы сот пленумдарының қаулыларында түсініктемелерді судьяның түпкілікті қарап, мұқият оқымай қалуы мүмкін

Бүгінде біздің заң жүйесінде Конституцияны түсіндіретін құрылым бар да, өкінішке орай, заңдар-

ды түсіндіріп, оның мәнін ашып беретін құрылым жоқ. Сол себепті мен ұдайы “Осы құрылымды жасақтап, біздің Жоғарғы соттың құзырына берелік?” деп айтып келемін. Себебі, судьялар күн сайын шешім шығарарда міндетті түрде заңды түсіндірме қолданумен өмірін өткізеді. Бұл — өз алдына үлкен судьялық зерттеу мектебі. Түсіндірмесіз еш уақытта шешім шығару мүмкін емес.

— *Таяуда елімізде діни бірлестіктер туралы заңға өзгерістер енгізу жөнінде әңгіме көтеріліп барып, басылды. Бұл енді бұқараның заңды дұрыс түсінбегенінен бе?*

— Мен дәл осы мәселе жөнінде Алексиймен сөйлестім. “Кезінде осы заңды жасақтау жөніндегі жұмысшы тобын басқарған едім. Шамамен 60%-ы өз қолымнан өткені, елдегі діни басшылармен көп кеңескенім есіңізде ме? Жаңылыспасам, барынша мұқият даярланған заң емес пе еді?” деп сұрадым. “О не дегеніңіз, Мақсұт Сұлтанұлы! Бұл заң — бүгіміз бен болашағымызды қамти жазылған еңбек. Біз емес, қозғап жүрген кейбір халықаралық ұйымдар, біздің мемлекетіміздің тұрақтылығына нұқсан келтіргісі келген топ өкілдері” деді. “Расында, бұл — ешқандай да дұрыс түсінбегендік емес, біздің қоғамның демократиялылығына сына қаққысы келіп жүрген сыртқы күштердің әрекеті ме?..” деген ойға мен де келдім.

— *Тағы да таяуда... Қазақстандағы адам құқығы жөнінде осында халықаралық ұйым өкілдері қатысқан жиылыс болды. Солардың бірімен, не басқаларымен тілдескеніңіз бар ма, біздің қоғам олардың не тынысын алыпты?..*

— Елдегі Президент сайлауы тұсында Қажыгелдиннің кандидатурасына байланысты ОБСЕ-нің өкілдерімен сөйлестім. Сонда ол “Неге Қажыгелдин сайлауға қатыстырылмады? Сіздерде Жоғарғы сотта қаралды ма?” дейді. “Иә, қаралды. Өтпей қалғаны рас. Себебі, біріншіден, біздің сайлау заңы-

мызға байланысты, соңғы бір жылда әкімшілік заң бұзу, не қылмыс жасаған азамат депутаттыққа да, президенттікке де өз кандидатурасын ұсынуға хақысы жоқ”. ОБСЕ-нің өкілі айтады: “Бұл — адам құқын бұзу” дейді. Мен: “Біздің мемлекетіміз жаңадан құрылып жатқан ел. Менталитетіміз басқа. Әрі бұл адам бүгін әкімшілік заңды бұзуға дайын болса, ертен мемлекет басшысы болып қолына билік тигеннен кейін Конституцияны бұзу оған түкке де тұрмайды” — дедім.

Одан кейін Англиядан келген лордпен 1 сағаттан астам сөйлестім. Лордтар, өзін білесің, Парламенттің елеулі бөлігін құрайды, елдегі басым жер егелері. Міне, сол алпауыттар демократиясы дамыған өз елінде Президентке, Премьерге дауыс беруге құқы жоқ! Ұлыбританияда олардың өз елінде өлі күнге дейін Конституциясы жоқ, жай ғана заңдар жиынтығы мен өз елінің дәстүрі негізінде өмір сүріп келеді. Мен айттым: “Неге біздің енді қалыптасып келе жатқан елімізді сынап бересіңдер? Біз айтпаймыз ғой, мәселен, сіздерді, туасы лордтарды, өз елдеріңізде мемлекеттік сайлауға дауыс беруге қатыстырылмайтындығын?” десем, “О, жо, жоқ, құдай үшін оны ауызға ала көрмеңіз” деп, жаны шыға жаздап, өре түрегелді. Сөйте тұрып, бізді демократияға үйреткісі келеді.

БІЗДІҢ МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАНДАЙ БИЛІК КЕРЕК?

— *Сіздіңше, біздің Парламентімізге мақұлданған бүгінгі күні мемлекет бірлігін барынша қамтамасыз ететіндей қандай заң жобасын атап айтар едіңіз?*

— Қай мемлекетте болсын, белгілі бір бірлестіктің, топтың мүддесін қорғауды мақсат тұта отыратын депутаттар қоғам атынан сөйлейді. Ендеше, ондай құбылыстың біздің Парламент депутатта-

ры арасынан кездесуі, меніңше, қалай болғанда да, заңды сипат. Сол себепті көп кешіктірмей лоббилау заң жобасын талқылауды қолға алған жөн. Аталмыш заң қабылданғаннан кейін депутаттар лоббилау талабына бағынуға тиісті. Ол кезде депутаттар белгілі бір топтың атынан сөйлеп тұр ма, не болмаса, шын мәнінде біздің қоғамның ертеңіне жан-жүрегімен жаны күйіп тұр ма, белгілі бір дәрежеде байқауға болады. Меніңше, осы заңды қабылдауды кешеуілдетіп жатқаны кейбіреулерге тиімді ме деймін...

Өкінішке орай, Жоғарғы сотта жүріп кейбір істерге қатысты байқағаным — кейбір заңдарға өзгеріс енгізуге, әсіресе, экономикалық заңдарға байланысты заңдар қабылданғанда толықтай болмаса да, елеусіздеу, онша мән бермегендей кейіпте, белгілі бір топтың мүддесі үшін қабылданып кететін... Жоғарғы сотта Парламент жасақтаған заң жобасында Азаматтық Кодексте өте зиянды бір баптың өтіп кеткенін байқап қалдым. Бірақ, кеш, өте кеш еді!

— *Елімізде парламенттік басқаруға қалай қарайсыз?*

— Негізі, есіңізде болса, кезінде аздаған бір кезең болса да, президенттік басқарудың кішкене өлсіреген уақытында парламенттік басқару болды ғой. Ал, жалпы, Қазақстан секілді жер аумағы орасан зор, 100-ден астам ұлт пен ұлыс мекен етіп отырған алып мемлекетке парламенттік басқару келмейді. Бұл жөнінен басқа елдерге көзсіз еліктеудің пайдасы жоқ.

Демократиялық қоғам орнатамыз деген біздің елімізде президенттік басқарудан келіп отырған залал жоқ. Қазіргі кезде, әсіресе, демократия талаптарын шешу үшін президенттік биліктің механизмдері жеткілікті. Конституцияда одан да басқа биліктің ролі жеткілікті. Оның ішінде Парламенттің заңды қабылдау бағыты барынша демократиялық сипатпен жүзеге асырылып отыр. Сонымен қатар, Елбасымыз

алған шешімдерін ешқашанда бір өзі шешкен емес. Болса да өте сирек. Мысалы, қорғаныс жағынан алатын болсақ, Қауіпсіздік кеңесі, сот жөнінен шешім алатын болса, Жоғарғы сот, үкімет туралы қандай да бір шешім шығаруға Президент жанындағы Экономикалық кеңес бар. Міне, осылардың барлығын Елбасы тыңдап, қорытып барып шешпей ме? Әрине, мемлекет атынан жауап беретін өзі болғандықтан міндетті түрде қол қоятын — Президент.

... Әсіресе, о бастан хандық бір билікке бағынып үйреніп қалған, жоғарыдан біреу бұйрық беріп, билік айтып тұрмаса, өздігінен қозғала қоймайтын халқымыз үшін биліктің осы түрі аса қолайлы деп ойлаймын.

“ПАРА БЕРГЕНШЕ, БАРА БЕР...”

—... Азаматтарды Конституциялық нормаларын тікелей жүзеге асыруға тиісті Қазақстан Республикасында күні бүгінге ұйымдасқан қылмысты ауыздықтау оңай болып тұрған жоқ. Бұл, өзі, демократиямен ілесе келген індет емес пе?.. Сот саласы не жұмыс атқарып жатыр?

— Сот пенен ұйымдасқан қылмысты мүлде араластыруға болмайды. Біріншіден, сот тек қана өзіне келіп түскен материалға қатысты істі қарайды. Сот қылмыспен күреспейді. Сот “осы — коррупционер” деп жауапқа тартқан адамды ақтап та жібергені бар. Өйткені, ұйымдасқан қылмысқа қатысы бар деген адамды тергеу орындары жауапқа заңды тартпаған. Екіншіден, ұйымдасқан қылмыс не деген бітпейтін “дүние”? Және сол ұйымдасқан қылмысқа полиция, сот, т.б. кәнәлі деуге де ешкімнің құқы жоқ. Коррупция әлеуметтік ортадан шығады. Оның түп-тамыры мүлде басқада. Академияда криминалистік зерттеу деген орталық аштық. Ол осы мәселенің салдарын ғылыми түрде анықтауға бағытталған. Себебі қайда жатыр, міне, осыны зерттейтін боламыз.

Ақиқатына келсек, ұйымдасқан қылмыс дегеніңіз кешелі-бүгін пайда бола қойған жоқ, түп-тамыры коммунистік қоғамда жатыр. Әрі ол бүгінгідей төменде емес, жоғарыда сол тұстағы билік басындағыларда болған. Ал бірақ, оны ұйымдасқан қылмыс деп ешкім айтпаған. Бүгінгі ұйымдасқан қылмыстың тыйылмай отырғаны — тамыры төменде “байланып” қалғаннан. Ел арасына, психологиясына әбден сіңіп кетті. Ең жаманы — жастар арасында өзге өркениетті ел жастарының алдында көрер көзге мәдениетін, өресінің төмендігін танытып, “бәрін де ақшаға сатып алуға болады” деген дарақы пиғыл жайлап алды. Болмашы бір ойын жүзеге асырады да, “мен бір қолға түспес қыран екенмін” деп қалады....

Екіншіден, жасырары жоқ, бізді шетімізден “коррупционер етіп шығарған”... заңгерлеріміздің өзі. Кезінде, Бас прокурор мен Әділет министрлігінің бұйрығымен коррупциялық заң тізімі жасалғанда мен оның болмайтын нәрсе екенін айтқанмын. Себебі ол заң қосылыстары коррупция емес, қылмыс өлемінде әрқайсысының өз аты мен “міндеті” бар екенін ескерткенмін. Өйткені, мұндай түзілісті қолдан жасауға болмайтын еді. Меніңше, соның бәрінде бірдей ұйымдасқан қылмыс жатыр деуге болмайды. Сонымен, “ұйымдасқан қылмыстың” нәтижесін — қоғам, зардабын адам тартып отыр. Қарақшылық, барымташылық пен пара беру, алу о бастан, атам заманнан келе жатқан заң бұзушылықтар. Оның әрқайсысының өз “емін” жеке-дара табу керек.

— *Өзіңіз көрдіңіз бе, жоқ па, білмеймін. Теледидарда “77 күн” деген сатиралық хабар өтуші еді ғой. Міне, сол бағдарлама алғаш осы оқу орнына келгеніңізде сізді экраннан бейнелеп, “Жоғарғы сот төрағасы орным жақсы еді, енді мына жерден пара ала алмайтын болдым” деп, көз жасыңызды “төгіп” отырсыз. Сол, өзі, “жаны бар” әңгіме емес пе?..*

— Мен өзім көргенім жоқ, біреулерден естідім... Егер мен құқығымды қорғайтын болсам, сотқа бе-

руге және оларды толықтай жеңіп шығып, оның үстіне, олар, қателеспесем, 5 жылға дейін бас еркінен айыру жазасын алған болар еді. Жалпылама, қалжың ретінде айтқанымен, түбі белгілі ғой. Нәрікбаев Жоғарғы сотта жүргенде пара алыпты деу үшін ең құрығанда нақты, бұлтартпас шешімін алып кел де, қанша айтқың келсе де, өз еркің. Тағы да бір ескерте кететін жағдай бізде “судьялық мораль” деген болады. Сен судья болдың ба, өзің қараған сот ісі бойынша сенің атыңа айтылатын қандай да бір сөзге шыдауың керек. Баспасөзде айтысқа түспеуге тиіссің. Өйткені, оның екі жағы бар. Рас, арамызда “суық қолды” судьялар жоқ емес, бірақ, соларға бола, қоғам назарындағы БАҚ өкілдері өздерінің Конституциядағы құқықтық міндетін білмейтінін танытып алып жүр. Әрі бағдарсыз сөйлеп, күпірлік жасайды. Қай-қайсысы болса да бір Алланың құзырында, назарында. Сазайын бір Алланың өзі берсін, қажет десе, сынама демейміз, сынасын, парасатты, саналы түрде, әдемі өзіл-оспақпен сынасын. Мәселен, осы “77 күн” менің миллионда әйеліммен екеуміздің билеп жүргенімізді кадрге түсіріп алыпты. ...Телефон қоңыраулатады: “Нәрікбаев қайда?”. “Нәрікбаев дискотекада” дейді. Мен соған қатты күлдім. Енді, міне, бұл жердегі қалжыңдары жарасып-ақ тұр!

ФЕМИДА АЛАҢЫ АШЫЛҒАНДА

**ҚАДІРЛІ ДОСТАР!
ҚАДІРМЕНДІ ҚОНАҚТАР!
ҚҰРМЕТТІ ВИКТОР ВЯЧЕСЛАВОВИЧ!**

Торқалы тойлар үстінде азаматтарымыздың бір-бірлеріне татымды тартулар тартып жататын қадым заманнан жалғасқан жақсы дәстүрі бар. Республикамыздың тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай біздің — Қазақ мемлекеттік заң академиясының ұжымы

сүйікті қаламыз — ғажайып оңтүстік астанамызға мына бір тамаша — Жаңа аланды тарту етіп отыр.

Халықтың, мемлекеттің, ұлттың айбынындағы оның айшықты бейнелерімен, эстетикасымен, мәдениетімен айқындалады. Осы сәулет ансамблін сала отырып біз үш өлшемді басшылыққа алдық. Біріншіден, Академия ғимаратына кірер жердегі студенттеріміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және көңіл-күйлерін көтеретін көркем алаңның салынуы арқылы студенттерімізді қуанышқа кенелту. Екіншіден, 1994 жылы 14-наурызда осы оқу орнын құрған кезде ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілгеніндей, бас корпустың сәулет құрылысының түр-сипатын демократиялық қоғам орнату, заң кадрларын даярлау және құқықтық ғылымды өркендетудегі ерекше мәртебеге ие болып отырған Академияның беделіне сай ету. Және үшіншіден, біз де тамаша, керемет риза сезімімен басшылық жасап отырдық.

Егер демократияның тірегі — тәуелсіз ӘДІЛСӨТ әділдік пен ізгілікке ұмтылса, оның ойы, ниеті, істері де игілікті. ӘДІЛСӨТ нені бейнелесе де ол жоғары эстетикалық талғамға келіп, сенімділік пен әділеттілік ұялатуы тиіс.

ӘДІЛСӨТ бейнесі — ФЕМИДАНЫ тұғырға орнатып жатып біз кейбір көне грек канондарынан бас тарттық. Біздің Фемида көзін байлаған шүберекті сыпырып тастап: “Мен әлемге ашық көзіммен қараймын” деп тұрғандай! Бұл терең мағыналы сипат! Көзіне қара көзілдірік тағып немесе шүберекпен таңып тұрып, әділдік пен татулық жолын таптым деп тай-таласқан екі жақтағы жөбірленген, әлде қорланған жандарды иландыра алмаймыз. Көзді жұму — шындықтан қорқу, бөледен қашу, дәрекіліктен сескену деген сөз. Біздің Фемида мүлт жібермеу үшін таразыға тартылған әділеттілікке, әдейі көз қырын салып отыр!

Біздің Фемиданың бейнесі халқымыз қатты қадірлейтін: қатаң да, талапшыл, сондай-ақ мейірімді де, мейірман аналарымызға өте ұқсас.

Ол ұлттық киімде бейнеленген. Сол қолына әділсотты жүзеге асыратын таразы ұсталған. Оң қолында заң. Біздің Фемида қылыштың қан тамызар қаһарына емес, құқық нормасының әділ үкіміне сүйенеді. Шын мәнінде қылыш емес, заң — Президентіміз айқындап берген адамзат демократиясының тұрақтылығына, жалпы ұлттық бағытымыздың дамуына сай келеді.

Сондықтан да Фемида тұғырына Елбасшысының: “Егер еркін болам десең, заңға бағын” деген ежелгі даналық жүз мәрте әділ айтылған” деген сөзі өрнектелген.

Фемиданы қоршаған кеңістік шадыман көңіл, шат күлкі, сүйіспеншілік тудырып тұруы тиіс. Күн сәулесімен шағылысып, сап түзеген ақ мәрмәр алып дінгектер студенттеріміздің мызғымас достықтарын білдіреді. Біздің ойымызша мұнда Заң академиясының ғана емес басқа да жоғары оқу орындарының студенттері өздерінің салтанатты кештері мен мерекелерін өткізіп тұруға жиналатын болар деп сенеміз.

Фонтан айналасындағы Сегіз мәрмәр текшелерде ұлы ойшылдардың құқық, әділдік туралы нақылдары бейнеленіп жазылады.

Мындаған қазақстандық құқықтанушылар үшін осынау ашып отырған кешеніміздің мәнін ескере отырып, оқытушы-профессорлар мен студенттер қауымдастығының атынан қала әкіміне мынадай өтініш айтсам деймін, алаңымызға Алматы қаласының “Фемида алаңы” деген ресми мертебе берілсе. Ондай жағдайда Қазақ мемлекеттік Заң Академиясының тұрағы: Алматы қаласы, Фемида алаңы, Бірінші үй болып айқындалар еді.

Біз осы алаңның үстімен ақылды да, адал әрі әділ болашақ Фемида қызметкерлерінің жүрулеріне бар күш-жігерімізді жұмсаймыз!

Сөзімді аяқтай келе, Алматы қаласының өкіметіне және Виктор Вячеславович Сіздің өзіңізге

бізге көрсеткен жан-жақты көмегіңіз үшін алғысымды айтамын!

Сонымен қатар бас мердігеріміз ЖШС “Строиндустрияға” және оның бас директоры Вячеслав Васильевич Прокопенкоға, орынбасары М.С.Сейдахметовқа, сәулетші-дизайнер В.А.Мельниченкоға, проаб Д.А.Соколовқа, шебер И.Үзенбаевқа уақытпен есептеспей, объектіні белгіленген мерзімде өткізу үшін қолдан келгеннің бәрін аянбай жасағандықтары үшін үлкен алғысымды айтып, зор ризашылығымды білдіремін.

Және де кешенді тұрғызуға баға жетпес үлес қосқан субмердігерлік ұйымдарды атап өткім келеді. Бұлар: ЖШС “Ремстальконструкция”, “Престиж”, “АДС GRUP”, “КВИТ”, “НИХРОМ” және ДГП “Еңбек-Алмаз”. Көріп отырғандарыңыздай, барлық атап өтілген кәсіпорындар өзіміздің жерлестеріміз, отандастарымыз.

Сол сияқты өзіміздің Академияның студенттеріне алаң құрылысына қосқан сүбелі үлестері үшін зор алғыс айтамын.

Әрине, тапсырыс берушінің ой-пиғылын нақты, дәл көрсетіп бере білген “Атриум” сәулет бюросының директоры — бас жобалау сәулетшісі Балықбаев Олег Нұрбосынұлының, мүсінші Мансұров Мұраттың шығармашылық еңбектерін ерекше атап өткім келеді!

Алаңымыз құтты болғай!

ОЙЛАСЫП ШЕШЕР ОРТАҚ ІС — БҮЛ

2001 жылғы 2 сәуірдегі “Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуіне байланысты оларға рақымшылық жасау туралы” Қазақстан Республикасының Заңын қабылдауда өртүрлі мақсат болды, олардың ішіндегі неғұрлым маңыздылары мыналар деп түсінеміз:

- заңсыз тапқан капитал мен мүлікті жария етудегі халықаралық-құқықтық практиканы қабылдау;

- мемлекеттің экономикалық, оның ішінде қаржы-несие саясатының формасын қалыптастыруға бағытталған халықаралық-құқықтық процестерді біріктіру;

- еліміздің экономикалық айналымынан заңмен рұқсат етілмеген операциялар нәтижесінде шығып қалған капиталды қайтару жолымен ұлттық экономиканың артықшылықтарын теңестіру;

- бастапқы капиталды жинақтағанда бұдан былайғы заңсыз әрекеттерді тыю;

- ел экономикасының нақты мұқтаждарына барабар ақша қаражаты қозғалысының құқықтық негіздерін және Қазақстанның қаржы-несие саясатының моделін қамтамасыз ету;

- қажетті нормативтік-құқықтық база болмаған кезеңдегі капитал қалыптастыру саласында орын алған кейбір заңсыз көріністерге қазіргі біздің қоғамның адамгершілікпен қарайтынын паш ету, сонымен қатар қазіргі кездегі мемлекеттердің қаржы саясатын құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етудің дүниежүзілік стандарттарына жатқызу болатын неғұрлым оңтайлы формаларға төнті болу.

Еліміздің қазіргі экономикалық жағдайында тұрақтанудың айқын кескіні бар, біртіндеп даму сипатын алған оң процестер заңдық базаның халықтың мүдделері мен әлеуметтік мұқтаждығын ескеруге бағдар алғандығының дәлелі. Бұл Заңның маңыздылығы норма шығарушылық қызметтің шеңберінен әлдеқайда тыс жатыр, ол еліміздің әрбір азаматының әлеуметтік және материалдық бақуаттылығын көздейтін терең процестерді қозғайды. Бұл Заң әр түрлі әлеуметтік маңыздылығы бар феномендерге ықпал жасай алады, олардың негізгілеріне мыналар жатады: адамның материалдық бақуаттылығының көзі мінсіз болуға тиіс екендігі жайында құқықтық сана қалыптастыру; баюдың заңсыз

өдістерінің өнегелілік нормаларымен сыйыспайтындығы; ресми айналымнан бұрын шығып қалған капиталды ел экономикасына заңды түрде қайтару үшін неғұрлым қолайлы жағдай тудыру.

Осы Заңды қабылдау өркениетті нарықтық қатынастарды қалыптастырудағы сәтті қадам екендігін мойындаған жөн. Сонымен қатар бұл Заң капиталды заңсыз қалыптастыруға байланысты туындаған проблемаларды түгелдей шеше алмайды. Бұл актінің атынан байқалып тұрғандай, әңгіме тек ақша түріндегі капиталға рақымшылық жасау тетігі жайында. Ал, заңсыз жолмен жинақталған қаражатқа алынған мүлік (қозғалатын және қозғалмайтын) қатынастарды реттеудің шеңберінен тыс қалады. Сондықтан да, жалпы заңсыз жинақталған капитал мен мүлікке байланысты мәселелер бойынша азаматтарға рақымшылық жасау процесі материалдық құндылығы және экономикалық маңыздылығы бар нысандарды ресми экономикаға қосудың арнайы тетіктерін қарастыратын келесі заң актісінде өз жалғасын табады деп ойлаймыз. Сөзсіз, шығу тегі қаражаттарды иемденген азаматтарға рақымшылық жасау қаржы-несие мәртебесі халықаралық аренада қарама-қарсы өзгерген елдің экономикасына сол капитал айтарлықтай ықпал тигізеді деген сөз емес. Капиталға рақымшылық жасау ел экономикасын сауықтыруға бағытталған лажсыз шара деуден аулақпыз. Қазақстанда ресурстар жеткілікті, оның инвестициялық аймағы кең, мемлекетаралық қатынастарға ол сенімді де беделді серіктес, сондықтан да бұл заңның маңыздылығын экономикалық дағдарыстан шығудың бірден-бір амалы деу қателік.

Бұл Заңның кейбір, неғұрлым маңызды баптарын талдай отырып мына аспектілерге баса назар аударған дұрыс деп ойлаймыз.

Тек қылмыстық және өкімшілік шараларымен құқық бұзушылыққа қарсы тұру өте қиын. Сондықтан да кешенді, өзара байланысты, құқықтық, ұйым-

дық және алдын алу шаралары қажет. Қылмыстық құрылымдар қызметінің қалыптасуына мүмкіндік тудыратын жағдайлардан арылудың маңызы зор. Ол үшін құқық бұзушылықтың бұл түрінің экономикалық дамуының логикасын, динамикасын түсіне білу керек.

Рақымшылық тек Қазақстан Республикасының азаматтарына ғана қатысты жарияланды. Қылмыстық жолмен алынған ақшаны жария етудің қоғамдық қауіптілігін ескеріп, заң шығарушы табыстардың барлығы бірдей ашық экономикалық айналымға түспеуі мүмкін екендігін дұрыс көрсеткен. Оларға жемқорлық құқық бұзушылықтың, жеке адамдарға, бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігіне, конституциялық құрылыстың негіздерімен мемлекеттің қауіпсіздігіне, меншікке, мемлекеттік қызметтің мүдделеріне, қоғамдық тәртіптер, халықтың денсаулығымен ізгілігіне қарсы жасалған қылмыстардың нәтижесінде алынған ақшалар, сондай-ақ басқа адамдардың ақшалары немесе несие ретінде алынған ақшалар жатады. Сонымен, рақымшылық етудің мәні мынада: құпия жолмен төлеуден табылып, салық төлеуден құтылып кеткен ақшалары бар азаматтар жиырма күн мерзім ішінде оларды Қазақстандағы екінші деңгейдегі банктердің есеп-шотына орналастыруы тиіс. Банкілер болса, кешегі тасадағы азаматтарға олардың қаражаттарын жария етілгені жөнінде анықтама береді.

Әр түрлі елдердің банктері банк есеп-шоттарының құпиялығын қамтамасыз етеді. Егер банк бұл шартты бұзатын болса, ақша салушы қорғаныс іздеуге құқылы, мұндай реттерде осындай банктерге жазау шаралары қолданылады. Банк құпиясы дегеніміз — қаржы операцияларын коммерциялық бәсекеден тиімді қорғау әдісі. Мынадай жайды да еске ұстауға керек: іс жүзінде депозиттердің есеп құжаттарына құқық қорғау органдарының кедергісіз қол сұғуын анықтайтын юрисдикция жоқ.

Заң шығарушылар осы жағдайды ескере отырып, 3-бапта арнаулы есеп-шоттың болуы туралы ақпаратты және ондағы ақшаның мөлшерін жариялауға болмайды деп тұжырымдайды. Арнаулы есеп-шоттың ашылуы кез келген іс жүргізу әрекеттерін жасау, оның ішінде қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыру немесе әкімшілік жазаны қолдану үшін негіз бола алмайды.

Заңсыз әрекеттермен тапқан ақшалары бар азаматтарға рақымшылық ету мынадан да байқалады: екінші деңгейдегі банктердің арнаулы есеп-шоттарына салынған сомалар салық салынатын кіріске енгізілмейді.

Егер анықтамаға тоқталатын болсақ, онда кез келген ірі қылмыстық операцияны жасау кезінде ерекше көп мөлшердегі ақшаны жария етуді ақшаның сыртқа кетуі мен түспейтінін атап көрсету қажет. Сонымен, мұндай қоғамға қауіпті әрекеттің байқалу формалары көп параға сатылған қылмысты ұйымдардың жоғары деңгейлерінің немесе ұйымдасқан экономикалық қылмыстың ерекше құқығы болып табылады, сондықтан бір жолғы коммерциялық операциялардан (мысалы, алыпсатарлар, коммерциялық делдалдар, бизнесмендер және т.с.с.) кіріс алған қарапайым азаматтар әдетте қоғамға қауіп туғызбайды — түсінік беріліп отырған заңның қабылдауын да осымен негіздеуге болады. Сонымен, “Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуіне байланысты оларға рақымшылық жасау туралы” Заңның қабылдануы Қазақстанда шағын кәсіпкерлікті құқықтық жағынан қорғаудың тиімді құралы болып қызмет етеді.

Қарастырып отырған құқық бұзушылықтың қалыптасу және өсу себептері туралы мәселенің шешілуін экономикалық қатынастардан іздеу керек, ал олар өз кезегінде екі жақты — объективтік және субъективтік сипаты бар өзге де бірқатар маңызды факторларға байланысты. Біз “лас ақшаларды” жа-

рия етудің өзге де маңызды мән-жайларының байланыстылық себептерін шартты түрде былайша топтастырдық: а) өлеуметтік-экономикалық; ө) саяси құқықтық; б) ұйымдық психологиялық факторлар.

Саяси-экономикалық факторлар — бұлар оң және теріс салдарларын есепке ала отырып мемлекет тарапынан жасалатын ақшаны жария ету мәнінің айқындамасы тұрғысынан сараланған көзқарасты талап етеді. Соңғы төрт жылдағы жекелеген экономикалық мән-жайларға жасалған талдау мынаны дәлелдеп отыр: тұтастай алғанда Қазақстанның оң экономикалық саясаты, елдің экономикасын сауықтыру мақсатындағы нақты қадамдар, белгілі бір құқық қатынастар субъектілері тарапынан қылмысты озбырлықтардың объектілеріне айналуы мүмкін. Сөз жоқ, заңды экономикалық қызмет пәрменді қаржы бақылауын талап етеді. Сонымен бірге тәжірибе мынаны көрсетіп отыр: бақылаудың қазіргі нысандары мен өдістері алға қойылған міндеттерді толық деңгейінде қамтамасыз етпейді, жуықта ғана орын алған кездейсоқ нарықтың жағдайларында құқық бұзушылықтарынан қорғайтын сенімді тосқауылға айналмай келеді. Сөйтіп, экономиканы дамытудың қазіргі кезеңінде жасырын жолмен тапқан ақша қаражаттарын оларды иеленушілерге рақымшылық жасау арқылы мемлекеттің айналымына қайтаруға болады.

Қазақстанның нарықтық экономиканы құруға, ескі пайымдаудың саяси-құқықтық таптаурындарын күйретуге бағдарлануы сияқты үрдістерде көрінген **саяси-құқықтық факторлар** тобы өлеуметтік-экономикалық өлшемдермен тығыз өзара байланыста болып отыр. Ақшаны жария ету туралы Заңды жүзеге асырудың жағымсыз белгілерінің бірі заң ұсынып отырған экономикалық-құқықтық қайта құрулардың, әдетте коммерциялық қызмет арқылы тапқан және оны салық салудан жасырған ақшаны жария етуде азаматтарға шын мәнінде жеңілдіктер беру болып табылатын шағын кәсіпкерлікті қорғау мен қол-

дау саясатының мәні мен прогресшілдігін қабылдамау, түсінбеу болып табылады.

Ұйымдық-психологиялық факторлар мына себептермен сипатталады: ақшаны жасырып қалу халықтың белгілі бір бөлігінде қалыптасқан материалдық тығырықтан рұқсат етілген, заңды әдістерімен және жолдарымен шығу мүмкін емес деген сезімнің қалыптасуы, әдеттегі ескі өлеуметтік құрылымдарды күйрету жағдайларында ізгі ниетті азаматтарда жаңа оң бағдарлардың болмауы салдарларынан байқалып жүр.

Сонымен бірге, бұқаралық ақпарат құралдарынан және газеттердегі жарияланымдардан бизнесшілдердің өзінде алда тұрған акцияның мәнін түсінбей отырғаны да белгілі. Ал Табиғи монополияны реттеу жөніндегі агенттікке алдағы кезде жергілікті жерлерде де байыпты түсінік жұмыстарын жүргізуіне тура келеді.

Қалыптасқан проблемаларды шешу және түсіндірме беріліп отырған Заңды неғұрлым тиімді іске асыру үшін біз атап өткен факторлар еске алынуы қажет.

Сонымен, аталған Заңды басып шығарған кезде халықтың талап-тілектері, қазіргі кезеңдегі қоғамдық қатынастарды дамытудың объективті экономикалық заңдарымен ұштастыруда кезеңнің өзіндік ерекшелігінің ескерілгені абзал. Аталған факторлар табыстарды жария етудің мақсаттарына жетудің нақты әдістері мен жолдарын белгілеуді айқындайды, мұнсыз аймақтық, сондай-ақ жалпы мемлекеттік деңгейде “ҚР азаматтарының ақшаны жария етуіне байланысты оларға рақымшылық жасау туралы” Заңның нормаларын іске асырудың жалпы тиімді стратегиялық саясатын талдап шешу мүмкін болмайды.

Проблеманың тікелей заңдық мән-жайынан басқа сондай-ақ бірқатар осымен байланысты құқықтық институттар бар, ақшаны жария етуді

өткізгеннен кейін олардың жұмысын реттеу мен оларды пайдалану елдегі заңсыз табыстардың “сыртқа кетуімен” байланысты ахуалды одан әрі тоқтату үрдісіне елеулі түрде ықпал жасауға сөзсіз қол жеткізеді.

Бұл арада, ең алдымен, біз мына мән-жайларды айтып отырмыз:

Біріншіден, ұлттық банктің лицензиялық, салық заңнамаларын және құқықтың өзге де салаларын жетілдіру қажеттігі.

Екіншіден, Қазақстанның шалғайдағы шетелдермен екі және көпжақты шарттар жүйесіне енуі және негізге алынатын халықаралық-құқықтық құжаттар талаптарына ұлттық заңнаманы бейімдеу.

Ақыр соңында, үшіншіден, “Қылмыстық жолмен тапқан капиталды жария етумен күрес туралы” Заңды қабылдау.

Әлемдік тәжірибеге талдау жасау мынаған көз жеткізіп отыр: нарықтық экономикасы бар елдер заңсыз тапқан капиталды жария етумен күресте дербес жеңіске жете алмайтын күйге жетті, мұны экономикалық қылмыстың өсуі дәлелдейді. Экономикалық құқық бұзушылықтардың жасырын жүргізілуінің орасан зор қанат жаюын ескеру керек. Бұл жағдайды елімізде қажетті сот-тергеу тәжірибесі мен заңсыз жолмен тапқан ақша қаражаттарын және өзге де мүлікті жария етумен байланысты күрес мәселелері бойынша қылмыстық заңды қолдану жөніндегі ҚР Жоғарғы Сотының түсін-дірмесінің болмауы фактісі қиындатып отыр (ҚК 193-бабы). Сонымен бірге қылмыстық, азаматтық және өкімшілік құқығының жай-күйі мен осы салаларды құқықтық реформалау сипаты бүгінгі таңдағы экономикалық және заңдық тәжірибенің қажеттеріне сай келмейді, сондықтан бұл мәселелерді одан әрі шешу талап етіледі.

ОҚУ ОРЫНДАРЫ — ПАЙДАКҮНЕМДІККЕ АЙНАЛМАСЫН

— Қазақ мемлекеттік заң академиясы — Қазақстандағы мамандандырылған жоғары заң оқу орны. Мақсаты — қазақстандық құқықтық реформаны жүзеге асыру, еліміздің білікті заң кадрларына деген сұранысын қанағаттандыру, заң білімін дамытып өркендету және сапасын жоғарылату. Осы орайда қазақстандық заңгерлер даярлаудағы бәсекелестік, жекеменшік және мемлекеттік оқу орындарының айырмашылықтары туралы, сондай-ақ, Академияның бүгінгі ахуалы туралы әңгімені бастамас бұрын мына бір жайттарға тоқтала өткенім жөн. 1994 жылы Елбасы Н.Назарбаевтың “Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қазақ мемлекеттік заң институтын құру туралы” Жарлығына сәйкес құрылған біздің жоғары оқу орнымыз 1996 жылы Қазақ мемлекеттік заң университеті болып қайта құрылды және Әділет министрлігінен Білім және ғылым министрлігінің қарамағына ауысты. Ал Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен 2000 жылы ҚР Ұлттық Ғылым академиясының Мемлекет және құқық институтын біріктіру жолымен Қазақ мемлекеттік заң академиясы құрылды. Академия бүгінгі таңда Қазақстандағы жаңа буын заңгерлерін даярлайтын беделді жоғары оқу орны болып табылады. Мұнда кәсіпкерлік-құқықтық; сот-прокурорлық; криминалистік тергеу; халықаралық құқық; сырттай және аймақтық оқу деп аталатын бес факультетте мамандар даярлаудамыз.

— *Жуырда ғана Академияның бірнеше облыстардағы бөлімдері жабылып, олардың орнына Заң институттары ашылғаны белгілі. Осыған байланысты көпшілік тарапынан туындап жатқан наразылықтар туралы не айтасыз?*

— Біздің мақсат — сан емес, сапаға көңіл бөлу. Әрине, Академияның бөлімдері жабылған облыстар-

дағы ата-аналарды кінәлауға болмайды. Себебі олар балаларына құжат тапсырар кезде сапасыз білімге ұрынатындарын білген жоқ. Бірақ баласының білікті де білімді маман болуын шынымен қаласа, Алматыдағы немесе басқа қалалардағы институттарымызға оқуларын қайта жалғастыруына сенеміз. Ал жабылып қалған бөлімдерде кезінде басшылық қызмет атқарған өріптестеріміздің қарсылықтарын мен түсінбеймін! Өкінішке қарай, шәкірттердің сапасы білім алуына жағдай жасаудың орнына мәселені түсінсе де түсінбегенсіп, кері тартуда.

— *Қазір мемлекеттік жоғары оқу орындарындағы студенттердің 70 пайызынан астамы ақылы білім алады. Сіздіңше, мемлекеттік немесе жекеменшік оқу орны деп бөлінудің маңызы қаншалықты?*

Білім және ғылым министрлігінің рұхсатымен құрылған барлық жоғары оқу орындарының тепендік құқықтары бірдей. Сондықтан “жекеменшік”, “мемлекеттік” деген ұғымнан арылуымыз қажет. Бастысы — балаларға сапалы білім бере білу. Алайда, Білім және ғылым министрлігі лицензия берудің талаптарын қатайта түсуі керек. Себебі, қазіргі таңда қалтасы қалың етікші де қалаған оқу орнын ашуға мүмкіндік алды. Яғни, білім ошақтары оңай жолмен табыс табудың көзіне айналып отыр.

— *Кезінде тар шеңбермен шектелген психологиямыз өзгерді. Ендігі әлемдік кеңістікке дендей енуге талпынудамыз. Осы орайда шет мемлекеттермен қатынастарыңыз туралы айта кетсеңіз?*

— Негізі ғаламдану процесі біз үшін бұрынғыдай қорқынышты емес, қайта Қазақстанның саяси, экономикалық, т.б. мәселелерін дүниежүзілік деңгейде дамыту жолындағы жауапкершілікті талап ететін іс. Бұл білім саласына да қатысты. Кеңестік білім жүйесінің мықтылығы сонда — біздің ғалымдарымыз бүкіл әлемге танымал ғылыми орталықтар мен шетелдік түрлі жоғары оқу орындары ұсыныс жасап, олардың білімдерін өте жоғары бағалауда.

ҚазМЗА шет мемлекеттердің заң және ғылыми мекемелерімен халықаралық байланысын жедел дамытып келеді. Мысалы, Ренн — 1 Университетімен (Франция), Нагоя қаласы Университетімен (Жапония), “Utach Yalley Stfte College” мемлекеттік колледжімен, Бремен қаласы Университетімен (Германия) және БҰҰ босқындар ісі жөніндегі Жоғары Комиссары Басқармасы, “Сорос-Қазақстан”, “Евразия”, Ф.Эберт атындағы экономика жоғары мектебі (Германия, Митвайд), Британ Кеңесі ЮСИС, АК-СЕЛС, Қазақстан Республикасындағы тіркелген шет ел мемлекеттері елшіліктерінің білім беру бөлімдерімен тығыз қарым-қатынастамыз. Бүгінгі таңда заңгерлер дайындайтын жоғары оқу орындары көптеп саналады.

— *Қазақстандағы заңгерлер дайындайтын жоғары оқу орындарынан сіздердің ерекшеліктеріңіз неде?*

— Біз шәкірттерге сапалы білім беруге қабілетті жоғары деңгейдегі ұстаздарымызбен ерекшеленеміз. Яғни, ҚазМЗА профессорлық-оқытушылар құрамы республиканың ең үздік ғылыми-педагогикалық кадрларынан іріктелініп алынған. Олардың арасында ҚРҰҒА академигі, Халықаралық табиғат және қоғам академиясының (Мәскеу бөлімшесі) академигі, ҚРҰҒА корреспондент мүшесі бар. Сондай-ақ, 35 профессор мен ғылым докторы сабақ береді.

Академияда сирек кездесетін бірден-бір оқу процесі қалыптасқан. Дәрістер, семинарлар мен Академия студенттері тұрмысы төмен азаматтарға тегін заңдық көмек көрсететін “Юриссервис” заң клиникасы ашылған. Сот, прокуратура, тергеу, адвокатура, нотариат сияқты студенттерді таныстыру және кәсіптік тәжірибеден өткізудің жеке базасы үшін қажетті жағдай жасалған.

Редакциялық баспагерлік және полиграфиялық орталық әдістемелік әдебиеттер, студенттерге, аспиранттарға, республикамыздың басқа да жоғары және арнайы орта білім беретін заң оқу орындарына арналған

оқу құралдары мен ұлттық оқулықтармен қатар “Мемлекет және құқық” журналын, “ҚазМЗА ғылыми еңбектерін” шығарады.

— *Өзіңіз басшылық ететін білім ошағындағы өзекті мәселе ретінде нені атап едіңіз?*

— Шынымды айтсам, материалдық қиындық жоқ. Бірақ мені қатты толғандыратыны — ауылды жерлердегі оқуға құштар қазақ балаларының жоғары білім алудан шет қалатындығы. Академия студенттерінің арасында да отбасы жағдайы өте төмен балалар оқиды. Апта сайын ата-аналарды қабылдағанда көпшілігі балаларын оқу ақысынан босатуды немесе жеңілдік жасауды сұрайды. Әрине, олардың бөріне бірдей жеңілдік жасау мүмкін емес. Өйткені, оқу орнына қабылданған шәкірттер санына қарай салық төлейміз ғой. Жуырда менің ұсынысыммен, Ғылыми кеңестің шешімімен Үш би (Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би) атындағы, Нағашыбай Шайкенов, Марат Оспанов, Юрий Ким атындағы шәкіртақы тағайындалды. Оқу үлгерімі өте жақсы, Академияның қоғамдық істеріне белсене қатысатын, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыдан шыққан студенттер иеленетін аталмыш бәсекелестік шәкіртақы балаларымыздың білімі мен қайратын шындай түсетініне сенімдіміз.

ЗАҢГЕРЛЕРІМІЗ ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ МА?

Тәуелсіз Қазақстан құқықтық және демократиялық қоғам құруға өткен кезеңдердің жеңіс пен қателікке толы тәжірибесіне сүйене отырып, жүйелі түрде алға басып келеді. Республикамыздың Жоғарғы кеңесі 1990 жылдың 25 қазан күні “Қазақ ССР-ның мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияны” қабылдағаннан кейін-ақ тарихи қазақ жерінде тәуелсіз Қазақстанның жаңа конституциялық құры-

лыс процесінің іргетасы қаланды. Ол құжатта егеменді елдің барлық негізгі айшықтары бекітілді: өз аумағы мен азаматтығы, мемлекеттік биліктің дербестігі мен толыққандылығы, Конституция мен Заңдардың үстемдігі, халықаралық қатынастардағы дербестік т.б. Ал 1991 жылы 16 желтоқсанда “ҚР мемлекеттік тәуелсіздігі туралы” Конституциялық Заң, 1993 жылғы Конституция және бүгінгі таңда қолданылып отырған Ата Заң қабылданғаннан соң тәуелсіз мемлекет ретінде республикамыздың конституциялық болмысы толық айқындалды, қазақстандық қоғамның өркендеуіне көкжиектер ашылды.

Былай қарағанда 10 жыл деген аса көп уақыт емес. Алайда сол мерзім аралығында Қазақстандағы бүкіл саяси жүйе күрт өзгерістерге ұшырады, нақтылап айтсақ, президенттік институт бекітілді, екі палаталы парламент құрылды, саяси партиялардың жұмыс істеуіне жағдай жасалды, сайлау заңдылығы демократияландырыла түсті, аралас (мажоритарлы-пропорционалдық) сайлау жүйесі енгізілді және бастапқы сынақ ретінде ауыл әкімдерін сайлау жүзеге асты. Аталмыш институттар арасында Президентке ерекше рөл бөлінген. Ол мемлекет басшысы ретінде Конституция үстемдігіне, оның тұрақтылығына, сонымен қатар өзінің төрелігімен Конституциялық құрылыстың тұрақтылығына, билік тармақтарының келісімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге және олардың халық алдындағы жауапкершілігіне кепілдік беруге құқылы.

Республика Президентінің жыл сайынғы Жолдауы билік басындағы билік органдары мен қоғам арасындағы ең маңызды байланыс құралы болып табылады. Биылғы Жолдау да бұған дәлел бола алады. Стратегиялық маңызы бар бұл құжатта терең талдаулар мен қоғамдық өмірдің түрлі салаларын дамытуға бағытталған нақты ұсыныстар айқын көрініс тапты. Елбасы мемлекет құрылымының демократи-

ялық принциптеріне, яғни мемлекеттік билік бірлігі принциптеріне, оның заң шығарушы, атқару және сот тармақтарына бөліну маңыздылығына ерекше назар аударған. Жолдауда аталып көрсетілгендей, қалыптасқан Президенттік басқару жүйесі барлық билік тармақтарының қалыпты жұмыс істеуінің кепілдігі екенін мемлекетіміздің осы күнге дейін жиған тәжірибесінен аңғаруға болады.

Осы Жолдаудағы білім жүйесін жетілдіру мәселелеріне арналған тарау да аса мұқият назар аударуды қажет етеді. Ол тарау жоғары білім жүйесіндегі бөсекелестікті күшейтуге негізделген. Сондықтан да құқықтық мемлекет құруда, оны дамытуда стратегиялық проблемаларды шешуге қабілеті жететін, демократиялық бастамаларға бет алған қоғамның жаңғыру процесіне қатыса алатын өресі биік, ойы сергек кадрлар даярлау үшін бүкіл жүйені реформалау бүгінгі таңда бірінші кезектегі мәселеге айналып отыр.

Менің пікірімше, бүгінгі заң білімі жүйесі қайта құруды қажет етеді. Осындай шешімге келуіме мынадай жайттар түрткі болды: жоғары дәрежелі заңгерлерге деген әлеуметтік сұраныстың туындауы заңгерлерді даярлаумен айналысатын көптеген жекеменшік және басқа да оқу орындарының дүниеге келуіне себеп болды, оқу-әдістемелік базасы және жоғары дәрежедегі оқытушы мамандары болмаса да техникалық, ауыл-шаруашылық, сауда саласындағы жоғары оқу орындары заңгерлер даярлауға жаппай кірісті. Аталмыш білім ордалары білікті заңгерлер даярлайды деуге сену қиын. Шынтуайтына келсек, республикамыздағы көптеген оқу орындарында заңгерлер даярлау арнайы орта заң білімі деңгейіне де жетпейді. Сол себептен де заң білімі жүйесін реформалау, біріншіден, жоғарыда айтылған міндеттерді жүзеге асыруға қабілетті болу, екіншіден, отандық заңгер мамандарының ішкі және халықаралық еңбек нарығындағы кәсіби деңгейін көтеру қажеттігінен

туындап отыр. Заңгерлерді жоспарсыз даярлау қазірдің өзінде кесірін тигізуде. Өйткені дипломы бар көптеген жастар жұмыссыз жүр. Бұл өрине жанға бататын жайт. Мұндай тенденция құқықтық білімнің құнын түсіретіні анық.

Міне, бұл жайттардың барлығы да заң білімі жүйесін жетілдіруде жаңа теориялық және ұйымдық негіздерді тұжырымдар түйіндеуді қажет етеді. Бізге қоғамдық қажеттіліктерді уақытылы қанағаттандыруға күдіреті жететін құқықтық ғылымды жедел дамыту, отандық және шет мемлекеттердің теориялық және қолданбалы тәжірибелерін белсенді түрде пайдалана отырып, қазіргі заман талабына сай заңгерлер даярлау керек. Ал осы идеяларды жүзеге асыру үшін мынадай принциптерді естен шығармаған жөн:

— Оқуды ұйымдастыруды орталықсыздандыру; Жоғары оқу орындарының “мәдени және кәсіби” дербестігін сақтау;

— Заң білімінің үздіксіздігі мен жүйелілігін сақтау;

— Оқу орнының мамандандырылуы;

— Заңгер-студенттің әлеуметтік-құқықтық мәртебесін көтеру.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі өз кезегінде мемлекетімізге заңгер кадрларының қажеттігін әр мамандық бойынша міндетті квотаны айқындау негізінде реттеп отыруы қажет. Олай болмаған жағдайда кейбір шет мемлекеттердегідей қаптап кеткен заңгер мамандар қажетті жұмыс таба алмай қиналып қалады.

Жоғарыда айтылған барлық жағдайларды саралай келе, осы Жолдауда айтылған қағидалардың жүзеге асырылуы Қазақстан Республикасының білім және ғылым жүйесін жетілтіруге, құқықтық реформаның қарқынды жүргізілуіне және Қазақстан мемлекеттігін, оның тәуелсіздігін нығайтуға айтарлықтай үлес қосатынын ерекше атап өтуге тиіспіз.

2002 — ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫ



РЕФОРМАМЕН ҚАТАР ЖҮРДІМ

— *Мақсұт Сұлтанұлы, сот реформасы қашан басталды және оған өзіңіздің қандай қатысыңыз болды?*

— 1987 жылы өзімнің бесжылдық сайлау мерзімім біткеннен кейін, сол қазіргі Талдықорған облысының Қаратал аудандық сотынан осы Алматыға қызметке ауысып келіп, Әділет министрлігінің сот жүйесіне байланысты бас кеңесшісі болып орналастым. Сол кезде біздің жас мемлекетіміздің алғашқы қадамдары басталып жатқан. Заңға, сотқа байланысты бағдарлама мен құжаттардың дайындала бастаған тұсында мен солардың басы-қасында жүрдім. Одан кейін Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасында Ақпарат және заңдарды тәржімелеу бөлімінде қызмет істей жүріп, сот, прокуратура жайлы пікірлерімді мақала етіп газет беттерінде жариялап, радио, теледидар арқылы хабарларға жиі қатыстым. Менің сот жүйесі жөніндегі реформаға араласым сол істерден басталды. Өйткені, сол кездегі әрбір сөз, айтылған пікірлер реформаға бағытталған еді.

1992 жылы Президенттің Жарлығымен Президент Аппаратында жүріп, құқықтық реформа жөніндегі жұмысшы тобының басшысы болдым. Сол кезде біздер құқықтық сот реформасының концепциясы мен бағдарламасының жобасын дайындадық. Ол жоба алғашқы Конституциямыз қабылданған кезде өтпей қалды. Бірақ Президент екінші Конституциямыз қабылданар алдында Парламентте жатқан біздің жобамызды, яғни, сот жүйесі жөніндегі тұжырымдамамызды қайтартып алды.

Сол жолы жобада көрсетілгеніндей, өрі ол Президенттің өз идеясы болатын, 1995 ж. ІІ-ші Конституция қабылданған тұста біздегі Жоғарғы сот Конституциялық сот пен Төрелік сотты біріктіріп, бір ғана Жоғарғы сотты қалдырды. Міне, осы өзгерісті, одан кейін 1995 жылы қабылданған ҚР Конституциясы мен “Қазақстан Республикасында-

ғы соттар мен судьялардың мәртебесі туралы” заңды — сот реформаларының тікелей баспалдағы деуге болады. Соңғы заңды да дайындауға тікелей араластым.

Ал, 2000 жылы ол заң толықтырылып, жаңарып, ізбасар інім Қайрат Мәмидің қызу араласуымен, Президенттің тікелей қолдауымен “Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы” болып өмірге қайта келді. Бұл мәселе, мен, Жоғарғы сотта жүргенімде, Пленумда екі-үш рет қаралып, көптеген қарсыластарымызға тойтарыс бере отырып, осы заңды өткізгенбіз. Әрине, сонымен бәрі біте қалды дей алмаймын. Дегенмен, бағдарламаға сәйкес көптеген мәселелер өз кезеңіне сәйкес шешім тапты деп ойлаймын.

— *Сот ішіндегі демократиялық принципті қалай түсінуге болады?*

— Қазіргі кезеңде Жоғарғы сотта, Судьялар одағында Сот және құқықтық реформаның концепциясы туралы жоба жасалып, ол ақпарат құралдарында жарияланып, талқылауда жүр. Әрине, ниет те, бағдарлама да дұрыс. Бірақ, реформаның бірінші кезеңінде жеткен кейбір демократиялық жетістіктеріміз жоғалып, менің ойымша, бір-екі адым шегіншектеген сияқтымыз. Оның біріншісі, мен Жоғарғы сотта жүргенде қабылданған заң және оған кіргізген өзгерістерге байланысты соттың Жоғарғы соттың деңгейінде болсын, облыстық соттың деңгейінде болсын, аудандық соттың деңгейінде болсын, оның төрағаларының төменгі сот шешіміне наразылық келтіру деген құқығы алынған болатын. Ол, меніңше, сол кездегі өте бір демократиялық шешім еді. Ал, енді қазіргі заңда бұрынғы шешімге қайта келген. Әрине, оны наразылық демеген, ұсыныс деп атапты. Аудандық соттың, облыстық соттың, Жоғарғы соттың төрағаларына төменгі соттың шешімдеріне наразылық келтіруге құқық берілген. Меніңше, бұл дұрыс емес. Төраға да судья. Алқалық деңгейде іс

қаралғанда, оның өзге судьялар секілді бір-ақ даусы бар. Ал, іске байланысты шешім судьяның өз тұжырымына қарай қабылданады. Егер ол шешімге наразылық келтірілген жағдайда, оны қарайтын төраға іспен таныса отырып, былай болуға тиіс деп, алдынала шешім қабылдап қояды. Содан барып, іске біржақты қараушылық пікір туады. Кейін қадағалау жолымен не апелляциялық жолмен қарағанда да өз қоластындағы судьяға ықпал етеді. Әрине, судья төрағаға қарсы шыға бермейді ғой. Сондықтан, мен Жоғарғы сотта жүргенімде-ақ мұндай шешімге қарсы болып, өз құқығымды судьялардың өздеріне бергенмін. Әрине, төменгі сатыдағы судьялардың шешімдері жөнінде арыздар түсіп, олар жоғары сатыдағы сот төрағалығына жалтақтап отырады. Сондықтан, қайталап айтамын, сот төрағаларына төменгі сатыдағы немесе қол астындағы судьялардың шешімдеріне наразылық келтіру құқығын беру кезінде қабылданған демократиялық принципті шектеу деп ойлаймын. Мүмкін, алдағы уақытта бұл кемшілік түзелетін шығар, оны уақыт көрсетеді.

— *Маха, өзіңіз Әділет министрлігінде де істедіңіз. Соттың одан бөлініп шығуын қалай бағалайсыз?*

— Отыз жылдан кейін барып сот билігі атқарушы биліктен бөлініп шықты. 1970 жылға дейін ұйымдастыру мәселесі Жоғарғы соттың өзінде болатын. Дей отырсақ та, осы шешіммен судьялар тәуелсіздігі артты ма? Меніңше, министрліктен түпкілікті кете қойған жоқ. Қазіргі Жоғарғы сот төрағасында екі билік қатар тұр. Бірі — шешілген шешімнің заңдылығын қарау, екіншісі — кадр мәселесі мен ұйымдастыру мәселесі. Жоғарғы соттың төрағасы кімді қабылдайды, кімді алады — оны өзі шешеді. Сондықтан, бұл жерде судьялар атқарушылық биліктің қыспағынан құтылса да, одан да мықты төраға ықпалына түскен сияқты. Сот әкімшілігі жөніндегі комитет құрылғаннан кейін оның билігін де кеңейтіп, дербестеу керек еді. Мейлі, комитет Жоғарғы сот-

тың маңында-ақ болсын, бірақ, кадр, ұйымдастыру мәселесінде ешкімге бағынбай, өздері шешкені жөн. Өйткені, комитеттің төрағасын Президент тағайындайтын. Сөйтіп, қабылданған заң осы айтылған идеяны көздеген еді. Міне, осы секілді олқылықтар сот реформасының әлі де аяқталмағандығын көрсетеді.

— *Мамандандырылған соттар жайлы әңгіме қашан, қайдан басталып еді?*

— 1998 жылдың 10 қаңтарында Президентте құқық қорғау органдары басшыларының басы қосылған үлкен кеңес болды. Сол кеңесте Президентіміз Әділет министрі Б.Мұхамеджанов пен маған осы Қаржылық сот құрсақ қайтеді деген пікірін айтты да, мақұл десендер, айдың аяғына дейін құжаттарын дайындаңдар деп, бізге тапсырма берді. Содан, Салық кодексіне, Қылмыстық кодексіне, Азаматтық кодекстерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде, облыстарда Экономикалық соттар құру жөнінде құжаттар дайындадық. Онда Экономикалық соттардың аса қажет екендігі дәлелденді. Әкімшілік соттар құру жайлы да сол жолы сөз болды. Өкінішке орай, Әділет министрлігі ондай соттарды құру көп қаржыны керек етеді деген желеумен қарсы шықты. Ал, мен ол сотты облыстық соттардағы Төрелік алқалар есебінен құрса, онша көп шығын шыға қоймайтынын айттым. Алайда, ол кезде мені қолдаушылар табан астында табыла қоймады. Сол идея мен Жоғарғы соттан кеткеннен кейін, яғни, екі жылдан соң барып іске асып, Қарағанды мен Алматы қалаларында Экономикалық соттар құрылды. Басқа облыстарда енді-енді қолға алынып жатыр. Әрине, ертерек болғанда, судьялар біраз тәжірибе жинақтап қалатын еді. Бірақ, “Ештен кеш жақсы” деген ғой, мамандандырылған Экономикалық және Әкімшілік соттарды құру өмір талабынан туындап отыр. Алдағы уақытта мамандандырылған өзге де соттардың құрылуы мүмкін. Ол заңдарымызда көзделген. Ал, Әкімшілік соттарды құрудың

қажеттілігі мынадан туындайды: өкімшілік құқық бұзушылық, салықтан бұлтару, қаржылық айналымдар заңсыздықтарын МАИ, Салық инспекциясы, басқа әр түрлі тексеруші құрылымдар өздері шешіп жатады. Сондықтан, олар заңсыздыққа көбірек жол береді. Бұрынғы кездің билері барлық дау-дамайды бір өздері шешкен. Сол секілді, қазіргі дау-дамайлар да тек сот билігі арқылы ғана шешілуге тиіс.

— *Мақсұт Сұлтанұлы, қазір республикамыздағы белді бір заң оқу орнын басқарып отырсыз. Құқықтық мемлекет құрып отырмыз десек те, заңгерлер даярлаушылар көбейіп бара жатқан жоқ па? Сапа, сан деген ұғымдар қайда?*

— Рас, бұрын Қазақ Мемлекеттік университеті мен Қарағанды Мемлекеттік университеттің заң факультетін бітіріп шыққан мамандар бүкіл республикамызды қамтамасыз етіп жататын. Ал, қазір ше? Республика бойынша заңгерлерді даярлайтын 136 оқу орны бар екен. Олардың ішінде аграрлық та, медициналық та оқу орындары заңгерлер даярлап жатыр. Олар ертең қандай маман болып шығады? Оны ойлап жатқан ешкім жоқ. Біз сандық қажеттіліктен сапалық қажеттілікке көшетін кезеңге жеттік. Сол үшін мен біздің Гуманитарлық-заң университетіне қарасты 12 филиалдың 8 қысқартып тастадым. Қазір ондағы қызметкерлердің кейбірі менімен соттасып та жатыр, ол енді пендешілік шығар. Мәселен, кейбір пысықайлар аудан орталығынан екі бөлмелі үйді арзан бағамен сатып алып, филиал ғана емес, университет те ашады. Ондай оқу орнына кімдер сабақ беріп, одан қандай заңгерлер шығады? Бізде жылына 300-500 доллар ақша беріп балаларын оқытып жатқан ата-аналарға осыны түсіндіріп жүрміз.

Ал, әріптестеріме айтарым — өз жеке бастарын емес, мемлекеттің болашағын, соған лайықты мамандар даярлау жағын ойласа екен. Алдағы уақытта ақша емес, бірінші кезекте адам және адамгершілікті жоғары ұстасақ жөн болар демекпін.

— Сіз басқарып отырған оқу орны алғаш Қазақ Мемлекеттік заң академиясы еді, енді оның атын ауыстырыпсыздар. Онда қандай сыр бар?

— Оқу орнының атын да, затын да сапа жағына қарай ойыстырсақ дегеніміз ғой. Жалпы, дүниежүзілік деңгейде академиядан гөрі университет үлкен ұғым, кең мағынада қолданылады. Университеттің ішінде академия құрылым ретінде болуы мүмкін. Марқұм Н.Шәйкеновтің тұсында бұл оқу орнының шама-шарқы университет дәрежесіне көтеріле қойған жоқ. 1994 жылдың 14 наурызында ашылған бұл институт сол кезеңде бір ғана мамандық даярлайтын. Ал, университет атану үшін кемінде 7 мамандық бойынша білім беру керек болса, қазір бізде 8 мамандық бойынша студенттер оқиды. 54 ғылым докторы, профессорлар, 87 ғылым кандидаты, доценттер дәріс оқиды. Олардың 90 пайызы таза заңгерлер. Бізде берілетін білім сапасын осыдан-ақ біле беруге болады. Сондықтан да Елбасы Назарбаевтың Астанада гуманитарлық оқу орнын ашу қажет деген тапсырмасын орындадық. Оқу орнымызды Қазақ Гуманитарлық-заң университеті деп қайта атадық. Бізден бітіріп жатқан студенттер тек заң ғылымын ғана меңгеріп қоймай, басқа да ілімдерден мамандық алатын болды. Өткен оқу жылында 1147 студентіміз диплом алса, оның 240-ы қызыл дипломмен бітірді. Олардың он шақтысын өзімізде қалдырдық. Қалғандары да өмірден өз орындарын тауып, жұмысқа орналасып кетті. Ақтөбе, Павлодар, Шымкент, Қызылорда қалаларында да институттарымыз бар.

Университетіміздің 5 факультеті осы Алматыда. Оқитын студенттердің бүгінгі таңдағы жалпы саны — тоғыз жарым мыңға жуықтайды.

— Бір кезде Конституциялық сот болып еді. Қазір мыңға жуық заң шығыпты. Оларға көбіне өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп жатады. Қарапайым халық түгілі, кәсіби заңгерлердің өздері олармен таны-

сып үлгере алмайтын тәрізді. Сол заңдардың қалай орындалып жатқанын бақылап отыратын Конституциялық сотты неге қайта қалпына келтірмеске?

— Біз жеке-дара бір ғана сот болу керек деген Президенттің идеясымен Конституциялық сот пен Төрелік сот таратылып, тек Жоғарғы сот қалды деп айттым ғой. Бірақ, кейінгі кезде Конституциялық сот керек деген сөзді әркімдер, тіпті, Парламент депутаттары да айтып жүр. Байқаған адамға Конституциялық сот адамдардың құқығын қорғаудың орнына, мемлекетіміз жаңадан құрылып жатқан кезеңде саяси құрылымға ауысып кете жаздады. Қолында билігі бар сот саяси құрылымға ойыса бастаса, ол жас мемлекет үшін өте қауіпті еді. Шешім қабылдап жіберсе, мемлекеттік төңкеріске бармай ма? Тіпті, сол кездегі Парламентті тарату жөнінде шешімді қабылдап та, оны тоқтатып та жіберді емес пе? Қазіргі жағдайда Конституциялық сот болмағанымен, Конституциялық кеңес бар. Ол Конституциялық соттың міндетін атқара алады. Бұл — Франция, Италия секілді мемлекеттерде тәжірибеден өткен құрылым. Әр сала өзінің билігімен, өзіне тиесілі жұмыспен шұғылдануы керек. Мәселен, Парламенттегі депутаттар біздің билігімізді күшейту керек деген шу шығарып жүр ғой. Депутаттардың заң шығару саласындағы қазіргі биліктері жеткілікті деп ойлаймын. Оларға атқарушылық және сот билігін берудің қажеті жоқ. Заң шығару арқылы олар атқарушы билікке өздерінің өсерін тигізе алады. Сол секілді сот билігі тек шешім, үкім шығарумен шұғылданады.

Ал, қазіргі Конституциялық кеңес Парламентте қабылданған заңға Президент қол қойғанға дейін онымен танысып, ол заңның Конституцияға қаншалықты сай екендігін анықтап, тіпті сот арқылы азаматтардың да арызын қарау мүмкіндігі бар. Американы алып қарасақ, онда Конституциялық соттар жоқ. Барлық мәселені Жоғарғы соттың өзі шешеді. Болашақта бізде де солай болуға тиіс деп білемін.

— *Мемлекеттік тіл жөніндегі пікіріңіз?*

— Конституциямызда мемлекеттік тіл — қазақ тілі деп белгіледік. Алайда, ол өмір қажеттілігіне айналмай келеді. Ол әуелі қазақтардың өздері үшін қажеттілікке айнала қойған жоқ. Мемлекеттік барлық жүйеде қажеттілікке жеткізбей, қазақ тілі толық түрде мемлекеттік тіл бола алмайды. Қазақ тілін барлық жерде мемлекеттік қажеттілікке жеткізу үшін күш салуымыз керек. Қазақ тілінің көсегесі сонда ғана көгереді. Оны бір ғана Конституциямен орындамаймыз, оны уақыт шешеді.

— *Университетке келгеніңізге біраз уақыт болып қалды. Алғашқы игілікті істі неден бастадыңыз?*

— Жұмыс нәтижелі болу үшін жұмысшылардың тамағы тоқ, көйлегі көк болсын дейді ғой. Сол секілді алғашқы келген үш айдың ішінде оқытушылардың еңбекақысын зерттедім. Сөйтсем, ұстаздар университеттегі бухгалтерден, кадр бөлімінің бастығынан, шаруашалақ бөлімінің бастығынан әлдеқайда кем алады екен. Жарты жылға жеткізбей-ақ ұстаздардың айлығын 2-3 есеге көбейттім. Одан кейін 45 пәтерлі үй салдырып, оның 39-ын оқытушыларға бергіздім. Енді 25 пәтерлік үй салдырып жатырмыз. Амандық болса, ол да мұғалімдердің еншісіне тимек.

— *Тағы бір сұрақ. “Ұлы билеріміздің — Жоғарғы сотқа дейін” деген зерттеу еңбегіңізді тегін жазбаған боларсыз. Оның болашағын қандай тұрғыда бағалайсыз?*

— Мен бұл мәселені көп зерттедім. Әңгімені сонау Ү ғасырдан бастадым. Кітабымда жүздеген билердің аттары аталды, аталмағандары қаншама. Билер соты ертеден-ақ белгілі болған. Билерді халық өз ортасынан тандап алған, оларды ешкім сайламаған. Бидің шешіміне қараша да, хан да тоқтаған. Өйткені, олар ешкімге де бұрмай, әділ шешім шығарып отырған. “Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ” деген мақал содан қалыптасқан.

Билер сотының адамды жазалау ғана емес, тәрбие-леуде де ерекше орны болған. Көп қылмыс айыппұл, құн төлеумен өтеліп тұрған. Би алдына дауласып келгендер татуласып шығатын болған. Сондықтан, Билер сотын жаңа заманға лайықтап құратын болсақ, көптеген жеңіл-желпі қылмыстар сотсыз-ақ шешіліп, түрмелер айтарлықтай босап та қалар еді. Билер сотын жандандыру — заман талабы, оны неғұрлым тезірек құратын болса, соғұрлым сот реформасын тағы бір қадам алға жақындатар едік.

— *Мақсұт Сұлтанұлы, бізге қандай тілек айта-сыз?*

— Сөз орайы келіп тұрғанда айтып қалайын. Мемлекетіміздің тыныс-тіршілігінің барлық саласына қызу араласып жүрген жазушы, журналистерге ризамын. Алайда, олардың кейбіріне өкпе-назым бар. Ел естісін, оны жасырмай да, асырмай жаз. Мен жақында “Егемен Қазақстан” газеті Ашық акционерлік қоғамының президенті Сауытбек Абдрахмановтың егемен еліміздің 10 жылдық тәжірибесіне арналған “Тәуелсіздік шежіресі” атты кітабын көрдім. Оның алғысөзінде осындағы материалдар “Егемен Қазақстан” газетінде жарияланған ақпараттарға негізделген деп жазған. Сондықтан, осы кітаптың ішінде Мақсұт Нәрікбаевтың аты жүрген шығар деп, оны парактай түспеймін бе.

1995 жылдың 6 қазаны күні Жармахан Тұяқбай Қазақстан Республикасы Тергеу комитетінің төрағасы болып бекітіліп, мен дәл сол күні мемлекеттің Бас прокуроры болып тағайындалдым. Біз туралы ақпарат бір күнде шықты. Қарап отырсам, Сауытбек құрастырған кітапта Ж.Тұяқбай бар. Ал, М.Нәрікбаевтың Бас прокурор болып сайланғаны жоқ.

1996 жылдың 29 маусымы күні Президенттің ұсынысымен және Сенаттың шешімімен ҚР Жоғарғы сотының төрағасы болып сайландым. Шежіре болған соң нақтылы ақпараттарға негізделуі керек қой.

Тап сол күні өзге оқиғалар туралы мәліметтер бар да, тағы да М.Нәрікбаевтың Жоғарғы сот төрағасы болып сайланғаны жөніндегі мағлұмат көрсетілмеген. Төраға болып сайланғаннан 25 күн өткенде Жоғарғы соттың мәжіліс залында тарихымызда алғаш рет судьяларға мантия кигізіп, үлкен салтанатпен атап өттік. Мантияға бөйге жариялап, оны судьяларға кигізу идеясын да алғашқылардың бірі болып өзім ұсынып едім. Желтоқсанда судьялардың I съезі өткен. Шежіреге ол оқиғалар да кірмепті. Керісінше, сол тұстағы мәні төмендеу мәліметтер енгізілген. Егер менен кейінгі Бас прокурор, төраға, судьялар съезі туралы дерек болмаса, сөз жоқ қой. Сауытбек жақсы көретін інілерімнің қатарында еді. Сондықтан да, қалам тартып жүрген азаматтардың бірі болғандықтан, мұндай пендешілікке бармағаны жөн болар еді. Шежіре болған соң, тіпті қанша жек көріп тұрса да, тарихи шындықты айту қалам иесінің парызы деп білемін. Демек, шындықты айту — судьялардың ғана еншісінде емес, ол алдымен қалам иелерінің де міндеті болуы тиіс.

— *Мақсұт Сұлтанұлы, Сізді 30 наурыз туған күніңізбен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық, ұзақ өмір, жемісті еңбек тілеймін!*

— Рақмет!

ЖАЛПЫМЕМЛЕКЕТТІК ИДЕЯ — ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ

Дербес ел болып, тәуелсіздік туын тіккенімізге де 10 жыл толды. Әрине, он жыл жас мемлекет үшін көп уақыт емес. Дегенмен, атқарылған жұмыс, қол жеткізген нәтижелер ауыз толтырып айтуға жеткілікті. Осы мерзім ішінде қоғамның барлық салаларында қарқынды реформалар өтті, еліміз жалпы жетістіктер бойынша ТМД мемлекеттерінің көшін бастап келеді. Міне, осының бәріне тарих куә, біз куәміз.

Бірақ, “көгендегі қойым түгел екен деп даладағы қасқырды ұмытпа” демекші жетістігіміз көп екен деп босаңсудың ешбір жөні жоқ.

Кез келген зиялы қоғамда әр азамат өз бостандығы мен құқықтарын заңды түрде қорғай алатын тәртіп болуы тиіс. Ол үшін біздің әр қайсымыз ел жағдайын түзеуге кішкентай болса да, өз үлесімізді қосқанымыз абзал. Сонда ғана ел ішінде береке болып, нағыз азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет дегеннің не екеніне көз жеткіземіз.

Тауқыметті көп тартқан халқымыздың тарихындағы ең бір жарқын мереке — Республикамыздың тәуелсіз мемлекет болуының 10 жылдығын тойлағанымызға көп уақыт өткен жоқ. Осыдан он жыл бұрын әлем картасында пайда болған жаңа, дербес ел дамудың демократиялық бағытын таңдаған еді. Осы өткен кезеңде біздің республикамыз айтарлықтай табыстарға қол жеткізіп, дамудың жаңа сатысына, көтеріліп, әлемдік қауымдастыққа өзінің басқа елдермен терезесін теңестіре алатындығын көрсете білді. Тәуелсіз мемлекет ретінде күн санап өскенін, қазіргі күндері аяғына нық тұрып бой көтергендігін әлем көрді. Бұрындары пайымдай да алмайтын құбылыс — көппартиялық жүйе қалыптасып дамуда. Оның не екенін қазір біз бәріміз білеміз. Балама ой-пікірлер қоғамның қозғаушы күші екенін әлемдегі өркениет елдердің тәжірибесі көрсетіп отыр. Бізде де мұндай үрдістің бой көтеруі құптарлық нәрсе. Реформаны жалғастыруға мүдделі боп отырған кең ауқымды әлеуметтік база қалыптасты. Ал, құнарлы топыраққа түскен дәннің ерте ме, кеш пе қайткенде де өз жемісін беретіндігін білеміз.

Осындай уақиғаларға толы кезеңде, өткен жолды байымдап, жүрер жолды бағдарлап, демократиялық құқықтық мемлекеттікті дамыту ісінде қажырлылық, белсенділік танытуымыз керек.

Қазақстандағы қазіргі ішкі саяси тұрақтылық, ұлтаралық келісім кей елдерде қызғушылық туды-

рып отыр. Көршілес елдердегі құқықтық реформа барысымен салыстырсақ, біздің елдегі жағдай әр жүреkte шынайы қуаныш сезімін тудырады. Мұндай нәтижеге қол жеткізудің бірден-бір себебі — бізде, қанша айтқанмен, базалық алғышарт және терең құқықтық дәстүрлер бар. Жалпы тарихқа үнілсек, біздің халықтың “құқық”, “бостандық”, “ар-намыс” деген ұғымдарға бұрыннан үлкен мән беріп, баса көңіл аударғанын көреміз.

Әрине, өзара салыстырып ғана ақиқатты табуға, тануға болады. Дегенмен еліміздің егемендігін нығайтуға байланысты көптеген мәселелер шешімін таппай тұрғанда, бізге қамсыз, бейғам болу кешірілмейтін қылық. Сондықтан да, менің ойымша, қызметтері даңғазалық емес, шынайы демократияны дамытуға бағытталған партиялар мен үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар құру, еркін қоғамдар құру өз Отанының нағыз азаматтарына тән әрекет.

Демократия дегеніміз, ең алдымен, құқықтық тәртіп, ол саяси бейбастақтық емес. Демократия дегеніміз — азаматтардың, сөзбен емес, нақты іс жүзінде адам құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету. Түптеп келгенде бізге реваншистік те, неокommунистік те, ультра-либералистік те идеялардың қажет емес екендігін ұғынуымыз керек. Біздің идея — құқықтық тәртіп, еркін де ашық қоғам, гуманизм. Кез келген мемлекеттің баянды өркендеуі үшін нық және сауатты қаланған құқықтық негіз керек. Қазақстанда ондай негіз бар. Бірақ оның бар екеніне қанағаттана салуға болмайды, оны пайдалана білуіміз қажет. “Қараусыз қалған мазарды шөп басады, қынаптан суырмаған қылышты тот басады” деген қазақта мақал бар.

Біздің қоғамдық өмірдің барлық саласында қарышты қадам басқан реформа сатылап нығайып келеді. Құқықтық жүйеде де терең өзгерістер болмақшы. Сот ісінде, құқық қорғау салаларында реформа жұмысы жүргізілуде. Бірақ оның ауқымы,

деңгейі нағыз құқықтық мемлекет үшін әлі де жеткіліксіз.

Осы жәй ескеріліп, жаңа қоғамдық бірлестік құрылуда, оны мен құқықтық қайта құруды жеделдету, қазіргі заңдарды жетілдіру бағытын батыл қолдайтын пікірлестер Одағы дер едім. Олардың мақсаты — қалайда Қазақстанның мемлекеттік егемендігін нығайту, әлемдік қауымдастық алдында оның беделін көтеру. Бұл жана құрылған қоғамдық бірлестік сол мақсатқа жету жолында күреседі және әрқашан да сол күреске дайын.

Бұл — мемлекеттің билікті құрылымдарына ұмтылған белгілі бір топтың сойылын соғатын қандай да бір саяси күш жинауға ұмтылыс емес. Біздің қозғалыста коммерциялық немесе басқадай мақсат жоқ, біздің ниетіміз заңгерлердің, зиялы қауымның және студенттердің басын біріктіріп, аяғына тұрып келе жатқан жас мемлекетімізге қоғамдық көмек көрсету.

Баршаға белгілі, “Құқықтық Қазақстан үшін” азаматтық қозғалысы өте бір ыңғайсыз, тіптен, қысылтаяң кезде құрылып отыр. Еліміздің саяси кеңістігінде болған соңғы кездегі уақиғаларды бөріміз білеміз. Кейбір саяси күштердің бой көтеруі қоғамды біршама дүрліктірді. Саяси тұрақсыздық болып кете ме деген мәселе көңілімізге келді.

Бұл уақиғаларды көре тұрып және де өзіміздің қоғам алдындағы жауаптылығымызды ұғынып, оған тойтарыс беруден сырт қалуды жөн көрмедік. Отанымыздың құқықтық мемлекет болып қалыптасуына қандай да бір үлес қосу — біздің Қазақстан халқы алдындағы азаматтық борышымыз еді. Сондықтан да “Құқықтық Қазақстан үшін” азаматтық қозғалысты құруға тура келді. Бұл қажеттіліктен туындаған және дер кезінде құрылған қозғалыс болды.

Біздің бірлестіктің өз мойнына артқан жүгі жеңіл емес. Біз мемлекетімізге құқықтық реформаны дамытуда аянбай көмек көрсетуіміз тиіс. Біз мемлекеттік басқару органдарының, олардың лауа-

зымды адамдарының құқық тәртібін, зөбір шеккен азаматтардың құқықтарын қорғаудағы кез келген іс-шараларын қолдаймыз.

Біз балаларымыздың көшеде жасқанбай жүруін, азаматтардың еліміздің қай жерінде болмасын секемсіз өмір сүрулерін қалаймыз. Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамды, зорлық-зомбылық емес, заң рухы билеуге тиіс.

Және де біз әрбір азаматтың білікті заңдық көмек алу құқығының іске асырылуына көмектесеміз. Жасыратыны жоқ, Қазақстанның әрбір азаматының санасына шынайы демократиялық дәстүрлерді енгізу мемлекет үшін шешімі табылмаған мәселе. Біздің міндетіміздің қиындығы да, бір жағынан, осында. Кезінде Уинстон Черчилль айтқан екен: “Пессимист әрбір мүмкіндіктен қиындық көреді, ал оптимист әрбір қиындықтан мүмкіндік табады” деп. Біздің әдісіміз — апыл-ғұпыл, ойсыз әрекет емес, жасампаздық іс. Біз алға үмітпен қараймыз, сондықтан да “Құқықтық Қазақстан үшін” бірлестік өз міндетін тиісті деңгейде орындайды деп сенеміз. Бізде ол үшін қажетті база бар. Игерген құқықтық білімнің бұл әлеуетін бүгіндері пайдаланбау тіптен көрегендік болмас еді. Бүгін істеуге болатын істі ертеңге қалдырудың не қажеті бар? Халық бізді біледі, бізге сенеді!

Рас, шешілмеген мәселелер көп, бірақ біз уақыт талабына жұмыла лайықты үн қата отырып, кез-келген дағдарысты қиналмай жеңе аламыз. Мұндай кездерде бізге, бөрінен бұрын, халықтың, әсіресе, кәсіби заңгерлердің, зиялы қауымның, студенттердің бірлігі керек. Бұл тұрғыдан алғанда бүгін құрылып отырған қозғалысқа үлкен үміт артылады, оның атының өзінде үлкен мән жатыр.

“Құқықтық Қазақстан үшін” азаматтық қозғалыстың көпшілікке арналған ұйым екенін атап өткен жөн. Сондықтан да, бұл бірлестікке тән ерекшелік — кең ауқымды әрекет ете отырып дұрыс бағдар алу, өз қатарына мүмкіндігінше көп адам тарту, жалпы

және жеке мәселелерді шешуде пікірлестердің күшін жұмылдыру, құқықтық мемлекетті нығайту және азаматтық қоғамды дамыту.

Егер “Құқықтық Қазақстан үшін” қозғалысы нағыз жалпыұлттық ауқымдағы қоғамдық бірлестік болғысы келсе, онда ол орталық органдардың функциясымен шектеліп қалмауға тиіс. Жергілікті жерлерде де іскерлікпен қыруар жұмыс атқаруы қажет. Біз өзімізді бүкіл елге танытуымыз керек. “Құқықтық Қазақстан үшін” бірлестік жұмысының шын мәні оның өкілдіктері заңға жетік емес, өз құқықтарын жете білмейтін шеткері жерлерде тұратын азаматтарға пайдасын тигізгенде ғана ашылады.

Бұл адамдар “Қазақстан Республикасының азаматы” деген жоғары мәртебелі атаққа сай болуы, ашық, демократиялық, зайырлы, құқықты, әлеуметтік мемлекетке толықтай бейімделген болуы тиіс. Қауіпсіздік, аمانдық-саулық, Қазақстан халқының қуаттылығы мен гүлденуі идеялары сияқты құндылықтарды қастарлейтін азамат болуы тиіс.

Біз жоғарыда айтылған жайттар біздің бірлестіктің әлеуметтік бағдарын біршама анықтайды. Біз мына жаңа өмірде өз орнын таба алмай жүрген азаматтардың қиындықтарынан бойымызды аулақ салмаймыз.

Рас, біз Президент жүргізіп отырған реформаны қолдаймыз. Сонымен қатар, реформаны жүзеге асыру міндеті жүктелген атқарушы өкімет органдарының қайта құрудың нәтижелері үшін жауапты екендігін жоққа шығармаймыз.

Біз бүгіндері етек алып отырған, біріне-бірі себеп болып отырған кедейлікті, жұмыссыздықты және қылмыскерлікті назардан тыс қалдыра алмаймыз. Алматы қаласындағы Сейфуллин көшесімен жүріп өтсеңіз, жүрегіңіз сыздайды. Тепсе темір үзетін жас жігіттер бір үзім нан табуды армандап тұр. Ал жезөкшелікке салынған жас қыздар Саин көшесінің бойында шоғыр-шоғыр. Қыздардың да, жігіттердің де көбісі уыздай жастар. Олар Конституция кепілдік бер-

ген өздерінің қандай құқықтары бар екенін білмейді. Неге олар өгейдің күнін кешуі тиіс? Бұл жайлар біздің қоғамда бар проблемалардың бір пұшпағы ғана.

Менің бұл жерде айтайын дегенім — құрғақ сөз емес, мемлекетіміздің әлеуметтік-құқықтық негізін нығайтуға сіздерді шақыру, үндеу тастау. “Құқықтық Қазақстан үшін” қозғалыс заңды тұлғалар да, жеке тұлғалар да, оның ішінде мемлекеттік өкімет органдары да конституцияға негізделген құқықтық мемлекеттікті дамытуда мүмкіндігінше қолдау көрсететін ұйым болады деп үміттенемін.

Қозғалыс бастамашылары ешқандай саяси партияға немесе саяси қозғалысқа қосылмастан, мемлекетіміздің көкейкесті саяси-құқықтық мәселелері бойынша дербес айқындаманы ұстанып отырғанын атап көрсету қажет деп есептеймін.

Біз азаматтардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету ісінде негізгі субъект — мемлекетпен сындарлы рухта диалог жүргізуді қолдаймыз. Біз азаматтардың құқықтарын қорғауда мемлекетке бар күш-жігерімізді пайдаланып көмектесетін боламыз. Американың белгілі құқық қорғаушысы Кэтрин Фицпатрик кезінде атап көрсеткеніндей, “Әділ заңдар, тәуелсіз судьялар және кәсіби қорғаушылар болмайынша, адамның құқықтары үшін күрес жүргізу — бұл жариялылық жолындағы қарапайым күрес қана болмақ...”. Сондықтан да біз қозғалыс қатарына үкіметтік емес, құқық қорғайтын ұйымдарды, қоғамдық бірлестіктер мен саяси партияларды, сондай-ақ демократиялық, құқықтық және азаматтық қоғам орнатуға мүдделі қарапайым азаматтарды белсене қатыстыратын боламыз.

Біздіңше, Қазақстанда жұмыс істейтін құранды көппартиялық жүйе құқықтық реформаларды жүргізуге ғана емес, сондай-ақ бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыруға да мүмкіндік бермейді. Бүгінде еліміздің саяси өмірінде, әсіресе, өздерін оппозициямыз деп есептейтін партиялар — партия

емес, өздерінің немесе халықтың шағын топтарының мүдделерін көздейтін және оларға басшылық ететін бекзаттар топтары ретінде әрекет ететіндіктері байқалуда. Олардың көпшілігі шу шығару мақсатында халықтың бір бөлігінің өтпелі кезеңнің қиындықтарымен байланысты наразылық білдіру сана-сезімін пайдаланады. Міне, сондықтан да олардың бірде-біреуі халықтың басым бөлігінің қолдауына ие болатын жалпыұлттық, жалпымемлекеттік қазақстандық идеяны қалыптастыруға қабілетті болмай шықты.

Біздіңше, нәтижесіз саяси пікірсайыстар мен өзара айыптаулардан арылып, қоғам мен халыққа пайдалы нақты іс-әрекеттерге көшетін уақыт жетті. Ең алдымен, жалпыұлттық, жалпымемлекеттік идея мәселелері жөнінде айқындалуымыз керек.

Таяуда бір топ ғалымдармен өткізген кездесуінде Президентіміз біздің басты жалпыұлттық, жалпымемлекеттік идеямыз — бұл біздің тәуелсіздігіміз, біздің егемендігіміз деп орынды атап өтті.

Осыны негізге ала отырып, жалпыұлттық, жалпымемлекеттік идеяның бір нұсқасын жұртшылықтың қарауына ұсынамыз. Бұл — шынайы демократия, ұлтаралық татулық, еркін нарықтық экономика және заңның үстемдігі қағидаттарына сүйенетін құқықтық мемлекеттікті құру жолымен Республиканың тәуелсіздігін сақтау және нығайту идеясы, “Құқықтық Қазақстан үшін” қозғалысын жақтаушылар бұл идеяның құқықтық мәнісін қамтамасыз етуге даяр.

Біз табиғи байлықтары мол орасан аумақтағы тарихи дәстүрлерге, көппартиялылық тәжірибесі жоқтығына, Қазақстанда тұратын халықтардың ұлттық құрамы көптігіне байланысты бүкіл халық сайлаған Президент басқаратын президенттік республика керек екенін ерекше атап көрсетпекпіз. Сондықтан “Құқықтық Қазақстан үшін” қозғалысы

елдегі жоғарғы биліктің президенттік басқару түрін қолдайды.

Бірақ бұл Парламенттің қоғамдық өмірдегі рөлін төмендеткеніміз емес. Жаңадан құрылған қозғалыс бұл бағытта да бір мезгілде келер нәтижелер үшін жауапкершілікті арттыра отырып, республиканың мемлекеттік құрылымы жүйесіндегі өкілді биліктің тиімділігін күшейтуді жақтайды.

Осыған байланысты біздің қозғалысымыз елімізде парламентаризмді одан әрі жетілдіру үшін қажет болатын заң жобаларының өзі жасаған нұсқаларын жұртшылық пен Парламенттің кеңінен талқылауына ұсынып, бастама көтереді.

“Құқықтық Қазақстан үшін” қозғалысы елімізде заңдылықты бұзудың өркендеу үрдісіне атқарушы биліктің назарын аударады. Жыл өткен сайын заңдарды айтарлықтай бұзуға түрлі деңгейдегі әкімдермен қатар, көбіне заңдылыққа емес, мақсаттылық қағидатына жүгінетін Үкіметтің өзі жол беріп отырғанын статистика көрсетуде. Зардап шегу дегеніміз — азаматтардың, заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарының ашықтан-ашық бұзылуы. Елімізде мұндай жағдай болмауы тиіс. Сондықтан да біз заңсыз актілер қабылданғаны үшін мемлекеттік шенеуніктің жауап беруінің құқықтық тетіктерін жасап, қабылдауға бастамашы болмақшымыз.

Біз сондай-ақ мемлекеттік пен демократия алғышартын нығайту үшін еліміздегі билік деңгейлері арасындағы өкілеттіліктің белгілі дәрежеде ара-жігін ажырату қажет деп есептейміз. Алайда кейбір партиялар мен қозғалыстар ұсынып жүрген бір сәттік орталықсыздандырудың терең әлеуметтік алапат туғызатынын түсінудің маңызы зор, өйткені бастапқыда әлеуметтік-экономикалық өмір шындығын ескере отырып, жаңа жағдайларға бірқалыпты, ауыртпалықсыз өтудің құқықтық тетіктері айқындалуы тиіс. Біздің қозғалысымыз еліміздің революциялық емес, эволюциялық дамуын жақтайды.

Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық дамудың барысына орасан зор ықпал ететіні баршаға мәлім. Бүгінде қазақстандық БАҚ барған сайын саяси қаржы топтарының күрес құралына айналып барады, тіпті кейбір ұлттық телеарналар тар өрісті пайдакүнемдік өсек-жала үшін пайдаланылуда. Баспа басылымдарының біразы жекелеген тұлғалардың шамадан тыс балағаттасу құралы, кейде тіпті қаруы болудан шыға алмай отыр. Бұл жерде біздің мемлекетіміздің негіздері — заңдардың бұзылуы фактілерінің орын алуы өкіндіреді.

Біз мұндай жағдайда билік бұқаралық ақпарат құралдарын қалыптасқан жағдайдан шығу жолдары жөніндегі тең құқықты және сындарлы диалогқа тартуы тиіс деп есептейміз. Осымен бір мезгілде, жекелеген күштердің саяси ойындарының құрбанына айналған қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарын қолдайтын мақсатты бағдарлама жасау қажет болады. Біздің қозғалысымыз, өз кезегінде, бұқаралық ақпарат құралдарына ғана емес, сондай-ақ сауатты заң кеңесіне зәру тұлғалардың бөріне кез келген заң көмегін және т.с.с. беруге даяр.

Біз, заңгерлер ретінде, уақыттың жаңа заң жобаларын қабылдауға ұдайы қамшылап отыратынын түсінеміз. Заманның өте шығатынын сезіп, “заманына қарай — заңдары” деп жырлаған Абай атамыз көрегендік көрсеткен. “Құқықтық Қазақстан үшін” азаматтық қозғалысы заң шығармашылығы саласында заманға барабар жобаларды ұсынатын болады. Солай бола тұрса да, негізгі заң — Конституцияны бұзуға болмайтынына, бірақ түзетулер енгізуді жекелеген тұлғалардың, топтардың немесе партиялардың саяси кеудемсоқтық көрсетуіне айналдырмастан, оны қоғамның мүдделеріне сай өзгертуіне болатынына және өзгерту керектігіне сенімдіміз.

Республиканың жетекші заңгерлері тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ ұсынып, кейін оны Елбасы қабылдаған Республикадағы құқықтық реформалар

бағдарламасы іс жүзінде толық көлемде жүзеге асырылды. Бізге бүгін мемлекеттік-құқықтық саясаттың жаңа тұжырымдамасын айқындау қажет. Бұл тұрғыдан алғанда, “Құқықтық Қазақстан үшін” азаматтық қозғалысының бастамашылары қазірдің өзінде мемлекеттік-құқықтық саясаттың 2010 жылға дейінгі тұжырымдамасының жобасын жасады. Онда қоғамды одан өрі демократиялық көркейту тұрғысынан қарағанда Қазақстанның құқықтық дамуының негізгі бағыттары көрініс тапқан. Бірінші съезіміз өткен соң құжатты талқылау үшін Елбасына, Парламентке, Үкіметке, елдің барлық қоғамдық қозғалыстары мен партияларына жолдадық.

Бұл қоғамның тиісті құқықтық мәдениеті болмайынша, мемлекеттің құқық саласында жүргізіліп келе жатқан реформалары шиеленіссіз өте алмайтынына сенімдіміз. Тұтас алғанда, кейбір жағдайларда демократиялық саяси мәдениеттің қалыптасуы сипаты да осыған байланысты болады. Өйткені, бұқараның санасына сіңіп кеткен заңдылық пен тәртіптің негізінде ғана демократия жариялаған прогресшіл қағидаттарды жүзеге асырудың мүмкіндігі бар.

Мәселе бұл міндетті іс жүзінде қалай жүзеге асыруға болатындығына келіп тіреледі. Кімдерге, қандай күштерге арқа сүйеуге болады? ҚР Президентінің 1995 жылы шыққан “Жаппай құқықтық білім беру туралы” Жарлығын Үкімет іс жүзінде іске асыра алмады. Халықтың негізгі бөлігі көзқаман болған күйінде қала берді.

Біздіңше, қоғамның бұдан былайғы прогресшіл даму міндеттерін шешуде біз тірек еткелі отырған зиялы қауым, сөз жоқ, ерекше маңызды рөл атқарады.

Өкінішке орай, зиялы қауым өкілдері осы уақытқа дейін барлық қажетті жағдайлардың болуына қарамастан, мемлекет жүргізіп отырған жанжақты, кең көлемді өзгерістер мен реформаларға жеткілікті дәрежеде қатыспай келеді. Өзінің тарихи

және әлеуметтік міндеті мен парызы бойынша зиялы қауым өкілдері өздерін халықтың ар-намысы, жаңа прогресшіл идеялар мен бастамалардың белсенді жаршылары ретінде көрсетуі тиіс қой.

Бізге мемлекет пен қоғамның өмірлік маңызды проблемаларын білгірлікпен дербес шеше алатын, халықты алға қойылған прогресшіл мақсаттарға жету ісінде сенімді қозғаушы күш бола алатын аса өнегелі, шынайы патриот жастар керек.

Зиялы қауымның құрамын қалыптастыратын табиғи резервіміз бар, ол әрине, біздің студент жастарымыз. Тиісті білім алған студент жастар қоғамымыздың санаткерлік күштері мен әлеуеті дамуының тоқтаусыз ағынына қосыла отырып, зиялы қауымның қатарын толықтырады. Осындай тұжырымдауларға байланысты студент жастарымыздың иығына еліміздің болашағы үшін зор жауапкершілік жүктеледі.

Егер біздің студент жастарымыз бүгінде өздерінің мәртебелі міндетін сезініп, жоғары кәсіби зиялы қауымға айналуға ұмтылатын болса, прогресшіл идеялардың жақтаушылары және жаршылары ретінде еліміздің өміріне белсене араласатын болса, елімізде шын мәнінде демократиялық, құқықтық, азаматтық қоғам құру идеяларын жүзеге асыра алатын нақты жасампаз күштер өсіп келеді деп үміттенуге толық негіз бар.

Біздің алдымызға қойылған көптеген міндеттер Сіздердің қолдарыңызға берілген “Құқықтық Қазақстандық үшін” азаматтық қозғалысының саяси тұғырнамасында жазылған. Осынау бағдарламалық құжаттың мазмұнын жүзеге асыру барысында қозғалыс бүгінгі Конституцияда баянды етілген тең құқықтар, бостандықтар және мүмкіндіктер қағидасын іс жүзінде жүзеге асыру үшін тегеурінді жұмыс әдістерін тандап алатын болады.

Ой-пікірлерімді жинақтай отырып, біздің қайрат-жігеріміз әрбір қазақстандық азаматтың көкейкесті проблемаларына арналуы тиіс деп атап өткім келеді.

“Құқықтық Қазақстан үшін” азаматтық қозғалысы ұлтына және саяси тегіне, діни нанымына, жынысына қарамастан, біздің барша отандастарымыздың ұйымы болуы тиіс. “Құқықтық Қазақстан үшін” азаматтық қозғалысы біздің Отандастарымыздың әр түрлі мүдделерінің алуан түрлі қоспасын білдіргенде ғана барынша күшті әрі алдыңғы қатарлы қозғалысқа айналады.

Мен “Құқықтық Қазақстан үшін” азаматтық қозғалысының болашақ жұмысының негізгі құрылымын осылайша елестетемін. Бұл қозғалыстың алдында аса маңызды, сонымен бірге өте күрделі міндеттер тұр. Оларды шешу біздің бәріміздің күш-жігерімізді, кәсіби біліктілігіміз бен тәжірибемізді жұмылдыруымызды талап етеді.

ЖАҢА ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ЖАҢА АСУЛАРЫ

— Мақсұт Сұлтанұлы, қоғамдық бірлестік-тердің қатары тағы бір қозғалыспен толықты ғой?

— Осыдан он жыл бұрын дүние жүзінің картасында демократиялық даму бағытын таңдап алған жаңа, дербес ел пайда болды. Бұл уақыт ішінде республикамыз айтарлықтай табыстарға жетті, біздің бәсекеге қабілеттілігімізге әлемнің көзі жетті. Қазақстанда біз таяу уақытқа дейін ойланып көрмеген көппартиялық жүйе қалыптасты.

Балама идеялар қоғамның қозғаушы күші бола алатынын өркениетті елдердің тәжірибесі көрсетуде. Бізде реформаны жалғастыра беруге мүдделі көлемді әлеуметтік база қалыптасты. Сондықтан нәрлі топыраққа түскен дәннің көп кешікпей өнім берері даусыз.

— Сіздің қозғалыстың “Құқықтық Қазақстан үшін” деп аталуының өзі құқықтық мемлекет құру жолында әлі де көптеген қиындықтардың кездесетінін білдіргендей...

— Әрине, бізге демократиялық құқықтық мемлекет құру жолында барынша батылдық көрсетуге тура келеді. Кейде біздің құқықтық реформаларымыздың барысын көршілес мемлекеттердің қадамдарымен салыстыра келе, өз еліміздің табыстарына шын ниетпен қуанамыз. Мұның өзі бізде ежелден терең құқықтық дәстүрлердің сақталып келуінің арқасы деп білемін. Халқымыздың қашан да “құқық”, “бостандық”, “ар-намыс” секілді ұғымдарды қастерлеп келгені тарихтан белгілі.

Демократия дегеніміз — бұл саяси жөнсіздік емес, ең алдымен құқықтық тәртіп. Міне, осы демократия ғана олардың сырт көрінісін емес, азаматтардың нақты құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етеді. Біз қалай болғанда да, өзімізге реваншистік, жаңа коммунистік, ультралибералдық идеялардың қажетсіздігін сезінуге тиіспіз. Біз құқықтың тәртіптің, еркін де ашық қоғамның болуын қалаймыз.

Кез келген мемлекеттің сенімділігі мен гүлденуі — оның орнықты және сауатты құқықтық негіздері болуына байланысты. Ал, Қазақстанда мұндай негіздер бар.

Елімізде қоғамдық өмірдің барлық саласында ілгерілемелі реформалар кезеңдер бойынша жүргізілуде. Оның құқықтық жүйесінде де терең өзгерістер жүргізу белгіленуде. Айталық, қазірге дейін сот ісін жүргізу саласы реформаларды бастан кешуде. Нағыз құқықтық мемлекет үшін бұл аздық етеді.

Мен біздің жаңа қоғамдық бірлестігімізді құқықтық өзгерістерді тереңдету және қолданыстағы заңдарды жетілдіру бағытын батыл қолдайтын пікірлестер одағы деп атаған болар едім. Біз нақ осы мақсат үшін күрес жүргізетін боламыз, жаңа қозғалыстың мән-мағынасы, міне, осында.

— *“Құқықтық Қазақстан үшін” қозғалысының өте күрделі кезеңде құрылып отырғаны белгілі...*

— Ал, мен қолайсыз кезеңде деп те айтар едім. Әрине, соңғы уақыттағы оқиғалар қоғамды айтар-

лықтай дүрліктіріп отыр. Кейде алдымызда саяси тұрақсыздық мәселесі тұрғандай болды. Біздің мұндай оқиғалардан тыс қалуға құқығымыз жоқ. Құқықтық мемлекеттің қалыптасуына кез келген нысанда үлес қосу — біздің республика халқы алдындағы азаматтық борышымыз.

Біздің қозғалысымыздың пайда болуы — мемлекеттің билік құрылымдарына өтуге тырысатын белгілі бір топтың мүдделерін білдіретін әлде бір саяси күшті құру әрекеті емес. Біздің қозғалысымыздың коммерциялық немесе өзгедей мақсаттары жоқ, ол біздің жас мемлекеті-міздің қалыптасуы жолында заңгерлердің, зиялы қауым мен студент жастардың күш-жігерін біріктіруге бағытталған.

Біз мемлекеттік билік органдары мен лауазым иелерінің құқық тәртібін қорғау, қылмысқа қарсы күрес жүргізуді қамтамасыз ету және қылмыстардан зардап шеккен азаматтардың құқықтарын тиімді қорғау жөніндегі кез келген іс-әрекеттерін қолдайтын боламыз.

Біз, сондай-ақ, әрбір азаматтың білікті заң көмегін алу құқығын жүзеге асыруға жәрдемдесеміз.

Әрбір қазақстандықтың санасына шынайы демократиялық құқықтық дәстүрлерді енгізу мемлекет үшін қашан да күрделі мәселе болғандықтан да, біздің міндеттеріміздің қиындықтары осында деп білеміз. Біз — оптимистерміз.

— Сіздің қозғалыс өзінің бағдарламалық ұстанымдарын жүзеге асыру үшін басқа қоғамдық ұйымдармен, саяси партиялармен ынтымақтастық орнатуды көздей ме?

— Мынаны атап көрсеткім келеді: қозғалыс бастамашылары ешқандай саяси партияларға немесе саяси қозғалыстарға қосылмастан, мемлекетіміздің көкейкесті саяси-құқықтық мәселелері бойынша өзіндік бағытты ұстанып отыр.

Біз мемлекетпен сындарлы диалог жүргізуді жақтаймыз және оның азаматтарының құқықтарын қорғау ісіне жәрдемдесетін боламыз. Адам құқығы жо-

лында әділ заңдарсыз, тәуелсіз соттар мен кәсіби адвокаттарсыз күрес жүргізу — бұл жариялылық жолындағы қарапайым күрес болады. Біз сондықтан да демократиялық, құқықтық және азаматтық қоғам құруға мүдделі үкіметтік емес, құқық қорғау органдарын, қоғамдық бірлестіктер мен саяси партияларды өз жұмысымызға белсене қатыстыруға тырысамыз.

Біздің ойымызша, бүгінгі көппартиялы құрақ жүйе құқықтық реформаларды жүргізуге және біртұтас мемлекеттік саясатты қалыптастыруға өлсіз болып отыр. Саяси сахнада, әсіресе, өздерін оппозицияда деп санайтын партиялар емес, оларға басшылық жасайтын элита топтар әрекет етуде, олар өз мүдделерін білдіреді, немесе халықтың шағын тобының мүдделерін көздейді. Олардың көпшілігі жұрт алдында беделге ие болу мақсатында өтпелі кезеңнің қиындықтарына қатысты халықтың бір бөлігінің қарсылық білдіру санасын пайдаланады. Сол себепті де олардың бірде біреуі халықтың басым бөлігінің қолдауына ие болатын жалпыұлттық, жалпымемлекеттік қазақстандық идеяны ұсына алмады.

— *Ал сіздер ондай идеяны ұсына аласыздар ма?*

— Иә, нәтижесіз саяси пікірталастар мен өзара айыптауларды тоқтатып, қоғам мен халыққа пайдалы нақты іс-әрекеттер жасауға көшетін уақыт келді. Біз жұртшылықтың талқылауына жалпыұлттық идеяның өзіміз жасаған нұсқасын ұсынуға даярмыз, оның негізін шынайы демократия, ұлтаралық келісім, еркін нарықтық экономика және заңның үстемдігі қағидаттарына сүйенетін құқықтық мемлекет құру жолымен Қазақстанның тәуелсіздігін сақтап, нығайту жөніндегі ой-пікір құрайды. “Құқықтық Қазақстан үшін” қозғалысының жақтаушылары осы идеяны жүзеге асырудың құқықтық аспектілерін қамтамасыз етуге қашан да даяр.

— *Бұқаралық ақпарат құралдарының қазіргі жай-күйіне қатысты Сіздің қозғалыстың ұстанымы қандай?*

— Меніңше, бүгінде БАҚ барған сайын саяси және қаржылық топтардың күрес жүргізу қаруына айналып барады, тіпті ұлттық телеарналар тар мақсатты қаскүнемдік үшін пайдалануда. Көптеген басылымдар кейбір тұлғалардың шектен шыққан ауызша балағаттасуының құралы болудан аса алмай отыр. Мұның өкініштісі сол, бұл жағдайда заңдарды — мемлекетіміздің негіздерін бұзуға жол берілуде.

Біз қалыптасып отырған мұндай жағдайда билік БАҚ-ты орын алған олқылықтардан шығудың жолдары жөніндегі тең құқықты және сындарлы диалогқа тартуы тиіс деп есептейміз. Осымен бір мезгілде кейбір күштердің саяси ойындарының құрбандығына айналған қазақстандық БАҚ-ты қолдаудың мақсатты бағдарламасын жасау қажет. Өз кезегінде, біздің қозғалысымыз БАҚ-қа ғана емес, сондай-ақ сауатты заң кеңесіне зәру болатын әрбір тұлғаға жан-жақты заң көмегін көрсетуге даяр.

Бұған қоса, біз заңгерлер ретінде уақыттың ұдайы жаңа заң жобаларын қабылдауға мәжбүр ететінін түсінеміз. “Құқықтық Қазақстан үшін” азаматтық қозғалысы заң шығару саласында уақыт талабына сай жобаларды ұсынып отыратын болады. Біз Негізгі Заң — Конституцияны бұзуға болмайтынын, бірақ қоғамның мүдделеріне қарай оны өзгертуге болатынын және өзгерту керектігін қашан да есте ұстаймыз. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ республиканың жетекші заңгерлері ұсынған құқықтық реформалар бағдарламасын мемлекет басшысы қабылдаған болатын, ол бүгінде толық көлемде жүзеге асырылды. Меніңше, қазір мемлекеттік-құқықтық саясаттың жаңа тұжырымдамасын айқындау қажет. Біз қоғамды одан өрі демократиялық жолмен дамыту тұрғысында Қазақстанның Құқықтық дамуының негізгі бағыттары бейнеленген жобаны жасадық. Біз қазір бұл құжатты талқылау үшін ҚР Президентіне, парламент пен үкіметке, барлық қоғамдық қозғалыстар мен партияларға жолдаймыз.

Жалпы алғанда, біздің қозғалысымыздың күшеюуі әрбір қазақстандықтың көкейкесті проблемаларына бағытталуы тиіс. “Құқықтық Қазақстан үшін” азаматтық қозғалысы ұлттық және саяси тегіне, діни нанымына, жынысына қарамастан, күллі отандастарымыздың ұйымына айналып, біздің еліміз азаматтарының шынайы мүдделерін білдіруге тиіс.

КӨЗДЕГЕНІМІЗ — ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӨРТІП

— “Құқықтық Қазақстан үшін” атты жаңа азаматтық республикалық қозғалыс ұйымдастыруда біз оның Отанымызға игілік пен прогресті, оның халқына жақсы тұрмысты қалайтын барлық адамдарды біріктіруге тырысатын салауатты, демократиялық, патриоттық қоғамдық қозғалыс болатынын жарияладық. Біздің мақсатымыз — оның ең жоғары құндылықтары Бостандық, Заң, Әділеттілік және Келісім болып табылатын мемлекеттің революциялық емес, эволюциялық дамуы. Мұнда көп нәрсе орнықты және сауатты құқықтық негіздерге байланысты.

Бүгінде республикамыздың тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасқанын сеніммен айтуға болады. Еліміздегі ішкі саяси тұрақтылық пен ұлтаралық келісім жағдайында көппартиялық жүйе құрылып, дамып келеді. Демек, бізде құқықтық негіздердің дамуына қажетті база бар. Бірақ әлі де тындыратын істер жеткілікті. Міне, сондықтан да қолданылып жүрген заңдарды жетілдіре түсу бағытын батыл қолдайтын пікірлестер одағы болып табылатын осы қозғалыс өмірге келді. Біз бұл арада ешқандай коммерциялық мақсаттарды көздеп отырған жоқпыз және жас мемлекеттің қалыптасуына қоғамдық ықпал ету мақсатында өзіміздің негізгі жұмысымызды заңгерлердің, зиялы қауым өкілдері мен студенттердің күш-жігерін біріктіруге бағыттауды жоспарлап отырмыз.

“Құқықтық Қазақстан үшін” қозғалысы кейбір саяси күштер қоғамды дүрліктіру өрекетін жасай бастаған өте күрделі уақытта өмірге келгенін атап көрсету қажет. Қоғамда болып жатқан өзгерістерді сезіне отырып, біз күнделікті оқиғалардан тыс қала алмағандықтан, осынау жауапты міндетті — мемлекеттің құқықтық реформаларды жүзеге асыруына барынша жәрдемдесуге бет бұрдық. Біз мемлекеттік биліктің құқық тәртібін қамтамасыз ету, қылмысқа қарсы күрес жүргізу және қылмыстардан зардап шеккен азаматтардың құқықтарын тиімді қорғау жөніндегі кез келген күш-жігерін қолдап отыратын боламыз.

Екінші жағынан алғанда, әрбір азаматтың білікті заң көмегін алу құқығын жүзеге асыруына жәрдемдесетін боламыз. Мемлекет үшін әрбір қазақстандықтың санасына шынайы демократиялық құқықтық дәстүрлерді сіңіру қашан да күрделі проблема болып келді, біздің міндеттеріміздің қиын болатыны да міне, осында.

— *Басқаша айтқанда, сіздердің іс-өрекеттеріңіздің негізгі бағыты құқықтық бағыт болғаны ғой. Ал жоспарларыңызда әлеуметтік міндеттерді жүзеге асыру көзделген бе?*

— Егер біздің шын мәнінде қоғамдық қозғалысқа айналғымыз келсе, біз осыны көздеп отырмыз, онда жергілікті жерлерде, азаматтар күні бүгінге дейін заңдар мен өздерінің құқықтарын жеткілікті білмейтін шалғайдағы елді мекендерде жұмыс істей білуді үйренуге тиіспіз. Өзгеше айтқанда, біз мүмкіндігінше халыққа жақын болуға және мемлекеттің азаматтардың құқықтарын қорғау ісіне барынша көмектесуге тырысамыз. Осы мақсатпен қозғалысқа үкіметтік емес, құқық қорғау ұйымдарын, қоғамдық бірлестіктер мен саяси партияларды, сондай-ақ демократиялық, құқықтық және азаматтық қоғам құруға мүдделі қарапайым азаматтарды белсене қатыстыруға ұмтыламыз.

Біздің ойымызша, Қазақстанда құрылған көппартиялы құрақ жүйе құқықтық реформаны жүргізуге ғана емес, сондай-ақ бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыруға да кедергі жасайды. Қазіргі кезде саяси сахнада жетекшілері жеке бастарының мүдделерін немесе халықтың шағын тобының мүдделерін білдіретін партиялар баршылық. Олардың көпшілігі халық арасында бедел жинау мақсатында өтпелі кезеңнің қиындықтарына байланысты азаматтардың бір бөлігінің наразылық білдіру санасын пайдалануда. Сондықтан олардың бірде-біреуі халықтың басым бөлігінің қолдауына ие болатын жалпыұлттық, жалпымемлекеттік идеяны ұсына алмады.

Біз нәтижесіз саяси пікірталастар мен өзара айыптаулардан арылып, қоғам мен халық үшін пайдалы болатын нақты іс-әрекеттерге көшетін уақыт келді деп есептейміз. Таяуда бір топ ғалымдармен болған кездесуде біздің жалпыұлттық, жалпымемлекеттік идеямыз — біздің тәуелсіздігіміз, біздің егемендігіміз деп Президент өте дәл айтты.

Осыны басшылыққа ала отырып, біз балама нұсқа ретінде мынадай идеяны — құқықтық шынайы татулық, еркін нарықтық экономика, заңның үстемдігі қағидаттарына негізделетін құқықтың мемлекетті нығайту жолымен республиканың тәуелсіздігін сақтау және баянды ету идеясын ұсынамыз.

— Сіздердің қозғалыстарыңыз мемлекеттік құрылыстың болашағын қалайша болжайды?

— Біз бүкіл халық сайлаған Президент іс жүзінде елімізде жоғары билікті жүзеге асыра алатын президенттік республика болуын қолдаймыз. Бұл Парламенттің рөлін төмендету деген сөз емес. Бұл тұрғыдан алғанда, қозғалысымыз осымен бір мезгілде ақырғы нәтиже үшін жауаптылықты арттыра отырып, республиканың мемлекеттік құрылыс жүйесінде өкілді биліктің тиімділігін күшейту бағытын қолдайды. Оның үстіне, біздің қозғалысымыз елімізде

парламентаризмді одан өрі жетілдіру үшін қажет болатын заң жобаларының өз нұсқаларын жасап, ұсынуды көздеп отыр.

“Құқықтық Қазақстан үшін” қозғалысы елімізде заң бұзушылықтың күшеюі тенденциясына, оның ішінде, Үкіметтің өзі, түрлі деңгейлердегі әкімдердің заң бұзушылыққа барып отырғанына да назар аударуда. Мұндай құбылысқа қарсы аяусыз күрес ашу қажет, біз заңсыз актілердің қабылдануына мемлекеттік шенеуніктер жауаптылығының құқықтық тетіктерін жасап, қабылдауды ұсынбақ ойдамыз.

Сонымен қатар, елімізде мемлекеттілік пен демократиялық бастауларды нығайту үшін билік деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің ара-жігін белгілі дәрежеде ажырату керек. Мұнда мынадай жайды ұғынған жөн: кейбір партиялар мен қозғалыстар ұсынып отырған сол мезетте орталықсыздандыру терең әлеуметтік алапатқа ұрындыруы ғажап емес. Сондықтан алғашында әлеуметтік-экономикалық шындықты ескере отырып, жаңа жағдайларға өтуді ауыртпалықсыз қамтамасыз етудің құқықтық тетіктері анықталуы тиіс. Осымен бірге, біздің қозғалысымыз мынаған нық сенеді: Негізгі Заң — Конституцияны бұзуға болмайды, бірақ түзетулер енгізуді саяси өзеуреуге айналдырмастан, оны қоғамның мүдделері жолында өзгертуге болады және өзгерту керек те.

— *Қозғалыс мүшелері өздерінің сөзінде ҚР мемлекеттік-құқықтық саясаты тұжырымдамасының жобасын қолдады. Бұл қандай құжат еді?*

— Шын мәнінде, бұл бағдарламалық құжат, ол елімізде болып жатқан экономикалық және саяси өзгерістерге байланысты өмірге келген.

Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында-ақ жетекші заңгерлеріміз ұсынған құқықтық реформа бағдарламасын мемлекет басшысы қабылдаған болатын, ол толық көлемде жүзеге асырылды. Ендігі жерде мемлекеттік-құқықтық саясаттың жаңа тұжы-

рымдамасын айқындау қажет. Оның біз ұсынған жобасы 2010 жылға дейін есептелген. Онда қоғамды одан әрі демократияландыру тұрғысынан қарағанда Қазақстанның құқықтық дамуының негізгі бағыттары көрсетілген. Жоба талқылау үшін Президентке, Парламентке, Үкіметке, қоғамдық қозғалыстар мен партияларға жолданған.

Құқықтық мәдениет болмайынша, мемлекеттің жүргізіп отырған реформалары күрделене түсетініне қозғалыс көміл сенеді. Өйткені заңдылық пен тәртіптің негізінде ғана демократия жариялаған прогресшіл қағидаттарды жүзеге асыруға болады.

— Мақсұт Сұлтанұлы, Сіз қозғалыстың басшысы ғана емес, аса ірі оқу орнының жетекшісісіз. Сіздің қозғалысқа жастар қатыса ма?

— Қазірдің өзінде біздің қозғалыс мүшелерінің саны 10 мың адамнан асып отыр, олардың 40 пайызын студент жастар құрайды. Біздің ойымызша, еліміздің прогресс жолымен бұдан былайғы даму міндеттерін шешуде біз олардың белсенділігіне үміт артып отырған зиялы қауым өкілдері үлкен рөл атқаруға тиіс. Өкінішке қарай, олар әзірше салғырттық көрсетуде. Ал жастарға, ең алдымен студент жастарға келетін болсақ, болашақ зиялы қауым өкілдерін құрайтын табиғи резерв нақ осылар емес пе?

Нақ осы жастар бүгінде өзінің мәртебелі міндетін жауаптылықпен сезініп, прогресшіл идеялардың жақтаушысы және жаршысы ретінде ел өміріне белсене араласатын болса, мемлекетімізде демократиялық, құқықтық, азаматтық қоғам идеяларын жүзеге асыруға қабілетті нақты күштер сарқылмайды деуге толық негіз болады.

Айтылғандарды қорыта келе, біздің күш-қуатымыз әрбір қазақстандықтың көкейкесті проблемаларын шешуге бағытталуы тиіс деп ойлаймын. Біз өзіміздің бар қабілетіміз бен мүмкіндіктерді осындай жауапты міндеттерді ойдағыдай шешуге бағыттайтын боламыз.

ЗАҢДАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ — ЗАМАН ТАЛАБЫ

Құқық саясаты мемлекеттік бағдарламасының бұдан сегіз жыл бұрын қабылданған тұжырымдамалық қағидалары негізінен жүзеге асырылды. 1995 жылғы Конституцияның және демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекеттің негіздерін баянды ететін бірқатар конституциялық заңдардың қабылдануы оның басты нәтижелері болды. Құқық қорғау және сот органдары өздерінің күнделікті қызметінде жаңадан қабылданған кодекстер жүйесінің — Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу, Азаматтық, Азаматтық іс жүргізу және басқа кодекстердің нормаларын басшылыққа алып отырады.

Бүгінде бұл салада қол жеткен табыстарымыз баршылық. Алайда өткен жолымызға терең талдау жасамайынша, өмірдің түрлі салаларында туындайтын жаңа проблемаларды сезінбейінше ілгері жылжуымыз мүмкін емес. Қазақстанның заң саласының дамуындағы жүріп өткен жолымызға зер салатын болсақ, оның мынадай үш кезеңін бөліп көрсетуге болады.

Біріншісі — бастапқы кезең, бұл кезеңде мемлекеттің тәуелсіздігі және нарықтық экономика туралы алғашқы заңдар жасалды, 1993 ж. Қазақстанның бірінші Конституциясы қабылданды.

Екінші кезеңде саяси және экономикалық реформалар қарқыны жедел арттырылды. Нарықтық экономиканы таңдап алған еліміздің негізгі заңдары, Салық кодексі қабылданды, мемлекеттік-құқықтық жүйеге түбегейлі реформа жүргізілді.

Бүгінде — Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздігінің екінші онжылдығына аяқ басып отырған тұста оның үшінші кезеңі басталды. Бұл кезең экономикалық және құқықтық тұрақтану, заңдарды ұғыну және жүйелеу кезеңі болуға тиіс.

Біздің ойымызша, құқық ғылымының бұл кезеңдегі міндеттері заңдардың тиімділігі мен тұрақ-

тылығының теориялық және құқықтық негіздерін жасау болып табылады. Біз қабылданатын заңдар санының күрт азаюы қажеттігін қолдаймыз. Қазір еліміздің дамуына шұғыл түрде қажет болып отырған заңдар қабылданып, бос кеңістік пайда болған тұста үкімет пен парламентке кейбір топтардың тар өрісті мүдделерін қорғауға бағытталған шала-жансар заң жобаларының тасқыны лап қоюда.

— Бірақ экономиканың ырықтандырылуы және саяси билік институттарының демократиялануы негізінде тоталитарлық тәртіптің бұзылуы өлеуметтік инфрақұрылымдардың үйлесімді ұйымдастырылуын күткендегідей қамтамасыз ете алмады ғой...

— Мен одан да сорақысын айтайын. Мемлекет бақылауы мен қамқорлығынан толығымен немесе ішінара шығарылған өлеуметтік институттар дағдарыстық, ал бірқатар жағдайларда апаттық сценарий бойынша дами бастады. Мемлекеттің бұл салаға қатысудан өзін-өзі босатуы бірқатар шұғыл өлеуметтік проблемаларды туғызды. Алайда басқарудың өміршіл-өкімшіл жүйесіне оралу бұл жағдайды шиеленістіре түсуі мүмкін. Сондықтан бұл жерде азаматтардың мемлекетке тәуелсіз тіршілігі салаларынан өзара тиімді өрекетті іздестіруі стратегиялық басымдықтар қатарына көтеріледі. Бірақ бұл арада дереу бірнеше мәселе алға шығады.

Мемлекеттің бақылауына жатпайтын өлеуметтік салаға нені жатқызу керек? Мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы шекара қалай белгіленеді? “Мемлекеттен тәуелсіз” деген термин нақты нені білдіреді?

Осындай мәселелерді дұрыс түсіне білу Қазақстанның таяу жылдарға арналған мемлекеттік-саяси және құқықтық даму тұжырымдамасын жасауға мүмкіндік береді. Ол тек азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет құрудың алғышарттарын құруға келіп тірелмейді. Мұндағы негізгі мәселе азаматтық қоғам дамуының сара жолын айқындауға келіп

саяды. Біз бұл арада батыс менталитетін жетілдірудің бір ізге салынған модельдеріне ғана емес, сондай-ақ дәстүрлі дүниетаным мен ұлттық мәдениеттің рухани негіздерін қайта өркендетуге бағдарлануға тиіспіз.

— *Біз сөз етіп отырған құжатта Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы егжей-тегжейлі сипатталған және соңғы онжылдықтың нақты табыстары көрсетілген ғой...*

— Иә, соңғы жылдары болып өткен өзгерістер еліміздің әлеуметтік саласына айтарлықтай ықпал етті: халықтың табысы өсе бастады, жаңа жұмыс орындары құрылды, мемлекеттік бюджеттің әлеуметтік мұқтаждықтарға жұмсайтын шығындары өсті.

Алайда нарық өндірістің прогресшіл және айқыны құрылымын өзінен-өзі шешеді деп есептеу жаңсақтық болар еді. Нарық үшін аса ауыр тиетін міндеттерді орындау үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және басқа салаларға мемлекеттің араласуы қажет. Ол нарыққа тән болатын келеңсіз құбылыстарды түзетіп отыруға тиіс.

Мемлекеттің бұл салаларға араласуы кәсіпкерліктің, фирмалардың бәсекелестігі үшін тең жағдайлар туғызудан, монополияландырылған өндірісті шектеуден, экономикалық ресурстарды адамдардың ұжымдық қажеттерін қанағаттандырудан байқалуы жөн. Ол табыстың әділ бөлінуін қамтамасыз етуі керек, нарық мұны істей алмайды, ал мүгедектерге, балаларға, қарттарға, табысы аз отбасыларына жан-жақты қамқорлық жасалынуы тиіс. Еңбек рыногын реттеп отыру, өсіресе жастар арасындағы жұмыссыздықты азайту мақсатында жүйелі жұмыс жүргізу де мемлекеттің міндетіне кіргені жөн.

— *Бірақ Конституцияға өзгерістер енгіз-бестен, заңдарды одан әрі жетілдіре беру тиімсіз болып шықпай ма?*

— Әрине, қазіргі Конституцияның кемші-ліктері бар және олар Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық

жүйесінің дамуына кедергі келтіруі мүмкін. Біз сондықтан жоғары білікті ғалымдардан тұратын жұмыс тобын немесе ҚР Президенті жанынан Конституциялық комиссия құру арқылы ҚР Конституциясына кезеңдер бойынша және дәйектілікпен өзгерістер енгізу тұжырымдамасын ұсынамыз. Қазақстандағы құқықтық жүйенің толғағы жеткен мәселелері оның қызметінің негізгі объектілері болуға тиіс.

Бұлар азаматтардың өлеуметтік-экономикалық құқықтарын қамтамасыз ету кепілдіктерін күшейту, меншіктен тек сот арқылы айыру қағидатының мүлтіксіз орындалуы, парламенттің рөлін кеңейту, прокуратураның соттың пайдасына қызметін шектеу, Конституциялық сотты құру немесе Конституциялық кеңестің қызметін түбірімен қайта қарау, жергілікті деңгейде әкімдердің сайланбалы болуын енгізу немесе оларды мәслихатқа бағындыру. Өздеріңіз байқап отырғандарыңыздай, мұнда әңгіме Негізгі Заңдағы демократиялық бастауларды ұлғайтып, атқарушы биліктің қуаттылығын шектеу жөнінде болып отыр.

Конституциялық заңдарды одан әрі жетілдіру бірқатар маңызды нормативтік құқықтық актілерді, атап айтқанда, “Мемлекеттік органдар мен лауазым иелерінің іс-әрекеттеріне шағым жасау тәртібі туралы”, “Азаматтардың ұжымдық өтініштері (петициялары) туралы” Заңдар қабылдауды талап етеді.

— Соңғы уақытта қоғамдық пікір барған сайын республиканың қылмыстық заңдарын ізгілендіру идеясын алға тартуда...

— Өте дұрыс. Мемлекеттік-құқықтық саясат тұжырымдамасы жобасының авторлары да заңгер-құқықтанушылар ретінде мұны байқамай отырған жоқ. Сондықтан да біз өзіміздің құжатымызда осы бағыттағы бірқатар аса қажетті шараларды ұсынамыз.

Біріншіден, оны толық жойғанға дейін жеткізе отырып, өлім жазасының қолданылу саласын біртіндеп тарылта беру.

Екіншіден, аса ауыр деп танылмайтын қылмыс жасаған адамдарға бас бостандығынан айырмайтын жазаларды кеңінен қолдану керек. Мұнда ескеретін бір жай, қазақ халқының сан ғасырлық тәжірибесі мен “Жеті жарғы” заңдар жинағын пайдалана отырып, жазадан босатудың жаңа негіздерін жасауға болады.

Үшіншіден, болмашы қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарды бас бостандығынан айыруға тыйым салу керек.

Жазалаудың бостандықты шектеу, қамауға алу, өмірлік бас бостандығынан айыру секілді жаңа түрлерін көздейтін қылмыстық-құқықтық нормаларды дер кезінде күшіне енгізудің зор маңызы бар.

Қылмыстық іс жүргізу заңдары да одан әрі жетілдіре түсуді қажет етеді. Мұнда әңгіме қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында сот бақылауын одан әрі кеңейту туралы, оның ішінде айыпталушыны қамауға алу мерзімін ұзарту құқығын тек сотқа беру туралы болып отыр. Ал біз соттардың өздері қабылдайтын шешімдердің орындалуына іс жүргізу ықпалын күшейтуді, шығарылатын шешімдер үшін олардың жауапкершілігін арттыруды ұсынамыз. Сонымен қатар, қорғанатын тарапқа дәлелдемелерді жинап, тапсыру құқығын беру жолымен айыптау және қорғану теңдігі қағидатын іс жүзінде қамтамасыз ету керек. Кейін олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қабылдай отырып, ұйымдасқан қылмыстық топтарға енгізілген адамдардың (арнайы даярланған қызметкерлер, айыптау тарабының куәгерлері) айғақтарын дәлелдеме көзі ретінде танитын да мезгіл келді.

— *Қосымша заседательдер (қосшы билер) жөніндегі пікіріңіз қандай?*

— Біздіңше, қосшы билер соты адам құқықтарын қорғаудың басты кепілдіктерінің бірі болуға тиіс. Құқық тәжірибесіне бұл институтты енгізу, сөз жоқ,

қылмыстық сот ісін жүргізу бәсекелестігі қағидатын жүзеге асыруға, судьялардың, прокурорлар мен адвокаттардың кәсіби деңгейін және сот төрелігін жүзеге асыру сапасын арттыруға септігін тигізетін болады. Сонымен қатар, сотталушының кінәлылығы немесе кінәсыздығы туралы үкім шығару құқығын халықтың тәуелсіз өкілдеріне беру кеңестік сот төрелігіне ерекше тән айыптау бағыттылығын жойған болар еді.

Бастапқы кезеңдерде қосшы билер сотының қарауына аса ауыр қылмыстар жатқызылатын болады, оларды жасағаны үшін заң өлім жазасын белгілеуді көздейді. Тәжірибенің жинақталуына, мемлекеттің экономикалық тұрақтылығының нығаюына қарай қосшы билер сотының қарауына басқа да қылмыс түрлерін жатқызуға болады.

Бұл айтылғандарға қосымша ретінде мынаны қосқан жөн: соттарды одан өрі мамандандыру жөніндегі мәселелер шешілуі тиіс. Атап айтқанда, көмелетке толмағандардың істері жөніндегі соттар мен экономикалық соттарды, алдағы уақытта — өкімшілік соттарды құру қажет.

Ең соңында “Құқықтық Қазақстан үшін” қозғалысының сөзі мақұлдаған Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық саясаты тұжырымдамасының жобасы заңды, тең құқықтылық пен әділеттілікті құрметтеу қағидаттары негізінде жаңа қоғам құруға мүдделі барлық саяси партиялар мен қозғалыстардың талқылауы үшін ашық екенін айтқымыз келеді.

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ

Өзім жетекшілік ететін “Құқықтық Қазақстан үшін” республикалық азаматтық қозғалысы ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ жолында еліміздің саяси күштерін біріктіру үшін 2002 жылдың мамыр айының соңында алғашқы қадам жасады. Соған орай дайын-

далған Тұжырымдаманы қысқаша таныстыру үшін “Дөңгелек үстел” ұйымдастырылып, онда бірінші сөз республикамыздағы ірі ғалымдардың бірі — Қазақ гуманитарлық-заң университетінің кафедра меңгерушісі, философия ғылымының докторы Аманжол Қасабекулы Қасабекке берілген еді.

А.ҚАСАБЕК: — Біріншіден, біз қандай қоғамда өмір сүріп жатырмыз, қайда бара жатырмыз? Бұл сұрақтарға жауап беру үшін көптеген проблемалардың шешімін табу керек. Қоғамның мәртебесін анықтау үшін үш көзқарастың қажеттілігі белгілі. Оның біріншісі — ақпараттық мазмұндағысы, біз одан өттік. Екіншісі — өркениетті көзқарас. Біз бұл көзқарастарды жоққа шығармаймыз. Олар гуманистік, яғни адамгершілік маңызы бар жаңа көзқарастың құрамды бөліктері болып табылады. Гуманистік қоғам құру алдағы күннің шаруасы. Бұл қоғамдардың бір-бірінен айырмасы қандай? Біріншісі — дәстүрлі қоғам. Бұл табиғат пен қоғамның өзі билік құратын құрылыс. Екіншісі — азаматтық қоғам. Онда заң мен адам билігі салтанат құрады. Ал бүкіл адамзат бет алып бара жатқан үшінші қоғам гуманизм болып табылады. Барлық дәуірдің, барлық халықтардың ұлы ойшылдары осы гуманистік қоғамды құруға тоқтаусыз шақырып келеді.

Негізгі мәселе азаматтық қоғамның даму жолын таңдауда: әрі оны ұлттық мәдениетті, дәстүрді танудағы рухани антологиялық негіздерді сауықтыру түрінде түсіндіру керек.

Негізгі мәселе азаматтық қоғамның даму жолын таңдауда: әрі оны ұлттық мәдениетті, дәстүрді танудағы рухани антологиялық негіздерді сауықтыру түрінде түсіндіру керек. Құқықтық мемлекеттің және азаматтық қоғамның Тұжырымдамасы құқықтық азаматтық ахуалдың теңдігін паш етеді. Рухани дамудың дербестігін, әлеуметтік-экономикалық функциялардың әр тектілігін көрсетеді. Сондықтан да дәстүрлі мәдениеттің рухани-салауатты құндылық-

тарын саяси-құқықтық тұрғыда жетілдіру кәзіргі даму жағдайында адам мен қоғам арасындағы қарама-қайшылықтарды жоюдың құралы болуға тиіс. Біздің құрылтайда мақұлданған Тұжырымдаманың мақсаты осы. Бұл құжаттың өзі сегіз бөлімнен тұрады. Оның біріншісі — Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуы, екіншісі — мемлекеттің құқықтық негіздерінің дамуы, үшіншісі — мемлекеттік-құқықтық саясатта азаматтық-құқықтық қатынастарды жетілдіру, төртіншісі — қаржы және ақша айналымы саласындағы мемлекеттік саясат, бесіншісі — қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік-құқықтық саясат, алтыншысы — қылмыспен күрес саласындағы құқық қорғау орындарының қызметін күшейту, жетіншісі — халықаралық-құқықтық аспектілер және сегізіншісі — біздің негізгі ұстанымдарды жүзеге асырудың механизмдері.

Міне, негізгі бағдарлама осы. Біздің тұжырымдаманың қандай теориялық проблемалары мен практикалық қырлары бар? Негізгі мақсат — қоғамдық түсінікке ұласып, оны біздің жұмыстың негізгі құралына айналдыратын жаңа бағытқа жұмылдыру. **Біріншіден**, Қазақстан Республикасының Ата заңы негізінде жүзеге асатын теориялық ұстанымдар. Қазақстан Республикасының Ата заңы біздегі құқық қорғау қызметінің базисі есебінде өзін ақтады да. Біздің бүкіл жұмысты соның негізінде құруға болады. **Екіншіден**, біздің бағдарламада құқықтық салалардың негізгі актілері болып табылатын кодекске тиісті дәрежеде орын бөлінді. Заңдар жиынтығы емес, кодекс екенін баса айту керек. **Үшіншіден**, заңдағы актілердің ролі мен санын барынша азайту. **Төртіншіден**, саяси жүйелерді жария ету, азаматтық қоғам институттарын нығайту. Ендігі келесі кезектегі кезең гуманистік қоғам құрумен түсіндіріледі. Қоғамдық құрылымдар құрылуға тиісті. Бұл біздің бағдарламада көрсетілген де. Біздің қоғамымызда әлеуметтік

қарама-қайшылықтар көрініс береді, оларды құқықтық әдістермен шешу қажет. Бірақ жанжалдарға, дұрдараздықтарға жол бермеу қажет. Біздің “Құқықтық Қазақстан үшін” қозғалысының негізгі бағыттарының бірі — біздің заңдардың гуманизациясын өйгілеу. қылмыстық заңдардың адамгершілігіне Мәжіліс депутаттары, басқа да қоғамдық қозғалыстардың өкілдері баса назар аударып отыр. Мұнсыз гуманистік қоғам құру мүмкін емес. Жалпы саяси қызмет әдетте центризмге, сол және оң қанаттарға бөлінеді. Негізгі мәселе осы жерде туындайды. Бізде қандай саяси ағымдар бар? Меніңше, центризм Қазақстандағы басты саяси ағым. Алайда ол жаңадан туындап келеді. Ал оңшылдық мүлдем жоқ деуге болады. Біздің көп салалы қызметіміздің бөріне де тең дәрежеде қатынасуы үшін саяси қызметтің осы үш саласын да бір дәрежеде дамыту керек. Бір ғана ағымға күш салуға болмайды. Бізге салса, барлық қозғалыстарда, партиялар да осы үш ағымда болуға тиісті. Өз басым сіздердің ұсыныстарыңыз, пікірлеріңіз арқылы біздің Тұжырымдаманы байытуға болады деп ойлаймын.

Ғани ҚАСЫМОВ, Парламент депутаты, Қазақстан Патриоттар партиясының жетекшісі:

— Біз “Құқықтық Қазақстан үшін” атты жаңа қозғалыстың құрылымын дер кезіндегі іс деп бағалаймыз. Оның басында беделді азамат Нәрікбаевтың тұрғаны да қуантады. Мұның бәрі біздің қоғамның даму стратегиясын дұрыс таңдауға көмектеседі. Ата заңда мемлекетіміздің құқықтық екенін баса айтамыз, сондықтан бұл процестің біз үшін маңызы үлкен. Тұжырымдаманың бесінші пунктінде біздің заңдылықтарымыздың Ата заңға өзгеріс енгізілмейінше тиімсіз екені айтылған. Бұны біздің партия қолдайды. Ағымдағы Ата заңның кемшіліктері күн өткен сайын көбірек айқындалуда. Реформалау кезеңі аяқталды. Мемлекет басшысы атап өткендей, мұнымен ескі Конституцияның қызметі қоса аяқталады. Осы

Тұжырымдамада Конституцияда өзгерістер енгізу жағы қарастырылса дұрыс. Өмір өз жолымен өтіп жатыр. Бұрынғы белгіленген нормалардың қазіргі қоғамның дамуына кедергі келтіруі де мүмкін. Биліктегілердің барлық қызметінде транспаренттілік қаншалықты көп болса, елдегі демократияға соншалықты қолайлы болмақ. Қоғам алға дамымақ. Біз әр ретте демократия принциптерін нақтылап отыруға тиістіміз. Оның базалық принципі сайлау түрінде жүзеге асады. Бұл сөздің барлық деңгейдегі судьяларды сайлауға да қатысы бар. Біз, бірінші кезекте, сот жүйесінің, жергілікті жердегі атқарушы өкіметтің сайлануын қалаймыз. Концепцияның сегізінші пунктінде саяси жүйенің ырықтандырылуы туралы айтылып, қозғалыстың алға қадам басқаны атап көрсетілген. Біз оны қолдаймыз. Бұл Тұжырымдамада бүкіл партиялар мен қозғалыстардың мемлекетті басқаруға қатысуы көрініс берген. Сот жүйесінің сайлануы туралы заңды Конституцияға енгізу керек. Парламент өкілеттілігінің артуын Конституцияда биліктен тәуелсіз сала есебінде көрсету керек. Сот билігі де тәуелсіз болуға тиісті. Мұндай өкілеттілікті оларға халық береді. Парламент қабылдаған заңдар бәрінен жоғары тұруға тиісті. Оған тіпті Президент те бағынуға тиісті. Конституцияда партиялар туралы бір ауыз сөз жоқ. Ал іс жүзінде партиялар мен қоғамдық қозғалыстар туралы бөлек тарау болуға тиісті емес пе?

Ғ.ДУНАЕВ, “Отан” саяси партиясы төрағасының орынбасары:

— Осындай кең көлемді мемлекеттік құжатты талқылауға бізді шақырғандарыңыз көңілге қонымды. Біздің ұсыныстарымызды дәл осы жерде қабылдау міндет емес. Өйткені, ол сіздердің Тұжырымдамаларыңыз. Ал оның 2010 жылға дейін деп көрсетілуі қалай? Өзімізді өзіміз уақытпен шектеу дұрыс емес сияқты. Тұжырымдама дегеніміз — мақсат, оған көптеген адамдар еруге тиісті. Сіздердің қозғалыста-

рыңыз халық мүддесіне сай, қоғамды демократияландыру мақсатында жұмыс істейді. Біз ағымдағы Конституция қоғамның дамуын тежейді деген ойдағы кейбір өріптестердің пікіріне қосылмаймыз. Президентіміз таяуда Конституцияның өлі де күшінде екенін атап көрсетті. Бір билікті екіншісіне тәуелді ету, атап айтқанда, әкімдерді сайлап, оларды мәслихатқа бағындыру қисынға келмейді деп ойлаймыз. Сайланбалы билік — мәслихаттар, атқарушы билік — әкімдіктер болуға тиісті.

Анатолий ВОЛКОВ, “Қазақстанның қайта өрлеу” партиясының өкілі:

— Біз аталмыш тұжырымдаманың жетілді-рілуіне мүдделіміз. Конституцияда “Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени құндылықтардың сақталуына, тарих және мәдениет ескерткіштерінің қорғалуына атсалысуға міндетті” деп жазылған. Егер бұл заң тікелей әсер ететін заң болса, оның орындалуы біздің әрқайсымыздан да талап етілуге тиісті. Мен неге мәдениет мәселелеріне көңіл бөліп отырмын? Ең алдымен Конституцияда Қазақстан Республикасындағы ең басты құндылық адам және оның өмірі, оның құқығы мен еркіндігі екені айқын жазылған. Тұжырымдамада осы ұстанымдардың көрініс беруі керек. Рухани дамусыз алға жүру болмайды. Кәзір Қазақстанда қажетті заңдардың бәрі бірдей қабылданған жоқ. Рухани және мәдени өмір саласына қатысты біраз мәселелер қамтылмай қалды. Бірде-бір заң талдаусыз, өтпейді. Бұл жақсы нышан. Конституция — барлық заңның негізі. Оған негізгі ұстанымдар енгізілуге тиісті. Қоғамның дамуы үшін де бұл керек. Республикада партиялық жүйелер қалыптаспайынша сайлау туралы айтудың қажеті жоқ.

Евгений ЖОВТИС, Халықаралық адам құқығы және заңдылықты сақтау жөніндегі қазақстандық бюро директоры:

— Мұндай талқылаулардың оңтайлылығын айта кету керек. Елде саяси пікірталастар мәдениетінің

қалыптасуы жақсы құбылыс. Тұжырымдама құқықтық дамудың қажеттілігін көрсетеді. Мені алдымен адамның құқықтық еркіндігі, оның қорғалуы толғандырады. Конституцияға сүйенсек, құқықтық саясаттың алдында адам және оның құқығы мен еркіндігі тұр. Конституцияда оны ең жоғары құндылық ретінде атап көрсеткен. Егер біз одан қашсақ, Тұжырымдама негізінде үш-ақ нәрсе қалады. Ол — заңдылықтар, сол заңдылықтар қолданылатын институттар. Қазақстандық заңдардың негізіне бірінші кезекте не алынған? Мемлекет пе, әлде адам ба? Бұл сұрақта қағидаттық мағына бар.

Егер заңның негізі мемлекет мүддесіне орайластырылса, бұл адам құқығын жүзеге асырудың алғышарттары. Алайда бұл алғышарттар әртексті. Бұл жерде сұрақ туындайды. Қазақстандық заңдардың осы мақсатта дамуы мүмкін бе? Ең басты, концептуальды проблеманың бірі адамның еркіндігі мен құқығын жүзеге асыру болмақ. Мемлекеттің құқығы, еркіндігі содан кейін ғана. Адам бостандығын құқықтық қорғау үшін халықаралық құқықты пайдалану керек. Біз жыл өткен сайын қол қойған конвенциялар да көбейіп келеді. Ал олардың орындалуы қалай? Көңіл көншітерлік емес. Біздің заңдарымызға қараңызшы. **Азаптау туралы бірауыз сөз жоқ.** Біздің құқығымызда халықаралық құжаттарды, халықаралық өлшемдерді қолданудың маңызы зор. Тағы бір мәселе бар. Ол — заңның түсіндірілуі. Мұны көзір судьялар жүзеге асырады. Заңдарды түсіндіру оңай іс емес. Оның механизмдері тапшы. Құқықтық институттар қалай дамымақ? Олар қандай бағыт ұстанады? Прокуратуралардың қызметі қалай жүрмек? Полиция қызметкерлерінің ше? Егер осыған сай біраз мәселені айқындасақ, Тұжырымдама осы бағытта дамыса, практикалық нәтижелерге жетуге болады. Тұжырымдаманың даму барысында ең маңызды сұрақ тасада қалмауы керек. Ол — “ең маңызды не — мемлекет пе, жоқ әлде адам ба?”.

Азат ПЕРУАШЕВ, Азаматтық партияның басшысы:

— Аталмыш тұжырымдамада әлеуметтік қажеттілік бар. Маған екі қыры ұнады: экономикаға мемлекеттік араласудың шегін анықтау және мемлекеттің адамға қарым-қатынасы. Сонымен қатар бірнеше сын ескертпем де бар. Бұл тұжырымдама мемлекеттік құрылымдарға бағытталғандай әсер етеді. Осы орайда мемлекет оған қоғам жүктеген өкілетті атқаруы тиіс қой. Сондықтан қоғамға берілген іс-қызмет әлсіз көрініс тапқан. **Бұл процестегі БАҚ-тың ролі жөнінде бір ауыз сөз жоқ.** Мен концепция авторлары осы қарым-қатынастарды нақтылайтын тоғызыншы тарау енгізуді ұсынар едім. Қоғам өкілдері қандай өкілеттікке ие және қандай іс-қызмет атқаратындығын нақты белгілеу қажет. Мемлекет қоғамға сүйенеді, ал мен бұл тұжырымдамадан әзірге мұндай тірек байқамадым.

Гүлжан ЕРФАЛИЕВА, Қазақстанның демократиялық таңдауы Саяси кеңесі:

— Тұжырымдаманың негізіне Конституцияның Қазақстандағы билік көзі халық болып табылатындығы жөнінде айтылған 3-бабын алу керек. Бүгін біз қаламайтын саяси жүйемен беттесіп тұрмыз. Бізде не азаматтық, не құқықтық мемлекет жоқ. **Бұл тұжырымдамада ең әуелі құқықтық мемлекет кімдердің мүддесі үшін жұмыс істейтіндігін анықтау керек.** Кіріспесінде басты саяси мақсатты қойған жөн. Ал мен мұны сезінбедім. Құқықтық мемлекет неге қызмет ететіндігін бұл құжат жұмыс істейтін нысан арқылы анықтау абзал.

Петр СВОИК, “Азамат” қозғалысы:

— Тұжырымдамада ең бастысы — Конституция реформалауды талап ететіндігі айтылған. Бұл құқықтық, парламенттік мемлекеттің, тәуелсіз сот жүйесі бар елдің конституциясы болуы тиіс. Бүгінгі таңда заңгерлер, саясаткерлер және өзін демократияға жақын жағынан дәлелдегендердің қатысуымен

Конституциялық комиссия құру қажет. Егер демократиялық, парламенттік, конституциялық реформа болмаса, онда қазіргі жағдай жалғаса бермек.

Анита ЦОЙ, “Поколение” қозғалысы:

— Соттасу кезінде біздің қоғамдық ұйым, қозғалыс дегеннің не екендігіне нақты анықтама жоқтығына көзіміз жетті. Бұл кейбір басшыларға грант алған кезде қозғалыс мүшелері ретінде сөйлеуге, ал сол бойынша есеп берерде, т.б. бұрмалауға мүмкіндік жасайды. Осы жағдай қоғамдық қозғалыстар мен партиялардың жұмысына кері әсер етеді. Екіншіден — біз соттағы барлық хаттамалар қарындашпен жазылатындығын және диктафондарды пайдалануға рұқсат етпейтіндігін байқадық. Бұл да сорақылық. Мұны адам соттан ақталуға мүмкіндік алу үшін ескеру керек. Бізге барлық сырттай соттауды қойған жөн.

Еркін СҰЛТАНБЕКОВ, “Өркениетті әлем” мәдениеттану қоғамының төрағасы:

— Құжат елеулі кемшіліктермен ақсап тұр. Әлдебір даму жолдары туралы айтпас бұрын мемлекет пен қоғамның бүгінгі жағдайын нақты қарастырған жөн. Қазіргі біздің мемлекетіміз қандай? Өкінішке орай, бүгінде біздің барлық мемлекеттік органдарымыз антиконституциялық іс-қызметпен айналысып, бұл іс жүзінде заңға қарсы тәртіп билеп-төстеген қылмыстық мемлекетке алып келді. Менімен келіспеулеріңіз мүмкін, бірақ факті солай. Тұжырымдамада мемлекетімізде адам құқығы саласындағы халықаралық құқықтық актілер парламентте мақұлдануы жөнінде шаралар қолданыла ма деген мәселе көрініс таппаған. Бұл маңызды, өте маңызды. Үшіншіден, Президент Н.Назарбаевтың бір сөзінде қоғамдық сананың қылмысқа бөгуі жөніндегі айтқанына бәрі бірдей назар аудармаған тәрізді. Ол жағдай әлі алыста дегендей сыңай білдіргенімен, біздің қоғамда дәл осы қоғамдық сананың тұмандануы орын алып отыр. Егер лауазымды тұлғалар қазіргі

Конституциямызды орындамаса, ешқайсысын да атқарып жарытпасы анық. Қарапайым халық: “олар орындамаса, менің неге солай жасауым керек?” дейді. Сөйтеді де, күнкөріс үшін қылмыстық әлем қатарын көбейтеді. Сіздерде Конституцияны бұзушы лауазымды тұлғаларға не істеу керектігі көрініс таппаған.

Көрішал АСАНОВ:

— Біздің Конституциямыз 36-жылғыға өте ұқсас... Сіздердің газетте: “Құқық жоқ жерде — бостандық та, демократия да жоқ” деп жақсы жазылыпты. Нақты мәселені айтайын. Конституциялық Сот қайда кетті? Желтоқсан оқиғалары жылында ол өз қызметін тоқтатты. Не болды? Конституциялық Сотты қалпына келтіру керек. Барлық өркениетті елдерде Конституциялық Сот бар...

Асқар АХМЕТОВ, “Адамды қорғау” одағы:

— Біздің қоғамымыз, мемлекетіміз әлеуметтік күрделі реформалар жүргізілмейінше сіздердің тұжырымдамаларыңызды жүзеге асыра алмайды. Мемлекетті басқарудың жүйесі түбірімен қайта құрылғанда (бұл жөнінде Президент кеңесшісі Ертісбаев айтты) орындалмақ. Біздің “Адамды қорғау” одағының билік басына патриот-қозғаушыларды алып шығатын, бірнеше жылдар бойы жинақталған айрықша ғылыми негізделген идеялары бар. Бүгін біздің қоғамымыздың билігінің 90 пайызы немкеттілерден құралған. Билік те де, парламентте де солай. Мысалы, парламентте бала асырап алу жөнінде мәселе көтерілгенде “мен асырап алайын” деген бір адам табылмады. Сондықтан сіздердің идеяларыңыз үшін көптеген капиталистік елдердегідей, дәстүрден тыс шараларды қолға алу керек.

Ә.ӘЛЕНОВ, “Қазақстан Адвокаттар одағы”:

— Тұжырымдаманы жасаушылар өз ісіне байыппен қараған жоғары билікті азаматтар. Мұны неге айтып тұр десеңіздер, адвокат ретінде күн сайын дерлік азаматтар құқығына қол сұғушылықпен беттесемін. Әсіресе, бұл қылмыстық және қылмыс-

тық-процессуалдық заңдылықтарға қатысты. Әкімшілік құқықта да өзгертетін тұстар бар. Осындай жағдайда мемлекеттік органдардың іс-қызметіне қадалаушылық бақылауы жөнінде қандай әңгіме болмақ. Екіншіден, меніңше, қылмыстық-соттық атқару жүйесін жетілдіру жайында аз қамтылған. Тергеу орындарын беру қажеттігі екінші кезеңге қалдырылыпты. Мен күдіктілердің құқығын бұзушылықтың 95-98 пайызы дәл осы тергеу қамақтарында жасалатындықтан алдымен осыдан бастау керек деп санаймын. Яғни, бізде қылмыстық-атқару жүйесінің реформасы керісінше қойылған.

М.НӨРІКБАЕВ:

— Сіздердің әрқайсыларыңыз, әрбір оппозиция өз ой дөнегін айтты және егер оны нақ құқықтық деңгейде жетілдірсек, дөнек өсіп, жеміс береді. Сондықтан біз алғашқы құрылтайымызда қабылдаған және газетімізде жарияланған Тұғырнамамызда айтылғандай, барлық саяси күштерді, партиялар мен қозғалыстарды, біздің халқымыздың аға және жас буындарын ортақ мақсатқа жету — құқықтық, демократиялық мемлекет құру үшін сындарлы диалогпен ынтымақтастыққа шақырамыз. Меніңше, барлығымыздың бүгін осында бас қосуымыз — біздің қозғалыс Тұғырнамасындағы бірінші сөйлемдегі ойдың жүзеге асуына жасалған алғашқы қадам. Осындай бірлесу арқылы көптеген мәселелерді шешуге болады. Бүгін біздің дөңгелек үстел басында бірігуіміздің өзі — үлкен іс. Президентіміз халыққа Жолдауынан кейін Үкіметке Тұжырымдама жасауға тапсырма берді. Дәл осындай құжат бізге аса қажет, мүмкін, кейбір тұстарында уақыттан кешігіп жатқан шығармыз. Дегенмен, біз үшін кей тұста пікір жарыстыру арқылы белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге болатын осындай құжат керек-ақ. Бұл — біздің бірлескен құжатымыз болмақ. Мұның негізгі тұжырымы біздікі, бірақ ол Сіздердің ұсыныстарыңыз арқылы құралған. Ол мемлекет басшысына жолдана-

ды және жұмысшы тобы арқылы Үкіметтік тұжырымдама жасалмақ. Мана жақсы бір ұсыныс түсті. Тұжырымдамалық, атап айтқанда, Конституциялық өзгерістер жасау үшін Конституциялық комиссия құру керек делінді. Осылайша жалпы жолмен, мәселені “дөңгелек үстел” басында қою арқылы, Конституциялық комиссияға партиялар мен қозғалыстардың өкілдерін енгізу жолымен Президентке жолдау арқылы біз құқықтық мемлекет құрылысына атсалыса аламыз. Көне, бірігейік!

Біздің қозғалысымыз үшін бүгінгі кездесу бөріміз бірлесіп еліміздің игі болашағына алғышарт өзірлеудің басы болуымен құнды. Біздің мәселеге келу жолымыз әртүрлі, бірақ өз көзқарастарымызды неғұрлым жиірек салыстырған сайын біз солғұрлым өкіметті қандай да бір тұжырымды өзгерістер қабылдауға тезірек иландыратын боламыз.

БОЛАШАҚҚА БАСТАЙТЫН БІЛІМ БҰЛАҒЫ

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың 1994 жылғы 14 наурыздағы Жарлығына сәйкес Қазақ мемлекеттік заң институты құрылды. Оның алдына түбегейлі әлеуметтік-экономикалық қайта құру жағдайында елде өткізілетін құқықтық реформа міндеттерін шешуге қабілетті жоғары білікті заңгерлер даярлаудың маңызды міндеті қойылды. Ал биыл Қазақ мемлекеттік заң академиясы Қазақ гуманитарлық-заң университеті болып қайта құрылды, ол бүгінгі таңда құқық бойынша еліміздігі жетекші жоғары оқу орындарының біріне айналып, еуропалық студент-заңгерлер қауымдастығы (EISA-International) шығаратын Еуропаның заң оқу орындарының жыл сайын жарық көретін анықтамасына еніп отыр.

Біз өзіндік мәні зор университет туралы биыл талапкерлер жоғары оқу орнына тест сынағын тап-

сырып, үміті мен күдігі тең түскен өтпелі кезеңде арнайы айтуды жөн санап отырмыз. Әсірелеп жатпай-ақ нақты әрекеттерімізге ден қойсақ, Қазақстан Республикасындағы бірден-бір мамандандырылған жоғары оқу орнында, ең жоғары кәсіби білікті, таңдаулы профессор-оқытушылар құрамы жұмыс істейді.

Бізде студенттер жоғары білімге қойылатын жаңа талаптардың өзгешеліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, шет ел тілдерінің тереңдетілген курсы оқиды, оқу барысында электрондық оқулықтар мен мультимедийндық құралдарды пайдаланады, интернеттің басты жүйесінде жұмыс істейді.

Университет жанында 4 ғылыми-зерттеу институты (Мемлекет және құқық ғылыми-зерттеу институты, Жеке құқық институты, Әлеуметтік-саяси ғылыми-зерттеу институты, Заң актілері жобаларын сараптау және даярлау ғылыми-зерттеу институты) және 7 ғылыми-зерттеу орталығы (Халықаралық қыпшақтану, Салыстырмалы құқықтану, Криминологиялық зерттеу, Ислам құқығын зерттеу, Кәсіби тәжірибе, Педагогикалық заңтану, Психологиялық зерттеу орталықтары) жұмыс істейді.

Ғаламдық жағдайға бейімделген мамандар құқықтық ғылымының жаңа салаларын білуі қажет. Қайда және қай салада жұмыс істейтініне қарамас-тан, бүгінгі күннің заңгері қазіргі заманғы жария және құқықты, корпоративтік құқықты, салыстырмалы құқықтануды, әлемдік құқық тарихын жақсы білуі қажет. Осылар ескеріле отырып, бізге еуропалық заңнамалар мен АҚШ заң ғылымының өзекті мәселелері бойынша дәріс шетел тілдерінде беріледі, оның мақсаты — отандық және шетелдік заң орындарында және консалтингтік компанияларда жұмыс істеу үшін шетел заңнамаларын терең білетін мамандар даярлау. Студенттерді шетел тілінде өз оқушыларымен бірге АҚШ және Еуропаның көрнекті университеттерін бітірген Президенттік “Болашақ”

стипендиясының иегерлері, дипломатиялық миссиялар мен шетел компанияларының өкілдері оқытады. Онда Қазақстан және АҚШ, Еуропа елдері заңнамаларына салыстырмалы құқықтық талдау жасау әдістері қолданыла отырып оқытылады.

АҚШ және Еуропаның оқу орындарындағы сияқты бір топта 5-7 тыңдаушымен әңгіме (“Сократ әңгімесі” әдісімен) түрінде, студенттерді заң ғылымының өзекті мәселелерін талдауға тарта отырып өткізеді. Бұл біздің студенттерімізді заң қызметі саласындағы тез өзгертін қажеттілікке жедел, сенімді бейімделуге мүмкіндік туғызады. Осымен қат-қабат әрі қосымша оқу-ғылыми білім беру бағдарламасын жүзеге асырады. Оқу-ғылыми білім беру орталықтары курстарын бітіргенде белгіленген тәртіппен банктік қызмет саласындағы заңтану, қаржы және қаржылық қызмет, Қазақстан Республикасындағы салық және салық құқығы және кеден органдары жүйесіндегі сараптама бағыттар бойынша сертификаттар беріледі.

Аталған орталықтардың артықшылықтары сонда, олар студенттерге салық, қаржы, кеден органдарында және банктерде жұмыс істеу үшін мамандық алуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарлама республикадағы жалғыз және айрықша бағдарлама болып табылады және ол мазмұны жағынан білім беру қызметінің халықаралық стандартына сәйкес келеді.

Басқаны айтпағанда, халықаралық ұйымдардың гранттарын бірнеше қайта жеңіп алған, 2002 жылдың маусымында университет ұжымы халықаралық және еуропалық құқық саласында істейтін заңгер мамандар даярлауда 500 мың еуро сомасында Еуропалық кеңес грантын, “Еуразия” қорының екі грантын, “Сорос-Қазақстан” қорының үш грантын жеңіп алды.

Қазіргі кезде университетте біліктілікті жоғарылатудың үйлесімді жүйесі құрылған. Аспирантурадан және магистратурадан басқа Заң жоғары оқу орындары оқытушыларының біліктілігін жоғарыла-

ту, Әділет органдары қызметкерлерінің біліктілігін жоғарылату институттары құрылып, табысты жұмыс істеуде.

Жаңа заманда мамандарды даярлау үшін ҚазГЗУ-дің материалдық базасы қалыпқа келтірілген: оқудың қазіргі заманғы құрал-жабдықтары, жақсы жабдықталған қолайлы дәрісханалар және оқу бөлімдері жеткілікті. Қызметкерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы айтарлықтай жақсарды. Осының бәрі ұжымның табысты жұмыс жасауының дәлелі болып табылады. Профессор-оқытушылар құрамының тұрғын үй мәселесін шешу мақсатында Алматыдан университет қаражатымен отыз тоғыз пәтерлік тұрғын үй салынды, қазір Астана қаласында тұрғын үй салынып жатыр.

Профессор-оқытушылар құрамының кәсіби мол тәжірибесі барлық заң пәндері бойынша ұлттық оқулықтар, кодекстерге және басқа оқулықтар мен монографиялық әдебиеттерге түсіндірмелер бастырып шығаруға мүмкіндік беріп отыр. Сонымен бірге, заң білімі жүйесіндегі маңызды фактор оқуды әрі жедел, әрі үйлесімді жүргізу болып табылады. Жоғары дәрежедегі құқықтық білім алу кәсіби шеберлікке кепіл бола алмайды. Өзінің қабілетін студент тек қана тәжірибе арқылы тиянақты дағдыға айналдыра алады. Шебер ұйымдастырылған кәсіби тәжірибе студенттердің білім деңгейін сапалы түрде өсіруге мүмкіндік береді, болашақ заңгер мамандардың шынайы бәсекеге төтеп беруін қамтамасыз етеді. Құқық қорғау органдарының іс жүзінде барлық студенттерді міндетті практикадан өткізуге жағдайлары келмейді, сондықтан университет Кәсіби тәжірибе орталығын құрды, оған оқу соты, оқу прокуратурасы және адвокатурасы, оқу нотариаты, кезекші бөлімі және т.б. кіреді. Кәсіби тәжірибе орталығында студенттер тәжірибелі қызметкерлердің және оқытушылардың басшылығымен құқық қорғау органдарының құқық қолдану қызметтерін үйренеді.

Бізде сауатты өмір сүруді насихаттауға үлкен мән береді: спорт секциялары жұмыс істейді, спорттың әр түрінен жарыстарға қатынасады. Әртүрлі деңгейдегі жарыстарда студенттер чемпион болды және әртүрлі жүлделі орындарды иеленді. Біздің студенттеріміз “СПИД-пен күрес күніне”, “Есірткімен күресудің халықаралық күніне” арналған шараларға белсенді атсалысады. Осы жылдың маусым айында ҚазГЗУ Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен және БҰҰ Есірткі заттарға бақылау жасау басқармасымен бірлесіп өткізген “Студенттер есірткіге қарсы” 1 Республикалық студенттер ғылыми конференциясының бастамашысы болды және өз пікірлерін ортаға салды.

ҚазГЗУ-де заңгер-студенттердің Қазақстан қауымдастығы “Street Law-Razarstan” қоғамдық бірлестіктері белсенді жұмыс істейді. Студенттер кеңесі болса, Қазақстан жоғары оқу орындары арасындағы ең әсерлі және ең танымал студенттердің өзін-өзі басқару ұйымы.

Бізде өзіндік игілікті дәстүрлер де қалыптасқан. Үздік студенттердің аттары “Алтын кітапқа” жазылады. Қазақтың үш биінің құрметіне: Төле би және Қазыбек би, Әйтеке би, Н.Шайкенов, М.Оспанов, Ю.Ким атындағы атаулы шәкірта-қылар тағайындалған.

Соңғы кездерде заң жоғары оқу орындарында заң клиникаларын ұйымдастыру идеясы етек ала бастады. Біздің университет заң клиникасын алғашқы болып ұйымдастырды. Мұнда студенттер оқытушылардың және тәжірибелі қызметкерлердің жетекшілігімен әлеуметтік жағдайы төмен жандарға заң қызметтерін тегін көрсетеді. Заң клиникаларының негізгі мақсаты студенттерді іс жүзінде не істеу керек, қалай қабылдау, қолдану дағдыларына және заң кеңесін беру әдістеріне, құқықтық дауларды шешу ережелеріне, заң құжаттарын жазу мен толтыруға үйретеді. Өз жұмыстарына шығармашылық бейімділіктері өрістейді. Осы-

дан барып, студенттік кездің өзінде болашақ мамандардың кәсіби көзқарас тұжырымдары басталады.

Пікірталас клубтарында студенттер ғылыми және нормативтік құнды тәжірибе жұмыстарын меңгереді, республикада, халықаралық аренада болып жатқан оқиғаларға саяси және құқықтық баға беруді үйренеді. Біздің студенттеріміз “Хабар” телеарнасындағы “Азамат” және “Город будущего” бағдарламаларының тұрақты қатысушылары болып табылады.

Университетте вокальдық, би, фольклорлық-инструментальдық студенттер ұжымы, поэзияға әуестенушілер клубы, “Ораторлық өнер” клубы және басқа да мүдделер бойынша бірлестіктер табысты жұмыс істейді.

Біздің студенттер өз университетін жақсы көреді, құрметтейді, өйткені демократиялық қарым-қатынас, жұмысқа орналастыру мүмкіндігі ұнайды. Біздің университетте оқуды қалаған жастардың тандауы дұрыс.

...МАРШАЛ ЖУКОВҚА ДА ҰҚСАП КЕТЕМ

— Үстіміздегі жылы Президент Н.Назарбаев еліміздің аса ірі ғалымдарымен жүздесті. Онда осы заманғы ғылымның проблемалары қозғалды. Атап айтқанда, оған мемлекет тарапынан қолдаудың қажеттілігі жайында айтылды. Осыған орай Сіздің оқу орныңызда қандай өзгерістер болды?

— Мен өзіміздің оқу орнымызда мықты заңгерлер корпусының жинақталғанын мақтан тұтамын. Университеттің ғылыми-зерттеу қызметі аса басым бағыттардың бірі болып табылады. Бүгінгі ҚазГЗУ — ғылымды білім берумен интеграциялау идеясы шын мәнінде жүзеге асырылып отырған бірден-бір оқу орны. Бізде үш ғылыми-зерттеу институты — мемлекет және құқық, жеке құқық, заң актілерінің дайындау және сараптау институттары жұмыс істеуде. Компьютерлік тех-

нологиялар, салыстырмалы құқықтану, ислам құқығын зерттеу, қыпшақтану, психологиялық зерттеулер орталықтарын ашу келешектегі жоспарымызда тұр.

Жас ғалымдар кеңесіне ерекше үміт артамыз. Әр түрлі объективтік факторларға байланысты, оның ішінде өткізіліп жататын ғылыми шаралардан тыс қалуға, ғылым мен білім беру ісінің бытыраңқылығына орай көп ретте талантты жастардың күш-қуаты пайдаланылмай қалады.

“Темпус-ТАСИС” гранты көлемінде Еуропалық құқықты оқып-үйрену және экономикалық зерттеулер орталығын құру ҚазГЗУ-дегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының айтарлықтай жетістігі болып табылады. Өткен жылы бұл жоба Еуропалық комиссияның сараптамасынан өтті, мұның өзі университетіміздегі оқыту деңгейінің халықаралық білім беру стандарттарына сай келетінін көрсетеді.

Жалпы көлемі 400 мың еуродан асатын бұл грант үш жылға есептелген. Жобаның мақсаты — еуропалық білім беру стандартының оңды бағыттарын енгізу. Орталықтағы оқыту жұмысына ҚазГЗУ-дің оқытушыларымен қатар, Миланның католиктік, Кембридж, Утрехт (Нидерланды) университеттерінің профессорлары қатысады. Сабақ 2003 жылдың қыркүйегінен басталады. Қазір оқытушыларды алдын ала тілдік даярлау жұмысы жүргізілуде, өйткені мұнда оқыту тек ағылшын, неміс және итальян тілдерінде жүргізіледі.

2001—2002 жылдары алыс және жақын шетелдердің университеттерімен ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қою процесі белсенді түрде жүргізілді. Ол студенттер мен оқытушылар алмасуды, сондай-ақ жоғары оқу орындарында заң пәндерін оқытудың осы заманғы интерактивті әдістемелерін де алмасуды көздейді.

— Қазір көптеген мемлекеттік және жеке оқу орындарында заң факультеттері ашылған. Олардағы оқытудың деңгейі туралы ойыңыз қандай?

— Соңғы жылдары шынында да мемлекеттікке жатпайтын секторда ғана емес, сондай-ақ аймақтық мемлекеттік университеттерде де көптеген факультеттер мен заң университеттері негізсіз көптеп ашылды, ол ол ма, олардың көбі лицензиялау туралы заңда белгіленген ең төменгі талаптардың өзін орындамастан ашылған. Осының бәрі заң кадрларын даярлау сапасының күрт төмендеуіне әкеп соқтыруда. Бұл жағдайдың басты себебі — білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасының әлсіздігі, ең бастысы — профессор-оқытушылар құрамының сапалық деңгейінің төмендігі. Менің бұйырығыммен ҚазГЗУ-дің 12 филиалының 8-і таратылды, өйткені біз олардың профессор-оқытушылар құрамын қамтамасыз ете алмадық, материалдық-техникалық базасын лицензияның талаптарына дейін көтеріп үлгермедік.

Бүгінде біздің оқу орнымыздың қуатты материалдық-техникалық базасы, жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамы бар. Университетте 50-ден астам ғылым докторлары мен профессорлар, ҚР ҰҒА-ның 2 академигі, 4 корреспондент мүшесі, 100-ден астам ғылым кандидаттары жұмыс істейді. Бұған қоса, біздің оқу орнымызда басқа мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардан шақырылған заңтану саласының ірі мамандары дәрістер оқиды.

— *Жазда ҚазГЗУ-де маңызды оқиға болды — еліміздің аса ірі оқу орны акционерлендірілді. Сіз бұл жағдайды қалай түсіндіресіз?*

— Бұл оқу орнының акционерлендірілуі Үкіметтің мемлекетіміздің экономика саласындағы стратегиялық курсына жүзеге асыру жөніндегі шешімдеріне, сондай-ақ жоғары оқу орындарының және ғылыми-техникалық сала ұйымдарының бағдарламаларына сәйкес жүргізілді. Мұндағы мақсат: жоғары оқу орындары өз міндетін атқаруына қажетті қаражатты өздері табуға тиіс.

Республика Үкіметінің 1999 жылы бекіткен республикалық меншікке жататын жоғары оқу орын-

дары мен ғылыми-техникалық сала ұйымдарын акционерлік қоғамдарға айналдыру Ережелеріне сәйкес оқу орнының басым рөлін сақтай отырып, акцияның 100 пайызы мемлекетке тиесілі, мұнда мемлекеттік пакет сатылмайды, бірақ қосымша эмиссия жүргізіледі. Ал оның көлемі акциялардың 25 пайызынан аспауға тиіс. Олар заңды тұлғалардың — ұжым мүшелерінің арасында бөлінеді.

Бүгінде қосымша эмиссия шығарудың арқасында ҚазГЗУ-дің капиталы ұжымының нақты қаражаты есебінен 139 миллион теңгеге арттырылған. Университет қызметкерлерін еріксіз акция сатып алуға мәжбүр етті деп кінәлауға мынадай жауап айтамын: осы жылдың тамызында ЖШС мүшелерімен, сондай-ақ оларға кірмеген қызметкерлермен еңбек келісім шарттары жасалды. Акциялардың мемлекеттік үлесінің 45 пайызын оның негізгі ұстаушысы болып табылатын мемлекет сатуға қоя алады. Тағы да атап айтамын, сатуға қоя алады, бірақ әлі қойылған жоқ. Оны сатудан алынатын қаражат республиканың бюджетіне түседі. Қосымша эмиссия шығару да тек Үкіметтің билігінде.

“ҚазГЗУ” ЖАҚ-ының жарғысына сәйкес оның ғылыми кеңесі жоғары оқу орнының білім беру және ғылыми процесін алқалық басқару органы болып табылады. Оқу-тәрбие процесінің барлық мәселелері бойынша шешімдер қабылдау, мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес мамандықтардың оқу жұмыс жоспарларын бекіту оның ерекше құзыретіне жатады. Университет жұмысының негізгі мақсаты — білікті заң кадрларын даярлау және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Әлбетте, акционерлік қоғам ретінде университет ақылы қызмет көрсету арқылы қаражат табуға құқылы ғана емес, міндетті де. Оқу орны қызметінің бұл жағы акционерлердің жалпы жиналысы мен қоғам директорлары кеңесінің басшылығымен жүзеге асырылады.

— *Өзіңіздің де, отбасыңыздың да жағдайынан айта өтсеңіз дегім келіп отыр.*

— Менің әкемнің ағасы Оразбектің ұлы жоқ, екі қызы болған. Сен әлі балалы боларсың дейді де, інісінің жалғыз ұлы — менің әкем Сұлтанды асырап алады. Сондықтан ол Оразбеков болып жазылады. Ал мен өз тегімізді сақтау үшін әкемнің аты-жөнімен Нәрікбаев болып жазылдым.

Менің замандастарымның 90 пайызының өмірбаяны осыған ұқсас. Бәріміз де соғыста әкемізден, атамыздан, ағамыздан айрылдык. Ойын балалары “жетім” атағын таққанда мен тоғыз жаста едім. Мені ұдайы жәбірлеуші Ораз деген бала бес-алты жас үлкен болса да, мен онымен алыса кететінмін. Ізінше татуласып, бірге ойнап, балық аулауға бірге баратынбыз, бірақ “жетім” деген сөз соңымнан қалмады. Ол мені қашан да ширақ болуға, басқалардан қалып қоймауға мәжбүр етті.

Мен мектепте белсенді болдым. Әжем 8 жасымда бір қатарлы Қазан гармошкасында ойнауды үйретті. 7—8-сыныптарда жүргенімде мұғалімдерімді қоса алғанда, бүкіл ауылымыз демалыс күндері және үйлену тойларында менің гармоныма қосылып би билейтін. Осындай кішкентай табыстан кейін мен іштей өзімді жәбірлеушіге “Әй, Ораз, міне, көрдің бе, сенің әкең болса да, мен сенен кем емеспін” дейтін болдым.

Мына бір жағдай да менің өмірімді қамшылай түскен еді. Өзімнің болашақ жұбайыммен кездескенде шалғай жерде — Талдықорған облысының Ақсу ауданында адвокат болып істейтінмін. Ол Мәскеудің технологиялық институтын бітіріп, “Жетісу” аяқ киім фирмасында инженер болып істейтін. Екеуміз Алматыдағы досымның үйінде кездейсоқ таныстық. Оған деген сезімді “Бұл әлде махаббат па?” деген өлең жолдарымен жеткіздім. Бұл өлеңді алғашқы кездесуге келе жатып, троллейбус ішінде шығардым. Осы өлеңмен және бір килограмм “Мишка на Севере”

көмпитімен оның жүрегін жаулап алдым. (Әзіл, әрине).

Қасиет менімен бірге болу үшін артық сөз айтпастан, Алматыны және өзінің беделді жұмысын қалдыруға келісті. Кенет үш күн жоқ болып кетті... Кейін Қасиет мені өзі іздеп тапты. “Мен үйден қашып кеттім. Апайым саған тұрмысқа шығуға рұқсат етпеді” деді.

Сөйтсем, апасы “Мәскеудің дипломымен, осындай қызметіңмен ауылдың адвокатына бармақпысың? Еш уақытта да! Оның үстіне, енді үш күннен кейін сенің пәтер алатын кезегің келеді!” Осындай қоймалжың кеңестерден соң ол телефонды ажыратып, сіңлісін құлыптап кетеді.

Кейін Қасиет екеуміз батасын алу үшін оның әкесіне бардық. Ол дана қария екен. “Егер өзің ұнатсаң, — деді қызына, — жолыңнан қалма”.

Жұбайым мені қашан да демеп отыратын болды. Оның қостауымен кезекті демалысымды Ленинградта Салтыков-Щедрин атындағы Мемлекеттік кітапханада өткізетін болдым. Мен бұл кезде аспирантурада сырттай оқып, ғылыммен айналыса бастағанмын.

Өмірімнің келесі бір сатысына көтерілгенде жұбайыма “Сенің апайыңа барайық” дедім. “Галина Қадырқызы, — дедім қайынбике үйінің табалдырығын аттаған соң, — сіздің сіңліңіз тұрмысқа шыққан бір кездегі ауыл адвокаты аудандық соттың судьясы, кандидаттық, докторлық диссертация қорғады, Бас прокурор, Жоғарғы соттың төрағасы болды” дедім.

Мен мұның бәрін, әрине, әзілдеп айттым, бірақ Галина Қадырқызы: “Сен кекшіл адам екенсің, Мақсұт!” — деді.

Тоғышарлар айтатын мансап деген нәрсеге мен 50-ге жақындағанда жетсем де, өміріме разымын. Өмірімнің бірде-бір кезеңін — аудандық прокуратураның зерттеуші-стажеры кезімді де, қатардағы адвокаттығымды да, судьялығымды да өз тағдырым-

нан сызып тастағым келмейді. Бұлар менің өмір мектептерім!

Үштөбеде аудандық сотта істеп жүрген 1987 жылы кандидаттық диссертация қорғап, университеттің заң факультетіне оқытушы болу мақсатымен Алматыға аттандым. Бір ақ тағдыр басқаша шешті. Мен алғашында Әділет министрлігінде аға консультант болдым, одан соң Бас прокуратураға шақырылдым. Бұл жылдар менің БАҚ-пен тығыз араласқан кездерім еді. Нақтырақ айтсам, менің жедел өсуіме БАҚ көмектесті, мен бұған қуаныштымын. Екі жыл бойы Қазақстанның оңтүстік аймақтары үшін және қазақтар жиі қоныстанған Қытайдың кейбір аудандарына арнап, “Алатау” телеарнасында “Заң және уақыт” бағдарламасын жүргіздім, газет беттеріне де жиі шығатын едім.

Прокуратурадан соң Әділет министрлігіне қайта оралдым, мен басқарған бөлім кейін заңдар және құқықтық қамтамасыз ету басқармасы болып жаңарып құрылды. Бұл қоғамды демократияландыру, Кеңес Одағының ыдырау жылдары еді. Қоғам бұл кезеңде заңдарды әзірлеуге зәру еді. Біздің басқарма бүкіл министрліктің назар аударатын орталығына айналды. Мен бұл кезеңді мақтан етемін, өйткені министрліктің бір құрылымын басқара отырып, біздің жас тәуелсіз мемлекетіміздің алғашқы заң жобаларын әзірлеуге қатыстым. Менің кәсіби мақтан тұтатын объектілерімнің бірі — діни бірлестіктер мен конфессиялар туралы заң болды, оның мақсаты қоғамның, билік пен діннің қарым-қатынасын реттеу еді. Мен осы заң жобасын жасаушылар тобының жетекшісі болдым. Қазір оған түзетулер мен өзгертулер енгізу мәселесі көтеріліп жүрсе де, ол республикадағы тұрақтылықты сақтау үшін негізгі тетіктердің бірі болды.

Осы кезден бастап менің қызметім өрлей түсті. Көп кешікпей, алдымен Президент Аппараты мен Министрлер Кабинетінің сектор меңгерушісі,

мемлекеттік-құқықтық бөлім меңгерушілігіне шақырылдым. Бұдан кейін Бас прокурордың орынбасары, Жоғарғы сот төрағасының бірінші орынбасары, Бас прокурор, Жоғарғы соттың төрағасы қызметтерін атқардым. Қазіргі қызметім — ҚазГЗУ ректоры: Бұл оқу орнының маған дейінгі ректорлары Е.Нұрпейісов, Н.Шайкенов оның қалыптасуы үшін көп еңбек сіңірген азаматтар.

ҚазГЗУ-дің көптеген жақсы дәстүрлері бар. Атап айтқанда, университет Фемидасын сайлау, студент атану рәсімі, университеттің туған күнін мейрамдау, КВН өткізу, пікірталас клубына қатысу. Өткен жылы тағы бір жақсы дәстүр өмірге келді: университет бітірушілер Конституцияға ғана бағыну жөнінде Фемидаға ант береді. Мен заңгердің анты жөнінде ұзақ жылдар армандадым. Оның мәні — болашақ судьялар, тергеушілер мен адвокаттар мәселені қарауда “телефон құқығын” емес, Заңды ғана басшылыққа алуға тиіс.

— *Сіз неліктен заңгер мамандығын таңдадыңыз?*

— Мені мектепте көп нәрсе қызықтыратын. Өлең, өңгімелер жаздым, Есенин, Пушкин өлеңдерін қазақ тіліне аудардым, сурет салдым, фотосуретпен өуестендім, музыка аспаптарында ойнадым. 8—10-сыныптарда көркемөнерпаздар үйірмесіне қатыстым. Қоюшы режиссер ретінде спектакльдер қойдым, оларға оқушылармен бірге мұғалімдер де қатысты.

Мектеп бітірген тұста аудандық комсомолда істейтін туысым Алматыға барып, тек ауыл шаруашылық институтының орман факультетіне түсуге кеңес берді, ол кезде бізде орманшылар өте дәулетті адамдар деп саналатын. Шешем бір танасын сатып, мен өзімізден не бары 260 шақырым жердегі астанаға тұңғыш рет аяқ бастым. Бірақ ол жылы институттан жолым болмады. Тағдыр мені Украинадағы Днепродзержинскиге жөнелтті. Онда ішінде Қазақстанның болашақ Президенті бар 70-ке тарта жас қазақстандықтармен бірге №8 техникалық училище-

де оқып, металлург мамандығын алдым. Қызыл диплом алсам да, салынып жатқан Қарағанды металлургия комбинатында менің қыздыру пештерінің пісірушісі мамандығымен жұмыс істейтін цех болмағандықтан, туған ауылыма оралдым. Алдымен клуб меңгерушісі, одан соң өзімнің Талдықорған ауданында аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі болдым. Тіпті кәсіби кинорежиссерлікке де ұмтылған кезім бар.

Өмірімнің бұл кезеңдерін мен еш қомсынбастан еске аламын. Қолтығыңнан демеп жіберетін өкең де, ағаң да болмаса, қарт анаң мен өжең үшін бір өзің ғана тірек бола алатын жағдайда жұмысыңның беделді болуын ойлап жататын уақыт жоқ. Керісінше, осы кезең менің өмірімде шешуші орын алды. Кейде көңіл құлазып, денем ауыр тартқанда, жеке бөлмеге кіріп, қылқаламмен пейзаж саламын. Шаршаған сәттерімде қолыма баянымды алып, құдды шайқас алдындағы маршал Жуковқа ұқсап, құлшына ойнаймын. Бұл дегеніңіз адамды керемет сергітіп, сейілтеді.

Талдықорған облыстық радиохабарларын тарату және телевизия басқармасының алдымен тілшісі, одан соң қоғамдық-саяси бөлімінің редакторы болып біраз уақыт жұмыс істеген кезім де есімде жақсы сақталды. Былайша айтқанда, мен төп-төуір журналист болдым. Менің екі тілде жазған материалдарым радио тыңдаушылардан жақсы баға алып жүрді.

Осы қызметтердің бәрі болашақта менің нағыз судья болуыма көмектескен болар. Өмірдегі түрлі қиындықтарды ескере отырып, мен қашан да объективті шешім шығаруға тырыстым.

Мен қалайша заңгер болып шықтым? Бұл мүлде кездейсоқ жағдай еді. Жоғары білім алу деген арманыммен 1962 жылы тағы да Алматыға келдім. Бір туысым орта милиция училищесіне түсуге көмектеспекші болды. Онда толығымен мемлекеттің қамқорлығы жасалады деді. Оның емтихан қыркүйекте басталатындықтан, ҚазГУ-дің заң факультетіне

барып көрейін дедім. Сөті түсіп, емтихандарды өте жақсы тапсырдым, бір ғана төрттік алдым. Сөйтіп, студент атандым. Бірақ, бірінші курстан соң мені аттай үш жылға армияға алып кетті. Одан соң материалдық жағдайларыма байланысты сырттай оқуға тура келді.

— *Сіз Қазақстанның құқықтық қозғалысының бас-тамашысы болдыңыз. Сіздіңше оның болашағы қандай?*

— Ашығын айтайын. Менің ешқашан жария саясатпен айналысу деген ниетім болған емес. Президенттің сенім білдіруімен билікте қызмет атқардым, қалған өміріме университеттің проблемалары да жетіп артылады.

Қазақстанның Демократиялық таңдауы өмірге келген сәтте менің ойыма құқықтық қозғалыс құру идеясы оралды. Адамдардың өз идеяларын жүзеге асыру үшін ұсынған тетіктері, меніңше, тек төңкерістік сипатта секілді. Ең бастысы, олар елімізде соңғы 10 жыл ішінде қол жеткен жетістіктерді жоққа шығарумен болды. Демократиялық таңдау Алматыны дүрліктіріп жатқанда, оның жетекшілеріне барып: “Жігіттер, не істемекшісіңдер? Референдум өткізу жөніндегі талаптарың заңға қайшы келеді... дедім. Міне, осы кезде менің үнімді қоғамға естірте алатын өлде бір қоғамдық бірлестік құру ойы туды”.

Біздің қозғалысымыздың бірден-бір міндеті — халықтың құқықтық білімін арттыру және заң шығару қызметіне нақты қатыстыру арқылы билік құрылымы мен қоғамға құқықтық демократиялық мемлекетті тезірек қалыптастыруға жәрдемдесу. Біз сайлау жәшіктерінің алдында тұрған халықтың мемлекет үшін, шынайы қызмет ететіндер үшін, еліміздің бүгінгі мен ертеңі үшін саналы түрде дауыс беруін қалаймыз. Біз бұл мәселеде ең алдымен зиялы қауым мен студент жастарға сүйенеміз.

— *Сіз ректор болғанға дейін еліміздегі қалың оқығалар мен күрделі проблемалардың бел ортасында*

жүрдіңіз. Жоғары оқу орнына жетекшілік ету жан тыныштығын ойлаған адамның әрекеті болып көрінбей ме?

— Мүлде олай емес. Мен күнде кешкі сағат 9-ға, кейде 10-ға дейін жұмыста боламын. Бүгінгі ҚазГЗУ — бұл құрамында 10 мың адамы бар үлкен ұжым, оның 7 мыңы — студенттер және 3 мыңы — профессор-оқытушылар мен қызметкерлер, ал Жоғарғы соттың ұжымы 48 судья мен аппараттың 140 қызметкерінен тұратын.

— Сіздің жұбайыңыздың ірі кәсіпкер екені мәлім. Шынықтыңды айтыңызшы, қазір кім кімді асырап отыр?

— Әрине, менің жұбайым, сіз айтқандай, ірі бизнесмен болмағанымен, айтарлықтай табысы бар. Менің қазіргі жалақыма біздікі секілді үлкен отбасын жеткілікті дәрежеде асырауға бола қояр ма екен. Қасиет Қадырқызы екеуіміздің алты баламыз бен алты немереміз бар. Жұбайымның бизнеспен айналысқанына 15 жыл болды. Ол тіпті мен Жоғарғы сот төрағасының бірінші орынбасары болып тұрған кезімде де Әмиратқа, Қытай мен Иранға шоп-турларға барып тұратын. Менің айтқаным сенбеуіңіз мүмкін, бірақ күйеуі жоғары билік буынында қызмет ететініне қарамастан, ол осы жылдар ішінде жеңілдетілген несиелер алып көрген емес. Мен оның жұмысына араласқан емеспін. Достарым, тіпті менің анам да оның қызметін ұнатпай жүрді. Ал мен осы заманғы әйел өзіндік тұлға болуға тиіс деп есептеймін.

Мен әйелімнің қай тұрғыдан қарағанда да тәуелсіз болғанын мақтан етемін. Реті келген жерде жұбайымның арқасында ешкімге жалтақтамай, бөгденің қалтасына көз салмай, өзімнің сүйікті ісіммен айналысып жүргенімді сеніммен айта аламын. Біздің осындай ұзаққа созылған отбасылық бақытымыздың құпиясы неде деп сұрайтындарға мен әдетте “әйелімнің даналығында” деп жауап беремін. Менің де мінезімді мақтауға болмас, бірақ жұбайым

кейбір еркектік қылықтарымды кешіре алады, менің барлық туыстарыммен және достарыммен ортақ тіл таба алады.

— *Осыдан екі жарым жыл бұрын сіз сол кезде не бары 23 жастағы жігітті проректорларыңыздың бірі етіп тағайындадыңыз...*

— Бұл жігіт мен ректор болып тағайындалған соң үшінші күні қабылдауымда болды. Жанындағы үш достарымен бірге келген бұл жігіттің түрі маған таныс болып көрінді. Оның аты-жөні Нұрлан Өтешев, белгілі КВН-шы екен. Ол өзінің Астанаға кетіп бара жатқанын, ал маған КВН командасын таныстырмақшы екенін айтты. Сөзіне, көзіне қарап, ақылды жігіт екенін бірден байқадым. “Өз командама алсам, қалай болар екен?” — деп ойлады. — Осылардың өздері болмаса, жастармен кім емен-жарқын сөйлесе алады? Ал біз, аға ұрпақ, олармен кездессек, тек ақыл айтып кететіміз бар ғой”. Мен тәуекелге бардым да, оған тәрбие жұмысы жөніндегі проректордың қызметін ұсындым. “Егер студенттер сені өздерінің көшбасшысы ретінде қабылдап, соңынан ілесер болса, онда сен менің сенімімді ақтадың деп есептеймін” дедім.

Әрине, ұжымымыз бұл тағайындауды түрліше ұғынды. Тіпті жас емес, сарыауыз проректорға жан-жақтан “шабуылдар” басталды. Кешегі студенттің бұйрық беріп қана қоймай, өзінің ұсыныстарын орындауды табандылықпен талап етуі көптеген декандар мен кафедра меңгерушілеріне ұнамады. Әсіресе 23 жасар проректордың қызмет машинасына мініп жүруі оларды қайран қалдырды.

Тағы бір мысал. Осы кеше ғана мен өзімнің бұйрығыммен “ҚазГЗУ” ЖАҚ президентінің жастар саясаты жөніндегі көмекшісі лауазымын енгіздім. Бұл лауазымға бұған дейін біздегі Студенттер одағының төрағасы болып келген, университеттің осы жылғы түлегі Айдар Асанбаев тағайындалды.

— *Осындай қарбалас істер арасында ғылыми еңбекпен айналысу шет қалып қоймай ма?*

— Уақытымның көбі нақты мақалалар жазу ауқымынан аса алмай жүр. Жалпы алғанда, таяуда барлық ұйымдастыру жұмыстары аяқталып, айтарлықтай ғылыми жұмыстарға бет бұратын болармын деп армандаймын. Менің ойымда билердің тарихымен, сот ісін жүргізу және қазан төңкерісіне дейінгі қазақ қоғамындағы сот құрылысы тарихымен шұғылдану жоспарлары бар. Ал қазір бірқатар адамдар сот қызметін атқару тарихы ғана емес, сондай-ақ біздің мемлекетіміздің тарихы да 1917 жылдан басталады деуге бейім болып жүр. Бұл ретте билер сотының алғашқы реформасы ІІ Екатерина кезінде жасалғанын айтқан жөн. Ол қабылдаған шешімге сәйкес соттар Ресей Империясының аймақтық соттарына бағынатын болған. Мен өзімнің “Ұлы билерімізден Жоғарғы сотқа дейін” деген кітабымда, (“Атамұра”, 1999 ж.) мысалы, біздің дәуіріміздегі бесінші ғасырда өмір сүрген билердің есіміне, сондай-ақ біздің арғы алыс атамыз Майқы бидің Шыңғысханның оң қолы болғанына назар аудардым. Сол заманның өзінде жоғары деңгейде жазылған Заңдар жинағы болған. Осы жинақтың арқасында қатаң тәртіп орнатылған мемлекет ұйымдастырылған. Заңның үстемдігі мүлтіксіз сақталған нақ осындай құқықтық негіздердің болуы сол заманда Қазақстан аумағында өмір сүрген мемлекеттің даңқты жеңістерге жетуі мен ұзақ өмір сүруінің басты шарты болғаны күмән туғызбайды.

ҰЛТ ОЖДАНЫ — ЗИЯЛЫЛАР

Еліміздің көгінде тәуелсіздік туының желбіреп тұрғанына, міне, он жыл болды. Мемлекетіміздің алғашқы қадамынан бастап, қазіргі күнге дейінгі жай-жағдайы бөріміздің көз алдымызда. Ата-бабаларымыз армандаған тәуелсіздік бүгінгі ұрпақ — біздерге ақыл-ой, білімімізді, күш-қуат, қайратымызды өз еркімізбен, өз елімізге, өз халқымызға жұмсауға

мүмкіндік тудырды. Ал, ол мүмкіндіктің мәні аса зор жауапкершілікке өкеп саяды. Міне, сондай аумақты да салмақты жүкті арқалаған азаматтар сіздер мен біздер десем, артық айтқандық болмас.

Баршаңызға белгілі, қазақ халқының көне тарихындағы күллі күрестер негізінен азаттық, бостандық үшін болған. Кеменгерлеріміздің келелі кеңес, кең ойлары, батырларымыздың батыл қимылдары мен шешендеріміздің өткір тілдері сондай күрестердің басты қаруы болды. Сол бабаларымыздың ерліктері мен бай тарихтарынан тәлім алмай, болашақты дұрыс болжау мүмкін емес. Осынау игілікті де, ізгілікті істерді жүзеге асыруда зиялы қауымның атқарар қызметі орасан зор. “Зиялы” деген сөзде үлкен мән-мағына бар.

Зиялы адам қай заманда да, халық небір қиын, аумалы-төкпелі уақытты басынан кешіп, тығырыққа тірелген шақтарда барлық уақиғалардың басы-қасында болып, өзінің мол ақылы, терең білімі, зор беделімен халықты дұрыс жолға бастап, бағыт-бағдар беріп отырған.

Тарихқа зер салсақ, ұлы даламыздың бетінде: сак, ғұн, түрік, үйсін, қаңлы, оғұз, қалмақ, қыпшақтар өмір сүріп, қағанаттар мен хандықтар құрып, ғасырлар қойнауына кетті. Бірақ олардан бай мұра қалды. Мәдени дәстүр, салауатты салт, тұрмыстық өдет-ғұрыптар қалды. Сол баға жеткісіз байлықтарды халықтың рухани қазынасы деп қадірлеп, бүгінгі ұрпақтың көдесіне жаратушылар да — зиялылар.

Әділін айту керек, біздің бабаларымыздың Еуразия халықтарының тағдырларында да шешуші рөл атқарған уақыттары болды. Бітімшіліктің, бірліктің тұтқасын да ұстады. Тіпті, “дүние кезек” дегендей, бастарынан бақ тайып, өлім мен өмірдің аралығында тал қармаған кездері де кезікті. Жойылып кету қаупі де төнді. Сондай қатерлі шақтарда “елім-жұртым” деген азаматтар ерен ерліктерге барды. Сөйтіп, Ұлы Отанын, халқын сақтап қалды.

Біздің бүгінгі ұғымымызда “зиялы қауым” дегеніміз, ғылыми, саяси, шығармашылық еңбекпен шұғылданатын, қоғамның мәдени-рухани жетістіктерін мейлінше дамытатын, оны халыққа жеткізетін алғы саптағы жетекші жандар.

Біздің арғы аталарымыз бірінші мыңжылдықтың орта тұсында Еуропа мен Азия елдері санасатын қуатты империя құрып, өзінің жазу-сызу мәдениетімен де ерекшеленді. Тасқа ойылып жазылған сол Орхон-Енисей жазбаларына қарасақ, бабаларымыздың сол көне дәуірдің өзінде-ақ егемендік пен тәуелсіздікке ерекше мән бергендігін байқаймыз. Олардан Ұлы мәдениет, ұлағатты ұрпақ қалды. Алып тұлғалар — “Түрік даналары” өсіп шықты.

Екі ғасырдан аса уақыт шаңырақ көтеріп, күллі әлемді тігіренткен Алтын Орда құлап, ыдыраған кезде, өз алдына дербес мемлекет құрып, ірге көтерген халқымыз “Отан” деген ұлы ұғымға тағы да ие болды. Ал оған көз алартушылар да, қолдарына қару алып, шапқыншылық жасағандар да табылды. Бір ғана Жоңғар шапқыншылығының өзі халқымызға қандай қанды қырғын, қасірет әкелді? Міне, осындай сұрапыл, қанды ғасырларды бастан кешіріп, көзін аша көргендері жойқын соғыс, қилы шайқастар болса да, бабаларымыз байсалды ойлап, байламды сөз айта білген.

Тіпті, Ресейге бодан болғанның өзінде де халқымыз тәуелсіздіктен үміттерін үзіп, “құдай салды, біз көндікке” біржолата бара қойған жоқ. Күштеп бағындырғандарымен, еркін өскен елдің ерлері еңкеймеді.

Сол кездерде аттары әлемге танылған Шоқан, Абай, Ыбырай сияқты тұлғалар өмірге келіп, ұлтымыздың тектілігі мен зиялылығын айқындап берді. Олардың ізін баса білімді, көзі ашық, көкірегі ояу қазақ азаматтары лек-легімен көріне бастады. Олардың арасында халқына қалқан болуға талпынған тарихи перзенттер көп еді. Бірақ көбінің жарқын

бейнелерін уақыт шаңы басып, көмескілендіріп жіберді.

Санкт-Петербург, Мәскеу жоғары оқу орындарында оқыған ат төбеліндей ел зиялылары патшалық Ресейдің қазақ даласында жүргізіп отырған саясатына наразылық білдірді. Олар халықты күшпен орыстандыруға, ана тілінде оқытатын мұсылман мектептеріне тыйым салуға қарсы шықты. Бұл — саяси күрес еді. Ресей Думасындағы қазақ депутаттарының, алдыңғы қатарлы қазақ зиялыларының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде ұстанған позициялары, олардың нағыз халық қамқоршысы екендігін айқын көрсетті.

А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Тұнғаншин, С. Қадырбайұы және тағы басқалардың 1916 жылғы көтерілісте қарусыз халықтың патша әскерімен қақтығысуына қарсы болуларын, коммунистік идеология өзінің ақырғы күніне дейін сатқындық деп санады. Бірақ бұл сатқындық емес, патшалық Ресейдің отаршылдық саясатын әшкерелеу, халыққа жаны ашығандық еді.

Ресейдің саяси партияларының ешқайсысының бағдарламасында қазақ халқының мұң-мұқтажы ескерілмегендіктен дүниеге “Алаш” партиясы келді. Оны құрған да, оған басшылық жасаған да қазақ зиялылары еді. Олардың арман-мақсаттары елінің, халқының бүгінгі күнін сол кезде көру болатын. Яғни егемендік алу, өзіндік дербес мемлекет болу, әлемдік қауымдастықтағы өз орнын табу еді. Бірақ большевиктер ол арманды жүзеге асыртпады. Олар қазақ зиялыларының арасына іріткі тастап, біріне-бірін айдап салуға дейін барды. “Айтқанға көнбеген, айдауға жүрмегендерді” аяусыз қырып жіберді. Ол құрбандар ішінде халықтың бетке ұстар ұлдары — ұлы Абылай ханның ұрпағы: А. Бөкейханов, ғұлама ғалым А. Байтұрсынов, жарқын тұлғалы Т. Рысқұлов, М. Шоқай, Ж. Аймауытов, С. Сейфуллин, М. Дулатов, М. Тынышпаев және тағы басқалар бар еді. Сол 30-

балаңда қазақ халқы өзінің 24 мыңдай асыл азаматынан айырылды. Әлемдік өлшемдегі алыптар Ф.Достоевский, Г.Потанин, Т.Шевченколар төңті болған халқымыздың азаттыққа деген арманы өте қымбатқа түсті. Ал, басын кесемін десе де, тілін тоқтатпаған академик А.Сахаровтың 1986 жылдың ызғарына мойымаған қазақ зиялыларының атына “қайран қазақтар-ай!” деп айтқан жылы сөзі халқымыздың рухын тағы бір көтеріп тастады.

Зиялы қауым — қашанда халықтың бетке шыққан қаймағы, ақыл-ойлы азаматтары. Халық солар арқылы танылады. Бірақ халықтың әдет-ғұрпын, салтын, тілін, мәдениетін сақтап қалуға, оларды көпшілікке танытуға ұмтылыс — кешегі күнге дейін ұлтшылдық әрекет деп бағаланып келді.

Өз ұлтын дәріптей алмау кімнің болса да ашу-ызасын тудыратыны белгілі. Мұндайда ұлттық намыс оянады. Ал, намысын қолдан бермеген бабалар ұрпағын тізерлетіп ұстайтын күш жоқ екенін 1958 жылғы Теміртауда, 1979 жылы Целиноградта болған оқиғалар көрсетті. Азаттық үшін күрестің соңғы нүктесін 1986 жылы Алматыда басталып, Қазақстанның көптеген қалаларында жалғасын тапқан Желтоқсан оқиғасы қойды.

Міне, осындай халқымыздың болмысын танытатын тарихи уақиғалардың басы-қасында, қайнаған ортасында әрқашанда зиялылар жүрді. Қазақ жастарының азаттық үшін атойлап шапқан ат дүбірінен Кеңестер Одағының басқа халықтары да оянды. Дүрліге көтерілген халықтардан именген Орталық азаттықты өз еркімен беруге үлгере де алмай қалды.

1991 жылы қол жеткен Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келмегенін бәріміз де көріп отырмыз. Бұл — біздің халықтың өмірден өзіне лайықты орнын алу үшін ұзаққа созылған күресінің жемісі. Осыдан он жылдай бұрын біздің алдымызда ата-бабалар арманын жүзеге асыру мүмкіндігі тұрды. Біздің Елбасының жөне барша қазақстандықтардың ауызбірлік-

терінің арқасында бұл мүмкіндік іске асты да. 1991 жылғы 16 желтоқсан күні Қазақстан халқы Тәуелсіздік жолында өз көшін бастады. Ол кезде біздің алдымызда тек қазақ халқының ғана емес, сонымен бірге Кеңес өкіметі жылдарында Қазақстанды шын мәнінде өз Отаным деп санаған көптеген ұлт өкілдерінің тағдыры үшін орасан зор жауапкершілік тұрды. Әрине, тоталитарлық режиммен жанышталған қарапайым халықтың бостандыққа деген ұмтылысы бірден өзін көрсете алмады. Уайымшылдыққа салыну да, өткенді аңсау да, тіпті, кейде ашық наразылық та болды. Менің ойымша, осы арада шын мәнінде Тәуелсіздіктің қадірін жете білген, өзгерістердің жаршысы болып табылатын отандық зиялы қауым шешуші рөл атқарды. Сол қауым қалың бұқараның рухын көтеруге және оларды егемен Қазақстанның өркендеуі үшін қайта құруға үндеуге қабілетті болып шықты. Сөйтіп, озық ойлы орта тағы да “құлдық санадан” жоғары тұрды.

Өз халқының туған жер төсінде алға қарай нық қадамдармен басып бара жатқанын және оның бақыт пен игілікке жетелейтінін көріп, баршамыздың кеудемізді шаттық сезімі кернейтініне мен көміл сенімдімін. Бұл заңды да, өйткені, осы қасиетті іске тікелей қатысты болғандықтан, бәріміздің де мақтануларымызға толық хақыларымыз бар.

Енді біз бүгінгі күн биігінен қарай отырып, Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып қалыптасты деп айта аламыз. Бүкіл әлемдік қауымдастық алғашқы қадамдарымызға зор көңіл қоя, қадағалап отырды. Қазақстан демократия мен бейбітшілік жолымен дамиды деген олардың үміті, біздің мемлекетіміз ядролық ессіздікті тоқтату үшін нақты қадамдар жасаған кезде айшықтана түсті. Осының бәрінде, атом тақсиретін өз халқының тағдырынан айқын көрген отандық зиялы қауымның еңбегі тағы да зор болды. Бұл озық орта біздің өлі бұғанасы қата қоймаған еліміз үшін тұрақтылық пен сабырлылықтың ауадай қажет екенін

тез түсіне білді. Соның нәтижесінде олардың бастамасымен адамзат тарихында бейбітшілікті қолдаушы қуатты қозғалыс “Невада-Семей” ұйымдастырылып, күшті қолдауға ие болды.

Бүгінгі өмір шындығы көрсетіп отырғанындай, Қазақстан халықаралық аренада өзінің беделі мен бет-бейнесін берік нығайта алды.

Ежелден тыныштықта өмір сүруді, бейбіт жасампаз еңбекті біздің халқымыз ұрпақтан-ұрпаққа өсиет етіп, мұраға қалдырып отырған. Және осы сабақтастық халықтың алдыңғы қатарлы, озық ойлы бөлігінің, зиялы қауымның күш-жігері арқасында үзілмей келе жатыр.

Осының бәрі, сайып келгенде, зиялы қауымның жас мемлекеттіліктің қалыптасуындағы зор еңбегін ғана емес, сонымен бірге осы мемлекеттің болашағы үшін үлкен жауапкершілігі барлығын да көрсетеді. Сондай-ақ, қоғамдағы табыстар үшін де, сәтсіздік үшін де, ең алдымен оның қозғаушы күші — зиялы қауымның міндеттері зор болып қала береді.

Бүгінде Қазақстан өз тәуелсіз тарихының он жылдық белесінен өтті. Өзінің он жылдық мерейтойы қарсаңында біздің еліміз өз көзқарастарының беріктігін көрсететін кезекті сыннан сүрінген жоқ.

Жасыратыны жоқ, 2001 жылдың 11 қыркүйегінен кейін, әлем бұрынғы тұрақты және қауіпсіз келбетінен айрылды. Тек мемлекеттер ғана емес, сонымен бірге әлемдік діндер арасындағы шиеленіс күшейе түсті. Осы жағдайларда Қазақстан өзінің бейбітшілік пен ынтымақтастыққа ұмтылысын тағы да дәлелдеді. Қазақстанның бейбітшілік көп қырлы саясатының айқын мысалы Ватикан басшысының Астанаға келуі болды, осында ол қонақжай қазақ халқына, қазақстандықтарға деген өзінің терең құрмет сезімін білдірді және егер естеріңізде болса, оның таңдаулы ұлдарын ерекше атап өтті.

Әрине, тарихи өлшем бойынша, жас мемлекет үшін он жыл көп мерзім емес. Бірақ өткен жолды

уақытпен өлшеп қана қоюға болар ма екен? Менімше оны оқиғалардың мазмұндылығына қарап бағалаған жөн шығар. Міне, осында ешкімге бағынышты емес уақыт құндылығы жатыр.

Бұл кезең ішінде көптеген оқиғалар болып өтті, істелінген істер де аз емес. Бүгін біздер Тәуелсіздігімізді нығайту үшін қолдан келгеннің бәрін жасадық деп мақтанышпен айта аламыз. Біз Конституция, Елтаңба, Ту және Әнұран қабылдадық, жаңа астана тандап алып, оны салудамыз, ел қорғауға қабілетті әскер құрдық. Тәуелсіз мемлекеттің осы нышандары біздің балаларымыз бен немерелеріміздің көз алдында барынша нығайып келе жатқаны қуантады. Мәдениет, ғылым, спорт бойынша өлемдік аренадағы жарыстарда заңғар биікке көтерілген туған еліміздің туын көріп, кеудемізге қуаныш ұялайды, ата-бабаларымыздың жауынгер рухы мен қазақ даласының кеңдігін көз алдымызға келтіретін, жүрегімізге жақын Әнұран әуенін естіп, көзімізге еріксіз жас үйіріледі.

Бұдан өзге, қоғамдық өмірдің барлық саласында кең ауқымды реформалар жүргіздік. Сөйтіп, көптен көздеген мақсаттарға қол жеткіздік және жекелеген бағыттар бойынша айтарлықтай нәтижелер бар. Сол істердің басы-қасында болған қоғамның алдыңғы қатарлы бөлігі, сол нәтижелердің қандай қиындықтармен келгенін жақсы біледі. Сондықтан да біздің жаңа өмірге көшу кезіндегі қиындықтарды ұмытуға хақымыз жоқ және жіберілген қателіктерді алдағы уақытта болдырмауымыз керек.

Менің ойымша, сол кездің қиындығын тек материалдық көрсеткіштермен өлшеуге болмайды, сонымен бірге рухани сала да зардап шекті. Күн көріс қамы үшін зиялы қауым өкілдері — ғылым докторлары мен ғылым кандидаттарының дүкен мен дүңгіршектерде сауда істеп тұрған кездеріне біз бәріміз де куәгерміз. Бірақ “жолды жүрген жеңеді” демекші, халқымыздың осындай саналы еңбектері

қоғамымызды бұл дағдарыс жағдайынан да алып шықты. Құдайға шүкір, қазір жастардың ғылым, техника, өнер, мәдениетке деген қызығушылығы барған сайын арта түсуі байқалады.

Болашақ ұрпақтың рухани дамуын жоғары қоя отырып, біз Елбасымыздың басшылығымен өзімізге керек бағытты дәл болжадық деп айтуға хақымыз бар.

Алғашқы кезеңде еліміз жаңаша ойлай алатын, жоғары білімді мамандарға аса зәру еді. Мен бұл ретте мемлекетімізді заман ағымына сай талаптарға жауап бере алатындай отандық зиялы қауым өкілдерімен қамтамасыз етуге бағытталған “Болашақ” бағдарламасы мен басқа да жобалардың көздеген жерден дөп шыққандықтарын айта кетер едім. Сол курстардан өткен жастар бүгінде мемлекеттік органдардың ең жауапты орындарында қызмет істейді және Отанымызды дамытуға айтарлықтай үлес қосып жатқандарын ерекше атап айтуға болады. Олар, болашақ солардың қолында екенін сөзбен емес, істерімен дәлелдеуде.

Сондықтан, мен осыдан он жыл бұрын басталған істердің дұрыстығына толық сенімдімін. Қазақстанның алдына қойған мақсаттарына жетіп, қарышты қадам жасап келе жатқанын, өтпелі кезеңде ұтылғаннан гөрі ұтқаны көп екенін жұрттың көбі мойындайды. Мен осы жерде ерекше тоқталып айта кетерім, осының бәрі Отандық зиялылардың арқалары. Алайда болашақ ұрпақ үшін істелінгендердің барлығын сақтап қалу жауапкершілігі — біздің жай-барақаттыққа салынуымызды кешірмейді. Керісінше, алға қарай бұдан да қуатты құлшыныспен ұмтылуымыз керек. “Бүгін істей алатын нәрсеңді ертеңге қалдырма” деп, халық даналығында айтылғандай, біз бүгін неғұрлым көп істесек, олардың бәрі ертеңгі ұрпақтарымызға соғұрлым тиімді қызмет ететін болады. Біздің елдің халқы қашаннан ғылыми және шығармашылық өлеуеттің жоғары деңгейін меңгерген жоғары білімді болғанын және солай қалып отыр-

ғанын да атап өткім келеді. Ал көптеген елдерде мұндай маман, кадрлар ресурстары жоқ және олар біздегі деңгейге қызыға қарайды. Бұл біздің аса бағалы, қымбат қазынамыз. Оны туған елімізді өркендетуге, игілікке пайдалануымыз аса қажет. Тәуелсіз мемлекеттілікті құрудағы зиялы қауымның рөлі, міне, осыдан тұрады.

Бүгінде Отандық зиялы қауымның өкілдерінің көпшілігі білім беру мен денсаулық сақтау саласында жұмыс істейді. Бұл бір жағынан заңдылық та, өйткені, болашақ ұрпақты шығармашылық ынта-жігер мен замани білімдерге тәрбиелеу және оқыту міндетін нақ осылар атқарулары, сондай-ақ олардың денсаулығын да нақ осылар қадағалауы тиіс. Ал білім мен денсаулық қай кезде де — қоғам байлығы.

Қиыншылыққа толы өткен жылдар кезінің өзінде де, дәл осы білім беру мен денсаулық сақтау салаларының қызметкерлері, елдің бәрінен гөрі қиындау жағдайда бола тұрса да, өз қызметтерін тастап кетпей, орындарында қала берді.

Мен мұны олардың алдындағы жоғары жауапкершілікті сезінулері мен өздерінің азаматтық борыштарына деген беріктіктері деп ойлаймын. Бұл қасиеттерді оларға тек ізгілікті білім ғана дарыта алды, сондықтан біз оны қатты қадірлеуге тиіспіз!

Шынында да, бүкіл әлем біздің мамандар біліктілігінің өте жоғары екенін мойындап отыр. Міне, сондықтан да оларды шет елдер де құшақ жая қарсы алып, еңбектерін ерекше бағалайды. Өркениетті әлем адамзат дамуында ой еңбегінің зор маңыздылығын әлдеқашан түсінген.

Біз кез келген адамға ақыл-оймен жұмыс істеу қабілетінің берілмегенін және өркім оған дайын бола бермейтінін де тиісінше бағалауымыз керек. Міне, сондықтан да, нақ осы жоғары білімді, байыпты ойлайтын адамдардың күш-жігеріне, тек, жеке бір мемлекеттің ғана емес, сонымен бірге, тұтастай ал-

ғанда, бүкіл адамзаттың қалыптасуы мен дамуы тұрғысынан қарауға тиіспіз.

Бұл жәй айтыла салған сөздер емес, тарихпен дәлелденген тұжырымдар. Ал тарих болса, өздеріңіз білесіздер, бөріне де таразы, бөріне де әділ қазы болып табылады.

Бүгінде Қазақстан халқының әл-ауқаты мен оның зиялы қауымының жағдайы кешегіден әлдеқайда жақсара түскеніне ешкім де күмәнданбайтын болар және мұның ертеңгі күні бүгінгіден де жақсартынына мен көміл сенемін. Өткен тарихымызға көз жүгірте отырып, біз бүгінгімізді ғана салмақтап қоймастан, сондай-ақ болашақ істерімізді де жоспарлаймыз. Осы тұрғыдан алғанда, қазақстандық зиялы қауымның бүгінгі жағдайы қандай және одан келешекте не күтуге болады деген сауалдар төңірегінде ойланып көрелікші.

Біз, қауырт оқиғалар тізбегі күні бұрын белгілі бір болжам жасауға мүмкіндік бермей, кейде үмітімізден адастырып кететін күрделі кезеңде өмір сүрудеміз. Мұндай кезеңде, ең алдымен, ақыл-ой еңбегі иелеріне, зиялы қауымға салмақ түсетіні мәлім. Солай бола тұрса да, олардың қажыр-қайраттары мен күш-жігерлерінің ерекше екендігімен келісетін боларсыздар.

Қазіргі кезде зиялы қауымның қоғамдық сананы қалыптастырудағы, азаматтық татулыққа жету жолындағы рөлін жұрттың бөрі де түсінеді. Бірақ осы арада, бір жағынан, зиялы қауым мен қоғамның, екінші жағынан, зиялы қауым мен биліктің арасындағы қарым-қатынас қандай дәрежеде болуға тиіс деген сұрақ туындайды. Ендеше отандық зиялы қауымның қазіргі өкілдеріне осы заманғы қоғамдық процестегі өзінің орнын анықтау мәселесі туралы және билік пен зиялы қауымның ара-қатынасын дұрыс құра білу жайынан ойланып көрелікші.

Зиялы қауым — саяси билікті рухани жағынан байытып қана қоймастан, сындарлы сын айту, кеңес

беру, орынды деректер келтіру арқылы шенеуніктерге олардың қоғамнан қол ұзушілігін жеңуге жәрдемдесуі керек. Өз кезегінде, билік те, қоғамның санаткерлік күшін кеңінен пайдалануға тиіс. Өкінішке орай, бұл үрдістің жоғары органдарының сайлауы тұсында ғана жанданатынын және жасыра алмаймыз.

Барлық замандарда да зиялы қауым халықтың ең демократиялық бөлігі болып келді және солай болып та отыр. Өйткені ол өзінің жаратылысынан-ақ саяси және қоғамдық оқиғалардан тыс қала алмайды. Әлбетте, билікті сынап отыру керек, бірақ мұнымен іс бітпейді. Оны нақты істермен нығайту қажет, ең болмағанда, билік басындағылардың көздерін қарапайым халықтың нақты жағдайына жеткізу керек. Сонда ғана зиялы қауымның рөлі еселеп артып, ол шын мәнінде халқының ақыл-ойы мен ар-намысына айналады.

Қоғамның барынша білімдар бөлігінің ұстанған позициясы көп нәрсеге шешуші ықпал ететінін түсінетін кез жетті. Қоғамның осы бөлігі белгілі бір саяси оқиғаның келеңсіз зардаптарын болжап, олардың алдын алуға, экономикалық тұрақтылық пен ұлтаралық татулықты сақтауға аса қабілетті.

Бүгінде зиялы қауымның қызметі білім беру, ғылымды, мәдениет пен өнерді дамыту, өндіріс пен экономиканы ұйымдастыру, жаңа технологияларды жасау және адамды тәрбиелеу міндеттерінен бастап, қоғамда рухани ахуал қалыптастыруға дейін қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтып отыр.

Мен, білім беру саласының өкілі ретінде және еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының бірінің басшысы ретінде, зиялы қауымның өскелең ұрпақты тәрбиелеп өсірудегі ерекше рөлін атап өткім келеді. Әркімнің қолынан келе бермейтін мұндай міндетті, ең алдымен, мектеп мұғалімдері, жоғары және басқа да оқу орындарының оқытушылары, сондай-ақ кітапханашылар мен мұражай қызметкерлерінің атқарып келе жатқандарын сіздер жақсы білесіздер.

Осыған орай, жоғары білім беру жүйесінің қазіргі күйіне қысқаша тоқталып өту жөн болар. Өйткені, Қазақстан үшін студенттер, профессорлар мен оқытушылар халықтың ерекше, мен айтар едім, ықпалды тобы болып саналады. Бұл — біздің орасан зор санаткерлік байлығымыз.

Көптеген қиындықтарға қарамастан, жоғары білімнің маңызы артып отырғаны даусыз. Жоғары оқу орындарының, мемлекеттік және мемлекеттік емес оқу орындарындағы студенттердің саны жыл сайын өсіп келеді. Республиканың жоғары оқу орындары әлемдік деңгейдегі мамандарды даярлай алатын дәрежеге жетті деп айтсам, артық кетпеймін.

Иә, мен бұл жерде жаңсақ айтып отырған жоқпын, өйткені республиканың барлық жоғары оқу орындарының рейтингі өсуде, біздің түлектеріміз республикада ғана емес, одан тысқары жерлерде де зор сұранымға ие болуда. Солай бола тұрса да, біз жоғары білім беру жүйесінен адамгершілік тәрбие беру ісінің ысырылып қалғанын ескеруіміз керек. Сондықтан бүгінгі мақсатымыз — жан-жақты өсіп, жетілген зиялы адамдарды тәрбиелеп шығару болып табылады. Оған бізде зор мүмкіндіктер бар.

Осы тұста еліміздің ішінде, сондай-ақ одан тысқары жерлерде республикамыздың беделіне нұсқан келтіруге тырысатын кейбір саяси күштердің де бой көрсетіп жүргенін жасыра алмаймыз. Меніңше, бұл демократия және жалпы алғанда, егемендік ұғымына өте қарабайыр, аса үстірт көзқарас.

Әрине, елде, қоғамда, экономикада, өсіресе, әлеуметтік салада қиындықтар туған кезде оларды сынау үшін миллиондаған дәлелдер табылады. Сондықтан ешнәрсеге атүсті қарауға болмайды. Саясат пен экономикада болып жатқан терең өзгерістерді саяси жалдаптыққа арқау етуге жол берместен, халқымызға ұғындыру — біздің зиялы қауымның қолынан келетін және солай болуға тиісті шаралардың бірі деп білемін.

Білім беру проблемаларына орала отырып, жоғары мектептің қарқынды реформасы қажеттігін ерекше атап өткім келеді. Бір сөт академия, университет, институт дегеніміздің не екенін ойлап көрелікші?

Бұлар, ең алдымен, жоғары даярлығы бар адамдар мен ғалымдар шоғырланған орын. Егер қажетті мүмкіндік берілсе, оладың бәрі де практик-ғалымдар болып шығар еді. Жасыратыны жоқ, мемлекетіміз оларды толық дәрежеде практикалық қызметке тарта алмай отыр. Мәселен, көптеген дамыған шет елдерде мемлекеттің бүкіл сыртқы және ішкі саясаты, экономикасы жетекші жоғары оқу орындарының ұсыныстары мен талдамаларын негіз етіп алады. Олардағы оқытушы-профессорлар құрамының беделі мен күші, олардың ұсыныстары мен талдамаларының қаншалықты жүзеге асырылатынына байланысты. Студенттер де осындай дәстүрлерге тәрбиеленеді.

Енді жоғары оқу орындарындағы оқу процесінің ұйымдастырылуы жөнінде бірер ауыз сөз айтайын. Жалпы алғанда, кез келген жоғары оқу орнының мәні сапалы оқытуды, зерттеу жұмыстарын жүргізуді және ғылыми жарыс ұйымдастыруды талап етеді. Біз бұл тұста оқушы жастардың, студенттердің оқуды саналы әрі сыни тұрғыдан қабылдауына қол жеткізуіміз керек. Айталық, егер ғылымда даулы мәселелер болса, олар жастардың санасынан да осындай күйінде өтетін болсын. Олардың дұрыстығын өмір логикасы мен тарихтың өзі дәлелдейді.

Қалай дегенде де, қоғамның үйлесімді дамуы халықтың білім деңгейіне ғана байланысты емес деген пікір бар, бірақ ол қоғамның қалыпты дамуының маңызды элементі де болып табылады.

Соңғы жылдары зиялы қауым арасында айтарлықтай жікке бөлінушіліктің пайда болғаны баршаға мәлім. Санаткерлік еңбектің көптеген өкілдері өздерінің материалдық жағдайларына қарай халықтың кедейлеу бөлігіне іш тартатыны да құпия емес, өйткені олардың ең аз жалақы және зейнетақы алуы

қоғамдағы көңіл күйге, қоғамдық санаға теріс әсерін тигізеді. Әсіресе, жас мамандардың алдында айрықша қиын әлеуметтік проблемалар тұр. Мәселен, жұмысқа орналасу, тұрғын үй алу және т.с.с. Мен бұларды мемлекеттік деңгейде шешілетін проблемалар деп ойлаймын. Әлбетте, өмірден өз орнын таппаған жастар, енді ғана өмірге жолдама алған жоғары оқу орындарын бітірушілер барлық жерде, әлемнің кез келген елінде кездеседі. Тіпті, дамыған елдердің өлшемдері бойынша да бұл дағдылы құбылыс. Алайда, көптеген адамдар жұмыссыз, күнкөріс қаражатынсыз қалатын біздің жағдайымызда мен мұны үлкен кемшілік деп есептеймін.

Білім беру проблемаларын қозғаған тұста, біздің отандық ғылымымызда техникалық мамандықтардан гөрі гуманитарлық білім мамандықтарының басым болып келе жатқанына назар аудару керек сияқты. Гуманитарлық мәдениетпен қатар, дәл, нақты білімге, логикаға сүйенетін мәдениеттің де бар екенін ұмытпаған абзал.

Еліміздің өнеркәсібі неліктен бүгінге дейін инновацияларға бейімсіз болып келеді деген сауал көкейімізде жүр. Мұны зерттеу жұмыстарының көлемі мен ғылыми кадрлар контингентінің қысқаруы тоқтаусыз жүріп жатқан салалық ғылыми-зерттеу институттарының бүгінгі күй-жайларынан көру қиын емес.

Бірақ сары уайымға салынудың реті жоқ, өйткені қаншама қиындықтар туса да, республиканың ғылыми-техникалық қуаты сақталып қалды. Оның үстіне, көптеген ғалымдарымыз Қаныш Имантайұлы Сәтбаев бастап берген даңқты істі жалғастыра отырып, әлемдік деңгейдегі зерттеулер жүргізуде.


Сонымен, ғылымда, білім беру және денсаулық сақтау салаларында қол жеткен табыстарымыз бен олқы тұстарымыз да болғанын көріп отырмыз. Алайда, оларды реттеу біздің қолымыздан келетін шаруа. Қандай пайымдаулар айтылса да, қазір Қазақстанның

зиялы қауымы алдында басты бір міндет тұр, ол — қоғамның игілігі, рухани және тән саулығы жолында, зиялы қауымның кейінгі толқын — жас ұрпағын тәрбиелеп, өсіру барысында рухани байлықтарды меңгеру жөнінде жұмылған жұдырықтай болып бірігу міндеті.

Зиялы қауымды біріктірудің онай емес екендігін тарих тағлымдары көрсетіп отыр. Алайда, сол тарих, бұған қоса, нақ осындай адал адамдарды біріктіру арқылы бостандықты құтқаруға болатынын да дәлелдейді.

Қазіргі кезең біздің рухани және санаткерлік дамуымыз үшін, тіршілікке деген сеніміміздің арта түсуі үшін зор мүмкіндіктер туғызып отыр. Мұны бағалай білуіміз ләзім. Осыған орай, қандай жағдайлар кездесе де, бізді болашаққа деген сенім берік сақталуы тиіс. Сайып келгенде, біз ел тынышын кетіретін кез келген әрекеттердің түрлеріне қарсымыз!

2003 — ҚОЙ ЖЫЛЫ



ХАЛЫҚ МҮДДЕСІ — АБЫРОЙЛЫ ІС

Қазақстан өз дамуының сапалық жаңа сатысына — саяси тұрақтылық пен экономиканың біртіндеп өсуі кезеңіне аяқ басты. Тәуелсіз мемлекет пен нарықтық экономиканың қалыптасу кезеңі аяқталды. Демократияның, экономикалық және саяси пікір алуандылығының негіздері орнықты.

Экономиканың дамуындағы оң үрдістерді атай келе жоспарлы — орталықтандырылған экономикадан нарықтық экономикаға аттап өткеніміз біз үшін қымбатқа түскенін айтпауға болмайды. Басқа да кенес дәуірінен кейінгі елдеріндегі сияқты бірқатар өлеуметтік-экономикалық жетістіктерімізді жоғалтып алдық, табыстардың алшақтығын жақындататын, өлемдік практикада тексерілген, оңтайлы жолдардан айырылып қалдық. Статистикалық мәліметтерге қарағанда республикадағы 10 пайыз ең байлар мен ең кедейлер табысының айырмасы 11 есе екен. Өкінішке орай, бізде орта топты қалыптастыру процесі өлі аяқталған жоқ, ал экономика мен демократия дамыған елдерде ол тап өлеуметтік-саяси тұрақтандыру факторы болып табылады. Мұның бәрі қоғамдағы саяси жіктеуге және өлеуметтік-саяси шиеленіске әкеп соғады. Сондықтан да бізге экономикалық және өлеуметтік-саяси жіктеуге және өлеуметтік-саяси күрделі жағдайда жұмыс істеуге тура келеді.

Біздің қоғамдық қозғалыстың азаматтық қоғам және демократиялық құқықтық мемлекет қалыптастыру, сондай-ақ оны дамыту қажеттігінен туындағанын жақсы білеміз. “Құқықтық Қазақстан үшін” республикалық азаматтық қозғалыс (РАҚ) — тәуелсіз қозғалыс, ол демократиялық патриоттық күштердің, халықтың әл-ауқатын жақсартуды, экономиканың, қоғамдағы заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуды алдыға мақсат етіп қойғандардың басын қосуға ұмтылып отыр.

Бұл ізгілікті мақсаттар мен оған қалай жетудің жолын іздестіруді талап етеді. Біздің әрқайсымыз және бәріміз бірігіп не істей аламыз? Бөлендей деп айта салу оңай емес. Алдымызда айқын жатқан жол жоқ. Ондай жолды жүрген ғана салады.

“Құқықтық Қазақстан үшін” қозғалысының саяси тұғырнамасында біздің қоғам мен мемлекеттің негізгі проблемаларына қатысты көзқарасымыз айтылған. Сондықтан, мен, біздің жергілікті ұйымдарымыздың, жалпы қозғалыстың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге тоқталып өтейін. Жұмыстың формалары мен әдістерін анықтайық, кейбір мәселелерге қатысты көзқарасымызды талқылап көрелікші.

Бәрінен бұрын, біздің қозғалыстың мемлекетке, жергілікті билік органдарына, партиялар мен қоғамдық ұйымдарға, халықтың әртүрлі әлеуметтік тобына қатысты саяси келбеті қандай? Ортақ проблемалардың аймақтық және жергілікті ерекшеліктеріне назар аударып байқалық. Көптеген жалпы ұлттық проблемалар және оларды шешу мәселесі, жергілікті жерлерде көбінесе, ақылмен емес, сезіммен қабылданады. Оны түсінуге болады, себебі, ол қандай да бір әлеуметтік топтар мен азаматтардың беталбаты емес, нақты мүдделерінің тоғысатын тұсы.

Мемлекетпен және мемлекеттік органдармен өзара қатынаста біз Президент пен мемлекеттің нағыз демократия қағидаттарына, ұлтаралық келісім мен заң үстемдігін қамтамасыз ету жөніндегі әлеуметтік бағдар алған экономикалық саясатты жүзеге асыру және еркін нарықтық қатынастарды дамыту жөніндегі күнделікті қызметіне негізделген саяси жүйені қалыптастыруға бағытталған іс-әрекеттерін жан-жақты қолдауымыз керек. Сонымен қатар, практикалық саясаттың көбіне прагматикалық мәселе-лерді шешуге бағыт ұстайтындығын да ұмытпауымыз жөн. Мұндай жағдайда, кейде, қол жеткізу үшін әр түрлі іс-шаралар жүргізіліп отырыл-

ғанымен мақсаттың өзі ұмыт қала береді. Осыған байланысты біздің басты мақсаттарымыздың бірі — жоғарыда аталған қағидаттарды жүзеге асырудың ұтымды тетігін қалыптастыруға жәрдем ету болмақ.

Бұл азаматтық қоғамды демократияландыру мен дамыту жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін Кеңестің жаңа саяси институттағы жұмысына белсенді қатысуынан нақты көрініс табады.

Ол Кеңес қоғамды дамытудың зәру мәселелерін талқылауға ынта білдіру ғана емес, сонымен қатар, оларды шешудің нақты тетігін белгілеу, әлеуметтік-экономикалық және мәдени бағдарламаларды жүзеге асыру, мемлекет пен әр түрлі саяси күштердің өзара пікірлесуін ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық базасын жақсарту ісінде көп мүмкіндік тудырады.

Жергілікті деңгейде жергілікті атқарушы және өкілді билік органдарымен іскерлік қарым-қатынас орнату өте қажет. Тәуелсіздік алдындағы алғашқы қоғамдық санадан кете бастағанын ұмытпау керек. Қоғамда республика халқының басым көпшілігінің мемлекеттік шенеуніктер қызметіне сенімсіздікпен қарайтындығы байқалады. Бұл жағдай жергілікті билік органдары қызметінің заңдылық дәрежесін төмендетеді, оған қоғамдық қолдау нашарлайды. Жергілікті билік органдарының қызметі халықтың көз алдында көрініп тұр. Олардың қол жеткен жетістіктері мен жіберген қателіктері сол өңірдегі тұрғындар мүддесімен байланысты, сондықтан да олар немқұрайдылыққа бармайды. Орталықтағыларға қарағанда жергілікті жерлердегі халықтың секемшіл екендігін осымен түсіндіруге болады. Жергілікті органдардың проблемаларды анықтауына, оларды шешудің жолдары мен әдістерін табуына көмектесу керек. Қолда бар құқықтық тетікті пайдалану, әлеуметтік-экономикалық дамудың мемлекеттік бағдарламасын және аймақтық бағдарламаларды жүзеге асыру, бөрінен бұрын сыбайлас жемқорлықпен

күрес жөніндегі қызметке белсенді қатысу жергілікті органдардың қызметіне қоғамдық бақылауды қалыптастырып қана қоймайды, сол органдар қызметінің тиімділігін де көтереді. Жергілікті билік органдарымен қоян-қолтық бірлесе отырып мәселелерді шешу үшін ол жерлерге екі аптада кемінде бір рет болу керек, кездесулер ұйымдастырылып, сол органдардың қызметі жайында, оған халық көзқарасының қандай екендігін білген дұрыс.

Қарым-қатынас деген қалай да қолдау көрсету дегенді білдірмейді. Керісінше, шенеуніктердің жауапсыздығы, біліксіздігі, мемлекет мүдделерін ұмыту, туыстық, төрешілдік және былықтық сияқты келеңсіз құбылыстармен ымыраласушыларымен батыл күрес ұйымдастыра алсақ қана, біздің Президентке, елге, мемлекетке де, адамдарға да көрсеткен үлкен көмегіміз болар еді. Ондай күрес кездерінде халыққа сүйену керек, негізделген көпшілік іс-шараларын өткізуден қорқуға болмайды. “Дөңгелек үстел”, конференция, манифестация, жиындар, митингілер және басқа да көпшілік іс-шараларын өткізу қозғалыстың жергілікті бөлімшелері қызметінің басты шаруасына айналуы тиіс. “Шу шығарудан” қорықпаған ләзім. Ең бастысы, біздің ісіміз заң тұрғысынан алғанда да, адамгершілік тұрғысынан алғанда да дұрыс болсын, жақсы ойластырылып ұйымдастырылсын. Жалпы мемлекеттік көлемде үйлесімін тапқан, бір аймақтың екінші аймақпен үндесіп, бір-бірлеріне өзара қол ұшын беретін шаралардың тиімділігі өте жоғары болмақ.

Кез келген саяси партия билікке ұмтылады. Біздің қозғалыста ондай мақсат жоқ. Бірақ бұл билікті құрылымдарды құру және олардың жұмыс істеуі мәселесіне біз немқұрайдылық танытамыз дегенді білдірмейді. Өкінішке орай, біз бұл тұрғыдан өзімізді өзіміз әлі көрсете алған жоқпыз. Биыл Сенат пен Мәжілістегі босаған орындарға сайлау өтті. Біздің қозғалыс мұндай маңызды оқиғадан шет қалды.

Келешекте өйтіп отыра алмаймыз. Барлық филиалдар мен өкілдіктер сайлауға белсенді қатысып, біздің бағдарламалық мақсаттарымызды құптайтын және оларды жүзеге асыруда көмек көрсетуге дайын кандидаттарды қолдауы керек.

Тек біздің қозғалыстың ғана емес, барлық қоғамның алдыға қойған мақсаты өркениетті азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет құру екендігіне бүгінгі күндері келіспейтіндер кем де кем. Бірақ, біз, демократиялық елдегі адам бостандығы қоғам мен мемлекет үшін, өзінің тағдыры мен есен-саулығы үшін жауапкершілікпен теңдей ұштасып жататындығын кейде ұмытып кетеміз.

Қозғалыстың элеуметтік саясатында біз әрбір азамат өзіне лайықты тұрмыстық ахуал жасай алатындай саяси-құқықтық жағдай тудыруға ұмтыламыз. Бұл проблеманы шешуге септігін тигізетіндердің бәрі жергілікті ұйымдар тарапынан қолдау табуы тиіс. Айта кететін бір жағдай — мемлекет қоғам мүшелерінің барлығын асырап, сақтай алмайды, бірақ ол әрбір еңбекке қабілеті бар адамның табыс табуына және өз отбасын асырауына жағдай тудыруы керек. Біздің ойымызша, бұл тұста біздің қозғалыс көптеген адамға көмектесе алады, әсіресе, өз құқықтарын айтуда, өз бизнесін ұйымдастыруда, жұмысқа тұруда, заңды мүдделеріне нұқсан келгенде азаматтардың өз құқықтарын қорғауларына көмектесе алады.

Ол үшін, ең алдымен, адамдардың, әсіресе, ауыл тұрғындарының қазіргі заңдарды түсінуіне, оларды өз қамы үшін пайдалана алуларына жәрдемдесу керек. Бұл жерде үлкен мүмкіндіктер бар. Мұндай көмекке көп адам мұқтаж болып отыр, оған мемлекеттік органдар, банктер, кәсіпорындар мен ұйымдар, бірінші кезекте тауар өндірушілер түсінушілік танытып, қолдау көрсетуде. Құптарлық бір жағдай — мұны барлық саяси күштер, басқа мәселелер бойынша қарама-қайшы ұстаным алғандар да

қолдауда. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен мемлекет халыққа, оның тұрмысы нашар тобына өз бизнесін ашуы үшін шағын несие беру бағдарламасын жүзеге асыруда. Тым болмаса, жүздеген адамның құжаттар ресімдеуіне көмектесу керек, жергілікті билік органдарымен және банктермен бірлесіп нақты адамның немесе еңбек ұжымының шағын несиенің мүмкіндігін пайдалана отырып экономиканың әртүрлі саласында кішігірім өз өндірісін құру жөнінде серіктестік ұйымдастыру керек. Бұл біздің қозғалыстың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан нағыз атаулы көмегі болар еді.

“Құқықтық Қазақстан үшін” республикалық азаматтық қозғалысы біздің Саяси тұғырнамамызды қуаттайтын ұйымдардың бәрімен бірлесе жұмыс жүргізетін болады. Мен мұны халқымыздың көпшілігі қуаттайды деп үміттенемін. Алайда, оны жүзеге асыруға, әрине, жұрттың бәрі қатыса бермейді. Демек, біз әлеуметтік тұрғыдан белсенді адамдардың, өдетте азшылық болатынын айқын түсінуіміз керек. Бұл, сірә, табиғат пен қоғамның заңы болар. Сондықтан біздің қозғалысымыздың сапына оның белсенді қатысушылары бола алатын жаңа мүшелерді тартуға бағытталған жұмыс жергілікті ұйымдар қызметінің аса маңызды бағыты болуға тиіс.

Ол үшін біздің мақсатарымыз бен міндеттерімізді насихатап қана қоймастан, сондай-ақ бұлар олардың күнделікті нақты мүдделерін де бейнелейтінін айқын көрсету керек. Олар біздің ұсыныстарымыздан өздерінің мүдделері мен ойларын көре білгенде ғана біз оларды өзіміздің көзқарасымыздың дұрыстығына иландыра аламыз. Көп ретте адамдарға заң мәселелері дерексіз, түсініксіз және оларға қатысы жоқ, керексіз заттар болып көрінеді. Сондықтан ең алдымен, бір өңірдің халқын ерекше толғандырып отырған проблемаларды көтеру керек. Бүгінде, мысалы, барлық қалалардағы өзекті мәселе — бұл ком-

муналдық қызмет пен төлемдер құны бағасының тұрақсыздығы. Бұл проблема қызу айтыстар мен пікірталастар өзегі болуда. Кейбір күштер оны өз мүдделеріне, “саяси ұпай” жинау үшін пайдалануға тырысуда. Бұл жерде сыбайлас жемқорлық та бой көрсетуі мүмкін, қалай болғанда да, қоғамдық санада мұндай жымысқылыққа жергілікті биліктің қатысы бар деген пікір қалыптасқан. Сонымен қатар, коммуналдық қызмет көрсететін және өз саласында монополистер болып табылатын кейбір кәсіпорындардың жеке қолға өтуіне қарай, олардың үстеме пайда таба бастауы ешкімге де құпия емес. Проблеманың екінші жағы да бар — тұтынушылардың бір бөлігінің осы кәсіпорындарға борыштылығы. Бұл жерде біздің алдымызда екі жұмыс бағыты тұр, біріншіден, заңдардың бұрмалану, әлде бұрмаланбауын анықтауға көмектесу және оларды жою жолдарын белгілеу, азаматтардың заңды мүдделерін қорғауға жәрдесдесу, екіншіден, заңды жетілдіруге көмек көрсету. Меніңше, бізге, заңгерлерге өз бетімен заңсыз түрде “жең ұшынан жалғасу құқығы” тәртібімен бір азаматтарды басқа азаматтардың қылықтары үшін жазалау әдісін енгізген монополистердің “феодалдық” құпия әрекеттеріне қарсы айқын да анық пікір білдіретін кез жетті. Мұндай іс-әрекеттер адал, заңға құқықты азаматтардың заңды ашу-ызасын туғызады. Бұл заң шығарушылар осы күнге дейін көңіл аудармай келе жатқан жөнсіздік.

Солай бола тұрса да, негізгі ұйытқысы құқықтанушы ғалымдар мен заңгерлер болып табылатын біздің Қозғалысымыз, өкінішке орай, әлі де өлденені күтіп, бастама көтермей отыр. Біздің қозғалыс ұйымдастырылғаннан бергі уақыт ішінде біз Қазақстанның құқықтық даму тұжырымдамасының бір ғана жобасын талқылап, Үкіметке енгізе алдық. Басқандай мақтанарлық іс жоқ. Оның қаншама маңыздылығы мен артықшылығы болғанына қарамастан, бұл

жеткіліксіз. Мысалы, “Ақ жол” саяси партиясы жұртшылық талқысына, Парламент пен Үкіметке бес заң жобасын ұсынды. Бұдан олардың жедел жұмыс жүргізіп жатқанын көреміз. Мұнда әңгіме өлде біреулермен жарысқа түсуде емес. Әсіресе, біздің белгілі бір тәжірибеміз, артықшылықтар мен жетістіктеріміз бар тұста қозғалысымыздың бүкіл қуатын тиімді пайдалану маңызды болмақ. Қоғам мен мемлекетті демократияландыруға, экономиканың тиімділігін арттыруға, халқымыздың өл-ауқатының өсуіне септігін тигізетін заңдарды белсене қолдап отыру қажет. Қазақстанның қоғамдық-саяси жүйесінен өз орнымызды табудың маңызы зор.

Қазіргі уақытта жер туралы және бұқаралық ақпарат құралдары туралы екі заң жобасының төңірегінде қиян-кескі пікірталас өтуде. Бұл заңдарды талқылауда пікірлердің айтарлықтай қарама-қарсылығы, мүдделер қақтығысы байқалады. Мұнда халқымыз бен мемлекетіміздің болашағы туралы сөз болып отыр десек, артық айтқандық болмас.

Жерді кім иеленсе — сол тұлға елдің қожасы болады. Халқымыздың айтарлықтай бөлігі туған жерінде “жат” болып қалудан қауіптенуде, өсіресе, қазақ халқының өкілдері алаңдап отыр. Жерге жеке меншік енгізудің қарсыластары ауыл шаруашылығының шұрайлы жерлерін бақуатты шенеуніктер сатып алады деп үрей тудыруда. Алайда, қоғамның объективті дамуы, ауыл шаруашылық өндірісі мен ауылды дамыту қажеттілігі, Қазақстан халқының өл-ауқатын жақсарту, дүниежүзілік экономикалық жүйеге ықпалдасу жерге жеке меншік енгізуді табанды түрде талап етуде. Бүгінде жерге жеке меншік енгізудің басқаша жолы жоқ екенін атап көрсету жөн.

Мәселенің мәні мынада: ұлттық қауіпсіздікті қалай қамтамасыз ету керек, ауыл тұрғындары мен аграршылардың мүддесін қалай қорғау қажет, агрокәсіптік кешенді қалай тиімді дамытып, жерді алыпсатулыққа қалай жол бермеу керек. Жерге жеке

меншіктің негізінде жер қатынастарын түбегейлі реформалау ұйымдастыру шаралары жиынтығын жүзеге асыруды және жер қатынастарын реттейтін жаңа заңдар мен нормативтік-құқықтық актілерді қабылдауды талап етеді. Заң шығарушылардың Республикадағы ауыл тұрғындарының жеке меншігіне оларға заң бойынша тиесілі шартты жер үлесін өтеусіз тегін беру жөніндегі ұсыныстары назар аударуға тұрарлық. Жер қатынастарын өу бастан тиісінше мемлекеттік-құқықтық реттеудің маңызы зор.

Елде демократия мен сөз бостандығының, саяси және экономикалық пірік қақтығысының негіздерін орнықтыру қоғамдық сана мен мінез-құлыққа ықпал ететін пәрменді құралдардың бірі ретінде баспасөз рөлінің өсуіне әкеп соқтырды. Өкінішке орай, біз “ақпараттық шайқастардың” да куәсі болып, олардың барысында әр түрлі әлеуметтік-саяси күштердің өз проблемаларын объективтілік пен заңдылыққа нұқсан келтіре отырып шешуге тырысатынына көз жеткіздік. БАҚ-тың, әсіресе, теледидарды сапасыз бағдарламалар мен фильмдер, эротика, қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністері жаулап алды. Сапалы ағартушылық және ойын-сауық бағдарламалары сүреңсіз.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының “Бұқаралық ақпарат құралдары туралы” қолданылып жүрген заңын жетілдіру қажеттігі туып отыр. Бұл жұмыс мынадай бағыттарда жүзеге асырылуы тиіс деп ойлаймын. Біріншіден, заңда БАҚ қызметін мемлекеттік реттеудің көлемі мен шегін нақты айқындап, бекіту, оларды тіркеу тәртібін оңайландыру керек.

Екіншіден, мемлекеттік құпияны сақтай отырып, ақпаратты заңсыз жариялаудан қорғау жолымен БАҚ-тың ресми ақпарат алуын қамтамасыз етудің айқын да нақты тетігін жасау қажет.

Үшіншіден, заң журналистердің құқықтарын қорғауы, оның ішінде “қожайындарынан” қорғауы, сон-

дай-ақ олардың кәсіби іс-әрекеттері үшін жауапкершілігін арттыруы тиіс.

Төртіншіден, азаматтардың жеке өмірінің құпиясын сақтау, хат-хабар және ақпарат алысу, заңмен рұқсат етілмеген дыбыс және бейнежазбалардан қорғау жөніндегі конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету маңызды. Бұл арада жеке адамның БАҚ алдындағы басымдылығы сақталуы қажет. Алайда, бұл белгілі саясаткер мен мемлекет қайраткерлеріне қолданылмауы тиіс. Мұнда осы саланы заңдық-нормативтік тұрғыдан реттеу үстінде БАҚ-қа көбірек құқық беру керек.

Бесіншіден, БАҚ саласын монополияландыруға қарсы шараларды қабылдау қажет.

Алтыншыдан, мемлекетпен қоса, жеке және заңды тұлғалар құрылтайшы-меншік иелері ретінде өрекет ететін БАҚ ұйымдастыру тәжірибесінен бас тартатын кез келді.

Жетіншіден, Заң сөз бостандығын және сот процесінде журналистердің кәсіби қызметін жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі, сондай-ақ судьялар мен сот процесіне қатысушыларды сот жүргізу ісіне ақпараттық қысым жасаудан қорғауы керек. Бұл тізбені жалғастыра беруге болады. Алайда, осы айтылғандардың өзі БАҚ туралы қолданылып жүрген заңды жетілдіру қажеттігінің қаншалықты пісіп-жетілгенін көрсетеді. Меніңше, бұл мәселе Азаматтық қоғамды демократияландыру және дамыту жөніндегі тұрақты Кеңестің жұмысы барысындағы негізгі мәселелердің бірі болуға тиіс.

Тұрақты жұмыс істейтін жергілікті ұйымдар, қызмет атқаратын аппарат құжатын және уақытша емес, тұрақты белсенділік көрсететін әрбір қоғамдық ұйым азаматтардың әлсіз қоғамдық-саяси өлеуметтенуімен ұшырасады, оны жеңу үшін орасан зор күш-жігер және материалдық, санаткерлік, саяси, басқа да ресурстардың шоғырлануы қажет болады.

Белсенді жұмыс аппараты мен тұрақты жұмыс істейтін қызметкерлердің жоқтығы қозғалыстың

ұйымдық тұтастығы мен тұрақты қызмет етуіне қауіп төндіруде. Сондықтан еліміздің барлық аймақтарында жергілікті бөлімшелердің жұмыс аппаратын құруды тез арада аяқтау қажет. Біздің тұғырнамамыздың көзқарасын берік ұстанған өлеуметтік белсенді және тәжірибелі адамдарды іріктей білудің маңызы зор. XX ғасырдағы “Бәрін кадрлар шешеді!” деген кеңестік партиялық ұранды көпшілік ұмытпаған болар. Шынында да, бірде-бір саяси күш қозғалыстың жұмысын ұйымдастырып, алға қойған мақсаттарға жетуге қабілетті адамдар болмайынша, табысқа жеткен емес. Сондықтан біздің қозғалысымызға адамдардың өз жүректерінің шақыруымен, таза ой-мақсатпен, асқак шабытпен, ауыртпалықты жеңу, мақсатқа жету табандылығымен келуін қалар едік. Біздің саяси бағдарламамызды жүзеге асыру жолындағы күрестің алдыңғы сапында келе жатқан кадрлар — асыл қазынамыз. Нақ осы адамдарға қарап, біздің қозғалысымыз туралы пікір білдіреді. Бұған қоса, ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етіп, сенімді кадрлар резервін жасау керек, оларды оқытып, тәжірибе алмасу жүйесін жолға қою қажет. Аппараттың іштей “тұйықталуына”, төрешілдікке салынуына жол беруге болмайды, біз кеңестік дәуірден аппараттың нақты адамдармен, олардың проблемаларымен жұмыс істемей, олар туралы өз түсініктері мен жеке мүдделерін жиі пайдаланғанын жақсы білеміз. Көкейкесті қоғамдық проблемалармен олардың саяси көрінісінен қол үзушілікті қозғалысты барынша серпінді және ашық ұйымға айналдыру жолымен ғана жоюға болады. Бұл біздің ортақ жұмысымызға қозғалыс жақтаушыларын мүмкіндігінше жақсылап дайындап, көбірек тарту қажет деген сөз.

РАҚ-тағы белсенді жұмысқа азаматтарды тарту бойынша қызмет процесінде, олардың қоғамдық бірлестіктің қызметіне қатысуы немесе бас тартуының себептерін таба біліп, оларды түсіну қажет. РАҚ-қа және оның саяси тұғырнамасына қатысты көзқа-

растарға талдау жасау жөнінде ұмытпауымыз керек. Бұл арада көзқарастардың үш негізгі нұсқасы болуы мүмкін: 1) оң көзқарас — бұл біздің өріптестеріміз; 2) теріс, сыни көзқарас — олармен бізге пікір сайысына түсуге болады; 3) бейтарап немесе парықсыз көзқарас. Бұлардың әрқайсысы өз ыңғайына қарай әрекет етуді талап етеді. Алайда, түбегейлі қағидалардан бас тартпай-ақ және өзімізді біздің Жарғымызға қайшы келетін қандай да бір істерге тартудан аулақ бола отырып, ортақ келісімге келуді басшылыққа алуымыз жөн.

РАҚ-тың жергілікті органдары күнделікті жұмысты ұйымдастырғанда үш негізгі бағытқа бағдар ұстауы тиіс: 1) қозғалыс мүшелерімен; 2) тілектестермен; 3) қарсыластармен жұмыс істеу. Қоғамдық қозғалыстың іс-әрекетке қабілетті бастауыш буынын құру — РАҚ-тың ұйымдық жұмысының маңызды бөлігі. Біздің Жарғымызда (3. 2 б.) іс-әрекеті жергілікті өзін-өзі басқару органдарының аумағы аясында жүзеге асырылатын, бөлімше немесе өкілдік түрінде құрылатын, үштен кем емес азаматтық бастамасы бойынша жергілікті бөлімшелерді құру қарастырылған. Бүгінгі таңда республиканың барлық облыстарында бөлімшелерді құру процесі аяқталды.

Енді ұйымдастырушылық жұмысты елдің барлық аудандарында және мүмкіндігіне қарай, елді мекендердің әрқайсысында болмаса да, көпшілігінде өкілдіктер құруға бағыттауға тиіспіз. Қозғалыстың қолдаушылары өз клубтарын құрулары қажет, оның жұмысына тек қозғалыс мүшелері ғана емес, сонымен бірге тілектестер де қатысатын болады. Белгілі бір проблемаларды шешуге көмек беруге ниеті бар барлық адамдардың жұмысқа қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету аса маңызды іс. Бірақ, клуб жұмысының мылжыңдыққа айналуынан немесе кейбір жеке адамдардың клубты өз пікірлерін айтудың орнына айналдырудан сақтанған жөн. Бұрыннан мәлім,

ұйымдастыру өнері билік күшімен емес, бедел, жігер күшімен, үлкен тәжірибе, барынша жан-жақтылық, үлкен талаптылықпен бүкіл қозғалысқа басшылықты сақтай отырып, бәріне және жеке-жеке әркімге жұмыс беруден тұрады. Істің табысты болуы көбінесе жергілікті ұйымның басшылығын кім басқаруына байланысты. Сонымен бірге, еңбектің дұрыс бөлінуі, міндеттерді бөлу үлкен рөл атқарады, бірақ мынаны естен шығармауымыз керек, жұмыстың әр түрлі қырлары мен түрлері үшін түрлі дағдылар мен қабілеттер талап етіледі.

Біздің бағдарламалық мақсаттарымызды талқылау мен іске асыруға тартудың бір жолы “қоғамдық саясат орталықтарын” құру бола алады, ол тек өмірдегі проблемаларды және оны өртүрлі әлеуметтік топтардың және азаматтардың бағалауын айқындап білуге ғана емес, сонымен қатар оларды шешуді ұйымдастыру үшін әрекеттенуге мүмкіндік тудырады. Проблемаларды шешу жолдарын жасап шығару бойынша бірлескен қызмет, біздің бағдарламалық міндеттерімізді іске асыруға азаматтарды белсенді қатыстыру үшін жақсы негіз болып табылады.

Халықаралық тәжірибе куә болып отырғанындай, әлеуметтік-саяси жағынан бәрі ойдағыдай елдерде, әлеуметтік саясаттың басты бағыты, тегін білім беруді (жоғары білімді қоса алғанда), тегін емдеуді кеңейту, коммуналдық қызмет көрсетуді арзандату, көп балалы аналар мен мүгедектерге, зейнеткерлер мен халықтың басқа да тұрмысы нашар топтарына атаулы көмек беру секілді әр түрлі қайырымдылық шараларын ұйымдастыру — РАҚ-тың жергілікті бөлімшелерінің күнделікті жұмысының маңызды құрамдас бөлігі болу тиіс. Бұл арада біздің қозғалыстың әлеуетін тиімді пайдалана білу керек, бізде құқықтық салада үлкен практикалық тәжірибе бар, байсалды күштер шоғырланған. Бұл үшін қоғамдық саясат орталықтарында қоғамдық және кеңес беретін пункттер ашылса, ондағы қозғалысқа қатысушылар

өздерінің өлеуметтік мүмкіндіктерін бәрінің пайдасы үшін іске асырар еді. Мұның ешқандай құпиясы жоқ, шалғай аудандардағы көптеген азаматтар өлі күнге дейін заңдарды айрып-тани алмайды, өрі құқықтарын да білмейді. Біз ел Президентінің жарлығымен бекітілген, бірақ, екінішке орай, өлі күнге дейін орындалмаған құқықтық жалпы сауықтандыру бағдарламасын іске асыруға қолғабыс тигізе алар едік. Биліктің жергілікті органдарымен бірлесе отырып, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға белсене қатысу керек.

Кез келген қоғамдық бірлестік қызметінің маңызды қыры қаржыландыру мәселесі болып табылады. Біздің Жарғыда қозғалысты қаржыландырудың негізгі көздері (6.2 б.) көрсетілген. Осы арада көпшіліктің назарларын мүшелік жарналар мен қабылдау жарналары туралы мәселеге аударар едім. Кімнің қаржылық мүмкіндіктері жоқ болса, олар үшін жарналардың қандай да бір балама түрлерін қарастыруға болады. Мәселен, жергілікті ұйымдардың нақты маңызды тапсырмаларын орындауға қатысу секілді.

Қозғалысты қаржыландыру мәселелері жергілікті ұйымдар қызметінің негізгі бағыты болуы тиіс. Өйткені, тиісті материалдық базасыз, алға қойылған жұмыс жоспарларын орындау мүмкін емес. Қоғамдық-саяси процестің белгілі бір субъектілері қандай ұйымдар мен кәсіпорындардың қаржылық көмегіне сүйенетінін көпшілік жақсы білсе де, Қазақстанның Ресейден айырмашылығы, бұл мәселелерді жұрт көзінше талқыға салмайды. Ресейдің бұқаралық ақпарат құралдарында қандай да бір партияға немесе қоғамдық қозғалысқа кімнің қанша бергені талқыланып жатады. Белгілі олигарх Б.А.Березовский бірде жалғыз өзім қаржыландырдым деген “Либеральная Россия” партиясы оның үмітін ақтамапты. Сондықтан, ол оны қаржыландыруды тоқтататындығын ашық айтқан. Бұған партия басшылары атынан

Юшенков қарсы шығып, “бұл шындыққа жанаспайды” деп мәлімдеді. Оның айтуынша, жылына 400-500 мың долларға партияны ұстап тұру мүмкін емес. Партияның өмір сүруі үшін әлдеқайда қомақты сома керек. Ресейдегідей мол ауқымдылық болмағанымен, шығындар бізде де аз емес. Нақты цифрларды қазір тап басып айту қиын. Бұл көптеген факторларға байланысты болады. Бірақ бізге демеушілерді іздеу, жарғы және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес табыс табуға және өткізілетін шараларды қаржыландыруға мүмкіндік беретін жұмыстарды қарастыруды күнделікті қызметіміздің бір бөлігі етуге тиістіміз. Осы арада тағы да еске сала кетейін, біздің қозғалыс өзі-өзі қаржыландыру арқылы жұмыс істейді. Сондықтан жергілікті ұйымдар өз шараларын қаржыландыру жөнінде өздері ойлауы қажет. Бұл үшін барлық заңды жолдар пайдалануы тиіс. Ең алдымен, тым болмағанда, біздер сияқты қандай да бір қоғамдық маңызды проблеманы шешуге мүдделі демеушілерді іздеуден бастау керек. Ынтымақтастық туралы ұсыныстар мен хаттар жолдау, проблемаларды бірлесіп талқылауды ұйымдастыру, өлеуметтік маңызды проблемаларды іс жүзінде шешу бойынша әр түрлі бастамалар көтеру керек. Адамдар, ұйымдар және кәсіпорындар біздің олардың мүддесін қорғайтынымызды, біздің қызметіміз әркімге қатысты көкейкесті және өткір проблемаларды шешуге бағытталғанын көрулері қажет. Міне, сол кезде ғана біз өзімізге көмек те аламыз, соның ішінде қаржылай да және қолдау да табамыз.

Ақпарат кеңістігіне, қандай да бір қоғамдық маңызды проблемалар жайында қоғамдық пікірге қосылу біздің қозғалыстың маңызды міндеттерінің бірі болып саналады. РАҚ қызметін ақпараттық қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында қазақ тілінде “Көзқарас”, орыс тілінде “Позиция” газеттері шыға бастады. Олар жергілікті ұйымдардың жұмысын толық баяндауға, аймақ проблемаларын және аталмыш

проблемаларды шешу бойынша қызметті қалың жұртшылыққа жеткізуге мүмкіндік береді. Аталған газеттерге жазылуды ұйымдастыру бойынша акцияларды біздің қозғалыстың мақсаттары мен міндеттерін насихаттау, газетті, қозғалысты және оның жергілікті ұйымдарын қаржыландыруды шешу үшін пайдалану қажет. “Газет тек ұжымдық ұйымдастырушы ғана емес, сонымен бірге бұқараның ұжымдық тәрбиешісі де” деген белгілі қағиданы ұмытпағанымыз орынды. Бұл ақпараттық-насихаттық құралды тиімді пайдалану, қозғалысқа көптеген міндеттерді шешуге көмектеседі. Ең болмағанда, екі аптада бір рет біздің газет беттерінде, ал мүмкіндік болса, басқа да мерзімдік басылымдарда қосымша, аймақ, қала, ауылдың қоғамдық маңызды проблемаларын көтеріп, талқылау керек. Жергілікті ұйым (бөлімше) төрағасының орынбасарларының бірін газетке жазылу мен таратуды ұйымдастыруға жауапты етіп тағайындау дұрыс.

Жергілікті ұйымдар жұмысының негізгі бағытының бірі бұқаралық ақпарат құрадарымен тығыз ынтымақтастықта болуы көзделген. Идеологиялық және саяси әр алуандылық жағдайында бұл оңай міндет емес. Бүгінде халықтың көпшілігінің негізгі ақпарат көзіне айналған, теледидарға ерекше назар аудару керек. Алматы қаласында “Рахат” телерадиокомпаниясымен бірлесіп, біздер “**ҰЛТ АР-ОЖДАНЫ**” телебағдарламасын жүргізудеміз. Ол мәдениет пен қоғамның зәру мәселелерін қозғауға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаның халық арасында қызығушылық тудырғаны, біз үшін өте қуанарлық жәйт. Егер, мүмкіндігінше, айына екі-үш мәрте біздің қозғалысымыздың өкілдері теледидар мен радиодан проблемаларды талдау және оларды саяси тұғырнама тұрғысынан шешу бойынша ұтымды ұсыныстармен шығып тұрса, өбден жақсы болар еді.

Жастармен жұмыстың маңыздылығын ескере отырып, жергілікті орындарда, мәселен жергілікті

бөлімшенің арнайы секциясы түрінде РАҚ-тың жастар бөлімдерін құру қажет. Бұл арада бұл секцияларда тек жастар проблемалары талқыланып, шешіліп қана қоймай, сонымен бірге жастардың өзі де жергілікті ұйымдардың қызметіне белсенді түрде қатысуға қол жеткізулері тиіс.

Енді жергілікті ұйымдарда іс жүргізу жөнінде бірер сөз. Бұл жұмыстың көлемі шағын. Алайда, құқықтық мемлекетте қоғамдық қозғалыс қызметінің дұрыс ресімделуінің айтарлықтай маңызы бар. Сондықтан тексерулер өткізу және қозғалыс мүшелерін дербес есепке алу жүйесін ендіру қажет. Бұл адам факторын неғұрлым толық пайдалануға жәрдемдеседі. Мәселен, адамдардың туған күндерін ескеру, басқадай да айтулы күндерімен құттықтап отыруды ұмыттырмайды.

Ұйымдастырушылық және саяси шаралар жоспарлы негізде жүргізілгенде үлкен тиімділік береді. Демек, жұмыстың ағымдағы және болашақтағы жоспарларын құруға құр ресімділік ретінде емес, мұқият және ізденімпаздықпен қарау керек. Проблемалық болашақ жоспарлау, тандап алынған қызметтің формалары мен әдістері белгіленген міндеттердің барынша толық дәрежеде іске асуын қамтамасыз ететін ағымдағы жоспарлар жасауды көздейді. Олар жергілікті орындардағы істің нақты жағдайын есепке алып жасалады, қозғалысқа қатысушылар арасында тапсырманы біркелкі бөлуге, талқыға салынатын және шешілмекші мәселелердің уақытын мұқият зерттеуге мүмкіндік тудырады. Ағымдағы жоспарлар тек өткізілетін шаралардың түрлі қырларын анықтап ғана қоймай, сонымен бірге тапсырылған жұмыс саласы үшін тиісті атқарушыларды да нақтылап белгілеу аса қажет.

Айтылғандарды қорыта келе, мынаны атап өткім келеді, ақыр аяғында біздің қызметіміз біздің мемлекетіміз бен әрбір қазақстандықтардың өзекті мәселелерін шешу ісіне жәрдемдесуге бағытталатын

болады. “Құқықтық Қазақстан үшін” республикалық азаматтық Қозғалысы кімдерге біздің сүйікті Отанымыздың мұраттары қымбат болса, солардың бәрінің басын біріктіретін мықты ұйымға айналуы тиіс!

АДАМЗАТ АҚ ЖОЛҒА ТҮССЕ, ІСІ АЛҒА БАСАДЫ

2003 жылғы сәуір айының басында “Рахат” телеарнасы арқылы өзім жүргізген өте бір маңызды сұхбатқа, құдай оңлап, “Қазақ-араб “Руханият” университетінің ректоры Мұрат Мыңбаев, Қасиетті Никольск шіркеуінің уағыздаушысы Валерий Әкей қатысты.

Өңгімелесуіміз менің сауалымнан басталды.

— Қадірлі достарым менің, діни зиялылар мен жалпы зиялылардың арақатынасы туралы өңгіме қозғайтын болсақ, егер расын айтсам, жалпы зиялылардың арасынан діни зиялылармен байланысатындар тек баспасөз өкілдері тәрізді. Әйтеуір, маған солай сезіледі. Ал, сіздер қалай ойлайсыздар?

Мұрат қажы:

— Бисмилләхи ар рахман ар рахим, біз өзара қатынас жөнінде айтқанда, әрине, екі жақтың да ұмтылысы болуы керек екеніне баса назар аударамыз. Ал, діни зиялылық пен жалпы зиялылықты бір-бірінен бөліп қарамағанымыз дұрыс шығар. Қайта бұларды біріктіруіміз керек. Өйткені, руханиятсыз зиялылық болмайды. Бұл менің көзқарасым. Құдіреті күшті Алла жасаған Адам ата, Хауа анадан жердегі Алла елшілерінен бастау алатын әрбір адам жан мен тәннен тұрады. Сондықтан зиялы емес деген адамның өзіне құдіреті күшті Алланың еркімен руханият бөлінген. Ал, ол қалай дамиды, өз жаратушысына қандай жолмен жақындасады, оны ұмыта ма, ол құмарлыққа

бой алдыра ма, немесе періште деңгейіне көтеріле ме, ол басқа мәселе.

Егер жаратушыға сенетін адам өз сеніміне лайықты болса, онда біз өмір сүріп жатқан әлем, біздің қоғам анағұрлым жақсара түсер еді.

Валерий Өкей:

— Осыған орай қосарым, христиан діндарларының бірі қалдырған мынадай жақсы сөз кездейсоқ туындамаса керек. Ол осыдан көп ғасырлар бұрын былай деген: “Егер, біз, адамдар, құдайдың өсиетін бұлжытпай орындасақ, жер бетінде нағыз пейіш орнар еді”. Өкінішке орай, бұлай емес. Осы қазір мен өмірбақи тек ауыр күнәларға батқан қылмыскерлердің арылуын еске түсіріп отырмын. Өмірінің ақырында ол құдай алдында шын жүректен ақтарылып, өз істеріне өкініш білдіреді. Құдайға жылап жалбарынып, кешірім сұрайды, көзінен аққан жасын беторамалмен сүртеді. Ол өлген соң жаны денеден бөлініп шығып, ұшқан жанды періштелер қоршап, аспанға алып кетпекші болады. Осы жерде бұл жанға қара ниеттегі күштер таласа кетеді. “Бұл адам өмір бойы бізге табынды, сондықтан жаны да біздікі” дейді. Енді періштелердің не істеуі керек? Ол өмірінің соңында ғана өткеніне өкінді. Өмірінде жасаған жақсылығы жоқтың қасы. Бірақ, жан тапсырар алдында өзінің күнәларын мойындап ағат басқанын түсінді. Періште қайтадан жерге оралып, оны ақтауға ілік табуға тырысады. Сол кезде ол көз жасы сүртілген орамалды көреді. Ол көз жасына шыланған орамалды алып, адамның тіршіліктегі әрекетіне өлшем болатын таразының бір басына салады, таразының екінші жағында қара ниеттегі күштер өлгі адамның қылмысын түгендеген жазбасы тұрады. Сонда шын мәнінде, керемет оқиға болады. Әлгінің шайтан түрткен қарау істерін көз жасына шыланған орамал басып кетеді. Әрине, құдайдың рахымшылығында шек жоқ. Екінші жағынан алғанда, біз, бұған малданып, мастанбауымыз керек.

Мақсұт Сұлтанұлы:

— *Рахмет. Біз сауалымызды одан өрі жалғастырайық. Кеңестік атеизм дәуірінен кейінгі кезеңде Қазақстан Республикасының Конституциясы адамдарға шын мәнінде ұждан бостандығын берді. Содан бері елімізде діни қайта өрлеу байқалады. Бүгінде Республикада екі жарым мыңға жуық діни бірлестік, қырық бестен астам конфессия мен өзөзілдік бағыттағы ағымдар бар. Біздің мемлекетіміздің осындай көп дінділігі азаматтардың рухани тұрғыдан жақсаруына ықпал етеді деп тұжырымдауға бола ма? Бұл жөнінде Мұрат қажы не ойлайды екен?*

Мұрат қажы:

— Бісмілләхи ар-рахман ар-рахим, жалпы халықтың түрлі ұлтқа бөлінуі, бұл да құдіреті күшті Алланың еркімен болған іс. Құранда былай деп айтылған: “Мен бір-біріңді тани түсу үшін сендерді өз халқыңмен, өз тайпаңмен жасадым”. Түрлі діндердің болуы мынадан: Мұхаммед-Әссалам пайғамбардың Хадисінде айтылғанындай, ең бірінші адам және пайғамбар — Адам әс-салам жаратылған. Ол — жүз жиырма төрт болған. Жиырма бесі құранда келтірілген. Олар — Авраам, Нои, Моисей, Давид, Соломон, Иса және оның ұлы Жақып, Иисус, Мұхаммед Әс-салам және басқалар. Олар күшті құдірет иесінен бір ғана мақсатпен келді. Ол — өз балаларын құдайға құлшылық жасату. Егер осы сөздің мағынасына мән беретін болсақ, орысша — поклонение, қазақша — құлшылық ету, арабша — ислам екен. Сонда, барлық діннің негізі — құлшылық етуден тұрады. Діндердің ұқсастығы да осында. Яғни, бір құдайға сену, бір жаратушыға бас ию. Бұл — барлық діндерді біріктіріп тұр. Қай дінге болса да сенуші адамның бірде-бірі мен шайтанға табынамын деп айтпайды. Астапыралла, ол бұлай деп айтпайды, ол “мен тек құдайға құлшылық етемін” дейді. Нағыз христиандар да, нағыз мұсылмандар да “мен құдайға сиынамын” дейді. Бір ғана құдай бар, бұл арабша — Алла.

Мақсұт Сұлтанұлы:

– Мәселе тек көп түрлі конфессияда ғана болмаса керек, діндер өз ішінен әр түрге бөлініп жатады. Мәселен, исламның ішінде де басқа бағыттар бар. Осы әр түрлілік біздің қоғамымыздың дамуына қаншалықты пайда әкеледі?!

Мұрат қажы:

– Бісмілләхи ар-рахман ар рахим, қазіргі кезеңде қоғамда көп түрлі дін бар. Егер адамдар құдайға сенсе, қалай болғанда да ол ауыр қылмыс жасамайды, кісі өлтірмейді. Оның бойында қайырымдылық болады. Ал, қоғамымызда көп конфессия болғаны, бұл тарихи қалыпты процесс, бұл да құдіреті күшті Алланың еркімен болған іс. Біз, түрлі конфессияның адамдары, әсіресе ислам мен православиялық шіркеу, исламға сенетіндер шамамен, айтқанда 70 пайыз, және православиялық шіркеу, бұл дінге бой ұрғандар 22 пайыз, сонда барлығы 92 пайыз, яғни халықтың түгеліне жуығын мойынсұндырған діндер ислам мен православие өзара келісіммен бейбіт түрде өмір сүріп келдік, иншалла, бұдан әрі де осылай болса, елімізде тыныштық болады. Дінге сенетіндер де, сенбейтіндер де, жалпы әрбір Қазақстан азаматы бір мемлекет жерінде өмір сүріп жатқандықтан бір-бірімізбен достасып, ниеттес болғанымыз, бұл тәуелсіз республикамыздың он жылдағының жемісі.

Мақсұт Сұлтанұлы:

– Әрине, қалай десек те, мемлекетіміздің демократиялылығын пайдаланып, қандай да бір жаңа конфессиялар пайда болуда. Олардың кейбірі жұмыс істеп жатыр. Арасында халықтың сеніміне ие болғандар да бар. Менің есімде, исламның Ахмадия деген бір ағымы біздің халықтан қолдау таппай қалды. Сіздің қай дінде, қандай конфессиясында болатынын халықтың өзі таңдайды дегеніңіз, сірә, дұрыс болар...

Валерий Әкей:

– Егер діни қоғамды мен рынокқа теңесем, басқа конфессияның намысына тимейтін шығармын

деп ойлаймын. Рынокта түрлі азық-түлік қойылған көптеген сөрелер болады. Сол азық-түліктердің ішінде сапалысы да, сапасы төмендері де бар. Мұны адамдардың өздері таңдайды. Әрине, қазіргі тілмен айтсақ, экологиялық таза азықтарды таңдай ма, өлде көзіне түскенін ала бере ме, мұны анықтау үшін, қандай да бір уақыт қажет болар. Міне, діни қызметкердің жұмысы да осы тәрізді. Оның саналы ой айтып, сапалы ісімен халық сеніміне ие болуы үшін көп еңбектенуіне тура келеді. Бұл дін тек менің және ата-бабамның ғана діні емес, менің тамырым, менің ертеңгі күнім деп біліп, естен шығармау керек.

Мақсұт Сұлтанұлы:

— Рахмет. Мынадай тағы бір сауалдың жауабын білгім келіп отыр. Әлемдегі көптеген ғалымдар мен саясаткерлер ХХ-шы ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басын діндер соғысы мен конфессия аралық тартыс кезеңі деп болжамдаған. Шынымен, сол теория жүзеге аспақшы ма?! Әлемді бүлінуден сақтау үшін діни конфессиялар не істеуі керек? Естеріңізде болар, 11 қыркүйекте АҚШ-та болған оқиға зардабы басылар емес. Әсіресе, мұндай тартысқа зиялылар араласса, оңайлықпен басылмайды. Енді мәдениеттер арасында соғыс тумаса деген қауіп бар. Бұл адамзат үшін қалай болмақ?

Валерий Әкей:

— Бұл өте күрделі сауал және бұл мәселе көпшілікті толғандыруда. Енді діндер соғысы басталса, ақыр заман жақындап қалғанын шын мәнінде айғақтайды деп санаймын. Қазір менің есіме Христос шәкірттерінің бірінен қалған мынадай жақсы сөз түсіп отыр. Ол айтады, дүниені ақырына жеткізбей, ұстап тұратын бір күш бар, ол күштің артында не тұрғанын түрлі түсіндірулерде түрліше айтылып келді. Ал, шын мәнінде заманақырды тежейтін күш — адамдардың күнәмен күресуге қабілеттілігі. Егер біз күнәмен күресе білсек, сонда ешқандай дін аралық, ұлт аралық және басқа да қақтығыстар болмайды.

Сондықтан, біздің өрқайсысымызды күнә ғана бөліп тұр.

Мақсұт Сұлтанұлы:

— *Лаңкестік те күнә ма?*

Валерий Әкей:

— Әрине, күнә.

Мақсұт Сұлтанұлы:

— *Мұрат қажы, Сіз не айтасыз?*

Мұрат қажы:

— Бісмілләхи ар-рахман, ар-рахим, тегінде, көзқарастарымыз үйлеседі. Ең әуелі, бәрі құдіреті күшті Алланың әмірімен жүзеге асады. Жер бетінде Алланың ештеңе жасалмайды, астапыралла. Бәрі Алла арқылы. Екіншіден, құран сүрелері мен аяттарында айтылғанындай, құдіреті күшті Алла: адамдар қандай бөлеге тап болса да, бұл адамзаттың күнәһар қолының ісі, жердегі және судағы апат адамзаттың күнәһар қолымен жасалады, егер сендер менің тура жолыммен жүрсеңдер онда менің берерім көп, ал, егер күнәлі жолмен жүрсеңдер, онда менің әлденеше қаһарыма тап боласыңдар, — дейді.

Осыдан шығатыны, жер бетінде соғыс болғаны, шегіртке қаптағаны, тасқын су алғаны, жезөкшелік, нашақорлық пен маскүнемдік жайлағаны — бұл руханияттан, адамгершіліктен, қайырымдылықтан айырылғанның белгісі. Сондықтан, иншалла, алдағы уақытта бәрі жақсы болады деп үміттенеміз. Ал, христиан оқымыстылары айтқанындай, ақыр заманның жақындауы тек құдайсыздықтан пайда болады. Жер бетінде бәрі өзгереді, қалпына келеді. Бұл — қалыпты құбылыс. Тек адамның рухани кедейлігі, теріс пиғылы ғана дүниені бұзады. Рухани жетекші ретінде біздің міндетіміз рухани азғындарды тізгіндеу...

Мақсұт Сұлтанұлы:

— *Біз қалай айтсақ та, адамның кез келген әрекеті — құдайдан. Меніңше, құдай бәрін көріп отырады және Інжіл (Библия) бойынша да, Құран бойынша да адамға ойлау мен әрекет бостандығын береді.*

Валерий Әкей:

— Жақсылық пен жамандықты адамға ұсынып, жолынды өзің таңда дейтіні де рас.

Мақсұт Сұлтанұлы:

— *Ақыр заман дегенде, адамзат өз жолын таңдау арқылы бұл қозғалысты жылдамдатуы мүмкін. Сондықтан, мен нақты түсінік беруді сұрар едім, өйтпеген жағдайда ертең ақыр заман орнайды екен деп ойлап қалуға да болады емес пе?!*

Валерий Әкей:

— Адамзат күнөдан аулақ әрекет етуге тиіс және солай жасай алады деп сенемін. Осыған байланысты орыстың тамаша жазушысы Федор Михайлович Достоевскийдің мына сөзін келтіре кетейін. Ол бірде былай деген: “Шайтан үнемі құдаймен күреседі. Ал, олардың майдан алаңы — адамдардың жүрегі болып табылады”. Біз ақыр заманның келуі адамға байланысты ма, жоқ па дегенді жиі айтамыз. Әрине, адам қоғамдағы тіршілікке сырттай бақылаушы емес. Ол ондағы оқиғаларға тікелей қатысушы. Егер ол құдайды жақтаса, онда жерде тіршілік тоқтауына қатысты қорқыншты күн алыстай түседі. Бәрі адамның өзіне байланысты.

Мақсұт Сұлтанұлы:

— *Маған қазір мынадай ой келіп тұр. Құдай ақыр заманды әдейі енгізген тәрізді. Егер барлық адам, бүкіл әлем күнәһар болса, ондай тіршілік иелері құдайға да жақпайды...*

Валерий Әкей:

— Әрине, бастапқыда құдайда мұндай ой болған жоқ. Өйткені, адамдар мәңгілік боп жаралды. Қасиетті жазуларда көрсетілгеніндей, күнә арқылы дүниеге ажал келген. Ең бірінші адам — Адамның күнәсі салдарынан адам өзіне ажал тілеп алды, пейіштен қуылды, құдайдың қарғысына ұшырады. Адам ажалды болған кезде ақырзаман пайда болды. Өйткені күнәға, жамандыққа шек қою қажет болды... Егер сен ақ жүректі, қайрымды, рухани бай болсаң, онда әруақытта саған жол ашық.

Мақсұт Сұлтанұлы:

— *Маған, зиялы адамның бірі ретінде, әрдайым мәселенің өзі адамға байланысты тәрізді сезіледі де тұрады. Дегенмен де, адамзат ақырында толығымен күнәсіз жолға түсетініне сенгіміз келеді. Сонда құдай ақыр заманды болдырмас деп ойлаймын. Адам мен Хауана күнәсі үшін пейіштен қуып жібергенде құдай бастапқы өз шешімін қайта қарады емес пе?! Сол сияқты, адамзат ақ жолға түссе, бұл шешімді неге қайта қарамасқа?!*

Валерий Өкей:

— Сіздің сөзіңіз дұрыс. Мұның дұрыстығын тағы да қасиетті жазудан алып айтайын. Есіңізде ме, Авраам құдайға сұрақ қояды:— Құдайым, егер қалада 50 діндар табылса, онда күнәларын кешіресің бе, егер 40 діндар болса ше? Құдай айтады:— қалада бір діндар болса да, егер ол шыққан тегін біліп күнәмен күрессе, бар күнәсін кешіремін,— дейді.

Мақсұт Сұлтанұлы:

— *Мына сауалды мен міндетті түрде қоюым керек. Бізге жеткен 60 мың жылдық тарихы бар ең ежелгі папирус хат үлгісіндегі сөздер былай басталады “Өкінішке орай, әлем бұрын қандай болса, қазір ондай емес, кез келген адам кітап жазғысы келеді, ал балалар ата-аналарын тыңдамайды”. Осыдан туатын сұрақ, әдебиет пен киноның әдепсіздігінен қалай құтылуға болады? Өз еліміздің лайықты азаматтары болуы үшін балаларды қалай дұрыс тәрбиелеу қажет? Осы проблема жөнінде сіздердің пікірлеріңіз қандай?*

Мұрат қажы:

— Бисмилләхи ар-рахман ар-рахим,

... Балаларын тәрбиелеу — ата-аналарға Алланың бұйрығы. Сондықтан, ата-аналар өз балаларын қайырымдылыққа, адамдыққа, құдайын ұмытпауға тәрбиелеуі керек. Адам — Алланың жердегі елшісі, оны қандай да бір жануар болсын деп жіберген, тек адам болсын деп жіберген. Адам Алиқсаламға періштелер де бас иген, өйткені ол руханияты арқ-

асында періштелерден де биік болған. Егер осындай өсиетті өңгімелерді біз балаларымызға үнемі айтып отырсақ, иншалла, жер бетінде азғындық азаяр еді. Кітаптағы, кинодағы, интернеттегі әдепсіздік болмас еді. Бүгінде біз христиан дініне қарсы шығушылар легін көрудеміз. Бұл өкінішті жағдай. Өйткені, қазір балаларды тәрбиелеу қиындап кетті, теледидар бетіндегі зорлық-зомбылық, порнография, т.б. бала санасын улайды.

Валерий Әкей:

— Мен дінді, руханиятты қайтару керектігі жөніндегі өңгімелерге толық қосыламын. Шағын ұйым, шағын шіркеу тәрізді — жанұя мәселесі де күрделі. Ең алдымен ата-аналар өз балаларының өмірдегі өз жолын таңдауына үйретуі керек. Ал, балаларға үйретуге қатысты мәселеде бізге жауапкершілік жүгі артылады. Діндар адамдар, руханиятты жандар, қасиетті сөзді тыңдаушылар, біздер, адамдарға өз балаларына қалай өмір сүруді, қалай тәрбиелеуді үйретіп жөн сілтеуіміз керек. Әрине, бұл жерде мен шіркеудегі жазбалар бойынша оқытуды айтып отырмын. Егер, адамдардың өзі мұны білмесе, онда балаларына не үйретеді? Діннің руханияты бұрын да балаларына ана сүтімен беріліп келгені кездейсоқтық емес. Өйткені, біздің аналарымыз дінге сенді. Өзі де діндар адам болған соң үйретері болды. Кейбір бала өскен соң шіркеудің есігін ашқанда бұдан өрі не істерін білмей қалады. Неге? Өйткені, оның дінге қатысты мағлұматы аз. Ал, бұл олқылықтың орнын бірден толтыру мүмкін емес. Кейде ата-аналар үйленгеннен кейін бірден балалы болғанды қалайды. Ол үшін де тоғыз ай күту керек. Бұл да құдайдың рақымшылығы. Осы уақыт ішінде әйел ана болуға дайындалады. Бүгінде біз экран бетінен зорлық-зомбылық көретінімізді сіздер де айтып жатырсыздар. Сонымен бірге газет беттерін аша қалсақ, қолайсыз суреттер көретініміз де шындық. Осы себепті, біз ересек адамдар, жауапкер-

шілікті өзімізге алуымыз керек. Бұл жүкті көтере білуіміз керек және мойымауымыз керек. Балаларымызды да төзімділікке тәрбиелегеніміз жөн. Осының бәріне біз шыдай білсек, онда өміріміз де жақсара түседі.

Мақсұт Сұлтанұлы:

– *Рахмет. Қалай десек те, біздің еліміз егемендіктің, тәуелсіздіктің он бір жылын артқа тастап, бейбіт даму үстінде келеді. Көп ұлтты, көп конфессиялы қоғамымызды қандай да болсын қақтығыстардан сақтай білу — біздің Қазақстан халқының және ел Президенті саясатының даналығы арқылы келді. Сұхбатымыздың соңында, менің есіме қазір түсіп отырған мына жайтты сіздерге айтып өтейін. Жақында Президентпен кездескенімде ол кісі өз арманын бүкпесіз ортаға салды. Үлкен арманның бірі — жаңа астананы салу. Қазірдің өзінде бұл тұрғыда көптеген жұмыстар атқарылуда. мені таң қалдырғаны, ол кісі өз арманына жетуге үлкен ұмтылыс жасайды. Сол жолы маған былай деді:*

– *Мен Астанада барлық Қазақстан халқы жиналатындай Орталық салуды армандаймын. Онда бірнеше мешіт, шіркеулер болса және оларға барлық негізгі діндердің өкілдері — христиан, ислам, католик және еврей сеніміндегілер бәрі кіріп, кездесіп, әрқайсысы өз жолымен бір құдайға сыйынуға барса деймін.*

Осындай қамқор сөздің өзі Президентіміздің жандүниесін танытады және ол кісі мұндай Орталықты сірө, салатын да шығар. Өйткені, мұны қазірдің өзінде ойластыруда.

Біздің Президенттің дәл осындай бағыт-бағдарының арқасында бүгінгі күні біздің елімізде қалыпты жағдай сақталуда деп ойлаймын.

Біз сұхбатта адамдардың рухани байлығын арттыру мәселесін қозғадық. Бұл тұрғыда көп айтуға болады. Ең бастысы, адамдардың осы әңгімелерден ғибрат алып, өміріне жаратуында болса керек. Мен сіздерге, менің шақыруымды қабыл алып, сұхбатқа

қатысып, ой-пікір бөліскендеріңіз үшін алғыс сезімімді білдіремін.

БІЗДІҢ ЕЛДІҢ БИЛІГІ ХАЛЫҚ ҚОЛЫНДА

Біраз жылдардан бері менің “Рахат” телеарнасы арқылы “Ұлт ожданы” атты өзімнің авторлық бағдарламамды жүргізіп келе жатқаным белгілі. Өз басыма тамаша бір ләззат сезімін сыйлаған сұхбат — қоғам қайраткері, жазушы Роллан Шөкенұлы СЕЙСЕНБАЕВПЕН болғанын әркез мақтан етемін.

Мұндай ағынан жарылып, адалынан айтылар әңгімелер ұмытылмайды да екен.

Әлқиса, оның сәті 2003 жылдың сәуір айының соңына таман түсіп еді.

М. С. — Роллан Шөкенұлы, бұл, шамамен айтқанда, 1975-ші жыл болар, ол кезде Талдықорған қаласы облыс орталығы еді, қалада бірнеше зауыт құрылысы жүріп жатты. Сол уақытта, мүмкін, мемлекетіміз үкіметке Жетісуды индустрияландыру мәселесін қойған шығар, қалада аккумуляторлар зауыттары қарқынды салынды. Әлі күнге дейін менің есімде, Сіздің романыңыз бойынша Талдықорған театрында спектакль қойылды. Көріністің тақырыбы индустрия саласында еңбек етіп жүрген жұмысшы табына арналды. Енді сол уақыттың естелігіне қайта оралсақ, Сіздің тың тақырыпқа бет түзеуіңізге, яғни индустрия тақырыбын қозғауыңызға не себепкер болды?

Р. Ш.: — Әуелі, мені сұхбатқа шақырғаныңызға рахметімді айтамын. Сіздің теледидардан жүргізетін хабарыңыз осы күні жұртшылықтың сүйіп тыңдайтын, үйренетін, тәнті болатын рухани дүниесіне айналды. Ал, сауалыңызға келер болсам, мен Мәскеуде болғанымда Қазақстан индустриясын дамытуға көмектесу іс шарасы қолға алына бастады. Осы орай-

да айта кетейін, Қазақстан ерекше ел, мұнда әлемдегі барлық ұлт өкілдері жиналған. Мұны мәскеуліктер де біліп, бағалайтын. Менің ВЛКСМ орталық комитетінің тапсырмасымен Қазақстанда жүргізіліп жатқан он құрылыстың біреуіне баруымның қажеттігі туындады. Әуелі Магнитогорск ұсынылған еді, мен Талдықорған тізімде болғандықтан, сол қалаға баруды қаладым. Бірақ, онда зауыт салынып жатқанын білген жоқпын. Мені зауыт директоры Советхан Алыбаев жылы шыраймен қарсы алды. Ол кісі бұрын обком партияның бірінші хатшысы болған, өте ақылды ақсақал еді. Зауыттың жатақханасында жұмысшылармен, яғни өзімнің әдеби кейіпкерлеріммен бірге жарты жыл тұрдым. Сол кездің өзінде жазушы атансам да, жас едім, 27 жаста болатынмын. Біз өз Отанымызға деген сүйіспеншілік сезімін іс жүзінде көрсетуге ұмтылдық. Бәріміз де энтузиаст болатынбыз. Сол уақытта роман, драма жаза бастадым. Роман “Егер өмір сүргің келсе” деп аталды. Спектакль де осы тақырыппен Талдықорған театрында қойылды. Бір атап өтер жайт, Талдықорғанда қойылған осы және басқа индустрия саласындағы жұмысшылар өміріне арналған спектакльдер тек Кеңестер елінде ғана емес, Чехославакияда, Венгрияда, Польшада қойылды. Мен шын мәнінде әдеби кейіпкерлерімнің өмірде бар нақты адамдар екеніне қуанатынмын. Шындықтың бәрін көрсете алмаған шығармын, ол кезде бұл мүмкін емес, қиын уақыт еді ғой, бірақ адамдар өмірін барынша адал көрсеттім.

М. С.: — Біз атақты ақындардың өлеңдерін, сонымен бірге Сіздің, Сәкен Жүнісовтың және басқа да жазушылардың роман-новестерін бір деммен оқып шығатынбыз. Біз Сіздің кітаптарыңыздан тәлім-тәрбие алдық деп те айта аламыз. Сіз сол кездегі жастар арасындағы танымал жазушы болдыңыз. Содан соң бірден қазақстандық оқырмандар көзінен тасаланып кеттіңіз. Осының сырын айтсаңыз?

Р. Ш.: – 1975 жылы Семей қалалық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарып, студенттік құрылыс отрядтарын ұйымдастырып, оның жұмысына белсене араласып жүрген шағым болатын. Жас жазушылардың Мәскеудегі VI кеңесіне Олжас Сүлейменов, Әбіш Кекілбаев, Фариза Онғарсынова, Мұқағали Мақатевтармен бірге қатыстым. Бұлардың бәрі Қазақстанның талантты, дарынды ақын жазушылары. Мұқағали өз кезінде лайықты бағасын алған жоқ. Бұл, әрине біздің қателігіміз.

М. С.: – *Ал, қазір біз Мұқағалиға ескерткіш орнаттық...*

Р. Ш.: – Иншалла, ол рас. Әңгімемді одан әрі жалғайын, сол кездегі ең көп оқылатын “Правда”, “Известия” газеттері “Владимир Щеткин, Роллан Сейсенбаев – кеңестік әдебиеттің үміті” – деп жазды. Біз, жастар, аталмыш газеттерді түгел оқымайтынбыз, өйткені олар шындықты жаза бермейтін. Әйтсе де, бұл аға газеттерде жазылған сөз менің өмірімнің өзгеруіне әсер етті. Мәскеуге қызметке шақырды, маған пәтер және шығармашылық мүмкіндік берді. Мен кеудемді тік ұстап, мақтанышпен Мәскеуге аттандым. Бірден-бір кеңес зиялысы, КСРО жазушылар Одағының төрағасы, КСРО Жоғарғы Кеңес депутаты Георгий Марков жазушылар одағына жастарды тартты. Рас, жазушылар одағының көп бөлігін егде адамдар құрады. Бәлкім, сол кезде жас күштер қажет болған шығар, олар бұл жөнінде бізге ештеңе айтқан жоқ, солай бола тұрса да біз мұны іштей сезіндік. Барлық одақтас республикалардан жиналған жас жазушылардың жазғандарын олар мұқият оқыды, бізді араларына қосып, жөн сілтеп отырды. Осы күні, мүмкін, біздерге осы қасиет жетпей жатқан болар. Өзімнің аға әріптестерімнің ақ-адал ниеттерінің арқасында мәскеуде тұру мүмкіндігіне ие болдым. Сол уақыттарда мен КСРО жазушылар одағындағы Қазақстанның өкілі едім. Мәскеуде бір жылда он екі кітап бастырып шығардым. Олар: Мұхтар Әуезовтың “Абай

жолы”, Әбдіжәміл Нүрпейісовтың “Қан мен тер”, Сәбит Мұқановтың романдары. Жастардан Әбіш Кекілбаевтың (орыстың ұлы жазушысы В. Беловтың аудармасымен) шағын повесі жарық көрді. Ол кезде Мәскеуде қазақ жазушыларының он екі кітабын басып шығару үлкен жаңалық және зор абырой еді.

Біз одақтың астанасына жастарды да тартып, кітаптарының шығуына ықпал еттік. Қазақстан Жазушылар одағын менің әріптесім, ұстазым Әнуар Әлімжанов басқарды. Біз сол кісінің және Олжас Сүлейменовтың кітаптарын оқып, тек қана шындықты жазу керектігін ұғындық. Тек шындық қана біздің елімізге, біздің жерімізге жарық түсіретінін түсіндік.

Мен ұлы Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов дүниеге келген Шыңғыстауда туып өстім. Әр жердің өз перзентіне беретін жемісі болады, Жер-Ана берген дүниені көздің қарашығындай сақтағанды жөн көремін. Сіз сұрағандай, мүмкін, менің жоғалып кетуім де осы қасиетіме байланысты болар. Мен қарапайым өмір сүретін адамдардың қатарына жатамын, өзімді сақтағанды дұрыс көремін, өз ішкі өлемімнің тыныштығын қорғаймын және біз әр кезде де өз тыныштығымызды, өз ісімізді сақтай білуіміз керек деп білемін. Өйткені айғайлы жерде ақыл аз болады. Бүгінгі күні Қазақстанда да, Ресейде де көптеген адамдар атақ-даңққа қызығып соған жетуге ұмтылады. Ал, атақ — біздің соңымызда жүруі керек. Оны алдыға салып, қуалаудың қажеті жоқ. Егер сен қарапайым тұрып, көркем дүние жасап жатсаң, оның өзі-ақ іздеп келеді. Жазушының артында кітап қалады, ойлы оқырмандар ұмытпайды. Маған Мәскеуде де, осы жерде де “Сіз неге жұртшылықтың алдына шықпайсыз?” — деген сауалдар қойылады. Бұған берер жауабым: мен жазушымын, мен кітап жазамын. Бұл — ең бастысы. Жазушыны бұдан бөгде нәрселер қызықтырмауы керек, өйткені, оны бұл өмірге Құдай жіберген, ол тек Алланың тапсырмасын ғана орындайды. Жақында Астанада болдым. Елордада боран

соғып, қар ұйтқып тұр екен. Ал, осындай табиғат құбылысын өзгерту адамның қолынан келе ме?! Бұл — Алланың ісі. Сондықтан, әр жазушы көркем дүние тудыра отырып, өз сөзіне абай болуы керек. Кейде ресейлік, не болмаса қазақстандық газет беттерінен біздің жазушыларымыз жөнінде ыңғайсыз сөздерді оқығанда, олар мені еріксіз қынжылтады. Мен біреулердің намысына тиіп, әлдекімдерді ренжіткелі отырған жоқпын. Әр адам өз сөзіне және өз ісіне сақ болуын айтқым келеді. Бұл тұрғыда өзіме Олжас Сүлейменовты үлгі тұтамын. Ол кісі Қазақстанның ЮНЕСКО-дағы тұрақты өкілі, Парижде тұрады. Олжас Омарұлы — ұлы адам, үлкен істерді атқаруда. Сөйте тұра өз ісіне зиянын тигізбеуі үшін сақ сөйлейді. Ол кісінің ұлылығы да осында болса керек.

М. С.: — Роллан Шөкенұлы, Мәскеу, одан кейін Лондон. Сіздің Лондонға ауысып, сонда тұруыңызға, сонда жұмыс істеуіңізге не себеп болды?

Р. Ш.: — 1995 жылы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанға шақырды. Қазақстан Президентінің қоғамдық кеңесшісі болдым. Мен Нұрсұлтан Әбішұлы сынды дана адамнан көп нәрсе үйрендім. Сол кезде еліміз Абай Құнанбаевтың 150 жылдығын тойлауға дайындалып жатқан болатын. Осы шара аясында Лондонда мәдени ошақ ашу керек болды. Ешкім ештеңе түсінбей жатқан кезеңде біз жолымызды айқындап, оқиғаның алдын алып, Еуропа ортасынан Абай үйін аштық. Бүгінгі күні өз ойымды айтар болсам, мұндай мәдени ошақты барлық қаладан ашу керек дер едім. Лондонда Абай үйін ашарда принц Чарльз клубының мүшесі ретінде 24 сағат бойы Қазақстан жалауын көтеруге рұқсат сұрап алдым. Нұрсұлтан Әбішұлы Лондондағы Абай үйінде болып, өзінің бағасын берді. Бұл мәдени ошақты бірнеше жыл ұстадым. Оны ұстап тұру өте қымбатқа түсті, жылына 50 мың доллар төлеу қажет. Оны бір адамның төлеуі қиын. Қалай болғанда да Еуропаның ортасында Қазақстанның

мәдени орталығын ұстау бақыты маған тигенін бүгінде мақтанышпен айта аламын.

М. С.: — Ал, маған Лондондағы осы Абай үйінің ашылу салтанатына қатысу бақыты бұйырған еді. Біз Лондонның орталығында Қазақстанның Мемлекеттік жалауы көтерілер сәтті толқп күттік. Биікте тұрып жалау көтерген Серік Қонақбаев пен Мұстафа Өзтүрік былай деген еді:

— Аға біз әлем чемпионы болдық, жер жүзін араладық, бірақ мұндай тебіреністі бастан кешкен жоқпыз. Тіпті, жоғарыда тұрып, көзімізге жас алдық, — деді.

Р. Ш.: — Иә, тәуелсіз республикамыздың жалауы Еуропа орталығында бірінші рет көтерілді ғой. Біз шет тілдеріне Абайды, Шәкәрімді, Мұхтар Әуезовты, Мұқағалиды аудардық, кітаптарын шығардық. Қазақ әдебиетін өркендету жөнінде идеялар көп болды, кейбірі орындалды, кейбірі орындалмады...

М. С.: — Мүмкін, бұл творчество адамдарының тағдыры шығар. Олар туралы кейіннен ұрпақтары айтып жатады. Өз уақытында ұлы дүниелер жасап жатқанда замандастары тарапынан лайықты бағасын ала бермес.

Біздің ел Президенті жаңа мемлекет құруда, жаңа астана жасауда, дүние жүзіне сапар шегіп инвестициялар тартуда, өз халқы, өз елі дамыған елдермен ық теңестіріп тұруы үшін өзге елдердің озық әдістерінен үлгі іздейді. Сіз әлемнің көп елін аралаған қаламгер, қайраткер ретінде осы күнгі мемлекет және үкімет бағытына, іс-әрекетіне қандай баға берер едіңіз?

Әрине, әрбір жаңа істе қателіктер болады. Бірақ, біз Джордж Буштың әрекетін қателік деп айта аламыз ба?! Оны тарих өшкерелейді. Осы күні бұқаралық ақпарат құралдарында қандай да бір адамдар жөнінде өртүрлі пікірлер айтылып жатады. Ал, біздің еліміз тұтастай алғанда, басқа дамыған шетелдермен ТМД елдерімен салыстырғанда қалай көрінеді?

Р. Ш.: — Қазақстан үшін өткен сындарлы он жыл сақтандыру кезеңі болды. Бұл уақытта елімізде жү-

зеге асқан қауырт қимылдардың арқасында келген игіліктердің бәрі — ел Президенті іс-әрекетінің нәтижесі. Біздің мемлекетіміздің басты байлығы — ел тыныштығы. Мұның өзі Елбасының ұстанған бағыты дұрыс екенін дәлелдесе керек. Осы ретте мен қайта сайланған Фидель Кастро сөзін айта кеткім келіп отыр. “Ұлы ғаламдастыру кезінде Америка өз орнын табуы керек. Ол ұлы террор, әлемдегі биліктегі жандарм болмауға тиіс. Бұған оның ешқандай құқықтары жоқ”.

Мен Н. Ә. Назарбаевтың өз республикамыздың өткен жолынан жазған кітаптарын оқып шықтым. “Сындарлы он жыл” және басқа да кітаптар жоғары оқу орындарында оқытылуы керек деп білемін. Дәл қазіргі кезде бұл кітапты алған адам ғана оқиды, сондықтан мұнда айтылған терең ойлар, ұлағатты іс-әрекеттер жалпы қауымға жете бермейді. Бұл кітаптар біздің өмірімізге бағыттаушы болғаны жөн. Жақсы кітап — жан азығы. Осы тәрізді терең мазмұнды, пайдалы кітаптар қазақшаға аударылса құба-құп. Жасыратыны жоқ, қазіргі кезде студенттер орыс тіліндегі бірқатар кітаптар мен әлем әдебиеттерін өз бетінше аударып оқып жүр.

Бүгінгі күні мен қазақстандық жастармен мақтана аламын. Қазақстандағы жекелеген орыстар, немістер қазақшаны қазақтардан артық біледі.

М. С.: — *Кейбір қазақтардан...*

Р. Ш.: — Иә, кейбір қазақтардан. Астанада Президент аппаратында, Парламентте бәрі орыс тілінде сөйлейді. Бұлай болмауы керек. Бірақ, уақыттан озып кету де дұрыс емес. Әрбір істі өз уақытында жасаған жөн. Осылайша, қазақ тіліне біртіндеп ауысамыз. Ал, жоғарыда айтқандай, Елбасы кітаптарын халықтың санасына дәл қазір жеткізу қажет. Мұндай кітаптармен қатар Президенттің әр жерде, әр ортада сөйлеген сөздері бар. Бұларды да жастарымыздың оқып, білгені дұрыс. Мәселен, 8-наурыздағы сөйлеген сөзі қандай тамаша! Онда біздің аналарымызға,

апаларымызға, қарындастарымызға, қыздарымызға арналған небір керемет сөздер бар.

Мен барлық қазақстандық ықпалды азаматтардың кітаптарын қадағалап отырамын. Атап айтқанда, Мырзатай Жолдасбековтың, Қасымжомарт Тоқаевтың және басқалардың кітаптарын оқып шықтым. Сіздің монографияларыңыз маған ой салды. Қазақстан Республикасының балалық шағы, құқықтық қорғалуы жөніндегі бұл бірінші зерттеу шығар.

Мен Елбасының “Сындарлы он жыл” деген кітабына қайта оралғым келіп отыр. Мұнда Президент жұртшылықты ашық әңгімеге шақырады. “Мен жалғыз емеспін, келіңіздер, біз бәріміз Қазақстанды жасаймыз” дейді. Мен, Қазақстанды жасап жатқан ықпалды да іскер азаматтардың өмірінен кітап жазылғанын жөн көремін. Егер Қазақстан жүріп өткен сындарлы он жылға он кітап арналса, ол сол уақыттың өлшемі болады деп білемін. Мұның өзі Қазақстанның жедел дамып, өзге елдердің ортасында шоқтығы биіктеп келе жатқанын айғақтары анық.

М. С.: — Роллан Шәженұлы, сізге зиялы қауым өкілі ретінде дәстүрлі сауал, сіздің ойыңызша, тұтастай алғанда бүгінгі зиялылар жағдайы, сондай-ақ, қорғам зиялысы, өкімет зиялысы арасындағы өзара қарым-қатынас қандай? Егеменді еліміз болашаққа бет бұрған кезеңдегі зиялылар ролі жөнінде не айтасыз?

Р. Ш.: — Зиялылар деген біртұтас ұғым. Жай ғана олардың арасында тұлғалар бар. Мәселен, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев және әлемге аты өйгілі ғалымдар, жазушылар...

Ал, менің ұққаным, біздің Президент “халық тұлға болсын” деген міндет қойған. Егер, халық тұлға болса, онда проблема да болмайды. Мұндай жағдайда бәріміз де ойлай білетін болғандықтан, тұтастай ұлттың өзі тұлғаға айналады.

М. С.: — Ал, халықтың тұлға болар белгілері қандай? Халқымыз әлем таныған тұлға болуы үшін не істеу керек?

Р. Ш.: — Жоғарыда айтып өткеніміздей, халықтың өзі ел тарихына, саясатына, мәдениетіне қатысты кітаптарды іздеп жүріп тауып оқуы керек, өмірде белсенділік танытуға тиіс. Мен айтар едім, Қазақстанда 15-16 млн. адам болса, солардың әрқайсысы Абайдың ең болмағанда 15-16 өлеңін жатқа білсе, мұның өзі өлемді биік деңгейден танудың, дүниені кең көлемде сезінудің үлгісі болып табылады. Мен біздің елдің тұлғасы — халық деп айта аламын. Қазақстанның өнер адамдарын бастап барған Дариға Назарбаева Францияны дүр сілкінтті десе де болады. Сол жақта өткерген он күн ішінде кездесулерде сөйлеген сөзінде Дариға қазақ елінің рухын жоғарылата түсті.

Дариға осы күні жұртшылыққа Президенттің қызы ретінде емес, халық өкілі, жеке тұлға болып танылуда деп айта аламын. Өйткені, ол Қазақстан мәдениетінің биіктеуі үшін зор істер атқаруда.


М. С.: — *Өңгіме соңында сіз қозғаған жастар жайын тағы бір айтып өткім келіп отыр. Біздің жастарымыздың жоғары білім алуға деген ұмтылысы жоғары. Былтыр мектеп бітірген жастардың 90 пайыздан астамы жоғары оқу орындарына түскенді қалады. Мұның өзі біздің ертеңіміз — жастардың жан дүниесі биік екенін көрсетеді.*

Жастар көш басында жүрсе қоғамымыз да тек алға жылжиды.

Сіз ел Президентінің барлық іс-әрекетін өз елін алға бағыттап алып келе жатқанына көз жеткіздіріп қана қоймай және солай бола беретініне сендіре де білдіңіз.

Біздің бүгінгі экономикалық жетістіктеріміздің көрсеткіші де осыны айтады. Біз Қазақстан халқына жарқын болашақ тілейміз және бұған сенімдіміз. Өзіңізге айтарым — алғыс!

2004 — МЕШІН ЖЫЛЫ



БІЗ — ҚҰҚЫҚ ПЕН ЗАҢДЫЛЫҚ ПАРТИЯСЫМЫЗ

“Құқықтық Қазақстан үшін” Республикалық азаматтық қозғалысы соңғы үш жыл көлемінде егеменді еліміздегі саясат саласында өзінің қомақты үлесін қосып келеді. Осындай қысқа уақыт ішінде көптеген сүбелі қоғамдық жұмыстар атқардық деуге болады. Атқарған ауқымды істерімізге қарағанда қалың бұқара халықтың бізді қолдайтындығына көзімізді жеткіздік.

Осы жылдар ішінде жинақтаған тәжірибемізге сүйенсек, біздің батыл басып, ширек қимылдайтын кезіміз әбден жеткен тәрізді. Бүгінгі кезең біздің саясатпен нағыз кәсіпқойлық деңгейде шұғылдануымызды талап етіп отыр.

Рас, біздің қозғалысымыз өмірге келгеннен бері елімізде саясатпен қатар әлеуметтік-экономикалық салада да елеулі өзгерістер болып жатыр. Бұл біздің қозғалысымыздың қызметіне де ықпалын тигізбей қойған жоқ. Сондықтан да өмір өзгерістерінен біз де сырт қала алмаймыз, өйткені саяси қызметімізді сапа жағынан жаңартып, бұрынғыдан да ұйымдасқан түрде пәрмендірек жұмыс істеуіміздің кезеңі келіп тұр.

Бүгін басты мақсаты — демократия, әділеттілік және құқықтық тәртіп болып табылатын партия құрып алдық. Реті келіп тұрған осынау сәтте мен мұны ресми түрде хабарлай келіп, бұның жалғыз-жарым адамның немесе жекелеген шағын топтың ойы емес, уақыт, замана талабы екенін мәлімдеймін.

Сондай-ақ бізді саяси партия құруға итермелеген республикамыздың барлық өңіріндегі азаматтарымыздан келіп түскен Хаттар мен Үндеулер екендігін де айта кеткенім жөн. Біз, еліміздің экономикадағы елеулі табыстарына қарамастан саясат пен құқықтық саладағы кемшін тұстарды да көріп отырмыз.

Саяси реформаның осал, заңдардың тиімсіз тұстарын біле тұрып, менің әріптестерім — кәсіпқой заңгерлердің, зиялы қауым — интеллигенцияның бұрқ-сарқ қайнап жатқан қоғам өміріне белсене араласпаулары кешірілмес күнә деп білеміз.

Біздің партия құрудағы мақсатымыз — адамдардың құқы мен бостандығы, демократиялық теңдігі мен қоғамдық татулығы болып саналатын егеменді еліміздің мемлекеттілігін нығайтқан үстіне нығайта түсу.

Біз Қазақстандағы демократияның, саяси және құқықтық жүйенің одан әрі жетілуіне, осы арқылы оның экономикасының қарыштап өсіп, қазақстандық әр азамат пен әр отбасының хал-ахуалдарының көтеріле беруіне жан-жақты ықпал жасауды мақсат етіп отырмыз.

Біз — құқық пен заңдылық партиясымыз. Біз бұған саналы түрде, зор жауапкершілікпен барып отырмыз. Біздің ойымызша, мұндай табиғи заңдылық жолын құқықтық еліміздің әрбір саналы азаматы қолдауға тиісті деп білеміз. Біздің бағытымыз — заңдылық, ар-ожданымыздың тазалығы, әділеттілік. Мейлінше әділеттілік!

Біз партия құра отырып, адамгершілікке дақ түсірмейтін, әділетті заңдар мен заңдылықтың бірінші орында тұруына күш салатын боламыз. Тәртіп пен әділеттілік — біздің саясатымыздың алтын арқауы болып тартылған. Қазіргі кезде, сайлау алдында, талайлардың таңдайлары “Экономика, саясат, әлеуметтік жағдай” деп тақылдай бастағаны ешкімге де құпия емес. Алайда, олар адам баласы үшін аса маңызды нәрсе — ұлттың ұлағаттылығы мен оның моральдық хал-ахуалы, рухани деңгейі туралы ойланар емес. Сондықтан да, Партиямыздың тірегі де, жүрегі де болып саналатын, зиялы қауымнан қоғамға қызмет ету жолында тасыған күш, тасқындаған жігер күтеміз!

Ұлттық саясат саласында біздің Партия Еуразия саналылығы мен мемлекеттілігіне жақтас. Бұл

дегеніңіз барша азаматтары тең құқылы саналатын — Қазақстанның біртұтастықтағы халқына тән идеяны мәдениеттендіру болып табылады. Мұндай жағдайда тең және тең құқылы халықтардың біртұтас бірлікте болулары әр ұлт пен этностардың өздеріне тән өзіндік ұлттық мәдени ерекшеліктері мен дәстүрлерін өзара құрметтейді, әрі дамытады деп санайды.

Біздің партия әр түрлі діни нанымдар мен сенімдерді, тілдер мен дәстүрлерді жоққа шығармастан, бәріміздің ортақ Отанымыз — Қазақстанның болашағына сенуге шақырады. Біздің партия Қазақстан халқының ресми және барша тілдерінің үйлесімді дамуын назарға ала отырып, мемлекеттік тіл болып саналатын — қазақ тілі мәртебесінің арта түсуіне барлық мүмкіндіктерді пайдаланып, оған күш-жігерін жұмсайтын болады.

Біздің ойымызша көп ұлтты және көп дінді біртұтас, әрі мықты, болашақ Қазақстанның кепілі — оның мағұлымдама күйінде қалып қоймайтын, кеңінен ойланған ұлттық саясаты дегеніміз жөн.

Саясат саласында біздің партия мынаны еске алады:

Қазақстанның демократиялық мемлекет жолын таңдауы — Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген “Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы” Заңында бұдан он екі жыл бұрын жарияланған.

Осы жылдар ішінде осы таңдауды жүзеге асыру үшін республикамызда демократиялық қоғамның тиісті институттары құрылып, әрі дамып келеді. Сондықтан да еліміздің қазіргі даму сатысында өңгіме мемлекетіміздің **ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ТАҢДАУДА** емес, **ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЕРІК-ЖІГЕРДЕ** болуы тиіс.

“ЕРІК-ЖІГЕРДІ” философиялық түсіндірмеге сәйкес қарайтын болсақ, ол — “құндылықты айқындайтын, бәріміз ұмтылатын рухани акт”. Ерік-жігер, азаматтық ерік-жігер, біздің жағдайымызда —

еркіндікке, бостандыққа ағытталынған ең жоғарғы құндылық. Сондықтан да біздің партия өз әрекеттерін Отанымыздың өсіп-өркендеуіне қарсы қимылдайтын партиялармен, қозғалыстармен, жеке тұлғалармен қарама-қайшы екендігін ресми түрде мәлімдейді.

Құқықтық мемлекетте ғана демократия өзінің толық дамуына ие болатындығына көзі жеткен біздің партия мемлекетіміздің мынадай халықаралық принциптерін сөзсіз сақтауы үшін жан-жақты күресетін болады:

- халықтың егемендік принципі;
- адамның бостандығы мен берік құқық принципі;
- мемлекеттің конституциялық құрылым принципі;
- басқа заңдарға қарағанда Конституцияның басымшылық принципі;
- билік бөлісу және мемлекеттің ұйымдық негізі саналатын биліктің жауапкершіліктегі институттары;
- судьялардың тәуелсіздік принципі;
- халықаралық құқық нормаларының ұлттық нормалардан артықшылық принципі.

Біз былай деп ойлаймыз:

- Қазақстан халқы әл-ауқаттылық пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін нағыз демократиялық, құқықтық мемлекетте өмір сүруге құқылы және бұл ел ХХІ ғасырдың зор серпінділікпен дамуына үлкен үлесін қоса алады;

- Демократия Қазақстанға әбден қажет, өйткені ол қандай да бір саяси тәртіптерге қарағанда адамның қадір-қасиетін кіршіксіз қорғай алады;

- Азаматтық қоғамның дамуына демократия ғана ықпал жасайды, тек сол ғана құқықтық мемлекеттің қалыптасуы үшін тиімді құрал болып табылатын бөлісу принципі мен биліктің өзара әрекетін жүзеге асырады.

Алайда, құқықтық бостандық демократияға өте қиын тәуелділік тудырып кетуі ықтимал, сондай-ақ

ешбір шектеусіз бостандық анархияға айналып, заңсыздыққа жол береді. “Мұндай демократиядан зорлық туындап, рақымсыз біреу халық басына көтеріліп кетуі мүмкін” деген болатын ұлы данагөй Платон. Біз шешімін таппаған мәселелердің түп-тамырын демократия жолымен тез дами алмай отырғандықтан емес, құқықтық тәртіптің кемшілігінен, қабылданған заңдардың орындалмауынан деп білеміз.

Мемлекеттік басқару саласында қазіргі кезеңде мықты мемлекеттік билік қана нарықтық экономиканың реттеушісі бола алатындығына біз сенімдіміз.

Біз сондықтан да мыналарды қолдаймыз:

- президенттік басқару формаларын сақтауды;
- мемлекеттің біртұтастығын сақтау жағдайында мемлекеттік биліктің әр түрлі деңгейлері арасында өкілеттілік шектеуді кезең-кезеңге бөлуді;

- пәрменді жүйе жағдайында тежеуші күш пен тепе-теңдікті сақтау үшін мемлекеттік билікті атқарушы, заң шығарушы және сот саласындағы конституциялық принциптерді одан әрі жетілдіруді;

- сараптық қоғамдастықтың рөлін көтеру арқылы басқармалық шешімдердің қабылдану технологиясын өзгертуді, сондай-ақ қоғамдық бақылауды шынайы түрде жүзеге асыру үшін шешім қабылдау үрдісінің барынша тазалығын қамтамасыз етуді;

- сыбайластық, сондай-ақ, азаматтар мен адамдардың құқықтары мен бостандықтары жөніндегі құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында пакеттеп шешім қабылдау кезінде мемлекеттік мекемелер мен ведомстволарды бақылауда ұстауды;

- бақылаушы органдардың құқық қолдану өкілеттіліктерін сот билігіне бере тұруды;

- заңсыз қабылданған шешімдер үшін жауапты лауазымды тұлғаларға арналған нормативтік-құқықтық тетіктердің болуын.

Біз мемлекеттік саясаттың түпкі мақсаты адам болып табылатындығына ешбір күмәнданбаймыз, сондықтан да біздің партия бос сөз бен құрғақ уәде-

ге жол берілмейтін әлеуметтік бағдарламаның жүзеге асуына ерекше назар аударады.

Ол үшін әлеуметтік бағдарланған нарықтың құқықтық тетігін жетілдіру қажет, әсіресе, қолданыстағы заңдарды әлеуметтік жағынан нашар тұрып жатқан халықтың мүддесіне қарай ыңғайлау керек (көп балалы отбасы, жалғыздікті ана, жұмыссыздар, зейнеткерлер, мүгедектер мен жастарға).

Біздіңше, мемлекеттік органдар әрекеттерінің әлеуметтік тікелей көмек белгілеулері мен оның төленуіндегі тазалық пен заңдылықты бақылау — аталған азаматтар топтарын нақтылы демеудің бірден-бір маңызды әдісі болып табылады.

Ана мен баланы қорғау, ынталандыру және қолдау салаларында да шешімін таппаған мәселелер аз емес. Біздіңше, мемлекетіміз қазақ халқы демографиясының қалпына келіп және оның көтерілуі жолындағы проблемаларды шешуді толық қамтамасыз етуі тиіс.

Қоғамымызда денсаулықтары мықты балалардың туып, өскендері өте маңызды. Мемлекетіміздің жас отбасыларына тұрғын үй ипотекалық несиелерін қолайлы етіп шешуі, еңбек нарқында жастардың құқықты мәртебесін нығайтуы, демографиялық жағдайды түзеу мәселелерін оңтайлауы дұрыс. Бұл істе ұзақ мерзімді некелік қатынастардың жоғары бағаланатындығын және оның артықшылығын бұқаралық баспасөз беттерінде насихаттау да алдыңғы орында тұратын болады.

Оралмандардың мәртебелері мен құқықтары жөнінде заң талаптарын мемлекеттік органдардың бәрі мүлтіксіз орындамай, әсіресе, олардың құқықтарын қорғамай тарихи отанына оралып жатқан қандастарымыздың есебінен халық санын көбейту мәселесі жуықпанда шешіле қоймайды. Ол үшін бүгінге дейін жүзеге аспай отырған — оралмандар келулерін есепке алып, оларды квотамен және кезең-кезеңмен кезекке тұрғызып, реттейтін тиісті нормативтік-құқықтық актіні ойластыру қажет.

Еңбекке қабілетті және қоғамның денсаулығы зор мүшесі — қашанда қадірлі азамат. Сондықтан да мемлекет азаматтардың денсаулық жағдайын өзі бақылап отыруы тиіс. Денсаулыққа залал келтіретін тауарлар мен әр түрлі игі қызметтер мүмкіндігінше ығыстырылып, заңменен тиым салынуы немесе қолданысқа жіберілуі, ал салауатты өмір салты — бюджеттік қаржы көздерімен насихатталуы және қамтамасыз етілуі керек. Медициналық көмек адамның тұратын жеріне қарамастан оңай, әрі жоғары біліктілікте көрсетілуі жөн. Адам өнегесін бұзып, оның денсаулығына зиян келтіретін алкоголь, темекі өнімдерін, зорлық-зомбылық және тағы басқа болып жататын жаман қылықтарды жарнамалап, насихаттауға тиым салатын заңдардың сөзсіз орындалуын талап ететін боламыз.

Білім мен ғылым саласында ел азаматтарының жоғары біліктілікке қол жеткізіп, Қазақстандықтардың әлемдік еңбек рыногына еркін шығып, халықаралық мойындауға жеткізетін білім жүйесін дамытуы қажет. Егер азаматтары білім шыңынан көріне алмаса, ол мемлекетті бәсекеге қабілетті деп атауға болмайды. Біз сондықтан да өзімізді әлемдік стандартқа жақындататын білім жүйесіндегі реформалардың жүзеге асырылуына күш саламыз. Сөйте тұра біздің партия бұрынғы және қолданыстағы білім жүйесінің ең озық дәстүрлерін сақтап қалуға тырысатын болады. Біз сонымен қатар, басқаларда бар тәсілдерді көрсоқырлықпен, қалай болса солай, өзімізге ендіре салмаймыз, керісінше өзіміздің менталитетімізге сай білім жүйесін құрамыз.

Біз білім рыногына — материалдық базалары мен оқытушылар құрамы әлемдік стандартқа сай келетін оқу орындарының қатысуын қалаймыз. Бұл бағыттағы басты артықшылық — оқу орындарының саны емес, бәсекеге қабілетті жастарда және олардың білімдерінің тереңдігінде болуы тиіс.

Партиямыз Мұғалімнің жоғары мәртебесін жоғарылата отырып, Қазақстан Республикасының “Мұғалімдер туралы” Заңын өмірге келтіруді ойластырып отыр.

Партиямыз ғылым саласын дамыту жөніндегі ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарлама жасауға ынталы. Ғылым, ғылыми мектептер және жоғары технология — егеменді мемлекеттің, әсіресе, үшінші мың жылдықтағы ең басты көрсеткіші болмақ.

Жастар саясаты саласында, біздің партия, оларды сайлау қарсаңында ғана еске алып қоймай, мемлекеттің назарынан олардың ешқашан да түспеуін, кейінгі толқын жеткіншектер туралы ұдайы ойлап, жасөспірімдердің салауатты өмірі жайлы қалтқысыз қамқорлықтар жасауды дұрыс деп санайды. Бұл жөнінде қоғамымыздың ең маңызды міндеттерінің бірі — көмелетке толмағандардың, әсіресе, балалар үйі мен интернаттарда тәрбиеленуші жасөспірімдердің құқықтарын қорғау екендігін ашық білдіреді. Сондай-ақ қорғаншылар мен қамқоршылар органдары штаттарын ұлғайтудың, сонымен бірге шетел азаматтары асырап жатқан қазақстандық балалардың тағдырларын мемлекет тарапынан бақылауды күшейтудің қажеттілігі туды деп есептейді. Біздің партия жастардың еліміздегі, қоғамдық, экономикалық және мәдени өміріне белсене араласуына, жастарға арналған өлеуметтік мәнді жобалардың жасалынып, олардың жүзеге асуына жағдай тудыруды өз міндеттері деп санайды.

Біз жастарға қатысты өлеуметтік және материалдық жеңілдіктерді қарастыратын заңдарды лоббилау жұмысын жалғастыра түсеміз.

Біз жастар бағдарламасына қатысты аймақтық бюджеттің транспаренттілігі үшін күресетін боламыз.

Біз — жастардың қоғамдық ұйымдарының көш бастаушылары арасынан барлық деңгейдегі өкімдердің жанынан жастар саясаты бойынша штаттан тыс Кеңесшілер алқасын құруды қостаймыз. Ол

әр аймақтағы жастар проблемаларын шапшаң қарап, тез шешуді қамтамасыз етеді.

Студенттер қай кезде де қоғамның алдыңғы қатарлы, белсенді бөлігі болып келеді, міне, енді оқып жүрген жастардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, олардың азаматтық белсенділіктерін көтеретін “Студенттердің мәртебесі туралы” ЗАҢ қабылдаудың да уақыты әбден жетті.

Біз — мемлекет пен жастардың, әке мен бала арасындағы ынтымақтастығындай ғана емес, терезелері тең түсетін серіктестік қатынас негізінде болуын қалаймыз.

Қазақстанның демократиялық партиясы — жастардың шын мәнінде еліміздің тірегі және ел болашағы солардың қолдарында екендігін мәлімдейді.

Біз экономика мен банк қызметтері саласы бойынша да алдымызда тұрған міндеттерді мейлінше айқын білеміз.

Қаржылық рынок пен кәсіпкерлік құрылымдар субъектілерінің таза қызметтері үшін жағдай тудыру мақсатында ең алдымен бірсыпыра заң актілерін жетілдіретін шаралар қабылдау қажет.

Бұл шаралар, сондай-ақ мемлекеттік қазыналық және құқық қорғау органдарына тиісті болып табылады. Ол үшін біздің республикамыз “Тазалау, анықтау, арылту және тәркілеу туралы” Еуропа Кеңесінің 1990 жылғы Конвенциясын өзінде жариялауы тиіс.

Біздің “Қаржылық операцияларды міндетті түрде мониторингілеу” туралы өз Заңымызды шығаратын кез жетті және қаржылық мониторинг өкілеттілігімен қатар тиісті мемлекеттік орган құрудың уақыты келді деп есептейміз. (Мұндай құрылымдары бар елдер оны қаржылық барлау деп атайды).

Сондай-ақ күмәнді сипаттағы қаржылық операцияны болдыртпау жөнінен банк құрылымы өкілеттігін кеңейту, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында лаңкестік әрекеттерді қаржы-

ландырудың жолын кесу мақсатында банк заңдарын жетілдіру де қажет.

Капиталдарды кәсіпкерлік құрылымдар мен жариялы айналымға ендіру және олардың құпия айналымын қысқарту үшін барынша жағдай жасау мақсатында салықтық заңдарды одан әрі жетілдіруді де шұғыл шешу талап етіледі.

Бұған салықтық ауыртпалықты одан әрі ырықтандыру жолымен және өндірістің жаңа технологиясын игеру барысында немесе жаңа өнім шығаруды дайындау кезінде белгілі бір уақытқа дейін өндірістік сектор субъектілеріне салықтық жеңілдік жүйесін жасау арқылы жетуге болады.

Қазақстандық кәсіпкерлікті, оның ішінде, өсіресе, кіші және орта бизнесті дамытудың айқын құқықтық кепілдігін жасамай еліміздің бұдан былайғы прогресінің мүмкін еместігі бесенеден белгілі.

Осыған байланысты алдағы кезеңге партия қызметінің бірсыпыра негізгі бағыттарын былайша сипаттаймыз:

- мемлекеттік және жеке меншіктік қаржыландыруды шектеу. Ол үшін мемлекеттік міндеттердің бір бөлігін азаматтық құқықтық институттарға беру қажет;
- кәсіпкерліктің өндірістік аясына салықтық салмақты азайту және оны шикізат саласына аудару;
- салық жөнінен де, сондай-ақ, банк саласы жөнінен де жеңілдіктер жасап, кәсіпкерліктің аграрлық секторын дамыту;
- мемлекеттік қазыналық органдарды және олардың мемлекеттік бақылап-қадағалау қызметтерін мейлінше азайту;
- лицензиялау қызмет түрлерін қысқарту және лицензия алу ресімдерін оңайландыру;
- кәсіпкерлік бірлестігінің және оның әр түрлі формаларының беделін көтеру, сондай-ақ, олардың мәртебелерін заңменен бекіту;
- инновациялық технология мен индустриализацияны дамыту;

- өндіріс аясындағы кәсіпкерлік субъектілер санын нығайту.

Біздің партия, егер мемлекетіміз мемлекеттік қызметкерлер арасындағы жемқорлықты жоймаса, еліміздің болашағы күмәнді деп есептейді.

Бүгінгі күні қаншама күш салғаныменен мемлекеттік органдардағы сыбайластық жүйесін жоюға бағытталынған өкімшілік институттары еліміз бойынша жеткілікті тиімділік бермей отыр. Республикамыздағы рұқсат ету жүйесі бойынша мемлекеттік органдардың өкілеттіліктері мен қызметтері жеткілікті айқындалмаған.

Осыған байланысты біздің партияның рөлі елеулі де ерекше болуы тиіс. Себебі, біз шетелдердің сыбайластықпен күрестері туралы оңды тәжірибелерін белсенді түрде құлшына қабылдаймыз. Сыбайласқан жемқорлықтарға қарсы күрес мемлекеттік саясатымыздың ажырамас бөлігі болуға тиісті.

Сыбайласқан жемқорлықтың сайлау процесіне ықпалын болдырмауға тырысамыз. Сайлау рәсімдеріндегі тазалық пен адалдық ең алдымен сайлау науқанын қаржыландырудың кінәратсыздығында болуы керек.

Оның мақсаты — саясаткерлердің сайлау науқанынан кейінгі бос сөзді бопсаларын болдырмау, сөйте отырып, қоғамды сыбайлас жемқорлардың іс-әрекеттерінен барынша сақтандыру. Себебі олардың еліміз бен әрбір азаматтардың мүдделеріне қайшы келетін саясатты ұстанулары әбден мүмкін. (Бұл мәселе жөнінде біз “Сайлауларды бақылайтын қоғамдық комитет” әлеуетін пайдалануды көздеп отырмыз).

Қазіргі кезде сыбайластықтың мемлекет істеріндегі қалыпты шығармашылық және заң шығару аясына дейін еніп кеткендігін мойындайтын уақыт жетті. Бұл — ешбір кешіктірілместен “ЛОУБИЛАУ ТУРАЛЫ” ЗАҢДЫ қабылдауды талап етеді.

Біздің партия өз саясаткерлеріміз бен өз экономистерімізге зор сеніммен қарап, жариялылық,

шынайы шындық үшін, сондай-ақ барлық деңгейдегі билік органдарының қызметтеріндегі, әсіресе, сыбайластық қаупі күшті салаларда аяусыз күрес жүргізетін болады. Бұл дегеніміз, өз кезегінде басты тұлғалардың қаржылық қызметтеріндегі тазалығын және сыбайластар араласа қоймаған тәуелсіз органдар мен институттардың өз күштерімен бақылау мүмкіндігін тудыруы деп білуіміз керек.

Қорыта айтқанда, қол жеткізу үшін талмай талпынып, өз идеяларымызды алға тартып, оларды жүзеге асырып, өзімізді іс үстінде көрсетуге әрқашан да дайын екенімізді мәлімдейміз. Біздің партия қоғамымызды одан әрі демократияландыру мен Ұлы Отанымыз — Қазақстан Республикасының гүлдене түсуі үшін күш салатын кез-келген саяси күштермен сындарлы ынтымақтастыққа да сақадай сай.

Біз “жаптым жала, жақтым күйе” деген әрекеттерден гөрі еліміздің еңсесін көтеріп, гүлдендіре түсудің әлдеқайда қиын екендігін жақсы түсінеміз. Көне грек тарихшысы Плутарх айтқандай: **“Құдай — қорқақтар үшін қорған емес, ер жүректер үшін үміт иесі!”** Демократия деп, мен, шынайы демократияны айтып отырмын, ол әрқашанда өз Отанына, өз халқына ынта-ықыластарымен берілген ер жүректердің еншісі. Біз, сондықтан да, біздің идеяларымызды мойынсыңған, еліміз үшін, өзіміз үшін, өзіміздің балаларымыз бен немерелеріміздің игіліктері үшін **“Ырыс алды — ынтымаққа”, “Береке басы — бірлікке”** бара алатын барша азаматтарды арамызға шақырамыз!

Келіңіздер достар, бірге болайық!

ОЙЛАНАТЫН ОН ҚАДАМ

Конституция мен заңдар бойынша біздегі соттар толығымен тәуелсіз болып есептеледі, судьялар ешкімнің алдында есеп бермейді, олар тек заңға және өздерінің арына сүйене отырып, шешімдер шығара-

ды және т.с.с. — байқап қарасаңыз, бәрі де батыстың стандарттарына сай келеді. Алайда өмірде басқаша көріністі байқау қиын емес. Сот реформасы жөніндегі еңгімелер әдеттегі көпірме сөздер болып шығады.

Айталық, алдымен төрелік соттарды таратып, олардың атқаратын қызметін аудандық соттарға және облыстық соттардың шаруашылық алқаларына жүктеген соң, ал қазір қайтадан экономикалық соттарды құрғаннан кейін не өзгеріс болды? Немесе, соттарды материалдық қамтамасыз ету және сот орындаушыларының сот шешімдерін атқару қызметін Әділет министрлігінен алып, Жоғарғы соттың жанынан арнайы құрылған сот әкімгерлігі жөніндегі Комитетке бергеннен соң қандай өзгеріс болды?

Менің ойымша, “сот реформасы” бұдан өрі де осы бағытта жалғаса беретін секілді. Мысалы, баспасөз бетінде мамандандырылған әкімшілік соттар судьяларының бірқатар істердің соттың қарауына жататындығын ұлғайту қажеттігін көтерген мақалалары көріне бастады, — осындай бос сөздер бізде реформалау деп аталатын болады.

Парасыз — іс бітпейді

Әлбетте, судьялардың және тұтас алғанда, соттардың барынша ықшамдала мамандануы — бұл игілікті іс, өйткені әкімшілік басқару тетіктерін жетілдіре түсу — өмір талабы, алайда, бұған қоса, жалпы алғанда, сот жүйесін реформалау үшін түбегейлі шешімдер қабылдау керек, олар барлық судьяларды серпілтіп, жақсы жаққа қарай өзгере түсуге мәжбүр етеді, дәл осы қажеттілік іс жүзінде орындалмай отыр.

Сыбайлас жемқорлық, біліктілігінің төмендігі, әдепсіз мінез-құлық көрсету, төртіпсіздік жасау — Қазақстан судьяларының негізгі кеселі болып келеді. Бүгінде сыбайлас жемқорлық шарықтап кетті. Бірдебір сот шешімі парасыз шешілмейтін дәрежеге жеттік.

Екі тараптық жарыса пара берушілік бәсекелестігі — судьяға параны кімнің көп беретіндігімен шешілетін болды. Кейде сот шешімінің тағдырын ақша емес, “жоғарыдан” (немесе “жанама”) берілетін нұсқаулар шешіп жатады. Егер мұндай әрекетке ел президентінің төңірегіндегілер барып жатса, онда олардан төмен дәрежелі әрбір шенеунік ендігі жерде өзінің жеке басының мәселелерін шешу үшін сотқа дәл осылай ықпал ете бастайды. Сондықтан мұндай тәжірибе қар көшкініндей ұлғая береді. Шынтуайтына келгенде, бұл да сыбайлас жемқорлыққа жатады, өйткені өзінен жоғары тұрған шенеунікке адалдықтың да өзіндік бағасы болады. Іс жүзінде барлық судьялар, соттардың төрағалары, прокурорлар, полицейлер, өкімдер “сен маған — мен саған” деген қағидат аясында өзара шырматылған.

Судьялардың заңдарды және өзге де нормативтік актілерді білмеуі, оларды қолдана алмауы, нақты жағдайды шешуде құқықтың тиісті нормаларын таба алмауы, электрондық заң жүйелерін пайдалануға құлықсыздығы және т.с.с. олардың біліктілігінің төмендігін айғақтайды. Бұл жерде біліктіліктің төмен болуының негіздері жоғары оқу орындарынан бастау алатынын айтқан жөн, өйткені жоғары мектептерде кез келген емтиханды параның көмегімен тапсыруға болады, оның үстіне, білімді игеруге ынталандыру жоқ, тұрақты аттестациялау жүйесі қалыптаспаған, соттардың материалдық жағынан нашар қамтамасыз етілуі (мысалы, компьютерлердің және электрондық заң негіздерінің жоқтығы) де өз “нәтижелерін” беруде. Ал процеске қатысушылардың білімі судьялардың білімінен көш ілгері тұратын жағдайлар сот билігінің беделіне теріс ықпал етеді. Мұндай олқылықтың аса қауіпті бола қоймайтыны — сот қателігін қашан да одан жоғары тұрған сот сатысы түзете алады, өйткені олардағы судьялардың біліктілігі айтарлықтай жоғары болатыны белгілі.

Судьялардың өз тәуелсіздігіне, ешкімге есеп бермейтіндігіне, ауыспайтындығына марқайып, менменшіл, төкаппар, даңғой болуы, кейде қарапайым азаматтарды мүлде елемей, тіпті оларға отыратын орын да ұсынбауы, азаматтарды сотқа негізсіз шақыртуы, дерекілік көрсетуі және т.с.с. көпе-көрінеу олардың өдепсіз мінез-құлық көрсетуі демеске лаж жоқ. Жалпы айтқанда, судьялар өздерін азаматтарға қызмет көрсетушілер ретінде емес, олардан жоғары тұрған топ ретінде сезінеді.

Заңгерлер арасында тәртіптің жоқтығын сот мәжілістерінің өтуінен де байқауға болады. Көп ретте сот мәжілістері кешігіп басталады, кейде болмай да қалады (көбіне судьяның кінәсынан), кешігуші тарапқа ешқандай ықпал ету шаралары қолданылмайды. Әр түрлі сот қаулыларын шығару, хаттамаларды толтыру мерзімдері сақталмайды және т.с.с., кейде қаулыларға өткен мерзім қойылады, судьялар мен кеңселер азаматтардың құжаттарын қабылдаудан бас тартып жатады.

Адамдарға қарай қадам жасау

Судьялардың өз міндеттеріне көзқарасына нақтылай ықпал етіп, сот билігінің беделін көтеру үшін бірнеше ұсыныс айтқым келеді (мен бұл жерде, әлбетте, олардың күмәнсыздығына, оларға авторлыққа ұмтылмаймын), былайша айтқанда, қарапайым адамдарға бағытталған мынадай 10 қадам жасауды ұсынамын:

Сонымен, *бірінші қадам*. Сот мәжілістері алда тұрған аптаға жоспарлануы тиіс (бұл осылай істеліп те келеді) және бұл кесте қатаң сақталуы керек (ол орындалмай келеді). Жоспардан тыс сот мәжілістерін белгілеу ерекше жағдайларда ғана жасалуы керек. Егер процеске қатысушылардың біреуі кешігетін болса, мәжіліс оның қатысуынсыз да өтуі тиіс, немесе іс бірден келесі аптаға қалдырылуы жөн, бұл

шара баршаны кешігуден сақтандыруға бағытталған, ал келу тәртібін бұзушыларды іс жүзінде жауапқа тарту керек.

Егер сот мәжілісі ұзаққа созылып, келесі процестің басталатын уақыты таяп қалса, судья бұл мәжілісті келесі аптаға көшіріп, кезекті сот мәжілісін кестеге сәйкес дәл уақытында бастауы ләзім. Интернеттегі Қазақстанның сот мәжілістерінің кестелеріне өркімнің қолы жететіндей болуы керек. Судьялардың кестелерді сақтамауына қатысты шағымдарды басшылық төтенше жағдай ретінде бағалауы тиіс.

Екінші қадам. Барлық соттардың кеңселерінде мынадай қатаң ереже сақталуы керек: барлық жұмыс күндеріндегі бүкіл жұмыс уақыты кезеңінде кез келген құжаттар қабылданып, оларды тапсырған азаматтарға қолхат берілуі тиіс. Құжаттың үлгіге сай келмеуі, дәлелдемелердің жеткіліксіздігі және т.с.с. құжаттардың қабылдануына кедергі болмауға керек. Қойылатын талаптар мен құжаттарды кеңсеге қабылдамастан бұрын кез келген түрде алдын ала қарауға жол бермеу қажет. Барлық ескертпелер азаматтарға белгіленген тәртіппен жазбаша түрде хабарлануға тиіс. Егер соттар өздеріне қайырылатын азаматтарға тегін кеңес бергісі келсе, бұл шара үшін жеке бөлмелер бөлетін болсын.

Үшінші қадам. Кез келген тұлға барлық ашық сот мәжілістерінде (азаматтық, қылмыстық, өкімшілік) сот мәжілісінің барысын диктофонға немесе бейнекамераға соттың шектеуінсіз жазып алу құқығына ие болуға тиіс. Соттарда олардың мәжілістерінің барысын сандық бейнекамераға түсіріп алатын кәсіпкерлер қатыса алатын болсын, процесс соңында олардан мәжілістің CD жазбасын өркімнің сатып алу мүмкіндігі туады (оның құны, менінше, 300—1000 теңге аралығында болады). Ал тараптар болса, мұндай жинақ дискілерді істің материалдарына сот мәжілісінің хаттамасына қосым-

ша ретінде ұсына алады. Жоғары тұрған сот осыларды негізге ала отырып, істі қайта қарауға әзірлену кезінде сот мәжілісінің нақты көрінісін беруіне болады. Тараптар өздерінің шағымдарында жазбаның белгілі бір сөт туралы айтылатын файлы мен минутына сілтеме жасау құқығына ие болуы тиіс.

Біздің еліміз үшін мұның зор маңызы бар. Ал жазба жүргізу кезінде сотқа ықпал етіледі деген өңгімелердің бәрі — бос сөздер, процесті жазып алу сыбайлас жемқорлықты азайтуға және судьялардың тәртібіне айтарлықтай ықпал ете алады, өйткені олардың кейбіреулері тіпті сот процесінің сатыларын білмейді, себебі іс жүзінде процесті ешқашан заңға сәйкес жүргізбейді (мен осындай тәжірибеден кейін сот мәжілістерінің хаттамаларын процесс барысын CD жазбаларымен алмастыруға болады деп сенемін).

Төртінші қадам. Судьялардың күні бойы қабылдаған барлық іс жүргізу шешімдері мен қаулылары электрондық нұсқада Интернетте көрсетілуі тиіс. Сонда кейінгі мерзімді қойып шығарылған қаулылар, сондай-ақ қаулыға кейінгі мерзіммен түзетулер енгізу, кейбір сот құжаттарын шығару мерзімінің сақталмауы секілді мәселелер бірден шешілетін болады. Әлбетте, барлық соттарға қойылатын сервер бірдей болып, қатаң бақылануға тиіс. Тәртіп бұзған судьялар жазалануы қажет.

Қазір еліміздегі жанармай құю бекеттерінің бәрі дерлік Интернетке шығуға тиіс болатынын және сатқан бензиннің мөлшері жөнінде күнделікті есеп беретінін ескерсек, мұндай жобаның құны аса жоғары болмайды. Қазақстандағы соттардың саны соншама көп емес, әрбір судьяға бір компьютердің бөлінуі — астамшылыққа жатпайды, өмір шындығы. Бір соттың бір күн ішіндегі бүкіл сот қаулылары сот кеңсесімен бірге электрондық поштамен серверге жөнелтілуі тиіс. Осымен бірге, барлық сот қаулыларының қуатты мәліметтер банкі пайда болады. Кез келген сот қаулысымен жұртшылықтың таныса алуы

оларды өзірлеу сапасына, сот тәжірибесін қорытындылауға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық індетіне айтарлықтай ықпал етеді.

Бесінші қадам. Жоғары тұрған саты соттың шешімін қайта қарауда шағымды қанағаттандырудан бас тартатын тұста шағымның әрбір талабы делелді түрде теріске шығарылуы тиіс. Бұл қағида іс жүргізу заңдарында көрініс тапқанымен, көп ретте орындалмай келеді. Шағымның талаптарын теріске шығару жолын таба алмаған жоғары тұрған сот ол жайында сөз қозғамастан өте шығады. Ал мұндай әрекет қатаң жазалануы керек. Бұл ретте судьялардың шығарған шешімдерінің жосықсыздығы, мүдделілігі және жемқорлық төркіні бірден байқалатын болады. Бұл ереже шағымдарды алдын ала қарау тәртібіне қолдануыға да қолайлы, өйткені мұнда қадағалау сатысының судьялары сот мәжілісін белгілеместен, жай хат жазу арқылы бас тартады (Интернетте тез арада шағымды және оны қанағаттандырудан бас тарту жөніндегі жауапты көрсету керек).

Алтыншы қадам. Сот статистикасына жасалған талдауды қайта қарау қажет. Тараптарды татуластырумен — бітімге келтірумен аяқталған істердің саны — судьялар қызметін бағалаудың ең жоғары өлшемі болуға тиіс. Мұндағы гөп мынада: бұл ретте судья олардың ешқайсысынан пара алмастан, тараптарды татуластыру үшін көп күш-жігерін жұмсайды. Сөйтіп, екі жақ та риза болып шығады. Жоғары тұрған соттардың да жұмысы жеңілдейді. Жемқорлық та азаяды. Бұдан сот жүйесінің беделі арта түседі.

Бүгінде татуластыру келісімі судьяның “есебіне” жатқызылмайды. Бір судьяның айтуынша, оның қызмет істеген 8 жылы ішінде бір ғана шешімінің күші жойылған, оның өзінде қараған барлық істерінің жартысы тараптарды татуластырумен аяқталған. Алайда ол ұдайы аудандық буынның қатардағы судьясы болып қала береді де, облыстық және Жоғар-

ғы соттардың төрағалары мен судьялары өзгелер болып отырады...

Сонымен қатар, барлық судьялардың фотосуреттері мен өмірбаяны, қараған істердің, күші бұзылған істердің, тараптарды татуластырумен аяқталған істердің саны туралы мағлұматтарды Интернетке орналастырып, жұртшылықтың кез келген судьяның жұмысы туралы ой түйіне мүмкіндік туғызу қажет.

Жетінші қадам. Судьяның әділ болуына күмән туғызатын тараптың өтініші бойынша судьяға қарсылық білдіру рәсімін барынша оңайлату керек. Егер тараптардың біреуі мұны өзгеше ниетпен қолданбаса, судьяға қарсылық білдірудің бәрін дерлік қанағаттандырған жөн. Мысалы, тараптардың пікірі бойынша, судьяның бұған дейін әділетсіз шешім шығаруы оған қарсылық білдіруге толық негіз бола алады (тараптың біреуі судьяға сенімсіздік білдіріп отырғанда, көпе-көрінеу жанжал туғызудың қандай қажеттігі бар). Судьяға білдірілген қарсылықтың саны жөніндегі дерек те Интернетке орналастырылуы тиіс, өйткені бұл судья қызметін нақты сипаттайды. Судьяның қызмет бабындағы бұдан былайғы өсу тағдыры оған білдірілген қарсылықтың, тараптарды татуластырумен аяқталған істердің және күші бұзылған шешімдердің санына тікелей тәуелді болуға тиіс.

Сегізінші қадам. Тоқсан ішінде бір рет өткізілетіндей ретпен судьяларды міндетті аттестациялаудан өткізу тәртібін енгізу ләзім. Заңдардың өзгеріп отыратынын ескеріп, тест жүйесін үнемі жетілдіру тәжірибесін қолдау қажет. Аттестациялау бір сағат ішінде өте тез өткізілуі дұрыс (мысалы, бір соттың немесе бір қаланың барлық судьяларын) — барлығына тез арада тестерді таратып, жауаптарын жинап алу, тексеру кезінде бәріне код беріліп, жауаптары бір орталықта өңделуі тиіс. Судьяларды тоқсан сайын аттестациялау нәтижелерін де Интернетке орналастыру қажет, бірақ жазалау немесе мадақ-

тау жөніндегі шешімді бір аттестацияның қорытындысы бойынша емес, ағымдағы, мысалы, бір жыл ішіндегі жұмыс нәтижесіне қарай қабылдаған жөн. Аттестациялау нәтижесінің жариялылығы мен маңыздылығы судьяларды өз беттерімен білімін көтеруге қамшылай түседі, менінше, білімділік дәрежесі жемқорлық дәрежесіне кері пропорционалды болады.

Тоғызыншы қадам. Қазақстан азаматтар мен компаниялардың құқықтарын халықаралық соттарда қорғауды көздейтін халықаралық конвенцияларға міндетті түрде қосылуға тиіс. Мен мұндай жағдайда Қазақстан Республикасы өз елінде азаматтар мен компаниялардың құқықтарын қорғай алмайтын мемлекет ретінде жауапкер болып көрінеді деп түсінемін. Істен ұтылатын жағдайда мемлекетке айтарлықтай жазалау шаралары — санкция қолданылып, әділетсіз шешімдер қабылдауға кінәлы тұлғаларға қызметтерінен кетуге дейінгі шаралар қабылдануы қажет. Мұндай тәжірибе сыбайлас жемқорлық кеселіне шалдыққан қазақстандық сот жүйесі үшін “тәубасына келтіретін салқын су” болар еді.

Оныншы қадам. Дау-жанжалдарды аралық соттарда қарауды қолдайтын және аралық соттардың шешімдерін іс жүзінде мәжбүрлеп орындатуды көздейтін заңдарды жеделдетіп қабылдау қажет. Қазіргі уақытта Қазақстанның іс жүзінде аралық ықпалымен қабылданған заңдар іс жүзінде аралық соттарды дау-жанжалдарды қараудан шеттетіп жіберген (жемқор судьялар аралық соттарды бәсекелестер деп есептейді). Батыста мұндай компания-төрелік соттар деп атайды, олар, әсіресе компаниялар арасындағы дау-жанжалдар секілді көптеген ірі істерді қарайды. Аралық соттардың құрылымының өзі оларда жемқорлықтың өркендеуіне жол бермейді, өйткені жемқор судьяға ешкім де өз еркімен соттауға келмейді.

Түйін орнына

Жоғарыда баяндалған ұсыныстар, негізінен алғанда, сот жүйесін қоғамдық бақылауға алуға бағытталған. Ол үшін осы заманғы керемет мүмкіндікті а— Интернетті пайдалану қажет. Мейлі, оны өзірше бірлі-жарым азаматтар пайдалансын, алайда күн санап олардың қатары аса берері даусыз. Ең бастысы — кез келген азаматтың кез келген судьяның қызметін талдау мүмкіндігі туар еді, судья шығарған барлық қаулылардың мәтінімен танысып, толық статистика алған болар еді. Мысалы, оларға “майлы жілікті” істер берілетін “ерке” судьялар бірден анықталар еді, басқа да көптеген өрескіл жайттар көзге түсіп, сайып келгенде, қызмет бабын асыра пайдаланудың көптеген көріністеріне тосқауыл қойылар еді.

Әрине, бұқаралық ақпарат құралдарының сот істерін көрсетуіне ешқандай кедергі келтірілмеуі тиіс. Қоғамдық пікір туып кетеді деп қауіптену орынсыз, мұнда тек олар талап ететін болса (тараптардың тең құқықтылығы қағидатын сақтау мақсатында), БАҚ-қа қарама-қарсы тараптың да пікірін жариялауды міндеттеу керек. Судьялардың қызметі қоғамда қаншалықты кеңінен талқыланатын болса, олардың қызмет бабын асыра пайдалануы соншалықты азая түсетін болады.

Менің бұл ұсыныстарым әлде кімдерге аңғырттау болып көрінуі мүмкін, оған дауласпаймын, бірақ менің ойымша, әділетсіз өтетін сайлауларды компьютерлендіруге орасан зор қаражат жұмсағанша, сот жүйесін компьютерлендіру мол қайтарым берген болар еді. Жалпы алғанда, мен саяси өзгерістер жасамайынша, биліктің жеке бір тармағындағы жемқорлықты жоя алмайтынымызды түсінемін. Солай бола тұрса да, қазіргі жүйеде осы бағытта белгілі бір шараларды жүзеге асыра бастау қажет-ақ.

Әлбетте, саяси өзгерістерді жүзеге асыра бастау үшін Жоғарғы соттың басшылығында азаматтардың

көпшілігі сенім білдіретін, оның беделіне, кіршіксіздігіне көпшілік күмән туғызбайтын азамат тұрса өте жақсы болар еді (бас судья үшін мұның ең негізгі қасиет екеніне келісуге болар деймін, тіпті біліктіліктің өзі мұнымен салыстыруға келмейді). Мақсұт Нәрікбаевтың дәл осындай беделі болды деп айта алмаймын, Жоғарғы соттың қазіргі төрағасы да мұндай беделге ие емес. Оның үстіне, олар осы қызмет орнында отырған кезеңде сот жүйесінде жемқорлықтың іс жүзінде тек күшейе түсуі, ал бұл кеселмен күресуге бағытталған нақты шаралар жөнінде біздің ештеңе естімеуіміз көп нәрсені аңғартады.

Мен осыларға қарамастан, Нәрікбаев мырзадан айтылған ұсыныстардың әрқайсысына қатысты өз пікірін ашық білдіруін өтінемін, ал бұл ұсыныстармен келіскен жағдайда, оларды жүзеге асырудың нақты шараларын қабылдауды ұсынамын.

М.Нәрікбаев: Маған бұл құлаққағысты “Республика” газетінің 2004 жылғы 20 тамыздағы 2-санында Сергей Уткин деген жорналшы жасаған еді. Шамқойлыққа салынбай, жазғандарын оқып қарасам, құлақ қоятындай жақтары барға ұқсайды. Сондықтан, кейінгі толқын өріптестерім де ойлана жүрсін деп, кітабыма кіргізіп отырмын.

МЕМЛЕКЕТТІЛІГІМІЗДІҢ БЕРІКТІГІ...

— *Мақсұт Сұлтанұлы, сіз кезінде Президент аппаратында қызмет атқарып, артынша еліміздің Бас прокуроры, онан кейін Жоғарғы Сот төрағасы болдыңыз. 2000 жылдан бастап көп жылдардан бері көңіліңізде жүрген ұстаздық жұмысқа ауысып, Қазақ гуманитарлық-заң университетінің ректоры болып тағайындалдыңыз. Сөйтіп, қиындығы мен қызығы мол жас ұрпақтың тәрбиесіне тікелей араласа беріп, ойламаған тұстан саясатқа қойып кеттіңіз. Бұл қалай?*

— Осы сұрақ маған соңғы кезде әр жерде қойылып жүр. Шындығында да, мен саясатқа ешбір дайындықсыз, ойламаған кезде келіп қосылдым. Есіңізде болса, 2002 жылдың 19 — 20 қаңтары күндері қоғамымызды, әсіресе, бұқаралық ақпарат құралдарының беттерін “Қазақстанның демократиялық таңдауы” деп аталатын қозғалыс қыс кезінде күркіреген күндей елдің ішін дүрліктіріп жіберді ғой. Оның басшылары өздерінің алғашқы бас қосуларын “Оңтүстіктегі астанамыз” — Алматының цирк ғимаратында, онан соң “Сарыарқа” кинотеатрының түбінде, далада өткізіп, зиялы қауым, жұртшылықты әжептәуір абыржытып тастады. Оппозициялық сол топтың басы-қасынан теледидар арналары арқылы күні кешегі вице-премьер О.Жандосов, бұрынғы министрлер: М.Әбілезов, Ә.Бәйменов, вице-министр Ж. Ертілесова, Павлодар облысының орнынан тайған өкімі Ғ. Жақиянов, кәсіпкер Б.Әбілов және т. б. сол сияқты республикамызға аттары таныс біраз азаматтардың көрінулері көпшіліктің көңілдерін айтарлықтай аландатып-ақ тұрды.

Бұл кезде Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев қысқа мерзімді қысқы еңбек демалысында жүрген. “Жерден жік шықты, екі құлағы тік шықты” дегендей, аяқ асты елді елең еткізген бұл қозғалыстың даурықтыра көтеріп жатқан мәселелеріне зер салсам, қоғамымызға пайдалы ешқандай “жаңалығы” жоқ, тіпті айтылып, атқарылып жатқан істердің өңін айналдырып, өңештерін созатындықтары сезілді. Ең бастысы — өділдіктен ауытқып, барды жоқ, жақсыны жаман деп, “тисе терекке, тимесе бұтаққа” дегеннің керіне басып тұрғандықтары байқалды. Оның үстіне саяси тұғырнамаларында өкілетті билік органдарының ролін арттырудағы бес принципті — мемлекеттік функцияларды орталықтан алуды, жергілікті өкімдерді сайлауды, сот жүйесіне тәуелсіздік беруді, еркін демократиялық сайлау өткізуді, сөз бостандығын және БАҚ-тың тәуелсіздігін жүзеге асыру көзделген.

ҚДТ-ның бұл аталған принциптерінің барлығы Президенттің “Қазақстан – 2030” Бағдарламасында мейлінше нақты әрі жан-жақты көрініс тапқан, Конституцияда кепілдік берілген және олар мемлекет Басшысының халыққа Жолдауларында жыл сайын өз бекімін табуда. Сондықтан да, олар дауыстарын қалай-қалай құбылтса да, сөздерінде ешқандай ұтымды ұсыныс, ұтқыр ой, болмай шықты. Бар болғаны, Президент пен Парламент және Үкімет іске асырып жатқан шараларды өздеріне бұра тартып, бұрмалап, иемденбек сыңайларын сездірді.

Бұдан соң мен олардың бір жиындарына барып, пікір-талас, сөз сайыстарына түскім де келді. Бірақ ойландым: олардың оң, солдарын танытарлықтай мен кіммін? Кешегі Бас прокурор, Жоғарғы Сот төрағасының ақыл-кеңесі керек пе оларға? Көптің бірі болып көңілімдегіні білдіргеніммен, қалың қол қостаушыларым қане? Айтқан сөзім айтылған жерінде қадірсіз болып қалып қоймай ма? Қайтпек керек? Дереу оқытушы-профессорларымды жиып алып, ойымды ортаға салып едім, олар қандай қоғамның болмасын өтпелі белеңінде мұндай жағдаймен ұшырасуы заңдылық екенін білдіре келіп, бесіктен белі шығып үлгермеген жас мемлекетіміздің құқығын қорғарлықтай мықты бір қозғалыстың қажеттігін кесіп айтты.

Сөйтіп, “Құқықтық Қазақстан үшін” деген республикалық азаматтық қозғалыс өмірге келді де, жалған демократтардың даңғазалық шақыруларына қарсы отандастарымызға арнап ҮНДЕУ қабылдап жібердік.

“Егемен Қазақстан” газетінің сол жылғы он бірінші ақпандағы санында Үндеуіміздің жариялануы-ақ мұң екен, “Қазақстанның демократиялық таңдауы” атты қозғалыстың даңғаз дақпыртшылдығын айыптап, оның қоғам ішіне жік түсіруге ұмтылысын нақтылы дәлелдермен әшкерелеген хат-хабарлар мен пікірлер ақпарат құралдарының бетін жауып кетті.

Егер де кезінде жарияланған сол Үндеу болмаса, ел-жұртымызды жалған мақсат, жаңсақ жолға бастаушылар жеңіске жетіп, масайрап. халқымыздың қалыпты өмір сүріп, бейбіт еңбек етулеріне кесірлерін тигізулері өбден мүмкін еді.

Құдай сәтін салғанда, ҚДТ-мен күрес бұдан соң тез бел алды да, біздің “Құқықтық Қазақстан үшін” атты республикалық азаматтық жаңа қозғалыс күн асқан сайын ширап, күшіне ене берді. Оның жұртшылық тілегінің үстінен дөп шыққандығы соншалық, аз уақыттың аясында-ақ қанатын кеңге жайып жіберді. Сөйтіп, тап болған жағдайға орай мен де саясат майданының солдаты болып шыға келдім.

— Мақа, үстіміздегі жылдың 29 сәуірі — бейсенбі күні Астанамыздағы К.Байсейітова атындағы опера және балет театрының ғимаратында өткен құрылтайларыңызда “Құқықтық Қазақстан үшін” республикалық азаматтық қозғалысы негізінде өмірге келген “Қазақстанның демократиялық партиясын” жария еттіңіздер. Бұндай ұйғарымға қашан, қалай келіп жүрсіздер?

— Біздің университетіміз биылғы жылы өзінің ашылғанына 10 жыл толуын атап өтті ғой. Соған байланысты университетіміздің Павлодар қаласындағы Солтүстік Қазақстан заң институтында өткен салтанатты мерекеміздің үстінде алғаш рет “Қазақстан демократиялық партиясын” құру мәселесі өңгіме арқауына айналған еді. Бұл барлық жерде қолдау тапты. Сол кезеңнен бастап саяси бірлестіктердің ынталы топтары ұйымдастырылып, партия құру ісін қолға алдық. Нәтижесі жаман болған жоқ, қысқа мерзім ішінде “Саяси партиялар туралы” Заң талабына сай қатарымызға 50 мыңнан астам мүше тартып, саяси партияға айналғанымызды мәлімдедік. Сөйтіп, Республикамыздың барлық облыс орталықтары мен елді мекендерінде “Қазақстанның демократиялық партиясының” бөлімшелерін аштық.

— Осы арада сізге бірнеше сұрақ қояудың реті келіп тұр. Біріншіден, 29 сәуірде өткен құрылтайларыңыздың ашылуы үстінде “Құқықтық Қазақстан үшін” республикалық азаматтық қозғалысы өзі өмірге келген екі жылдан астам уақыт ішінде егеменді еліміздегі саясат саласына өзінің қомақты үлесін қосып келді” дегеніңізбен, оның қандай үлестер екендігін таратып айтып жатпадыңыз. Соның орайы енді келіп тұрғандай-ау.

— Қозғалысымыздың алғашқы қадамы “Қазақстан Республикасы мемлекеттік құқық саясаты тұжырымдамасы” жобасын ұсынудан бастады. Ол жоба кейін Президентіміз бекіткен мемлекеттік деңгейдегі құжатқа айналды. Көптеген ұсыныстарымыз кейбір заңдарға енгізіліп, мемлекетімізге өзінің құқықтық пайдасын да тигізіп жатыр. Қозғалыстың ең бір белгілі жұмысы — саяси партиялардың басын біріктіріп, “Саяси бәсекелестің негізгі қағидаттары жайлы” Хартияға қол қойғызу болды. Осының бәрін ескеріп азаматтық қозғалыстың негізінде мықты саяси партияның өмірге келуіне негіз қаланғандығына көзіміз жетті.

— Екінші, “Құқықтық Қазақстан үшін” республикалық азаматтық қозғалыстарыңыздың атауының өзі оның саяси тұғынамасын оқымай-ақ әр адамның құқықтары мен бостандықтарын және мүдделерін қорғайтындығы айқын аңғарылады. Біз осы атауды партияларыңыздан да күтіп едік, өкінішке орай, олай болмай шықты.

Бүгінде елімізде төрт партия, атап айтқанда: “Ақжол”, “Ауыл”, “Қазақстанның демократиялық таңдауы” және сіздердің партияларыңыз өздерін демократиялық партия деп атап жүр. Не себепті сіздер өздеріңізге тән сипатты білдіретін “құқықтық” деген айдай анық анықтамадан алашақтап кеттіңіздер? Жоқ, әлде, болашақта өздеріңізден бұрын өмірге келген ілгерідегі үш партияның құрамына енуді көздеген мақсаттарыңыз бар ма? Ондай мақсат жоқ болса, алда-

ғы өткізгелі отырған съездеріңізде бұл “жаңылтпаштан” шығуға болады ғой.

Үшінші, маусым айының 25 жұлдызынан 2 шілдеге дейінгі аралықта Оңтүстік Қазақстан облысының 7 ауданы мен ауылдарындағы кездесулеріңізде сіз өз партияңыздың “Отан” партиясына құқық және заңдылық жөнінен қолдау көрсетіп, қол ұшын беретіндігін ұдайы айтып отырдыңыз.

Біріншіден, “Отан” партиясы сіз бастаған “Қазақстанның демократиялық партиясының” қолдаулары мен көмектеріне зәру ме екен?

Екіншіден, сіз жетекшілік ететін партия не себепті “Отанның” сойылын соғып, шашбауын көтеруі тиіс?

Партиялар қашанда да тең құқықты өрі өз дербестіктерінде өмір сүргендері жөн емес пе? Әйтпесе, “Ақжол” партиясының жетекшілері айтқандай, КДП – биліктің партиясы (“Отанның” көлеңкесі) болып шыға келмей ме?

— Алдымен айтарым, күннің күйіп тұрған ыстығына қарамастан Оңтүстік Қазақстан облысына жуырда жасаған сапарымның өзіндік сыры да жоқ емес. Халқымызда “әркім сыйлағанның құлы” деген аталы сөз бар ғой. Біздің партияға ең алғашқылардың бірі болып қызу қолдау көрсеткен осы оңтүстік өңірдің өрендері. Қазір біздің қатарымызда 60 мыңдай мүше болатын болса, соның үштен бірі осы өлкеден. Бұл — бір.

Екіншіден — Менің барлық кездесулерде ең алдымен “Отан” партиясын ауызға ала сөйлеуімнің мәні — жиынға қатысушылардың айтарлықтай қарамы отандықтар болатын. Өзіңіз білесіз, демократия деген ауызға келгенді айтып, ойға келгенді істеу емес, қоғамдық тәртіптің сақталынуына күш салу ғой. Демократия мен тәртіптің тізелері теңескен кезден бастап баршамыздың көсегеміз көгереді. Тәртіпке шақыру, тәртіпті сақтау кейбіреулердің айтып жүргендеріндей демократияға жасалынған қысым

емес, береке-бірлігіміздің бастау көзі. Бұл жөнінде атқарылып жатқан істерге келетін болсақ, бүгінгі күнге тіркеуден өткен 12 партияның ішінде, әсіресе, “Отан” партиясының жүзеге асырып жатқан істері ұлан-ғайыр, әрі үлгі аларлықтай. Рас, “Отан” партиясы біздің көмегімізге зәру де емес шығар, бірақ жақсының жақсылығын айту, ілтипат білдіру азаматтық парызымыз ғой.

Біздің мақсатымыз — Елбасымыздың халыққа жолдауы мен бағдарламасындағы шараларды қолдай отырып, заң мен заңдылықтың бұлжымай орындалуына жету. Ендеше бұл ниетімізді “сойылын соғып”, “шашбауын көтеруге” жатқызуға болмас.

Сөз жоқ, партия өз дербестігінде болғанда ғана, оппозиция қоғамға көп игіліктер әкеледі. Ақжолдықтар айтып қалғандай, біз биліктің партиясы емеспіз және “Отанға” көлеңке де болмаймыз. Біз — Отанымыздың өрлеуін, оның экономикасының гүлденуін, халқымыздың игілігінің артуын, қоғамымызда заңдылық пен құқықтық тәртіптің сақталуын қалайтын партиямыз.

Ақжолдықтардың біз туралы тұжырымдары дұрыс емес. Біз өсте биліктің партиясы емеспіз. Бұл мүлдем қате түсінік. Олардың ойлауынша (бәрі емес, әрине, кейбіреулерінің) кімде-кім өз республикасының Президентін жақсылап сынаса, сол — демократ. Ал егер Елбасын жақтаса, ол — биліктің партиясы. Бұл арада демократия дегеннің не екендігін ашып айтып, біліп алуымыз керек-ақ. Демократия — халықтық билік. Оның негізгі мақсаты — адамдарға ерік беру, сол еркі арқылы табиғи қабілетін ашу, қоғамды жетілдіруге қатысты ұсыныстар енгізуін мүмкіндік тудыру, өз жүрегінің қалауын орындауын, атқарушы және жоғары билікті сайлауға қатыстыру және қатысу.

Әрбір заң қабылданар алдында бүкіл халықтық талқылауға түседі. Бұл — нағыз демократия. Ал заң қабылданып кеткеннен кейін, ол міндетті түрде орын-

далуға тиісті. Біздің халық арасында жүргізіп жүрген әңгімелеріміздің алтын арқауы да осы.

— *Ел аралаған сапарыңызда есте қаларлықтай қандай сұрақтар болды?*

— Ұмытпасам, Сарыағаш ауданының Абай кентіндегі кездесуде болу керек, “Қазақстанның демократиялық таңдауы” деген партияның атауына қанша ойлансам да, түсіне алмай жүрмін. Жалпы, таңдау деген сөзге қалай қарайсыз?” деді бір адам, Қойылар сұрақ қойылған соң, былай деп жауап бердім; Біз демократиялық таңдаудан әлдеқашан өтіп, демократияны қарышты қарқынмен құрып жатқан елміз. Оны енді таңдаймыз десек, кері кеткендігіміз. Естеріңізде болса, бұдан тура он үш жыл бұрын біздің еліміз өзінің таңдауын жасаған болатын. Нанбасаңыздар, “Қазақстан Республикасының егемендігі туралы” Декларацияны бір шолып, қайта оқып шығыңыздар.

Біз қазір таңдауды емес, демократияны дамытуды, оны барынша өрістете түсуімізді ойласудамыз. Шүкір, бұл жөнінде адымдап алға басып келеміз. Осыған қарап-ақ “Қазақстанның демократиялық таңдауы” деген атаудың өскелең өміріміздің жүрісіне ілесе алмай, көш соңында салпақтаған сақ жандай екендігін атап өтудің айыбы жоқ. Байқаймын, сізді де ойландырып жүрген осы мәселе болуы керек.

— *Алыстағы ауыл адамдарымен әңгіме-сұхбатыңызда жаныңызға батқан жайлар болды ма?*

— Болды. Әсіресе, жер иелерінің қазақи бейқамдықтары. Олар әлң күнге дейін, үстіміздегі жылы өздеріне тиісті жерлерін төлқұжаттандырып, заңдастырып алудан бейхабар. Шаруалар қожалықтарындағы қандастарымыздың бұндай кең етекшілдіктерін Алматы облысының Ескелді ауданынан да байқағаным бар болатын. Сондықтан олармен алтын уақытымның неше сағаттарын қиып, әңгіме-кеңес өткізгенмін. Оңтүстік Қазақстан облысының да бірсыпыра ауылдарында осындай әңгімелесулер

өткізуге тура келді. Рас, мемлекетіміздің “Ауыл” бағдарламасына орай талай игіліктердің атқарылып жатқаны ақиқат. Алайда, ең басты мәселе — еліміздің заңды сыйлайтын зайырлы, құқықтық мемлекет екендігін ұмытпау керек емес пе? Ендеше елдегі егінші, малшы бауырларымыздың құқықтарын кімдер түсіндіруге тиіс? Алдымызға үлгі тұтып отырған “Отан”, “Асар”, әсіресе, “Ауыл” партиясы қайда жүр?

Ал біз өз тарапымыздан әр облыс, әр аудандағы бөлімдеріміздегі заңгерлер арасынан шаруаларға ақыпұлсыз ақыл-кеңес айтатын топтар ұйымдастырып, іссапарларға шығарып жатырмыз.

— *Бұларыңыз нағыз азаматтық та, патриоттық та іс екен. Табысты болғай. Ал енді “Қазақстанның демократиялық партиясының” алға қойып отырған мақсаттарына тоқталыңызшы.*

— Қай партияның болмасын бірінші ойлайтындары — ел тыныштығы, оның экономикасының, әлеуметтік жағдайларының жақсаруы. Және саяси ахуалдың тұрақтылығы. Ілгеріде айтып өткеніміздей біздің партия құқық пен заңдылықтың партиясы. Заң алдында қарапайым адам да бір, Президент те бір. Сондықтан да біз заңға бағынушылықты басты принципіміз етіп қоямыз да отырамыз.

Демократия дегеніміз — халықтық билік. Ал халықтық билік сайлаусыз жүзеге аспайды. Сондықтан қашан да болмасын сайлауды әрі әділ, әрі таза жүргізу — демократияның негізгі нысанасы. Біз де соны ұстанамыз. Толыққанды демократия өмір сүру үшін әрбір азамат оның құрылымын жақсы білуі шарт. Егер біз еліміздегі саяси бағытқа, экономикаға, этикалық мәселелерге, тіпті, күнделікті өмір ағымына ықпал етеміз десек, осыны ажыратқанымыз жөн. Демократияның мәнін ұқпау, оның құқық және бостандық деген санаттарын дұрыс түсінбеу-шіліктен туады.

Баршамызға белгілі, қазір елімізде тіркеуден өткен 12 партия болатын болса, солардың

кейбіреулерінің мүшелері өкімет атына “адамдар бостандығын шектеп жатыр” деген сияқты байбаламдар салады. Бұнымен келісуге әсте болмайды. Өйткені, мемлекетіміздің беріктігі — оның қоғамдық тәртіптілігінде. Біз де сол үшін күресеміз. Біз бұған саналы түрде, зор жауапкершілікпен барып отырмыз. Біздің ойымызша, мұндай табиғи заңдылық жолын құқықтық еліміздің әрбір саналы азаматы қолдауға тиіс деп білемін. Біздің бағытымыз — заңдылық, ар-ожданымыздың тазалығы, әділеттілік. Мейлінше әділеттілік!

Ең өуелгі мақсатымыз — президенттік басқару формасының сақталынуына күш салу. Бұл жерде өңгіме Н.Ә.Назарбав жайында емес, Президент — тұлға. Ал тұлға — ауысып тұрады. Өңгіме президенттік билік институты жөнінде. Біздің елімізде президенттік басқару формасы — биліктің үш тармағының бірі. Сондықтан да Президент атқарушы органдардың ісіне араласпайды. Ал, Шетелдерде, айталық, АҚШ-та Президент атқарушы биліктің басында тұр. Сол себепті өкімдер мен министрлердің қызметтеріне араласа береді. Бізде олай емес. Мұның айқын мысалын мынадан-ақ көруге болады. Елімізде БАҚ туралы заң жобасы екі жыл бойы талқыланды. Заңды Парламент мәжілісі қабылдады, Сенат қолдады. Ал осы уақыт ішінде Президентке түрлі БАҚ өкілдері өз ұсыныстарымен шығып жатты. Мұнымен бірге олар наразылық та білдірді. Президент сол кезде заңның дұрыстығына күманданып, оның жобасын Конституциялық кеңеске жіберді.

Конституциялық кеңес жобаның кейбір баптарының шын мәнінде адам құқығын шектейтінін анықтап берді. Мұнан соң Елбасы заңға қол қоюдан бас тартты.

Егер біздің елімізде Президенттік басқару формасы болмаса, мұндай шикі заңдардың өтіп кетулері өбден мүмкін еді ғой.

Қорытып айтқанда, халықтың құқықтық сауатын арттыру біздің партияның алға қойып отырған ең үлкен мүддесі. Қазіргі кезеңде бұл аса қажет!

Әділін айту керек, егеменді еліміз үнемі даму үстінде. Қазір 90-шы жылдардағы қиындықтарды артқа тастадық. Бұрынға айлап-жылдап айлық ала алмайтын кезді ұмыттық. Зейнет-керлердің зейнетақысы, білім мен денсаулық саласы қызметкерлерінің еңбекақысы біртіндеп өсуде. Еліміз нарық талабына бейімделу, ішкі жалпы өнім өндіру жағынан ТМД елдері ішінде мойны озық екенін, тіпті Ресейден де алға кеткенімізді Ресейдің өзі де мойындауда. Осындай жетістіктерге сүйене отырып, “Қазақстанның демократиялық партиясы” алдағы уақытта сайланбалы органдарға – Парламентке, Мәслихатқа атқарушы билікті қадағалау механизмін жетілдіруді ұсынатын болады. Бұл – өкімдер мен министрлердің жауапкершілігін арттыра түспек. Жұмысына көңілі толмаған министрді немесе өкімді орнынан босату жөніндегі мәселені Президент алдына қоюына халық қалаулыларының мүмкіндігі артады.

Сонымен бірге, КДП бірнеше заң жобасын жасап, көпшіліктің талқысына салуды көздеп отыр. Олар “Мұғалімдер туралы”, “Студенттер мәртебесі туралы”, “Лоббилау туралы” заңдар болмақ. Бір байқалатын нәрсе - өкімдер, басшы қызметкерлер нарық талабынан ауытқып барады. Бұрынғы авторитарлық басқару формасы қайта келе жатқандай. Себебі лоббилану жабық жағдайда өтеді. Бұрын парламентке “Лоббилау туралы” Заң жобасы түскен, бірақ ол 2-3 айдан кейін кері қайтарылған. Себебі, лоббилау әлдекімдердің мүдделеріне қайшы. Сыбайлас жемқорлық мемлекет қызметінің заңнамалық аясына тереңдеп еніп кетуі – бұл заңның өмірге келуіне тұсау болуда. Ал “Лоббилау туралы” заң барлық елде бар. КДП барлық заң ашық, әділ жүргізілуі қажеттігі жөніндегі мәселе қояды.

Тағы бір айта өтерлік мәселе - фискалдық органдар мен лицензия беру мекемелері азаюдың орнына көбейіп барады. Негізінен, фискалдық органдар тек заң бұзушылықты тіркеумен айналысуы керек. Істің тағдырын сот шешеді. Мысал ретінде айтар болсақ, егер жүргізуші айыбын мойындаса, сот дереу шешім шығарады. Ал, мойындамаса онда, автоинспектор оны дәлелдеп көрсетуі керек. Сондықтан, партия фискалдық органдар мен бақылау-қадағалау қызметінің санын көлемді түрде қысқарту қажет деп біледі.

— *Өңгімеңізге көп-көп рахмет!*

БӨРІ ДЕ ТӨРБИЕДЕН БАСТАЛАДЫ

— *Мақсұт Сұлтанұлы, жуырда, нақтырақ айтқанда үстіміздегі жылдың 12 қараша — жұма күні Алматы гуманитарлық-заң академиясының Акт залында Қазақстан демократиялық партиясы мен Алматы қаласы әкіматының ұйымдастыруымен “Мұғалімдер туралы” ҚР заңының жобасын талқылауға арналған үлкен ғылыми-практикалық конференция өтті ғой. Оған қатысқан Алматы қаласындағы жоғарғы оқу орындарының, кәсіптік-техникалық лицейлердің, мектеп-гимназиялардың мұғалімдері мен оқытушылары көптен бері көкейлерінде жүрген көкейкесті мәселенің Қазақстан демократиялық партиясы арқылы көтеріліп, күн тәртібіне қойылғандығына қуанғандары соншалық, ЖОБАҒА пікір айтып, оны нағыз білгірлікпен талқылаушылар өте көп болғанын өзіңіз де білесіз. Нәтижесінде ЖОБАНЫ талқылаудың өлі де бір айға созылатындығы хабарланды. Біз газетіміздің бүгінгі санында бірсыпыра мұғалімдердің ой-пікірлеріне орын беріп отырмыз. Осыған орай, ҚДП-ның төрағасы ретінде өзіңізге қойылар бірер сұрағымыздың біріншісі — өмірге жаңа келген партияларыңыздың алғашқы қызметін мұғалім, ұстаз, педагогика саласына байланыстыра бастауларыңыздың сыры неде?*

— Адамзат баласының өміріндегі ең бір өміршен мәнді мәселелердің бірі — тәрбие екендігіне, менінше, ешкім де күмән келтіре қоймайды. Жандарынан жаралған жас ұрпақты тәрбиелей отырып, қазіргі ата-аналар еліміздің болашаққа тартқан көшін түзейді, демек, күллі әлемнің тыныштықта, өркениеттілікте дамуына берік негіз қалайды. Тәрбие — адам тағдырын шешетін ұлы іс. Тәрбиеге көнбейтін пенде жоқ. Оның мәнділігін Абай атамыздан асырып, өзiрге ешкім айта да алмай келеді.

Ел аузында мынадай аңыз да бар: баласының тәрбиесіне көңілі көншімеген біреу Лұқман хакімге жолығып, ренішін білдіреді. Сонда, ұлы кемеңгер:

— Балаңызды қай кезден бастап, тәрбиеге алған едіңіз? — дейді.

— Бір жасқа толған күнінен-ақ бастап едім, — дейді арызданушы.

Лұқман хакім сонда басын шайқап:

— Өттеген-ай, жай бастаған екенсіз. Жөргекке оралған сәтінен бастауыңыз керек еді, — десе керек.

Бұл, әрине, аңыз. Алайда, бала тәрбиесінің оңай еместігін білдіретін үлкен мысал. Ал енді дүниеге келіп жатқан сол жас ұрпақтың жастайларынан салиқалы да, парасатты болып өсулеріне еңбек сіңіретіндер кімдер? Біріншіден — ата-аналары болса, екіншіден — тәрбиешілері мен мұғалімдері емес пе? Бәріміз де мұғалімдердің алдын көріп өстік. Бала кезімізде аракідік еркелікке жол беріп алған кездеріміз болғанымен, есіміз кіріп есейген шағымыздан бері оқытушы, мұғалім, ұстаз еңбектерінің өте ересен екендігін жан дүниемізбен жақсы сезініп жүрміз.

— Мақа, сезініс — сана билігінен туындайтын әрекет. Сөзімізді сәл шиыра айтсақ, аға ұрпақ пен бүгінгі жас ұрпақтың мұғалімдерге деген құрметтерінің арасынан айырмашылық байқайсыз ба?

— Байқалады. Біздің балалық шағымыз Ұлы Отан соғысының зардаптарын түзетуге кеткен өткен ға-

сырдың елуінші жылдарына сай келді ғой. Ол жылдардағы жас ұрпақтардың ғана емес, барша жұртшылықтың мұғалімдерге деген сый-құрметтері ерекше болатын. Әр ауылдың зиялы, білімдар, құрметті тұлғалары мұғалімдер болып саналатын. Үлкен адамдарға тигізген қолғабысымыз, әрекет-қылығымыз ұнай қалса, олар “Мұғалім болындар!” деп бата-тілектерін білдіретін. Сол жылдардағы менің замандастарым көлденең көшемен келе жатып, ұзын көшенің бойынан мұғалімнің төбесін көре қалса, жолын кеспей тоқтап, сәлемдесіп, өткізіп жіберетін немесе көзіне түспей, тасаға кететін. Жасыратыны жоқ, уақыт, заман өзгерістеріне орай, мұндай шәкірттік ілтипат бүгінгі жас ұрпақтың бойынан кемшіндеу көрінеді. Соған қарамастан, “ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға” деген ұлағатты сөзді берік ұстанған мұғалімдер қауымы қажырлы еңбек етулерінен танбай келеді. Ендеше, ерен еңбектің өтеуін ойласатын кезіміз де жетті емес пе?

— Дұрыс айтасыз. Ұстаз еңбегі — өлшеусіз һәм баға жеткісіз. Оған дау болмауға тиіс. Осы ретте Қазақстан демократиялық партиясының ұстанып отырған бағыт-бағдарына да тоқтала өтсеңіз деген тілек бар.

— Біздің партия қазіргі уақытта ел азаматтарына халықаралық тұрғыда мойындалған кәсіби біліктілік алуға және әлемдік еңбек нарығына енгуге мүмкіндік беретін білім жүйесін дамыту қажет деп есептейді. Азаматтарының білім деңгейі төмен мемлекет ешқашанда басқа елдермен бәсекеге түсе алмайды.

Біз білім беру нарығына тек жеткілікті материалдық базасы, білім саласына қойылатын әлемдік талаптарға жауап бере алатындай оқытушылық құрамы бар оқу орындарының болғанын қалаймыз. Бұл бағытта мұндай оқу орындарының саны емес, олардың жас ұрпаққа қажетті және бәсекелес білім бере алу мүмкіндіктері басты көрсеткіш саналуы тиіс. Сондықтан да, партиямыз қоғамдағы мұғалім мәртебесін жоғарылату, оны нығайту үшін атсалы-

сып, Қазақстан Республикасының “Мұғалімдер туралы” Заңының жобасын ұсынып отыр.

Осы қағидаттарды ұстанған партиямыз негізінен: мұғалімдердің құқықтық мәртебесін анықтау, оларды дайындау, біліктіліктерін жетілдіріп, аттестациялау, сондай-ақ жауапкершіліктерін арттырып, оларды материалдық тұрғыдан көтермелеу шараларын қарастыру һәм әлеуметтік қорғалу жақтарын күшейту мәселелерін ойластырып отыр.

Аталмыш жоба бұғанға дейін Ақтөбе, Шымкент қалаларындағы халыққа білім беру салалары қызметкерлерінің назарларына ұсынылған болатын. Өздеріңізге белгілі, соңғы рет ол Алматы қаласының мұғалімдері мен оқытушы-профессор қауымының талқысынан өтті. Конференция шешімі бойынша талқылау желтоқсан айының бірінші жартысына дейін жалғасады да, айтылған пікір, тілек, ұсыныстар бойынша Жобаға тиісті өзгертулер енгізіледі. Ал, ақырғы нұсқа Астана қаласы зиялыларының талдауынан өтіп барып, Үкіметтің қарауына тапсырылады.

— Әңгімеңізге көп-көп рақмет!

АЛҚА БИЛЕР СОТЫ БОЛАДЫ

Елімізде алқа билер сотын өндіріске ендіруге байланысты — 2004 жылдың соңына таман Қазақстан Республикасы Президенті жанынан құрылған Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссияның алғашқы отырысында оның жұмысшы тобына жетекшілік етуді маған жүктеген еді.

Сол күні-ақ тілші-бауырларым іздеп тапты.

— *Қазақстанда алқа билер соты туралы мәселенің көтерілуі неге байланысты?*

— Қоғамымыздың алдында тұрған ең маңызды проблемалардың бірі — өткен ғасырдың 90-шы жылдары басталған құқықтық-сот реформасын тиянақ-

тай түсу болып табылады. Сот жұмысын алқа билердің қатысуларымен жүргізу сот жүйесін халыққа жақындата түседі. Оның үстіне ол адам құқын толықтай қорғап, “инквизициялық процестен” нақтылы аулақтауды және сот ісін жүргізуде жаңа ұмтылыс тудырып, толайым алғанда қоғамдық-саяси ортаны демократияландыра беруге бағытталынады.

— *Әлемде алқа билер сотының: англо-саксондық және құрлықтық (континенталды) деп аталатын екі үлгісі бар. Солардың қайсысы Қазақстанға лайықты деп ойлайсыз?*

— “Судьялар құқығы” және “судьялар ісі” деп белгіленетін міндеттерінің сараланулары заң жөнінен немесе ақылмен ойланған сот шешімдерінен алшақтауды білдірмейді. Айтылып отырған институттың Қазақстанда ендірілуі “кінәні мойындау рәсіміне” ұқсайтын англо-саксондық түрін дұрыс деп біледі.

Қазақстандағы қылмыстық сот ісін жүргізудегі бұл институттың жұмыс істеуі мен оның перспективасы осы саладағы қоғамдық қатынастың заң базасының деңгейіне тікелей байланысты. Алқа билердің англо-саксондық үлгі түрінің элементтері көбірек алынғанымен, оның классикалық нұсқасы айтарлықтай өзгерістерге түсері сөзсіз. Ал құрлықтық (француздық, германдық) үлгінің элементтерін таңдау Қылмыстық-іс жүргізу кодексіне айрықша тараулар енгізіп, қылмыстық кодекске бірсыпыра өзгерістер жасауды және алқа билер институтын арнайы заңменен егжей-тегжейлі реттеуді қажет етеді.

Англо-саксондық үлгіде кәсіпқой судьялар және алқа билер істі бірлесіп қарайды. Алайда, алқа билер сотталушының кінәлі, ия кінәсіздігін өздерінің кеңесетін бөлмелеріне барып кәсіпқой судьяларды қатыстырмастан шешеді. Алқа билері сотының англо-саксондық үлгімен істі қарап, сотталушының кінәлі, әлде кінәлі еместігін анықтап барып, үкім шығару төрағалық етуші үшін де аса қажет. Ондай

шешім қайта қаралуға жатпайды. Тек сотталушы ғана істің жүргізілуіне байланысты өзіне белгіленген жазаға наразылығын білдіре алады. Бұл жағдайда кәсіпқой судья алқа билерге заң жөнінен қандай да бір кеңес беріп, мүмкін болатын қателіктерден сақтандыруға, тіпті, ол алқа билер шешімінің негізсіздігін біліп тұрса да, құлаққағыс жасап, “мыналарыңды өзгерт” деуге ешқандай қақысы болмайды.

Сондықтан да қазақстандық сот ісін жүргізуге англо-саксондық үлгі қолданылар болса, онда адамдардың негізгі конституциялық құқықтары бұзылады. Яғни, адамдарға өз құқы мен бостандығын соттық тұрғыдан қорғау құқына, білікті заңдық кеңес алуларына мүмкіндік болмай қалады.

Ал алқа билердің құрлықтық сот үлгісінде алқа билер мен кәсіпқой судьялар бірлесіп кетеді де, кеңесетін бөлмеде бір ұжым болып, бірлескен шешім шығарады. Мұндай үлгі шеффендер мен ассиздердің соттары секілді Батыс Еуропа елдерінде шеффендер мен ассиздердің соты деген атпен әйгілі. Бұл үлгідегі маңызды нәрсе — қоғам өкілдері әділдіктің жүзеге асып, сот ісінің әділеттілігін еркінше бақылай алады.

Бірақ барлық мәселе кәсіпқой судьялардың қатысуларымен шешіліп, кәсіпқой судьялардың басымшылдығы айқын көрінеді.

Франция, Германия қатарлы басқа елдердің тәжірибелері көрсетіп отырғанындай, бұл үлгінің артықшылықтары сол — сот қателіктері мейлінше азайып, азаматтар негізсіз кіналанулардан аман қалады.

— *Алқа билер сотын ендіру рәсімі қалай өтеді?*

— Республика Президенті оны кезең-кезеңмен ендіруді ұсынып отыр. Бұл шараны жүзеге асырудың қажеттігі сол — ол Конституциямызда жазылған. Атап айтқанда, Конституциямыздың 75-бабында: “Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқа заседательдерінің қатысуларымен жү-

зеге асырылады” делінген. Сондай-ақ, ҚР “Сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы” Конституциялық заңда “Қазақстандағы сот өкіметі тұрақты судьялар, сондай-ақ алқа билер арқылы соттарға ғана тиесілі” деп жазылған.

Алқа билер сотының ендірілуі қоғамдағы сот билігінің беделін нығайтумен және сот тәуелсіздігімен байланыстырылады. Сондықтан да кінәлілікті анықтап, қылмысы үшін жаза шара белгілейтін алқа билер мен кәсіпқой судьялардың бірлескен алқасы біздің ұлттық комиссиямыздың талқылауға ұсынылған заң жобасында да көрсетіліп отыр.

Алқа билердің қатысуларымен аталмыш институттың қалыптасуы Қазақстандағы азаматтық қоғамның дамуымен де байланысты. Оның ендірілуі кезендік мемлекеттік бағдарлама мен бюджеттік негізде ғылыми байыпталынған, ұйымдық және қаржылық жағынан қамтамасыз етілген болуы шарт.


— *Алқа билер соты біздің сот жүйемізден жатырқау көріп жүрмей ме?*

— Мәселе мынада, қазақ қоғамы сот жүйесіндегі халық өкілділігінің тарихи тамыры тереңде жатыр. Өте күрделі, даулы істерді шешуде қазақ билері сотталушыны ия кінәлап, ия ақтап сөйлейтін оның арұяты таза, адал жанды ағайындарының біріне сүйенетін болған. Кәсіпқой емес, халық өкілдерінің сот істеріне араласулары қазақ қоғамында дәстүрлі түрде ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басына дейін сақталынып келген және сот өділдігін ұйымдастыру барысында сөл-пөл түрі өзгертілген күйінде кеңінен қолданылған. Халық өкілдері сотқа жаңалықтар қосып, болған шындыққа өз көзқарастарын батыл білдіріп, қалыпты заң жолдарымен шектелінбей, қылмыстың қасақаналықпен емес, кездейсоқтықтан туғандығын дәлелдеп, жағдайдың алабөтендігін, нақтылы тұлғасын айтып, адам тағдыры дегенді ерекше ескеретін болған.

— *Мақсұт Сұлтанұлы, өзіңіз басқарған топтың таяудағы жұмыс жоспарлары қандай?*

— Үстіміздегі 2004 жылдың 23-желтоқсанындағы Алматыда біздің жұмысшы тобымыздың жұмысы аясында “дөңгелек үстел” басындағы мәжілісіміз өтеді, ал алдағы — 2005 жылдың 8 қаңтарында Астанада беделді ғылыми-практикалық конференция өткізіледі. Бұған қосарым, біздің топтың жұмысы алдағы уақытта да жемісті әрі табысты бола береді. Оған біздің құрамымыздағы мамандардың беделділіктері мен біліктіліктері дәлел бола алады. Атап айтқанда, біздің ортамызда: іс жүргізу заң актілерінің білгірі — А.Ахметов, кәсіпқой судья — А.Құрықбаев, белгілі құқыққорғаушылар: Е.Жовтис, Н.Фокина, С.Злотников, В.Воронов сынды заңгерлер бар. Сондай-ақ, біздің бұл топқа Әділет министрі О.Жұмабеков, белгілі құқық зерттеуші, осы проблематиканың ғылыми жұмыстарының авторы Ж. Абдиевтердің қатысулары да ісіміздің оңлы болатындығын айғақтайды деп ойлаймын.

2005 — ТАУЫҚ ЖЫЛЫ



КЕЙБІР ПАРТИЯЛАРҒА “БІРІГЕЙІК” ДЕГЕНДЕЙ ҰСЫНЫС ЖАСАП ЖАТЫРМЫЗ...

— *Мақсұт аға, сіз “қазір халықтың сотқа сенімі жоқ” дегенді айтып жүрсіз. Және “осы проблемадан құтылудың бірден-бір жолы — Алқа билері сотын құру” дейсіз, Жалпы, халықтың сотқа деген сенімі неге жоқ және Алқа билер соты бұл мәселені қалай шеше алады?*

— Тек Қазақстанда ғана емес, қай мемлекетті алсақ та сот жүйесіне 100 пайыз ризашылығын білдіретін елді табу мүмкін емес деп есептеймін. Өйткені сот — дауды шешетін орын. Соттың шешіміне міндетті түрде дауласқан жақтың бір жағы риза болмай кетеді. Сондықтан да халықтан “сот жүйесіне ризамын” деген сөзді күтуді өтірік деп айтар едім. Басқа өркениетті, дамыған елдердің сотқа сенуі мен біздің халықтың сотқа деген сенімін салыстыратын болсақ, біздің халқымыз сотқа сенбейді. Оның бірден-бір себебі кейбір судья әріптестеріміздің өз ісіне кәсіпқойлық тұрғыдан емес, құлқындық тұрғыдан қарауында. Тағы бір себебі — біз кеңестік заманнан шықтық. Ол кезде сотқа, т.б. құқық қорғау орындарына болсын бағыт беретін коммунистік саясат болатын. Яғни, соттар жалтақтауда болатын. Ал халық соттың белгілі бір жүйесіне қарамай, шешімдерін жергілікті басшылыққа барып шешіп жататын. Міне, сол дағды бізде қалып қойған. Сот дұрыс шешіп жатса да, халықта сол баяғы сенбеушілік бар. Сондықтан “Алқа билер сотын” кіргізу халықтың сотқа деген психологиялық сенімін өзгертуге септігін тигізетін құқықтық тетік болады.

— *Алқа билер сотының нақты тетігі қандай?*

— Қазір сот шешімін шығаратын кәсіби судьялар болғандықтан, халықтың сенімсіздігі тікелей кәсіби судьяларға бағытталған. Егер кәсіби судьялардың шешіміне Алқа билер соты араласса, онда Алқа билер есебінде халықтың өкілдері қатыса алады.

— Осы жерде қауіпсіздік шаралары қарастырылған ба? Жемқорлық деген мәселе бар. “Судьяның өз ісін артық пайдалануынан халықтың судьяға деген сенімі жоғалды” дедіңіз. Халық бұрын бір адамға пара беріп келсе, енді 9-11 адамға шашыламын деп қорықпай ма? Және кәсіби судьяны сатып алу қалай дегенмен қиындау. Ертең оған пара ұсынған жағдайда ол заңға жүгінуі мүмкін. Ал қарапайым халықтың ішінен шыққан Алқа биіне сыйлықтың жасалғанын дәлелдеу қиындау емес пе?

— Бәрі қарастырылып отыр. Алқа билерімен міндетті түрде келісім болуы керек. Сот процесі кезінде, сот басталып аяқталғанға шейін Алқа билерінің судьямен кеңесу бөлмесіне кеткенінше тікелей қарым-қатынаста болып, тіпті әңгімелеріне процесуалдық мүмкіншілік жоқ. Тіпті сотталушыға беретін сұрағын Алқа билері өзінің аты-жөнін, фамилиясын жазбай, “старшина” дейді соттың төрағасына беріп, содан соттың жазбаша түрде берген сұрағын қою арқылы соттың мәжілісі өтеді. Міне, осындай құқықтық тетіктің барлығы екеуіміздің айтып отырған шаруаларымызға мүмкіндік бермейтін бірден-бір тетік болып табылады.

— “Алқа билер соты” деген атаудың өзі қазақтың құлағына жағымды естіледі. Баяғыда ата-бабаларымыз жер дауын, жесір дауын шешкен билерге жүгінгені тәрізді сағынышты, жақсы сезімдер келеді... Дәл қазір “Алқа билер соты” сіздер ұсынып отырған жоба бойынша ұлтқа, ұлттық дәстүрімізге қаншалықты жақындайды?

— Билер сотын елімізге кіргізуді қозғап жүргеніме 20 жылдан астам уақыт болды. Бұған заңгерлеріміз қарсы болып, “Конституциямызға сай келмейді” дегендей себептермен әлі күнге дейін өткізе алмай келе жатырмыз. Мысалы, Ресейдегі бітімшілік соты біздің Алқа билері сотына ұқсас болып келеді. Ал билер сотының негізгі мақсаты — дауласқан адамдарды татуластырып шығару. Осыдан бірнеше ғасыр бұрын аты өйгілі болған билеріміздің айтқан сөздері, шешімдері

өлі күнге дейін бар. Ол кезде бидің міндеті көп болатын. Ол — ел басқарушы, ол — көсем, ол — ақын, ол — заң қабылдаушы болатын. Ол кезде билер жан-жақты, талантты болатын. Жақында “Бітімшілік соты” деген заң қабылданды. Менің айтып жүргенім — “Алка билер соты арқылы халқымызға тарихтан келген билердің принципін әкелсек, дұрыс болады” деген дүние.

— Соңғы кездері сіз заңгерлердің әлеуметтік жағынан қорғалуы деген мәселені айтып жүрсіз. Соттар мен прокурорлардың айлығы дәл қазіргі сәтте салыстырмалы түрде жаман емес. Егер олардың жалақысын он есеге көтеріп тастаған жағдайда қылмыстың ашылуы он есеге артады дегенге сенесіз бе?

— Әрине, сенбеймін. Ол жалақыға емес, кәсіби деңгейге байланысты болады. Біріншіден, кәсібилігіне байланысты болса, екіншіден, адалдығына байланысты болады. Ең негізгі критерий осы. Негізі, дүниежүзінде ең жоғары жалақы алатын судьялар болып есептелінеді. Онда негізгі мақсат — парақорлыққа жол бермеу. Қазіргі кезде салыстырмалы түрде төмен емес. Бірақ облыстық, аудандық соттың жалақысы өте төмен. Ал жоғарғы судьяның жалақысы өте жоғары. 1994-1995 жылдары аудандық судьяның еңбекақысы жоғарғы сот төрағасы еңбекақысының 55-60 пайызы болса, қазір 30 пайызы ғана. Ал негізгі істі, ауыртпалықты көтеріп жатқан — осы аудандық және жергілікті судьялар. Анау күні Жоғарғы соттың 8 судьясын Президентіміз отставкаға жіберді. Оны алдын-ала қарадық қой, әрине, өздерінің арыздарымен кетіп жатыр. Бүгін 200 000 теңге жалақы алып отырған судья ертең зейнетке шыққанда 9000 теңге алады. Бұл өділеттілік пе, өділетсіздік пе? Сондықтан олардың зейнетақысын мәртебесіне байланысты жеке шешу керек. Оның ертеңі қамтамасыз етілмейтін болса, әрине, парақорлыққа соның себебінен баруы мүмкін.

— Сіз 1995-1996 жылдары ҚР Бас прокуроры болдыңыз. 1996-2000 жылдары ҚР Жоғарғы сотының төрағасы

сы болдыңыз. Өкінішке орай, сол жылдар Қазақстандағы ұйымдасқан қылмыстың ең шарықтау шегі болып табылады екен. Бұған не дейсіз?

— Бұл өтпелі кезең ғой. Экономиканың құлдырауы халықтың әлеуметтік, тұрмыстық жағдайын өте төменге алып келді. Сол жылдары рәкет деген сияқты естімеген қылмыстың түрлері шыға бастады. Сол рәкет дегенге ауыл адамдарының араласқаны жүрегінді қынжылтады. Бұның барлығы әлеуметтік құлдыраудан келіп түскен дүние.

— Сол кезде алып жемқорлар пайда болды. Жекешелендіру деген пайда болды. Дәл сол кезде үлкен жауапты қызмет атқарған адам ретінде өзіңізді кінәлі сезінетін кездеріңіз бола ма?

— Сол кез мемлекеттің Президентінен бастап баста да салада қызмет жасаған лауазым адамдарына мақтануға тұратын кезең деп есептеймін. Өйткені бұрынғы жүйе түгелдей жоқ болды. Жаңадан егемен мемлекет құрудың өзі біздің мемлекетімізде бұрынсонды құқықтық тұрғыда қалай жасау мәселесін ешкім білмеген. Әрине, өкінетін кездер болады. “Мынаны жасамадым-ау, анаған үлгермедім-ау” деген өкініштер болып жатады. Мен 2000 жылы 26 шілдеде отставкаға кеттім. Сонда дайындаған “Сот жүйесі және судья мәртебесі” туралы заң жобасын жеткізе алмай кеткенім өкінішті болды. Бірақ оны менен кейінгі сот жүйесі сол жылғы 1 қыркүйекте өмірге алып келді.

— Мақсұт аға, сіз білікті заңгерсіз, сыйлы адамсыз. Осы сізге партия құру не үшін керек болды? “Қазақстан демократиялық партиясы” өткен күзгі сайлауда ең соңғы орындардың бірінде қалды.

— Біріншіден, партия құрудың алдында біздің университетіміздің профессорлары халыққа үндеумен шықты. Сол үндеуден кейін “Құқықтық Қазақстан үшін” деген қоғамдық бірлестік құрдық. Оның мақсаты халықтың құқықтық деңгейін қорғау арқылы демократияға құқықтық негізде келу мәселесін қозғау болатын. Өткен жылы бүкіл қоғамдық бірлестіктің айтуымен партия құрдық.

— Заңгерлер бір партия, экологтар, журналистер болып бір-бір партия құрып алатын болсақ, қалай өзі? Неге осы біліміңізді, білігіңізді басқа партияның қатарында жүріп-ақ, үлес ретінде қоспасқа? Неге “ортақ өгізден гөрі оңаша бұзау” керек болды сізге?

— Біздің Конституцияда саяси партия туралы заңымызда кәсібилік негізде партия құруға рұқсат жоқ...

— Сіздің партияңызда сізден басқа көрнекті тұлға жоқ. Неге бірінші болғанды, көсем болғанды жақсы көресіз?

— Көсем болғанды кім жақсы көрмейді дейсіз. Қазір айтпауым керек шығар, бірақ кейбір партияларға “бірігейік” дегендей ұсыныс жасап жатырмыз. Формасын тауып, бірігіп жұмыс жасау туралы айту дамыз.

— Сайлауда ең соңғы орында қалып қалғандарыңызға намыстанбайсыз ба?

— Намыстанбаймын...

— Неге? Құрған соң неге үздік партия құрмадыңыз?

— Сайлау біткеннен кейінгі біздің партияның ақпарат құралдарына берген баспасөз мәслихатында мен былай деп айттым: “Бізден партиялық тізім бойынша бірде-бір адамның өтпеуін жеңіліс деп таппаймын. Біз үш айдың ішінде партия құрып қана қоймай, сайлауға қатысуға мүмкіндік алғанымызды алғашқы жеңісіміз деп есептеймін” дедім.

— Партия құру деген шығыны көп мәселе болуы керек. Олардың қазір заңсыз ақшасы туралы да даулы өңгімелер болып жатыр... Партия құру шынымен шығыны көп нәрсе ме?

— Егер мықты партия құрамын десең, оның қаржылық жағы қамтамасыз етілмесе, ол мықты партия болып шықпайды...

— Ал сіздікі сияқты әлсіз партия құру үшін қанша ақша керек?

— Маған жүрген жерімде осындай сұрақты талай рет қойды. Мен қаржылық тұрғыда ең кедей партия

біздікі деп айтамын. Қазір де сондаймыз. Облыстағы бөлімдеріміз тегін қызмет жасап жатыр. Орталық ұйымда 4-5 адам ғана еңбекақы алады...

— *Егер құпия болмаса қаржы көзін қайдан табасыз?*

— Біздің ойымыз өндіріс орындарын құру. Ол заңға сәйкес дүние. Кәсіпкерлікпен шұғылданып, партияның бағдарламасын жүзеге асыру. Сол арқылы жұмыс жасап жатырмыз.

— *Мақсұт аға, сіздің бизнеске қатысыңыз бар ма?*

— Қазір қатысым бар деп айтуға болады. Мысалы, университетіміз — акционерлік қоғам. Онда мемлекеттің де, біздің коллективтің де және т.б. құрылымдардың акциялары бар. Оның жиырма пайызы коллективтікі болса, тоғыз пайызы менің акциям.

— *Одан бөлек, “М.Нәрікбаевтің қонақүйлері, сауда орталықтары, Қытайдан жүк таситын КамАЗдары бар екен” деген сөзді жиі естиміз.*

— Мен де “Нәрікбаевтің шет елде вилласы, яхтасы, самолеті бар екен” дегенді естіп жүрмін. Егер олардың айтқандары бола қалса, жақсы болар еді. Бірақ ондай менде жоқ. Менің әйелімнің бизнеспен айналысып жүргеніне 15 жылдай болып қалды.

— *Сіздің осы жақында қазақтың қадірлі ақсақалы, “Казахская правда” газетінің бас редакторы Алдан Айымбетовты және Кәрішал Асановты сотқа бергеніңізді газеттен көзім шалып қалды...*

— Ол істі сотқа беруге себепкер болып жүрген мен емес, алғаш арыз берген К.Асанов. Ал А.Айымбетовтың анадай, сыйлы ақсақал екенін мен соңғы кезде ғана естіп жүрмін. Әйтпесе, ол кісіні танымаймын да.

— *Ол кісінің газет шығарып жатқанына 10 жыл болды. Онда сіз он жыл бойы газет қарамағансыз ба?*

— Қарайтынмын. Бірақ А.Айымбетовтың кім екенін, оның артында кімнің отырғанын қайдан білемін?..

— *Артында ешкім жоқ. Ол кісі жалғыз өзі...*

— Мен адвокаттарыма талап-арызды қайтып алу туралы тапсырма бердім. Ол кісі газетіне менің талап-арызымды жариялады. Онысына көп рахмет. Бізге сол да жетеді. Ол кісінің айыбы — газетіне басқаны ғой. Ол жағын да ескеретін боламыз.

— *Сіздің жастық шағыңыздан бастап бүгінге дейінгі бүкіл өмір жолыңызды естелік қылып жазған кітабыңызды шолып шықтым. ...Өте әсершіл адам сияқтысыз. Әртүрлі салада қызмет істепсіз. Тағы бір байқағаным, сіз өзіңізді қатты жақсы көреді екенсіз... Ал өзіңізді жек көретін кездер бола ма?*

— Болады. “Неге осылай шешім қабылдадым?” деген сияқты кезең болады. Әрине, сот істеріне байланысты емес, кейде отбасылық жағдайда...

— *Өмірге қайта келсеңіз, өнші болар ма едіңіз, заңгер болар ма едіңіз?*

— Кітапты қарасан, “кинематографист боламын” деп ұмтылған кездеріміз болған. Кім білсін, әртіс болғым келді, болдым да. Кино да түсірдік, әуесқойлық деңгейдегі. Бірақ ең соңында заңгер болып шықтым. Мен бұған өкінбеймін.

— *Қазір саясаткерсіз...*

— Ия, саясаткермін, ұстазбын, заңгермін...

СОТ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРЕ БЕРУ ПАРЫЗ

— *Мақсұт Сұлтанұлы, үстіміздегі — 2005 жылдың 18 ақпан күнгі Жолдауында Елбасымыз — Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еліміздегі сот жүйесін реформалаудың мәселелеріне де тоқталып өтті. Сіздің пікіріңіше, оны неден бастаған жөн?*

— Жалпы, еліміз егемендікке жетіп, тәуелсіздігін алғанға дейінгі сот жүйесі мен бүгінгі жағдайды салыстыра қарайтын болсақ, айырмашылықтары жер мен көктей. Қысқа мерзім ішінде реформалаудың көптеген шаралары жүзеге асып, жаңа бір деңгейге көтерілгеніміз күмәнсіз. Бірақта уақыт зымырап өтіп

жатыр, тәуелсіздігіміздің он төртінші жылына да аяқ бастық. Қай салада болмасын, қарыштап алға адымдап, тіптен өзгеше жағдайда өмір сүріп жатырмыз. Өмір өзгеріп жатқандықтан, заңдардың да өзгерістерге түсетіндіктері түсінікті. Яғни, реформалау қажет. Осы арада айта кетейін, Елбасымыз сот жүйесі мен азаматтарды құқықтық қорғау жөніне тоқтала келіп, сот өндірісін оңайлату, оның объективтігін, сондай-ақ сот актілерінің тұрақтылығы мен уақтылы орындалуын қамтамасыз ету секілді жағдайларына ерекше назар аударды. Мойындар болсақ, бұл мәселенің көтерілгеніне де 10 жылдан асып барады. Өкінішке орай, біз мұны өлі күнге дейін ойдағыдай етіп шеше алмай келеміз.

Меніңше, мұның бірден-бір себебі — біздің соттар өлі де болса балаң. Сылбырлау. Елбасымыз өлгі жайттарды сонау 90-шы жылдардың ішінде аңғарып, қылмыстық болсын, азаматтық істер болсын, солардың процестерін соттардың өте қысқа мерзімде қарауларын талап еткен болатын. Бұндай талап бұрын да болған. Бірақ біз оны алып тастаппыз да, негізгі сот процесін қарауды бірнеше деңгейге бөліппіз. Демек, соттың іс қарауын оңайлатудың орнына, кейбір тұстарын өзіміз қиындатып, ауырлатып жіберіппіз. Мінеки, осы мәселелерге Елбасымыз осы соңғы Жолдауында да орынды орала соғып өтті.

— Жақсы, басқа да бағыттар туралы әңгімемізді жалғастырармыз. Мына “Тікелей эфир” хабарымызды көріп, тыңдап отырған кейбір азаматтарымыздың өзіңізге сұрақтары да бар екен, соған да құлақ түре өтсек.

— Ассалаумағалейкум!

— Уағалейкум-ас-салам. Сұрағыңызға көшелік.

— Парақорлыққа байланысты Елбасымыздың Жолдауында көп ойлар айтылды. Менің білгім келетіндігі, мемлекеттік қызметкерлерге пара берушілерге қандай жаза қолданылар екен?

— Жалпы алғанда, біздің қылмыстық кодексімізде парақор ғана емес, оны парақорлыққа жеткізген, пара

берген адамдарды да жауапкершілікке тарту жайы жазылған. Өкінішке орай, ондай заң бұзушылар үзілді-кесілді әлі күнге дейін тиылмай келеді. Меніңше, соларды жауапқа тартудың пәрменділігі қазір де төмен. Оның бірнеше себептері бар деп ойлаймын. Біріншіден, парақорды ұстау негізінен параны берген адамға тікелей байланысты. Бұлардың жазалары да өртүрлі. Айталық, пара беруші өзінің мәжбүр болғандығын айтып, сотқа өзі барып жүгінсе, онда жауапкершіліктен босатылады. Алайда, мұны әлі де ойлану керек. Себебі, ол неге пара беруге барды? Неге ол параны бергенге дейін сотқа айтпады? Неге параны беріп болған соң айтты? Міне, мәселеге осы тұрғыдан келгенде, ойланатын жайттарымыз бар.

Парақорлық мәселесіне тоқталған Елбасымыз өзінің Қазақстан халқына Жолдауында: “Судьялар арасындағы парақорлықты адамгершілік тұрғыдан алғанда абыройсыздық деп бағалап қоймай, мұны экономикалық жағынан да тиімсіз етуіміз керек” деп көрсетті.

Әділін айту керек, Елбасымыз көрсеткендей қазіргі кезде Жоғарғы Сот судьяларының айлықтары 200 мың теңгенің төңірегінде. Демек, ол өріптестеріміз теріс жолға түсе қалса, оның “экономикалық тиімсіздікке” ұрынары сөзсіз. Әрине, құдай оларды ондай жолға түсірмей-ақ қойсын делік!

Бір айта өтерлік жайт — жұмыс істеп жүрген кездерінде айына 200 мың теңгеден жалақы алатын Жоғарғы соттың судьялары зейнетке шыққанда 9 мың теңге зейнетақыға ілінеді. Елбасымыз осы айырмашылықты да жоюды меңзеп өтті деп ойлаймын.

— Сотта, мына, парақорлықтан басқа, істі таныс-тамырлықпен шешу секілді келеңсіз жайттар кездесетін тәрізді. Бұған да бір тосқауыл қоярлықтай заң қажет емес пе?

— Құқықтық тұрғыдан алатын болсақ, бүгінгі таңда судьялардың әлеуметтік жағдайлары мен тәуелсіздігі жөнінен барлық мәселе оңынан шешілген деп айтуға болады. Яғни, ендігі шаруалардың бәрі судьялардың өздеріне байланысты. Мен сонау жылда-

ры Жоғарғы Соттың төрағасы болып жүрген кезімде іссапармен Венгрияға бардым. Венгрия — бүкіл Шығыс Еуропада бірінші болып атқарушылық биліктің тәуелділігінен шыққан мемлекет. Ол кезде біздің елдегі сот жүйесі әлі де болса атқарушы билікке, яғни, Әділет министрлігіне бағынышты болатын. Сонда біздің елдің Венгриядағы елшісі олардың сот төрағасына:

— Осы сіздерде телефондық құқық бар ма? — деді. Әріптесіміз:

— Бар, өрине! — деп жауап қатты.

— Сонда телефон арқылы түскен өтініш, зілді бұйрық, нұсқауларды қайтесіз? — дедік.

Әріптесіміз мырс етіп күлді де:

— Мен ондайдың бәрін, тіпті, хат, жедел хат болсын, жинап-теремін де үстелімнің үстіндегі өйнектің астына бастырып қоямын, — деді.

Көрдiңiз бе, тәжiрибелi, жақсы маманның жұмыс стилi қандай? Адам болған соң, телефон шалмай, лауазымын бiр рет болса да, бұлдамай тұратын шенеунiк бола ма? Бiрақ олардың бәрiн тыю, жауапқа тарттыру мүмкiн бе? Әрi-берiден соң олармен шатасып жатудың қажетi қанша? Олар өз бiлгендерiн iстесiн, сен өз iсiңдi бiл. Тыңғылықты, таза атқар!

Бiздегi жағдайға келетiн болсақ, телефон арқылы қысымшылық жасауға қарсы шара бар. Ол Жоғарғы сот Пленумының шешiмiнде жарияланған да. Демек, бiзде судьялардың тәуелсiздiгiн қамтамасыз ететiн заңдар бүгiнгi таңда әбден жеткiлiктi. Яғни, қайталап айтамын, ендiгi шаруаның бәрi судья мырзалардың өздерiне байланысты.

— *Сот жүйесi жайында халықтың пiкiрi қандай екен деген оймен жуырда ғана көшеде келе жатқан қала тұрғындарымен тiлдесiп көрiп едiк, олардың ой-толғамдары былай болып шықты. Құлақ салыңызшы?*

1. Ер адам: Сот жүйесiн әлi де жақсарту керек.

2. Ер адам: Сот — халық алдындағы айна тәрiздi.

Одан бәрi де көрiнiп, бiлiнiп тұрады.

3. Әйел: Менiңше, қазiр бәрi де сатылады. Сатып алынады. Бәрi ақшаға iстелiнедi.

4. Ер адам: Судьялар өздерінің жұмыс істеу принциптерін өзгертулері керек.

5. Әйел: Өзіміз біліп, өзіміз естіген сот істеріне қарасақ, қарнымыз ашады. Көңіл толмайды. Күдік көп.

6. Ер адам: Көп кісілер судьяларға сеніңкіремейді. “Әділ шешпейді-ау” деп ойлайды. Сондықтан, шамасы келсе, шапан жауып, ат мінгізіп, пара беру жағына жүгінеді.

7. Әйел: Халықты өзін-өзі қорғайтын деңгейге жеткізу керек. Сот күшін, адам құқығын ауыл жақта көбірек насихаттау қажет.

— Біраз пікір осындай, Мақсұт Сұлтанұлы.

— Бөрінің жаны бар сөздер. Әсіресе, соңғы әйелдің сөзі өте орынды. Ауылда да, барлық жерде де сот билігі, сот күшін, адам құқығын насихаттауды жүргізе беруіміз керек-ақ!

— *Мақсұт Сұлтанұлы, Президент Жолдауындағы айтылған үлкен өзгерісті өңгіменің бірі — сот жүйесіне “Алқа билер” сотын енгізу ғой? Сіздің ойыңызша, бұл бізге қаншалықты тиімді?*

— Сот жүйесіне Алқа билер сотын енгізу біздің мемлекетімізде қажеттілік қана емес, бүгінгі таңда міндет те болып отыр. Өйткені, 1998 жылы Елбасының ұсынысымен біздің Ата Заңымыз — Конституциямызға өзгерістер енгізілген болатын. Онда біздің мемлекетімізде Алқа билер сотының ашылу мүмкіндігі жазылған еді. Яғни, конституциялық сол бап өлі күнге дейін өмірге келмей кешігіп тұр. Дұрысын айту керек, Алқа билер сотын құптап, өмірге өкелу оңай шаруа емес. Ол біздің сот жүйемізде бірінші рет келейін деп отырғандықтан оның жобасын Жоғарғы соттың басшылығымен талқылау үшін халықаралық, республикалық деңгейде бірнеше конференция, “дөңгелек үстел” ұйымдастырылып, бүгінгі деңгейге жетіп отырмыз. Жалпы алғанда, Алқа билер сотының біздің мемлекетіміздегі қажеттілігі бұдан 5-6 жыл бұрын-ақ айтылған. Ендігі мәселе — ол қандай деңгейде қабылдануы керек? Өздеріңіз

білесіздер, бұл әңгіменің төңірегінде біздің қоғамды демократияландыру жөніндегі комиссиясының шешімімен жұмысшы тобы құрылып, оның жетекшілігі маған жүктелінген еді. Мен төрағалық еткен жұмысшы сол топ қысқа мерзім ішінде үлкен істерді тындырып, тиісті заң жобасын дайындағанбыз. Оны, жаңағы, ұлттық комиссияда қарап, шешім қабылдап, ұсыныстар енгізіліп, қосымша ойлар қосылып, соңғы нүктесін қоюға Әділет министрлігіне бергенбіз. Ол сонан кейін Елбасына тапсырады. Менің білуімше, бұл жоба биылғы (2005) көкек айында Парламентте қаралады-ау деймін. Нақтылап айтқанда, Алқа билер сотының өмірге келуіне көп уақыт қалған жоқ. Еліміз оны күтіп отыр.

— *Жалпы, осы Алқа билер сотына кімдер, қалай сайланады? Ондағы жұмыстар қалай жүргізіледі, осы жағына тоқталып өтсеңіз?*

— Алдымен айтарым, Алқа билер соты англо-саксондық үлгі бойынша (көптеген өзгерістермен) қабылданғалы жатыр. Алайда, ақырғы сөз әлі айтылмағандықтан, құрлықтық (континенталды) үлгімен жасалынса жөн болар еді деген пікірлер де бар. Соңғы нүктені, өрине, Парламент қояды. Сондықтан да пікірталас, ұсыныстардың жасалына беруі дұрыс деп есептеймін. Қалай болғанда да, мынаны ескергеніміз жөн. Біріншіден, Алқа билер сотына қазіргі құрлықтық үлгі тұрғысынан келетін болсақ, онда 9 алқа би, не 2, не 3 кәсіпқой судья болады. Барлығы 12 адам. Бұларды таңдау үшін алдымен 50 шақты адамның тізімі жасалынады. Тізімге мемлекеттік шенеуніктер, депутаттар, мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің, заң қызметінің, өскер бөлімдерінің адамдары алынбайды. Менің бұл айтып отырғандарым өзірше жоба ғой. Олардың саны және таңдалу жайттары заң қабылданған соң анық болады. Қалай болғанда да, Алқа билер қатарына алынған адамдар тиісті міндеттеріне кіріскенше, өздерінің қандай істерге араласатындықтарын біліп отырады.

— *Олардың әрбірінің дұрыс шешім қабылдауларына, ия шығаруларына қандай кепілдік бар?*

— “Алқа билер сотын” орыстар “суд присяжных” дейді. Яғни, олар конституцияны негізге ала отырып, халықтың алдында ант береді. Көрдіңіз бе, бірінші кепілдік сол деп ойлаймын. Екінші кепілдік — олардың ар-ождандары. Алқа билердің ішінен біреу “Аға би” болып аталады. Қалғандары шеттерінен жамырап сөйлей бермей, ойларын, сұрақтарын қағазға жазып, оны “Аға биге” ұсынады. Ал, ол өз кезегінде сот ісіне төрелік жасап отырған судьяға тапсырады. Сол қағаз бойынша судья қажет деп тапса, сотталушыға да, куәгерлерге де, жәбірленушілерге де сауал бере алады. Бұл да шешім тазалығына кепілдік береді. Мұның үстіне алқа билердің сотқа қатысушылармен қарым-қатынастары шектелінеді. Тіпті, кеңесу бөлмесіне кірген кездерінде де сыртпен байланыстары тасығөй үзіледі. Мобилді телефондарының жұмыстары тоқтатылады. Міне, осындай шараларды мойындаған алқа билердің жұмыстарына, олар шығарған шешімге күмән келтіру орынсыз деп білемін.

— *Көрермен сұрағына құлақ қойыңыз.*

— *Тыңдап тұрмын, айта беріңіз?*

— *Заңсыз шешім қабылдаған соттарға жаза түрі қандай?*

— Біріншіден, заңсыз шешім шығарудың 2 түрі болады. Соттың, не судьяның қателік жіберулері арқылы заңсыз шешім дүниеге келеді. Екіншіден, арам пиғылмен шешім шығару. Бұл екеуінің жауапкершілігі екі түрлі. Екеуі де жазасыз қалмайды. Қойылатын талап бойынша — судьялардың қателесуге құқы жоқ дейміз. Дей тұрсақ та, “жаңылмайтын жак, сүрінбейтін тұяқ жоқ” дегендей, ілуде-шалу қателесу жайы кездесіп те қалады. Бірақ олар ақырғы шешімге дейін түзетіліп отырылады. Мысалы, аудандық, қалалық соттардың жіберген қателіктері болса, облыстық сотта, тіпті болмаса, республикалық Жоғарғы сотта түзетіледі.

Ал енді арнайы арам пиғылмен, заңды тікелей бұрмалау жолымен жасалынған қателіктер болса, оны жасаған судья әлде сот қылмыстық жауапкершілікке

дейін тартылады. Тек оны бұлтартпастай етіп дәлелдеп беру қажет.

— *Біздің судьяларымыздың кәсібиліктері, біліктіліктері қандай деңгейде? Қанша уақыт ішінде аттестациядан өткізіліп тұрады?*

— Қазіргі таңда судьяларды аттестациядан өткізу деген үрдіс жоқ. Рас, кезінде болған. Біздің одан бас тартуымыздың бір себебі — аттестация деген судьяларға жасалынатын қысымның бір түрі деген ой туып қалды. Жоғарғы басшылар өздеріне ұнамайтын, бірақ тәжірибелері мол, білімдері терең, біліктіліктері жоғары судьялардан оңай құтылудың жолын тапты деген әңгімелер шықты. Бір жағынан қарасаң, қисыны да бар секілді. Бірақ, меніңше, судьяларды 3-5 жылда, бәлкім, 7 жылда бір рет аттестация түрінде болмаса да, басқа бір жолмен олардың білім деңгейлерін, кәсіби біліктерін тексеріп қою артық емес деп ойлаймын. Қалай болғанда да, судьяларымызға сергектік, қағлезділік беретін бір тетіктерді ойластыру жөн секілді. Елбасымыздың сот жүйесін реформалау жөніндегі құрған ұлттық комиссиясы бұл мәселені тереңдеп қарайтын болады деп есептеймін.

Ал енді біздің сотымыздың қателік жіберу жағына келетін болсақ, соңғы 10 жылдың ішінде 100 пайыз істің 3-3,5 пайызы ғана қателікке ұшырап жүр. Олар негізінен төменгі инстанциядағы соттардың қателігі. Бірақ ол соттардың жіберген қателіктерін апелляциялық деңгей, онан кейін қадағалау деңгейі де түзетіп отырады. Яғни, соттардың өздерінің жіберген қателіктерін өздері түзетіп жатады. Демек, 3-3,5 пайыз қателіктер үшін біздің соттарымыздың білім деңгейі тайыз, біліктіліктері төмен, тәжірибелері жоқ деп айтуға болмайды. Рас, бірен-саран жаман атқа ұрынып қап жататын судьялар бар.

Мен осы ретте Елбасымыздың 1996 жылы ҚР Судьялар одағының республикалық І-ші съезінде айтқан бір сөзін келтіре кеткім келеді.

— Судьялар лауазымын, — деді ол, — аса сақтықпен, абайлап алып жүрмесе, халық бір судьяның

кателігін барша судьялар мен соттарға аударып жіберуі ғажап емес.

Ия, шындығында да солай, егер халық бір судьяның пара алғанын естіп, білсе, барша судьялар сондай ғой деген ойда қалуы мүмкін. Демек, бір құмалақтың бір қарын майды шірітетініндей кебінің келуі кәдік. Сондықтан да өскелең өміріміздің талабына сай заңдылық пен әділеттіліктің күрескерлері — судья мырзалар мейлінше, пәктік, тазалықпен жүріп-тұрғандары барша сот жүйесіне келетін абырой мен өбиір деп білуіміз керек.

— Соңғы сұрақ: жалпы, Алқа билер сотын ендіретін болсақ, өміріміздегі өзгерістер қандай болмақ? Сот жүйесіндегі жаңалықтарымыз молая ма?

— Енді мынау сот ұйымдастырушылық-өкімшілігінің біздің жұмысшы тобымызға айтқан ұсыныстары мен берген бағаларын ескерсек, Алқа билер сотының қоғамымызға әкелер жаңалықтары аз болмайды. Біріншіден айтарым, алқа билердің айлық еңбекақылары мен сот органдарына жаңаша жобамен салынатын ғимараттарын, олардың ішіне қойылатын құрал-жабдықтарын қоса есептегенде алғашқы кезеңде 1,5 млрд. теңгедей қаржы керек. Келер жылы оның мөлшері айтарлықтай, тіпті, екі есеге жуық азаяды да. Өйткені, бұдан былайғы жылдары алқа билердің еңбекақыларына ғана қаржы жұмсалады.

Егер биылғы жылы тиісті заңымызды қабылдайтын болсақ, онда келер жылдың бюджетіне 14 облыс пен 2 үлкен астаналарымыздың (Астана мен Алматы) Алқа билер сотының шығынын ескеру қажет. Қорыта айтқанда, әңгімемізге арқау болып отырған бұл мәселенің жарық дүниеге келер кезіне көп уақыт қалған жоқ.

— Уақыт тауып біздің және көрермендердің сұрақ-сауалдарына жауап бергеніңізге көп рақмет.

Көрермен қауым, сіздердің де, хабарымызға қатысып, пікір білдіргендеріңізге айтарымыз алғыс!

Сау-саламат болып, амандықпен кездескенше, достар!

ТҮСІНІКТЕМЕ

1. АЛҒЫ СӨЗ ОРНЫНА — Автордың ойын қазқалпында қағазға түсірген Ораз Исмаилов.

2. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ ХАҚЫНДА — 1994 жылы жазылған қолжазбадан алынып, шамалы қысқартылды.

3. СОТ БИЛІГІ БІРЕГЕЙ БОЛСА — “Жоғарғы Сот хабаршысының” 1994 жылғы 4 санында жарияланған мақаласы бойынша ықшамдалынды. Ол кезде автор ҚР Жоғарғы Сот төрағасының бірінші орынбасары лауазымында қызмет атқарған.

4. ДЕРБЕСТІК ДАРАЛАНУ ЕМЕС — “Егеменді Қазақстан” газетінің тілшісі С.Жұмабекұлымен болған бұл сұхбат аталынып отырған газеттің 1995 жылғы 24 ақпандағы 38 санында жарияланған. М. Нәрікбаев ол кезде де ҚР Жоғарғы Соты төрағасының бірінші орынбасары.

5. ПАРЛАМЕНТ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЖОЛМЕН ЖҮРСЕ — Бұл сауалнама кезінде “Заң” газетінің тілшісі А.Асылбековпен жүргізіліп, аталған газеттің 1995 жылғы 18 наурыздағы санында жарияланған. Кітап авторы ол жылы да ҚР Жоғарғы Соты төрағасының бірінші орынбасары лауазымында қызмет атқарған.

6. БАС ПРОКУРАТУРА ТЕРГЕУСІЗ ДЕ ТЕГЕУРІНДІ БОЛАДЫ — “Егемен Қазақстан” газетінің тілшісі Құдияр Біләл жүргізген бұл сұхбат аталынып отырған газеттің 1995 жылғы 8 қарашасындағы 217 санында жарық көрген. Бұл кезде кітап авторы Қазақстан Республикасының Бас прокуроры.

7. АТА ЗАҢНЫҢ АЯСЫНДА — “Жас алаш” газетінің Бас редакторы Төрехан Данияр жүргізген бұл сұхбат сол газеттің 1995 жылғы 16 қарашадағы 110-111 сандарында “Ата заңды құрметтейтін әрбір адам біздің қорғауымызда болады” деген атпен берілген. М.Нәрікбаев ол кезде ҚР-ның Бас прокуроры.

8. ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕСТІҢ КЕЙБІР ПРОБЛЕМАЛАРЫ — Кітап авторының бұл мақаласы “Егемен Қазақстан” газетінің 1996 жылғы 4 сәуірдегі 65-ші санында жарияланған. М.Нәрікбаев ол кезде ҚР-ның Бас прокуроры.

9. ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ МЕН ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ — Қазақстан Республикасының Бас прокуроры М.Нәрікбаев бұл мақаласын өмірге өзі әкелген “ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН” журналының 1996 жылғы бірінші санында бастырған.

10. ҚАТЕЛЕСУГЕ ҚАҚЫМЫЗ ЖОҚ — “Егемен Қазақстан” газетінің 1996 жылғы желтоқсан айының басында жарияланған бұл сұхбатты жүргізген сол газеттің тілшісі С.Жұмабекұлы. Мақсұт Нәрікбаев бұл кезде ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы.

11. ПРОКУРАТУРА БЕДЕЛІН САҚТАУ ПАРЫЗ — Бұл сауалнаманы ҚР-сы Жоғарғы Сотының төрағасы М.Нәрікбаев “Закон и время” журналының 1996 жылғы санында бастырған. Әңгімені журнал редакторы С.Соқпақбаева жүргізген. Сауалнаманы орыс тілінен қазақшалаған Құттыбек Байділдәұлы.

12. ҚАРА ҚЫЛДЫ ҚАҚ ЖАРҒАН КІМ? — ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы Мақсұт Нәрікбаев “ФЕМИДА” журналының 1997 жылғы бірінші санына берген бұл сауалнамаға қатысқан жорналшы Оңғар Өмірбек.

13. РЕФОРМА ӨРІСТЕП, СОТ ЖҮЙЕСІ ЖЕТІЛЕ БЕРМЕК — Бұл сұхбатты М.Нәрікбаев ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы кезінде “Заң” газетінің қызметкері М.Тоқашбаевпен жүргізген. Сұхбат газеттегі нұсқасы бойынша алынды.

14. АҚИҚАТ ЖАЛҒАНДЫҚТЫ КӨТЕР-МЕЙДІ — ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы болып тұрған кезінде (1997 жылдың 30 қарашасында) М.Нәрікбаев бұл сауалдаманы “Азамат Times” газетінің тілшісі М. Гольдбергке орыс тілінде берген. Әңгімені қазақшалаған Қ.Байділдәұлы. Сұхбаттың орыс тіліндегі атауы — “Истина против лжи”.

15. МАНТИЯҒА ДАҚ ТҮСПЕСІН — “судейская мантия без пятен” деген атпен “ЕЛ” журналының 1997 жылғы қыркүйек-қараша айындағы бірінші санында орыс тілінде жарияланған ҚР-ы Жоғарғы сотының төрағасы Мақсұт Нәрікбаевтің бұл әңгімесіне Сергей Апарин деген жорналшы қатысқан. Әңгімені қазақшалап шыққан Құттыбек Байділдәулы.

16. ЗАНДЫҚ КҮШІ БАР ҚҰЖАТ — авторлық қолжазбалар қорынан алынды.

17. ТАРИХТАН ТАҒЛЫМ, ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ — Бұл мақаланы М.Нәрікбаев ҚР-сы Жоғарғы сотының төрағасы кезінде “Тура би” журналының 1998 жылғы бірінші санына арнап жазған. Мақала өзгеріссіз алынды.

18. БИЛІКТІҢ БІР ТАРМАҒЫ - СОТ БИЛІГІ — Республика Жоғарғы Сотының 75 жылдығына арналып жазылған бұл мақала үлкен журналдардың бірінде жарияланғанымен, ол қолымызға түспей, автордың түпнұсқалық қолжасбасын алдық. Мақала 1998 жылы жазылған екен.

19. СОТ БИЛІГІ — ӘДІЛЕТТІЛІК АЙҒАҒЫ — Бұл қолжазба автордың жеке мұрағатынан алынды.

20. ЗАҢ БАРШАҒА БІРДЕЙ — М.Нәрікбаев ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы болып жүрген кезде қарымды қаламгер, марқұм Шәкизада Құттаяқовқа кездесіп, “Тура би” журналының 1998 жылғы алтыншы санына арнап айтқан әңгімесі. Сұхбат-әңгіме ешбір қысқартусыз беріліп отыр.

21. СОТТЫҢ ДА СОҚПАҚТАРЫ БАР — М.Нәрікбаев ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы болып тұрған кезде “Заң” газетінің 1998 жылғы 26 тамыздағы 37-ші санына жазған көлемді бұл мақаласы сол күйінде алынды.

22. СУДЬЯЛАР ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЗАҢМЕН ҚОРҒАЛАДЫ — “Алматы ақшамы” газетінің 1999 жылғы 22 қаңтар күнгі санында “Судьялар тәуелсіздігінің заңмен қорғалатынын әркім білуге тиіс” деген атпен жарияланған бұл әңгімеге қатысқан жорналшы

Ш.Құттаяқов. Әңгіме 1999 жылғы 25 қаңтарда ашылған республика судьяларының екінші съезіне арналған.

23. АТУ ЖАЗАСЫ (БІРІНШІ ОЙЫМ) — Сауалдама “ЦЕС” газетінің 1999 жылғы 30 шілде күнгі санында жарияланған. Әңгімеге қатысқан жорналшы Марат Дәдікбай. Сөз — өлім жазасы жайында өрбиді.

24. ЕКІНШІ ОЙЫМ — Әңгіме пікірталас үстінде айтылған. Мазмұны алдындағы сауалдамамен қабысып тұрғандықтан біз бұны осылайша атадық.

25. ҮШІНШІ ОЙЫМ — бұл да Қазақстанда өлім жазасын алып тастауға қатысты болғандықтан, назардан тыс қалдырмады. Автордың осы тақырып төңірегіндегі бір толғам ойы “Республика” газетінің 2001 жылғы 29 наурыздағы 12-ші санында жарияланса да, 1999 жылғы айтқан пікірімен ұштасып тұрғандықтан алдық.

26. КҮРЕС НЫСАНАСЫ — ЖЕМҚОРЛЫҚ — Проблемалы бұл мақала “Правовая реформа в Казахстане” журналының 2000 жылғы екінші санында жарияланған. Мақаланы қазақшаға аударған Құттыбек Байділдәулы.

27. ТІЛ ТІРЕГІ — ХАЛЫҚ — Автордың 2000 жылы 26 мамырда Астана қаласында “Тіл туралы” заңға байланысты өткен жиында сөйлеген сөзі.

28. ҰСТАЗ БОЛУ АРМАНЫМ ЕДІ — Сауалдама “Егемен Қазақстан” газетінің 2000 жылғы 29 шілде, сенбі күнгі нөмірінде жарияланым бойынша беріліп отыр. Сауалдаманы жүргізген газет тілшісі Шарафаддин Әмір.

29. БАТЫЛ ҚАДАМ — БАСТЫ ШАРТ — Кітап авторының бұл мақаласы 2004 жылы 31 шілде күні Астана қаласында өткен Қазақстан демократиялық партиясының І-ші съезінде жасалған баяндамасы бойынша дайындалды.

30. ҚЫЗМЕТ - ҚАБИЛЕТКЕ СЫН — Бұл сұхбат М. Нәрікбаевтың 2000 жылдың 28 желтоқсан, бейсенбі күні “Экспресс К” газетінде жарияланған “Маленьких должностей на госслужбе не бывает” деген сұхба-

ты бойынша өзірленді. Сұхбатты ұйымдастырған газет тілшісі — Ксения Каспари. Аударма авторы — Қ.Байділдәулы.

31. **КЕҢЕСТІК СОТ ЖҮЙЕСІМЕН ҚОШТАСУ** — “Юридическая газетаның” 2001 жылғы 10 қаңтар күнгі нөмірінде басылған бұл сұхбатты жүргізген — сол газеттің тілшісі Людмила Бондарцова. Бұл кезде М.Нәрікбаев Қазақ мемлекеттік заң академиясының ректоры. Әңгімені орыс тілінен аударған Қ. Байділдәулы.

32. **КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДІҢ САПАСЫ ҮШІН** — Бұл сұхбат-әңгіме “Қазақстан жоғарғы мектебі” журналының 2001 жылғы I-санында басылған. Әңгімеге қатысқан сол журналдың тілшісі — Серік Мақпырұлы.

33. **ЖАН-ЖАҚТЫ ЗАҢГЕР ЗАМАН ТАЛАБЫ** — Автордың “Заң газетіне” берген сұхбаты — сол газеттің 2001 жылғы 31 қаңтар, сәрсенбі күнгі 5-ші санында жарияланған. Сұхбаттасқан газет қызметкері Әлия Сейілханқызы.

34. **БҰЛ — ОРТА ҒАСЫРҒА ҚАЙТА ОРАЛУ ЕМЕС** — Автор бұл сұхбатты “Қазақстан-Заман” газетінің тілшісі Игілік Жанұлына берген. Билер сотына арналған бұл әңгіме-сұхбат сол газеттің 2001 жылғы 30 наурыз күнгі нөмірінде басылған.

35. **СОТ ТӘУЕЛСІЗ БОЛМАЙ...** — “Шынайы әңгіме” деп бағаланған бұл сұхбат республикалық “НҰР” газетінің 2001 жылғы 3-ші мамыр күнгі 17-ші санында жарияланған. Сұхбатқа қатысқан Раушан Төленқызы.

36. **ФЕМИДА АЛАҢЫ АШЫЛҒАНДА** — Бұл мақала автордың 2001 жылы 16-шы мамыр күні Алматы қаласындағы (заң университетінің арнайы жобамен салынған) “Фемида” алаңы ашылған сәттегі салтанатты жиын үстінде сөйлеген сөзі бойынша өзірленді.

37. **ОЙЛАСЫП ШЕШЕР ІС** — БҰЛ — “Қазақстан Респубикасы азаматтарының ақшаны жария етуіне байланысты оларға рақымшылық жасау тура-

лы” Заңның қабылдануына орай жазылған бұл мақала автордың өз мұрағатынан алынды.

38. ОҚУ ОРЫНДАРЫН АШУ ПАЙДАКҮ-
НЕМДІККЕ АЙНАЛМАСЫН — “Жас алаш”
газетінің 2001 жылғы 21 маусым күнгі 74-ші нөмірінде
жарияланған бұл сұхбатты газет тілшісі Нәзия Жоя-
мергенқызы жүргізген.

39. ЗАҢГЕРЛЕР ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ МА?
— Автордың бұл мақаласы “Егемен Қазақстан”
газетінің 2001 жылғы 25-ші қыркүйек күнгі санында
жарияланған.

40. РЕФОРМАМЕН ҚАТАР ЖҮРДІМ — Белгілі
ақын һәм жорналшы Абдырахман Асылбек ұйымда-
стырған бұл сұхбат “Заңгер” журналының 2002 жыл-
ғы 3-ші санында басылған.

41. ЖАЛПЫ МЕМЛЕКЕТТІК ИДЕЯ —
ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ — бұл мақала автордың 2002
жылғы 27 сәуірде Астанада өткен “Құқықтық
Қазақстан үшін” республикалық азаматтық қозға-
лысының тұсау кесер жиынында орысша жасаған
баяндамасы бойынша әзірленді. Қазақшалаған —
О.Исмаилов.

42. ЖАҢА ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ЖАҢА АСУЛАРЫ
— Бұл сұхбат-өнгіме “Мегополис” газетінің талдау
орталығымен дайындалып, сол газеттің 2002 жылғы
9 мамырдағы 18 санында басылған. Қазақшаға аудар-
ған Құттыбек Байділдәұлы.

43. КӨЗДЕГЕНІМІЗ — ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП —
Николай Сергеев деген жорналшы ұйымдастырған бұл
сұхбат “Казахстанская правда” газетінің 2002 жылғы 18
мамырдағы 111-112 нөмірінде “Главная цель — право-
вой порядок” деп берілген. Аударған Ораз Исмаилұлы.

44. ЗАҢДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЗАМАН ТАЛАБЫ — Ав-
тордың бұл мақаласы “Мегополис” газетінің 2002 жыл-
ғы 23 мамырдағы 20 нөмірінде “Дальше, дальше, даль-
ше” деген атпен басылған. Орысшадан қазақшаға аудар-
ған Құттыбек Байділдәұлы.

45. ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ — Бұл мақала
“Құқықтық Қазақстан үшін” республикалық аза-

маттық қозғалысы ұйымдастырған “дөңгелек стол” басында өткен өңгіме бойынша әзірленген. Материал “Көзқарас” газетінің 2002 жылғы I маусымдағы 2-ші санында қысқартылып басылған.

46. БОЛАШАҚҚА БАСТАЙТЫН БІЛІМ БҰЛАҒЫ — Авторлық бұл мақала “Егемен Қазақстан” газетінің 2002 жылғы 9 тамыз күнгі 185-186 нөмірінде басылған.

47. ...МАРШАЛ ЖУКОВҚА ҰҚСАП КЕТЕМ — Ғалия Шиырбаевамен өткен бұл сұхбат “Казахстанская правда” газетінің 2002 жылғы 9 қараша, сенбі күнгі 239-240 нөмірінде “Беру баян и, как маршал Жуков перед боем, начинаю играть” деген атпен басылған. Сұхбатты қазақшалап шыққан Қ.Байділдәулы.

48. ҰЛТ ОЖДАНЫ — Мақала М.Нәрікбаев-тың 2002 жылғы 18 қазанда “Құқықтық Қазақстан үшін” республикалық азаматтық қозғалысының бас қосқан үлкен жиынында жасаған баяндамасы бойынша әзірленді.

49. ХАЛЫҚ МҮДДЕСІ — АБЫРОЙЛЫ ІС — Көлемді бұл мақала автордың “Құқықтық Қазақстан үшін” республикалық азаматтық қозғалыс бөлімшелерінің міндеттері және олардың негізгі қызмет бағыттары туралы ойларынан түзілген. Қолжазба автордың жеке мұрағатынан алынды.

50. АДАМЗАТ АҚ ЖОЛҒА ТҮССЕ, ІСІ АЛҒА БАСАДЫ — Автор 2003 жылы сәуір айының басында “Рахат” телеарнасы арқылы өзі ұйымдастырып, орыс тілінде жүргізген өңгіме осылай аталған болатын. Сол өңгіменің “Көзқарас” газетінің 2003 жылғы 15 сәуірдегі 8-ші нөмірінде басылған нұсқасы алынды. Орысшадан аударған С. Ысқақ.

51. БІЗДІҢ ЕЛДІҢ БІЛІГІ ХАЛЫҚ ҚОЛЫНДА — бұл өңгіме де “Рахат” телеарнасы арқылы автордың тікелей қатысуымен жүргізілген болатын. Материал “Көзқарас” газетінің 2003 жылғы 1 мамыр күнгі 9-шы нөмірінде басылған нұсқасы бойынша алынды.

52. БІЗ — ҚҰҚЫҚ ПЕН ЗАНДЫЛЫҚ ПАРТИЯСЫМЫЗ — Автордың “Құқықтық Қазақстан үшін” партиясы мүшелерінің 2004 жылғы 27 сәуірдегі кездесуінде сөйлеген сөзі бойынша өзірленді.

53. ОЙЛАНАТЫН ОН ҚАДАМ — “Республика” газетінің 2004 жылғы 20-тамыздағы 2-ші санында жарияланған “Подсказка для Максута Нарикбаева...” деген мақала бойынша дайындалды. Қазақшалаған Қ.Байділдәұлы.

54. МЕМЛЕКЕТТІЛІГІМІЗДІҢ БЕРІКТІГІ — Мақала “Көзқарас” газетінің 2004 жылғы 15-ші қыркүйегіндегі 12-ші санында жарияланған. Бұл сұхбатты жүргізген жазушы Ораз Исмаилов. Сол нұсқа ешбір өзгеріссіз алынды.

55. БӘРІ ДЕ ТӘРБИЕДЕН БАСТАЛАДЫ — О.Исмаилов ұйымдастырған бұл сұхбат “Көзқарас” газетінің 2004 жылғы 16-30 қарашадағы 17 нөмірінде жарияланған. Сол күйінде алынды.

56. АЛҚА БИЛЕР СОТЫ БОЛАДЫ - Әлия Сәбитова ұйымдастырған бұл сауалдама орыс тілінде шығатын “Известия — Казахстан” газетінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы нөмірінде “Суд присяжных — реальность” деген атпен жарияланған. Қазақшалаған О.Исмаилов.

57. КЕЙБІР ПАРТИЯЛАРҒА “БІРГЕЙІК” ДЕНДЕЙ ҰСЫНЫС ЖАСАП ЖАТЫРМЫЗ — журналшы Қасым Аманжолов қатысқан бұл сұхбат “Айқын” газеті мен “Қазақстан” ұлттық телеарнасының бірлескен жобасымен өзірленген нұсқа бойынша алынып отыр. (“Айқын”, 31 саны, 17 ақпан, бейсенбі, 2005 жыл)

58. СОТ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРЕ БЕРУ ПАРЫЗ — “Хабар” телебағдарламасының “Бетпе-бет” айдарында өткен бұл сұхбатты жүргізген Бибігүл Жексенбай. Сәл ықшамдап қағазға түсірген О.Исмаилов. Түсініктемені жазған — Ораз Исмаилов.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз орнына.....	3
Конституциялық сот хақында	15
Сот билігі бірегей болса	22
Дербестік даралану емес	31
Парламент конституциялық жолмен жүрсе	38
Бас прокуратура тергеусіз де тегеурінді болады	41
Ата заңның аясында	49
Қылмыспен күрестің кейбір проблемалары	72
Құқықтық тәрбие мен құқықтық қорғау	78
Қателесуге қақымыз жоқ	82
Прокуратура беделін сақтау парыз	91
Қара қылды қақ жарған кім?	99
Реформа өрістеп, сот жүйесі жетіле бермек	111
Ақиқат жалғандықты көтермейді	116
Мантияға дақ түспесін	123
Заңдық күші бар құжат	129
Тарихтан - тағлым, тарихқа - тағзым	135
Биліктің бір тармағы — сот билігі	139
Сот шешімі — әділеттілік айғағы	142
Заң баршаға бірдей	147
Соттың да соқпақтары бар	160
Судьялар тәуелсіздігі заңмен қорғалады	173
Ату жазасы (бірінші ойым)	180
Екінші ойым	184
Үшінші ойым	185
Күрес нысанасы — жемқорлық	187
Тіл тірегі — халық	199
Ұстаз болу арманым еді	201
Батыл қадам — басты шарт	204
Қызмет — қабілетке сын	215
Кеңестік сот жүйесімен қоштасу	224
Жан-жақты заңгер заман талабы	232
Кәсіби білім берудің сапасы үшін	237
Бұл — орта ғасырға қайта оралу емес	242
Сот тәуелсіз болмай	249

Фемида алаңы ашылғанда	265
Ойласып шешер іс — бұл	268
Сқу орындарын ашу пайдакүнемдікке айналмасын	276
Заңгерлер заман талабына сай ма?	279
Реформамен қатар жүрдім	284
Жалпы мемлекеттік идея — тәуелсіздік тірегі	293
Жаңа қозғалыстың жаңа асулары	305
Көздегеніміз — құқықтық тәртіп	310
Заңды жетілдіру заман талабы	315
Құқықтық мемлекет	320
Болашаққа бастайтын білім бұлағы	331
...Маршал Жуковқа да ұқсап кетем	336
Ұлт ожданы — зиялылар	348
Халық мүддесі — абыройлы іс	365
Адамзат ақ жолға түссе, ісі алға басады	382
Біздің елдің билігі халық қолында	392
Біз — құқық пен заңдылық партиясымыз	402
Ойланатын он қадам	413
Мемлекеттілігіміздің беріктігі	423
Бәрі де тәрбиеден басталады	434
Алқа билер соты болады	437
Кейбір партияларға “бірігейік” дегендей ұсыныс жасап жатырмыз	443
Сот жүйесін жетілдіре беру парыз	449
Түсініктеме (О.Исмаилов)	458

Нәрікбаев Мақсұт
ҰЛЫ ТАРИХПЕН БЕТПЕ-БЕТ

Сауалдама, сұхбат, мақалалар жинағы.
Кітап “Көзқарас” ЖШС-де дайындалды.

Редакторы *Ораз Исмаилов*
Корректоры *Айза Алтамысқызы*
Компьютерде терген *Ұлбала Жүзей*
Компьютерде беттеген *Елена Огурцова*

Теруге 2.02.2005 ж. Берілді. Басуға 5.03.2005 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 ¹/₃₂. Офсеттік басылым. Қағазы офсеттік.
Шартты баспа табағы 24,57. Әріп түрі “Таймс”. Есепке алынған баспа
табағы 29,25. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс 1710.

Қазақстан Республикасы «Атамұра корпорациясы» ЖШС-нің
Полиграфкомбинаты, 050002, Алматы к., Мақатаев к., 41.